

ЖУРНАЛИСТІК ШЕБЕРЛІК:
СЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ЖУРНАЛИСТИКА

СЕРІК ЖҰМАБЕКҰЛЫ

ХРЕСТОМАТИЯ
4-ТОМ

СЕРІК ЖҰМАБЕКҰЛЫ



ХРЕСТОМАТИЯ
4-ТОМ

ЖУРНАЛИСТІК ШЕБЕРЛІК:
СЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ЖУРНАЛИСТИКА

СЕРІК ЖҰМАБЕКҰЛЫ

ЖУРНАЛИСТІК ШЕБЕРЛІК
Саяси-әлеуметтік журналистика

ХРЕСТОМАТИЯ
4-том

Алматы,
«Қазақ университеті»
2025

ӘОЖ
КБЖ
Ж

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
журналистика факультетінің Ғылыми кеңесі және
Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған
(№ 4 хаттама, 20.12.2024 ж.);*

Пікір жазғандар:

Филология ғылымының докторы, профессор **К. Қамзин**
Филология ғылымының кандидаты, доцент **С. Медеубек**

Құрастырған:

Жұмаат Орынбасар

Жұмабекұлы Серік

Журналистік шеберлік: Саяси-әлеуметтік журналистика. хрестоматия / С. Жұмабекұлы,. құраст. О. Жұмат, Алматы: Қазақ университеті. – 2025. – 448 бет.

ISBN

Бұл топтамаға С.Жұмабекұлының республикалық басылымдарда тәуелсіздіктің алғашқы жылдары жарық көрген – саясат, әлеумет тақырыптарында жазған мақалалары енгізілді. Содай-ақ, еліміздің тарихи кезеңдерінде билік тұтқасын ұстаған кейбір шенеуніктердің адами келбеті мен іс-әрекеттері де әр қырынан сипатталған.

Автор бұл жинақта журналистің шеберлік жолында кездесетін қиындықтар жөніндегі ойларымен бөліскен.

Шығармашылықпен айналысам деген жас журналистерге жинақтың берер тағылымы мол.

Хрестоматия жас журналистер мен жоғары оқу орындарының журналистика факультетінде оқып жүрген студенттерге, магистранттарға арналады.

Автордың редакциялауымен шығарылды

ӘОЖ
КБЖ

ISBN

© Жұмабекұлы Серік, 2025
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2025

АЛҒЫ СӨЗ

2004 жылы еліміздің бас газеті саналатын «Егемен Қазақстан» газетінен «Асар заманы» апталық газетіне ауыстым. Оның себеп-салдары бұл жерде маңызды емес. Маңыздысы – бұған дейін тек құқық тақырыбына жазатын журналистердің бірі ретінде танылып қалған мен енді кез келген тақырыпқа жазатын әмбебап журналистке айнала бастауымда.

Сол жылғы парламент сайлауы қарсаңында жарық көрген «Асар заманы» партиялық газеттің бағдарламасында саясат, әлеумет, экономика тақырыптарына баса назар аударылды.

Бірақ жарты жылдан кейін, сайлау науқаны біткеннен кейін «Асар заманы» газеті жабылды да, халықаралық «Қазақстан-Zaman» газетіне ауыстым. Ол жерде де өзім қалаған тақырыптарға еркін қалам сілтеуіме мүмкіндік туды.

Бір жылдан кейін «Президент және Халық» газеті ашылды. Бұл басылымға бас редактордың бірінші орынбасары қызметіне шақырылдым.

Бұған дейін заң, құқық тақырыптарын қауза жазуымның пайдасы осы жерде тиді. Себебі, әр саланың өз заңы, бар. Ал заңды қолдануды білсең, кез келген тақырыпты ащу оңай.

Қолдарыңыздағы басылымда 1990 жылдар мен 2000 жылдар аралығындағы саяси ахуалды айшықтайтын мақалалар жиі кездеседі. Көп жағдайда сол кездегі мемлекет басшысының қызметі көрініс береді. Журналистика – тарих жылнамасы десек, оны жазған журналист – сол тарихтың куәгері. Ендеше, тарихи шындыққа тура қарау – өткенді көксеу емес. Өзіміз бастан өткерген оқиғаларды кезінде журналистік түйсікпен пайымдадық. Енді бүгінгі ұрпаққа сол кезеңнің жетістігі мен кемшілігін сол күйінде жеткізіп, оның қыр-сырын түсіндіре алсақ дейміз. Осы тұрғыдан қарағанда бұл мақақалар әлі де өзінің маңызын жоғалқан жоқ деген ойдамыз.

Тоқсаныншы жылдардың қарсаңында бүкіл КСРО аумағында демократиялық үрдістер белең алды. Ал тәуелсіздіктің туы желбіреген кезде билік те, халық та қуаныштан ба, әлде демократия

деген осы деп ойлады ма, әйтеуір қолымызды қақпады. Бүгін сол жазғандарымызды қайта оқысақ, ұрпаққа өнеге тұтар тұстарымыз да, артық кеткен сәттеріміздің де көзге ұрып тұрғанын көреміз.

Қолдарыңыздағы жинақтың «Саясат сахнасында», «Әлеумет әлемінде» атты бөліміндегі мақалалар осы қарсаңда жарияланған.

Ал, «Шығармашылық ізденіс» деп аталатын соңғы бөлімде журналист жолы теп-тегіс болмайтынын жас ұрпаққа ескертпе ретінде ұсынылып отыр.

Кейбір жазбалар дер кезінде жазылғанымен, өзім қызмет етіп жүрген «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланбады. Оның себеп-салдарын хрестоматияның «Сөз соңы» деп аталатын авторлық пікірде ашық айтылады

Журналистика факультетінде студенттерге дәріс оқи жүріп – теорияны тәжірибемен ұштастыра білудің жөні бөлек екеніне көзім жетті. Сабақты өз шығармашылығыңмен ұштастыра оқыған кездегі аудитория ахуалы мүлдем басқаша болатынын байқадым.

Журналистиканың «публицистика» деген үлкен жанры бар. Бірақ публицистердің бәрі журналист бола алмайды десем, біреулер таң қалуы мүмкін. Нағыз журналист болу үшін редакцияда қызмет етіп, журналистиканың от пен суынан өту керек. Сонда ғана қоғамда болып жатқан әрбір іс-әрекетке батыл үн қата аласың. Әр оқиғаны талдап-таразылап, саралап-зерттеп жазу үшін белгілі бір басылымның ресми өкілі болу қажеттігі бұқаралық ақпараттар құралдары туралы заңда нақты көрсетілген.

Әлеуметтің қым-қуыт тірлігімен қатар оның тауқыметін де сол қалпында талдап-таразылап, зәруліктерін тиісті орындардың назарына бұлтартпас дәлелдермен ұсына білмесең, еңбегің еш кетеді.

Нәтижелі журналистика деген ұғым бар. Ол – қалам қаруыңмен әлеуметтің мәселесін шешу деген сөз. Ал қалың бұқараның санасына сәуле түсіру, ұлттық құндылықтарды бойларына сіңіру міндеті – журналистерге жүктелген замана жүгі. Сондықтан, журналист тек бір сала төңірегінде бір тақырыпты ғана қауза берсе, өзін өзі таусып алады. Мына хрестоматиядағы мақалалар сіздерге осы тұрғыда бір қажеттеріңізге жараса, менің де ұзақ жылғы журналистік еңбегімнің ақталғаны деп ойлаймын...

Серік Жұмабекұлы.



1.1. ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯ

ЕЛ ЕҢСЕСІН БИҚТЕТКЕН ЕГЕМЕНДІК тәуелсіздікке қарай жасалған алғашқы қадам болды

1990 жылдың 25 қазан күні кешкі сағат 18-ден 55 минут өткенде Қазақ ССР Жоғары Советінің 2-сессиясы Қазақ Советтік Социалистік Республикасының мемлекеттік Егемендігі туралы Декларацияны қабылдады.

Бүгінде жастардың кейбірі Егемендік пен Тәуелсіздік ұғымдарының ара жігін толық ажырата алмай жүр. Сондықтан, осы мәселеге аздап түсінік бере кеткеніміз жөн болар.

1990 жылы Қазақ ССР жоғарғы кеңесінің органы ретінде «Халық Кеңесі» газетінле қызмет еткен кезімізде осынау тарихи оқиғаға көппен бірге куә болған едік.

Бұл күні түстен кейінгі мәжілісте Қазақ ССР-і мемлекеттік Егемендігі туралы Декларацияның жобасын жетілдіру жөніндегі Жоғары Совет комиссиясы атынан оның төрағасы депутат С.Зиманов сөз сөйледі. Сәл шегініс жасап түсіндіре кетейік, одан бір ай бұрын Декларацияның алғашқы жобасы баспасөзде жарияланып, қалың жұртшылық тарапынан қызу пікірталастар туғызған. Сол себепті, жоба қайта жетілдіруге жіберілген.

Әсіресе, «Демократиялық Қазақстан» атты депутаттар тобы «Ұлттық Республика атауын жойып, азаматтық мемлекет құрайық!» деп байбалам салып жатқан. Сондай-ақ, «Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, ал орыс тілі – ұлтаралық қатынастар тілі» деген тұжырымдарға да олар үзілді-кесілді қарсы шығып, орыс тіліне де мемлекеттік мәртебе беру керек деп өре түрегелген. Сондықтан, толықтырылған Декларация жобасы әрбір бап бойынша талқыланды. Оның әрбір бабы жекелей дауыс беру арқылы қабылданды. Ара-арасында өрттей қызу тартыстар да туындап кетіп жатты. Сондай бір сәтте депутат С.Сартаевтың айтқан мына бір сөздері әлі күнге дейін жадымызда тұр.

– Ұлттық мемлекет құру Сіздер ойлағандай азаматтық қоғам, яғни құқықтық мемлекет құру ісіне тіпті де қайшы келмейді. Мәселен, Англия – құқықтық мемлекет. Алайда ол ағылшындардың Ұлттық мемлекеті. Сондай-ақ Франция, Испания, Жапония, тағы да басқа көптеген ұлттық негіздегі мемлекеттерді мысалға келтіруге болады. Біз де осы мемлекеттердің үлгісінде өзіміздің Егеменді, Ұлттық республикамызды дамытамыз, гүлдендіреміз. Декларациядағы «Қазақ» деген сөзден де қорқатын ештеңе жоқ. Қазақ ұлты сонау ерте дәуірден тілі, ділі қалыптасқан, кіндік қаны тамған өз атамекені бар халық. Енді оны мүлдем сызып тастау мүмкін емес! – деген еді күйініп.

Егемендегімізге қарсы шыққандар тобы енді егесе берудің жөнсіз екендігін түсініп, үнсіз қалған. Айта кетейік, талқылау кезінде Декларациядағы тіл туралы бап түсіп қалды. Көпшілік депутаттар (ол кезде орыс тілді депутаттардың саны басым еді) «Республикада тіл туралы мәселе арнайы заңда тұжырым тапқан, енді Декларацияда оған қайтып оралудың қажеті жоқ» деп қасарысып қалды. Әрі қарай дауыс беру жалғасты.

Бірақ, бір жылдан кейін, яғни 1991 жылдың 16 желтоқсанында жер бетінде Тәуелсіз Қазақстан деген мемлекеттің көк туы желбіреп тұратынын ол кездегі Совет депутаттарының ешқайсысы сезген жоқ еді.

Қан майдандағы қикаласуға бергісіз сол мәжілісте ақыры Қазақ Советтік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданды. Бұл – еліміздің бейбіт өмірдегі керемет Жеңісі болатын. Мәжіліске сол кездегі Қазақ ССР Президенті де қатысып отырған. Көпшілік дауыспен егемендік Декларациясы қабылданған бойда барлығы орнынан қуана тұрып, бірін-бірі, бүкіл Қазақстан халқын қуана құттықтағаны да әлі көз алдымызда.

Осындай егесті жағдайда өмірге келген Егемендік Тәуелсіздігіміздің бастауына айналды. Қазақ елін бүкіл әлемге паш еткен 25 қазан біз үшін қашан да қымбат. Ол біздің қастерлі мерекеміз.

Республика күні құтты болсын!

«Президент және Халық» газеті,
21 қазан, 2005 жыл.

ЕЛ ЕҢСЕСІН КӨТЕРГЕН ЕГЕМЕНДІК
(Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының
Төрағасы Нұрлан Оразалинмен сұхбат)

1990 жылдың 25 қазан күні 12 шақырылған Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің II сессиясында тұңғыш рет Қазақ Советтік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданды. Бұл – бұдан бір жылдан кейін, яғни 1991 жылдың 16 желтоқсанында Тәуелсіздік туралы заңның өмірге келуіне тікелей себепкер болған құжат еді. Сол кездегі саяси жағдайлардың басы-қасында жүрген, 12-ші шақырылған Республика Жоғарғы Кеңесінің халық депутаты, ақын, драматург, қоғам қайраткері, бүгінде Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының төрағасы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Нұрлан Оразалин газет тілшісіне берген сұхбатында мәдениет пен әдебиет жайында, еліміздің бүгіні мен ертеңі жайында ой толғайды.

– Нүреке, сол кездегі атымен атасақ, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің 1991 жылғы 12 шақырылымы баламалы түрде алғаш өткен сайлау қорытындысы бойынша жасақталған Парламент болатын. Әңгімемізді осыдан бастасақ.

– Иә, бір мандат үшін бірнеше үміткердің сайлау додасына қатар түсіп, халық қалаулысы атануы оңай болған жоқ.. Ол кезде мен жаңадан құрылған Қазақстан театр қайраткерлері қоғамының бірінші хатшысы едім. Аты әйгілі небір өнер саңлақтарымен сайысқа түсуге тура келді. Депутат есімін анықтауға жарысқа 24-ші болып тіркелдім. Соңғы мәреге үш адам жеттік. Ақтық айналымда мандат маған бұйырды. Депутаттардың дені ұлтқа белгілі, танымал адамдар еді. Турасын айту керек, қай салада болмасын баламалы негізде өткен бұл сайлауда озғаны да, қалғаны да кілең мықтылар еді.

Сайлаушылар алғаш рет өз жүрек қалауларымен дауыс берді. Алғашқының аты – алғашқы. Соның арқасында ұлтымыздың

біраз қаймақтары Парламент құрамын жасақтады. Салық Зиманов, Сұлтан Сартаев сияқты білікті заңгерлермен қатар Шерхан Мұртаза, Әбіш Кекілбаев, Әнуэр Әлімжанов, Балғабек Қыдырбекұлы, Қадыр Мырза-Әлі, Алтыншаш Жағанова, Қалдарбек Найманбаев сияқты ақын-жазушылар, Өмірбек Жолдасбеков, Жабайхан Әбділдин, Шахмардан Есенов, Манаш Қозыбаев, Мырзатай Жолдасбеков, Қуаныш Сұлтанов, Заманбек Нұрқаділов, Ғани Әлімов, Мұрат Қалматаев, Марат Оспанов, Қажымұрат Нағманов, Серік Әбдірахманов, Иманғали Тасмағамбетов, Жармахан Тұяқбаев, Тоқтар Әубәкіров, Нығмет Жотабаев, Дина Әбдрахманова, Мұрат Әуезов, Оразалы Сәбденов, Ораз Рымжанов сияқты ғалымдар мен қоғам қайраткерлері жетіп артылатын. Мен есімдері есте қалғандарды ғана айтып отырмын.

Өздеріңіз білесіздер, Бұл Парламент еліміздің негізгі конституциялық заңдарын дүниеге әкелді. Соның бірі – осы егемендік туралы Декларация. Салық Зиманов ақсақал үш күн бойы мінбеде тұрып, Декларацияның әрбір баптарына түсініктеме берді. Даулы тұстарын бұлтартпастай етіп дәлелдеді.

Тіл, дін, баспасөз туралы заңдар да осы Парламент тұсауын кескен, нағыз демократиялық қоғамның алғышарттарын қамтамасыз еткен құжаттар еді. Ол кезде популистік демократияның өрттей лаулап тұрған кезі. КСРО-ның шаңырағы шайқалып, керегесі сетіней бастаған. Көшелерде күнде митинг, күнде ереуіл жүріп жатты. Халық демократия деген осы екен деп ойлады.

– Жалғыз біздің елде ғана емес, Кеңестер одағының қай-қай түпкірінде де солай болды ғой...

– Мемлекет біреу. Тәртіп те, ақаулықтар да ортақ болды. Енді ойлап отырсақ, тоқсаныншы жылдардың тәуекелі мен адалдығы елдің елдігін сақтап қалудағы басты құралымыз болған екен. Тәуекел болмаса, Тәуелсіздік жоқ, адалдық болмаса, азаттықтың ауылы алыстап кетуі мүмкін еді. Жалпы халықтық сипатымызды айғақтар осынау объективті екі себеп пен салдардың сыртында тағы да субъективті бір себептің болғанын мойындауымыз керек. Ол – дәл осы кезеңде ел тізгінін үлкен

саясаттың сабырлы мектебінен өткен, биліктің кеңестік үлгісін іштен зерттеп таныған, өзі де соның қалың ортасында жүріп қалыптасқан, жаратылысынан халықшыл, көпшіл, тыңдаушысын ұйытып әкетер орасан шешендігі тағы бар, «центрист» басшының ұстауы. Біз айтып отырған Президенттің табиғатын ашар бұл қасиеттер популистік сипаттағы демократияны ырықтап отыруға, елді сара жолынан жаңылдырмауға себепкер болғаны ақиқат еді.

– Бұл – бүгінгі уақыт биігінен айтылған баға ма? Әлде... Сол кездегі халық депутатының көзқарасы ма?

– Екеуі де бар. Қазір Президентке баға берушілер көп... Терең талдап, саралап жатардай кәсіби саясаткер емеспін. Мен көзіммен көріп, жүрегіммен ұғынған, ойыммен електеп, өз сана-сезімім арқылы өткізген ақиқатымды айтып отырмын. Бүгін Президент артық мақтауға аса зәру де емес. Әлем танып, әлем мойындаған екі ғасыр тоғысындағы санаулы тұлғалардың біріне айналып отыр. Соңғы он бес жыл көлеміндегі тәуелсіздік дәуірі алып келген Қазақстан өміріндегі іргелі өзгерістердің қай-қайсысында да әлем Президент есімімен байланыстыра айтуға әбден қалыптасты. Бұл – Батыс пен Шығыстың, сан түрлі наным-сенімдегі алуан-алуан аймақтар мен кеңістіктердің мойындауының белгісі. Бұл – бүгінгі күннің шындығы.

Сұрағыңның екінші бөлігіне қайырап жауабым қысқа. Осыдан он алты жыл бұрынғы баламалы негізде сайлаған халық депутатының пікірі мен көзқарасы әлі өзгерген жоқ. Орынсыз өзгеру – тұрақсыздықтың нышаны деп ойлаймын.

Енді популистік кезеңнің демократиясы туралы... Дәуірге, дәуір тудырған оқиғаларға мейлінше сыни тұрғыдан қарап үйренген адамдардың көбі популистік демократия қызыл империяның түбіне жетуге бағыт алғанын аңғарды. Парламент құрамындағы біраз депутаттарымыз да осылай ойлады. Енді ашық айтуға болады, Парламентте ұлтқа тиімді демократиялық сипаттағы заңдарды көбірек қабылдауға тырыстық. Ол заңдардың астарында КСРО-ны ыдыратуға бағытталған, тәуелсіздікке

ұмтылған елдік мақсаттардың да жасырынып жатқанын екінің бірі аңғара бермейтін. Қазіргі кезде сол заңдарда түзетулер мен толықтырулардың жиі-жиі енуі бекер емес. Адамдар санасына әбден бекіген ұғымдарды бірден өзгерту қиын. Оған уақыт керек болады. Ал тәуелсіз мемлекет құру жолына түскен елдер үшін арқаны кеңге салуға уақыт тар еді. Сондықтан, адамдар санасына барынша тез әсер етудің жолдары қарастырылып, сол бағыттағы заңдар, тарихи құжаттар өмірге келді.

Мысалы, 1991 жылдың 28 маусымында қабылданған «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заң КСРО империясының шайқалуына, ыдырауына мол үлес қосты. Әрине, ол заңмен республиканың әрі қарай өмір сүре беруі әлдекімдер үшін тиімді болуы мүмкін еді...

Ал, елдігіміз бен тұтастығымызды сақтау үшін басқа заң керек болды. Уақыт өте келе заң түбегейлі өзгермесе, тәуелсіз елімізге көп қиындық тудыратыны күмәнсіз болды. Қазіргі БАҚ туралы Заң айналасындағы әрі-сәрі әңгіме төркінінде осы бір жайдың жаңғырықтары жатқаны даусыз. Бізге қоғамды ыдырататын заң емес, қоғамды үйлестіретін заң қажет. Бұл – еш дәлелді керек етпейтін ақиқат.

– Біз де шет жағасын көрдік. Сіз айтып отырған декларацияның да, ірілі-ұсақты заңдардың да сол кезең үшін оңай олжа болмағанын білеміз...

– Кезінде егемендік туралы Декларацияға «қазақ» деген сөзді жазуға қарсы шыққандар арамызда табылды. Тіл туралы мәселе декларацияға кірмей қалды. Қарсылар жағы да, уәжге шақырушылар да өз тиянағын тапқан мәселеге енді қайта оралудың қажеті бар ма деген сөз айтты. Уақытша болса да шегініске барып, келісуімізге тура келді. Қатарымызда орыс тілді депутаттардың саны басым еді. Әрі арамызда «бас шұлғып» үйренген әріптестеріміздің барын ескердік. Оның үстіне, сол тұста өмір сүріп жатқан заңда «мемлекеттік тілдің» кеңістігі кең, құқығы мол еді. Қазір ғой, міне, «мүйіз сұраймын деп, құлағынан айырылған тоқал ешкінің» кебін киіп отырғанымыз. Ол жолғы

«шегініс» арада екі жылдан астам уақыт салып, алғашқы «Ата Занда» жақсы түзетіліп еді. Өкінішке орай, 1995 жылы сол жеткенімізден айрылып қалдық... Тіл тағдыры түзелмей, ел түзеледі деу қиын. Әсіресе, қазіргідей жаһандану дейтін ғаламдық үдеріс тұсында тіл, рух секілді ұлтты сақтаудың басты атрибуттары үшін күресуіміз керек-ақ.

Жалпы егемендік Декларациясын айтқан кезде сол кездегі Парламенттің жасаған жұмыстарына да тоқтала кеткен жөн.

360 депутаттан тұратын Парламент 1990 жылы көктемде тұңғыш ел Президенттің баламалы негізде жасырын дауыспен сайлады. Бұл халық өміріндегі іргелі оқиға еді. Президенттің мемлекет басшысы ретінде өзіне деген сенімін бекітіп берді. Аумалы-төкпелі кезеңде республика басшысының батыл қимылдап, оңтайлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік жасады. Империялық санадан арыла алмай жүрген әріптестеріміздің бетін бері қарату жолында қазақ зиялылары бұл Парламентте көп еңбек етті.

Тек қана орыстар қазақтың егемендігіне қарсы тұрды деген біржақты пікірден аулақ болуымыз керек. Ірі өндіріс басшыларын, «қызыл директорлардың» басым бөлігін ол кезде Мәскеу тағайындайтын. Олар бұрынғы тірліктерін көкседі. Қазақстанның Тәуелсіз ел болуын олар ертедегі қиялдай көріп қабылдағаны да рас... Дегенмен, орыс ұлтының өкілі, «мен қазақ халқының орыстан шыққан ұлымын» деп жар сала сөйлеген марқұм депутат Александр Княгинин секілді қазақ мүддесін қазақтардан артық қорғаған азаматтардың да көп болғанын қалай естен шығаруға болады?!

– **Княгинин есімін ел-жұрт әлі күнге айтады... Ұмытпайды.**

– Қазақтың тәуелсіздік алуын қаламайтындар іштен де, сырттан да әрекет етті. Әсіресе, іштен шыққан қарсыластармен күресу оңайға түскен жоқ. Депутаттар бұл күресті аса мәдениетті, парасатты, ұстамды жүргізді. Ақыл мен парасат майданында қазақ зиялылары жеңіп шықты. Тәуелсіздік туралы айту оңай, бастауы қайда жатыр дегенді бүгінде көп ойлай бермейміз. Оның бастауы – осы Декларацияда болатын.

Өзіңіз ойлап қараңыз, КСРО әлі күшінде, компартия да тағынан тая қойған жоқ... Горбачев орнында отыр. Сондай кезде тәуелсіздік бағдарламасын жасап, оны халық талқысына ұсыну үлкен ерлікпен пара-пар әрекет еді. Егемендік Декларациясы жариялағаннан кейін де небір мылтықсыз майдан жүріп жатты... Тарихтың еншісіне айналған империяның күңгей көлеңкесі уақыт озған сайын анықтала түсуде. Көлеңкелі тұсынан ойымыз бен бойымызды аулақтатып, күңгейлі тұстарын кері қайтарудың еш әбестігі жоқ. Сондай қайыруды керек етер бір тұс – осы тіл мен рухтың туын тіктер, рухани кеңістігімізді «мәдениетсіздену» ауруының кір-қоқысынан тазартар кәсіби өнер мен әдебиетке көрсетілер қамқорлық.

– **Жаңарған одақтық шартқа отыру ісі сонау Мәскеуде талқылана бастады. Сол кезде бұл құжаттың да негізгі авторларының бірі – Нұрсұлтан Назарбаев екен дегенді құлағымыз шалатын...**

– Ол әңгіме рас. Ондай шарттың өмірге келіп, Парламентте талқылауға түскені де рас. Бұл – Тәуелсіздік ұғымының елестен ақиқатқа айналып, ел көгін кезе бастауының алғашқы белгісі еді. Бұл шарт Горбачев үшін «соңғы тал қармау» болса, республикалар үшін тәуелсіздікке бағыт алудың алғашқы нышаны еді. Ойлап қарасаңыз, сол кезең тұрғысынан алғанда ең басты мақсат – саяси бостандығымызға қол жеткізіп, қорғаныс, энергетика, экономика саласында федеративті жүйеге қол қою, шынында да, тәуелсізденудің алғашқы үлкен асуы еді ғой?!

Бұл – үлкен жеңіс еді. Бірақ, бодан елдердің маңдайларының бағы бар екен. Уақыт, тағдыр біз күтпеген жерден түбегейлі тәуелсіздікке өтудің қантөгісіз жолын тарту етті. Ұлы империя өз еркімен тарады. Әйгілі тамыз бүліншілігі бұл үдерісті жеделдетіп, КСРО елдерінің барлығы өз тәуелсіздігін бірінен соң бірі жариялап жатты. Біз де сөйттік. Бір-ақ күнде КСРО күйреп тынды. Оның қалай болғаны бүгінде тарих беттерінде жазулы тұр. Тәуелсіз мемлекеттер достастығы дүниеге келді. Ол жөнінде бас қосудың 1991 жылы 21 желтоқсанында Алматыда өткенін ел жақсы біледі.

Көп ұлт өкілдері тұратын Қазақстанды қантөгіс ошағына айналдырмақ болған сыртқы күштердің жымысқы әрекеттерінен де ештеңе шықпады. Өскемендегі, Оралдағы, тағы басқа жерлердегі арандатушылықтарды еске алыңыз. Тіпті демократия басшысы болып, тарихтан ерекше орын алуға ұмтылған Горбачевтың өзі кетерінен аз бұрын Қазақстанның солтүстіктегі бес облысы Ресейге тиесілі аймақ деген сандырақты айтып салды емес пе?! Дәл осындай арандатушылықтардың құрбаны болған елдер мен аймақтарда небір қантөгісті оқиғалар жүріп жатты. Ал біз одан аман шықтық.

– Алғашқы Қазақстан Президенті жүргізген іргелі саясаттың арқасында десек, біреулер мұнымызды ашық мадақтау деп түсінуі мүмкін. Бірақ шындықтан қалай қашып құтыласың?

–Тарихтағы жеке адамның рөлі дегенді жоққа шығаруға болмайды. Заманына сай тұлға тудыра алмаған халықтың маңдайының соры бес елі... Бұл орайда, Қазақ – бағы бар халық екеніне көзіміз жетіп келеді. «Назарбаевтай басшысы бар сендер бақытты елсіңдер!» дегенді сан естіп келеміз. Тәуелсіздікті тарту еткен Тәңірі сонымызды көп көрмегей...

– Елбасының басшы ретіндегі, қарапайым адам ретіндегі көп қасиеттерін жақын жүріп танып білдіңіз. Ол кісімен бірге бірнеше шетелдерге сапар шектіңіз... Адамның кім екенін жол танытады, демей ме дана халқымыз...

– Мен жақын жүріп таныған Назарбаев бойында елінің мәртебесін көтеріп, абыройын асқақтатар тұлғалық, перзенттік қасиеттер көп. Ол туралы өз кезінде жазылған жол сапарлама-ларымда біршама айтқанмын. Алғашқы Америка сапары, Франция, Италия, Араб елдері, Оңтүстік Кореядағы ресми кездесулерден әсерлерім соның дәлелі...

– Дегенмен... Соның есте қалған бір-екеуін еске алуға бола ма?

– Неге болмасын. Құрама штаттарда болған бір үлкен кездесудегі мына бір әңгіме әлі күнге қаз-қалпы есімде. Біреу біліп,

біреу білмейтін Азияның түкпірін мекен ететін Қазақстан дейтін белгісіз елдің басшысына әуелдегі «не айта қояр екен» дегендей менменсіне қараған аудиторияның айналасы бір сағатқа жетер-жетпес уақыт ішінде қалай өзгергені көз алдымда...Өзгерткен – Қазақстан Президентінің ұтымды сөзі мен ұтқыр ойлары... Сұрақ қардай борады. Жиын көпке созылды. Қызықты болды. Дәл сол күні Нұрекеңнің аузымен айтылған «Карл Маркстың «Капталын» Сіздер алып, «Манифесін» бізге қалдырып кетіпсіздер ғой...» дейтін қанатты әзілі Америка топырағындағы тұңғыш тәуелсіз ел сапарының шымылдығын сәтті ашып еді...

– 1993 жылы Сіз «Егемен Қазақстан» газетіне Бас редактор болып бардыңыз. Оған не себеп болды?

– Шындықты жасырып-бүгудің керегі жоқ. Мен газетке Елбасының ұйғарымымен келдім. Әлгінде айттық. Уақыт алмағайып мінез танытып, әрі-сәрі ахуал үстінде тұрды. Тәуелсіздікті жариялағанымызбен, мемлекетіміздің ер-тұрманы бүтінделмей, халықтың абыржу үстіндегі шақ. Ұлт идеялогиясы мен экономикалық реформалардың үйлесіп кете қоймай, ескі психологияның жаңаға орын бермей, миллиондардың санасы сарсаңға түсіп жатқан қатерлі кез... Алаштың арыстары мен алыптары қызмет еткен босағадан тіземнің қалтырап аттағаны рас. Көп ізденіп, көп оқып, көбірек тер төгуге тура келді.

Елбасы да жаңадан тәуелсіздік алған елдегі саяси, экономикалық, құқықтық реформаларды еліміздің бас газетінде жан-жақты көрсетіп, насихаттап, өтпелі кезеңдегі ауыртпалықтың себеп-салдарын көпшілікке қарапайым тілмен жеткізу керегін тапсырды. Меніңше, ол талап мүддесінен шыға білдік-ау деп ойлаймын. Жыл сайын бір рет Президентпен сұхбат жүргізіп, халықтың ойын, мұң-мұқтажын Президентке, Президенттің ой-пікірлерін халыққа жеткізіп отыруды дәстүрге айналдырғанбыз. Үш жыл солай болды. Төртінші жылы мен қызмет ауыстырдым...

– Кешіріңіз... Бұл ұжым үшін күтпеген жағдай болды. Мен де ол тұста «Егеменде» қызмет етуші едім ғой. Оның

үстіне Бас редактор ретінде жоспарыңыз да мол-тұғын. Неліктен ауыстырдыңыз?

– Қазақ ырымшыл халық. Пешенесіне солай жазылыпты деп айтады. Шамасы, менің маңдайыма солай жазылған болуы керек... Жо-жоқ, бұл еш әзіл емес, шын сөзім. Қазақтың рухани кеңістігі әрі-сәрі күй кешіп, қиналыңқырап тұрған тұста еліміздің бас газетін төрт жыл басқару, еліміздің көркемсөз өнерінің киелі қара шаңырағын он жыл басқару бір адамға оңайынан бұйырар олжа емес. Қолына қалам ұстаған менің кез келген әріптестерімнің осы қызметті істеуге хақысы да, мүмкіндігі де бар еді. Бұйрық солай. Екеуін бірінен соң бірін атқару менің пешенеме жазылыпты... Ауысу керек болды. Ауыстым, және бұл қаламгерлер қауымының қалауымен, сайланбалы түрде болған ауысу ғой...

– «Егемендегі» кезіңізді әріптестеріңіз жиі-жиі еске алады. Ренжитіндер, өкпе айтатындар көп болар...

– Жо-жоқ. Мен «Егеменге» 1993 жылдың қаңтарында барып, 1996 жылдың шілдесінде кеттім. Күрделі кез. Халық өмірінде айрықша із қалдырған ауыр жылдар... Гиперинфляция секілді санаға үрей ұялататын әлеуметтік тарығулардың шапшып тұрған шағында газет шығару қиындық тудырды. Айлық аз, қағаз жетпейді. Аптасына алты рет шығатын «Егемен» секілді ел газетінің бес рет, төрт, үш, тіпті екі ретке дейін шығып қалған сәттері де болды.

Жігіттерге рахмет, қиналса да шыдап жүрді. Нарық жағдайында газетті жаңаша шығарып, газет болмысын жаңаша ұйымдастыруды жолға салдық. Газет жанынан ашылған коммерциялық бөлім мен «Егемен» компаниясы қолымызды ұзартып, ұжым мүшелерінің әлеуметтік, тұрмыстық жағдайларын шешуде біршама рөл ойнады. Бірте-бірте газеттің шығу графигі жолға қойылды. Коммерциялық жолмен келетін қаржы есебінен «жол тәртібін бұзыңқырап», қосымша «айлық» төледік. Жарнамадан түскен қаражат есебінен редакция қызметкерлеріне оншақты үй сатып алдық. Мен келгенде редакция есебінде небәрі екі автокөлік бар еді. Үш жарым жыл ішінде оның саны жетеуге жетті. Ардагер журналистерімізге азды-кем стипендия тағайындадық. Естелік айтып, шаршатып алған жоқпын ба?

– Ұжымның әлеуметтік жағдайын жолға қойғаныңызбен қатар газеттің көркемдік деңгейін де жақсарттыңыз деп ойлаймын. Саликалы, салмақты мақалалармен қоса сыни тұрғыда жазылған жарияланымдар ол кезде аз емес еді ғой...

– «Егемен Қазақстанға» келгенге дейін журналистикадан біраз қол үзіп кеткенім рас... Кеткен жылдар мен өткен жылдардың орнын толтырып, Сейдағандар секілді ағалардан үйренгеніміз бар, шұғыл түрде газетті қолға алу керек болды. Газеттің ажарын, мазмұнын тереңдете отырып, еркін ойдың құлаш жаюына көңіл бөлдік. Басылымның алғашқы бетіндегі, ішкі беттегі анонстардан бастап, айдарлар мен тақырыптар, аңдатпалар мен сілтемелердің бәрі тек мақаланың соңына дейін оқылуына қызмет етуге тиіс екеніне баса назар аударылды. Газет ішіндегі газет – «Ел» қосымшасы шығып тұрды. Бұл ауыл адамдарының сол кездегі тұрмысын, қиындықтарын айнытпай жазуға мүмкіндік туғызды. Қажет жерінде Үкімет басшысына дейін сынадық. Сол кездегі Премьер-министрдің ауыл-ауылдардағы кітапханаларды жаппай жаба бастаған әрекетін әшкере еткен мақалаларды бір емес, бірнеше рет газеттің 1-бетінде жариялаған да, Үкімет басшысы атына ауыр сын айтқан алғашқы басылым да осы «Егемен» еді... Өткір сынға шыдамаған кейбіреулер газетті сотқа беріп жатты.

Он бес шақты сот процестерінде қалай жеңіске жеткенімізді өзің де жақсы білесің. Сен ол кезде осы газеттің Заң бөлімін басқардың ғой... Газет өкілі ретінде біразына өзің де қатыстың. Сені де сын мақалаларың үшін 4-5 рет сотқа сүйрегені есімде. Моральдық-материалдық залал ретінде 20 миллионға дейін талап-арыздар болды. Соттың ешқайсысынан жеңілген жоқпыз. Шындыққа ешкім қарсы тұра алмады. Әділ сөзіміз халықтың көңілінен шықты ғой деп ойлаймын...

– Журналистиканың көрігін біраз қыздырғаннан кейін 1996 жылы Жазушылар одағына басшылыққа ауысқаныңызды айттық. Содан бері де, міне он шақты жыл өте шығыпты. Сырттан естіп жатамыз, мұндағы жетістіктеріңіз де ел аузында жүр.

– Қазіргі кезде Жазушылар одағы керек пе, керек емес пе деген арзан ойлар жиі айтылады. Менің айтарым – Жазушылар ұйымы керек! Уақыт та, қоғам да әзірге басқа құрылым ойлап таба қойған жоқ. Жазушылар одағын олар емес, ұлтымыздың ұлылары құрған. Енді оны таратып жіберу – бүкіл ұлтымызға сын болар еді. Мен мұнда келгенде Жазушылар одағының Шығармашылық үйі, орталық ғимараты сауатсыз толтырылған шарт пен жауапсыз жазылған құжаттардың салдарынан әлдекімдерге қолды болып кетіпті. Соның бәрін қайтарып алу үшін аяусыз күрес жүргізуге тура келді. «Егемен Қазақстандағы» он бес сотымыз түк емес екен. Қырыққа тарта сот процесін бастан өткердік. Одақтың үй-жайын, дүние-мүлкін сотпенен қайтаруға төрт жылдай уақытымыз кетті. Қазір Жазушылар одағында «Қаламгер» кафесі жоқ.

Осы мақсатта биыл Республикалық «Отан» саяси партиясымен біріге отырып, «Отандық әдебиетке қолдау көрсету жөнінде 2007-2011 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламаның» тұжырымдамасын жасадық. Оның жобасы «Әдебиет айдыны», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде жарияланды. Мақсатымыз – Әдебиетті дамыту саласында елдің өз ішіндегі және одан тыс жерлердегі тиісті мемлекеттік саясатты қалыптастыру. Қоғамдық санаға әдебиеттің ықпал ету мүмкіндігін пайдалана отырып, Қазақстанның рухани кеңістігін жаңартсақ, жаңғыртсақ, нығайтсақ дейміз. Ең әуелі Үкіметпен, жергілікті атқару орындарымен біріге жазушылардың, әсіресе жас жазушылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын көтеретін шаралар ұйымдастырмақшымыз. Сондай-ақ, әдебиет пен драматургия саласына мемлекеттің кең көлемді қолдау көрсетілуіне мүдделі мемлекеттік органдармен қатар, әр алуан халықаралық, гуманитарлық, қоғамдық ұйымдардың да атсалысуға, араласуға шектеу қойылмайтынын айта кеткіміз келеді.

Отандық әдебиетке қолдау жасаудың бір көрінісі – оның ең таңдаулы үлгілерін әлемдік әдебиет кеңістігіне алып шығу. Ол үшін талантты авторларымызды әдебиет пен драматургия

саласындағы халықаралық сыйлықтарға ұсынып отырсақ, қандай ғанибет. Қазір мемлекеттік тапсырыспен жақсы кітаптар жарық көріп жатыр. Бірақ таралымы тым аз. Екі мыңның айналасында... Бағдарламада осы мәселе де кеңінен қозғалады. Әдебиетті насихаттаудың нақты жақтарын анықтайтын ұсыныстарымыз мол. Оған көз жеткізу үшін «Әдебиет айдыны» газетінің үстіміздегі жылғы 5 қазан күнгі санын тауып алып, танысуға болады.

– **Біз танысып шықтық. Сұхбат алуға жетектеген екі-үш мәселенің бірі де осы тұжырымдамаларыңыз болды.**

– Рахмет. Ұлт әдебиетінің тағдыры сөз болып отырған тарихи құжат қой. Ұлтын, тілін, әдебиетін, ұлтының рухын сыйлайтын оқырмандарымыз бұл «Тұжырымдама» жобасына бейтарап қарамас деп ойлаймын.

– **Нұреке, Сіздің драматург, танымал ақын екеніңізді ел біледі. Кейінгі шыққан өлең жинақтарыңызды қарап жүрмін. Лирикаларыңызда махаббат пен нәзік сезім сырлары көп. Өлеңдеріңізде өліп-өшкен арзан сөздерден гөрі жоғары рухтағы адами қасиеттер мен заманауи құндылықтар әдемі шешемін тауып отырады. Осының біразы ертеректе жазылып, бұрын еш жерде жарияланбапты. Неге оқырманға кеш ұсындыңыз?**

– Ерте жазылып, кеш жарияланудың себебі көп. Ол үшін ешкімді айыптамаймын. Жырдың тағдыры – менің тағдырым. Солай болу да керек тәрізді. Мені мазалайтыны басқа...

Мен алғашқы өлеңім мен алғашқы пьесамды мектеп қабырғасында жүргенде жазыппын... Иә, арман асау ат секілді. Жастық шақта бәрін қамтып қалғымыз келіп, басты тауға да, тасқа да аз ұрған жоқпыз... Абай, Пушкин, Махамбет, Мағжан, Қасымдар бастап кеткен осынау сезім ахуалына соқпай кетер ақын аз. Әркім әртүрлі соқпақ сүрлеумен келіп соғады. Өлеңнің, өмірдің өрті мен жалынына да әркім әртүрлі дәреже-деңгейде шарпылады. Біреу – ерте, біреу – кеш... Біреулер Абай мықты жырларын қырықтан асқанда жазды десе, енді біреулер ақындық – жастық кезеңінің жемісі дейді. Менің көзқарасым – сәл өзгешелеу. Өйткені... Өлең – жанның дауысы. Жан дауысы бір қалыпты бо-

луы мүмкін емес. Сыртқы өмірлік құбылыстардың, жаратылыс сырларының, адам миы тудырған оқиғалардың қай-қайсысына да жаны әсерлебенген адам ақын емес. Ақын – жанның дауысын ақ қағаз бетінде өрнектейтін айрықша жаратылыс иесі.

Мен өлең жазуды ес білгелі тоқтатқан жан емеспін. Бірақ жариялауға, жазыла салысымен редакцияға ала жүгіруге дағдыланбағаным рас. Жазылады. Жатады. Қайтып ораламын. Күмәнді тұстарды қайта қараймын. Редакциялау, өзіңе-өзің қатал редактор бола білу – жауапкершіліктің белгісі...

Өзің айтып отырған ертерек кездің жырларын құрайтын «Сырнайлы шак», «Сырғалы түн» – менің жарық көруге тиіс, бірақ өз кезінде жарияланбай, баспалардың қоржынында жатып қалған бірінші, екінші кітаптарым. Елдің тұңғыш деп жүрген «Беймаза көңіл жинағы» – менің үшінші кітабым. Менің өзімді әдебиеттегі жылымықтың соңғы өкілдерінің бірінен санаймын. Біздер – соғыстан соң туғандар – өтпелі кезеңге келіп, насихат өз деңгейінде болмай қалғандарымыз... Құдайға шүкір, менің қатарым қазақ көркемсөзіне тегеурінді қалам иелерін аз берген жоқ. Көбі өмірден ерте кетіп қалды. Өкініші сол.

Кейде мен өзімді солар үшін өмір сүріп, солар үшін іс тындыруға қалған жер бетіндегі солардың санаулы өкілдерінің біріндей сезінемін. Өлеңде де, өнерде де, өмірде де... Солардың аруақтары риза болса, Алла риза болса, жер үсті тірлігінің босқа өтіп жатпағаны шығар деп ойлаймын... Алда, алпыстың асуы тұр. Бұйырса, таңдамалы жырларымның үш томдығы жарық көрмекші.

Өлеңнің, өмірдің қызығын қатар жүріп көруге жазсын. Қызығыңды бөлісетін, жақсыға қуанып, әттеңіне абыржитын туған еліңнің аман болғаны, бар болғаны қандай жақсы! Қандай бақыт! Республика күні – Еліміздің ұлы тойы, Ел еңсесін тіктеген Егемендік күні! Құтты болсын айтқым келеді.

– Әңгімеңізге рахмет. Сізге де алда келе жатқан мерекеңіз – 25 қазан – Республика күні құтты болсын айтамыз. Өзіңізге зор денсаулық тілейміз.

**«Президент пен Халық» газеті,
20 қазан, 2006 жыл**

СЕНІМ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінде қызу айтыс тартыс бірнеше сағатқа созылды. Сағат кешкі 18-ден өте бергенде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы заң депутаттар алдында дауысқа салынды.

Сағат 18-ден 14 минут өткенде заң қабылданды. Тәуелсіздік туралы Заңды 270 депутат қолдап дауыс берді. 12 депутат оған қарсы дауыс берді.

Сол күні Президент Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы Конституциялық Заңға қол қойды.

Дүниеге жаңа мемлекет – Қазақстан Республикасы келді.

Бүгін міне, сол бір тарихи сәтке он жыл толып отыр. Дегенмен, 12 деген цифр әрқайсымыздың көңіл түкпірімізде қалып қойғаны анық. Сол қарсы дауыс берген адамдар кімдер еді, дәл бүгінгі ұлы мерекеде сол отандастарымыз не ойлайды екен, бұрынғы пікірлері өзгерді ме, бізбен бірге қуана ала ма, жоқ әлде, жүректерінде қатқан шөмен сол күйі қалды ма, осынау он жыл ішінде олар немен айналысты екен деген сияқты сауалдар бізді әртүрлі ойға жетелей береді.

Мүмкіндік болса сол адамдардың өзімен сөйлесіп көрсек деген ниетіміз болғаны да рас. Оны қалай жүзеге асырамыз, өткенді еске алып, біреулерді көзге шұқығандай болмаймыз ба деп те ойладық.

Сөйтсе де ең бірінші қарсы дауыс берген 12 депутаттың кім екендіктерін анықтауға кірістік. Алматыдағы Ұлттық кітапханаға барып, 1991 жылдың желтоқсан айында жарық көрген республикалық басылымдарды парақтап шықтық. Олардың ешқайсынан Тәуелсіздік туралы Заңға дауыс берген депутаттардың ресми тізімін кездестіре алмадық. Кейбіреулердің айтуына қарағанда, мұндай тізім бір басылымдарда жарияланған сыңайлы.

Іздей берсек, бәлкім табар ма едік, бірақ іздеуді тоқтаттық. Оған себеп – 1991 жылдың 17 желтоқсан күні «Егемен Қазақстан» газетінде «Тәуелсіз ел болдық...» деген тақырыппен жарияланған сол кездегі Парламент тілшісінің жазған мақаласы болды. Ол тілші сол бір тарихи сәтке басынан аяғына дейін куә болғанын айтады. Ертеңінде көлемді мақала жарияланыпты. Тәуелсіздік туралы Заңымыз талқыға түсіп жатқанда оның негізгі баптарына қарсы шыққан жеті депутаттың аты-жөндері мен айтқан сөздері сол күйінде беріліп, журналистік пікір білдіріпті.

Енді сол депутаттар кімдер еді, неге олар Тәуелсіздігімізге қарсы болды және қандай сөздер айтып еді деген сауалға жауап бере кеткеніміз дұрыс шығар. Ол үшін тілшінің «Тәуелсіз ел болдық...» атты мақаласынан үзінді келтіруге тура келеді.

1. Депутат В.Чернышев: – Бұл Заңды, өзіміз мойындамай жатып, адам праволарының жалпыға бірдей декларациясына жүгінгеніміз жараса қояр ма екен? Кімнен неден тәуелсіз болмақпыз? Жетпіс жыл бойы желкелеп сөгіп жүрген ресейлік империяның үлгісі бойынша қазақ империясын құруға әрекеттеніп жүрген жоқпыз ба?.

2. Депутат А.Козлов мұндай заңның қабылдануына күмәнданбайды, бірақ ол мұның салмағын арттыру үшін референдум өткізу керек деп, заңды алысқа сырып тастағысы келеді.

3. Депутат Сухов: – Біздің Парламентіміз тағдыр тәлкегін шешетін күрделі мәселені тездетуге неге құмар? Мұндай мәселені ертең 17 миллион адам, оның бақандай кілең жартысы орыс тілді халық болса, жат мемлекетте қалып қоймай ма? Жазылған тұсына оның тек қорғаныс мақсатына пайдаланылатынын айтып көрсетсек...Біз алдыңғы қатарлы мемлекеттің тәжірибесінен үйренуіміз керек. Мемлекеттік тіл үш тілде болсын қазақ, орыс, ағылшын.

5. Депутат С.Субботин мемлекеттік тілге орыс тілін де қосу керек деді.

6. Депутат В.Воронов Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін қорғау және ұлттық мемлекеттігін нығайту жөнінде

шаралар қолданады деген заңның 16 бабының алғашқы бөлігін мүлде алып тастауды ұсынды.

7. Депутат Водолазов: – Қазақстан Республикасының конституциялық заңды түрде сайланған өкімет орындарына қарсы кез келген күштеу әрекеттері, республиканың территориялық тұтастығын бұзуға шақыратын, сондай-ақ саяси партиялар, өзге де қоғамдық бірлестіктер немесе жекелеген адамдар тарапынан ұлтаралық араздықты тұтандыратын жария уағыздар заң бойынша жазаланады деген сөзді тұтастай қысқартуды ұсынды.

Кейбір депутаттар Ұлттық мемлекет сөзін Азаматтық мемлекеттікпен алмастыру райынан қайтпады. Міне, Тәуелсіздік туралы Заңды талқылау кезінде өз қарсылықтарын ашық білдірген осы депутаттар Тәуелсіздік туралы Заңға жабық түрде дауыс берген кезде 12 депутаттың ішінде болғанына күмәнданбайсың. Сөйтсе де, осы адамдармен тілдесу жолдарын қарастыра бастадық. Анықтай келгенде білгеніміз, Виталий Вороновтан басқа бұл адамдардың ешқайсысы Алматыда тұрмайтыны белгілі болды. Виктор Водолазов қазір Батыс Қазақстанда, ал Владимир Чернышев Қостанайда тұрады екен. Қалғандары алыс жақын шетелдерге кеткен көрінеді. Батыс Қазақстандағы тілшіміз Т.Құсайынға хабарластық. Мүмкіндік болса, Виктор Борисовичпен кездесіп, қысқа интервью алуын, өзі қарсы болмаса, Тәуелсіздік туралы бүгінгі ой пікірін білуін өтіндік. Т.Құсайын биылғы жылдың 20 ақпан күні «Егемен Қазақстан» газетінде «Азат болып қазақ болып тірескендерді тәуелсіздік табыстырып отыр» деген тақырыппен көлемді мақала жариялағанын, сонда В.Водолазовтың бүгінгі көзқарастары толық жазылғанын айтты. Ол кісіні қайта-қайта мазалай бергеніміз ыңғайсыз болар, сондықтан, сол мақаладағы пікірлерінен үзінді келтірсеңіздер қайтеді деген соң, оған да келістік. Шынында, В.Водолазовтың соңына шам алып түскендей болмай-ақ, сондағы пікірін оқырман назарына ұсынсақ та біраз жайттардың беті ашылатын сияқты екен.

1991жылдың қыркүйек айында Орал казачествосы өздерінің Ресей патшасына қызмет ете бастауының 400 жылдығын

Ресейде емес. Батыс Қазақстан облысының орталығы – Орал қаласында өткіземіз деп үлкен арандатушылық әрекеттерге барғаны белгілі. Әйтеуір, ол кезде қан төгілмей қалды. Тәуелсіздігіміздің он жылдығы қарсаңында осы оқиғаны тілге тиек ете отырып, біздің тілшіміз сол кездегі атышулы Орал казағы, XII, XIII сайланған Жоғарғы Кеңестің депутаты В.Водолазовты әңгімеге тартты. В.Водолазов оған былай деп жауап қатыпты: «Оралдағы қыркүйек оқиғалары негізінен бір біріне қарсы тұрған казактар мен «Азаттықтардың» арасында өрбіді. Орал казачествосының сол кездегі атаманы А.А.Качалин ақылды, айналасындағы, ондағы болып жатқан құбылыстарға байыппен қарай білетін адам еді. Ол өз қандастарының агрессияшыл көңіл-күйлерін әрқашан ауыздықтап отырды.

...Ал «Азаттың» басшысы Аманжол Зинулин жастау, қыз-балау көрінетін. Әйтсе де, парасат, ақыл ой жағынан келгенде ортақ ұқсастықтары да кездесіп қалатын.

...Қандай құбылыс, оқиға болсын, оның әділ бағасын беретін тарих қой. Оралдағы қыркүйек оқиғаларына байланысты қалыптасқан пікірім бүгінде 90 пайызға өзгергені жасырын емес. Биыл Қазақстанның Тәуелсіз ел болғанына он жыл толатынын айтып өттіңіз. Бұл Заңды кезінде Жоғарғы Кеңес қабылдаған еді. Әлі есімде 12 депутат қарсы дауыс берді. Жасыратыны жоқ, соның бірі өзім едім.

Неге қарсы дауыс бердіңіз дерсіз мүмкін. Оны да айтайын. Ол кезде Қазақстанның болашағына деген сенімім аз еді. Экономикамыз кеудесін көтере алмай, жер бауырлап жатты. Нақты мемлекеттік тұрғыда ойлау жүйесі қалыптаспаған кез еді ол. Тіпті ең берісі сауда жасауды да білмедік. Алайда, мұның барлығы уақытша құбылыс екен. Бір-екі жылдан кейін оң өзгерістер аңғарыла бастады. Соған сай мен де бұрынғы көзқарасыма өзгертулер енгізуге мәжбүр болдым.

Әрі, біздердің түбіріміз, тамырымыз бір екендігін сезіндім. Бұрынғы бір-бірімізді кінәлаушылық, жазғыруды ұмыту қажеттігін аңғардым. Біздің, яғни казактар мен қазақтардың дәс-

түрінде де ортақ ұқсастықтар аз емес» В.Водолазов бұл әңгімелерді ақ адал, шын көңілмен айтып отырғанына шек келтірмедік. Осы оқиғадан кейін біраз жыл өткен соң бірлескен «Тамыр ЖШС» құрылды. Ал Виктор Борисовичтің өзі Аманжол Зинулин басқаратын Еділ Жайық қазақтары қауымдастығының үні «Еділ Жайық» газетіне жауапты хатшы болып орналасты.

Міне, уақыт, орта, жағдай адамның мінез құлқын, көзқарасын, ниетін түгелдей өзгертеді деген осы. Виктор Водолазовтың бүгінгі сөзі де, ісі де көңілдерге бір жылы сезімдер құятындай.

Келесі біздің сөзге тартқан адамымыз Алматының тұрғыны, белгілі заңгер Виталий Воронов болды. Мен әңгімені бірден 1991 жылдың 16 желтоқсан күні қабылданған Тәуелсіздік туралы Заңнан бастауды өтіндім. Виталий Иванович тіпті одан әріден сілтеп. 1990 жылдың қазан айында қабылданған Қазақстан Республикасының Егемендігі туралы Декларациядан бастауды өтінді. Келістік.

«Бұл құжат Тәуелсіздік туралы Заңнан да қызықты еді ғой – деді ол.

– Онда Компартия жүргізіп отырған идеологиядан бас тарту, адамдардың барлық құқықтарын мүлтіксіз сақтау, жаңарған Егеменді Мемлекеттер одағының құрамында қалу – біртұтас экономикалық байланысы жоқ, ұлт саясаты үнемі жасанды ұрандар негізінде жүргізілді. Сондықтан да, мен Қазақстан Республикасының Егемендік туралы Декларациясына да, Тәуелсіздік туралы Заңына да жақтап дауыс бердім. Әрине, қарсы дауыс бергендер де болды. Маған о бастан-ақ Брежневтің тоқырауы, Андроповтың жуан жұдырығы, Горбачевтің қайта құруы керек емес еді, қазірде керегі жоқ. Қазақстанның шынайы Тәуелсіз ел болуын қаладым.

Қазақстандағы ахуал басқа ТМД елдерімен салыстырғанда көш ілгері. Мен Украинада, Молдовада, Белоруссияда, басқада елдерде болып жүрмін. Біздегі халықтар достығына, экономиканың тұрақтылығына олар қызыға қарайды. Мұндайда мақтаныш сезіміне бөленесің».

Шындығын айтсақ, мен ол кісіні алғашқыда Тәуелсіздік туралы Заңға қарсы дауыс берген 12 депутаттың бірі ретінде сөзге тартқан едім. Бірақ, ол Қазақстан Тәуелсіздігін жақтап дауыс берген адам болып шықты. Оның бұл сөздеріне күмән келтіруге арым бармады. Ал, жоғарыдағы «Тәуелсіз ел болдық...» атты мақаладағы Тәуелсіздік туралы Заңның 16 бабының алғашқы бөлігін алып тастау туралы пікірін қайта қазбалап сұрауға ыңғайсыздандым.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
14 желтоқсан, 2001 жыл**

ЛАҢКЕСТІК – ЗАМАН ҚАСІРЕТІ

Жақында Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті академиясының бастығы генерал-майор С.Қ.Абсаметов лаңкесшілдікке қарсы күрестің жаңа әдіс-тәсілдеріне қатысты докторлық диссертация қорғады. Бұл – қарсы барлау тұрғысынан алып қарағанда Қазақстандағы алғашқы жетістіктердің бірі. Сол себепті Слэм Құдысұлына арнайы жолығып, осы тақырыпқа қатысты бір-неше сұрақ қойған едік.

– 90-шы жылдардың ортасында Қазақстан Республикасы ҰҚК басшылығы маған осы лаңкесшілдікке қарсы күрес амалдарын жан-жақты зерттеу жөнінде тапсырма берген болатын,– деп бастады Сәкең алғашқы сөзін. – Бұл – еліміздің аумағындағы лаңкестік іс-әрекеттерге қарсы күресті ұйымдастырушы және жүзеге асырушы негізгі орган ретінде ҰҚК-ның о баста лаңкестік проблемаларын зерттейтін ғылыми еңбектердің болмағандығына байланысты. Диссертациялық еңбегімде Қазақстанда және шет елдерде болған лаңкестік әрекеттер негізінде құбылысты жан-жақты талдауға тырыстым. Кейінгі жылдары АҚШ-та, Ресейде, Кавказда, тағы басқа жерлерде орын алған қанды оқиғалар ғылыми көзқарастарымды айқындай түсті. Жасалған талдаулардың дұрыстығына көз жеткізілді.

– **Лаңкесшілдік қазіргі уақыттағы өткір проблемалардың бірі. Сіздің ойыңызша осы терминнің астарында қандай сыр бар?**

– Әлемде «лаңкестіктің» жүзден аса анықтамасы бар. Алайда олардың бірде-біреуі осынау заман қасіретінің нақты мәнін бере алмайтын сияқты. Біздің елімізде бұл жөніндегі жалпы түсінік әлеуметтік-саяси құбылыс ретінде «Терроризммен күрес туралы» Заңда, ҚР Қылмыстық Кодексінде және басқа нормативтік-құқықтық актілерде көрсетілген. Нақтырақ айтсақ, лаңкестік – жазықсыз адамдарды өлтіру, олардың мүлкіне зиян

келтіру, халыққа, қоғамға қауіп төндіретін жарылыс жасау, өрт қою, елдің арасына үрей туғызу, мемлекеттік органдарға күш қолдана отырып өз ықпалдарын жүргізу сияқты толып жатқан қанқұйлы әрекеттердің жиынтығы болып табылады.

– Қазақстанда алдағы уақытта лаңкестік әрекеттер болуы мүмкін бе? Мұндай жағдайлар қандай елдерде орын алыуы мүмкін деп ойлайсыз?

– Біздің елде жаппай террорлық оқиғалардың таралмай-тынына өз басым сенімдімін. Себебі, бейбітшілік пен тыныштықты сақтауды мақсат тұтатын халқымыздың ізгі ниеті мен мемлекетіміздің осы жолда ұстанған терең саясаты бұған жол бермес деп ойлаймын. Осы саясаттың арқасында бүгінде бүкіл Орта Азия аумағы тұрақтылық белдеуіне айналып отыр десек, артық айтқандығымыз емес.

Біз, жалпы, зорлық-зомбылыққа көнбейтін, сонымен қатар досына да, дұшпанына да жаманшылық ойламайтын, үйге кірген жыланның басына ақ құйып шығаруды ата дәстүріміз деп білетін мейірбан халықпыз. Дегенмен, кез келген елдегі лаңкесшілдіктің өршуіне ондағы экстремистік қозғалыстар, теріс пиғылдағы партиялар мен ұйымдардың әсері болатыны шындық. Шынайы демократия жоқ жерде қашанда солай. Әдетте, тоталитарлық, яғни қазақтың қарапайым тілімен айтсақ, бұйрықшыл-әміршіл тәртіп орнаған мемлекеттерде, бір халықтың екінші халыққа алақөздік танытуы, дүмше діншілдік пен әлеуметті теңсіздік, кедейлік белен алған елдерде – лаңкестік өрши түседі.

– Батыстың кейбір идеологтары Қазақстандағы демократия – жоғарыдан басқарылатын демократия, шынайы емес деген көзқарастар айтып жүр ғой. Бұған не деуге болады?

– Өтпелі кезеңде біз сияқты елдерде қатаң тәртіп орнату үшін бүкіл мемлекеттік билік бір жерге шоғырландырылып, ол бір адамның қолында жинақталуы тиіс. Яғни, дәл қазіргі сәтте Қазақстанға күшті президенттік басқару құрылымы қажет. Сонда ғана біз шынайы демократияға қол жеткізуіміз мүмкін. Онсыз КСРО сияқты алып мемлекеттің өзі күйретіп тынға-

нын жақсы білесіздер. Қазақстан үшін тәуелсіздік пен бостандық ауадай қажет. Ендеше, осы жолда біздің өз ұстанымдарымыз мызғымастай болуы керек. Бұл сұрағыңызға берер жауабым осы.

– Сіздің сөзіңізге қарағанда, Қазақстанда жаппай лаңкестік орын алуы мүмкін емес сияқты. Лайым солай болғай. Бірақ, бұдан біраз жыл бұрын бірді-екілі лаңкестік актілердің Қазақстанда орын алғаны жасырын емес қой...

– Иә, елімізде ондай оқиғалардың орын алғаны рас. Ақыры бұл жайында сөз қозғалған екенсіз, енді оған толығырақ тоқталайын.

Кеңестік уақыттың соңғы жылдарында Боралдай әуежайындағы авиажасақта жай қызмет атқаратын Малинин деген азамат шетелге қашу үшін біраз дайындық жүргізген. Алдымен осындағы бір экипаж командирінің сеніміне кіріп, одан ұшақпен ұшудың әдістерін үйрене бастайды. Сөйтіп, ол 18 рет жергілікті жолаушылар ұшағының штурвалына отырып, аспанға көтерілген. Бір рет апатқа ұшырай жаздаған кезі де болған. Малининнің жоспары әбден «пісіп-жетілген» кезде, яғни дер кезінде МҚК қызметкерлері оны қолға түсірген.

Ал 90-шы жылдардың басында Қызылорда облысының түрмесінен қашқан қылмыскерлер автобус толы жолаушыларды кепілдікке алып, Оңтүстік Қазақстан жеріне дейін жеткен. Сосын шетел асу үшін қару-жарақ, ақша, ұшақ талап еткен. Алайда ол ойлары жүзеге аспады. ҰҚК қызметкерлерінің, тағы басқа құқық қорғау органдарының үйлесімді жұмыстарының нәтижесінде кепілдікке алынғандар босатылды, қылмыскерлер қолға түсті.

Бұған Шығыс Қазақстандағы Казимирчук (Пугачев) тобының іріткі салу әрекеттерін қосып айтуға болады. Онда негізінен Ресей азаматтарының тобынан құрылған «Русь» деп аталатын саяси қоғам ұйымының мүшелері «Русская земля» автономиясын құру мақсатында билік орындарын күшпен басып алуға әрекеттенген болатын. Сөйтіп, мемлекеттік билік өкіл-

дерін жоюға бағытталған терактілер сериясын ұйымдастыруды жоспарлаған.

Осыларға ұқсас бітіспес тәжік оппозициясы соғысқұмарларының Ташкентте жасалған жарылыстарды дайындауға және оны іске асыруға қатысқандардың ұсталу фактілерін лаңкестік қауіп төндірулер деп қалай айтпассың.

– Сонда мұндай әрекеттерді алдын-ала болжауға бола ма өзі?

– Лаңкестік деген қасірет бүгінде жер шарын жайлап бара жатқан құбылыс. Оның қай жерде қашан болатынын болжап білу оңай емес. Егер оңай болса, күнде өзіміз ақпарат құралдары арқылы естіп-біліп жүрген әлемнің әр түкпіріндегі оқиғаларға жол берілмес еді. Жоғарыда мен Қазақстанда лаңкестіктің жаппай өріс алуына негіз жоқ дедім. Оны теориялық тұрғыдан тұжырымдаған да тәріздімін. Ал, жекелеген лаңкестік әрекет кез келген жерде, кез келген уақытта болуы мүмкін.

– Кейінгі кезде «діни экстремизм» деген термин қалыптаса бастады. Ресейдегі, АҚШ-тағы, Ауғаныстандағы жағдайлардың бәрі осы діни экстремизммен байланыстырылады. Бұл жөнінде не айтар едіңіз?

– Иә, ашық демократиялық бағытты ұстанған біздің қоғамда имандылықтың бір белгісі ретінде діни ұйымдар мен әртүрлі қозғалыстар қанатын кең жаюда. Мәселен, бүгінгі таңда Қазақстанда 3000-дай діни ұйым, 40 конфессия ресми түрде тіркелген. Дін зерттеушілердің айтуына қарағанда, Қазақстан халқының 12 пайызы осы ұйымдардың белсенді мүшелері. Олардың 51,6 пайызы – мұсылмандар, 22,8 пайызы православиеліктер, 1,4 пайызы католиктер, 0,2 пайызы протестанттар қатарына жатады. Таза тақуа болмағанымен, діни салт-дәстүрді ұстанатындар саны жыл сайын өсе түсуде. Еліміздің оңтүстік аумағындағы халықтар арасында экстремистік бағыттағы діни ағымдар тарапынан өздерінің идеологиясын қалайда тықпалауға тырысатындар бар. Әсіресе, «Хизб-ут-Тахрир», «Джамат-Таблиги», «Ваххабизм» сияқты ешбір дәстүрге жанаспайтын ағымдарды ұстанушылардың саны өсіп келе жатқандығы алаң-

датады. Еш жерде тіркелмеген медреселер мен мектептер, діни ұйымдардың іс-әрекеттері еліміздің ішкі тыныштығына іріткі салатыны сөзсіз.

Олардың бәрі шетелдерден қаржыландырылатынын қайтерсің. Бұлардың көбісі Орта Азия аумағында біртұтас ислам мемлекетін құруды көздейтіні жасырын емес. Сөйтіп, «Соғысқұмар ислам» идеясына елдің бәрін ұйытқылары келді. Онымен қоймай, заңсыз құрылымдарды дүниеге әкеліп, оған Қазақстан азаматтарын, әсіресе жастарды тартуға тырысуда.

Мәселен, Павлодар облысына Солтүстік Кавказдан келген діни экстремизмді ұстанушылар чешен-ингуш өкілдерінің арасында ваххабизмді таратуға тырысқандары белгілі болды. Ал, Түркістанның 1500 жылдығы қарсаңында «Хизб-ут-Тахрирдің» Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстарындағы жасырын ұйымдары әшкереленді. Бірақ, бұл құбылыстар біздің елде ешқашан жаппай сипат ала алмайды. Ол жөнінде жоғарыда айттым-ау деймін.

– **Лаңкестік әрекет иелері көбінесе есірткі бизнесімен тығыз жұмыс істейді. Бұл жөнінде сіздерге не белгілі?**

– Есірткі бизнесі – лаңкестік ұйымдардың жасырын бюджетін толтырып отыратын негізгі көздердің бірі екені рас. Географиялық орналасуы жағынан Қазақстан олар үшін оңтайлы тасымал жолдарының бірі.

Соңғы жылдары ұлттық қауіпсіздік органдары халықаралық есірткі тасымалдау жолдары мен қылмыстық топтарды ауыздықтау жөнінде бірқатар сәтті шаралар өткізді. ҚР Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің төрағасы генерал-майор Н.Н.Дүтбаевтың нұсқауы бойынша комитеттің есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі аумақтық бөлімшелері жоғары білікті мамандармен толықтырылды, қазіргі заманғы техникалық құралдармен жабдықталды. Сонымен қатар, есірткі бизнесі тарапынан төніп тұрған қауіп-қатерге және мемлекет басшысының соңғы тапсырмаларына байланысты ҰҚК академиясында есірткі қылмысына қарсы күрес саласындағы мамандарды оқытуға бағытталған арнайы сабақтардың саны көбейтілді.

Атқарылатын, қолға алатын істердің мұнымен бітпейтіні белгілі. Лаңкешілдікке қарсы күрестің тиімділігін арттыру үшін, еліміздің лаңкештік көріністерге қарсы жұмылдырылған барлық қуатты құрылымдары мен мүдделі ведомстволарының жұмысын ұйымдастыратын және үйлестіріп отыратын біртұтас лаңкештікке қарсы орган құрған жөн. Мұндағы мақсат – лаңкештікке қарсы күрес жолында басқа да министрліктер мен ведомстволардың басын біріктіру.

Қазір әркім өзінше лаңкешіктен сақтану әдістерін әзірлеуде. Мәселен, мұнай, банк, түсті металл өндіретін кәсіпорындар, атом-энергетика өндірісі, тағы басқа қырағы күзетті қажет ететін мекемелер өздерінде жинақталған ақпарларды бір жерге тоғыстырып, сол жерде талдап, алдағы қатерді болжап, оның алдын алу үшін ортақ бағдарлама жасап жатса, қанеки. Сондай-ақ әскерилер мен құқық қорғау органдарындағы, шекара қызметіндегі, төтенше жағдайлар комитетіндегі, кедендік тексерудегі лаңкештікке қарсы құрылған ұйымдар бет-бетімен жұмыс жүргізгенше, бір нүктеден басқарылатын мемлекеттік аппаратқа ұласса ұтары көп болар еді.

Лаңкештікке қарсы органды құрудың әзірге екі жобасын ұсынуға болады. Біріншісі – еліміздің Қауіпсіздік кеңесі қамқорлығындағы Кеңес органын және ұдайы әрекет етуші комитет ұйымдастыру. Қауіпсіздік кеңесінің төрағасы жанындағы кеңес органының құрамына тиісті құрылымдар, мүдделі министрліктер мен ведомстволар бастығының орынбасарлары деңгейіндегі лауазым иелері кіруге тиісті.

Ұдайы әрекет етуші комитет терролог мамандардан және Ұлттық қауіпсіздік комитеті, ІІМ, Қорғаныс министрлігі қызметкерлерінен және тағы басқа лаңкештікке қарсы іс-әрекеттер бағытында тәжірибе жинақтаған мекеме өкілдерінен құрылуы қажет. Ал оны басқару Қауіпсіздік кеңесі төрағасының орынбасарына жүктеледі. Оған қажетті жағдайларда әртүрлі құрылымдар бөлімшелерін қатыстыру және олардың жұмыстарын үйлестіру бағытында өкілеттілік берілуге тиісті.

Екіншісі, лаңкестік әрекеттермен күресті ұйымдастыру бағытында барлық қызметті өзінің қарамағына үйлестіре алатын, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін өз алдына ведомство құру. Лаңкестікпен күрестегі басты проблема – жалпы мемлекеттік деңгейдегі ақпараттарды үйлестіру және жинаудың қиыншылықтары болса, онда осы органның басшысына заңдық негізде лаңкестікпен күресті ұйымдастыру мәселелерінде қуатты құрылымдар, мүдделі министрліктер мен ведомстволардың жалпы басшылығын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін өкілеттілік берілуі қажет.

Бірінші және екінші жағдайдағы арнайы органға лаңкестік әрекеттерге қарсы іс-қимылдар саласында тәжірибе жинақтаған осы органға жүктеген міндеттерді шешуге қабілетті маман адам басшылық етуге тиісті.

– Республикамызда лаңкестік мәселесін ғылыми тұрғыда зерттеп жүрген әзірге өзіңіз ғана. Сондықтан, біздің елде лаңкестік әрекет бола қалса, ол қандай түрде көрініс табуы мүмкін деген сұрақ қойсам қайтеді.

– Иә, оның бетін әрі қылсын. Дегенмен, лаңкестік ұйымдардың өз алдарына қойып отырған мақсаттары мен міндеттеріне байланысты мен оның саяси, діни және қылмыстық негіздегі үш түрін атар едім.

Лаңкестік іс-әрекеттің түрлері мен шығу себептері арасында өзара тығыз қарым-қатынастар бар және олар сырт көзге көріне де қоймайды. Саяси және діни экстремизмдер, сөз жоқ, саяси кикілжіңге әкеліп соқтыратын қауіп-қатерлердің бірі.

Бізде оның бәлендей түрі болуы мүмкін деп әзірге сәуегейлік жасамай-ақ қояйын, тек соның мүлдем болмауын ғана тілейік те.

– Әңгімеңізге рахмет!

**ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ОРГАНДАРЫ АДАМ,
ҚОҒАМ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ МҮДДЕСІН ҚОРҒАЙДЫ
(Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік
комитетінің төрағасы генерал-лейтенант
Сәт Бесімбайұлы Тоқпақбаевпен сұхбат)**

– Сәке, сіз Комиитеттің басшысы қызметін атқарғалы да, міне, екі жылға жуықтап қалыпты. Осы аралықта атқарылған істер аз емес шығар, республикамыздың ішкі, сыртқы жағдайларында да біраз өзгерістер болды...

– Иә, қазіргі Ұлттық қауіпсіздік комитетінің бет-бейнесі, қызметі түбегейлі өзгерді. Аға ұрпақ өкілдерінің көпшілігі «КГБ» деген сөз естілсе-ақ болды, қуғын-сүргін жылдарын көз алдарына елестетеді. Сөз жоқ, бұрынғы Кеңес республикаларының барлығында да әрбір ұлттың зиялы қауымын, ізгі ойлы алдыңғы қатарлы адамдарын құртып жіберген 30-40-50-інші жылдардың тауқыметін, қалдырған зардабын әсте де ұмытуға болмайды. Бұл – тарихтан тарихқа кететін, берер тағылымы ауыр сабақ.

Қазақ елі егемендік алған тұстан бастап-ақ қауіпсіздік органдарына жүктелетін міндеттер басқаша сипат алды. Арнаулы қызмет кез келген құқықтық мемлекетте болуға тиіс. Ұлттық қауіпсіздік органдары туралы Заң шықты, ол баспасөз құралдары арқылы көпшілікке таныстырылды, осы заңда ұлттық қауіпсіздік органдарының міндеттері мен құқықтары анық айтылған. Ұлттық қауіпсіздік комитеті осы Заң арқылы белгіленген өкілеттік шеңберінде өз қызметін атқарып келеді. Анығырақ айтқанда, арнаулы қызметтің басты міндеті барлау және қарсы барлау жұмыстарын жүргізу. Соңғы уақытқа дейін біздің мекеменің құзыретіне мемлекеттік шекараны күзету де енетін. Алайда таяуда Президенттің жарлығымен мемлекеттік шекараны күзету жөніндегі мемлекеттік комитет құрылды да, шекара

әскерлері ұлттық қауіпсіздік органдарынан бөлініп шықты. Бұдан біздің жұмысымыз жеңілдей түсті деген ой тумауға тиіс. ҰҚК-нің алдында тұрған аса маңызды міндет – республикада тұрақты жағдайды қамтамасыз ету. Бұл үшін террорлыққа қарсы күрес, экономикалық қылмыстармен, сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізу біздің мекеменің тікелей міндеті.

Қазақстандағы құқық қорғау органдарының қылмысқа қарсы күресінің қарқынды сипат алуына осы жылғы наурыз айында өткен құқық тәртібін нығайту және қылмысқа қарсы күрес мәселелері жөніндегі республикалық мәслихаттың қорытындылары елеулі әсер етті. Әсіресе, Президент Жарлығы мен басқа да қаулылары айрықша рөл атқарды, осыдан кейін «Құқық тәртібі» деген атпен қабылданған жедел-профилактикалық шараны жүргізу басталды.

ҰҚК органдары экономикалық қауіпсіздік, сыбайлас жемқорлықпен, контрабандымен, ұйымдасқан қылмыспен дәйекті күрес жүргізуі нәтижесінде нақты нәтижелерге қол жеткізді. Әсіресе қазіргі өз күшіндегі, сыртқы экономикалық қызметті реттейтін заңдарға қайшы іс-әрекеттер жасауға, лицензиялау мәселелеріне, валюта қаржысымен операциялар жасауға, кедендік, бақылау жүйесіндегі, кредитті-қаржылы және банкі салаларындағы құқыққа қайшы іс-әрекеттерге айрықша назар аударылды.

Осы айтылған уақыт ішінде жүргізілген шаралардың нәтижесінде ҰҚК органдарының материалдары бойынша 170 қылмыстық іс қозғалды.

Оның 49-ы – прокуратура органдарына, 77-і – ІІМ бөлімшелеріне, біреуі кеден органдарына тиесілі. Ал 43-і тікелей Комитеттің тергеу аппараттарында қаралды. 76 адам тұтқындалды, бүгінгі күнде оның 15-і сотталды.

– Жалпылама түрде баяндағанда ешкімнің міндеті осал еместей көрінеді де тұрады. Сондықтан, жоғарыда өзіңіз айтқан міндеттерді саралай, мүмкіндігінше нақтылай әңгімелесек, сөзіміз сенімдірек шығар еді. Мәселен, қарсы барлау жөнінде не айтар едіңіз?

– КСРО тарағанға дейін әлемнің өзі текетіресті екі құрылымда өмір сүргені белгілі. Соның салдарынан қай-қайсымыз социализм идеологиясына қызмет етуге мәжбүр болдық, соның сойылын соқтық. Қазіргі міндет – Егемен Қазақстанның тәуелсіздігі үшін күресу. Себебі, енді-енді аяғынан қаз тұрып келе жатқан жас мемлекетке сырттан сұқтанушылар да, іштен шалушылар да аз кездеспейді. Алыс-жақын елдермен дипломатиялық қатынастар күннен-күнге жанданып келеді. Сөйтті екен деп ешбір мемлекет өзінің ішкі, сыртқы барлау жұмыстарын мүлдем тоқтатып тастамайтыны тағы аян.

Қазақтар «Жау жоқ деме жар астында, бөрі жоқ деме – бөрік астында» дегенді де тегіннен тегін айтпаған. Алыс-жақын шетелдерден ат басын бұрғандардың барлығы бірдей біздің мемлекетімізге ақ адал пейілмен, таза көңілмен келе бермейтіні де анық. Жасырын мақсат көздеп жүргендер де бар. Былтырдан бергі уақыттың ішінде біздің мекеменің қызметкерлері шетелдің 15 агентін әшкереледі. Барлау, қарсы барлау жұмыстарының ешбір кідіріссіз жүре беретіндігін осыдан да көруге болады.

Шетелдіктер тарапынан Қазақстан Республикасының қазіргі қолданып жүрген ережелерін бұзудың және әртүрлі құқық бұзушылықтарды жасаудың анықталған фактілері бойынша Ұлттық қауіпсіздік комитеті Ішкі істер министрлігімен бірлесе отырып, құқыққа қайшы іс-әрекеттің алдын алу және алдын кесу жөніндегі шараларды қолданып келеді. Бұл ретте ондай шетел азаматтарын Қазақстан Республикасы аумағынан шығарып жіберу, кейбіреулерін қылмыстық немесе басқа да жауапкершілікке тарту шаралары да бар.

Мәселен, 1968 жылы туылған Қытай Халық Республикасының Чин Фон деген азаматы 1994 жылдың ақпанында ішкі істер органдарының тиісті рұқсатын алмай, Қарағанды қаласына келген. АҚШ долларын теңгеге айырбастаумен айналысқан, ақырында 1993 жылғы 23 мамырда Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процессуалдық кодексінің 109-бабының 11-тарауы бойынша валюта операциясы жөніндегі Ережені бұзды деген

күдікпен ұсталған. Жауап алу кезінде жинақталған материалдардың негізінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 74-бабының 1 тарауы бойынша оған қатысты қылмыстық іс қозғалды. Қарағанды облыстық соты Чин Фонды көрсетілген бап бойынша мүлкін тәртілдей отырып 9 айға бас бостандығынан айыру жазасына үкім кесті. Осы мерзімді өтегеннен кейін Қазақстан Республикасының аумағынан шығарылып жіберілді.

Биылғы жылдың көктемінде Алматы қаласында Ираннан келген жүк рейстері жүргізушілерінің арасында бұзақылыққа ұласқан қақтығыстар болды, оларға құқық қорғау органдары дереу шара қолданды.

Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

– Қазақ «Іштен шыққан жау жаман» дегенді де айтқан емес пе. Таяуда «Заң» газетінің тілшісімен болған сұхбатыңызда республикамыздың ұлттық байлығын талан-таражға салып жүргендерге, ұйымдасқан қылмыс, сыбайлас жемқорлыққа қатысты сөз қозғаған екенсіз...

– ҰҚК органдары «Құқық тәртібі» жедел профилактикалық шараларын жүргізу жұмыстарына алғашқы күннен бастап-ақ белсене араласты. Назар аударарлық жәйт – біз өз құзіретіміз шеңберінде еліміздің әрбір азаматының заңды құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге айрықша көңіл бөлеміз.

Мәселен, ҰҚК органдары Қазақстан аумағында зорлық-зомбылық әдістерін пайдаланатын қылмыскерлердің 167 ұйымдасқан тобын тапты, олардың құрамында жалпы саны 2500 адам болған. Бұндай топтар, әсіресе Қарағанды облысында (11 топ құрамында – 565 мүше болған), Семей облысында (10 топ – 400 адам), Павлодар облысында (25 топ – 300 адам) көбірек байқалды. Ал, Алматы қаласы мен Алматы облысының өзінде біздің анықтауымыз бойынша құрамында 350 мүшесі бар 21 қылмыстық топ жұмыс істеген. Қолда бар жедел материалдарға талдау жасалынды. Ал аталған қылмыстық топтардың әр облыстағы басшылары мен мүшелері туралы қорытылған ақпарат Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне жіберілді.

Комитеттің ұйымдасқан қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес басқармасының бөлімшелері ІІМ-нің аса қауіпті қылмыспен күрес жөніндегі бөлімімен берлесе іс-қимыл жасай отырып, 26 қылмыстық топты қолға түсіріп, әшкереледі.

ҰҚК-нің арнаулы басқармасы мен Ішкі істер бас басқармасының арнаулы бөлімі бірлесе отырып, «Алмагүл» шағын ауданында зорлық-зомбылық көрсетіп жүрген «Сәкен» деп аталатын қылмыстық топтың 5 мүшесін ұстады. Қазіргі уақытта олардың 2-еуі сотталды, қалғандарына қатысты тергеу жұмыстары жүргізілуде.

Осы кеше ғана, яғни үстіміздегі тамыздың 17-сі күні ҰҚК Семей облысы бойынша басқармасы, облыстық прокуратура және милиция органдарымен бірлесе отырып, республика көлемінде де, ТМД аумағында да өздерінің аймақаралық қылмыстық іс-әрекеттерімен мәлім болған үлкен топты ұстады. Қылмыскерлерді ұстауға байланысты операцияға Қазақстан Республикасы ҰҚК-нің «Альфа» арнаулы бөлімшелері қатысты.

Қазір жедел-тергеу шаралары жүргізіліп жатыр, әзірге айтуға болатыны – тінту кезінде қылмыстық топтан ірі сомдағы ақшаның, әртүрлі сипаттағы көптеген қару-жарақтың, оның ішінде тегіс ұңғылы мылтық, оқ-дәрілер бар, автоматтар, гранаттар, винчестер де бар, есірткі заттары алынды. Сондай-ақ, алкогольді сусындарды өндіретін, барлық керек-жарақтармен жабдықталған ірі цех анықталды.

ҰҚК органдары қару-жарақты пайдалану, қолда ұстау және қылмыстық іске пайдалану мәселелерін де қадағалап келеді. Комитет органдары 181 қару-жарақтың, 1608 дана оқ-дәрінің заңсыз пайдалынғандығын анықтады. ҰҚК-нің Әскери қарсы барлау басқармасы жинақталған жедел материалдарға талдау жасап және әскери прокуратурмен бірге іс-қимыл жасай отырып, 62064 әскери бөлімінің әскери қызметшілерінің бір тобын ұстады. Олардан әртүрлі маркалы 93 пистолет алынды, бұл қару-жарақтар бұрын осы бөлімнің қару-жарақ қоймасынан ұрланған болатын. Қылмыстық іс қозғалып, тергеу жүріп жатыр.

Президенттің 1995 жылғы 17 наурыздағы қаулысын жүзеге асыру үшін Ұлттық қауіпсіздік комитеті органдары өз жұмысында әсіресе кредиттік-қаржылық жүйедегі, мемлекеттік валюта қаражатын пайдаланудағы құқық бұзушылыққа, шикізат пен материалдарды Қазақстан шекарасынан заңсыз әкету фактілеріне айрықша көңіл болып отыр.

Қаулы қабылданғаннан бергі кезеңнің ішінде кредиттік-қаржылық жүйелерінің әртүрлі меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметін тексерудің нәтижесінде 25 қылмыстық факті мен өз қызметін асыра пайдаланушылық ашылды. Мемлекетке нұқсан келтіретін қаржы сомасы анықталды, ол шамамен 62.546.234 теңге болып шықты.

Тағы да бір жаңа фактіні атап өтейін. ҰҚК органдары ПМ-мен бірлесе отырып, республиканың кредиттік-банкiлiк жүйесінің ірі ақша қаражатын ұрлаудың фактісін анықтады. Қаскүнем адамдардың бір тобы, тергеу мүддесі үшін олардың аты-жөнін атап айтуға қазір болмайды, жалған құжаттарды пайдалана отырып, 130 млн. теңгеден астам ақшаны ұрлаған, айналымға түсірген және шетел банкілерінің есебіне аударып та үлгерген. Осы факті бойынша Қазақстан Республикасы ПМ-нің Ұйымдасқан қылмыспен және сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі бас басқармасы қылмыстық іс қозғап, жедел тергеу шараларын жүргізіп жатыр.

– Мемлекеттік аппарат жүйесі мен құқық қорғау құрылымындар-ындағы лауазымды адамдардың құқық бұзушылығы туралы не айтуға болады?

– Бұл – өте маңызды сұрақ. Менің ойымша, қазіргі кезде елдің тұрақты сипатына мемлекеттік билік пен басқару органдарындағы сыбайлас жемқорлық елеулі қауіп төндіріп отыр. Әсіресе, мемлекеттік тетіктің қалыпты жұмыс жасауына тікелей жауапты – Ішкі істер министрлігі, прокуратура, сот органдары жүйелеріндегі құқық бұзушылық қауіпті. Осы ведомстволардағы сыбайлас жемқорлықты адам ағзасының қорғаныс қабілетіне зақым келтіретін аурумен теңестіруге болады.

Мысал ретінде айта кетсек, олар – Шығыс Қазақстан облысы әкімшілігі басшыларының бірі, Павлодар облысындағы судья, екі ірі өндірістің бас директорлары, облыстық мемлекеттік мүлік және аумақтық комитеті басшысының орынбасары, төрт өндірістің директоры, тағы да басқалар.

– Осы аталғандардың бәрі ірі істер қатарына жата ма?

– Байқайсыз ба, құқық қорғау құрылымдарының қызметкері болсын немесе өкімет пен басқару органдарының жоғары лауазымды адамы болсын, қай-қайсысы да құқық тәртібін бұзса, бұл, менің ойымша, ауқымына және келтірілген нұқсанның үлкен-кішілігіне қарамастан, ірі, назар аударарлық жағдай. Мораль нормаларын бұзудың бір мысалын келтірейін. Су ресурстары жөніндегі Мемлекеттік комитет төрағасының орынбасары, Қазақстан Республикасының соңғы шақырылған Жоғарғы Кеңесінің бұрынғы депутаты Рябцев Семей облысының тұрғындарына арналып Алманиядан келген 15 тонна қайырымдылық көмекті өз бетінше бөлген. Осы факті анықталғанға дейін Рябцев қайырымдылық жүктің бір бөлігін өз отбасының мүддесіне пайдаланып үлгірген. Өкінішке орай, осындай мемлекеттік билік басындағы шенеуніктердің имандылық-адамгершілік нормаларын бұзып, адал жолдан адасуы біздің республикамыздың халықаралық абырой-беделіне нұқсан келтіреді, жұртшылықтың ашу-ызасын тудырады және әлеуметтік-экономикалық реформаларды дәйекті жүргізудегі біздің еліміздің сындарлы бағытына шетелдік әріптестердің сенімсіздігін туғызады.

– Осындай орайы келіп тұрған сәтте республиканы шетел инвестицияларымен «қамтамасыз етпекшіміз» деген сылтаумен шетелдік кейбір фирмалардың күдікті өкілдеріне жан-тәнімен көмек көрсеткен бірқатар министрліктер мен ведомстволардың басшылары туралы да айта кетсеңіз жөн болар еді. Бұл қақында бұдан бұрынғы сұхбаттарыңыздың бірінде сөз қозғағаныңыз есімде.

– Жуырда «Заң» газетінің тілшісінің осы мазмұндас сұрағына егжей-тегжейлі жауап берген едім. Шетелдік «IBILD»

фирмасының өкілдері кейін анықталғандай, олар нағыз алаяқтар болып шықты. Республиканың бірқатар жетекші кәсіпорындары мен ұйымдарының басшыларымен келіссөздер жүргізіп, олардан талқылау үшін 50-ден астам технологиялық жобаларды алып үлгерген. Өкінішке орай, менің сол басшылардың – алаяқ қуларға көмектескен адамдардың атын тағы да атауыма тура келіп отыр. Олар – Экология және биоресурстар министрі С.Медведев пен Аэроғарыш агенттігінің бас директоры А.Қалыбаев. Бұлардың шетелдік қуларға ынта-шынтасымен алаңсыз сенгені соншалықты, оларға вице-премьер кабинетінің есігін айқара ашқан. Мәдениет министрінің орынбасары В.Кутовой да қарап қалмаған. Ол жоғарыда аталған шетелдік фирмалардың іс-әрекеттеріне бағыт-бағдар сілтеп, ақыл-кеңестер айтып отырған. Біздің дер кезінде араласуымыздың нәтижесінде «министрлердің жалпаңдауынан» түк те шықпады. Республикаға келтіретін елеулі нұқсанның, еліміздің халықаралық ортадағы саяси экономикалық абырой-беделін түсіретін жайттың алдын алып үлгердік.

– Сіздің мекемеңізде егеменді елдің қауіпсіздігін шын мәнінде қорғай алатын ержүрек, батыл, қиын сәтте тиімді шешім таба білетін жігіттер қызмет істейтіні анық. Осы жөнінде әңгімелесеніз?

– Иә, біздің жігіттеріміздің күнбе-күнгі жұмысы қайсарлықты, табандылықты, қажет сәтінде дереу шешім қабылдауды талап етеді. Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің барлау, қарсы барлау, террорлықпен күрес және басқа да салаларда атқарып жатқан жұмыстары, жетістіктері, көрсеткен ерліктері ел қауіпсіздігін қорғау мақсатында жұртшылыққа жария етіле бермейді. Дегенмен, сөз ретінде мына бір оқиға туралы баяндап кетейін. Республикамыздың екі азаматы белгілі бір фирманың лауазымды адамдарын өлтіруге тапсырма алып, соның нәтижесінде осы кісілерге қастандық жасап жатқан жеріне біздің қызметкеріміз аға лейтенант Аманатов кездейсоқ тап болып, ол осы жерде нағыз Ұлттық қауіпсіздік комитеті қызметкеріне тән

қасиеттерді көрсете білді – батыл, шешімді түрде, қолында қаруы жоқ бола тұрса да, өз жеке басына төнген қауіпке қарамай, қоғамдық және азаматтық борышын орындау мақсатында, қашып бара жатқан қарулы қылмыскерлердің соңынан қуып, екі қылмыскердің бірін ұстады.

Көрсеткен ерлігі мен тапқырлығы үшін аға лейтенант М.И.Аманатовты мемлекеттік наградаға ұсыну жөнінде Президенттің атына өтініш жазып отырмын.

– Бір кездері тек жазалау органы сияқты көрінетін КГБ-ның бүгінде аты да, заты да өзгерді. Қарапайым халықтың сіздерге деген қазіргі көзқарасы қандай деп ойлайсыз?

– Біздің жұмысымызға республика жұртшылығының оң баға беріп отырғандығын атап өткім келеді. Айталық, соңғы аз уақыттың ішінде жеке азаматтардан, министрліктер мен ведомстволардан, мекемелер мен кәсіпорындардан ҰҚК органдарына 39 алғысхат келіп түсті. Мәселен, таяуда ғана біз Герлиц Роберт Эрикович деген азаматтан хат алдық. Ол Мәскеу ауданындағы бір кәсіпорынның бастығы екен. Осы кәсіпорынның валюта айырбастау пунктіне аталған аудан прокурорының көмекшісі келіп, пунктті жабамын деп қорқытып, одан 350 АҚШ доллары көлемінде пара алған және ай сайын 150 доллардан төлеуді талап еткен. Хат иесі заң және құқық қорғау органдарына әлденеше рет шағым айтып барған. Бірақ ешқандай нәтиже болмаған соң ең соңғы үмітпен біздің органға хабарласқан. Сол хаттан үзінді келтірейін.

«ҰҚК қызметкерлерінің арқасында сұғанақ қолды прокурордың көмекшісін әшкерелеу мүмкіндігі туды. Мен бұрын да ҰҚК органдарының жұмысы туралы естіп жүретін едім. Енді сіз басқаратын ведомствода адал, принципшіл, өз кәсібін жетік білетін жігерлі мамандар жұмыс істейтініне анық көзім жетті. Кез келген лауазымда отырған адамның заңсыз әрекеттеріне тұсау сала алатын күштің біздің елімізде де бар екендігін сезіну менің ертеңге деген сенімімді ұлғайта түсті» депті Р.Э.Герлиц. Ал Қызылорда қаласында тұратын алты баланың анасы Несі-

белі Ысқақова бізге жолдаған өз хатында студент ұлын қарақшылар ұрлап, зорлық-зомбылықпен 4000 АҚШ долларын талап еткенін, ақырында Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан ҰҚК қызметкерлерінің тапқырлығы мен табандылығы арқасында баласы – Ісләмбек Ысқақовтың аман-есен отбасына оралғанын айтып, біздің мекеменің атына аналық алғысын жаудырған. Мен осы облыстық басқармалардың аталған операцияны жасауға қатысқан бір топ жігіттерін лайықты түрде марапаттауға бұйрық бердім.

Таяуда «Горизонт» газетінде жұртшылықтың құқық қорғау органдарына көзқарасын айқындау мақсатында әлеуметтік сауалнама жүргізілген болатын. Оның қорытындысы бойынша прокуратура органдарына тұрғындардың – 30%, ұлттық қауіпсіздік органдарына – 89%, сот органдарына – 41%, ішкі істер органдарына – 3% сеніммен қарайтыны анықталған. Ендеше, халықтың үміт-сенімін ақтау – біздің ең басты борышымыз. Біз өз жұмысымызды осы мүддеде, осы ниет-тілекте ілгері қарай жалғастыра беретін боламыз.

Заманның ауырлағына, күнкөрістің қиындығына қарамастан адал еңбеке ету қажеттігін біздің қызметкерлеріміз жақсы түсінеді деп ойлаймын.

– Сәт Бесімбайұлы, Сіздің уақытыңыздың тығыз екендігін ескеріп, соңғы сұрағымды қояйын. ҰҚК-нің таяу және алыс шетелдердің арнаулы қызметтерімен қарым-қатынасы қандай дәрежеде?

– Біз ТМД-ның көптеген елдерінің арнаулы қызметтерімен ұйымдасқан қылмыс, есірткі бизнесі, террорлықпен, қару-жарақты, әсіресе ядролық қаруды таратумен күрес жөнінде екі-жақты келісімдерге қол қойдық. Осы ыңғайда таяуда және алыс шетелдердің арнаулы қызметтерімен бірлесе отырып, бірнеше сәтті операциялар жүргіздік.

ТМД құрамына енетін 12 елдің арнаулы қызметтері басшыларының осы жылдың 31 мамырында Тбилиси қаласында өткен басқосуы өзара ынтымақтастықтың өрісін кеңейту ісіне елеулі

үлес қосты. Кездесуге қатысушылар көпжақты келісімге қол қойды. Бірлескен орган құрылды, бұл орган біралуан маңызды мәселелер бойынша, әсіресе ұйымдасқан қылмыс пен террорлыққа қарсы күресті ұйымдастыруда ТМД елдері арнаулы қызметтерінің жұмысын үйлестіріп отыратын болады.

Қорыта айтқанда, біздің жас, егеменді мемлекетіміздің көздеген басты мақсаты – саяси, әлеуметтік демократиялық өзгерістерді дәйекті түрде жүргізу.

Мен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің басшысы ретінде ұлттық қауіпсіздік органдары қоғам мен мемлекеттің мүддесін, елдің егемендігі мен аумақтық тұтастығын қорғауда өз жұмысын табандылықпен жүргізе беретініне жұртшылықты кәміл сендіремін.

Осындай айқын тұжырымдамамды мәлімдей отырып, азаматтардың құқықтары мен бостандығын сақтаудың, халықаралық келісімді, саяси тұрақтылық пен экономикалық гүлденуді қалыптастырудың кепілі – жаңа Конституцияны қабылдау екендігіне жұртшылықтың назарын аударғым келеді. Мен Ата заңымыздың 30 тамыздағы бүкілхалықтық референдумда зор қолдау табатынына кәміл сенімдемін. Сондықтан, бүкіл қазақстандықтарды, әскери қызметшілерді алда келе жатқан референдумға бір кісідей ұйымшылдықпен қатысып, Атамекеннің бүгіні мен болашағы үшін ықыласпен дауыс беруге шақырамын.

– Әңгімеңізге көп рахмет.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
23 тамыз, 1995 жыл**

МЕМЛЕКЕТТІҢ РУХЫ ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯМЕН ӨЛШЕНЕДІ

**«Президент және Халық» газетінің ұйымдастыруымен
Ұлттық кітапханада өткізілген дөңгелек үстел басындағы
сұхбатта өте құнды пікірлер ортаға салынды**

Басқосуда ұлттық идея мен ұлттық идеология ұғымдарының ара салмағы, ұлттық рухты қалыптастырудағы мемлекеттің алар орны жайында зиялы қауым өкілдері өз ойларын ортаға салды. Бүгінде ұлттық идеология әр мемлекетте әртүрлі даму-да. Кейбір елдерде ұлттық идеологияны мемлекет тұжырымдап қалыптастырса, енді бірінде ол ешбір құжатта көрсетілмеген идея түрінде өмір сүреді. Ұлттық идеологияны әр адамның ары мен имандылығынан іздеген дұрыс деушілер де аз емес. Дегенмен, ұлттық идея – нақты ұғым. Ол ұлтты ұлт студің бірден-бір жолы. Олай болса, ұлттық идеяны ұлттық мүддеден іздеу керек шығар. Демократиялық қоғам үшін ұлттық идеология жат құбылыс деушілер де кездеседі. Сонымен жаһандану дәуірінде ұлттылығымызды, тәуелсіздігімізді қалай сақтап қаламыз? **Оразәлі Сәбден, ҚР ҰҒА академигі, Экономика институтының директоры:**

– Қазақстанда қандай да бір саяси-әлеуметтік мәні бар заңдар болсын, тіпті Ата заңымыздың өзінде ең үлкен мәселенің бірі болып ұлттық идеология тұруы керек. Өкінішке орай, көбінесе олай бола бермейді. Тақауда ғана Президенттің халыққа Жолдауында Қазақстан алдағы жылдары дамыған 50 елдің қатарына қосылуы керектігін міндет етіп қойды. Осының аясында Үкіметіміз болсын, жергілікті басқару органдары, Парламент, тағы басқа салаларда қызу жұмыстар жүріп жатыр. Мен бұл тұрғыда былай дегім келеді:

– Ұлттық идеяны тарихи құндылықтар төңірегінде бір қарастыруға болады. Оған тіл, дін, білім, ғылым, тағы басқалары

жатады. Міне, байқап отырмын, бұл басқосуға жастар да қатысуда. Олай болса, ұлттық құндылықтарымыздың ең негізгі алғы шарттары – отансүйгіштік, яғни патриоттық сезім мықты болу керек. Өйткені, мемлекетімізді алға қарай апаратын – жастар. Жастарға көңіл қалай бөлініп жатыр, жастардың күш-жігері мен талантын, ақыл-білімдерін біз тәуелсіз мемлекетімізді гүлдендіру жолында қалай пайдаланудамыз?

Осы тұрғыдан сараптайтын болсақ, ұлттық идеология мәселесі тарам-тарам болып кете барады. Ұлттық идеяға сонымен қатар экономика мәселесі де өзек болуға тиісті. Дамыған демократиялық қоғам орнатудағы саясат та ұлттық идеяға негізделуі керек. Осының бәрі соншалықты ауқымды дүниелер. Сондықтан, бұл жөнінде кесімді пікір айту да оңай емес. Сол себепті мен былай ойлаймын: бізде биліктің үш тармағы бар – атқарушы, заң шығарушы және сот. Осы үш жүйе ұлттық идеяның негізгі концепциясын анықтағаны жөн.

Ал, енді «Президент және Халық» газеті осы шаруаны басқа қырынан қолға алған екен, сәттілік тілеймін! Егер «Президент және Халық» газеті бұл тақырыпты одан ары қарай қауза берсе, бұл идея түпкілікті шешіледі деген үміттемін. Мен бұл мәселе төңірегінде көп ойландым. О баста ұлттық идея тек ғылым, білімде жатқан шығар деп ойлады. Себебі, Жапон халқы соғыстан кейін жастарын білімге тарта отырып, бүгінгі үлкен өркениеттің биігінен көріне алды. Біз де солай болсақ деп армандадық. Кейін Парламентте біраз жыл жұмыс істегеннен кейін саяси жүйені демократияландыру арқылы ғана бұл шаруаны жүзеге асыруға болатынына көзім жеткендей.

Қысқарта айтқанда, ұлттық идеяның түп-тамыры – рухани құндылық, яғни, тарихымыз, салтымыз, тіліміз, дініміз екенінде дау жоқ. Сондықтан, бұл мәселені талқылағанда әрқайсысымыз осы сан-саланы бөліп-бөліп алып, тереңнен зерделегеніміз дұрыс болар еді. Сөйтіп, кейінгі бір отырыста бұл тақырыпты кәсіби деңгейде қарастырсақ, бір нәтижеге жетеміз деп ойлаймын. Алдымен ұлттық идеяның концепциясын анықтап алайық.

Әлімхан Жүнісбеков, профессор, Тіл білімі институтының бөлім меңгерушісі:

– Бұл тақырып егемендік алған жылдардың басында бір науқанға айналды да, басылды. Енді міне, қайтадан үлкен мәселеге ұласып барады. Соған қарамастан, осы ұлттық идеология деген ұғымға әлі нақты жауап берілген жоқ. Сол себепті ойлаймын, ұлттық идея деген тақырыпқа бір саланың мамандары жиналып, түбегейлі жауап бере алмайтын сияқты. Себебі, тіл мамандары тіл тұрғысынан, экономистер экономика тұрғысынан, тарихшылар тарих тұрғысынан, жастар өз көзқарастары тұрғысынан өз ойларын ортаға салады. Бірақ, соның өзінде де бәрібір біз бұл мәселеге таяу уақыттарда нүкте қоя алмасымыз анық. Әлі талай мамандар бұл жөнінде ойларын ортаға салар, соның нәтижесінде бір тұжырымға келерміз.

Қалай десек те, ұлттық идеяның түп-тамыры біздің ана тілімізде жатқаны анық. Мәселен, қазіргі қазақ тіліне байланысты айтар болсақ, біраз шаруалар жасалып жатыр. Кез келген мектеп, балабақшаға барсаңыз қазақ тіліне байланысты жұмыстар жүруде. Қазақ тілін дамыту жолында қазақ тілі мамандарына арнайы кеңселер бөлінді. Соның өзінде қазақ тілі шынайы мемлекеттік мәртебеге ие бола алмай отыр. Оның себебі неде? Себебі, біздің тілге деген әдістемелік жұмыстар жолға қойылмаған. Оқулық тұрғысынан да, ұйымдастыру жұмыстарында да кемшіліктер жетіп артылады. Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілгенімен, ол орыс тілінің қыспағынан әлі шыға алмауда. Орыс тіліне ешқандай қарсылығым жоқ. Бірақ, ұлттық идея туралы орыс тілінде ой қозғап отырып, ешқандай орынды нәтижеге жете алмаймыз. Алдымен жаппай қазақша сөйлеуді қолға алғанымыз дұрыс. Науқаншылдық пен асығыстық бізді жарға жығатын түрі бар. Ең алдымен төменнен бастайық және оны жарты немесе бір жылдың жұмысы ретінде қарамай, алдағы бес-алты жыл бойы үздіксіз тіл мәселесі төңірегінде жұмыс істеу керек. Мәселен, бір жылдық қазақ тілінде ауызекі сөйлеуге арнасақ, екінші жыл қазақ тілін әркім өз мамандығына

байналысты меңгеру кезеңі болса. Содан кейін барып іс қағаздарына көшкеніміз абзал. Алдыңғы екі сатыдан өтпей тұрып, үшінші сатыға өту оңай емес. Төртіншісі, әдеби тілге көшу. Ал қазіргі әдістемелік жұмыстар мен оқулықтардың барлығы бірден Абайдың қара сөздерінен, көркем әдебиетті оқытудан бастайды. Мәселен, балабақшада күз кезінде Абайдың «Күз», жаз болса – «Жаз», ал қыс болса – «Қыс» деген өлеңін жаттатқызамыз. Абайдың «Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан» деген өлең жолындағы «бие қашқан» деген сөзді балаларға қалай түсіндіресіңдер деп тәрбиешілерден сұраймын. Олар жауап бере алмайды. Өйткені, Абай балаларға арнап өлең жазбаған, әлеуметтік деңгейлердегі өлеңдер жазған. Сондай-ақ, қазақтың жастары мен ересектері арасында үлкен қайшылық бар. Оның себебі. біздер жастардың зеруліктерін жете түсіне бермейміз. Қазақтың халық әндерін жастар эстрадаға икемдеп жаңаша өңдеп, сапалы түрде айтып жүр. Ал біз оны бас салып сынаймыз.

Ұлттық идеологияның ең бір әдемі көрінісі осы жерден шығады. Өйткені, олар халық әндерін өз түсініктеріне ыңғайлап айтады. Әр дәуірдің өз жаңа бастамасы болады. Оны қуаттағанымыз дұрыс. Жаһандану мәселесіне енді ешкім қарсы тұра алмайды. Ал оған жұтылып кетпес үшін ұлттық негізімізде соған қарай икемделгеніміз жөн. Сонымен қатар, көрші түркі елдердегі өзгерістерді ескере отырып, солардан үйрене жаһандану икемделейік.

Ахмет Тоқтабаев, тарихшы:

– Ұлттық идеологиясы жоқ мемлекеттің болашағы жоқ деп ойламын. Себебі, экономика қанша дамығанымен, сол саладағы жетістіктерді қанша мақтағанымызбен, ұлттық рухымыз, санамыз жоқ болса, оның құны көк тиын. Кеңес өкіметі неден құлады деп ойлайсыздар? Оның ұлттық идеялогиясы дұрыс болмады. Содан құлады. 1956 жылы өткен XX съезде Н.Хрущев баяндама жасағаннан кейін дүниежүзі елдері бірден КСРО-дан теріс айналды. Оның себебі, Хрущев орыс тілін жылдам үйренсек, солғұрлым коммунизмге тез жетеміз деп үлкен

мінбеден жар салды. Бұл өзге ұлттардың мүддесін аяққа таптаудың көрінісі еді. Патшалық Ресей І Петрдің реформасынан кейін Романовтардың әулетіне дейінгі үш жүз жыл бойы ұлы мемлекет ретінде дамыды. Оның себебі, олар ұлттық идеологияның үш «китіне» арқа сүйеді. Оның бірінішісі – самодержавие, екіншісі – православие, үшінші – халықшылдық.

Осы үш «киттің» арқасында олар дүниежүзінің жартысын жаулап ала жаздағаны белгілі. Біз ұлттық идеологияға байланысты негізгі критерийді анықтап алуымыз керек. Мысалы, екінші дүниежүзілік соғысқа дейін Жапония самурайлық идеологияны ұстанды. Соғыста жеңілгеннен кейін самурайлық идеологиядан бас тартып, бірден білім, ғылым, экономикаға бет бұрды. Соның арқасында қазір дүние жүзіндегі алдыңғы қатарлы мемлекет болып отыр. Осыған орай айтарым, қазақта қазір ұлттық идеологияның қандай күре тамырлары бар? Мен ойлана келе мынадай үш үлкен деңгейін анықтадым. Оның біріншісі – тіл. Екіншісі – тарих. Үшіншісі – территория, яғни жер мәселесі. Осылардың ішіндегі ең маңыздысы – тіл. Тілсіз болашағымыз жоқ екенін түсінетін кез келді. Бұны мемлекет пәрменімен іске аспаса, мүлдем іске аспайтын сияқты. Ал тарихымызды біраз жинақтап қалдық. Шүкір дейміз. Алайда, осы бай тарихымызды зерттеу арқылы жастардың рухын көтеруге болады. Енді мына жер-ана дегенге келер болсақ, бұл дегеніңіз ұлттық идеологиядағы ең бір нәзік тұсы. Шығыс Қазақстанның Шілікті жазығындағы жер телімінің Қытайға берілуіне байланысты орыс шекарашыларынан естіген бір тұқыртпа сөз күні бүгінге дейін көкейімнен кетпейді. Сондықтан, ата-бабамыздан қалған жердің әр пұшпағын көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек. Меніңше, ұлттық идея деген осы. Мәселен, мына Өзбекстан кезінде Әмір-Темір құрған ұлы империялық мемлекетті қайта құру жолын ұстануда. Бізде де сондай ұлттық идеология болуы керек деп ойлаймын.

Ә.Жүнісбеков:

– Тіл мәселесін кейінгі кезде ойыншыққа айналдырып алдық. Мәселен, биылғы жылдан бастап Алматы түгелдей қазақ

тіліне көшеді деген әкімнің шешімі болды. Алайда, өзгерген ештеңені көрмей отырмыз. Сондықтан, орындалмайтын іс жөнінде уәде бергенше, оның нақты орындалар уақытын, бар мүмкіншіліктерді барлап барып анықтаған дұрыс болар еді.

Содан кейін мына Ахмет айтқан жер мәселесіне байланысты. Егер дәл осы істе Президент үлкен көрегендік танытпағанда, тоқсаныншы жылдардың басында біздер Шығыс Қазақстан, Орал, тағы басқа жерлерден айырылып қалу қаупі тұрды. Әйтеуір, бәрі оңды шешілді. Ал Қытай, Ресей, Өзбекстанмен арадағы шекара мәселесінде біз ұтпасақ, ұтылған жоқпыз. Оны айта берсек, ұзақ әңгіме. Одан гөрі біз Қазақстандағы қазіргі дін мәселесіне көбірек тоқталғанымыз жөн.

Енді жаһандануға байланысты айтар болсақ, бұл жерде де түйткілікті жайттар жетерлік. Билік басындағы немесе қалталы азаматтар жаһандануға сөз жүзінде қарсылық танытқанымен, өздерінің балаларын шетелдерге оқуға жібереді де, ол жақтан «жаһанданып» келген әлгі балалар елге келе сала мұндағы шетел алпауыттарына Қазақстанды қалай сүлікше сородуың әдістеріне үйретеді. Мұны қалай түсінеміз сонда? Әкесі басқаша сөйлейді, баласы басқаша жасайды. Тағы бір айтайын дегенім, біз жастардың тілін таба алмай жүрген сияқтымыз. Жаңадан шығып жатқан терминдер мен атауларды оларға жүйелі, сауатты түрде үйретудің амалдары бізде қарастырылмаған. Ауыр тілмен жазылған оқулықтар мен талантсыздардың қолынан шыққан әдебиеттермен бүгінгі ұрпақты қызықтырып, өзімізге тарта алмаймыз.

О.Сәбден:

— Әр саланың қазақ терминдерін қалыптастырмайынша өндірісті, ғылымды, жаңа технологияны қазақша сөйлету мүмкін емес. Мәселен, қаржыгерлер, банкінің бастықтары қазақша білмейді. Сондай-ақ, медицина, байланыс, транспорт, ірі зауыттар мен фабрикалар, тағы басқа өндіріс ошақтары қазақша сөйлемейінше қазақ тілі ешқашан сұранысқа ие бола алмайды. Ең бастысы, техникалық ғылымдарды қазақша сөйлетуіміз керек. Онсыз қазақ тілі жаһандану жолында жұтылып кетеді.

**Олжас Әбілов, Республикалық «Болашақ» қозғалысы
«Жастар қанатының» көшбасшысы:**

– Бұл пікірді мен де қостаймын. Дегенмен, қазақ тілін жастарға қызықтыра үйретудің бір жолы – кино өнеріне де тікелей байналысты екенін айта кеткім келеді. Жастар қолы бос-та киноға, театрға барғанды ұнатады. Ал бұл сала бізде ақсап жатқанын несіне жасырамыз. Өздеріңіз айтыңыздаршы, соңғы 20-30 жылдан бері «Көшпенділерден» басқа қандай жақсы кино түсірілді? Меніңше, ештеңе жоқ. Қазақ жастары еріксіз батыстың киноларын орыс тілінде көруден басқа қандай амалдары бар? Ұлттық идеологияның бір тармағы осында жатқанын да естеріңізге салғым келеді.

О.Сәбден:

– Кеше ғана Президент Жолдауында айтылды, біз әлемдегі дамыған елу мемлекеттің қатарына қосылу үшін өркениет жолымен жүруімізге тура келеді. Ал Өзбекстанға ұқсап ата-баба дәстүрімен қатып-семіп қалсақ, тағырыққа тірелеріміз анық. Сондықтан, ұлттық идеология мәселесін жан-жақты зерттеп, саралап алып барып бір шешімге келген мемлекет қана дұрыс бағытта дами алады. Әрине, өз менталитетін сақтай отырып... «Болашақ» бағдарламасы бойынша қаншама жастар шетелдерден оқып келіп жатыр. Алды министрдің орынбасарлығына дейінгі қызметтерге көтерілуде. Солардың қайсысы қазақша сөйлеп жүр екен? Меніңше ешқайсысы да. Ал ауылда өскен, қазақ тілімен сусындап өскен қаншама талантты балалар сол «Болашаққа» өтті ме екен? Ешқайсысы да. Себебі, кейінгі кезде білім саласындағы сыбайлас жемқорлық та ауыздыққа бас бермей барады. Мұнымен қайтып қазақтың ұлттық идеологиясын жасауға болады? Бұл тақырыпты біз жеріне жеткізіп талдап, мемлекеттік деңгейде арнайы бағдарлама қабылдасақ, бәрі бос сөз болып қала береді. Бұған дейін әне-міне деп келдік. Енді міне елу дамыған елдің қатарына қосылуға бел будық. Бұл – жаһандануға кіру деген сөз. Осы жерде ұлттық идеологиямызды анықтап алмасақ, ертең кеш қаламыз. Ал, экономиканың даму

моделі ұлттық идеологиядан шығатынын біздер әлі түсінбей жүрміз, өкінішке орай.

Жаһандану тұрғысынан алып қарағанда Қазақстан алдымен демократиялық, дамыған, өркениетті ел болуы керек. Бұған ұлттық құндылықтарымыз – тарих, мәдениет, әдебиет, дін, тіл, тағы басқалары жатады. Мұны бірінші тармақ дейік.

Екіншісі, әр адамның жақсы өмір сүруіне жағдай жасалуы керек. Дүниежүзінің де, Қазақстанның да Конституциясында бұл анық жазылған. Адамға бет бұру деген осы. Ал, ол тек экономикамен тікелей байналысты.

Үшіншісі, демократияға байналысты. Бұған да түсініктеме бере кетейін. Демократия жоқ жерде тоталитаризмге жол ашылады. Мұның соңы анархияға, коррупцияға апарып соқтырады. Ондай жағдайда ұлттық идеология, тағы басқа құндылықтар жайында сөз қозғаудың өзі орынсыз. Осы үш тармақтың өзінің концепциясын жасап алмасақ, бүгінгі талқылаудан да ештеңе шықпайды.

Берікбол Мәндібаев, ҚазҰУ саясаттану факультетінің III курс студенті:

– Оразалы аға, сіздің айтқандарыңыздың барлығы көкейге қонымды. Мен тек бір нәрсені қосқым келеді. Осыдан біраз жыл бұрын ғалым М.Мырзахметовтың «Қазақтар қалай орыстандырылды?» деген зерттеу еңбегін оқып шыққан едім. Онда орыстар қазақтың даласына келіп, алғашқыда палаткадан күрке тіккенін, сосын қалқитып баспана салғанын, келе-келе ол жерден өндіріс ашқанын, үйленбеген орыстың қыз-жігіттері үшін жатақханалар тұрғызғанын, үйленген жас жұбайларға сол жатақханадан орын беріп, үй кезегіне қойғанын, соның арқасында өндірісте жұмысшылар тұрақтап, орыс мамандары Қазақстанның бүкіл өндірісіне иелік жасағанын тәлпіштеп жазыпты. Келе-келе орыс тілі үстемдік алып, қазақ тілі қойлы ауылда ғана қажетке жарап қалған. Міне, осы қоғамдық дамудан үйрене отырып, тарихтың дөңгелегін кері айналдыруға болатын сияқты. Бүгінде көшеде қаңғып жүрген қазақтың жас жігіттері мен

қыздарына арнап өндіріс орындары жанынан жатақханалар салса, бәрі де соған қарай ағылар еді. Олар сол өндірісте тұрақтап қалуы үшін жоғарыда айтылған орыстардың бізге қолданған әдісін ұтымды қолдана білсек, жаңағы Сіздер айтып отырған өндірісіміз аз жыл ішінде қазақ жұмысшылары мен мамандарына толып, қазақ тілі нағыз қажеттілікке айналып шыға келмесіне кім кепіл? Біз егер жаһандануға дәл осы тұрғыда бармасак, болашағымыз күңгірт сияқты. Ұлттық құндылықтар туралы айтудай-ақ айтып келеміз. Бірақ, одан өзгеріп қалар ешнәрсе жоқ екенін білеміз. Егер, ұлттық идеология мәселесін мемлекеттік тұрғыдан шешу қажет болса, осы жөнінде арнайы бағдалама жасап, Парламентке, Үкіметке ұсынған дұрыс деп ойлаймын. Ол үшін «Президент және Халық» газеті алғаш рет ұйымдастырып отырған бүгінгі «Дөңгелек үстелді» тек осы тақырыпты тереңдей зерттейтін арнайы басқосуға айналдырсақ та артық болмас еді.

М.Тоқашбаев:

– Әрине, біздің түпкі мақсатымыз да осы. Көпшілікке ой саларлықтай пікірлер айтылды, рахмет. Жалпы біз осы ұлттық идеология мәселесін әр қырынан зерттей отырып, қарапайым халыққа да, билік басындағыларға да ой сала білсек, мақсатымыздың орындалғаны. Бұл талқылау алдағы уақытта да жалғасатын болады. Келесі кездескенше күн жақсы. Сау болыңыздар. Жаңа жыл мерекеміз – Наурызымыз барлығымыздың шаңырағымызға құт-береке, елімізге тыныштық пен ынтымақ сыйлағай!

«Президент және Халық» газеті,
24 наурыз, 2006 жыл

ҰЛТ МҮДДЕСІ – ҰЛЫ ҰҒЫМ

Еліміз тәуелсіздік алған алғашқы сәттен бастап қолға алынған шаралардың бірі – шетелдегі бауырластарымызбен қарым-қатынасты жолға қою болатын. Бұған тікелей ұйытқы болған Президенттің өзі еді. Іле-шала Қазақстанда «Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы» деген қоғамдық ұйым өмірге келді. Мұны естіген әр елдегі қандастарымыз осы ұйыммен тікелей байланысқа шықты. Нәтижесінде ұлы көш атамекенге ат басын бұрды. Кезінде тағдыр тәлкегімен жер шарының түкпір-түкпіріне тарыдай шашырап кеткен қазақтар қайтадан шұрқырасып, туған жердің төсінде бас қосты. Соның нәтижесінде қазақтардың саны елімізде күрт көбейіп, республика халқының жетпіс пайызын құрады. Он бес жыл бойы осынау жұмыстардың басы-қасында жүрген ДҚҚ ұйымдастыру комитетінің хатшысы, белгілі жазушы, драматург Сұлтанәлі Балғабаев пен тілші арасындағы сұхбатта мемлекет, ұлт, қоғам, әдебиет т.б қасиетті құндылықтарымыз жайында ой қозғалады.

– Сұлтеке, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының алғашқы құрылған сәтін бір еске алып өтейік. Одан кейінгі әңгіме өз ретімен жалғаса берер.

– Кеңес үкіметінің кезінде шетелдегі қазақтармен байланыс жасайтын «Отан» деген ұйым болған. Бірақ, ол шетелдегі қазақтардың ұлттық мүддесін толық шеше алмады. Ал Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы еліміздің тәуелсіздігімен бірге келді. Мұндай ұйым бұған дейін басқа ешбір мемлекетте болған емес. Қазір де жоқ. 1991 жылы Қазақстан Президенті Түркияға сапары кезінде ондағы қазақтар елге қайтқылары келетінін, Қазақстанда олардың мүдделерін қорғайтын арнайы мекеме ашылса, Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы өткізілсе деген тілектерін білдірген. Президент сол жерде делегация құрамындағы Қазақстан Жазушылар Одағының бірінші хатшысы Қалдарбек Найманбаевқа осы істі қолға алуды тапсырған. Бүгінде марқұм болған сол Қалекен келе сала тапсырманы жүзеге асыруға кірісті. Келесі жылдың басында Қазақстанда Дүниежүзі

қазақтарының қауымдастығы өмірге келді. Оның төрағасы болып Қазақстан Президенті сайланды. Қалдарбек Найманбаев – бірінші орынбасар, ұйымдастыру комитетіне хатшы болып бекітілді. Содан бері ДҚҚ ұйымдастыру комитетінің хатшысы ретінде осы жұмысты қоғамдық негізде атқарып келемін. Қазіргі төраға Талғат Мамашев – белгілі қоғам қайраткері жоғары қызметтер атқарған тәжірибелі адам. Ол кісімен бірге біраз ауқымды істерді атқардық, ғұмыр болса алдымызда әлі талай игілікті істер күтіп тұр.

– Қауымдастықтың негізгі міндеті жайында таратып айта кеткеніңіз дұрыс. Себебі, қазір біздегі көші-қон мәселесіне тікелей жауап беретін кім екенін шатастыра бастағандаймыз.

– Шынында осыны дұрыстап түсіндірмесе болмайды екен. Қазақстандағы Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы негізінен қазіргі кезде шетелдерде тұрып жатқан қандастарымыздың мәселелерімен айналысады. Олардың елге қайтуына ықпал ету, өздерін толғандырып жүрген зәруліктерін зерттеу, мұнда келгенде оларды қандай шаруалар күтіп тұрғанын түсіндіру, т.б. Ал тікелей көші-қон ісімен мемлекеттік мекемелер шұғылданады. Мәселен, көші-қон департаменті, көші-қон полициясы деген мекемелер бар. Оларға мемлекет тарапынан қаржы бөлінеді. Біз – қоғамдық ұйымбыз, өзімізді-өзіміз қаржыландырамыз. Әртүрі тендерлерге қатысамыз, демеушілердің көмегіне сүйенеміз. Соның арқасында 1992 жылы бұрын-соңды болмаған Дүниежүзі қазақтарының алғашқы құрылтайын өткіздік. Шетелдерде тұрып жатқан қазақтар ата-бабаларының мекенін көріп, бір жасап қайтты. Екінші құрылтай 2002 жылы Түркістанда, үшінші құрылтай 2005 жылы Астанада шақырылды. Осы құрылтайлардың бәрі ең алдымен шетелдердегі қандастарымыздың рухын көтеру үшін керек еді. Өздерінің іздеушісі, Атажұрты бар екенін білген олардың жүрек түкпірінде өз ұлтына, Қазақстанға деген құрмет сезімі, мақтаныш сезімі ояна-тыны сөзсіз. Бұл сезімдер түптің түбінде сол қазақтарды туған

жерге қарай жетелейтіні анық. Жер бетінде ешбір мемлекет дәл Қазақстандағыдай құрылтай өткізіп көрген емес. Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстан т.б елдердің негізгі ұлт өкілдерінің жартысынан астамы шетелдерде тұрып жатқанына қарамастан, оларда мұндай шаралар әлі толық жүзеге асқан жоқ. Көрші Ресейдің өзі көші-қон мәселесін енді ғана қолға ала бастады. Бұл жерде біздің Президентіміздің халыққа, өз ұлтына деген айрықша жанашырлық сезімін баса айта кеткеніміз жөн. Егер, бүгінде шетел қазақтары өз отанына ағылып келіп жатса, ол ең алдымен елбасының қамқорлығының, одан кейін осы үш құрылтайдың әсері деп білемін. Алғашқы құрылтайды ұйымдастыру оңайға түспеді. Онда көрші Қытайдан делегация келмеді. Ал, ол жақта екі миллионға жуық қандастарымыз тұрады. Екінші құрылтайда бұл елден екі мыңға жуық делегация келді. Бұл да салихалы саясаттың арқасы екенін қалай айтпассың. Соның нәтижесінде Қытайдағы қазақтармен барыс-келісіміз, мәдени байланыстарымыз жолға қойылды.

– Осы мәселені нақтылай айтсаңыз. Ол қандай игі нәтижелер?

– Біздің ауыз әдебиетіміздің негізгі қаймағы осы Қытай елінде тұнып тұр десем артық айтқандығым емес. Бүгінде өзіміз оқып жүрген жыр- дастандарымыздың негізгі нұсқалары нәубет, зұлмат жылдарында жоғалып, одан кейінгі саяси науқандарында құйрық-жалы қырқылып кеткені белгілі. Ал өткен ғасырдың басында Қазан баспасында жарық көрген асыл мұраларымыз сол кезеңдерде Қытайға өткен қазақтармен бірге кеткен. Міне, енді осы қазынаны қайта зерттеуге мүмкіндік туып отыр. Қырғыздардың Манас туралы эпосының түпнұсқасы да Қытайдағы қазақтардың қолында сақталғаны белгілі болып отыр. Оның көлемі қазіргі Манастың көлемінен бес еседей көп.

– Сонымен Қазақстандағы Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының басты міндеті – қазір шетелдерде тұрып жатқан қазақтармен жұмыс жүргізу екенін түсіндік. Бірақ, сіздер көші-қон мәселесін де жиі көтеріп жүрсіздер ғой.

– Оралмандар ісімен, көші-қон мәселесімен мемлекеттің органдар айналысатынын айттық. Біздер, оларға тек көмектесу тұрғысында кейде қол ұшын береміз. Мәселен, шетелден келген адамның ұлты қазақ немесе қазақ еместігіне күмән туған жағдайда оларды бізге жіберіп, анықтама беруімізді сұрайды. Себебі, шетелдік кейбір адамдар өзінің ұлтын қалайда қазақ етіп көрсетуге тырысады. Егер, ол қазақ болса, көптеген жеңілдіктерге ие болатынын біледі.

– Ол қандай жеңілдіктер?

– Ұлты қазақ еместер Қазақстанға белгілі бір уақытқа ғана келуге құқы бар. «Виза» деп жүрміз ғой, сол рұқсаттарының мерзімі біткеннен кейін олар елдеріне қайтуға тиісті. Ал ұлты қазақ екені белгілі болған адамдарға Қазақстанның азаматтығы беріледі, квотасы бар, т.б жеңілдіктерді еркін пайдаланады.

– Сырттан келгендердің ұлтын анықтау ресми орындардың қолынан келмей ме сонда?

– Әрине, келеді. Дегенмен, кейде күмәнді жағдайлар туып қалатын кездер бар. Біз қоғамдық ұйым болғандықтан шетелдегі қазақ қоғамдық ұйымдарымен еркін байланыса аламыз. Ресми органдар сыртқы істер министрлігі арқылы немесе дипломатиялық жолдар арқылы ғана байланыса алады. Сондықтан, біздің көмегімізге жүгінетін кездері аз емес. Ондайда көмегімізді аямаймыз.

– Оралмандар ісінде шешімін күткен шарулар әлі де жетерлік сияқты. Солардың ең бастылары қайсы?

– «Нострификация» дегенді естіген шығарсыз. Шетелден келген қандастарымыздың сол жақтан алған білімін анықтайтын құжаттарды ресми мойындауды осылай атайды. Бұл істі жүзеге асыратын мекеме – Ғылым және білім министрлігі. Ол Астанада орналасқан. Ұлан-байтақ еліміздің әр жеріне орналасқан оралмандарды осындай құжаттар үшін сонау жаққа сабылтпай-ақ, жергілікті жерлерде, ең берісі аудан көлемінде шешудің амалдарын таба алмай-ақ қойдық. Мұндай зәруліктерді айта берсек көп қой.

– Қауымдастық тарапынан оралмандар үшін нақты қандай шаралар жүзеге асуда?

– Қауымдастықта қазір шетелдегі диаспораларымен жұмыс жүргізу ғылыми орталығы құрылған. Қай мемлекетте қанша қазақ қай жерлерде қандай тұрмыс кешіп жатыр, тілі, ділі, діні, салт-дәстүрлері қандай деңгейде сақталған, білімі, мамандығы, отбасы жағдайы, т.б әлеуметтік көрсеткіштері есепке алынады. Сондай-ақ оралман студент жастармен жұмыс істеу орталығы да бар. «Атамекен» атты баспамыздан «Алтын бесік» журналы шығып тұрады. Әсіресе, Қытай мемлекетінде тұратын қазақ жазушыларының кітаптарын шығару ісі қарқынды жүзеге асуда. Бұл кітаптар шетелдегі қазақтарға көптеп таратылады. Кітаптар латын әріптерімен жазылған. Өйткені, олар латын қарпімен оқиды. Алдағы уақытта басқа да алыс-жақын шетелдердегі қандастарымыздың материалдық рухани жағдайларына Қауымдастық тарапынан көрсетілетін көмектер аз емес.

– Латын қарпімен қазақша кітап шығаруды қолға алып-сыздар. Таяуда Елбасы латынға көшуге дайындалу керек екенін айтты. Сіздер дайындаған нұсқа бәлкім көпшіліктің кәдесіне асып қалар?

– Әрине, пайдалануға әбден болады.

– Сұлтеке, Қауымдастық көлеміндегі жұмыстар талай сұхбатқа арқау болары анық. Мен сіздің алпысқа толған шағыңыздағы шығармашылық жұмыстарыңыз жайында әңгімелессем бе деп келіп едім. Қоғамдық жұмыс ретінде атқарып жүрген Қауымдастық жұмысы жазушылығыңызға кедергі келтіріп жүрген жоқ па?

– Кедергі келтіреді ғой. Бірақ оған өкінбеймін. Адам өмірде бір нәрсемен айналысуы керек. Қауымдастықтағы қызметім өмірімнің өшпес бір бөлшегі болып қалатынына сенімдімін. Туған халқың үшін тер төккеннен асқан қуаныш жоқ сияқты.

– Жазушылық та туған халқыңыз үшін жасаған өшпес еңбектердің бірі емес пе?

– Әзірге екі-үш кітап кем жазылғаннан ештеңе өзгере қоймас деп ойлаймын. Кейін бәрін орнына келтіру қиын емес. Сол кітаптарымды оқитын халқымның саны аз болса, не пайда? Сондықтан, тарыдай шашырап жүрген қазақтардың басын жинауға қосқан мысқалдай үлесім әзірге бәрінен қымбат.

– Қазіргі қазақ әдебиетінің дамуы жөнінде де бірнеше сұрақтарым бар еді...

– Ол туралы айтатын дәнеңеде жоқ. Қазіргі әдебиет нашар. Қазақ әдебиеті ғана емес, барлық әдебиетті айтып отырмын. Мәселен, орыс әдебиетін алайық. Бір кездері көпшілікке аты мәшһүр Распутин, Белов сияқты майталман жазушылардың өзі қазір қайдағы бір атыс-шабысқа толы арзан сюжеттерді қуып, соңына түсіп кетті. Кітап сөрелеріне қарауға қорқасың.

– Қазір қандай шығарма жазып жүрсіз?

– Қазір Мұстафа Шоқай туралы пьеса жазып жатырмын. Ол кісінің бір ерекшелігі – Қазақстанның тәуелсіздігі үшін соңына дейін күрескен және сол тәуелсіздіктің орнайтынына имандай сенген, оның қалай болуы керектігін көрсетіп кеткен адам. Мен осы кісінің бұл көзқарастарын әр жердегі еңбектерінен тірнектеп жүріп жинадым. Пьесада автор ретінде бірде-бір сөз қосқам жоқ. Бәрі Мұстафаның өз сөздері. Енді мына қызықты қараңыз. Оның айтқан сөздерінің көпшілігі бүгінгі Президентіміздің сөздерімен дәлме-дәл келіп жатады. Президент Мұстафа Шоқайдың ол сөздерін әр жерден теріп оқыды деп айта алмаймын. Өйткені, Президенттің зерттеушілікпен айналысуына уақыты да жоқ. Мәселе, осы екі адамның ұлылығында. Ұлы адамдардың ойы қашан да бір жерден шығады деген қағиданың шындығына көз жеткізеді екенсің.

– Сұлтеке, әңгімеңізге рахмет! Алпыс деген асқарыңыз асқақтай берсін!

«Президент және Халық» газеті,
3 қараша, 2006 жыл

ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯ МЕН ТӘУЕЛСІЗДІК – ЕГІЗ ҰҒЫМ

Ұлттық идеология жөнінде әңгіме қозғамас бұрын оның алғышарттарын анықтап, ғылыми концепциясын жасап алған дұрыс. Олай етпесек, бұл күрделі мәселенің түп қазығын табу қиындай беретін сияқты. Ал уақыт ырғалып-жырғалуды көтермейді. Себебі, бұл тәуелсіздігіміздің алтын тамыры болып табылатын қасиетті ұғым. Алдағы күндері дәл осы мәселе жайында арнайы мемлекеттік бағдарлама қабылдауға тура келуі мүмкін. Сондықтан, ашы да болса ашық пікір тек ортақ іске қосылған үлес болмақ.

Белгілі қоғам қайраткері, экономика ғылымдарының докторы, профессор Оразалы Сәбден мен газет тілшісі арасындағы мына сұхбатта қатқылдау шыққан кейбір пікірлерді туған елдің болашағы тұрғысында жанашырлық ниеттен туған ойлар деп түсінген жөн.

– Ореке, сіздің ұлттық құндылықтар туралы айтқан кейбір пікірлеріңізбен таныспыз. Сіз мәселені көбінесе экономикамен байланыстырасыз. Сонда осынау күрделі ұғымды әркім өз мандығы бойынша талқылауы керек пе? Олай етсек, ешқашан толыққанды бір пікірге келе алмаймыз ғой.

– Кешіріңіз, мен ұлттық идеология туралы ойларымды ешқашан жалаң экономикамен байланыстырған емеспін. Түсінікті болу үшін мұның ғылыми концепциясын анықтап алайық. Мен осы ұғымның өзін үш тармаққа бөліп қараймын.

Оның біріншісі – демократиялық саяси жүйе. Бұл жөнінде Президент сайлау алдында «Біз саяси модернизация жасаймыз. Демократиялық процестерге қатты көңіл бөлеміз, себебі, экономикадан өстік, бірақ саяси даму жағынан қалып қойдық» деп ашық айтты. Сондықтан, саяси жүйені жаңғыртуды мен бірінші орынға қоямын.

Екіншісі – әр адамға жақсы өмір сүру деңгейін қамтамасыз ету. Бұл – таза экономикалық категория болғанымен мен оны адаммен тікелей байланыста қарастырамын.

Үшіншісі – рухани мәселелерге қатысты. Оған тарих, тіл, дін, тағы басқа ұлттық құндылықтар жатады. Енді осылардың әрқайсысын жеке-жеке талдауға тырысайын.

Біріншісінен бастайын. Бұл – ең қажеттісі. Ол болмаса қалғаны жүзеге аспайды.

Биліктің үш тармағы бар екенін білеміз. Осы үш тармақ бірдей болмағанда тепе-теңдік бұзылады. Қазір Парламентте ешқандай пәрмен жоқ. Заң шығарады, бірақ оны қадағалай алмайды. Атқарушы биліктің есебін тыңдайды, бірақ бірде-бір министрге сөзі өтпейді. Үкіметті доғарысқа жіберуге қақысы жоқ. Таяуда Қаржы министрі Н. Коржова өткен жылы 14 миллиард теңге игерілмей қалғанын депутаттардың алдында мәлімдеді. Сұмдық! Біз жамандайтын кеңес үкіметі кезінде бұл үшін жауапты адамдар бірден жазаға тартылатын. Парламенттегілер үн-түнсіз бастарын шұлғып қала берді. Бұдан шығатын қорытынды – мемлекеттің саяси жүйесі дұрысталмайынша экономикалық, құқықтық, тағы басқа реформалар жүзеге аспайды деген сөз. Мұндайда ұлттық идея, ұлттық идеология жөнінде сөз қозғаудың өзі қиын.

– Тоқсаныншы жылдардың басында өзін-өзі таратып тыңған Жоғарғы Кеңесте атқарушы биліктің қадамдарын қадағалау құқықтары болған. Алайда соның өзі тәуелсіз еліміздің саясатын тығырыққа тіреді емес пе?

– Ә, ол енді басқа әңгіме. Бұл жөнінде сосын айтамыз. Әзірге ұлттық идеология жөніндегі ойларды жинақтап алайық. Ұлттық идеологияның екінші тармағы – әр адамға жақсы өмір сүру деңгейін қалыптастыру керек дедік қой. Осы тұрғыда мен оқырман назарын мынаған аударғым келеді.

Үкімет басшысы Парламентте өткен жылдың нәтижелері туралы есеп бере келіп, алдағы уақытта экономиканы көтерудің жолдары жайындағы ойларын ортаға салды. Ол кісінің айтуына қарағанда, экономикамыз көтеріліп жатыр. Бұл – шындық. Былтырғы жылы жалпы ішкі өнім 9,4 пайызға өсіпті. Кейінгі жылдары ішкі өнім 9-10 пайыз төңірегінде тұрақты түрде көтері-

луде. Ал, енді осы өсім ненің есебінен болып отыр? Ашығын айтайық, табиғи байлықтар – мұнай, газ, энергетиканың арқасында ғана осындай оңды нәтижеге жеттік. Күндердің күнінде табиғи байлық та түгесіледі. Сонда не істейміз?

Ең өкініштісі, өткен жылы өнеркәсібіміздің дамуы 32 пайыздан 14 пайызға бір-ақ құлдырапты. Дүниежүзілік сауда ұйымына кіреміз, әлемдік экономикада өз орнымызды анықтап, 50 өркениетті елдің қатарына қосыламыз деп жүргендегі жетістігіміз осы ма? Бұл – қылмыспен тең жағдай. Тауар айналымы да 2 пайызға азайған. Көлік-тасымал жұмыстары да 3 пайызға төмендеген. Металлургия ісі де кері кетіпті. Керісінше, құрылыс жұмыстары 9 пайыздан 28 пайызға бір-ақ көтеріліпті. Қуанарлық жағдай. Алайда, экономист ретінде мені мұндай айырмашылық қатты алаңдатады. Экономика барлық салада бірдей дамымаса, оның соңы үлкен өкінішке соқтыратынын өмірдің өзі талай рет дәлелдеген. Өндіріссіз өмір жоқ. Жарайды, енді осы шарықтап өсіп бара жатқан құрылыс саласына келейік.

Құрылысты қарқынды дамыту жөнінде Президенттің арнайы бағдарламасы бар. Енді осы істің ішіне үңілсек. Бір ғана Алматының бұрынғы алаңқайлары жаңартылып, қаншама зәулім үйлер салынауда. Олардың 1 шаршы метрі 3000 мың доллар дейді. Енді ол үйлерден 4 бөлмені алсаңыз 500 мың доллар төлейді екенсіз. Бұған тек шіріген байлардың ғана шамасы келеді. Байлар қарапайым халық үшін қаланың шет жағынан неге үйлер салмайды. Шет елде бай компаниялар қаланың сыртынан үй салу үшін орталық алаң шетінен арзан үйлер салуды жүктейді. Қарапайым халыққа жағдай жасаудың бір жолы осындай. Бізде қатардағы интелегент өкілдерінің өзі мына 1 шаршы метрі 350 тұратын ипотекалық несиа арқылы берілетіндердің өзін алуға қаржылары жетпейді. Осыдан кейін ұлттық идея туралы әңгіме қозғап көріңіз. Сыбайлас жемқорлықтың шарықтап өскен жері де осы құрылыс. Құрылыс салу үшін тендерге қатысқыңыз келсе 15-20 пайызға шейін пара бересіз. Олай етпесең, құрылысқа қатысы жоқ біреулер тендерді сатып алады да, оны саған бұ-

рынғыдан да қымбаттатып, қайта сатады. Мұны жоғарыдағы шенеуніктер жақсы біледі. Осының өзі оларға тиімді. Сондықтан, ұлттық идея туралы сөз қозғамас бұрын оның концептуалды негіздерін анықтап алып, жүйелі түрде қарастырған дұрыс. Сонда ғана бұл жөнінде тұжырымды нәтижелер айтуға болады.

– Сіздің ойыңызша тарихи, мәдени құндылықтар ұлттық идеяға негіз бола алмай ма?

– Біреулер ұлттық идеяны тарихымыздан, тілден, діннен іздеу керек дейді. Екінші біреулер патриоттық сезімді оятудан, ата-баба дәстүрін жаңғыртудан іздеу керек дейді. Бәріне қосыламын. Жақында мен Мәскеуде өткен инновация жөніндегі бір конгреске қатысып қайттым. Онда интеграция мәселесі талқыланды. Өкінішке орай, Қазақстаннан менен басқа ешкім қатыспады. Егер осы интеграция жолындағы ұлы көштен қалып қойсақ, болашақ туралы, ұлттық идея туралы сөз қозғаудың өзі бекер сияқты көрінді. Қысқасы, экономикалық құндылықтар қазір ұлттық құндылықтардан жоғары тұрған категория деп білемін.

– Экономикалық интеграцияға өз ұлттық идеямызбен кіруге болмай ма сонда?

– Болғанда қандай! Ол үшін ұлттық идеяға қатысты мен айтқан үш тармақтың біріншісі алдымен жүзеге асуы керек. Өндіріс құлдырап барады. Осы өндіріске кім қожалық етуде. Әрине, сырттан келген алпауыттар. Олар сырттан озық техникамен технологияны өздерінің жұмысшыларымен қоса әкеліп кіргізіп жатыр. Мұндай жағдайда әлгі өндіріс тек өз қожайынының тілінде ғана сөйлейді. Шіркін, Жапониядағыдай, анау Малайзиядағыдай озық техникаларды өзіміз ойлап тауып, оның нұсқамалары мен түсіндірмелерін қазақ тілінде жазсақ. Оны шетелдіктер сатып алып, қазақ тілін үйренуге мәжбүр болып жатса деп армандаймын. Алыстағы қиял сияқты көрінгенімен мұны жүзеге асыру соншалықты қиын да емес. Ол үшін біздегі алпауыттардың бетін бері бұруымыз керек. Олар қазір кез келген лауазымды шенеунікті сатып алады. Бір мысал келтірейін. Еліміздегі сирек металлдар – қалайы, рений, осмий, тағы

басқалар мемлекеттің қарауында болады делінді. Президент мұны қолдады. Үкімет бұл жөнінде заң жобасын дайындап, таяуда парламентке ұсынған. Бірақ, сенат бекітер кезде үкімет әлгі заңды қайтарып алды. Неге екені түсініксіз. Меніңше, алпауыттар қысым жасаған сияқты. Егер Парламенттің пәрмені мықты болғанда, үкімет ол заңды қайтарып алуға дәті бармас еді. Олай етсе үкімет доғарысқа кетуге тиісті. Енді шетелдіктер бізді теспей сорып отыра береді. Америкада жаңадан бір қазба байлық табылса, қайтадан жауып тастайды. Сөйтеді де Иран, Ирак сияқты елдердің байлығына қол сұғады. Олар ұрпақ қамын ойлайды. Өне, ұлттық идея деген сол. Ал, біз заңды түрде бар байлықты шетелге беріп жатырмыз. Осыдан кейін қандай өндіріс дамысын. Өндіріске сұраныс жоқ жерде техникалық ғылымға да сұраныс болмайды. Егер маған саласа, Астанадан бір министрлік ашуға жұмсалатын қаржыға екі зауыт салар едім. Сол жерден қазақ жастары үшін жатақханалар тұрғызатын едім. Қазір де жұмыссыз жүрген қазақтың қыз-жігіттеріне жатақханадан бөлме берілсе... Зауыт өз жұмысшылары үшін үй салуға тиісті. Үй кезегінде тұрғандар сол зауыттан ешқайда кетпейтіні түсінікті.

Зауыт жанынан кәсіптік-техникалық училищелер ашып, жастарды жаңа мамандыққа оқытса... Жаңа технологияларды өз ғалымдарымыз ойлап тауып, өндіріске ендіріп жатса... Ғылыми терминдер қазақшаланып оқулықтар қазақ тілінде жазылса... Алшандаған алпауыттарды тыпыр еткізбейтін заң шығарылса. Ол заңның орындалуы Парламент тарапынан қатаң қадағаланса. Міне, ұлттық идея деген осы.

– Сол алпауыттар Парламентке де ықпал жүргізуі мүмкін ғой...

– Көпшілікті сатып алу мүмкін емес. Оның үстіне барлық шешім жабық дауыс беру арқылы қабылданады ғой.

– Енді жоғарыда өзіңіз айтқан ұлттық идеяның үшінші тармағына тоқталсаңыз...

– Иә, ол жайында да айтайын. Патриоттық сезім тарихпен, дінмен, тілмей тікелей байланысты екені елдің бәріне мәлім.

Жоғарыда шетелдік алпауыттарды заң арқылы өзімізге бұру керек дедім. Ал өзімізден шыққан алпауыттардың бетін ұлтқа қарай бұратын негізгі құрал – ұлттық құндылықтарымыз екендігі анық.

Бұл тұрғыда балабақшадағы бүлдіршіннен бастап ақ басты зиялылардың өзін қайта тәрбиелеу керек. Ұлттық құндылықтарымыздан осыншама жұрдай болуымызға алдымен аға ұрпақ кінәлі. Кеңестік саясаттың тепкісінде езіліп өскен олардан енді ерлік күтудің қажеті жоқ. Тек солардың жалтақтығы мен жағымпаздығы, қырық руға бөлінгіш жікшілдігі жас ұрпақты шарпымаса екен деймін. Ұлттық құндылықтарымызды заман сұранысына сай ілім-біліммен суарып, шыңдап отырғанда ғана ол өміршең болмақ. Қалғанының бәрі бос әңгіме.

Қазақ халқы ғасырлар бойы тәуелсіздікті армандап келіп еді, оған қолы жетті. Енді ұлттық идеямен ғана өмір сүруіміз керек. Онсыз елдігімізді, мемлекетімізді сақтай алмаймыз.

– Ашық әңгімеңізге рахмет, Ореке.

Өмірдерек

Оразалы Сабден 1949 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы Т.Рысқұлов ауылында дүниеге келген. Орта мектептен кейін Қазақ химия-технологиялық институтын бітірген. Еңбек жолын Шымкент қорғасын зауытынан бастаған. 1973-1990 жылдар аралығында ҚР ҒА Экономика институтында қызмет ете жүріп, кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғады. 2001-2003 жылдары Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық ҚазақТүрік университетінің ректоры болды. ҚР ғылым, техника және білім саласындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері. ҚР Парламентіне төрт дүркін депутат болып сайланған. Парламенттің ғылым, білім, мәдениет және ақпарат құралдары жөніндегі комитетін басқарған. КСРО спорт шебері, еркін күрестен Қазақстан чемпионы. Бес баланың әкесі.

«Президент және Халық» газеті,
24 ақпан, 2006 жыл

ҚҰҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫ ҚАШАН ТОЛЫҚ АҚТАЛАДЫ?

Бұл сауалға жауапты сіздер 1993 жылдың 14 сәуірінде қабылданған «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау» туралы Қазақстан Республикасының Заңынан таба аласыздар. Дегенмен, редакцияға хат жолдаған көптеген адамдар осы Заңның кейбір баптарына толымды түсінік беруді өтінеді. Осыған байланысты біз Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы, белгілі заңгер, генерал-майор Сәт Бесімбайұлы Токпақбаев мырзаға арнайы жолығып, бірнеше сұрақтар қойған едік.

– Сәке, алдымен осы заңның мән-мағынасына тоқтала кетсеңіз. Бұрын елімізде мұндай заңдар қабылданып па еді? Егер қабылданса, жаңа Заңның олардан өзгешеліктері қандай?

– 1930-40-шы және 50-ші жылдардың басында заңсыз саяси қуғынға ұшырап, құрбан болған азаматтарды ақтау 1954 жылы бұрынғы КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Қаулысынан басталғаны мәлім. Әрине, сол кездегі жаппай ақтау жөнінде шыққан үкімет органдарының қаулы, заңдарының тарихтағы саяси рөлін ерекше екенін атап кету қажет. Бұрынғы құжаттарда сталиндік қуғын-сүргін кезіндегі жазалауға саяси баға беріліп, жазықсыз жазаға тартылған азаматтарды ақтау басталды. Өкінішке орай, бұл құжаттардың күші 60-шы жылдардың ортасында қағаз жүзінде қалып қойды.

Қазақстан Республикасы Президентінің мына Заңы дер кезінде қабылданған, саяси-әлеуметтік маңызы жоғары құжаттардың бірі деп білемін. Мәселен, бұл заңның негізгі бағыты – жазықсыз жазаланғандарды саяси тұрғыдан ақтаумен қатар, оларға тигізген моральдық және материалдық залалды қазіргі уақыттағы экономикалық қайшылықтарға қарамастан барлық мүмкіндіктерді пайдалана отырып өтеу болып табылады. Заң жарияланғаннан бастап Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасы-

ның бұйрығымен комиссиялар құрылып, құрамына жоғары заң білімі бар, білікті, тәжірибелі қызметкерлер енгізілді.

1930-53 жылдар заңсыз айыпталумен Республикамызда 100 мыңнан астам адам қуғын-сүргінге ұшыраған екен. Бүгінде олардың 89 мыңы толық ақталды. Ал 1988-93 жылдары аралығында 50 мың 400 адамның ісі қайта қаралып, кезінде жазықсыз сотталғандары анықталған болатын. Қалған он бір мың адамның ақталу мәселесіне келсек, бұлар о баста сот шешімдерімен сотталғандар, немесе жазаланғандар. Сол себепті, бұлардың ісі мына Заңның екінші бабында көрсетілгендей, тек қана сот шешімі арқылы қайта қаралады.

– **Заңның бесінші бабында: «Мынадай саяси себептермен адамдардың бәрі ақталуға жатады. а) «мемлекеттік және басқа қылмыстары үшін сотталғандар» деген сөз бар. Бұл ойды нақтылай түсу керек сияқты. Бір қарағанда, осы бап бойынша қылмыскерлердің бәрін ақтап жіберуге болатындай ма, қалай? Ал, бұдан сәл төмендегі (б) тармақта «сот емес органдар шешімдерімен сотталғандар..» деп жазылыпты. Сонда «сот емес органдар» дегендер кімдер болды екен?**

– 1930-40-шы және 50-ші жылдардың басындағы зобалаң кезінде мемлекеттік қылмыстарға – шпионаж, бандитизм, диверсия және контрреволюциялық іс-әрекеттермен қоса мемлекеттік өндіріс орындарына, халық шаруашылығына зиян келтіру, салық төлеуден, әскери міндетті өтеуден бас тарту сияқты әрекеттер де мемлекеттік қылмыстар түріне жатқызылды. Ал, жаңа Заңдағы «сот емес органдар» деген сөзді сол зобалаң жылдардағы «екілік», «үштіктер» және «айрықша кеңес» деп түсінген дұрыс. Бұлар ол кезде халық сотының міндетін атқарып, қылмысты істерді қарап, үкім шығарып отырды. Сондай-ақ, олардың қатарына НКВД, прокуратура мен жергілікті партия ұйымдарының басшы қызметкерлері енген.

– **Бұл жерде менің анықтайын дегенім мынау еді. Кешегі өткен тоқырау жылдарында «Партия жоспары – халық жоспары» деген ұран болғаны есімізде. Міне, сол жоспар-**

ды орындау жолында мүлт кеткендер, немесе қосып жазу салдарынан түрмеге қамалған шаруашылық басшылары аз емес. Олардың қылмыстары да сол кезде мемлекеттік қылмыс ретінде қаралды емес пе? Ендеше, мына Заңның бесінші бабы соларға да қатысты сияқты ғой.

– Бұл баптың оларға қатысы жоқ. Себебі, жоспарда орындалмаған жұмысты орындалды деп көрсету қылмыстық кодексте қызмет бабын жеке мүддесіне пайдалану ретінде қарастырылады. Ал мына заң қуғын-сүргіндерге ұшырағандар мен жазықсыз сотталғандарды ақтау аясында ғана жұмыс істейді.

– «Ақтау тәртібі» деп аталатын II-бөлімдегі 10-баптың үшінші тармағында.. «тексеру материалдары бойынша прокуратура органдары қорытынды жазып, соның негізінде өтініш иесіне ақтау туралы анықтама береді» делініпті. 14-баптың екінші тармағында: «Сот азаматты толық ақталды деп таниды, бұрынғы шешімінің күшін жояды және істі қысқартады» деп жазылған. Енді мұның алдындағы 8-бапта: «Ақтау туралы өтінішті ақталушылардың өздері тұрған жері бойынша сот тәртібінде – прокуратура органдарына не басқа тәртіпте – ішкі істер немесе қауіпсіздік органдарына береді» делінген. Сонда ақталушы адам ең алдымен қай органға арыз бергені дұрыс?

– Қазақстан Республикасының бұл Заңы күшіне енгізіліп, оны іс жүзіне асыруға байланысты республика Бас прокуратурасында жаппай қуғын -сүргінге ұшырағандардың ақтау мерзімін қысқарту үшін арнаулы бөлім ашылды. Осы бөлімге қылмыстық істерді қайта қарау міндеттелініп отыр. Ал ақтау тәртібінде көрсетілгендей, ақтау туралы анықтама құжат беру үшін, прокуратура органдары Ұлттық қауіпсіздік комитетін, ішкі істер органдарын, денсаулық сақтау мекемелерін қатыстыра отырып, қажетті құжаттарды жинайды, сосын бәрі ойдағыдай болса, өтініш иесіне ақтау құжаттары тапсырылады.

Сауалдың екінші бөліміне келсек, 14-бапты төмендегідей түсіну керек. Бұдан бұрын тағылған қылмыстың жекелеген құ-

рамының, немесе оқиғаның бір бөлігіне қатысты бұрын прокуратура қабылдаған шешімдерді сот өзгерте алады. Прокуратура органдары сотқа түскен қылмыстық істер бойынша қадағалау жүргізеді. Бірақ тек сот қана бұрын қабылданған шешімді өзгертіп, істі қысқартады. Яғни, бұрын жазықсыз сотталған адамды сот қана толық ақтай алады. Бұл жөнінде әр адам өзі тұрған жердегі прокуратура, ішкі істер не болмаса ұлттық қауіпсіздік органдарының біріне арызын беруіне болады.

– **Заңның III-бөлімі «Ақтау нәтижелері» деп аталған екен. Осындағы 20-бапта ақталған адамдардың өздері қуғын-сүргінге түскенге дейін тұрған жерлері мен елді мекендерде тұру құқығы жөнінде сөз болады. «Бұл құқық қуғын-сүргін зобалаңы қолданылған сәтте оған ұшыраған адамдармен бірге тұрған олардың отбасы мүшелеріне және туған-туыстарына да қолданылады» деп көрсетіліпті. Жазықсыз сотталып, ақталған адамның отбасы мүшелеріне бұдан басқа жеңілдіктер, өтемақылар беріле ме?**

– Ақталған адамдардың отбасы мүшелері, туған-туыстары қуғын-сүргінге түскенге дейінгі туған жері мен елді мекеніне оралуға құқығы бар. Егер, қуғын-сүргін салдарынан сотталған адамдардың туған-туыстары жер аударылып, көшіріп жіберілген болса, ол туралы қазір өздерінің қолдарында анықтама құжаттары болмаса, бұл мәселені тек сот арқылы шешулері керек. Егер, дәл қазіргі кезде сол отбасы мүшелері тұрғын үйге мұқтаж болса, қуғынға түскен адамның отбасы ретінде жеңілдікпен үй алуға қақысы бар. Ал ақталған адамдардың ауылда тұратын туған-туысқандарына тұрғын үй салу үшін үкіметтен процентсіз несие беріледі және құрылыс жабдықтарымен кезектен тыс қамтамасыз етіледі.

– **Осы өтемақыға байланысты 22-баптың үшінші тармағында: «Өтем есептеліп, бірақ оны ақталған адам қайтыс болуы себепті алмаған жағдайда мұрагерлерге төленбейді» деген сөз кездеседі. Осы сөйлемді бірден түсіну қиын сияқты.**

– Заңның 22-бап, бірінші тармағы бойынша қуғын-сүргін кезінде жазықсыз қамауға алынып, бас бостандығынан айырылып, немесе психиатриялық мекемелерге жатқызылып, сондай-ақ, ықтиярсыз еңбекпен түзеу колоннияларында болған адамдарға және олармен бірге отырған балаларына осы Заңға сәйкес ақталу құжаттары негізінде республикалық бюджеттен белгілі мөлшерде ақшалай өтем төленеді. 22-баптың үшінші тармағы бойынша мұрагерлерге, немесе қуғын-сүргінге түсіп, жазаланған азаматтардың туған-туыстарына өтемақылар төленбейді. Тек қана жазаланған адамның ақталған кезінде есептелінген өтемақысы ол адамның қайтыс болуына байланысты алынбаған болса, онда ол өтемақы мұрагерлеріне беріледі.

– Редакциямызға Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданы «Қайнар» құс фабрикасынан хат жолдаған Нарбекова деген азаматша өзінің отағасы 1937 жылдан бері екі рет он он жылдан жазықсыз сотталғанын, күйеуі алғаш сотталған жылы бір жасқа толмаған қызымен қалған ол 17 жыл бойы тірі жесірдің тірлігін кешкенін, тағдыр тауқыметін көп тартқанын жазыпты. «Бұл заңнан түсінбегенім, – дейді ол кісі, – бір жерінде ата-ананың қамқорлығынсыз қалған, он сегіз жасқа толмаған балаға өтем төленеді делінген. Ал, бір жерінде өлгеннен кейін төленбейді дейді. Бұрынғы заң бойынша жазықсыз қуғын-сүргінге ұшыраған адамның жесірі ретінде мен барлық жеңілдікке ие болғам, арнайы куәлік алғам» дейді. Осы кісіге де газет арқылы бір жауабын бере кетсек...

– Ұлттық қауіпсіздік комитеті басшылары атына республиканың жер-жерінен отыз жетінші жылдары жазықсыз жазаланған адамдар тарапынан көптеген хаттар түсуде. Ол хаттардың көбісіне жауап берілген. Ал азаматша Нарбекованың өтінішіне келсек, әрине, мұндай жағдайда ол кісі бұрынғы Кеңес үкіметі кезінде жазықсыз жазаланған адамның мұрагері ретінде заң бойынша куәлік алып, жеңілдікке ие болса, бірақ, сол жеңілдіктерді пайдалануға кедергі жасалынып отырса, Оңтүстік Қазақстан облыстық прокуратурасына өз шағымымен баруы қажет деп кеңес беремін.

– Жазықсыз сотталған адамның артында қалған, он сегіз жасқа толмаған баласының, отбасы мүшелерінің моральдық және материалдық тұрғыда шеккен зияндарын ескере отырып, оларға әлеуметтік-тұрмыстық жеңілдіктер беру мәселесі Заңның өзінде емес, оны күшіне енгізу жайындағы қаулыда айтылыпты. Сондай-ақ, осы мәселелерді қайта қарау Қазақстан Республикасының үкіметіне тапсырылған. Бірақ, қашаннан бастап, қай уақытқа дейін қайта қарау керектігі жөнінде қаулыда ештеңе айтылмаған?

– Иә, жазықсыз сотталған адамдардың мұрагерлеріне, жақын туыстарына өтемақы мен жеңілдіктер беру мәселесін шешуді Жоғарғы Кеңес Қазақстан Республикасы үкіметіне қарауды міндеттеген.

– Осы қаулыда бір ай мерзім ішінде саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөнінде комиссия құру мәселесі де баса айтылған. Бұл комиссия құрылып, жұмыс істеп те жатқан шығар? Жақсы нәтижелердің шеті көрінетіндей ме?

– 1993 жылдың 18 маусымында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Төралқасының қаулысымен саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөнінде арнаулы комиссия құрылды. Ол комиссияның құрамына Президент аппараты мен Министрлер кабинетінің жауапты қызметкерлері, құқық қорғау органдары мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері енгізілген.

Бірақ, 1993 жылдың 1 қазанынан бастап күшіне енуге тиісті осы қаулы қаражат тапшылығы салдарынан әлі күшіне кірген жоқ. Біздің бар қолымыздан келгені – жазықсыз сотталғандарды саяси тұрғыдан ақтау жұмыстарын жүргізу ғана болды. Ал, өтем төлеу, олардың шеккен материалдық шығындарының орнын толтыру мәселесі мемлекетіміздің экономикалық қиыншылықтарына байланысты қолға алынбай отырғаны рас. Болашақта мемлекетіміздің жағдайы жақсарғаннан кейін бұл іс сөзсіз жүзеге асатынына оқырмандарды сендіргім келеді.

«Егемен Қазақстан» газеті,
2 сәуір, 1994 жыл

XXI ҒАСЫРДА ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫСЫ ҚАНДАЙ БОЛМАҚ?

Таяуда «Зерде» қоғамдық қорының «Темірқазық» клубында «Қазақ интеллигенциясы қандай болуы керек? Зиялы деген кімдер?» атты тақырыпта пікірсайыс өтті. Бұл басқосуға көрнекті ақын-жазушылар, ғалымдар, студенттер, тағы басқа қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысып, өздерінің өзекжарды пікірлерін ортаға салды. Пікірлер қақтығысы қаншалықты қызықты болғанымен, тақырыптың темірқазығы бәрібір табылмады. Сондықтан, 9 наурызда өтетін келесі отырыста осы тақырыпты енді басқа қырынан талқылау жөнінде шешім қабылданды. Ал, біз пікірсайыстан түйген ойларымызды оқырман назарына ұсынамыз.

Белгілі философ, ғалым Т.Ғабитов өзінің баяндамасында «Интеллигенция ұғымының түп негізі ежелгі парсы тілінде – парасатты, ойшыл, зерделі дегенді білдіретінін айтты. Ал бізге бұл сөз орыс тілі арқылы енген. Ой еңбегімен қоса жоғары ар-ождан талаптары мен мәдениеттілікті, ізгілік пен ізеттілікті бойына сіңірген адам дегенді аңғартады. Қазақтағы «зиялы қауым» ұғымы осының дәл өзі болмағанымен жуықтайтын көрінеді. Тұжырымдап айтсақ, зиялы қауым дегеніміз – рухани-мәдени құндылықтарды жасаушы әлеуметтік топ.

Баяндамашы осы әлеуметтік топ туралы сөз қозғамастан бұрын оның дамуы мен қалыптасуына ықпал ететін ішкі сыртқы күштерді анықтауға тырысты. Оның ойынша, қазақтың зиялы қауымы әлемге ықпалын жүргізіп жатқан өркениеттік ақпарат ағымына енді ғана ілесе бастаған. Сондай-ақ, олар әкімшілік-әміршілдік жүйенің ықпалынан толық арыла алмай, ретсіз нарықтан бюрократиялық капитализмге өтер сәттегі дүбәра қоғамда қалт-құлт етіп күн кешуде. Дамудың даңғыл жолына түскен өркениетті елдердің зиялы қауымынан өзгешелігі – қазақ зиялы қауымы әлі «егемендік ауруынан» толық жазылған жоқ. Даму үлгілерін таңдау, ата-дәстүрді жаңғырту, жаңа эли-

таны қалыптастыру сияқты өтпелі қоғамының қиындықтары қазақ зиялыларының адымын аштырмай келеді. Соған қарамастан, мемлекетіміздің ішкі-сыртқы саясаты қазақ зиялыларының рухани жағынан толысуына жағдай туғызуда. Қазіргі кезде қазақ зиялыларының қоғамдағы өзіндік орны мен мәртебесі өте төмен. Әлеуметтік жағдайлары сын көтермейді. Жалақылары күнкөрістеріне жетпейді. Шығармашылық топтар қазіргі жабайы нарыққа икемделе алмай отыр.

Бұдан кейін баяндамашы бүгінгі зиялы қауымды дәстүр мен жаңашылдыққа қатысты – архаистік (ескішілдік), батысшылық, апологеттік (белгілі-бір идеяны беріле қорғаушылық) сыншыл-жасампаздық тұрғысынан саралады.

Архаистік бағыттағы зиялыларға – азаматтық қоғамды рулық, тайпалық белгілеріне қарай басқаруды ұсынатындар мен жеті аталық үрдісті, көшпенділік құрылымдарды дәріптейтіндер жататын көрінеді. Ал апологеттіктер дегеніміз – билеушілер тарапынан қолдау көрсетілетін, шығармашылық деңгейі алдын ала шектелген, рухани-мәдени құндылықтарды өндіретін, оларды насихаттайтын зиялылар екен. Жабық қоғам мен жабайы нарықтан шыққан мұндай қуыршақ адамдар өздерін өзгелерден үстем сезінеді. Олар ғылымды тауар деп, ғылыми атақты бедел деп түсінеді.

Батысшыл зиялылар өркениет құндылықтарын қабылдауда шын мәнінде басқалардан озық тұрады. Бірақ олардың өзіндік бейшаралықтары да жетерлік: қазақ тілі мен мәдениетінен мешеу қалғаны былай тұрсын, оның болашағына күмән келтіреді. Қазақ руханиятын көшпенді дәстүрдің сарқыншағы деп түсініп, мұсылмандықты мансұқ етеді.

Техникалық интеллигенция жасампаздық бағыттағы зиялылар тобына жатады. Бұл топ ұлттық мәдениетті игеруде басқаларға қарағанда кешеуілдеп қалған. Сол себепті де олар отаршылдық тепкі мен биліктің илеуіне тез иіледі. Мысалы, Желтоқсан оқиғасы сияқты халықтың басына күн туған кездерде мұндай зиялылар бұғып қала беруі әбден мүмкін.

Бұдан кейін баяндама жасаған М.Матқанұлы қазіргі қазақ елінде 750 ақын-жазушы, 15 мыңға жуық ғалым, оның сыртында сан алуан мәдениет, өнер қайраткерлері бар екенін тілге тиек ете келіп, олар Отан, ел, жер, ұлт, ұрпақ мәселесіне келгенде, қара бастарының қамынан аса алмай жүргендіктерін ашып айтты. Оның ойынша білімдар да саяси сауатты, жангешті халықшыл, өзін-өзі үнемі дамыта білетін, текті де күрескер адам ғана зиялы болып есептелінеді. Қалғандары шала сауатты, дүбәра жандар. Олар сауатты болғанның өзінде кәсіби ғана сауатты, не жеке бас мүддесі үшін ғана сауатты. Бірақ, зиялы да емес, интеллигент те емес.

Бұдан кейін пікірсайысқа А.Борантаев деген студент ара-ласты. Ол: «Батыс өркениетін бойына сіңірген адам ғана нағыз зиялы адам» деді.

Демограф-ғалым М. Тәтімов те осы пікірді қостай келе, дала қазағы қала қазағына айналғанда ғана, таза өркениетке, шынайы зиялылыққа қол жеткізуге болатынын түсіндірді.

Ақын, А. Әлімов қазақ зиялыларының өткені мен бүгінгісін тарихи тұрғыдан қарастырды. Соңында қазіргі қазақ интеллигенциясының бет-келбетін аямай әшкереледі.

Х. Нысанова қазақта интеллигенция жоқ деген пікірін жасырмады. Себебі жеріміз сатылды, жетіміміз сатылды, байлығымыз талан-таражға түсті. Жириновский сияқты сырт елдің содырлары ар-намысымызға тиіп қана қоймай, Алматының ортасында бұрын өзі тұрған үйді өзінің мұражайына айналдырмақ. Бұған қазақ зиялылары үндемейді. Себебі олар жоқ.

Ашу-ызадан туындаған бұл пікірді Ұ. Жармұқаштегі деген азамат жалғастырып әкетті. Оның айтуына қарағанда, қазақ интеллигенциясына дауылпаздық жетіспейді. Оған мысал ретінде зиялы қауым өкілдерінің былтыр Елбасымен кездескендегі сөздерін келтірді. «Министрлерді құттықтап үлгермейміз» деген кейбір зиялының атын атады.

Оған қарсы пікір білдірген жазушы Д. Исабеков «Министрлеріңізді не себептен жиі ауыстырасыз, оның себебі неде деп, Президентке тікелей сауал қоюдың өзі дауылпаздықтың белгісі емес пе?» деді.

Жазушы Б. Қойшыбаев мемлекеттік тілдің тұралап жатуына ең алдымен үкімет басындағы шенеуніктер кінәлі екенін айта келіп, оларды зиялы демек тұрмақ, интеллигент деп атаудың өзі артық екенін ескертті.

Тележурналист Б. Уәлиев дәл осы тақырыпта өзі талай хабар ұйымдастырғанын, сонда интеллигенция өкілдері көгілдір экранда көлгірлік танытатынын, экраннан тыс жерде кеуде қағып сөйлейтін бейшара мінездерін сынға алды.

Журналист Ә. Салықбай деген азамат өзіне-өзі сауал қоя отырып, оған өзі жауап іздеуге тырысты: Ұлт үшін ең маңыздысы не? Қалыптасқан дәстүр ме, жоқ ақпараттар тасқынымен келіп жатқан жаңашылдық, білім мен жаңа техника ма? Төл дәстүріміздің озығы қайсы, тозығы қайсы? Әлемдік өркениеттің, жаңалықтың қайсысын қабылдап, қайсысынан бас тартуымыз қажет? Қуатты мәдениетті кімдер жасайды?

«Оны қаражатқа, билікке кіріптар емес ұлт зиялылары ғана жасамақ. Ендеше зиялылар экономикалық тұрғыдан билікке, қаражатқа тәуелді болмауға тиіс. Ұлттық мүдде мен мемлекеттік мүдде үйлесіп, қабысып, бір мүддеге айналу қажет. Өкінішке орай, ұлтымыздың арасында руға, жүзге бөлінушілік белең алып барады. Бұл дерттен арылу үшін мен кейінгі жастарды пікір ортақтығына, көзқарас үйлесіміне қарай бірігуге шақырар едім,» деді сөз соңында ол.

Иә, осындайда Абайдың «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол» деген сөзі еске түседі. Ұлт зиялысы әлемдегі өзге ұлттардың зиялыларымен қатар тұрып, оларды мойындата, қажет жерінде достаса білгенде ғана нағыз ұлт зиялысы екенін танытатын сияқты. Шоқан мен Достоевскийдің, Абай мен Мухомедтің, тағы басқа зиялылардың өмірлеріне зер салыңыз. Өне, ұлт зиялысы деген осылар. Қойшы үшін – веттехник, механик үшін – инженер, шөпші үшін – бригадир де зиялы болып көрінуі мүмкін. Ал нағыз зиялы дегеніміз – ұлттық, адамдық, ғаламдық талғам тұрғысынан өлшенетін ұғым болса керек.

«Қазақстан-Заман» газеті,
25 ақпан, 2005 жыл

ҚАЗАҚТАНУ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРГІЗІЛСІН!

Өткен аптада «Зерде» қоғамдық қорының «Темірқазық» клубында «Қазақтанудың рухани ықпалы және ұлттық-мәдени өрісі» деген тақырыпта пікірсайыс өтті. Бұл жөнінде баяндама жасаған философия ғылымдарының докторы Жақан Молдабеков тақырыпты теориялық тұрғыда саралауға тырысты. Ол кісінің айтуына қарағанда, Қазақстандағы адамтану, елтану, ұлттану, мемлекетті басқару, қоғамтану мәселелерін кешенді тұрғыда қалыптастыратын кез келді. Себебі, бұған дейін қазақтанудың біртұтас философиялық, әдістемелік, идеологиялық негіздері жасалмаған. Сондықтан, қазақтануды арнайы ғылым ретінде қарастырып, оны жан-жақты зерттеп, зерделеу керек.

Екінші баяндамашы Мақсұт Оразай қазақтың ұлттық рухы туралы ойын ортаға салды. Ол кісінің пікірінше, ұлтты ұлт дәрежесіне көтеретін – сол ұлттан шыққан рухы күшті адамдар, яғни пассионарлар. Сол рухы күшті адамдар түгелдей жойылғанда, ұлт та жойылатын көрінеді.

«Ұлт құрығанымен адамдары қырылып қалмайды, тек басқа этностың мүшесі болып, күнін көре (субпассионарлар) бастайды, ал көпшілік оларға еріп жүре береді» дейді ол. Бұл жерде тілін, дінін сатып, басқа ұлт өкілі атанып кеткен қазақтар жөнінде айтылып отыр.

Пікірсайысқа түскендердің ойлары ең соңында бір арнаға тоғысқандай болды. Егер, өзімізді қазақпыз деп білсек, басқаларға қазақ екенімізді танытқымыз келсе, ең алдымен тегімізді (фамилиямызды) дұрыс жазудан бастайық деген ой төңірегінде пікірталас өрби түсті. Шындығын айту керек, қазіргі кезде қазақтың ресми тегі анықталмай тұр. Төлқұжаттағы «ов, ова, ев,ева» орыстың тегін анықтайтын жалғаулар екендігі белгілі. «Иванов сын, дочка, внучка» дегенді білдіреді. Ал, басқа ұлт өкілдерінде бұлар «дзе, швили, ян, оғлы, скас» деген сияқты

жазылады. Латыш, грек, грузин, армян, ағылшындардың фамилияларын осы жалғаулар айғақтап тұрады. Қазаққа ондай бақыт бұйырмаған сияқты. Қазақтардың бар тындырғаны – «ов, ев»-ті шорт кесіп тастағаны ғана. Бұл өзіне қауіп төнгенде құйрығын тастап, тұра қашатын құмдағы кесірткені көз алдына елестетеді. Нәтижесінде қазақтың бүгінгі ұрпағы мен өзінің атын ата-бабасының атымен шатастырып алғандарын да байқамағандай... Олар енді бір-екі ұрпақ ауысқаннан кейін кімнің қайдан шыққанын білмей, мықтап шатасатын болады. Ал, енді біреулері төлқұжаттағы «тегі» деген сөздің тұсына «Мырқымбайтегі» деп жазуды әдетке айналдырып барады. Сонда, фамилияны иемденіп тұрған «Мырқымбайдың» баласы, я шөбересі қалайша алдыңғы буынның тегі болмақ? Оның тегі сонау арғы бабаларынан басталмай ма? Ең өкініштісі, қазақы фамилия жасаудың осынау ақылға сыйымсыз нұсқасы заңдастырылып, құжаттандыру кеңселері оларды басшылыққа алуында болып отыр. Қазақтану жайында ойларын ортаға салғандар бұл мәселені жеріне жеткізе алмай тарқасты. Бұл да өкініштілеу...

**«Президент және Халық» газеті,
26 қаңтар, 2006 жыл**

ТЕКТІЛІК ПЕН ТЕКСІЗДІК

немесе тағы да аты-жөнімізді қалай жазу жайында

Ғасырлар бойы бодандықтың қамытын киген қазақтың мандайына отаршылдықтың тепкісі қатты тигені соншалық, әлі күнге дейін есеңгіреп, есімізді жия алмадық. Соның бір дәлелі – аты-жөндерінің дұрыс жазылуына мән бермеуі. Бірен-саран қазақтан басқасының бәрі дерлік баяғы орыстың фамилиясында жүр. Тіпті «ов», «ев», «ин», «ина» тәрізді жалғау-құйыршықтардан құтылу қаперлеріне кіріп-шықпайды. Құтылғысы келгендерге заң бойынша оны не шорт кесіп тастауға немесе еш қисынға келмейтінін, кері мағыналы «тегі» деген жалғауды тіркеп алуға ғана рұқсат етілген. Басқа жол жоқ. Ал төлқұжаттағы ата-тегіміздің дұрыс жазылмауы ұлттық қасиетімізге сын, сүйекке түскен таңба екенін түсінетін кез жетті. Себебі, төлқұжат – әнұран, елтаңба сияқты мемлекеттік рәміздердің бірі. Ендеше қазақтың аты-жөні жайында 1994 жылы Үкімет қабылдаған дүбәра қаулының күшін жойып, қайтадан қаулы қабылдануы қажет. Төмендегі мақалада осыған қатысты нақты ұсыныстармен қоса ұлттық намыс, тектілік пен тексіздік сияқты адами құндылықтар жайында ой қозғалады.

«Кімнің құлысың?»

Таяуда белгілі философ, профессор Аманжол Қасабек мырзамен қызмет бабы бойынша әңгімелесіп қалдық. Ол кісі «ов» деген пәледен құтылғанын, жаңа төлқұжат бойынша ата-тегін осылай жазғызғанын жеткізді. Сосын: «ов» жалғауы орыстың «чей холоп?» деген сөзінен шыққан дей отырып, бұл – кезінде құлдар мен күндердің қай құл иеленушіге тиесілі екендігін анықтайтын жалғау болғанын, кейіннен орыс халқының фамилиясына айналып кеткенін дәлелдеді. Осы пікірді бір жолдасыма айтып едім, ол шат-шәлекей ашуланды. Сөйтсем, бала-шағасына бір ауыз қазақша үйрете алмай кеткен оның отбасының мүшелері түгелдей «ов», «ова» жалғауларын мұра тұтқан екен. «Сонда орыстың патшалары да құлдардың фамилиясын

иемденген бе?» деп ол кісінің жұбайы қарсы сұрақ қойды. Соңынан «Үлкен совет энциклопедиясын» парақтап қарағанымда, орыстың князьдары мен императорлары, патшалары мен патшайымдары ешқашан фамилияларына «ов», «ев» деген «құйрықшаларды» қыстырмағанына көзім жетті. Дмитрий Донской, Ярослав Мудрый, Иван Грозный, Петр I, соңғы патша II Николайға дейін ешқайсысы құлдардың фамилиясына жоламапты.

Бұдан кейін «фамилия» деген сөздің мағынасын сөздіктерден қарадым. Оның латын тілінде екі мағынасы бар көрінеді:

1. Қай отбасынан тарағаныңды білдіру амалы. Ол үшін жеке адамның атына, яғни атаңның немесе әкеңнің есіміне тәуелдік жалғауларының бірін жалғап көрсетуің керек.

2. Әулетіңді, үрім-бұтағыңды танытудың амалы. Орыстар үрім-бұтағы туралы айтқысы келсе «вся наша фамилия» деп бастайды. Біз ру, ата-тегімізді анықтауға келгенде осылай сөз саптаймыз.

Отбасы демекші, коммунистік идея көсемдерінің (жақсы мағынада) бірі Ф.Энгельс «Семьяның, жекеменшіктің және мемлекеттің шығуы» атты еңбегінде бұл жөнінде терең ғылыми тұжырым жасай келіп: «*familia*» деген сөз римдіктерде ерлі-зайыпты адамдар мен олардың балаларына қатысты болмай, құлдарға ғана қатысты болған. «*Famulus*» – үй құлы деген сөз. Ал «*familia*» – бір адамға қарайтын құлдардың жиыны деген сөз. Гайдың заманында да *familia jd est patrimonium* (яғни мұра) өсиетпен қалдырылып отыратын болған. Жаңа қоғамдық организмді атау үшін бұл сөзді римдіктер ойлап шығарған-ды; бұл организмнің басшысы әйелі мен балаларының және бірнеше құлдың қожасы болды; римдіктердің әке билігі бойынша, оның өзіне бағынышты осы адамдардың бәрінің өмірі мен өліміне билік ету правосы болды» (К.Маркс пен Ф.Энгельс, «Таңдама-лы шығармаларының үш томдығы», 3-том, 258-бет. Алматы, «Қазақстан», 1981) деп жазады.

Осыдан кейін ата-бабамыздың немесе әкеміздің есімдеріне орыстар арқылы бізге ауысқан, құлдықтың белгісін танытатын,

айғақтайтын осынау «жалғау-құйыршықты» тегімізге тели берудің қаншалықты қажеті бар? Бұл – сүйекке таңба емей, тексіздік емей немене?!

«Құйыршықты» шорт кестік!

Бұл «сасқан үйрек артымен сүңгидінің» керін келтірді, «пәмиле» болып жарытпады. Енді Жанат Есімбек, Рахат Кемелбай, Манат Шалбай, Думан Жұмағұл, Балғын Есмағамбет, Мейрам Мұсағали, Қалыш Уәлихан, Сағыныш Рахым, Бағдат Диханбай, Сайран Токтарғазы, Дидар Тұрсынбай, Ардақ Берсінбек, Бағлан Асанбай, тағы басқа осы тәрізді еркек пен әйелге ортақ есімді адамдарды жүзбе-жүз танымасан, оның не әйел заты, не еркек заты екенін ажырата алмайтын жағдайға жеттік.

Мейлің, ол жағы түптің түбінде белгілі бола жатар. Енді қатар аталған осы есімдердің қайсысы өз аты, қайсысы тегі екенін қалай ажыратамыз? Шығармашылықпен айналысатын адамдардың есімі бірінші жазылатын дәстүр бар. Бірақ елдің бәрі Шерхан Мұртаза, Әбіш Кекілбай, Қадыр Мырза-Әли емес. Шығармашылық адамдарына еліктесек, тіпті шатысуымыз мүмкін екен. Біреулері руының, туған жерінің аттарын пәмилесі (тегі) ретінде көрсететінді шығарды. Ақселеу Тарақты, Тұңғышбай әл-Тарази деген сияқты. Ниеттері дұрыс. Орыстың «ов» деген құйыршығынан құтылып, өздерінің қайдан шыққандарын, қайдан тарағандарын көрсеткен түрлері. Алайда, бұл да бүкіл қазаққа «пәмилелік үлгі» бола алмасы анық. Ең қиыны – енді екі-үш ұрпақ ауысқаннан кейін кімнің кімнен тарағанын ажырата алмайтындығымызда болып отыр.

Бір ұрпақ ауысқан соң...

«Ұлы», «қызы» деген қосымшалар да түпкілікті пәмиле жасай алмайтын тәрізді. Мәселен даңқты Бауыржан Момышұлының баласы Бақытжан ағамыз да Кеңес кезіндегі фамилия заңы бойынша «Момышұлы» болып жазылды. Негізі ол кісі – Момыш атадан тараған ұрпақ, яғни «Момыштан Бақытжан

Бауыржанұлы» деп жазылуы керек еді. Бірақ әйгілі адамның фамилиясы болғандықтан «Момышұлы» өшпес ерліктің символы болып қала береді. Ұрпақтары оны мақтанышпен фамилия тұтып өтеді. Алайда елдің бәрі Баукең емес. Сондықтан, қазіргі біздер пәмиле ретінде пайдаланып жүрген әкеміздің есімдері бір ұрпақтан кейін пәмилелікке жарамайтынын мойындағанымыз жөн.

«Тегі» де дұрыс емес

Қазақ жөн сұрасқанда «Қай әулеттенсің? Тегің кім?» деп бастайтыны белгілі. Қайдан тарағаныңды санамалауға кірісесің. Сөйте келе бір жерден бір тармағың әлгі адаммен, әйтеуір, жанасады. Ағайын боласың, туыс боласың. Мұндай ұлттық қасиет ешбір елде жоқ. Мейірбандық пен бірлігі күшті ел ешқашан өшпейді. Осыдан қорыққан отаршылдар қазақтардың арасына от тастап, рушылдықты қоздырып, «бөліп ал да билей бер!» әдісі бойынша бізді ғасырлар бойы езгіге салғанын қалай ұмытамыз.

Сонымен бүгінгі ұрпақтың тегі – оның ата-бабасы. Онда біздер неге төлқұжатта өзімізді ата-бабамыздың тегі ретінде көрсетуіміз керек? Сен сол ата-бабадан тараған ұрпақ емессің бе! Орыстың «ов» деген жалғауының ішкі мағынасы да осыны білдіреді. Олардың «родительный падеж» дегендері «кого? чего? чей?» деген сұрақтарға жауап беретіні белгілі. «Чей холоп? Иванов холоп» деген осыдан шыққан. Родительный падеждың сұрақтары қазақ тіліндегі Ілік септігінің (кімнің? ненің?) сұрақтарымен дәлме-дәл. Солай екен деп біз пәмилемізді «Асанның, Үсеннің» деп жазуымыз керек пе? Жоқ. Фамилия аяқталған, нақты мағына беретін сөзден жасалуы тиісті. Қазақ тіліндегі Шығыс септігінің жалғаулары «тан», «тен», «дан», «ден», «нан», «нен» деп тақ-тұқ етіп тұрған жоқ па? Мұндай септікті орыс тілінде таба алмайсыз. Ол бізде ғана бар. Ата-тегімізді таратқанда да біз осы септік бойынша «пәленбайдан – түгенбай, одан – анау, анаудан – мынау» деп сарнап қоя береміз. Жалпы, біз орыс тілінің заңдылықтарымен ғана жүруге әбден дағдыла-

нып алғанбыз. Отаршылдық тепкісінен ес жиятын кез келді. Ендеше пәмілемізді «Асаннан, Үсеннен» деп жазғанымыз дұрыс.

Мәселен, грузиндердің фамилияларына жалғанатын «дзе», «швили», деген жалғаулар «бала», «ұрпақ» деген сөздің баламасы екен. Ал, ол фамилияға жалғанғанда кімнен тараған ұрпақ дегенді аңғартатын көрінеді. Бір қызығы – осы грузин жалғауларының ішкі мағынасы біздің қазақ тіліндегі Шығыс септігінің жалғауларымен дәлме-дәл келетінін қайтерсің! Оларда бұдан басқа «ели», «или» (Руставели) деген жалғаулар да бар. Адамның кәсібін, лауазымын білдіреді. Алайда грузин халқы кейінгі кезде осы «ели», «или» жалғауларын «дзе», «швили» жалғауларына ауыстыруды қолға алыпты.

1970 жылы Мәскеудің «Наука» баспасынан жарық көрген «Антропонимика» атты авторлар топтамасын қарасаңыз, орыстардан бастап бір кездегі КСРО халықтары фамилияларының шығу тегін зерттеген ғалымдардың қызықты еңбектері алдыңыздан шығады. Оқып отырып, украин, латыш, удмурд, корей, армян, гүржі, еврей, тағы басқа ұлттардың фамилияларының соңындағы жалғаулары қазақтың Шығыс септігіндегі «тан», «тен» жалғауларымен үндесіп жатқанын байқайсыз. Бір өкініштісі, бұл кітапта қазақтың пәмилесі жайында ешкім ештеңе жазбапты.

Тәуелсіздік алғаннан кейін бесігімізді түзейміз деп жүріп есімімізге мән бермегеніміз рас.

«Ештен де кеш жақсы»

Таяуда белгілі тіл маманы, профессор Телғожа Жанұзақов ақсақалға арнайы жолықтым. Ол кісі қазақтың есімдері мен фамилияларын дұрыс жазу жөніндегі 1994 жылғы қаулының дүниеге келуіне үлес қосқан адамның бірі. Телғожа аға бұл қаулыға өзгерістер енгізіп, қайта қабылдау қажеттігін, кезінде әртүрлі себептермен асығыстыққа жол берілгенін жасырмады. Соңына таман мен 1989 жылдың 8-қазан күні дүниеге келген қызымның сол кезде алынған «Тууы туралы куәлігін»

көрсеттім. Ондағы *Жұмабектен Айгүл Серікқызы* деген жазуға алғашқыда таңырқай қарады. «Белгілі тіл маманы, профессор Сапархан Мырзабеков марқұм да осы нұсқаның дұрыс екендігін дәлелдеп, кезінде бірнеше мақала жазған еді. Кеңес үкіметінің, Компартияның қылышынан қан тамып тұрған кезде сен мұны қалай алғансың?» – деп сұрады. Сол кездегі Мәскеу аудандық АХАЖ-да ұлты орыс қызметкермен екі сағат дауласып отырып жеткен жеңісімді әңгімеледім. Енді, міне, ол жайында көпшілікке жариялауға тура келді. Ең бастысы – қызым Айгүлдің өз пәмилесін өте мақтан тұтатындығы. Балабақшада да, мектепте де оны осы пәмилемен атады. Бұған көптің құлағы үйренгелі қашан. Алдағы уақытта бүкіл қазақ аты-жөндерін осылай жазғызса, менің де мақтанышымда шек болмас еді. Түбінде солай болатынына сенімім мо л. Өйткені, төлқұжатымыздағы фамилияның орнына «тегі» деп көрсетілген. Ал ол «қайдан?» деген Шығыс септігінің сұрағын сұранып тұр. Сұраққа әрқайсыңыз өз пәмилелеріңізбен жауап беріп көріңіздерші. Мен қызыма куәлік аларда «Оның тегі – Жұмабектен» деп жауап қайтарғам және солай жаздырғам. Бұл енді дәлелдеуді қажет етпейтін шындықтың өзі емес пе?!

«Президент және Халық» газеті,
24 қараша, 2006 жыл

ҚАЗАҚ ТЕК ҚАЗАҚ БОЛЫП ҚАЛАДЫ ЕКЕН

Биылғы жылдың 18-19 мамыр күндері Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының, тағы басқа ұйымдардың бас-тамасымен Германияның Кельн қаласында Еуропа қазақтарының Кіші құрылтайы өтті.

Ал күзде, 3-5 қазан аралығында Түркістан қаласында өтетін Дүниежүзі қазақтарының II Құрылтайына дайындық жан-жақты жүріп жатыр. Еуропа қазақтарының Кіші құрылтайы сол үлкен басқосуға барар жолдағы дайындықтың бір сатысы болса керек.

Осы шара жөнінде әңгімелеп беруді Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Мәдениет комитетінің төрағасы, белгілі әнші Бекболат Тілеуханнан өтінген едік.

– Еуропа қазақтарының Кіші құрылтайы бір ғажап мереке болды. Ол жақтағы қандастарымыздың дәл мұндай бас қосуы бұрын-соңды болып көрмеген шығар. Германияда біраз қазақтар бар. Солардың ішіндегі Әбдірахман Шетін деген ақсақал бұдан үш-төрт ай бұрын бүкіл Еуропада – Францияда, Швецияда, Норвегияда, Ұлыбританияда, тағы басқа елдерде тұрып жатқан қазақтарға сауын айтып, Германияның Кельн қаласына жиналуға шақырыпты.

Оның алдында Германиядан Арыстан деген бауырымыз Қазақстанға келіп, Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі Мұхтар Құл-Мұхаммедпен ақылдасқан екен. Содан бұл мәселе Қазақстан Сыртқы істер министрлігінің алдына қойылады. Ол жақтағылар бірден қолдау көрсетеді. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы да ынта танытады. Сөйтіп, Еуропа елдерінде тұратын 600-ге жуық қазақтар 18-19 мамыр күндері Кельн қаласына жиналды.

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төрағасының бірінші орынбасары Қалдарбек Найманбаев бастаған топ Кельн қаласының дәл ортасына апарып екі киіз үй тікті. Қазақ

тілінде шыққан кітаптар көрмесі, қолөнер, сурет көрмелері ұйымдастырылды.

Мен президенттік оркестрді апардым. Оның құрамында «Нұр-Мұқасан» дуэті, Досымжан Таңатаров, Ардақ Балажанова сынды әншілер болды.

Жанар Айжанова, Бақыт Шадаева, күйші қызымыз Айгүл Үлкенбаева, белгілі сиқыршы Балтабек Жұмағұлов өздері қаражат тауып, осы басқосуға арнайы келіпті. Бұлардың өнерін тамашалаған шетелдік қандастарымыз бір жасап қалды. Не керек, Кельн қаласының ортасында қазақтар екі күн бойы сайран салдық.

– Сонда өзі бұл басқосудың мәні мен мақсаты не деп білеміз?

– Мен осы сапардан кейін қазақтардың туған жерге деген махаббаты мен туысшылдық сезімі атадан балаға тұқым қуалау жолымен берілетін құбылыс па деп қалдым. Өйткені, Қазақстанды көрмеген, ол жайында еміс-еміс қана үлкендерден естіп өскен жас ұрпақтың туған елге, жерге деген құрметі мен сағынышы, өз ұлтының әні мен күйін, өнерін тебірене түсінуі таң қалдырды. Ата-бабалары кір жуып, кіндік кескен жері – Қазақстанды мақтан тұтады. Сол ата жұртының бүгінде жер шарындағы кез келген мемлекетпен терезесі тең, тәуелсіз ел екеніне шаттанады. Соңдарында іздеушілері, тіреушілері бар екенін Еуропа жұртына сездіріп қойғылары келеді. Өздері тұрып жатқан мемлекеттердегі Қазақстан елшіліктерін арқа тұтады.

Қазақстандағы кейбір тайыздау ойлайтын қандастарымызға тәуелсіздіктің не екенін түбегейлі сездіру үшін сол сырттағы қазақтармен бір рет тілдестірсе, мына өмірдің мәнін бірден түсінерме еді деп ойлаймын.

Әр елдің ішінде тарыдай шашылып жүре берсе, түптің-түбінде жойылып кететіндерін түсінген шетел қазақтары бірлесуге бетбұрған. Сол мақсатпен бұған дейін де ара-тұра бас қосулар өткізіліп тұрғаны белгілі. Енді, міне, ресми түрде, мемлекеттік деңгейде Еуропа қазақтарының Кіші құрылтайы ұйымдастырылды.

Құрылтайға жиналғандар атынан сөз сөйлеген Әбдірахман Шетін ақсақал Кельн қаласының басшылығынан өздеріне аздаған жер бөліп берулерін сұрады. Ол жерде Еуропа қазақтарының мәдени орталығын ашуды армандайды екен. Егер, Кельн қаласының басшылығы болашақта олардың бұл өтініштерін қанағаттандырса, Еуропа қазақтарының мәдени, рухани дамуы біршама алға басары сөзсіз. Белгіленген уақытта олар осы жерге жиналып, емін-еркін араласу арқасында бір-бірімен бұдан да жақындаса түседі. Тілді дамыту, салт-дәстүрді гүлдендіру, құдандалы-жекжат болу, тағы басқа толып жатқан мәселелер көп.

– Біздегі сияқты ұлан-ғайыр жері жоқ алақандай Германия үшін жатжұрттықтарға жер бере қою оңай емес шығар?

– Алғашқы күнгі ресми жиынға Кельн қаласының бірінші басшысынан басқалары түгелдей қатысты. Мен осы жиында баяндама жасадым. Сөзімнің соңында Әбдірахман ақсақалдың ұсынысын қолдап, біраз ойларды ортаға салуға тура келді. Онда мен Қазақстанда жүзден астам ұлттар мен ұлыстар тұрып жатқандығын, олардың мәдени-рухани дамуына, халықтар достығының нығаюына мемлекет тарапынан қатты көңіл бөлінетінін айттым.

Мәселен, Қазақстанда сонау кеңес дәуірінен бері неміс, корей, ұйғыр театрлары жұмыс істеп келетінін, Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің құзырындағы бұл театрлар күні бүгінге дейін мемлекет тарапынан қаржыландырылатыны айтылды.

Бір қызығы, Германия жерінде сақталмаған неміс өнерінің қайсы бір қайталанбас дәстүрлері Қазақстандағы неміс театрында сақталып қалған екен. Қазақстаннан басқа әлемдегі ешбір елде, неміс театры жоқ. Ұйғыр театры Қазақстаннан басқа әлемдегі ешбір елде жоқ. Корей театры да сондай. Бұлардың бәрінде өз елдеріндегіге қарағанда ұлттық дәстүрлері мен өнер қаймағы бұзылмаған күйінде дамып келеді. Ендеше, шетелдерде жүрген қандастарымыздың ізгі мақсаттағы бір өтінішін Германия мемлекеті шешіп береді деп үміттенемін. Неміс халқына бір базына жасайтын кез біздің тарапымыздан да келген шығар дедім.

Қазақта «Еруліге – қарулы» деген сөз бар екенін естеріне салдым. Әбдірахман ақсақалдың бір бұйымтайын жерде қалдырмауларын өтіндім.

– Сонымен Кельн қаласының басшылығы бұл өтініштеріңізді орындауға уәде берді ме?

– Дәл сол жерде бірден шешім қабылдай салу мүмкін емес қой. Өйткені, Кельн қаласының бірінші басшысы белгілі бір себептермен бұл жиынға келе алмады. Орынбасарлары ол кісіге біздің өтінішімізді сол күйінде жеткізетінін айтты. Меніңше, бәрі дұрыс шешімін табатын тәрізді. Тіпті болмаса ол жерді сатып беріңіздер дегенді де құлаққағыс еттік. Олардың Қазақстанға деген ыйластыққа толы көңілдері көрініп тұрды. Көңіл сыйса, бәрі сыятыны белгілі. Уақыт көрсетер.

– Жақсы екен. Енді осы екі күнде өткен мереке барысын өз әсеріңізбен өрнектей әңгімелеуге қалайсыз?

– Ой, бұл жолғы алған әсерімді аз уақытта айтып жеткізе алмаспын. Монғолияның Австриядағы елшісі қазақ жігіті екен, Еуропа қазақтарының Кіші құрылтайына арнайы келді.

Ресейдің, Украинаның, Францияның, Түркияның Германиядағы елшіліктерінен ресми адамдар келіп қатысты. Бұл Еуропа қазақтары Кіші Құрылтайының қаншалықты саяси сипат алғанын, оның қаншалықты дипломатиялық мәні бар екенін аңғартады. Қазақстан атты тәуелсіз мемлекеттің әлем алдындағы беделі күн сайын өсіп келе жатқанын байқатады. «Өзгені сыйлағаның – өзінді сыйлағаның» деп, біздің халық бекер айтпаған. Осы даналық жолын ұстанып, елімізде тұрып жатқан өзге ұлт өкілдерін сыйлау арқылы өзімізді де өзгеге сыйлата білетіндігіміздің бір белгісі осы емес пе. Президентіміздің ел ішіндегі татулық, халықтар достығы туралы жиі айта беру себебін көпшілік енді түсінген шығар.

– Беке, бұл жиында өзіңіз ән айттыңыз ба? Әсіресе, қобызға қосылып салатын тебіреністі саздарыңызды...

– Апыр-ай, енді мақтанып кететін болдық қой. Қобызбен ән айтқаным жоқ. Ал, Ақтамбердінің толғауы мен «Елім менінді»

салғанымда шетелдік қандастарымыз орындарынан тұрып кетті. Олардың сезім түйсігі тым өзгеше. Қарап тұрып жаның ашиды. Сөйтіп, өзін де бір тебіреністі күйге түседі екенсің. Еуропа қазақтары Қазақстандағы бірен-саран әншілерді ғана білетін көрінеді. Мана жоғарыда аттары аталған саңлақтарымыздың өнерлерін көргенде Еуропа қазақтары қазақ деген ұлттан жаңа туғандай күй кешті. Өздерінің қазақ болғаны үшін бақытты екендіктерін көздеріне жас алып айтып жатты. Енді тек Алла тағаладан Қазақстан мемлекетінің амандығын күніне мың мәрте сұрап жүреміз деп ақтарыла сыр ашты.

Байқап қарасам, бәрінің жағдайлары жақсы сияқты. Іштерінде әртүрлі жоғары білімді мамандар да аз емес. Дәрігер де, инженер де, бизнесмендер де, экономистер де, тіпті журналистер де жүр.

– **Бұлардың елге қайтқылары келмей ме екен?**

– Өзірге жоқ. Келешекте мүмкін. Қазақстанға келгенде дәл қазір жағдайлары жақсы болмайтынын сезеді. Біздің әлі де дамып, Еуропа елдерінің қатарына жетуімізді қалайды. Олардың материалдық қажеттіліктері бізге қарағанда әлдеқайда жоғары. Соған үйреніп қалған. Бірақ, рухани қажеттіліктерге шөліккеп жүргендерін жасырмайды. Оны бізден алғылары, яғни ұлттық нәрмен сусындағылары келеді.

– **Кіші Құрылтайға жиналғандардың жас айырмашылықтары қандай деңгейде болды?**

– Бұл басқосуға кемпір мен шалдан бастап, орта жастағылар да, тіпті қыз-жігіттермен қоса балғын жастағылар да, бәрі-бәрі тайлы-тұяғы қалмай келіпті. Күндіз жиналыс арасында фольклорлық жанрдағы концерттер қойдық. Кешке жақын эстрада әншілеріміз сахнаға шықты. Жастарымызға жергілікті тұрғындардың жастары қосылып, дуылдата билеп кетті. Таң атқанша армансыз көңіл көтерді. Бұл жақтан барған қазақтар мен ол жақтағы қазақтар арасында футбол жарысы өтті. Біздің жігіттер ұялмай-ақ, оларды жеңіп қайтты.

– **Бір жағынан дұрыс та шығар. «Жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар» деген емес пе. Мемлекеттің туын ұстап, 8 миллион-**

ға жуық қазақтың атынан барған жігіттеріміз аз ғана топтан жеңіліп жатқаны жараспайды ғой. Шетелдік қазақтар ана тілдерін қаншалықты жетік біледі екен?

– Жастар жағы туған тілін керемет білмейтін сияқты. Үлкендері осыған қатты алаңдайды. Тілімізді дамытуға көмектесіңіздер деп бізге жалтақтайды. Қазақ тіліндегі әдебиеттермен, оқулықтармен қамтамасыз етуімізді сұрайды. Болашақта бұл жағын да түбегейлі қолға алармыз деп уәде бердік.

– Егер олар қазақ тілін ұмытса, келешекте Франциядағы қазақ пен Англиядағы, Швециядағы, Норвегиядағы қазақтар бір-бірімен аудармашы арқылы түсінісуге тура келеді десеңізші.

– Жоқ, олай болмайды. Еуропалық қазақтардың кез келгені түрік тілін жақсы біледі. Бір-бірімен түрік тілінде сөйлеседі. Бұлардың бәрі сонау үркіншілік заманда Қытай ауып, одан Үндістан, Пәкістан арқылы Түркияға келген қазақтардың ұрпағы. Ал, түріктер Еуропа елдерінде көптеп орналасқан. Солармен бірге жұмыс іздеп келген қазақтардың біразы Еуропа елдерінде орын теуіп қалған. Биыл сол қазақтардың кезінде Түркияға келгеніне 50 жыл толады екен. Осы мерекені кең көлемде атап өтуге қызу дайындалу үстінде.

– Араларында ірі капиталист шығатындай қазақтар байқалмады ма?

– Ондай ірі байлықты иемденген қазақтар ол жақта әзірге жоқ сияқты. Көбісі орташа және орташадан жоғары тірлік кешетіндей. Бәрінің орта білімі бар, сауатты. Оқымай қалған қазақты көрмедім. Мінездері, ішкі жан-дүниелері баяғы қазақы қалпында. Ақкөңілділік, дархандық, қонақжайлылықпен қатар, мақтаншақтық, рушылдық, алтыбақан алауыздылық, тағы басқа қасиеттерді олардан да тауып алу қиын емес.

– Өмір бойы жат жерде өскен, сол елдердің мәдениеті мен білімін бойларына сіңірген, солардың тілін ана тіліндей білген қазақтың ұрпағы ұлттық қасиетін сол күйінде сақтап қалуыға тырысқандары жақсы нәрсе. Ал біздегі, өз

Отанымыздағы қазақтар сәл орыстардың ортасына түссе неге өз тілі мен салт-дәстүрінен, ұлттық қасиетінен жеріп шыға келеді? Енді сол қазақтармен бұл қазақтарды салыстырып көрейікші.

– Бұл өзі үлкен тақырып қой. Дегенмен, қысқаша өз пікірімді білдірейін. Меніңше, шет жердегі қазақтарда қорғаштану, іштей сақтану (инстинкт самосохранения) қасиеті қатты белең алған. Өйткені, олардың мәдениеті мен тілінің дамуына, салт-дәстүрінің сақталуына өздерінен басқа ешкімнің басы ауырмайды. Бөтен мемлекет азаматтығын бергеніне, жұмыс істеп, күн көруге мүмкіндік жасағанына риза.

Ал біздегі кейбір қазақтар өз елінде жүргендіктен ұлттық қасиет туралы көп ойлана бермейді. Оның үстіне ұзақ жылдар бойы орыс тілі біздер үшін өркениетке өтудің, жақсы тұрмысқа жетудің құралы болды. Қазақ тілін білмеген адамды өзіміз арқаға қағып, алға оздырдық. Ал тәуелсіздік ала салысымен елдің бәріне бірден қазақша сөйлеп кетпедің деп өкпеледік. Осы тұста Елбасымыз тағыда салиқалылық танытты. «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» деді. Әне, шетелдегі қазақтар Еуропа елдерінің тілдерін соншалықты жетік білгеніне қарамастан, бір-бірімен тек қана қазақша сөйлеседі, немесе түрік тілінде сөйлеседі. Түрік тілі – кәдімгі өз тіліміз. Себебі, түріктердің өздері түрік тілінің төркінін қазақ тілінен іздеп жүр ғой.

Осыған байланысты айта кетейін, Еуропа қазақтарының ата жұртына әзірге асықпауының бір себебі біздегі орыс тіліне байланысты болып отыр. Олар мұнда келсек, орыс тілін білмей қиналамыз деп қорқады.

– Қазіргі кезде жаһандану деген әңгімені көп айтатын болдық. Менің ойымша осы Еуропадағы қандастарымыз сол жаһанданудың белгілерін бастарынан өткеріп жатқан жоқ па?

– Олай деп айта алмаймын. Олар ұлттық қасиеттерін өз іштерінде ғана сақтап қалған аз ғана топ. Сыртқа, яғни сол елдегі үрдістерге таза ұлттық тұрғыда әсер ете алмайды. Ал жаһандану

кезінде әрбір ұлт өзіндік қасиетімен әлемді мойындата отырып, өркениет төрінен орын алуы тиісті. Соған төтеп беру Қазақстандағы қазақтардың мойнына жүктелген. Сондықтан да, шетелдегі қандастарымыз өздерінің Ұлы Отандарынан үлкен үміт күтеді. Біз арқылы ғана олар ұлттық қасиеттерін сақтап, гүлдене алатындарына көздері жеткен.

– Сөзіңізге қарағанда, Еуропадағы қазақтарға Қазақстаннан гөрі Түркияның ықпалы күшті сияқты ғой. Бұл жақсы ма, жаман ба?

– Еуропадағы қазақтарға Түркияның ықпалы көп екені рас. Себебі, ол қазақтар Түркияны өздерінің бір отаны деп есептейді. Сол түрік ықпалының арқасында олар ұлттық дәстүрін, тілін, дінін сақтап қалған. Егер шындап келетін болсақ, Еуропа қазақтарын қазақ қылып тұрған – мұсылман діні. Бұлар дінге қатты берілген. Сондықтан да, сыртқы күш олардың ішкі ынтымақтастығына іріткі сала алмайды.

Еуропа қазақтары қыздарын тек қана қазақтарға ұзатады. Басқа ұлттарға қыз беру деген олар үшін қылмыспен тең. Ал еркектер жағы басқа ұлт өкілдеріне үйлене береді. Бірақ, алған әйелі міндетті түрде мұсылман дініне кіріп, қазақ тілінде сөйлеуге тиіс екен. Мен оны өз көзіммен көрдім. Атын ұмытып қалдым, бір қазақ жігіті норвегиялық қызбен отасыпты. Ол кісі басына орамал салып, мұсылман дінін қабылдап, қазақ тілін аз-ақ уақытта үйреніп шыққан. Түр-әлпетіне қарасам, кәдімгі өзі сары, көзі көк... Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Қорыта айтсақ, Еуропа қазақтарынан біздің де үйренеріміз аз емес. Алдағы уақытта барыс-келісіміз жиілей түсері сөзсіз. Түптің түбінде олар өз Отанына қайтатынына да сенімдімін. Сөйтіп, бір-бірімізден үйренісе жүріп, жаһандану бағытына да батыл түрде бет бұрармыз. Менің бұл сапардан көрген-білгенім, көкейіме түйгенім осы. Басқа не айтайын.

– Әңгімеңізге рахмет.

«Егемен Қазақстан» газеті,
31 мамыр, 2002 жыл

ТҮСІНБЕСТІКТІҢ ТАМЫРЫ ТЕРЕҢДЕ МЕ?

Қызмет бабымен кезекті бір сапарда жүргенімізде бірнеше ұлт өкілдері еңбек ететін ірі өндіріс орнында болғанымыз бар. Шаруашылық жайымен танысып, адамдармен жақынырақ сөйлесудің мүмкіндігі туды. Сәлден кейін олар қай газеттен келгенімізді сұрады. Ұлттық баспасөз өкілі екенімізді білгеннен кейін көпшіліктің бізге деген көңілі сәл салқындап қалғандай көрінген...

Жанымызда тұрған жергілікті басшылардың бірі мұны сезе қойды да:

– Сіздердің газеттеріңіз екі тілде бірдей шықпай ма? Ендеше, біз туралы мақала жазсаңыз, оны орыс тілінде де оқимыз ғой. Кәне, өзекті мәселелерімізді ашық айтайық,– деп жұртты желпіндіргенсіп қойды.

Дәл осы сәтте не дерімді білмедім. Басшы қызметтегі, жоғары білімді маманның ұлттық баспасөз туралы пікірі әлгіндей болғанда, қарапайым жұмысшыларға ол жайында түсіндіріп жату қиынға соғатынын сездік. Жалпылама, екіұштылау жауап қайтардым-ау деймін. Әйтеуір, орыс тілінде де мақала шығарам деп уәде бермегенімді жақсы білем. Себебі, орыс тілінде шығатын газеттерге апарған шығармаларын «өткізе» алмаған соң қазақ газеттерінің табалдырығын тоздыруға мәжбүр боп, аудармашы іздеп жүрген біраз авторларды көргенмін. Бірақ, дәл осы арада бір құрылтайшының екі тілде шығатын газеттері бір-бірінің көшірмесі емес екендігі жайында «лекция» оқып, елдің басын қатыруды артық деп ұйғардым.

Дегенмен, бұл әңгіме еріксіз ой тереңіне жетелей берді. Қазақ тіліне қанша жерден мемлекеттік мәртебе әперсек те мына қалпында көсегесі көгермейтіндей. Ұлттық тілдің тірегі баспасөз десек, оның да жеткен өрісі жаңағыдай.

Расында да, орыс тілді оқырмандар үшін «Казахстанская правда», «Ленинская смена», «Советы Казахстана» тұрғанда,

«Социалистік Қазақстанның», «Халық кеңесінің», «Лениншіл жастың» қажеті қанша? Себебі, біраз адамдар ол басылымдарды орыс газеттерінің тікелей аудармасы деп қабылдаса, енді біразы ұлттық газеттер тек сол ұлттың мүддесін қорғайтын, сол жайында ғана жазатын басылымдар деп біледі.

Шын мәнінде олай емес екенін құр сөзбен қалай дәлелдейсің. Сірә, мұның бір жолын қарастырған дұрыс шығар? Тек қана мемлекеттік мәртебе алған тілімізді басқаларға тықпалап үйрету мақсатында емес, әрине. Ең бастысы, қазіргі қиын-қыстау кезеңде бір үйдің баласындай тіл табысып, ынтымақтастығымызды арттыра беру үшін бұл ауадай қажет болып тұр. Бірінің тілінді бірің білмесең, қалай түсінісесің. Ондайда еріксіз аудармашы қажет.

Еліміздегі біржақты өктем саясаттың «арқасында» бәріміз дерлік орыс тілін түсінетін жағдайға жеттік. Орыс тілінде шығатын басылымдарды еркін оқи аламыз. Алайда, басқа оқырмандар бізді оқиды да, түсіне де алмайды. Сондықтан, ұлттық газеттер не жазып жатқанынан олар мүлдем бейхабар десек, артық айтқандығымыз емес. Яғни, сенің тарихың да, салт-дәстүрің де, бүгінгі өзекжарды мәселелерің де оларға толық жетпейді. Осы үшін орыс тілді көпшілік оқырмандарды кінәласақ, күпірлік болар еді. Олар қайдан білсін, республикадағы барлық халықтардың проблемасын орыс газеттері де жазып жатыр деп ұғынады. (жоғарыдағы мысалды еске алыңыз.) Бірақ кілтипан басқада болып тұр.

Осы мақаланы жазардың алдында 1986 жылдан бергі республикалық, орталық орыс тілді басылымдардың біразын әдейі шолып шықтық. Байқағанымыз, орыс тілді басылымдарда баяғы өктемдік сарыны басым екен. Тіпті, реті келсе ұлттық газеттерді бір «нұқып» қалуға тырысатындай.

Қазақ газеттерінде жарияланып жатқан ұлттық, халықтық мәселелердің мұнда ізі де көрінбейді. Әсіресе, қазақтың жерін бөлшектеуге, ұлт тарихын бұрмалауға келгенде бұл газеттер еркін көсілетіндей. Қазақ газеттері оған қарсы шырылдап

жауап беріп жатқанымен, үні құмығып шығады. Ол жайында өзіміз ғана біліп, оқып жүре беріппіз.

Басқа газеттерді айтпағанның өзінде бұдан бір жыл бұрын ғана дүниеге келген «Халық кеңесінде», «Қазақтың жері кімдікі?», «Атамұрадан қол үзбейік», «Халықтың тіні – тілі», «Жамалған орталық емес, жаңарған Одақ қажет», тағы басқа осындай айдарлармен шыққан небір сүбелі шығармалар өз ауламыздан әрі аса алмапты.

Ақиқатына жүгінсек, бұлардың ішінде орыс газеттеріне «өтпеген соң» еріксіз қазақша аударып бізге әкелінген мақалалар да бар. Сонда қазақ газеттері тек қазақ оқырмандары үшін, орыс газеттері орыс оқырмандары үшін ғана шығатын болғаны ма деген сұрақ туады. Бұған, әрине, «жоқ» деп жауап бере аламыз. Әйтсе де, «Аузы қисық болса да байдын ұлы сөйлесін» деген сыңарезу саясаттың сарқыншағынан әлі арыла алмағанымызды мойындауға тиіспіз. Саясат демекші, мұның салқыны кейбір «саяси қайраткерлер» мен халық қалаулыларына да осал тимей жүргенін несіне жасырамыз. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сессияларында біраз депутаттарымыз Солженицын мен Петрушенконың, Водолазов пен Васильеваның «жетегінде» кетіп, «мен не деймін, домбырам дейдінің» кебін киіп отырғаны осының айғағы.

Мемлекеттік тілді әлі меңгере алмай жатқан депутаттардың санасына ұлттық баспасөз беттерінде көтерілген өзекті ойлар сәл сәулесін түсіргенде бәлкім олар дәл бұлай ара-дара күй кешпеген болар ма еді, кім білсін? Осы орайда мына бір жайт тағы еске түседі.

Павлодар облысында Ермак деген қала бар екенін бәріміз жақсы білеміз. Сондағы жергілікті басшылардың біріне жолығып қалғанымызда:

– Ермактың кім екеніне көзіміз жетті ғой. Енді оның мына айбынды ескерткішін алып тастап, қаланың атын өзгертпейсіздер ме?– деп сұрадық. Сонда ол: «Ойбай, айта көрмеңіз! Олай етсек, осындағы мына ірі заводтың жұмысшылары ереуілге шығамыз деп қорқытып отыр» дегені бар. Сөйтсек, ермактықтар әлі күнге

дейін Ермакты өздерінің ұлттық батыры санайды екен. Егер, академик М. Қозыбаевтың қарақшы Ермак туралы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған шығармасы республикалық орыс тілді газеттерде аударып басылғанда, мұндай сыңаржақ ұғымның шеті баяғыда сетінер еді-ау деп ойлайсың. Бірақ, ол әзірге оңай шешілетін шаруа емес және оған мән бермей жүргендейміз.

Егер, көп ұлтты республикамыздың, көш бастаушысы өзіміз екенімізді танытқымыз келсе, алдымен мына мәселелерді түбегейлі шешу керек:

Біріншіден, республикадағы орыс тілінде шығатын газеттердің редакторлығына екі тілді бірдей білетін адамды тағайындауды жедел шешкеніміз дұрыс. Кавказ бен Балтық жағалауындағы республикаларда бұл баяғыда жолға қойылған.

Екіншіден, республикамызда шығатын неміс, ұйғыр, корей тілдеріндегі газеттердің де орысша аудармасын шығарған жөн болар еді. Алайда, оған қазіргі қағаз тапшылығы қолбайлау жасайтынын түсінеміз. Сондықтан, ол басылымдарда бүкілхалықтық мәселеге байланысты жазылған ойлы мақалаларды да орыс тілді газеттерге бастыру жағын ойластырған артықтық етпейді. Себебі, бұл басылымдарда не жазылып жатқанын екінің бірі біле бермейді.

Үшіншіден, орыс тілінде келіп түсетін ақпараттарды барлық басылымдарға бірдей аударып тарататын ҚазТАГ енді ұлттық басылымдарда жарық көрген салмақты шығармаларды да басқа газеттерге аударып тарататын уақыт жетті.

Егер, бұл ұсыныстарды іске асыру қиындық тигізсе, мұның тағы бір жолын талқыға ұсына кетейік. Ол республиканың Ақпарат министрлігін құруға келіп саяды. Алдағы уақытта осы ниет көпшілік тарапынан қолдау тапса, бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі дербес сала бойынша дамып, өзін-өзі қаржыландыру, газеттің ұтымды таралуын ұйымдастыру тағы (басқа жұмыстар) жүзеге асар еді.

Сонымен қоса, ұлт тіліндегі газеттерде жарық көрген мақалаларды да орысша шығатын басылымдарға аударып басуға мол мүмкіндік туады.

Мысалы, қазақша шығатын республикалық немесе облыстық газеттердің бірінде халықтық тұрғыда ой қозғаған бір

мақала орыс тілді газетте де басылуға тиісті деп тапқан жағдайда, оны редакция алқасында талқылап, редактордың қол қойған хатымен бірге Ақпарат министрлігіне жіберу керек. Ондағы осы іспен арнайы айналысып отырған мамандар жаңағы туындыны дереу орысшаға аударып, тиісті газеттерге жолдайды. Бұл енді ресми түрде келіп түскен, жарық көруге толық қақысы бар шығарма болып шығады.

Осы жөнінде «Баспасөз және Бұқаралық хабарлама құралдары туралы» заңының үшінші бабында:

«...Республика Қазақ ССР-індегі Тіл туралы заңға сәйкес бұқаралық хабарлама алу мен тарату жөнінде Қазақ ССР азаматтарының ана тілін және басқа тілдерді пайдалану правосын қамтамасыз етеді.

Бұқаралық хабарлама құралдары бұл мақсаттарда басылымдарды аударудың, жарыса шығарудың, ілеспе және субтитрлі аудармалардың мүмкіндігін пайдаланады» делінген.

Ендеше, біздің ойымызбен үндес шығып жатқан осы заң жобасының бір ғана бабын жүзеге асыру қиындық туғыза қоймас. Сонымен қоса, «бізде заң көп шығады, бірақ орындалмайды» деген кейбір атүсті пікірлердің асығыстау айтылғанын да дәлелдеген болар едік. Сондай-ақ, осы игі бастаманың арқасында республикамызда қазақ тілінде жарық көретін облыстық, тіпті аудандық газеттермен қоса басқа тілде шығатын (ұйғыр, корей, неміс) басылымдардың да беделі артып, республика түгілі орталық газеттердің өзімен иық теңестіре алады. Келе-келе орыс тілді оқырмандар қазақ тілінде шыққан қажетті материалдарды түпнұсқадан оқуға тырысады. Сөйтіп, қазақ тілін үйренуге деген ықыласы артады. Мұнымен бірге қазіргі алмағайып кезеңнің күрделі жағдайларын, әсіресе, ұлттық шиеленістерді шешудің жолы оңайлай түседі деп білеміз.

Жариялылық пен демократияны жүзеге асырамыз десек, осы істі кешіктірмей қолға алайық. Олай етпесек түсінбестіктің тамыры тереңдей береді.

«Халық кеңесі» газеті,
7 мамыр, 1991 жыл

СӨЗІМІЗГЕ ІСІМІЗ САЙ БОЛСА ДЕП...

Былтырғы желтоқсан айында қалың сайлаушы ел өз қалаулыларына сенім мандатын берді. Сөйтіп, демократиялық жағдайда жұмыс істеуге міндетті жергілікті Советтердің президиумдары дүниеге келді. Олар республикамыздағы «Тіл туралы заңның» жүзеге асуына қандай үлес қосып жатыр? Осы жайында Павлодар облыстық Советі президиумының аға референті Ульянов Мақұловпен газет тілшісі кездесіп облыс көлемінде жасалынған істер туралы ой толғайды.

Республикамыздың «Тіл туралы заңы» біздің дәуірдегі мәні ерекше құжаттардың бірі. Осы Заң арқылы қасиетті ана тіліміз мемлекеттік мәртебе алды, орыс тілі ұлтаралық қарым-қатынас тілі ретінде танылды. Сондай-ақ кең-байтақ республикамызда тұратын барлық халықтардың, ұлттық топтар өкілдерінің өздерінің ана тілін емін-еркін пайдалануы үшін жағдай жасалатындығына кепілдік берілді.

Облыста «Тіл туралы заңның» күшіне енуіне әзірлікке байланысты бірқатар шаралар қолға алынды. Заңды дәйекті түрде іс жүзіне асыруда алғашқы кезектегі жұмыстар жасалды. Қазақ тілінде оқытып, тәрбие беретін балабақшалар мен жалпы білім беретін мектептер саны көбейе түсуде. Ана тілінде дәріс беретін ондаған қосымша кластар ашылды. Балабақшалар жанында қазақ тілінде 49 топ және неміс тілінде 23 топ жұмыс істейді. Орыс тілінде оқытатын мектептерде, кәсіптік-техникалық училищелерде, орта және жоғары оқу орындарында қазақ тілі негізгі пән ретінде оқытыла бастады. Жекелеген кәсіптік-техникалық училищелерде қазақ жігіттері мен қыздары ана тілінде жұмысшы мамандықтарын меңгеруде.

Халқымыздың әдет-ғұрып, салт-дәстүрінің озық үлгілерін жаңартып, кәдеге асыруда да игі істер қолға алынып жатыр. Көктемде болып өткен Павлодар өңіріндегі Наурыз мерекесі бүкілхалықтық сипат алды. Ал, Қазақ ССР-і мен Қазақстан Коммунистік партиясының 70 жылдығына арналған облыс ор-

талығындағы суырып салма ақындар айтысы нағыз өнер мерекесіне айналды. Облыста, сондай-ақ орыстың әзіл-тақпақ өлеңдерінің күндері, татар және неміс әдебиеті мен өнерінің мерекелері өткізілді. Енді ұлттық спорт ойындарының түрлері бойынша өтетін жарыстарға жол ашылмақ.

Облыстық «Қазақ тілі», совет немістерінің «Қайта өрлеу». Ертіс өңірін мекендейтін корейлердің ұлттық қоғамдық ұйымдары құрылды. Екібастұз қаласында совет немістерінің, облыс орталығында татар халқының мәдени орталықтары ұйымдас-тырылды. Болашақта қазақтың ұлттық-мәдени орталығы ашыл-мақшы. Облыстық Қазақ драма театрын ашу жөнінде шешім қабылданып, ол жүзеге асу үстінде. Сол секілді, Павлодар му-зыка және Ермак мәдени-ағарту училищелерінде жергілікті ұлт өкілдерінен мамандар даярлау ісі қолға алынды.

Қазір облыстағы 14 селолық Советте іс қағаздары қазақ тілінде жүргізіле бастады. Жаңа жылдан бастап тағы да 10 селолық Совет іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізуге көшетін болады. Облыстық газеттердің беттерінде, теледидар хабарларында қазақ тілінің бе-делін көтеру, оның арын арлап, жоғын жоқтау жайы біршама сөз болып келеді. Облыстық «Қызыл Ту» және «Звезда Прииртышья» газеттері қазақ тілін өз беттерімен үйренемін деушілерге көмек көрсету мақсатында тұрақты сабақтар өткізіп отыр.

«Қазақ ССР-інің Тіл туралы заңы» үстіміздегі жылдың бірінші шілдесінен бастап өз күшіне енді. Қазақ тілі мемле-кеттік тіл статусын алды. Осыған орай Май аудандық Советінің президиумы өз мәжілісін қазақ тілінде жүргізді. Сонымен қа-тар, көптеген товарлардың этикеткаларын жазуда қостілдік принципі біркелкі сақтала бастады.

Алайда, бұл Заңды жүзеге асыруда орын алып отырған кемшіліктер де, қолбайлау болып отырған кедергілер де бар-шылық. Ұлтаралық қарым-қатынасты нығайтуда облыста тұратын өзге ұлт өкілдерінің жергілікті халықтың тілін үйре-нуінің мәні бар. Бұл өзара түсіністікті жеделдетеді. Жергілікті халық өзіне деген құрметті сезінеді. Әртүрлі ұлт өкілдерінің

арасында тілдік және психологиялық кедергілер жойылады. Дегенмен, жергілікті жерлерде мұндай игі істер көп байқала бермейді. Оның басты себебі, біздіңше, еңбек коллективтерінде қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде дамыту жөніндегі тиісті ұйымдастырушылық және түсінік жұмыстары жеткілікті жүргізілмегендіктен. Бұл бағытта жергілікті «Қазақ тілі» және «Білім» қоғамдық ұйымдарының, әйелдер, ардагерлер кеңестерінің мүмкіндіктері толық пайдаланыла бермейді.

«Тіл туралы заңның» ресми түрде күшіне енуімен қазақ тілінің көсегесі өзінен-өзі көгере қалмаса керек. Сонда, қолымыздан келер нелер бар? Ең алдымен, туған тілге деген құрметті арттыра түсуіміз керек қой деп ойлаймыз. Қалайша? Бұл ретте ана тілімізге қамқорлық жасау алдымен сол тілде сөйлейтін халыққа жүктелетінін ұмытпағанымыз абзал ғой. Олай болса, бұқара арасында тәрбие, түсінік жұмысын жүргізе білсек, ана тіліміздің өзіне тән сан-салалы ерекшеліктерін барша жұртқа таныта алсақ, тек сонда ғана қазақ тілін үйренушілер жылдан-жылға көбейе бермек.

Сонымен бірге, мекемелердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары Заң талаптарын орындауға деген жауапкершілігін арттыруды да қолға алудамыз. Мысалы, оқу-ағарту, мәдениет, кеңсе салаларындағы қолда бар мамандарды орналастыруға, тәрбиелеуге баса назар аударуға болады. Өткізілетін жоспарламалар мен кеңестерді ана тілінде, не болмаса екі тілде бірдей аралас түрде өткізуге неге көшпеске? Бұл, әсіресе, сауда, денсаулық, халыққа тұрмыстық қызмет көрсететін орындарға тікелей қатысты. Бүгінде мекен-жайлардың, шаруашылықтардың, көше аттарын, түрлі жарнамалар мен хабарландыруды екі тілде бірдей жазуды қатаң бақылауға алып отырмыз. Оқырмандардың қазақ тілінде шығатын газет-журналдарға жазылуы да назардан тыс қалған жоқ. Өз ана тілін еркін меңгеріп, сол тілде іс қағаздарын жүргізуге талпынған әрбір адам алдымен мерзімді басылымдарды еркін оқи алатындай дәрежеге жетуі керек. Сонда ғана іс нәтижелі болмақ.

Сөз жоқ, осы сияқты шараларды облысымыздың әр жерінде жүзеге асыруға тиістіміз. Осы іске қатысты мекеме басшылары жауапкершілік жүгі жеңіл еместігін қашанда есте ұстағандары жөн. Ал, «Тіл туралы заңның» жүзеге асуы жергілікті жердегі мамандарға тікелей байланысты. Нақтылап айтсақ, қазақ тілінде, бірен-саран жерлерде неміс тілінде іс жүргізудің материалдық-техникалық базасының нашарлығы кімге де болса аян. Оның жайы «Қазақ тілін және Қазақ ССР-індегі басқа да ұлт тілдерін дамытудың 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасын» басшылыққа алуға да қатысты. Сондықтан, іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізетін аудандар мен селолық Советтердің, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың мүддесі жоғары жақтың назарынан тыс қалмаса екен.

**«Халық кеңесі» газеті,
тамыз, 1990 жыл**

ЫНТА БАР, МҮМКІНДІК КЕРЕК

Былтыр қыркүйектің 22-сінде XI сайланған Қазақ ССР Жоғарғы Советінің кезектен тыс XIV сессиясында «Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Тіл туралы заңы» қабылданды. Осы заң күшіне енген үстіміздегі жылдың 1-ші шілдесі қарсаңында біздің тілшіміз Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі салалары бойынша құрылған біріккен «Қазақ тілі» қоғамының жұмысымен танысқан болатын. Бүгін сол қоғам төрағасының орынбасары Рақымқұл Әуесұлы Балмахаев жолдаспен жүргізген сұхбатын назарларыңызға ұсынып отырмыз.

– Бұдан бір жыл бұрын ана тілімізге мемлекеттік мәртебе береміз дегенде кейбіреулер мұны әсіре науқаншылықтың әсеріндей қабылдаған еді. Енді біреулер тіл тағдырын тиынмен өлшеп, оған кететін шығын мөлшерін шотқа қағып әбігерге түссе, кейбіреулер оның болашағына сенімсіздікпен қарады.

– Шынында да, ауыздағысын өзгеге жырып беріп, қажет жерінде астындағы жалғыз атын басқаға түсіп беруге дағдыланған кең пейіл халқымыз бұдан сәл кешіккенде тілінен де айырылып қала жаздаған жоқ па? Осыны түсінген республика жұртшылығы үкімет пен партияның қолдауымен қазақ тіліне Мемлекеттік мәртебе әперіп, оны заңмен бекітті. Сол заң кеше ресми түрде күшіне енді. Егер осымен іс бітті деп, аяқты алшаң басып жүре берсек, тағы да үлкен ағаттыққа ұрынатынымыз ақиқат. Бізде тіл мәселесі күн тәртібінен әлі түскен жоқ. Сондықтан, бұл жөнінде әлі талай әңгіме қозғауға тура келеді.

– Раха, өзіңізбен алғаш рет сіздердің министрліктеріңізге қарасты күзет басқармасында құрылған «Қазақ тілі» қоғамының бірінші құрылтай жиналысында кездескен едік. Сонда Владимир Ватутин деген азаматпен таныстырғансыз. Ол бізбен қазақша сөйлескен болатын.

– Мен ол жігітті сізбен әдейі кездестіргенмін. «Мың сөзден бір іс артық» дегендей, жалаң ақпарларды алдыңызға тартқанша, тіл үйреніп жүрген жігіттердің өзімен ауызба-ауыз сөйлессін дегенмін.

– **Оныңызға рахмет. Сондай жігіттердің қатары көбейе беруіне тілектеспін. Бірақ, сіздердегі кейбір қазақ басшыларының өзі ана тіліне шорқақ екенін байқап қалғандаймын.**

– Әрине, ондайлар бар, бірақ оларды кінәлағанмен ештеңе шықпайды. Жаңағы Владимир сияқты жігіттерді көрген соң намыстанар, ұяттары оянар деп білейік. Бізде кейінгі кезде басқа ұлттың өкілдері қазақ тілін үйренуге құштарлық танытып жүр.

– **Бәлкім, қызметте жылдам жоғарылау үшін немесе аттестациядан өтпей қаламын ба деп қорқатын шығар!**

– Жоқ, біздің қызметіміз бұқара халықпен тығыз байланыста екені дәлелдеп жатуды қажет етпейді. Әсіресе, жігіттер ауылдық жерлерге барғанда жергілікті тұрғындармен тіл табысып жұмыс істеулері керек. Ол үшін ең алдымен тіл білмесе болмайды. Қаланың өзінде де, тіпті қай жерде де тіл білгеннің артықтығы жоқ. Ол туралы өткенде Владимир жақсы айтты ғой.

– **Иә, Владимир біраз нәрсенің басын ашқан еді.**

– Мысалы, қалада болсын, далада болсын, кейбір қайшылықты сәттерде басқа ұлт өкіліне өз ана тілінде бірауыз жылы сөз айту арқылы-ақ істің бетін басқа жаққа бұруға мүмкіндік туады. Сондықтан, ПМ-нің саласында тіл үйрену мәселесіне қатты көңіл бөлінуде.

– **Осы сөзіңізді нақтылай түссеңіз!**

– Мұндайда кімде болса қағазға үңіліп, жоспар-жобасын алдына тартатыны белгілі. Мен де сөйтеімін. Бұл кейде қағазбастылықтың, көзбояушылықтың, науқаншылықтың белгісіндей көрінетін кездері бар. Дегенмен де, түсінікті болу үшін... Мынау, міне, Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі салаларында құрылған «Қазақ тілі» қоғамдарының бағыт-бағдарын ай сайын, тоқсан сайын, жыл сайын не істеу керек екенін анықтайтын жоспарымыз. Мұны дайындау үшін қаншама жұмыс істедік.

Осыны тасқа бастырып алудың өзі қиынға түсті. Бір жақсысы, сыртынан мақтап жақсы көрінейін деп отырғам жоқ, министріміз М. Т. Берсенев жолдас осы іске көп мұрындық болды. Біздің ұсынысымызды коллегияда талқылап, өз қолымен бекіткеннен кейін бұл өз ішіміздегі кішігірім заңға айналды десек артық айтқандық емес.

– Кешіріңіз, әңгіmemіз әлі қағаз төңірегінен әрі өрбімей жатқан сияқты. Ынталарыңыз жақсы, талаптарыңыз таудай екеніне күмән жоқ.

– Осының бәрі іс жүзіне қалай асып жатыр демексіз ғой? Біз қазір өз саламыз бойынша республикада 23 «Қазақ тілі» қоғамын құрып үлгердік. Қоғам мүшелерінің саны бүгінде мыңнан асады. Олардан түскен жарна есебінен әлеуметтік әр мекемеге бір-бір мұғалім жалдап, сабақ өткізіле бастады. Сол қаржыға қазақша машинкалар сатып алып, іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізсек деген ойдамыз. Бірақ, қазақша машинка қолға түспейді екен. Тіпті, бұлардың бәрі жүзеге асқан күннің өзінде қазақша сауатты жазатын мамандар да таптыра бермейді. Сондықтан, бар салмақ қазақ тілі қоғамдарымыздың бастауыш ұйымдарына түсейін деп тұр. Қатардағы қызметкерлер мен орта буын басшыларды ауызекі сөйлеу тіліне үйретіп, содан кейін жазып-сыза білетін дәрежеге дейін жеткізсек дейміз. Ал жоғары буындар мен басқармаларда әзірге іс-қағаздарын жүргізіп, халықтан түскен арыз-шағымдарды қарау үшін қазақша-орысшаға жетік, сауатты бір адамға қызмет бөлмекшіміз. Кейін елдің көпшілігі мемлекеттік тілімізді меңгергеннен кейін аудармашылық қызметтің өзінен-өзі қажеті болмай қалады.

– Осы әдіс өте тиімді деп ойлайсыз ба? Кейбір жерлерде аудармашылар жалдап алады да, тілді үйренгілері келмеуі мүмкін ғой

– Олай емес, біздің жобамызда көрсетілгендей, бұдан былай қызметке жоғарылатқанда екі тілді бірдей жетік білетін адамдар бірінші тартылады.

– Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берудегі басты себеп, ең алдымен, өз тілін білмейтін немесе ұмытып қалған

қазақтардың бетін бері қарату деп ойлаймын. Егер басқа ұлт өкілдері қазақ тілін үйренгілері келсе, оларға жағдай жасалады, құрмет көрсетіледі, заңда да солай жазылған. Сондықтан, қызметке жоғарылатар кезде, әсіресе өз тілін дұрыс білмейтін қазақтар өтіп кетпегені дұрыс па деп ойлаймын.

– Дұрыс айтасыз. «Іштен шыққан жау жаман» дегендей, тіліміздің қадірін кетіріп, іштей ірітетін солар екені рас. Бұл сөзім біраз адамдардың көңіліне келсе де, шындық осы. Әрине, қызметке жоғарылатар кезде ең алдымен қазақ азаматтарына қатаң талап қойылуға тиісті.

– Сіздердің қызметтеріңіздің өзіндік ерекшеліктері көп. Тілді жақсы меңгергеннің өзінде де оны ресми жағдайда қолдану оңай емес сияқты. Өйткені, алдымен Жарғыға (Уставқа) бағынасыздар, соны басшылыққа аласыздар. Ал ол өзі бұрын қазақшаға аударылып па еді?!

– Өзім де осы мәселеге тоқталайын деп отыр едім. Рас, Ішкі істер министрлігінің ережелері қазақшаға аударылған емес. Қашан аударылатыны әзірге белгісіз. Бірақ соған қарап қол қусырып отыру жараспайды. Қызметкерлеріміз бір-бірімен бірдеңе қылып тіл табысар, ең бастысы қарапайым халықпен түсінісу біз үшін зор міндет, әрі үлкен құрмет деп білген жөн. Сондықтан, келесі оқу жылынан бастап республикамыздағы милиция мектептерінде, тағы басқа салаларымызда қазақ тілін пән ретінде оқыту жұмысын жоспарлап отырмыз. Дегенмен, дайындығымыз шамалы. Оқулықтарымыз жоқ. Бізге арнайы сөздік те керек. Оны кім жасап беретіні тағы белгісіз. Осы орайда Қазақ ССР Министрлер Советіне айтар өтініштеріміз жеткілікті. Ең бірінші қосымша қаржы керек. Әр жерден тіл қоғамдарын аша бергенмен іс бітпейді. Оның аяғы мана өзіңіз айтқандай науқаншылыққа, көзбояушылыққа әкеліп соға ма деп қорқамын. Тіліміз шын мәнінде мемлекеттік тіл болуы үшін, ең алдымен, мемлекет тарапынан көмек көрсетілсін. Орайы келгенде айта кетейін, тіл үйренудің жалғыз жолы мұғалім жалдап, сабақ өткізумен шектелмейді. Қолға ұстап жүретін кішкене магнитофондар

қажет-ақ. Біздің қызметкерлер жиі-жиі сапарға шығып тұрады. Ондай жағдайда тұрақты түрде сапалы сабақ өткізу мүмкін бе? Егер магнитофон болса, қазақшаны өздігінен оқып-үйренгісі келетін Владимир Ватутин сияқты азаматтар жол үстінде келе жатып-ақ таспаға жазылған тіл сабағынан көп дәріс алып үлгерер еді? Қайсыбірін айтайын, ойлай берсең ой көп, айта берсең өтініш көп, тек соны жүзеге асырудың жолын таба алмай кейде қиналамыз. Жоғары жақтан материалдық көмек күтеміз. «Тіл туралы» заңымыз, міне, күшіне кірді. Енді үкіметіміз тағы бір батыл қадамдар жасайтын шығар деген үміттеміз.

– **Әңгімеңізге рахмет.**

**«Халық кеңесі» газеті,
1991 жыл**

1.2. БӘСЕКЕ БАСТАУЫНДА

САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ АШЫҚ ӘНГІМЕ

Осы аптаның басында Қазақстан Республикасы президенттігіне кандидат Н.Ә.Назарбаевтың республикалық қоғамдық штабының жетекшісі Бақытжан Жұмағұлов Американың Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Джон Ордвей мырзамен кездесіп, сайлауалды науқанының қалай жүріп жатқандығынан хабардар етті.

Б.Жұмағұловтың айтуына қарағанда, Н.Ә.Назарбаевтың кандидатурасын қолдау мақсатында бас біріктірген алты партияның өкілдері 11 облысты аралап қайтыпты. Президенттікке үміткер бес кандидаттың бәріне бірдей жағдай жасалған. Жергілікті жердегі бұқаралық ақпарат құралдарында олар өз бағдарламаларын қалың жұртшылыққа таныстыру үшін тең дәрежедегі мүмкіндікке ие болған.

Елші Дж.Ордвей Қазақстандағы оппозицияның қазіргі ахуалы қандай екендігін нақтырақ білгісі келді. Б.Жұмағұлов ол кісінің әрбір сұрағына толыққанды жауаптар қайтарып, еліміздің экономикасы мен халықтың әлеуметтік жағдайы жөнінен нақты деректер келтірді. Журналистердің сұрақтарына жауап қайтарған елші Дж.Ордвей ҚР Президенттігіне кандидат Н.Ә.Назарбаевтың РҚШ жетекшісі Б.Жұмағұловпен болған әңгімеге дән риза екендігін жасырмады.

Дәл осы күні ҚР Президенттігіне кандидат Н.Ә.Назарбаевтың РҚШ Алматы қалалық бөлімшесінің басшысы Т.Садықов қараша айының 7-сінен 14-не дейінгі аралықтағы жұмысы туралы баспасөз мәслихатын өткізді. Аталған уақыт ішінде бұл қоғамдық қабылдау орнына 1216 азамат өтініш білдірсе, 470-і сенім телефондары арқылы хабарласқан. Олардың әрқайсысына нақты көмектер көрсетілген. Тек көмек көрсетіп қана

қоймай, олар көтеріп отырған мәселелерге талдау жасалған. Алматы қаласындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайлар сараптан өткен. Нақтырақ айтсақ, А.Макушина мен В.Кенжеғалиннің Көз аурулары ғылыми-зерттеу институтында емделуіне жәрдемдескен. Батыс Қазақстан облысынан келген Б.Хамзинаға Сызғанов атындағы хирургия институтында тегін емделуге мүмкіндік туғызған.

Сондай-ақ, Денсаулық сақтау министрлігі арқылы М.Керімбековке, К.Сәрсембаеваға, В.Склярға, тағы басқа да азаматтарға Еңбекпен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаменті арқылы қаржылай жәрдем берілген.

**«Президент және Халық» газеті,
18 қараша, 2005 жыл**

САЙЛАУ ДОДАСЫ БАСТАЛДЫ

25 қазан күні осы жылдың 4 желтоқсанында сайланатын Қазақстан Республикасы Президенттігіне үміткерлердің сайлау ісіндегі үгіт-насихат жұмыстары басталды. Егемендігіміздің 15 жылдық мерекесімен дөп келген осынау тарихи оқиға қарсаңында біздер Қазақстан Республкасының Президенттігінен үміткерлер – Н. Ә. Назарбаевты қолдау жөніндегі Республикалық қоғамдық штабтың Алматы қалалық бөлімшесінде, Ж. А. Тұяқбайды қолдау жөніндегі қоғамдық штабта, Ә. М. Байменовті қолдау жөніндегі қоғамдық штабта болып, онда жасалынып жатқан жұмыстармен танысқан едік.

Т. С. Садықов, Нұрсұлтан Назарбаевты қолдау жөніндегі РҚШ-ның Алматы қалалық бөлімшесінің бастығы:

– Қазақстан Республикасының Президенттігіне үміткер Н.Ә.Назарбаевты қолдау жөніндегі РҚШ-ның Алматы қалалық бөлімшесі қазір үгіт-насихат жұмыстарына қызу кірісіп кетті. Алматы қаласында Президенттікке үміткер Н.Ә.Назарбаевтың қоғамдық қабылдау орындарының барлығы ресми түрде ашылды. Оның бірі қалалық, алтауы аудандық қабылдау орындары. Қоғамдық қабылдау орындарының басты мақсаты – Президенттікке үміткер Н. Ә. Назарбаевтың сайлаушыларымен ашық және тығыз байланыс орнатуына, алматылықтарды толғандырып жүрген өзекті мәселелерді жинақтап, олардың оң шешімін табуына ықпал ету болып табылады. Мұнда келген азаматтар үміткерлердің атына өздерінің сұрақтарын, талап-тілектері мен ұсыныстарын жолдауына болады.

Сондай-ақ, олардың үміткер жөнінде толық ақпарат алуына мүмкіндіктер жасалған. Алматылық сайлаушылар өз өтініштері мен тілектерін Н. Ә. Назарбаевтың атына аудандық, қоғамдық қабылдау орындары арқылы жолдай алады. Қоғамдық қабылдау орындарында сенім телефондары жұмыс істейді. Денсаулығына байланысты, тағы басқа да себептермен келе

алмайтын азаматтар осы телефондар арқылы Президенттіктен үміткер Н. Ә. Назарбаевқа өз тілек-талаптарын жеткізуге жағдай туғызылған.

25 қазан мен 2 желтоқсан аралығында жүргізілетін үгіт-насихат жұмыстарына дайындық толықтай аяқталды. Осы аралықта қалада арнайы рұқсат етілген жерлерде бірнеше пикеттер мен жиналыстар өткізіледі. Баспасөз құралдарында үгіт-насихат сипатында жарық көруге тиісті жариялымдардың, тағы басқа ақпараттардың мәтіндері дайындалып бітті. Үміткер Н. Ә. Назарбаевты қолдау мақсатында құрылған Қазақстан халықтық бірлестігінің («Отан», «Асар», «Азаматтық», «Аграрлық», «Демократиялық», «Руханият» партиялары) Алматы қалалық бөлімшелері үгіт-насихат жұмыстарын үдете түсуде. Қорыта айтар болсақ, президент сайлауының әділ де, жариялылық жағдайында өтуіне біздің тарапымыздан барлық жағдайлар жасалынды. 4 желтоқсан – Қазақстан Республикасының сайлау күні Алматыда шат-шадыман мерекелік жағдайда өтеді деген сенімдеміз.

Л. А. Жуланова, Қазақстан Республикасы Президенттігінен үміткер Әлихан Байменовті қолдау жөніндегі жалпыұлттық қоғамдық штабтың бастығы:

– Президенттікке үміткер Ә. М. Бәйменовті қолдау жөніндегі қоғамдық штабы өзінің жергілікті жерлердегі белсенділеріне үміт артады. Солар арқылы Ә. Бәйменовтің сайлауалды бағдарламаларын бүкіл халыққа жеткізуге тырысуда. Үгітшілеріміз ауыл-ауылды аралап, жұмыс істеуде. Сондай-ақ, сайлауалды бағдарламамызды жариялауға ұмтылып отырмыз. Өкінішке орай, кейбір баспасөз құралдары, әсіресе телеарналар бізден жоғары бағаны талап етуде. Өзірге айтарымыз осы. Қиындықтарға қарамастан, өз жұмыстарымызды жүргізудеміз. Сайлауда жеңіске жететінімізге сенімім мол.

Төлен Тоқтасынов, Қазақстан Республикасы Президенттігінен үміткер Жармахан Тұяқбайды қолдау жөніндегі қоғамдық штаб жетекшісі:

– Үстіміздегі жылдың 10 қыркүйегінде өткен «Әділетті Қазақстан үшін» республикалық қоғамдық бірлестігінің жалпы жиналысында Ж. Тұяқбайды қозғалыс атынан 4 желтоқсанда өтетін Қазақстан Республикасына үміткер ретінде ұсынды. Айналасы бір апта ішінде жер-жерден үміткерді қолдау штабтары құрылып, қол жинауға кірісіп кетті. Артық-кемі жоқ, жеті күннің ішінде республика бойынша 160 мың адамның қолы жиналды. Бұл әлдекімдер айтып жүргеніндей, билікке талас емес, біріккен оппозицияның ізгі мұраты – жүйкесі тозған жүйені әділ сайлау жолымен жүзеге асыру. Оппозицияның осындай мақсат көздегенін халықтың өзі түсініп, өзі ұқты деген сөз.

Сонымен, сайлау додасы басталғалы да міне, төртінші күн. Қазақстан Республикасы президенттігінен үміткер ретінде ресми тіркеуден өткен бес кандидаттың үшеуінің қоғамдық штабында жасалынып жатқан жұмыстарды көрсетуге тырыстық. Шындығын айтсақ, «Әділетті Қазақстан үшін» қозғалысы мен «Ақ жол» партиясы штабтарының қызметкерлері өздерінің нақты жұмыс жоспарларын жариялағысы келмеді. Біз алдағы уақытта үміткерлер штабтарының жұмысымен таныстыруды мүмкіндігінше жалғастыратын боламыз.

«Президент және Халық» газеті,
28 қазан, 2005 жыл.

АЗАМАТТАР ӨТІНІШІ ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

ҚР Президенттігіне үміткер Н.Назарбаевтың РҚШ Алматы қалалық бөлімшесі аптаның дүйсенбісінде үгіт-насихат жұмыстарының барысына, сондай-ақ қалалық, аудандық қоғамдық қабылдау орындарының жұмыс қорытындысына шолу жасады. Үміткердің Алматы қалалық бөлімшесінің бастығы Т.С.Садықов қоғамдық қабылдау орындарына 25 қазаннан бергі аралықта 718 өтініш келіп түскендігін жеткізді. Бөлімше бастығының айтуынша, өтінішпен келген әрбір азаматтың жағдайы назардан тыс қалмайды. Қайткен күнде де әрбір азамат өтініші бойынша тиісті орындарға хат жолданады. Осы аралықта өтініш білдірген қала тұрғындарына «Алматықұрылыс», «Қуат», «Базис А», т.б. компаниялар тарапынан материалдық көмек көрсетілген.

Қоғамдық қабылдау орындарының негізгі мақсаты – азаматтарға көмек берумен ғана шектелу емес, оларды толғандырып отырған мәселелерге кеңінен талдау және Алматы қаласындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайларға да сараптама жасау. Осындай жұмыстардың нәтижесінде Алматы қаласы тұрғындарын баспана, газдың жетімсіздігі, жол, заңсыз құрылыс және электр жүйесімен толық қамтамасыз етілмеу жайындағы мәселелер мазалайтындығы анықталып отыр. Т.Садықов мырзаның айтуынша, азаматтар өздерін толғандырған мәселелермен қатар еліміздегі саяси науқанға да белсенділіктерін байқатуда. Тіптен, штабқа келіп түскен алты өтініш иесі сайлау науқанына қол ұшын беретіндіктерін жеткізген.

Қазіргі кезде азаматтарды қабылдау әртүрлі салада қызмет ететін, қоғамымызға белгілі азаматтардың қатысуымен жүзеге асырылуда. Елімізге еңбегі сіңген Б.Рамазанова, С.Құрманғожин сынды ардагерлеріміз Н.Назарбаевтың штабындағы жұмыстарда белсенділік таныта отырып, еліміздің кешегі жүріп өткен жолына салыстырмалы түрде қарап, осы уақытқа дейін жеткен жетістіктерімізді дұрыс бағалай білгені абзал, дейді.

«ӘКІМШІЛІКТІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ КҮШЕЙТІЛСЕ...»

Газетіміздің өткен нөмірінде Қазақстан Республикасының Президенттігінен үміткерлер Н.Назарбаевтың, Ә.Байменовтың, Ж.Тұяқбайдың Алматы қаласындағы қоғамдық штабтарында болып, ондағы жасалынып жатқан жұмыстар жайында жазғанбыз. Бұл жолы Президенттіктен үміткер «Табиғат» экология одағы атынан ұсынылған Мәліс Елеусізов пен Қазақстан Коммунистік Халық партиясы атынан ұсынылған Әбілқасымов Ерасыл Әбілқасымұлының қоғамдық штабынан ақпар беруді ниет еткен едік. Е.Әбілқасымовтың штабы әзірге Астана қаласында ғана ашылғандықтан, жолығудың сәті түспеді. Сондықтан назарларыңызға. М.Елеусізов және «Ақ жол» партиясының төрағасы Ә.Бәйменовпен болған қысқа сұхбатты ұсынып отырымыз.

— Алихан мырза, Президентікке үміткер ретінде таяуда ел аралап, сайлаушылармен кездесіп қайттыңыз. Не көріп, не білдіңіз?

— Көрген-білгенім көп. Елдің бізге деген көзқарасы жақсы екен. Кездесуге халық көп жиналды. Талап-тілектері, ой-пікірлерін жасырмады. Бағдарламамыз халыққа ұнаған сыңайлы.

— **Халықтың осы бөлігі енді Сізге дауыс беретін шығар?**

— Әділ сайлау өтсе, халықтың дауысы ұрланбаса болды да...

— **Дегенмен, Павлодарда жүргеніңізде бір кездесуге келмей қалдыңыз. Жиналған халық сізді қолдаушы өнерпаздардың өнерін тамашалаумен ғана шектелді емес пе?**

— Ол күні сайлаушылармен кездесу қаланың ішіндегі бір орынға белгіленген болатын. Дәл кездесу басталар сәтте билік-тегілер кездесу орнын өзгертіп, қаланың сыртындағы басқа жерге сілтеді. Олардың бұл әрекетіне қарсылық ретінде мен бармай қалдым. Соған қарамастан, халық көп жиналыпты. Сенімді өкілдерім оларға жағдайды түсіндіріп, алдын-ала жос-

пар бойынша өтуге тиісті концерттік бағдарламаны халыққа ұсынды. Бірақ, кейбір БАҚ өкілдері бұл жайында жағымсыз ақпарат таратты. Осының өзінен-ақ биліктің қоғам дамуынан артта қалып бара жатқандығын аңғару қиын емес.

– **Осы пікіріңізді нақты деректермен дәлелдей аласыз ба?**

– Биліктің қазіргі қорқақтығының өзі-ақ қоғам дамуынан артта қалғандығының бір белгісі емес пе? Әйтпесе, жоқтан өзгеге бола аяғымызға оралып несі бар? Сайлау заңы бойынша барлық үміткердің құқығы бірдей. Іс жүзінде басқаша. Мәселен, мына 28 қазан бір күні бір хабар факс арқылы Ақтаудан келді. Сондағы біздің штаб жетекшісі Г.Муафигтің атына «Қала көркемдеу» МКК директоры А.Аханов қол қойып, біздің банерлер мен билбордтарды орналастыратын қалада ешқандай орын жоқ екендігін айтып қатты қиналыпты. Мұндай деректер жетіп артылады.

– **Ондайларға жол бермеу үшін не істеу керек деп ойлайсыз?**

– Билікті халық алдында жауапты ететін жүйе құру керек. Олар Аязбидің тұмағын көз алдарына жиі-жиі елестетіп отырса, дұрыс болар еді.

– **Үміткерлікке қол жинау кезінде «Ақ жол» заң бұзушылықтан алға шықты деген ақпараттар да тарады емес пе?..**

– Біз ол науқан кезінде 16-18 мыңнан астам адамның қолын жинадық. Осыдан үрейленген биліктегілер біз жинаған дауыстың біразын жоққа шығарды. Сөйтіп, теріс ақпарат таратты.

– **Сізді халық зиялы азамат деп біледі. «Мінезі жұмсақтау, ел басқара алар ма екен» деушілер де бар...**

– Басшының міндеті билік құрылымдарын дұрыс жұмыс істеткізу болып табылады. Яғни, биліктің тексеру, қадағалау, үйлестіру, реттегіш және басқару тетіктерін бірдей іске қоса білсе ғана көздеген нәтижеге жетеді.

Ол үшін біріншіден, ақыл-парасат және имандылық қажет. Ал мені мінезі жұмсақ дегендер қол астымда қызмет етіп байқасыншы. Содан кейін не дегендерін көрер едім...

– **Әңгімеңізге рахмет.**

Елеусізов өзін «центрист» санайды

Мәлс Елеусізовтың штабындағы ахуал өзгеше екен. Сапырылыса жұмыс істеп жатқан адамдар көрінбейді. Бір бөлмеде штаб бастығы мен үміткердің өзі ғана отыр. Айтуларына қарағанда, қаржы жоқтығынан үгіт-насихат жұмыстары енді ғана қарқын ала бастаған сыңайлы. Үміткерге «Бұл тартыста өзіңіз қанша дауыс жинаймын деп ойлайсыз?» деген сұрағымызды көлденең тарттық.

– Қазіргі Президент Н.Назарбаевтың бірінші айналымда-ақ жеңіп шығатындығына күмәнданбаймын. Ал мен өзім үшеудің бірі болсам, үлкен жетістік деп білемін, – деді үміткер жайбарақат қана.

– **Сіз сонда оппозиция жағындасыз ба, жоқ әлде...**

– Мені «центрист» деуге болатын сияқты.

– **Бағдарламаңызбен толық танысуымызға мүмкіндік болмады. Сонымен қазіргі Президентке деген көзқарасыңыз қандай?**

– Қазіргі Президенттің жеке басына қоятын кінәм жоқ. Тек саяси жағдайларды өзгерту керек. Ол үшін Конституцияға да өзгерістер жасаған дұрыс. Себебі, Президенттің қолына барлық билік шоғырланған. Бұл қатерлі жағдай.

– **Несімен қатерлі? 1990 жылдардың басында барлық билікті Советтерге береміз деп жүріп, бейберекетсіздікке ұшырағанымызды ұмытпаған шығарсыз? Сол кезде алғашқы шақырылған Жоғарғы Совет өзін өзі таратып, Президенттік билік орнады. Өтпелі кезеңде барлық билік Президенттің қолына берілсін дедік. Одан бері де көп уақыт өте қойған жоқ.**

– Қазір онша қатерлі емес, бірақ Нұрсұлтан Назарбаевтың орнына басқа біреу келсе, бір қолға шоғырланған шексіз билік қатер төндіреді деп ойлаймын. Сондай-ақ, Парламенттік билікті күшейту керек. Соттар бізде әзірге тәуелсіз емес. Атқару билігімен қоса осы үшеуі тең дәрежеде болғаны жөн. Сөз бостандығы да жетіспей жатыр. Журналистер шындықты жазса, қудаланады.

– **Оппозициядағы журналистер деңіз...**

– Журналистер қандай жағдайда да шындықты жазуы керек. Ал оған бізде жағдай туғызылмаған.

– **Сайлаудың әділ өтетіндігіне көзіңіз жете ме?**

– Сайлаудың әділ өтуі-өтпеуі сайлаушылар берген дауысқа байланысты. Меніңше, халықтың 30 пайызы ғана сайлауға қатысады. Қалған 70 пайызы үшін «әлдекімдер» дауыс береді. Сөйтіп қажетті адам мәреге ендікпей-ақ жетеді.

– **Тәуелсіз бақылаушылар бар емес пе?**

– Өткен жылғы Парламент сайлауына Тәуелсіз бақылаушы болып қатысқанмын. Дауыс санауға келгенде бақылаушылар анадай жерде қарап тұрады. Ал үстелдің астында, оның қалтарысында не болып жатқанына нақты көз жеткізу қиын.

– **Егер Сіз Президент болсаңыз, ең алдымен қандай шаруаны қолға алар едіңіз?**

– Қазір біз экологиялық апаттың алдында тұрмыз. Ауыз су мәселесі алдағы жылдары ең зәрулікке айналады. Бір Алматының өзін алсақ, таудағы мұздар әлемдік жылудың әсерінен ери-ери таусылады да, бұлақтар тартыла бастайды. Өзен-көлдер ластанып бітті. Алматы қаласында көліктің көбеюіне байланысты қаншама көлік жуатын тіректер ашылды. Ал олар кір суды жердің астына сіңіріп жіберуде. Арнайы құбырмен басқа жаққа бұруды олар ойламайды да. Мына жақта соры қалың «Сорбұлақ» тұр. Ең алдымен осыларды қолға алар едім. Қалғандарын біртіндеп жөнге келтіруге болады...

М.Елеусізов зауыт-фабрикалардан шығып жатқан улы түтіндер мен радиация қалдықтарын залалсыздандыру, көшелерде қаңғып жүрген жұмыссыздардың жағдайын түзеу, тағы басқа әлеуметтік мәселелерді жолға қоюды басты міндеті деп санайды. Айтуына қарағанда, сайлауалды бағдарламасында бұлардың бәрі нақты көрініс тапқан тәрізді...

«Президент және Халық» газеті,
11 қараша, 2005 жыл

**ЕГЕР САЙЛАУ БҮГІН ӨТСЕ,
«АСАР» КӨМБЕГЕ БІРІНШІ КЕЛЕДІ
(Қазақстан социологтар және саясаттанушылар
қауымдастығының сарапшысы Мақсұт Сәрсеновпен
сұхбат)**

– Қазіргі кезде республика бойынша ресми түрде тіркелген партиялардың ішіндегі халық сеніміне ең көп ие бола бастағандар қайсысы деп ойлайсыз?

– Қазақстандағы саяси партиялар жөнінде халық қазір аз біледі. Сол себептен де олар партияларға аса көп назар аудармайды және оларға сенім де арта бермейді. Бірақ, кейінгі кезде «Асар» партиясына деген халықтың көңілі өзгеше екенін ашып айтуымыз керек. Оған негізгі себеп, бұл партияның бағдарламасында халықтың әлеуметтік жағдайына көп көңіл бөлінгендігі. Республика деңгейінде алып қарасақ, басқа партияларға қарағанда «Асардың» рейтингі халық арасында екі есеге көбейе түскенін байқаймыз. Егер бүгін сайлау бола қалса, «Асар» партиясына республика халқының 12 пайыздан астамы жақтап дауыс беретіні белгілі болып отыр. Ал, басқа жағдайларда осы партиямен іркес-тіркес келе жатыр деп есептелінетін «Отан»-7 пайыз, «Ақ жол»-6 пайыз, «ҚДТ»-5 пайыз ғана дауысқа ие бола алады екен. Қалғандарының көрсеткіштері бұлардан да төмен.

– Облыс орталықтарындағы, ірі қалалардағы көрсеткіштердің жай-күйі қалай?

– Біз ай сайын саяси партиялардың республика деңгейіндегі жалпы көрсеткіштерін ғана емес, әр қаладағы өзіндік орындарын да санақ сүзгісінен өткізіп отырамыз. «Асар» партиясының ірі қалалардағы рейтингіне назар салсақ, оның биылғы сәуірдегі көрсеткіші мынадай болды:

Алматы қаласы тұрғындарының 4,5 пайызы, Астананың-9 пайызы, Ақтаудың-7,1 пайызы, Ақтөбенің-18,1 пайызы, Аты-

раудың-17,7 пайызы, Талдықорғанның-35,3 пайызы, Саяси партиялар-11,8 пайызы, Шымкенттің-23 пайызы, Тараздың-26,6 пайызы, Петропавлскінің-16,9 пайызы дәл бүгін «Асар» партиясына дауыс беруге дайын көрінеді. «Отан», «Ақ жол», «ҚДТ», «ҚКП» сияқты партиялар бұл жолы да шаң қауып қалатынын ашық айтқанымыз жөн.

– Қазіргі партияларды президентті жақтаушылар және оппозициядағылар деп екіге бөліп жүр ғой. Осы тұрғыдан алып қарағандағы олардың көрсеткіштерін айта аласыз ба?

– Иә, партиялардың арасында ондай да жіктелушілік бар екені жасырын емес. Біздің санақ бойынша анықталғаны – дәл қазіргі кезде халықтың көбісі президентті жақтаушылар партиясына дауыс беруге дайын. Олардың арасында да «Асардың» шоқтығы биік тұрады.

– Енді осы екі топқа әр қала тұрғындарының дауыс беруі деңгейі тұрғысынан қарасақ...

– Егер бұл екі топқа әр қала тұрғындары дәл бүгін дауыс берсе, қай қаладағы көрсеткіш қандай болмақшы демекшісіз ғой. Айтайын. Бір қызығы, Орал қаласы тұрғындарының 30,8 пайызы оппозициялық партияларға дауыс беруге әзір. Сондай-ақ Семей (10,5), Астана (15,6), Қарағанды (12,5), Алматы (11) қаласы тұрғындары да оппозициялық партияларға бүйректері көбірек бұрады.

– Орал қаласы тұрғындарының осыншама «белсенділігін» немен түсіндірер едіңіз?

– Меніңше, бұл қала Ресей шекарасына тым жақын орналасқандықтан болса керек. Сонымен қатар, осы аймақтағы егде адамдар мен өзге ұлттардың басым дені бұрынғы социализмді аңсайтын сияқты. Соның салқыны саясатқа да тиіп жатыр ғой.

– Ал, президенттік блокты көп жақтайтын қалалар қайсысы?

– Олар – Ақтау (25,3), Ақтөбе (25), Атырау (11,4), Көкшетау (11,7), Қостанай (14,6), Павлодар (17,5), Петропавл (12,7), Тараз (12,7), Талдықорған (29,4), Өскемен (17,6), Шымкент (20) қалаларының тұрғындары.

– **«Ақ жол», «ҚКП», «ҚДТ» сияқтыларға қай қала тұрғындарының көңілі көбірек бұрылады?**

– Мәселен, «Ақ жолға» – Атырау, Қарағанды, Шымкент, Орал қаласының тұрғындары, «ҚКП»-ға – Орал, Семей, Петропавл, Алматы, Астана, Қостанай қалаларының тұрғындары, «ҚДТ»-ға Орал, Павлодар қалаларының тұрғындары жылы қабат танытатыны белгілі болып отыр. Қажет десеңіз олардың да нақты сандық көрсеткіштерін тізбелеп берейін.

– **Қажет емес. Жоғарыдағы сандық көрсеткіштерде айтылды емес пе? Иә, біразы қылаң берді-ау деймін.**

«Асар заманы» газеті,
17 мамыр, 2004 жыл

БҮЛ БӘСЕКЕНІҢ БАСҚАДАН ЖӨНІ БӨЛЕК

Президент сайлауы жақындаған сайын қазір жер-жерде қарбасты тірлік көбейе түсуде. Алматы қаласының көшелерінде президенттікке кандидаттардың жарнамалары ілініп, үгіт-насихат қыза түскен. Осы орайда біз Алматы қалалық сайлау комиссиясының төрағасы Дәулет Лайықұлы Байделдинов мырзаға жолығып, биылғы сайлаудың өзіндік ерекшеліктері жөнінде, «Сайлау туралы» Заңға өзгерістер енгізілуіне байланысты қандай жаңа сипаттар өмірге келгендігі турасында бірнеше сұрақтар қойған едік.

— Дәулет Лайықұлы, алдымен Алматы қалалық сайлау комиссиясының бүгінгі жұмыстары жөнінде ақпарат бере кетсеңіз...

— Мен Алматы қалалық сайлау комиссиясының төрағасы болып төртінші жыл қызмет етудемін. Бұған дейін үш сайлауды бастан өткеріппін. 2002 жылы қалалық сайлау комиссиясы Орталық сайлау комиссиясы ұйғарымымен жаңа құрамда жұмыс істей бастады. Сол жылы Сенат депутаттары сайлауын өткіздік. 2003 жылы қалалық Мәслихат депутаттарын сайлау науқаны өткені белгілі. Былтырғы жылы Мәжіліс депутаттарын сайлау өткізілді. Биыл міне, Президент сайлауын өткізгелі отырмыз. Осы қарсаңда «Сайлау туралы» Заңға өзгерістер мен қосымшалар енгізілді. Сол өзгерістердің бірі — Сайлау комиссиясының құрамына әртүрлі партиялардың өкілдерінің енуі болып табылады. Біздің қалалық сайлау комиссиясы құрамына «Отан», «Асар», «Азаматтық», «Ақ жол», «Коммунистік партиясы», «Руханият», «Ауыл» партияларының өкілдері кіреді. Қалалық сайлау комиссиясының құрамына кірген адамдар бұл жұмыстарды қоғамдық негізде атқарады. Олардың ішінде екі адамға айлық төленеді. Оның бірі менің орынбасарым, екіншісі — хатшы. Комиссия құрамы тәжірибелі әрі біліктілігі жоғары азаматтармен толыққан. Аудандық және аумақтық комиссиялар жөнінде де осыны айтуға болады.

– Енді әңгімемізді бүгінгі сайлау науқанына байланысты өрбітсек деймін...

– Өзіңіз білетіндей, бұл жолғы сайлауда біз Қазақстан Республикасының болашақ Президентін анықтаймыз. Осы арқылы еліміздің саяси және экономикалық өсу деңгейі де көрініп қалады деп ойлаймын. Президенттікке үміткер ретінде алғашқыда 18 адам өтініш берді. Олар 86 мың адамның қолын жинағаннан кейін ғана президенттікке үміткер болуға тиісті еді. Үміткерлердің 5-еуі ғана арнайы сұрыптаудан мүдірмей өтіп, алдағы сайлау додасына қатысқалы отыр. Бұл жағдайлар БАҚ-та кеңінен жазылды, көрсетілді. Дегенмен, Алматы жөнінде айта кететін мынадай бір түйткілі жайт бар. Өтініш берушілер үміткер ретінде тіркелу үшін қол жинау барысында заң бұзылды деп, Орталық сайлау комиссиясына да, бізге де өтініштер түсірді. «Біреудің дауысын біреу ұрлады» деген сөздер шықты. Біз оларды мұқият тексердік. Бір өкініштісі сол, шағым айтушылар өздерін кімдер алдағаны жөнінде нақты деректер көрсете алмады. Сол себепті, 37 арызды ғана прокуратураға тексеруге жібердік.

– Сонымен, алдағы сайлаудың бұрынғы сайлаулардан басты ерекшелігі неде болмақ?

– Менің өз байқағаным, бұған дейінгі сайлауларда үміткерлер өзінің қарсыластарына қара күйе жағудан бір-бірінен асып түсетін. Өсек-аяң, жаптым жала дегендер жетіп артылатын. Көшенің кез-келген бұрышына, үйлердің есіктеріне, тіпті қоқыс салатын жәшікке дейін өздерінің үгіт-насихат қағаздарын жапсырып тастайтын. Сөйтіп, ең алдымен өз беделдерін түсіретін. Биыл байқасаңыз, қала көшелерінен ондайды байқамайсыз. Себебі, қалалық Мәслихат Президент сайлауы қарсаңында жаңаша жұмыс істей білді. Енді үміткерлер өздерінің үгіт-насихат қағаздарын тек сайлау учаскілері алдындағы арнайы тақтаға ғана ілуге қақысы бар. Алматыда 444 сайлау учаскісі жұмыс істейтін болады. Осы 444 сайлау учаскісіне сәйкес 444 сайлау комиссиясы құрылған. Бұл комиссиялар қаладағы 6 аудандық аумақтық комиссиясының құрамына кіреді. Аудандық аумақ-

тық комиссиялар қалалық сайлау комиссиясына, ал қалалық сайлау комиссиясы Орталық сайлау комиссиясына бағынады. Президенттікке үміткер ретінде тіркеуден өткен 5 кандидаттың Алматыдағы штаб бастықтарымен таяуда бас қосып, алдағы сайлауды мәдениетті де, өркениет талаптарына сай өткізу жөнінде ақылдастық. Олардың сайлаушылармен кездесуі қай жерде өтетіндігін, қандай ғимараттарды жалға алатындықтарын анықтадық. Ал, бұрындары депутаттыққа үміткерлердің көбісі өзі қалаған жерінде сайлаушыларымен кездесе беретін. Алматы қаласы бойынша бұл сайлау қарсаңында 6 үлкен ғимарат белгіленді. Үміткерлер тек сол ғимараттың иесімен ғана келісе отырып, сол жерде сайлаушылармен жүздеседі. Олардың арасындағы қаржы келісімдеріне біздің шаруамыз жоқ. Алдынала уақыт кестесі белгіленеді. Күніне бірнеше рет сол жерде жиналыс өткізсе де өз еріктерінде. Бәрі үміткердің қорындағы қаржыға байланысты.

– Бұл мәселеде ешқандай дау-дамай туған жоқ па?

– Дау- дамайлар көбінесе, уақыт кестесіне байланысты туындағаны рас. Мысалы, кейбіреулер жұмыс күні емес, демалыс күндері, енді бірі жұмыстан кейін өткізгісі келеді дегендей... Оның бәрін ақылдаса отырып, үйлестірдік. Сондай-ақ, БАҚ-та үгіт-насихат жүргізу мәселесі де шешілген сияқты.

– Ал, осы үміткерлердің бір-бірін сынауы, бір-бірінің кемшіліктерін көрсетуі жағында оғаштықтар кездеспеді ме?

– Менің бір байқаным, бұл жолғы үміткерлер бір-біріне ғайбат сөз айтып, бірін-бірі кемсіту әрекеттеріне барған жоқ. Бұл – қуантарлық жағдай. Қалай десек те, еліміздің Президентін анықтауға ұмтылудамыз ғой. Сондықтан, сайлаушылар да, сайланушылар да, мәдениет биігінен көрінгілері келеді. Өскендігіміздің белгісі осы шығар. Бұған қарап, өткір сын жоқ деуге болмас. Сындар айтылып-ақ жатыр. Бірақ, ол жала емес. Әзірге бәрі заң шеңберінде жүріп келеді.

– Сайлау науқаны кезінде әрбір үміткерге бөлінген қаржылар қалай жұмсалуда? Осы жағын заң тұрғысынан түсіндіре кетсеңіз.

– Науқан барысында әрбір сайлаушының үгіт-насихат жұмысын жүргізуіне белгілі бір мөлшерде қаражат бөлінді. Мұнымен қоса, үміткер өз қалтасынан қаржы шығарып, демеушінің көмегіне сүйенуіне де қақысы бар. Бірақ, шетелдерден, халықаралық қорлардан көмек алуға қақылары жоқ екендігі «Сайлау туралы» Заңда қатаң көрсетілген. Шетелдіктер біздегі үміткерлерге көмектессе, ол біздің мемлекеттің ішкі жұмысына қол сұғу болып шығатындығы айтпаса да түсінікті.

– Сайлау аяқталғаннан кейін оппозиция, тәуелсіз бақылаушылар тарапынан қалай да бір өкпе айтылатыны анық. Бұл жолы сіздерге қандай кінәрат артуы мүмкін?

– Меніңше, алғашқы өкпе тәуелсіз бақылаушылар тарапынан айтылуға тиісті. Сайлау аумағына келген тәуелсіз бақылаушы өзінің арнайы құжаттарымен бірге жеке бас құжатын да ала келуге тиісті. Егер сондай құжаттың бірі болмай қалып, бақылауға қатыстырылмай қалса, айғайдың көкесі сонда болады. Мұны олар өзінен емес, өзгеден көреді. Кейбіреулер мұндай дау-дамайды әдейі шығаруы да мүмкін.

– Сіз өзіңіз ҚазҰУ-дың заң факультеті деканысыз. Сайлау комиссиясы төрағасы қызметін 4 жылдан бері қоғамдық жұмыс ретінде атқарудасыз. Шындығына келсек, студенттеріңізді мәжбүрлеп, белгілі бір үміткерге дауыс бергізетін кездер болып қалатын сияқты...

– Сайлау кезінде кімді қанша үгіттегенімен, оған бәрібір өзі қалаған үміткерге дауыс беру мүмкіндігі толық жасалынған. Егер студенттің кімге дауыс бергенін ешкім білмесе, оны қалай мәжбүрлей аласыз?...

– Тәуелсіз бақылаушылар сайлаудан кейін дауыс қорытындысын санауға қатысуға тікелей қақысы бар ма?

– Әрине. Тәуелсіз бақылаушылардың қатысуынсыз бірде-бір әрекет жүзеге асырылмайды. Дауыс беру қағаздарын салатын жәшік мөлдір әйнектен жасалынады. Оған артық қағаз тастау мүмкін емес, бәрі көрініп тұрады. Келмей қалған адамдардың тізімі алдымен тәуелсіз бақылаушылар назарына ұсынылады.

Олар ертеден кешке дейін қанша адам келгендігін өздері санап отыруы тиіс. Жалпы тізім алдарында жатады. Сонда қалайша біреудің даусын келесі адамға беруге болады. Меніңше, мұның бәрі әділ сайлаудың өтуіне қарсы қолдан жасалынатын даурықпа әрекеттер. Кейбір жағдайда сыртқы күштердің айтақтауымен ұйымдастырылған белгілі топ ондайға әдейі баруы мүмкін. Оған бұрынғы ТМД елдеріндегі сайлау додасы кезінде көзіміз жеткен. Бізде ондайға орын жоқ. Біріншіден, халықтың мәдениеті көтеріліп келеді. Еліміздің ішінде айта қаларлықтай алауыздықтар да көрінбейді. Ендеше, Қазақстандағы сайлау науқаны халықаралық деңгейге сай өтетіндігіне күманданбағанымыз жөн. Ал, Алматы жұртшылығының ынтымақ-берекесі басқаларға қарағанда әлдеқайда берік.

– **Әңгімеңізге рахмет.**

«Президент және Халық» газеті,
18 қараша, 2005 жыл

БИЛІК САЯСИ МҮДДЕНІ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНА БАСТАДЫ

Биылғы жылдың 25 қазанында басталған Президент сайлауының додасы да міне, бел ортаға жетіп қалды. Бес үміткер бүгінде сайлаушылармен кездесіп, үгіт-насихат жұмыстарын үдете түсуде. Кім жеңеді, кім қояды деген сауалдар төңірегінде болжам айтушылар да аз емес. Осы тұрғыда белгілі саясаттанушы Әзімбай Ғалидың пікірін білу мақсатында арнайы жолығып, бірнеше сұрақтар қойған едік.

– Әзеке, былтырғы Парламент сайлауында да шетелдік бақылаушылар көп болды. Биылғы Президент сайлауында да шетелдік бақылаушылар бізге қатты шұқшиятын түрі бар. Осының сыры неде?

– Шетелдік бақылаушыларды былтыр да, биыл да біздің мемлекет өзі шақырды. Олардың келіп, көргені, тексергені бізге пайдалы. Әлем алдында саяси рейтингімізді көтеруіміз керек. Саяси рейтингімізді көтерсек, экономикалық рейтингімізді де көтере аламыз. Мәселен, қазіргі банк рейтингі саяси рейтингке тікелей байланысты болып отыр. Сондықтан, олар біздің сайлауымызға қатысып, әлемдік аренада өз пікірлерін білдіріп жатса, әрине ұтамыз. Сонда сайлауымыз легитимді жағдайда өтті деп айтуымызға толық негіз болады.

– Ал кейбір мемлекеттер сырттан бақылаушылар шақырмақ түгілі, оларды өз аймақтарына кіргізбейді де ғой?..

– Оларға әлем алдындағы бедел-абыройдың оншалықты керегі жоқ. Мәселен, Түркіменстан мен Өзбекстан өздерінің ішкі экономикасын көтере алмай, тәртіпті жолға қоя алмай жатқанда, сырт көзді әкеліп қайтсін.

– Бірақ, осы сырттан келетін бақылаушылардың саяси, құқықтық өкілеттіліктері шамалы ғой. Бұлардың бәрі қоғамдық ұйымдардың өкілдері емес пе?

– Жалпы, Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының басты мақсаты – мемлекетаралық қауіпсіздік, тағы да басқа мәселелерді реттеуге қол ұшын беру болып табылады.

Оған ашық сайлау өткізу ісі де кіреді. ЕҚЫҰ-ның осы сайлау барысында өздері куә болып, сол жайында жасаған мәлімдемелері мен баяндамаларын, тұжырымдарын бүкіл Еуропа елдері мен АҚШ мемлекеті аса ынталықпен зерттеп, зерделеп отырады. Мәселен, Еуро Одақтағы 25 мемлекет белгілі бір шешім қабылдар алдында осы құзырлы ұйымның пікірлерін басшылыққа алады. Бұл былай қарағанда, біздің әлем алдындағы емтиханымыз сияқты. Олай болса, біз оны нәтижелі өткеніміз дұрыс. Біздің билік оларды шақыра отырып, біршама ұтымды шаралар жасады. Солардың ішінде біз демократиялық құқықтар туралы хартияға қол қойдық. Содан кейін, Ғ. Жақияновты түрмеден босатайық деп жатырмыз. Президенттікке үміткерлер сайлау барысында үгіт-насихат жүргізуі үшін теледидардан бәріне бірдей уақыт бөлінді. Баспасөз беттерінде де өз көзқарастарын жариялауға бірдей мүмкіндік жасалынып отыр.

Сондай-ақ, үміткерлердің жүрген жерінде, аудиторияларда мінберлер ұйымдастыруды билік қолға алуда. Батыстың алдында, халық алдында билік өз абыройын өзі осылай көтере бастады.

– Үгіт-насихат жүргізуде бізде әртүрлі тенденциялар белен алып бара жатқан сияқты. Үміткерлер халықтың ортасына барғанда сайлау заңынан тыс әдістер қолданатыны байқалып жүр. Бұл жөнінде не айтуға болады?

– Қазіргі кезде саяси науқандар саяси маркетинг әдісімен жүреді. Үміткер – саяси тауар. Сондықтан, олар өздерін халыққа саяси тауар ретінде өткізуге тырысады. Яғни, халыққа ұнау арқылы көбірек дауыс алуға күш салады. Олай болса, сайлау науқаны саяси маркетинг жолымен жүруі керек. «Мұнда жүрекке әмір жоқ» дегендей, ешбір тарап әкімшілік әдісті пайдаланбағаны дұрыс. Халық тауарды сатып алса алды, алмаса өз еркі. Әрбір жақ өз тауарын жарнамалайды, имидж жасайды, басқа тауарлардың кемішіліктерін көрсете отырып, өздеріне жағымды пиар ұйымдастырады.

– Жалпы, бұған дейінгі сайлауларда жинақтаған тәжірибелер нені көрсетті. Біз мұндай өркениетті сайлау өткізуге бірден келе қоймағанымыз белгілі ғой?

– Менің ойымша, 1998жылдан бастап біздің ел демократиялық бағытқа түбегейлі бет бұрды деп ойлаймын. Бұрын бірыңғай авторитарлық жүйеде қатаңдау болатын. Сол кезден бастап біздегі жүйе жұмсарып, демократиялық бағытта өмір сүрдік. Бірақ, кейбір кертартпа күштер осы игі мақсаттардың іске аспауына барынша әрекет жасап бағуда. Олар түптің-түбінде тарих сахнасынан кетеді. Ең бастысы, осынау өтпелі кезеңде арбаны да сындырмай, өгізді де өлтірмей, мемлекетімізді аман сақтап қалуға тиістіміз. Биліктің мақсаты міндетті түрде демократиялық стандартқа жету емес. Меніңше, ұлттық қауіпсіздік мәселесі маңыздырақ. Сондықтан, билік екі шоқып, бір қарауға үйренгені жақсы.

– Енді осы сайлаушылардың ұлттық сипатына да назар аударайықшы. Қазақ халқы кімді қолдаса, қазір сол үміткер жеңіске жететін сияқты. Сіздіңше қалай?

– Иә, өйткені, үміткерлердің бәрінің де ұлты – қазақ. Бұл жолы ұлттық мәселе алдыңғы орынға шықпайды. Өткен сайлауда да ұлттық мәселе алдыңғы қатарға шыққан жоқ. Жалпы, ұлттық пиғыл жыл өткен сайын күшейе түседі. Түптің-түбінде сіз айтқандай қазақ ұлты кімге көп дауыс берсе, сол үміткер жеңіске жететін болады. Бұл жақсы құбылыс. Күтетініміз де сол емес пе.

– Дегенмен, сайлау қаншалықты әділ өтеді деп ойлайсыз? Өткен сайлауда заң бұзушылықтар орын алды деген пікірлер айтылып жатты...

– Ондай құбылыстар әкімшілдік-әміршілдік жүйе қатаң сақталған мемлекеттерде орын алады. Биліктің өкілінен басқа үміткерлерге қысым жасалынады. Түрлі құйтырқы әрекеттерге барып, дауыстар ұрланады. Саяси маркетинг ережелері бұзылады. Мұны әкімшілік технологиясы деп атайды. Ал, бізге саяси технологиялар, саяси маркетинг әдістері керек. Мұнымен қоса, қаржылық технология деген де бар. Кімнің қаржысы көп болса, сол үміткер басым дауысқа ие. Яғни, үміткер сайлаушыларды сатып алады деген сөз. Қаржылық технологияларға тән сипат –

қолма-қол қаржының және банкіде тіркелмеген ақшалардың сайлау кезінде жасырын жағдайда айналысқа түсуі болып табылады. Неғұрлым мұндай ақшалар көп болса, үміткерлердің заңсыз жолмен көп дауыс жинауына мүмкіндік туады. Бұдан басқа идеологиялық технология деген де болады. Ол бірнеше ұлт өкілдері үміткер болған жағдайда орын алады әрі мұндайда әр үміткер өзінің ұлттық белгісіне орай өз сайлаушыларын табуға тырысады. Бұдан басқа таза қазақы сайлау технологиясы бар. Қазақтың салт-дәстүрі мен олардың ежелден қалыптасқан санасына әсер ете отырып, үміткерлер оларды өзіне тартуға тырысады.

– Ал енді мына бес үміткердің ішінен халық кімді таңдайды деп ойлайсыз?

– Менің ойымша, қазіргі Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың мүмкіндігі өте жоғары. 60-80 пайыз аралығында дауыс жинауы мүмкін. Бірақ, билікке бұл жолғы керегі – әділ сайлау. Олар оң жамбасқа салса да, саяси технологиялар арқылы ұтып отыр.

– Әділ сайлау өткізу арқылы-ақ қазіргі Президент таза жеңіске жетеді дейсіз ғой?

– Таза жеңіс болып тұр... Алайда, жергілікті жерлердегі кейбір жандайшаптар ұтып тұрған ойынның берекесін кетіріп алуы мүмкін. Бұл жөнінде түсіндіріліп-ақ жатыр. Олар ескі тәсілге барып, дүние жүзінің алдында әділ сайлау арқылы бедел көтеру мәселесін бәсеңдетіп ала ма деген де ой бар.

Н. Назарбаевқа көп дауыс алып беру шарт емес. Бізге Нұрекеңнің аз дауыспен жеңгені жақсы. Сонда ғана бұл сайлаудың нәтижесі сырттағыларға да, іштегілерге де сенімдірек көрінеді.

– Бақылаушылар мәселесіне қайта оралар болсақ, олардың біліктілігі қай деңгейде деп ойлайсыз? Сіз саясаттанушы ретінде олармен жиі кездесіп, әңгімелесіп жүрсіз ғой...

– Әрине, бақылаушылар мына сайлау үрдістерінің талаптары тұрғысында жұмыс жасайды. Жалпы талаптар белгілі. Орталық сайлау комиссиясының өзінің жүйелі жұмыс кестесі бар. Ішкі құжаттар жариялылық түрде пайдалануы керек. Сайлау туралы, Ұлттық қауіпсіздік туралы заңдар бұзылмағанын қалаймыз.

– Электорат пен демографияның арасындағы байланысты қалай сипаттар едіңіз?

– Елімізде қазақтардың үлес салмағы 60 пайызға жуықтады. Қазақтар 2004 жылғы сайлауда әлеуметтік талаптарға сүйсініп қарады. Яғни, халықтың тұрмысы, студенттердің жағдайы, бюджеттік сала қызметкерлерінің айлығын көтеру сияқты мәселелер дауыс берудегі басты өлшемдер болды. Халқымыздың тарыққан бөлігі үшін 2004 жылы қолайлы жағдайлар туғызылды. Бұл биліктің бірқатар шаралары арқасында жүзеге асты. Сөйтіп, олар халықтың көңілінен шыға білді. Осы жолы демократиялық талаптарға кім жақын болса, сол ұтады.

– Сіз саясаттанушы ретіндегі өз ойыңызды айттыңыз. Енді қарапайым азамат ретінде осы бес үміткердің қайсысына көңіліңіз бұратындығын білгіміз келеді?

– Осы тұста саясаттанушы ретінде айта кетер тағы бір мәселе, біздің барлық үміткерлер ұлтжанды азаматтар. Біздің Президентіміз ұлтшыл адам болғанын қалаймын.

Мәселен, Ресей президенті В. Путин саяси-экономикалық реформаларда аса бір биік деңгейге қол жеткізбегенімен, орыс ұлтын қорғау жолында қайраткерлік танытып келеді. Мысалы, Кавказдағы жағдайларға байланысты. Сосын бұрынғы КСРО құрамындағы мемлекеттердегі орыстардың жағдайын ойлауды да естен шығармайды. Сол себепті де, орыс халқы қазір Путинді қолдап отыр. Олай болса, Қазақстанға да қазақтың «Путині» керек.

– Ал ол кім деп ойлайсыз?

– Әзірге, мына бес кандидаттың ішінен мен ондай адамды көріп отырған жоқпын. Егер алдағы уақытта Нұрсұлтан Назарбаев қазақ мүддесін бірінші орынға қойып, сол тұрғыда табанды саясат жүргізетін болса, әрине бүйрегім сол кісіге қарай бұратыны сөзсіз. Үміткерлердің бәрі де қазақшыл-ақ. Бірақ, қазақ мүддесі үшін нақты іс-шараларға бара алмай отыр.

– Әзеке, мен қоймаған бір сұрақты өзіңізге-өзіңіз қойып, жауап беріп көріңізші...

– Менің ойымша, Қазақстанда діни және ұлттық ренессанс басталды. Бір жағынан қазақтың рухы, екіншіден тұрмысы көтеріліп келеді. Ал үшіншіден, ұлттық санасы ояна түсуде. Менің ойымша, болашақта ұлтшылдықты қолдайтын топтар күшейеді. Ол – діндарлар, зиялылар, қазақ инфрақұрылымының қызметкерлері, студенттер, қазақ мектебінде оқитын оқушылар. Осылардың барлығы келешектегі ұлтшылдықтың бүгінгі мектебі деп ойлаймын.

Біз демократияны әсіре бағаламауымыз керек. Ұлттық қауіпсіздікті күшейтпесек, бәрі бекер. Маңаймыздың бәрін ашық тастау біз үшін әлі ерте. Шіркін, ұлттық модернизация болса... Демократияға әйтеуір бір келетіндігімізге сенемін. Ал ұлт мәселесі уақыт оздыруды көтермейді.

– Ұлттық модернизация дегенді қалай түсінеміз?

– Бұл – Қазақстанды қазақтандыру деген сөз. Бұл –тіл, дін, қазақтың үлесін көтеру, қазақты қалаға әкелу, оның саяси салмағын көтеру, ішкі рынокты қорғау, мемлекеттің егемендігін күшейту, тағы басқа мәселелер. Осының бәрін Балтық жағалауы елдері 1990 жылдардың басында-ақ қолға алды. Украина қазір аяқтап қалды. Барлық елдер авторитарлық мүмкіндіктерді пайдаланды. Ресей қазір жасап жатыр. Егер Путин мемлекет басына келмегенде, Ресей қырық құрау болып кетер еді. Соны орыс халқы түсініп отыр. Келешекте қазақтың ұлтшылдығы күшейеді. Кім атын қазақша ерттеп мінсе, сол қазақтың батасын алады.

– Әзеке, осы сайлау меніңше тыныш өтетін сияқты. Сіз қалай ойлайсыз?

– 2004 жылғы сайлауда біз ымырасыз оппозицияны орта жолда өкпелетіп алдық. Сөйтіп, олар саяси жүйеден шығып кетті. Сол себепті, ол сайлау ЕҚЫҰ-ның дұрыс бағасын ала алмады. Ал, осы жолы ымырасыз оппозиция билікшіл партиялармен, яғни Назарбаевпен жарысқа түсіп жатыр. Бұл, қуанарлық жағдай. Яғни, саяси жүйеге кіріп отыр. Сырттан айғай емес, кәдімгідей ішкі күреске белсене араласуда. Сайлаудың екінші жартысында Бәйменов, Тұяқбайлардан айырылып қалмағаны-

мыз жөн. Егер олар сайлау додасынан шығып кетсе, біз Батыстың қолдауына ие бола алмай қаламыз. Сондықтан, қалайда әділ сайлаудың өтуіне үлес қосайық. БАҚ-та әр үміткердің толық жарнамалануына жағдай туғызылды. Жақияновтың түрмеден шыққаны да дұрыс болды. Батыстың наразылығын туғызатын жағдайлар осы. Билік саяси технологияны ұтымды пайдалана бастады. Осы жолы билік салқын қандылық танытып отыр. Өйткені, ол онсыз да жеңетініне сенімді. Мен олардың осы бағыттан таймауын қалаймын.

– Әңгімеңізге рахмет.

**«Президент және Халық» газеті,
11 қараша, 2005 жыл**

ҮМІТКЕРЛЕР ҮМІТІ ҮЗІЛМЕЙДІ

Президент сайлауы кімнің кім екенін айқындауға да біраз септігін тигізді. Әсіресе, өзін өзі ұсынғандар ел алдында бір көрініп қалғандарына мәз. Ептеп күлкіге де ұшырады. Алайда, үміткерлердің бесеуі ғана Орталық сайлау комиссиясының ресми тіркеуінен өтті.

Журналистік жол қайда апармайды. Ресми тіркелген бес үміткердің ішінде Е. Әбілқасымовтан басқасының бәрімен қызмет бабында жүздесіп қалған сәттерім аз емес екен. Сондықтан, үміткерлер туралы азды-көпті пікір айтудың реті келіп тұрған сияқты. Республикалық басылымдарда қызмет істеген соңғы он бес жылдың ішінде қазіргі Елбасымен бірге үш рет шетелдік сапарға шығыппын. Бірнеше рет Президенттің ел ішіндегі жиналыстарына да журналист ретінде қатысқаным бар.

2002 жылы Мәскеуде өткен ЕурАЗЭК-қа мүше елдердің басшыларының кездесуін ешқашан ұмыта алмаспын. Екі жүзден астам журналистің алдына шыққан мемлекет басшыларының ортасында Нұрекеңнің шоқтығы биік тұрғанына бізден басқалардың өзі де сүйсінді. Күрделі бір сұрақ қойыла қалса, Ресей, Беларусь сияқты алпауыт ел президенттерінің өзі Нұрекеңе қарайлай беретінін байқадық. Президенттің арқасында әріптестеріміздің арасында біздің де беделіміз өсіп қоя берген.

Ал, Жармахан Тұяқбай Бас прокурор қызметінде отырғанда ол кісімен журналист ретінде бірнеше рет сұхбат жүргізгенмін. 1994 жылы сол кездегі Экономика министрі М. Үркімбаевтің үстінен қылмыстық іс қозғап, біраз шуылдатқанымен соңы бәсеңсіп барып басылғаны да есімізде. Мемлекеттік тергеу комитетін неге таратып алғаны күні бүгінге дейін түсініксіздеу.

Ә. Бәйменов былтырғы көктемнен бастап «Темірқазық» пікірсайыс клубын ұйымдастырып, сүбелі тақырыптардың басын қайырды. Онысы көптің көңілінен шыққан ізгілікті шара болғанын да баса айта кеткеніміз жөн. Бұл жөнінде біраз сараптамалық мақалаларға қалам тербегем.

Мәлс Елеусізовпен осы аптаның басында ғана жүздестім. Осының алдында Президенттікке үміткер Н. Назарбаевты қолдау жөніндегі штабтың Алматыдағы бөлімшесінде болып, ондағы жұмыстар жөнінде жазғанбыз. Елбасының бастамасымен қол жеткізген жетістіктер халықтың көз алдында. Қазіргі Президент жөнінде үгіт жүргізудің өзі артықтау екендігіне қарамас-тан, мұндағы қызметкерлер қазіргі Конституцияның әлеуетін толық пайдалану, жергілікті жердегі өзін-өзі басқару, әкімдер сайлауы және Алқабилер соты сияқты мәселелер төнірегінде жұмыстар жүргізіп жатқандығын жасырмады.

Сайлау алды науқан басталар алдында Ж. Тұяқбайдың да қоғамдық штабына бас сұққанбыз. Штаб бастығы Т. Тоқтасынов алғашқыда сақтық жасап, бізбен далада сөйлесті. Кейінгі кездесуде ішке кіргізді. Үміткердің өзі ел аралап кетіпті. Енді ол кісіні тек теледидардан ғана көретін болдық. Осы аптада Павлодар облысының орталығында жұртшылықпен өткен кездесуін Май ауданында жалғастырды. Одан кейін Екібастұзға барды. 1 қараша күні Қостанай облысының Жітіқара кентінде болды. Кездесуге біраз адам жиналды. Ж.Тұяқбай шағын қалаларды қалпына келтіру, кезінде қысқарып кеткен елді мекендерге қала мәртебесін қайтару, қолданыстағы Жер кодексінің күшін жою секілді мәселелерге жұртшылықтың назарын аударды. Кездесуде жергілікті билік өкілдері кедергі жасауға әрекеттенгенін де айтты. Өздерінің саяси белгілері ретінде қабылдаған сары түсті жейде мен мойын орамалдарды басқа үміткерлер де сол күйінде қабылдап алғанына өкпелі екен. Осы күні Ж. Тұяқбайдың Алматыдағы қоғамдық штабының алдына «Қайсар» жастар ұйымының өкілдері келіп, «Әділетті Қазақстан үшін!» қозғалысы тарапынан өздеріне өрескелдеу түрде үгіт-насихат жүргізіліп жатқанын, ондайды тоқтатуларын талап етті. Бірақ, штабтағылар олармен сөйлесуге шықпады. Байқағанымыз, «қайсарлықтардың» да киімдері сары түсті екен...

«Ақ жол» партиясының төрағасы Ә. Бәйменов те халықпен жүздесіп, өзінің сайлау алды бағдарламаларын насихаттауда.

Алайда, ОСК Ә. Бәйменовтың өкілдері тарапынан «Сайлау туралы» Заңын бұзушылық орын алғанын хабарлауда. Өз басы аса зиялы бұл азаматтың маңайындағы көмекшілері оған шын ниеттерімен қызмет жасап жүрген жоқ-ау деген ой келеді. Әйтпесе, неге Әлекенді ұятқа қалдырады?

Астана қаласының маңында орналасқан Көктал кентіндегі кездесуге оның әртістері келіп, өзі келмей қалғанын естігенімізде мұның арғы жағында әлі ашылмай жатқан сыр бар ма деген ойға қалдық.

Қазақстанның Халықтық Коммунистік партиясы атынан президенттікке үміткер Е. Әбілқасымов дәрігер-ғалым, педагог екенін сайлаушылар енді ғана біле бастағандай. «Сондықтан да, осы сала қызметкерлерінің жағдайы маған жақсы таныс» деді ол жұртшылықпен бір кездесуінде. Ендеше, осы сала қызметкерлері Ерекенді қолдайтын шығар, Сондай-ақ, қазіргі кезде әлемді әбігерге түсіріп тұрған мұнай төңірегіндегі дау-дамайды түбегейлі шешу қажеттігін де Ерекен ұмытпапты. Бұл тұрғыда Энергетика және минералды ресурстар министрлігін орынды сынаған. Қазақстан мұнайы шетке арзан бағамен жөнелтіліп жатқаны рас. Жанар-жағар май бағасы көтерілген деңгейінен әлі түскен жоқ. Егер дәл осы істі Ерекен таяу арада ылдым-жылдым шешіп тасаса, сайлаушылардың біраз сеніміне ие болар еді.

Келесі үміткер М.Елеусізовтың сайлауалды бағдарламасы экологияға байланысты екендігі белгілі. Бұл істе ол кісі көптен бері күрескерлік танытып жүр. Сырт қарағанда сабырлы да салмақты көрінетін Мекеннің ішкі мәдениеті де мол адам сияқты. Басқалар секілді маңайында өріп жүрген нөкерлері де көп емес. Соған қарамастан, өткен аптаның басында Алматыдағы тұрақты орны жоқ қаңғыбастарға арналған әлеуметтік бейімдеу орталығына барып қайтты. Жағдаймен танысқаннан кейін осы мекеме орналасқан аудан әкіміне кірді. Өмірден өз орнын таба алмаған, маскүнемдіктің кесірінен тура жолдан тайып, тағдырдың тәлкегіне түскен міскін жандардың аңда-саңда бас сұғатын уақытша баспаналарынан айыру – азаматтық қасиетке жатпай-

тындығын сабырлы қалпында ескертті. Іштей әлдебір қаупі болды ма, әкім оның алдында сыпайылық танытып, сырғақтай сөйледі. Уақытша тұрағы жоқ адамдарға қамқорлық жасау әрі экологиялық тазалықты сақтау ісімен М. Елеусізов сайлаудан кейін де күн тәртібінен түсірмейтіндігіне, яғни 4 желтоқсанда өтетін сайлауда жеңіске жетсін-жетпесін бастаған ісін аяқсыз қалдырмайды деген сенімдеміз.

**«Президент және Халық» газеті,
4 қараша, 2005 жыл**

САЙЛАУЛАР ШЕРУІ

Биылғы желтоқсан ТМД елдері үшін нағыз сайлау кезеңіне айналды десек, артық айтқандық емес. Парламент сайлауы алдымен Ресейде өтті. Желтоқсанның 3-і күні Ресей Федерациясы Орталық сайлау комитетінің төрағасы В. Чуровтың мәлімдеуіне қарағанда, төрт саяси партия белгіленген межедегі дауыстарға ие болғанын мәлімдеді.

Ресейде бірінші рет партиялық тізім бойынша бұл парламенттік сайлауда «Біртұтас Ресей» партиясы көпшілік дауысты жеңіп алды. Ресейдегі сайлау да Қазақстандағы Парламент сайлауы әдісімен өтті. Мұндағы бір айырмашылық – оппозициялық бағыттағы партиялар Парламенттен өздеріне тиесілі орынға ие болды. Ал Қазақстанда оппозициялық партиялар белгіленген межеге жете алмай, орта жолда шалдыққаны рас. Қазақстандағы «Нұр Отан» сияқты «Біртұтас Ресей» партиясы да президенттік бағытты ұстанатын саяси ұйым болып есептеледі.

Желтоқсанның 16-сында Қырғызстанда өткен Парламенттік сайлау да дәл Ресейдегідей болып шықты. Бұл сайлауда да қазіргі президенттік саясатты қолдайтын «Ақ жол» партиясы бәрінен басым түсті. Ол 47 пайыз дауысқа ие болды. Екінші орында оппозициялық «Атамекен» партиясы 8,29 дауыс жинаса, коммунистер – 5,15 пайыз, социал-демократтар – 5,02 пайыз дауыс алды. Алғашқыда оппозиция өкілдері бұл сайлауды заңсыз деп тануға тырқандарымен ештеңе шықпады. Қазір Қырғызстанның Парламенті өз жұмысын бастап та кетті. Айта кетерлік жайт, Қырғызстанда да Парламент сайлауы бірінші рет партиялық тізім бойынша өткізілді. Мұны да саясаттанушылар қазақстандық үлгінің өзге елдерге тарала бастағанының белгісі ретінде қарайды.

Қазақстан өзінің тәуелсіздік жылдардағы даму жолын «алдымен экономика, содан кейін саясат» деген бағытта өрбіткені белгілі. Соған қарамастан Қазақстанның саяси реформадағы алғашқы қадамдары өзгелер үшін тәлім болып жатса, оған неге мақтанбасқа?!

Осыдан бес күн бұрын, желтоқсанның 23-інде Өзбекстанда Президент сайлауы өтті. Бұл сайлауды 264 шетелдік және 23 мыңнан астам жергілікті қадағалаушы бақылады. ТМД бақылаушылары сайлау өз деңгейінде өтті десе, ЕҚЫҰ-ның 24 бақылаушысы «шынайы бәсекелестік аясы шектелген және жалпы демократиялық нормаларға сәйкеспейді» деген сыңайлы пікір білдіріп жатты. Өзбекстан Орталық сайлау комиссиясының төрағасы М.Абдулсаламовтың мәлімдеуінше, сайлаудың түпкілікті қорытындысы 3 қаңтарда белгілі болмақ.

Өзбекстандағы Президент сайлауы да Қазақстанда 2005 жылы өткен Президент сайлауының тәжірибелерін басшылыққа алғаны көрініп тұр. Қалай дегенде де Орта Азия елдеріндегі түйіткілді мәселелер бәріне ортақ. Сондықтан, дәл қазіргідей аумалы-төкпелі заманда тәжірибелі мемлекет басшысын ауыстыра салу жаңа дамып келе жатқан елдерге онша пайдалы емес. Ресейдің жөні басқа. Бұл елде алдағы қаңтарда өз президентін қайта сайлайды. Еуропалық стандартты басшылыққа алған Путин екі мерзімнен кейін өз еркімен орнынан кеткелі отырғаны баршаға белгілі. Қазіргі демократиялық үрдіс тұрғысынан қарағанда бұл өте жағымды нәрсе. Оны біз Өзбекстандағы Президент сайлауынан да байқап отырмыз. Қалай дегенде де қазақстандық демократия Орта Азия елдеріне әлі талай уақыт үлгі болып қалады.

Соңғы аптада Украинада да сайлау қарбаластары орын алды. Ю.Тимошенко Үкімет басшылығына қайта сайланды. Бүкіл халықтық сайлау болмағанымен, бұл да желтоқсандағы сайлау дүрбелеңдеріне үн қосты.

Желтоқсан айында Гүржістанда да Президент сайлауына алдын ала дайындық басталды. Таяуда Гүржістан Орталық сайлау комиссиясы 13 үміткердің жетеуін ғана қалдырып, президенттікке үміткер кандидаттардың тізімін бекітті. Сарапшылардың пікіріне қарағанда, негізгі тартыс қазіргі президент Саакашвили мен бизнесмен Патаркацишвили арасында өрбімек. Сайлаудың нәтижесі келесі жылы белгілі болмақ.

Желтоқсан айы тек қазақстандықтар үшін ғана емес, бірқатар көрші елдер үшін де демократия үдерістерін тереңдеткен кезең болды.

«Президент және Халық» газеті,
28 желтоқсан, 2007 жыл

1.3. ҒАЖАЙЫПТАРСЫЗ ҒАРЫШ

«БАЙҚОҢЫРДЫҢ» БАСЫНАН БАҚ ТАЙМАСЫН

Бір кезде бүкіл әлемге әйгілі болған «Байқоңыр» ғарыш айлағының бүгінгі жағдайы кейінгі екі жыл көлемінде өте қиындап кеткенін естіп жүрміз. Мұның себеп-салдарын іштей сезінгенімізбен, оның тағдыры дәл осындай тығырыққа тіреледі деп кім ойлаған?

КСРО тарап, Қазақстан өз алдына тәуелсіздік алғаннан кейін батыр ұлымыз Тоқтар Әубәкіров ғарышқа сапар шеккенде қуанышымызда шек болмады. Арамыздан осындай азамат шыққанына да тәуба дедік. Енді оның ізбасары Талғат Мұсабаев бізді қашан тағы бір қуантар деп күткенімізге де біраз уақыт өтті. Бірақ уақыт озған сайын ол жайындағы әңгіме сұйылып бара жатқандай. Сөйтсек, «Байтал түгел бас қайғының» күйін кешіп жатқан көрінеміз. Бүгінде «Байқоңыр» ғарыш айлағын қалай сақтап қаламыз деген өзекті мәселе алдымызда кесе көлденеңнен тұр екен. Үстіміздегі жылдың сәуір айында Ресей Президенті Б.Ельцин «Байқоңыр» ғарыш айлағын ТМД елдерінің игілігі үшін бірігіп пайдалану қажеттілігі жөнінде ұсыныс жасаған. Бұл ұсыныс Қазақстан тарапынан қызу қолдау тапты. Өйткені, ғарыш айлағы бұдан былай біздің меншігіміз болғанымен, оны бір республиканың күшімен «дөңгелетіп» әкету мүмкін емес екені кімге болса да белгілі жайт.

Қазақстан Президенті бұдан кейін осы саладағы білікті мамандарға Ресей ұсынысы негізінде арнайы бағдарлама жасауды тапсырды. Бағдарлама жасалды да. Алайда, ол бағдарлама қағаз жүзінде қалып қойды. Өйткені отыз жылдан астам уақыт бойы тек КСРО үшін ғана емес, бүкіл жер шарындағы ғылыми жетістіктер мен әскери күштердің дамуына үлес қосып келген

«Байқоңыр» ғарыш айлағын Ресейдің осы тұста өз уысынан шығарғысы келмейтіні анық байқалды. Олар бұл аймақты Ресей қарулы күштері ғана игере алады деген пікірді алға тартты. Бірақ бұл пікірдің Қазақстан тарапынан қолдау таппайтыны өз-өзінен белгілі еді. Себебі, Қазақстан жерінде орналасқан және оның түбегейлі меншігі болып табылатын ғарыш айлағы әскери мақсатта жұмыс істесе, онда біз сыртқы саясатта өзімізді ядролық қарусыз мемлекетпіз деп жариялағанымыздың құны көк тиын болар еді. Ал мұны ұлы көршіміз неге ескермейді екен?! Сондай-ақ олар «Байқоңырды» тек бейбіт мақсатта қызмет ететін ғылыми-зерттеу кешені ретінде пайдаланғымыз келетініне күле қарайтынын несіне жасырамыз?

Иә, олардың өйтетін жөндері де бар. Өйткені, бізде бұл салада дәл қазіргі сәтте білікті мамандар жоқтың қасы. Оның үстіне, өтпелі кезеңнің қиыншылықтары екі өкпеден қысып тұрғаны тағы бар. Ресей жағы да бұл мәселе төңірегінде мақтана алмайтынын білеміз. Әйтсе де, «Жыланды үш кессе де кесірткелік әлі бар» дегендей, олардың өз әскери күш-қуатына деген сенімі мол. Сондықтан да, «Көнсен, осыған көнесің, көнбесең, қу темірді құшақтап қала бересің» дегендей пиғыл танытып отырған сыңайлы. Дегенмен, мұның бәрі уақытша қоқан-лоққы екенін сырт көз бірден байқар еді.

Ғарыш айлағы дәл қазіргі кезде Қазақстаннан гөрі Ресейге ауадай қажет. Егер, «Байқоңыр» күндердің күнінде жабылып, іске алғысыз болып қалса, осы кешеннің арқасында айлық тауып, күнін көріп отырған Ресей ғалымдары мен ғылыми-зерттеу институтының қызметкерлері жұмыссыз қалуы мүмкін. Сондай-ақ бұл жаққа қолды бір сілтеп кете береміз деп керігіп жүрген әскерилерді ол жақта құшақ жая қарсы алатын, бастарына баспана беретін ешкім де жоқ. Ендеше әскерилер «Байқоңырдан» кетуге ынталы емес. Олардың негізгі көздегені – дүние жүзіндегі ең әйгілі, ең мықты Қазақстан ғарыш айлағына өздері ие болып, оны әскерилердің қолында ұстап қалу.

Біз желтоқсан айының басында Ресей ғарыш агенттігінің бас директоры Ю.Н.Коптаев, АҚШ конгресінің ғылым мен техника және ғарыш жөніндегі төменгі палатасының төрағасы Д.Браун, Қазақстан аэроғарыш агенттігінің бас директоры Т.Әубәкіров мырзалар бастаған сарапшылармен бірге «Байқоңыр» ғарыш айлағында болып қайтқанымызда, бұған көзіміз жете түсті. Осы сапарға шығуға санаулы сағаттар қалғанда республика премьер-министрінің орынбасары, техника ғылымының докторы Ғалым Әбілсейітов, Ю.Н.Коптаев және Т.Әубәкіров мырзалар Алматыда ақпарат құралдарының өкілдерімен баспасөз мәслихатын өткізді. Журналистермен жүздесу кезінде үкімет басшысының орынбасары Ғалым Әбілсейітұлы:

– «Байқоңыр» ғарыш айлағының тағдырымен ойнауға болмайды. Екі жылдан бері бұл мәселені сөзбұйдаға салып жүріп, біраз дүниені жоғалтып алдық. Бұл – шындық. Осы уақыт аралығында Ресей әскерилерінің «Байқоңыр» ғарыш кешенін бұдан әрі игеруге мүмкіндіктері жетпейтінін өмірдің өзі дәлелдеп берді. Енді шұғыл іске кірісеміз. Ол үшін ғарыш айлағын әскерилерден алып, бейбіт мақсатта адамзатқа қызмет ететін азаматтық ғылыми кешенге айналдыруымыз керек, – деген болатын. Бұл жерде жалғыз Қазақстан емес, ТМД елдері түгелдей, оның ішінде Ресей үкіметі де өз үлестерін қосуға тиіс екенін ол кісі ашық айтты. Ғалекеңнің сөзіне қарағанда, «Байқоңыр» ғарыш айлағы Қазақстанның басыбайлы меншігі болғанымен, дәл қазіргі сәтте оның үздіксіз жұмыс істеуіне Ресей жағы өте мүдделі. Олай болса, кезінде миллиардтаған қаржының күшімен салынған, бүгінде, болашақта да пайдасы зор осындай ортақ байлықты саудаға салудың қажеті қанша? Алда-жалда Ресей бұл ұсыныстан бас тартса, Қазақстан өз меншігін қалай ұқсатуды өзі шешеді. Бұл бағытта жасалынып жатқан жұмыстар да аз емес.

Ғарыш айлағын Халықаралық ғарыш компаниясымен бірігіп пайдалану бағдарламасы жасалу үстінде. Америка конгресшілерінің «Байқоңырға» арнайы келу себебі де содан. Олар мұндағы озық техника үлгілерімен кеңінен танысқаннан кейін,

біздің жетістіктерімізге тәнті болды. Қазақстанмен, Ресеймен, Украинамен бірігіп бұл ғарыш айлағын әлем игілігіне жұмсау жолында, олар ештеңелерін аямайтындықтарын ашық айтты.

Халықаралық ғарыш компаниясының құрамына Америкамен қатар Жапония, Канада және Еуропа мемлекеттері кіретіндіктерін ескерсек, «Байқоңырдың» жарқын болашағы әлі алда деген сөз. Бірақ Ресейге мерикалықтардың бұл ұсынысы да ұнамайтын сияқты. Осыны байқаған соң Юрий Коптаев мырзаны әңгімеге тарттық. Ол өз ойын былай тұжырымдады:

– Бұған дейін Халықаралық ғарыш компаниясынсыз-ақ бұл істі өзіміз атқарып келдік емес пе? КСРО тарады екен деп әрқайсымыз шетелдіктерге алақан жая бергеннен не шығады? Онан да бұрынғыдай бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, тіршілік жасайық та. Естеріңізде болсын, кез келген мемлекет алдымен өз мүддесін ойлайды. Жазы ыстық, қысы қатал мына далаға келіп америкалықтар «Шаттл» ғарыш кемесін ұшырады деп ойлайсыздар ма? Мұның бәрі бос қиял. Егер шындығына келетін болсақ, «Байқоңырды» ұстап тұрған Ресей. Мұнда жұмсалатын шығынның 90 проценті Ресейдің үлесіне тиеді. Ертең біздің әскерилердің бәрі кетіп қалса қайтесіздер? «Байқоңырды» әскерилерден алып, азаматтық мақсаттағы ғылыми орталыққа айналдыру ниеті жақсы. Бірақ оған қаржы қайда? Ғарыш айлағы иесіз қалса, ол таран-таражға түсіп тоз-тозы шығады...

Коптев мырзаның бұл сөзінде бір жағынан едәуір шындық бар. «Байқоңырдың» байлығы таран-таражға түсіп жатқанын біз де білеміз. Сонда оны жасап жатқан кімдер? Әлде «Байқоңырды» осы күйінде қалай сақтап қаларымызды білмей, қиналып жүрген біздер мұндағы қондырғыларды өзімізден өзіміз ұрлап, тасып, Қазақстан жерінен тағы бір ғарыш айлағын ашпақшы ма екенбіз?

Сөз реті келіп тұрған соң Ю.Коптев мырзадан Ресей жеріндегі «Плесецк» ғарыш айлағы жөнінде сұрадық. Сөйтсек, бұл ғарыш айлағы «Байқоңырдың» бір ширегіне де татымайды екен. Ресейдің солтүстік шеткейінде орналасқандықтан оны

таяу жылдарда игеріп әкету өте қиындыққа түсетін көрінеді.

– Егер бұдан бірнеше жыл бұрын күндердің күнінде КСРО тарайтынын білгенде мына ғарыш айлағын сол жерге салған болар едік,- дейді Юрий Николаевич әзіл-шыны аралас. Ия, әзіл болса да өзекті өртеп бара жатқан шындық екені көрініп тұрды.

Дегенмен, «Байқоңырдағы» бүкіл әскерилердің бәрі осындай ниетте десек, қателесеміз. Осы сапар барысында жақын танысып, ашық әңгімелескен адамның бірі – «Байқоңырдағы» ғылыми-өндірістік бөлімнің бастығы Борис Михайлович Лохмачев деген азамат болды.

– Саясатшылар не десе о десін, мен «Байқоңырға» бар өмірімді арнаймын,- дейді ол ағынан жарылып. – Қазақстанда мамандар жетіспейді, күрделі техниканы игеру қиынға түседі дегеннің бәрі бос сөз. Мына Ленинск қаласындағы Халықаралық ғарышкерлер мектебінде қаншама Қазақстандық жеткіншектер оқып жатыр. Ертең біздің орнымызды басатын да солар. Болашақта ғарыш әлемінде әлі талай қазақ балалары қалықтап жүретініне сенемін. Тек «Байқоңырды» игілікке ұстатсын деңіздер...

Менің Халықаралық ғарышкерлер мектебінің шәкірттерімен, осында қызмет ететін қатардағы жауынгерлермен жүздескім-ақ келеді. Алайда, оған уақытым жетпеді. Мүмкіндік тумады. Қайтар жолда Ленинск қаласының ортасында есік-терезелері үңірейіп, бос қалған көп қабатты үйлерге көзім түсті. Қасымда отырған облыстық телевизияның осындағы меншікті тілшісі Сара Нұрғалиева бұл үйлерде бұған дейін әскерилер тұрғанын, олар көшіп кеткеннен бері іске алғысыз болып, иесіз қалғанын айтты. «Мейлі кеткен адамдар кетті дейік. Бірақ мынадай тамаша үйлерді іске қосуға қала басшылары неге көңіл бөлмейді екен?» деген сауал көкейге орала берді. Ойымды айтқызбай түсінген Сара одан әрі жалғастырды:

– Ленинск қаласы қазір басшысыз қалғандай. Бір мәселені шешу керек болса, әскерилер жергілікті әкімшілікке сілтейді. Сөйтіп, «Байқоңырдың» басындағы ауыр жағдай онан сайын күрделене түсуде,- деп, ауыр күрсінді ол. Ия, айта берсе бұл

өңірдегі өзекті мәселелер жетерлік, оның бәрін бір сапарда көріп-біліп, бір мақалада жазып шығу мүмкін емес.

Байқоңырға түске таман келген біз кеш бата ұшаққа қайта отырып, Алматыға бет түзедік. Бірге келген журналистер қауымы бұл сапардың нақты қорытындысы қандай болғанын білгісі келді. Бірақ, оған нақты жауап таба алмадық. Бар білгеніміз – америкалықтар «Байқоңырды» бірге игеруге әзір. Ресей жағы күмілжулі. Бұл мәселе енді Ресей мен Қазақстан Президенттерінің деңгейінде шешілмейінше, шетелдік қонақтар әзірге ештеңе айта алмайтындықтарын аңғартты.

Япырым-ай, шынымен-ақ «Байқоңырдың» басынан бақ тайғаны ма деген күдік те көңіл түкпірінде қылтия бастағандай. «Құдай оның бетін әрі қылсын!» деймін тағы өз ойыма өзім ерік беріп. Еңкейгенге еңкейіп, шалқайғанға шалқая білетін қазақ халқының заңғар ұлдары тұрғанда «Байқоңырдың» басынан бақ таюы мүмкін емес. Мана Борис Михайлович айтқандай, қазақ халқының үнін әлем жұртшылығы ғарыштан әлі талай рет еститін болады. Әйтеуір, бәрін оңынан берсін дейік.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
14 желтоқсан, 1993 жыл**

«БАЙҚОҢЫРДЫ» АЛҒАНЫ – БАЙЛЫҚҚА ҚОЛДЫ САЛҒАНЫ емес пе?.. Бірақ оған жол беруге болмайды

Арада екі ай өтпей жатып, бұл тақырыпта қалам тартам деп ойламаған едім. Өткен жылдың желтоқсан айының ортасында ғана америкалық конгрессмендермен, Қазақстан Ұлттық аэроғарыш агенттігінің басшыларымен бірге «Байқоңыр» ғарыш айлағына іссапармен барып қайтқам. Осы сапар барысынан жазылған «Байқоңырдың» басынан бақ таймасын» атты мақалада бір кезде аты әлемге әйгілі болған ғарыш айлағының бүгінде Ресей мен Қазақстан арасындағы даулы мәселеге айналып тұрғаны тілге тиек етілген еді.

Бұдан кейін «Егемен Қазақстанның» арнаулы тілшісі С.Мұқаш та осы тақырыпқа айналып соғып, «Байқоңыр» ғарыш айлағы тек Қазақстанның жекеменшігі екенін, оған таласуға ешкімнің құқығы жоқ екенін нақтылай жазған болатын. Соған қарамастан, өзіміздің республикалық баспасөз беттерінде, Ресей теледидарында «Қазақстан «Байқоңырдан» айрылды, оны Ресейге 30 жылға (кейбіреуі 99 жылға дейін деп көрсетті) жалға беретін болыпты» деген сыбыстар шыға бастады. «Жел болмаса шөптің басы қимылдамайтыны» рас қой. Мұндай әңгімелер жоғарғы жақта да жүріп жатқан.

Қаңтар айының басында Американың Ұлттық аэронавтика және ғарыш басқармасының өкілдері біздің елге арнайы сапармен келіп, Қазақстан Ұлттық аэроғарыш агенттігінің басшыларымен келіссөз жүргізді. «Ресеймен дауымыз бітпей жатқанда, бұл арада Американың қанша қатысы бар?» деген сұрақ тууы да мүмкін. Міне, сол себепті бұл тақырыпқа тағы айналып соғуға тура келіп отыр. Ендеше әңгімені басынан бастайық.

«Байқоңыр» ғарыш айлағы Қазақстанның заңды құзырына кіретін басыбайлы меншігі екеніне ешкімнің дауы жоқ. Бірақ

15 республика бір шаңырақтың астына кірігіп, КСРО атты мемлекет болып тұрған кезімізде сенікі-менікі деп ештеңені бөле жармағанымыз да әмбеге аян. Әйтсе де, жіліктің майлы басын қашанда шаңырақтың үлкені ұстайтын әдетімен Ресей «Байқоңырды» өз меншігіндей иеленіп келді. Біз сол «Байқоңырым» – байлығым» деп далада ән салып жүргенімізге мәз болдық. «Жас өспей ме, жарлы байымай ма?» дегендей, өз алдымызға ел болып, отау тіккеннен кейін жоғымызды түгендеуге кірістік. Дәл сол кезде ресей жағы біздің заңды еншімізді қайтарып бермеске амалы қалмаған.

Ресей «Байқоңырды» Қазақстанға беруін берсе де, «Осылардың қолынан не келер дейсің?» дегендей сыңай танытты. Біз «Байқоңырды» өз меншігіміз деп жариялағанымызбен, оны бірден дөңгелетіп әкете алмағанымыз да рас. Сондықтан, оны Ресеймен бірігіп пайдалануға келістік. Алайда, одан түсіп жатқан қыруар пайдаға да мән бермедік. «Байқоңыр» біреудің есігіндегі жетім баладай күннен-күнге жүдеп бара жатты. Мұны кейінгі жылдар ғана аңғарған біз қайтадан оған құшағымызды аштық. «Тегін пайдаға» әбден үйреніп алған ұлы көршіміз енді оны тектен-тек қайтара салғысы келмеді. «Жетімінді жетілдірген – мен, менің де мұнда үлесім бар» дегенді аңғартты.

Баяғы көнбістігімізге салып, ендеше оны бірігіп пайдалана тұрайық деген де ұсыныс болды. Бұған келіскен де сияқты едік. Сөйтіп, екі жақ ортақ қазанға қаржы құйды. Дегенмен, «Байқоңырды» емін-еркін игеріп келген Ресейдің түпкі ойы анық көріне бастады. Реті келген сәтте шөміштен қағып қалуға тырысты. Оған көз жеткізу үшін мына бір деректерге назар аударайық (бұл деректерді өткенде де келтіргенбіз).

«Байқоңырды» игеруге кететін шығынның 94 процентін Ресей, қалған 4 процентін Қазақстан көтеріп алуға тиіс деп келісілген. Бір қарағанда, біздің оған қосатын үлесіміз түкке тұрмайтындай. Бұдан кейін: «Шынында да «Байқоңырды» ұстап тұрған Ресей екен-ау» деп ойлауға әбден болатындай. Жоқ, олай ойласақ, қателескен болар ек. Сондықтан, бізге бұған дейін белгісіз боп келген мына бір жайттың басын аша кеткеніміз дұрыс.

Біріншіден, қазір ғарышта қаншама жер серіктері ұшып жүрсе, оның әрқайсысы үлкен-үлкен ғылыми кешендер орталығы болып табылады. Соның бәрі қай мемлекетке қызмет етеді? Әрине, Ресей өндірісі мен оның жердегі ғылыми орталықтарына қызмет етеді. Егер Қазақстан одан бірдеме дәметсе, бүгінгі нарық заңы бойынша есеп айырысуы тиіс.

Екіншіден, Ресей аэроғарыш агенттігі АҚШ Ұлттық аэронавтика және ғарыш басқармасымен (НАСА) ғарыш әлемін бірігіп пайдалану жөнінде келісім-арт жасасқан. Осы шарт негізінде Америка жағынан Ресейге біршама қаржы бөлінген. Оны да тек Ресей өзі жалғыз пайдаланады. Бізге бұдан бір тиын да тимейді. Мейлі, оған да таласпаймыз. Алайда, әлгі «Байқоңырға» бөлінуге тиісті 94 процент шығынды олар толық төлеп отырса, бір сәрі. Өкінішке орай, олар тиесілі қаржының жартысындайын ғана төлейді де, оның өзін «Байқоңырдың» игілігіне жұмсамай, сонда қызмет етіп жатқан Ресей әскерлерінің шәйсуына, киім-кешегіне, тағы басқаға жаратады. Осы арада «әскерді ұстап тұру үшін де қаражат қажет қой?» деген заңды сұрақ туады. Әрине, оған да қаражат қажет. Бірақ о бастағы келісім бойынша ғарыш айлағын күзетуге, тағы басқа қажеттілік үшін ТМД әскерлері осында қызмет етуге тиіс болатын. Оны қаржыландыруға Достастық елдерінің бәрі көмектесуді өз мойындарына алған. Ресей алғашында бұған келіскенімен, кейіннен мұнда өз әскерлерін алып келді. «Ендеше ортақ қазынаға қол сұқпай, өз әскерлерінді өзің қаржыландыр» деуге құқымыз бар ма? Әрине, бар.

Ал, Қазақстан уәдесін артығымен орындап, 3,4 миллиард сомның орнына өткен жылы «Байқоңырға» 17 миллиард сом бөлді. Дегенмен, «өгей әкеге» бұл да аздық еткендей. «Сендер мұны дұрыстап пайдалана алмайсыңдар, онанда бізге ұзақ мерзімге жалға беріндер» деп шықты. Ұзақ жыл дегендері жоғарыда айтып өткен 30 жыл немесе 99 жыл.

«Құныққаннан дәнiккен жаман» дегендей күндердің күнінде Ресей бізге: «Ана өндіріс ошақтарын да игере алмайсыңдар,

мынаны да игере алмайсыңдар, жалға беріндер» демесіне кім кепіл? Жалға бір алғаннан кейін жалдаушы ол жерде не істеймін десе де өз еркі. Бұдан кейін «Байтал түгіл бас қайғының» кебін киіп, жерімізді қайтарып алуға зар болатынымыз айдан анық. Ал, сонда Егемендігіміз, Тәуелсіздігіміз қайда қалады? Жок, ағайын, «Байқоңырды» ешқашанда басы бүтін жалға беруге болмайды! Ресейдің мұнысы әзірге қоқан-лоққы ғана. Түптің түбінде олар біздің дегенімізге көнетініне Қазақстан басшылары да сенімді. Оның себебін айтпас бұрын Ресей «Байқоңырды» жалға алуға неліктен жан ұшыруда деген сауалдың басын ашып алайық.

Ресей мен АҚШ арасында ғарыш кеңістігін бірігіп пайдалану жөнінде екі жақты келісімшарт бар екенін айттық. Осы шарт бойынша Америка бөлген қаржыны, кейбір ресми деректерге қарағанда Ресей баяғыда-ақ өзінің басқа қажеттеріне жұмсап қойған тәрізді. Енді оның орнын бідеңмен толтыру керек қой. Міне, «Байқоңырды» ұзақ жылға жалға бер деп жанталасуының мәні осында.

Екіншіден, ғарыштағы Ресей жер серіктерінің біразы бұл уақытқа дейін істен шығып үлгеріпті. Бұл Ресейдің экономикасы мен ғылымына, өндіріс, қорғаныс салалаларына қаншама зиянын тигізуде. Мұның бәрін көріп отырған Америка «Байқоңырды» бірігіп пайдалану жөнінде кіммен нақты келісімшарт жасасу жөнін анықтағысы келуі заңды құбылыс. Сондықтан да, өткен жылғы желтоқсанның басында АҚШ конгрессмендері, биылғы қаңтарда НАСА-ның өкілдері Қазақстанға арнайы сапармен келіп қайтты.

Американдықтармен екі күнге созылған келіссөз аяқталғаннан кейін бұл кездесуде недей мәселелер шешілгенін білу мақсатында біз Қазақстан Ұлттық аэроғарыш агенттігі бас директорының орынбасары, физика-математика ғылымдарының докторы Айсұлтан Қалыбаевқа жолыққан едік. Ол кісі бұл жөнінде былай деді:

— Американың Ұлттық аэронавтика және ғарыш басқармасынан бізге 12 адам келді. Оның құрамында астронавтар, ғалымдар, мемлекеттік департамент өкілдері бар. Осы делегацияны

басқарып келген Роберт Кларк мырзамен әңгімелескен кезімізде, олардың көкейінде мынадай сауалдар тұрғанын аңғардық.

1. Қазақстан Ұлттық аэроғарыш агенттігінің ғарыш әлемін зерттеу жөніндегі арнайы бағдарламасы бар ма?

2. Егер ондай бағдарлама бар болса, оны жүзеге асыруда «Байқоңыр» ғарыш айлағының атқарар рөлі қандай?

3. Қазақстан бұл ғарыш айлағына қаншалықты иелік етеді және оны өздері меңгере ала ма?

4. «Байқоңырды» жуық арада игеріп әкететіндей Қазақстанның өз кадрлары жеткілікті ме және олардың сапасы қандай дәрежеде?

5. Қазақстан Ұлттық аэроғарыш агенттігінің халықаралық ұйымдармен байланыстары қандай?

Бұл сұрақтарды олар дәл осылай бүйірден қоймағанымен, астарлы ойдың түп қазығы осы екенін біздің мамандар бірден түсінді.

– Американдықтармен келіссөз кезінде бұл сауалдарға нақты жауаптар қайтарумен қатар, екі жаққа да тиесілі келісімдерге қол жеткіздік,- дей отырып, Айсұлтан Әбдіұлы бізге «Байқоңыр» болашағы жайында біраз әңгімелеп берді. Енді мен ол кісінің аузынан естіп, көкейге түйген ойларымды оқырмандарға тұжырымдап жеткізуге тырысайын.

Қазақстан Ұлттық аэроғарыш агенттігінің ғарыш әлемін зерттеу жөніндегі өзінің арнайы бағдарламасы бар екеніне бұл жолы американдықтардың көздері толық жеткен. Ал оны жүзеге асыруда «Байқоңырдың» алар орны ерекше болмаса, оған Ресей де АҚШ ғарышкерлері де қызықпас еді ғой. Бұл сауалдарға жауап осылай қайтарылған сияқты.

«Байқоңырға» қаншалықты иесіндер, оны меңгере аласыңдар ма?» деген сауалға республика вице-президенті Ерік Асанбаев мырза: «Байқоңыр» – Қазақстанның заңды құзырындағы басыбайлы меншігі. Оған ешкімнің таласуға құқығы жоқ. Білгір мамандарымыз бар, болашақта бұдан да көбейеді» деп жауап берген. Бұдан соң қонақтар жағы өткен жылдың 25 желтоқса-

нында қабылдаған Меморандумды тілге тиек ете келе, онда «Байқоңыр» жалға беріледі» деген сөздің не себепті жазылғанын сұрайды. Бұған түсінік берген вице-премьер Ғалым Әбілсейітов мырза: «Меморандум дегеніміз – көкейдегі ойдың қағазға түскен нұсқасы ғана. Сондықтан, ол басты құжат бола алмайды» деп кесіп айтыпты. «Байқоңырға» қаншалықты иелік ететінімізге әлі де көздерін жеткізгілері келген НАСА-ның өкілдері Қазақстан Президентімен кедескенде де бұл сауалды алға тартыпты. Оған Нұрсұлтан Назарбаев: «Егер бар мәселе Меморандумға тіреліп тұрса, оны қайта қарауға болады ғой» деп жауап берген. Сөз тәркінін түсінген американдықтар бұдан кейін «Байқоңырдың» болашағы жөнінде байыпты әңгімеге көшіпті.

АҚШ пен Ресей арасында ғарыш әлемін бірігіп зерттеу жөнінде бұрыннан келісім-шарт бар екені белгілі. Сол шартты «Кейбір мәселелер «Байқоңыр» ғарыш айлағы арқылы шешіледі» делінген. Ал «Байқоңыр» – Қазақстанның меншігі. Ондай жағдайда Ресей мен АҚШ-тың келісім-шарттары қалай жүзеге аспақ? Сондықтан, да Ресей «Байқоңырды» бізден ұзақ мерзімге жалға алып, оны АҚШ-пен бірге оңаша пайдалана отырып, өз жоспарларын жүзеге асырмақшы. Біз оған қалай көнеміз? Олай болса, бұл шарт не үш жақты – (Ақш-Ресей-Қазақстан) не екі жақты (Қазақстан-АҚШ немесе Қазақстан-Ресей) жасалуға тиісті.

Егер, біз АҚШ-пен келісім-шарт жасасақ, одан түскен пайда осы екі елге бірдей бөлінеді. Ресеймен шартқа тұрсақ та дәл осылай болуға тиісті. Бірақ, бұған Ресейдің көңісі келмейді. Ол «Байқоңырды» жалға алғаны үшін ғана Қазақстанға ақы төлеп қойып, АҚШ-пен өзара келісімге отырғанды қалайды. Сөйтіп, ғарыш кеңістігін Қазақстансыз игергісі келеді. Шешуін таппай тұрған мәселелердің бірі осы. Бұл енді келешекте үш жақты келісім арқылы ғана шешілетін сияқты. Сондай-ақ, Ресей жағы «Байқоңыр» ғарыш айлағын Халықаралық аэроғарыш компаниясына айналдырғымыз келетін ниетімізге де қарсы. Оның себебі тағы түсінікті. Байлықты өзі ғана жеке пайдаланбақшы. Өйткені, «Байқоңырды» дүниеге әкелген Ресей!» деген кеудем-

соқтық әлі басылмаған. Осынау ғарыш айлағында бір кездегі КСРО құрамындағы елдердің де үлесі бар екенін олар ойлағысы да келмейді.

Бұдан кейін біз америкалықтардың БҰҰ-ның ғарыш кеңістігін бейбіт мақсатта игеру комитетіне Қазақстанның да мүше болып қабылдануын қолдауды өтініпшіз. Олар бұл ұсынысымызды қуаттап, сөзсіз қолдайтындықтарын білдірген.

Сонымен қоса ғылым мен жаңа технологиялар жетістігін бірігіп пайдалану, «Байқоңырдың» өзіндік басқару құрылымын жетілдіру, мамандар дайындау жөнінде де екі жақты келісімдерге қол жеткізіліпті. Осы кездесу барысында қонақтар жағы: «Үш жылдан бері «Байқоңырды» өзіміздің меншігіміз дей отырып, оны қалайша Ресейге тегіннен-тегін беріп қоясыздар?!» деген сауалдың басын ашуды өтінген көрінеді. Олар біздің 70 жылдан астам уақыт бойы бір жіптің бойына байланып келгенімізді неге ғана естен шығаратынына таңбыз. Ғалым Әбілсейітов мырза: «Байқоңырдың» негізінде Халықаралық аэроғарыш компаниясын құру жөнінде Украинамен және Ресей өндіріс орындарымен келісім-шарт бар екенін, болашақта ғарыш кеңістігін игеру жолында АҚШ-пен де қоян-қолтық жұмыс жүргізуге Қазақстан даяр екенін білдіріпті. Ал «Байқоңырды» Ресейге жалға беру мәселесі тек Қазақстан тарапынан, оның ғарышты игеру жөніндегі Ұлттық бағдарламасы тұрғысынан ғана шешілетінін ескерткен екен. Әрине, екі жақты келісім-шарт негізінде «Байқоңырдағы» нысандардың белгілі бір бөлшегі қысқа мерзімге жалға берілуі мүмкін. Оның өзінде Ресей бұл ғарыш айлағын бұрынғы қалпына толық келтіргеннен кейін ғана мұндай қадамдарға баруға болатынын еске салыпты. Бірақ ғарыш айлағын түгелдей жалға беру мүмкін еместігі, ол жөнінде ешбір құжатта әңгіме қозғалмағандығы жөнінде қонақтар жағына егжей-тегжейлі түсіндірілген. Бізді мазалаған да осы сауалдар еді ғой.

«Байқоңырды» Ресейге ұзақ мерзімге жалға беретін болыпты» деген алыпқашты сөздердің шығу себебін біраз әңгімелеп берген Айсұлтан Қалыбаев мырза бұл мәселе төңірегінде әлі та-

лай айтыс-тартыстар өтетінін де аңғартып қойды. Бір сәт ол кісі ойға беріліп: «Қазақстанды дүние жүзі тек үш нәрсеге байланысты ғана біледі. Оның біріншісі – «Байқоңыр», екіншісі – Семей сынақ алаңы, үшіншісі – кейінгі кезде аты шыға бастаған Каспий мұнай кешені» деді. Расында да, осылардың ішіндегі ең басты байлығымыз – «Байқоңыр». Одан айрылу – республика абыройы мен мәртебесін әлемге танытар басты шарттардың бірінен айырылу деген сөз. Ендеше, етек-жеңімізді жинап, ғылымның озық үлгілеріне құлаш сермемесек, кеш қалатынымыз сөзсіз. «Байқоңырды» өз меншігіміз ретінде алдымен өзіміз пайдалануымыз керек.

Айсұлтан Әбдіұлы манадан бері біздің әңгімемізге андасанда құлақ түріп, қасымызда отырған жас жігітпен таныстырды. Бұл Асқар Әбдіжапаров деген азамат екен. Техника ғылымының кандидаты. «Байқоңырдағы» жаңа техника мен технологияның қыр-сырын одан жетік білетін адам бұрынғы Одақ көлемінің өзінде аз көрінеді. Ал республикамызда дәл осы Асқардай білікті мамандардың саны қазірдің өзінде отыздан асатын көрінеді. Бұдан кейін қазақстандықтар ғарыш айлағын игере алмайды деуге кімнің аузы барады? Тек, кейде барымызды бағалай білмейміз. Әйтпесе, «Байқоңырдай» байлығымыздың басын дауға салып қоймас едік.

Енді тек «Байқоңырдың» иегері өзіміз бола отырып, оның негізінде Халықаралық аэроғарыш агенттігін құрудан басқа амал қалмаған сияқты. Сонда ғана досқа күлкі, дұшпанға таба болмайтынымыз анық.

Алдағы уақытта Президент Н.Назарбаевтың АҚШ-қа сапары кезінде де бұл мәселе күн тәртібінде тұруы мүмкін. Ал Ресеймен келісім әлі жүріп жатыр. Олар әзірге бұрынғы бағытынан таймауда. Дегенмен, бұған дейін де небір қиын түйіннің шешімін тауып келген Елбасымыз бұл тығырықтан да алып шығатынына сенгіміз келеді. Өйткені, бұл біздің Тәуелсіздігіміздің бір кепілі ғой.

«Егемен Қазақстан» газеті,
12 ақпан, 1994 жыл

АҒАСЫНЫҢ ІЗІМЕН ІНІСІ ҰШТЫ ҒАРЫШҚА

Талғат Мұсабаев ғарышқа ұшатын күн жақындаған сайын ол жайында әркімдер әртүрлі әңгіме жүгірте бастаған. Әдеттегідей, ішіне пышақ айналмайтын орталық басылымдардың бірі өз ұлымызды өзімізге қиғысы келмегендей, оны Ресей азаматы етіп көрсетпек болды. Оған себеп, Талғат Мұсабаевтің отбасы Мәскеудегі Жұлдызды қалашықта тұратындығы. Егер ол Қазақстан атынан ғарышқа ұшса, шетел азаматы ретінде Ресейге ақы төлеуге тиіс деп те соқты. Бірақ олар, бұл ұшу сапары бұдан екі жыл бұрын Ресей мен Қазақстан арасындағы келісім-шарт бойынша жасақталып жатқанын ескермепті. Рас, қаржы жағын бұл жолы Ресей өз мойнына алған. Ал, ғылыми бағдарлама жобасының негізі Қазақстан Ұлттық академиясының күшімен жасалғанын Ресей үкіметі ресми түрде мойындап отыр. Ендеше, бұл жөнінде басқа әңгімеге барудың жөні де жоқ.

Қазақстан журналистері осынау үлкен оқиғаның алдынан бір күн бұрын, яғни 30 маусым күні «Байқоңырға» барулары тиіс еді.

Өкінішке қарай, 1 шілде күні түске таман ғана «Байқоңырға» жеттік. Ұшақтан түсе сала қазақтың екінші ғарышкерімен бір ауыз тілдесіп қалудың амалын қарастыра бастағанбыз. Бұл мақсатымыз енді орындалмайтынын білгенде, Қазақстан журналистерінің көңіл-күйі бір сәт су сепкендей басылып қалды. Себебі, ғарышкердерді салтанатты түрде шығарып салу рәсімі де, баспасөз мәслихаты да 30 маусым күні өтіп кетіпті. Әріптестерімнің арасында: «Бізді онда несіне алып келді?!» леп реніш білдіргендер де табылып жатты. Бізден бір апта бұрын мұнда жетіп, қажетті ақпараттарға мейлінше қаныққан Ресей журналистері қазақстандықтарға миығынан күле қарайтындай. «Битке өтпелеп, тоныңды отқа жақпа» дегендей, енді ресейлік әріптестерді әңгімеге тартуға кіріскем. Сөйткенше болған жоқ, алдымен

Республика парламентінің органы «Халық кеңесі» газетінің фототілшісі мен арнаулы тілшісі адымнан шыға келмесі бар ма!

Алматыдан ұшатын арнайы ұшаққа іліге алмайтындықтарын білген олар мұнда күні бұрын өз қаржыларымен арып-ашып жетіпті. Жеткені не керек, ресми делегациядан тысқары келген оларды да бұл жерде кеудеден итерушілер табылған сияқты. Журналистке тән жанкештіліктің арқасында қам қарекет жасаған қос әріптесімнің аузынан естігенім мынау болды:

«Союз ТМ-19» ғарыш кемесінің командирі Юрий Маленченкомен бірге борт-инженері ретінде ғарышқа бет түзегелі отырған Талғат Мұсабаевтың бұл жолғы ресми мәртебесі ерекше. Өйткені, бұған дейін Ресей ғарыш кемесімен ешбір шетелдік ғарышкер борт-инженері дәрежесінде ғарышқа аттанбаған.

Иә, бұл біздер үшін мақтанарлық жағдай екенінде сөз жоқ. «Тіпті, Тоқтар Әубәкіровтің өзі ғарышкер-зерттеуші ретінде аспанға көтерілген еді» деген ойға қалдым. Әріптесімнің «шетелдік ғарышкер ретінде» деген сөзін естігеннен кейін көңілім көтеріліп қалды. Бұл, яғни, Талғат Мұсабаев ғарышқа Қазақстан азаматы ретінде ұшады деген сөз. Баспасөз мәслихаты кезінде ресейлік әріптестер тарапынан бұл сұрақ алдымен қойылғаны да анық. Батыр ұлымыз ғарыш сапарына ресми түрде Қазақстан азаматы ретінде аттанып бара жатқанын, өзінің қаны да, жаны да қазақ екенін, ғұмыр бойы «ақ табан шұбырындыдан» көз ашпаған туған даласына қанатымен су сепкен қарлығаш құрлы еңбегі сіңсе, басқа арманы жоқ екенін ағынан жарыла айтыпты.

Бұл жолғы ғарыш сапарының бағдарламасы сан қырлы. Соның ең басты еңбегі еш, тұзы сор болған Арал өңірінің тақсиретін зерттеу болып табылады. Қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіровтің айтуына қарағанда, Арал тағдырын арнайы зерттеу жөнінде ауқымды бағдарлама жасалған. Ол енді тек қазақстандық ғарышкерлердің ғана емес, дүниежүзі ғарышкерлерінің басты бағдарламасын айналмақшы.

Түскі сағат екіге дейін Ленинск қаласының көрікті жерлерімен қоса, оның бүгінгі пұшайман күйімен де жете таныс-

қаннан кейін, қос ғарышкердің жердегілермен қоштасар сәтін көруге аттандық. Иін тірескен журналистер мен сақшылардың арасынан «сығымдалып» өтіп, Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Ресей вице-премьері Олег Сосковец тұрған алаңқайға қарай жақындауға тырыстым. Байқасам, ол кісілерден қол созымдай жерге тақап қалыпшын. Нүрекеннің жүзіндегі алаулаған қуаныш сезімі маңайындағыларға ерекше бір сәуле болып таралып жатқандай сезілді. Ал Олег Сосковецтің көзінен орыс халқына тән шапағат шуағын байқау қиын емес еді. Ол кісі тіпті толқулы сияқты. Денесінде аздап діріл бардай.

Міне, ғарышкерлер киімін киіп, қолдарына кішкене кобдиша ұстаған Юрий Маленченко мен Талғат Мұсабаев қарсы есіктен шығып, бері қарай аяндап келеді. Талай рет теледидардан көріп жүрген көп рәсімдердің бірі көз алдымызда қайталануда. Бірақ біз үшін бұл тарихи сәт. Аса жоғары шенді Ресей әскери қолбасшысына «СОЮЗ ТМ-19» ғарыш кемесінің командирі Юрий Малеченко ғарышқа ұшуға сақадай сай екенін мәлімдеп, рұқсат сұрады. Одан кейін, әрине, борт-инженері, қазақ азаматы Талғат Мұсабаев та бұл рәсімді қайталаған.

Түскі сағат үш жарымда ұшақ алаңына келіп жеттік. Анадай жерде аспанға қарата шаншып қойған күміс қаламға ұқсап «Союз ТМ-19» ғарыш кемесі тұр. Ақша бұлттардың арасынан шыққан күн нұрымен шағылысып, назарыңды еріксіз өзіне қарай тарта береді. Кешкі сағат алтыдан жиырма төрт минут өткенге дейін әлі екі сағат уақыт бар. Ғарышкерлер қазір «күміс қаламның» ішінде отыр. Осы уақыт аралығында Тоқтар Әубәкіровпен тілдесудің тағы бір сәті түсті. Әлбетте, әңгіме арқауы «Байқоңыр» ғарыш айлағының, Ленинск қаласының болашақ тағдыры жайына қарай ойыса берді.

Иә, «Байқоңырдың» мәселесі шешіліп қойған. Оны Ресей 20 жылға бізден жалға алды. Енді тек екі мемлекеттің заң шығарушы органдары осы шешімді талқылап, бекітуі ғана қалған. Қазақ ғарышкерінің сөз ыңғайынан аңғарғанымыз, Ленинск қаласы да Ресейге басы бүтін жалға берілетін сияқты. Өйткені, мұндағы

халықтың тұрмысы мен әлеуметтік жағдайы күннен күнге құлдырап барады. Жергілікті әкімшілік пен Ресей әскерилерінің арасындағы «текетірес» салдарынан бұл қала қазір «қос өкімет» ахуалында отырғандай. Ал қарапайым халық «арада шыбын өлдінің» кебін киген. Байқоңыр ғарыш айлағын сақтап қалу мақсатында біраз «құрбандыққа» барғаннан кейін, енді оның тағдырын тәлкекке салуға әсте болмайды. Ал Ленинск мен «Байқоңырдың» жүрек тамырлары о баста-ақ бірге жалғанған.

– Ленинскіні жалға берсек, берерміз. Бірақ ондағы адамдарымызды қалай жалға береміз?- деген сауалға «олар басқа мемлекетке жалданатын жұмыскерлер ретінде қала береді» деген жауап алдық.

– Сонда өз жерімізде тұрып, басқа мемлекеттің жалшысы болғанымыз ба? – деген ащылау сұрақ тағы қойылды.

– Басқа жолы бар болса, өздерің айтындаршы,- деген ғарышкер ағамыздың қарсы сауалына дәл осы жерде атүсті жауап беріп жатуды артық санадық. Үкімет басқа амалын таба алмай отырғанда, бұл мәселе жөнінде қарапайым журналистер қалайша түбегейлі пікір айта қойсын. Сәлден кейін «Байқоңыр» ғарыш айлағы әкімшілігінің белді өкілі, өзім бұрыннан жақсы танитын Борис Лохмачев мырзамен ұшырастым. Ол кісіден Ленинск қаласын Ресейге жалға беру жөнінде сыр суыртпақтағанымда, сол баяғы ашық-жарқын мінезіне басып, ойын ашық айтты.

– Ленинскіні Қазақстан Ресейге жалға бергісі келгенімен, Ресей әзірге оны алғысы жоқ. Ресей бұл қалада тек ғарыш қызметіне қажетті адамдар тұрғанын қалайтындай. Расында, басы артық адамдарды босқа асырауға қазіргі кезде кімнің қалтасы көтерсін. Маған салса, Ресей осы қаланы бүкіл тұрғындарымен қоса жалға алғанын қалар едім...

Осы сәтте «Ғарышқа ұшуға үш минөт қалды!» деген хабар естілді. Бәріміз аспанға қарата ашылған «күміс қаламға» көз тіктік. «ТМ-19» деген жазу үш шақырым қашықтықтың өзінен бұлдыр-бұлдыр көзге түседі.

– «ТМ» деген жазуды қалай талдап оқуға болады? – деп сұрады топ ішінен әлдекім.

– Ол – Талғат Мұсабаев деген сөз ғой, – деп жауап берді әзілкеш біреу.

Міне, радиодан «Пуск!» деген бұйрықты дауыс етілді. Жердүниені күркірете «күміс қалам» енді бір сәт «алтын қаламға» айналып, ұзарып бара жатты. Он минөттен кейін ғарыш кемесі орбитаға шыққаны жөнінде хабар келіп жетті. Жердегілер алақайлап, бір-бірін қуанышпен құттықтауда. Ал Талғаттың «алтын қаламы» бұл кезде ғарыш тұңғыығына әдемі бір ою-өрнек салып, көз ұшында отты нүктеге айнала бастаған. Бұл ою-өрнек орыс халқы мен қазақ халқының ұлттық нақыштарына кезек ұқсағай деп іштей тілеп тұрды. Жердегі тірлік бір оңалар, ал аспандағы екі ұлды екі халық, екі ана түн ұйқысын төрт бөліп елегізе күтіре сөзсіз.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Ресей вице-примьері Олег Сосковец екеуі де осы сөзді қайталап, қуанышты жүзбен баспалдақтан төмен қарай түсе берді.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
5 шілде, 1994 жыл**

ҒАРЫШТАҒЫ 332 ТӘУЛІК

1994 жылдың 1 шілдесінде «Байқоңырдан» репортаж жазғаным әлі есімде. Себебі дәл сол күні қазақтың екінші ғарышкер ұлы Талғат Мұсабаев бортинженер ретінде «Союз ТМ-19» ғарыш кемесімен көк аспанның тұңғығына тұңғыш рет сапар шеккен болатын.

Одан бері де арада жылдар өтті. Талғат 1996 жылдың 29 қаңтарында екінші рет ғарышқа аттанды. Бұл жолы ол «Союз ТМ-27» деп аталатын ғарыш кемесін өзі басқарды. Алғашқы сапарда 125 тәулік ғарышта жұмыс істеді. Екі рет кемеден тыс, ғарыш кеңістігіне шығуға тура келді. Тығырыққа тірелген тұстар да аз емес. Бәрінде алғырлықпен жол таба білді. Бірінші сапарда 207 тәулік бойы ғарыш кеңістігінде қалықтады. Бұл жолы кемеден тысқары шығып жұмыс істеу уақытының барлық саны 30 сағат 8 минутке созылыпты. Талғат Қазақстанға қатысты ғарыштық ғылыми-зерттеу бағдарламасын толық орындады. Бүгінде оның кеудесінде «Ресей Федерациясының Батыры» «Халық қаһарманы» алтын жұлдыздарымен қоса бірнеше медальдар жарқырайды. Оның бәрін санамалап шығу міндет емес шығар.

Ақпарат құралдары Талғаттың қайталанбас ерліктері жайында аз жазған жоқ. Сол азамат енді ердің жасы елуге келіпті. Мұндайда, әдетте, адамның жақсы жақтарын жіпке тізіп, өмір жолдарының өзекті тұстарын өзгелерге үлгі ететініміз бар. Ал, Талғат туралы шағын мақала ғана емес, бірнеше кітап жазса да артықтық етпейтінін білеміз. Өйткені, оның жүріп өткен жолдары басқа ғарышкерлерге ұқсамайды. Ол ғарышкерлер қатарына азаматтық авиация саласынан келіпті. Ендеше бәрін басынан бастайық.

Бұдан елу жыл бұрын, яғни, 1951 жылдың 7 қаңтарында Алматы облысы Жамбыл ауданы Қарғалы селосында дүниеге келген Талғат 1968 жылы Алматыдағы №58 мектепті бітіргеннен кейін Ригадағы Азаматтық авиация инженерлері институтына

оқуға түседі. 1974 жылы оны тәмамдаған соң Боралдайдағы азаматтық авиация жасағы бірлестігіне радио саласының инженері болып жұмысқа орналасады. 1975 жылы осы бірлестіктің комсомол комитетінің хатшысы болып сайланады. Бір жылдан кейін Қазақстанның азаматтық авиация басқармасының саяси-тәрбие бөліміне нұсқаушы болып тағайындалады. Партиялық қызметтің жоғары баспалдақтарына жол ашылды деген осы. Бірақ, Талғаттың қыран көңілі қашанда көк аспанның тұңғиығын шарлап жүретінін басқалар қайдан білсін.

Бос уақытында ол Алматыдағы ДОСААФ мекемесіне келіп, ұшақ спортымен айналысатын. Сөйтіп жүріп ол Мәскеуге хат жазып, өзін Ю.А.Гагарин атындағы ғарышкерлер даярлайтын орталыққа қабылдауын өтінеді. Ондағылар мұны әскери ұшқыш емессің деп бетін қайтарып тастайды. Соған қарамастан ол ұшақ спорты бойынша «КСРО спорт шебері» атағын алады. 1984 жылы КСРО чемпионы атанады. Қазақстаннан бұрын соңды мұндай спортшы шықпағанын ескерсек, бұл үлкен жетістік, әрине.

1986 жылы Талғаттың денсаулығын арнайы тексеру үшін Мәскеудегілер айналыса бастайды. Бұл аралықта ол қарап жүрмей Азаматтық авиацияның оқу-жаттығу жасағында оқып, азаматтық авиацияның ұшқышы деген куәлік алып үлгереді. Сөйтіп, «АН-2» «Ту-134» ұшақтарымен ұшып, оларды басқарып, тәжірибе жинақтай береді.

1990 жылдың 11 мамырында Талғатты Бас медициналық комиссия тағы тексеруден өткізеді. Бұдан кейін Азаматтық авиация министрлігі оны Ғарышкерлер дайындайтын орталыққа ұсынады. Сол жылдың қазан айында армандаған оқуына қабылданады. Келесі жылы ғарышкер-зерттеуші деген құжатқа ие болады. Талғаттың бұдан кейінгі ғарышкерлік өмір жолдары жайында мақаланың басында айтылып өтті. Қанаты талмайтын қазақтың қыран ұлдарының бірі биылғы жылы тағы да көк аспан төрінде қалықтауға қомданып, тұғырында тықыршып отыр. Томағасы сыпырылатын күн де алыс емес сияқты. Әйтеуір, асыл азамат тіл-көзден аман болсын дейік.

«Егемен Қазақстан» газеті,
6 қаңтар, 2001 жыл

1.4. ДҮБІРЛІ ДҮНИЕ

РЕСЕЙ ІШІ РЕТТЕЛІП КЕЛЕДІ

Қазан айының басындағы Ресейде болған қайғылы оқиғаның соңы немен тынады деген сауал кімді де болса қатты толғандырған еді. Міне, сол бір аласапыран күндер де артта қалып барады. Ресей іші бірте-бірте реттеліп келе жатқан сияқты, Қазанның 18-іне дейін белгіленген Мәскеудегі коменданттық сағат сол мерзім біткеннен кейін тоқтатылатын болды.

Бұл уақытша қатал тәртіп өз міндетін ойдағыдай атқарды деп бағалануда. Бұған дейін де қылмыскерлер мен қаңғыбастар көбірек жиналып қалған Мәскеу көшелері бір тазарып қалғандай.

Осы кезеңде Ресейдің басқа аймақтарында да тыныштық бұзыла қойған жоқ, Жергілікті Кеңестердің көбісі Ресей Президентінің «Өкілетті органдар мен жергілікті әкімшілік органдарының жұмысын реформалау туралы» жарлығына түсіністікпен қарап, өз өкілеттіліктерін тоқтатуға келісім берді. Енді олардың міндетін облыстық әкімшіліктер атқаруға кірісті. Мұның бәрі, әрине, уақытша жағдай,

Осы жылғы 12 қарашада өтетін Ресей Федералды Кеңес сайлауынан кейін өкілетті органдар бұрынғысынша өз жұмыстарына қайта кіріседі. Әрине, олардың алдағы атқарар міндеттері мен істері жаңаша бағытта өріс алатыны сөзсіз, Дегенмен, әр өтпелі кезеңнің өз қиыншылықтары болатыны белгілі. Егер Ресейдегі өзгерістер оп-оңай жүріп жатыр десек, қателескен болар едік.

Кейбір облыстық Кеңестер Ресей Президентінің бұл қадамынан әлі де заңсыздықтың белгілерін іздеп, өз дегендерінен қайтқысы келмей отырғаны рас. Сонымен қоса, олар бұрынғы демократиялық дақыртты бетке ұстағылары келеді. Алайда,

сол демократияны ауажайылушылыққа айналдырып алғандарын әлі күнге дейін түсінбей жүргендері байқалады.

Ал ауажайылушылықтың соңы бейберекеттікке ұласып, соңы қанды қақтығысқа әкелгенін әлем жұртшылығы көріп отыр. Сондықтан да, елдің бәрі Ельцинді жақтап шықты емес пе?

Демократияны бетке ұстап, бұрынғы коммунистік құрылымды қайта орнатуды көксеп кеткен кеңестердің ой-ниеті ашылып қалды. Мәселенің бәрі осында жатыр. Ең бастысы, ниет дұрыс болсын дейік.

Сол ізгі ниетке қол жеткізуде әр түрлі әдіс-тәсілдер алдан шығып жатады. Оны тармақтап бөліп алып, өзінше саясатқа айналдырғандар оңбай қателесетінін тарихтың өзі баяғыда-ақ дәлелдеп берген.

Ендеше, бір ғана Хасбулатовтың қара басының қамы мен намысын қорғау үшін ереуіл жасағысы келген чешен бауырлардың да, Ресейдегі Президент сайлауында өз кандидатурасын ұсынғысы келіп, емексіп отырған М. С. Горбачевтың да ой-ниетін Ресей жұртшылығы айнытпай түсінетін шығар деп ойлаймыз.

«Егемен Қазақстан» газеті,
19 қазан, 1993 жыл

БАРМАСА, КЕЛМЕСЕ, АҒАЙЫН ЖАТ

Үндістан сыртқы істер министрі

Салман Хуршид мырзамен сұхбат

– Министр мырза, Қазақстанға қош келіпсіз! Ресми сапар кезінде біздің елдің басшыларымен қандай мәселелер жөнінде әңгімелестіңіздер? Тәуелсіз Қазақстан мен Үндістан мемлекеті арасындағы қарым-қатынастар жөнінде нақты не айтуға болады?

– Мен Қазақстанға үшінші рет ресми сапармен келіп отырмын. Алматыдай әсем қаланы бір көріп кетудің өзі неге тұрады! Көңілі дарқан қазақ халқының өзіне тартатын бір қасиеті бар ма деймін. Ал, бұл елдің басшыларымен әңгімелесудің өзі бір ғанибет қой. Әсіресе, Нұрсұлтан Назарбаевтың қарапайым да бүкпесіз ой-пікірлерінен келген сайын бір жаңалық лебін сезгендей боламын.

Бұған дейін ол кісі біздің елде болып қайтқанын білесіздер. Үндістан Премьер-министрі Нарасимха Рао мырзаның да ресми сапармен Қазақстанға жолы түскен. Осы барыс-келіс кезінде екі ел арасындағы ынтымақты нығайту жөнінде біраз келісімге қол қойылған. Менің бұл жолғы сапарымның мақсатын сол келісімді жүзеге асырудың бір шарасы деп түсінген жөн. Нақтылап айтсам, сауда, мәдени, экономикалық және бизнес саласындағы қатынастардың қарыштай дамуына жол ашу.

Келісімге қол қоюмен істің бәрі бірден шешіле қоймайды. Мұның өзі заң жүйелерімен сәйкес келуі тиіс. Сол себепті, сіздердің жаңадан сайланған парламент басшысы Әбіш Кекілбаев мырзамен де арнайы кездестім. Үкімет пен парламент арасында оңтайлы үйлесім қалыптасып келе жатқанына көзім жеткендей болды. Сондай-ақ, Қазақстанның Халық қаһарманы, қорғаныс министрі Сағадат Нұрмағамбетов ақсақалға да жолығып, рәуішті сипатта кеңінен сұхбаттастық. Имандылық пен ізгілікті

мұрат тұтатын қазақ елінің сарбаздары өз тыныштығын сақтау үшін ғана қолына қару алатынын ол кісі баса айтты. Үндістан жауынгерлерінің қасиетті борышы да осы екенін біз әлемге паш етуге тырысудамыз.

– **Экономика, бизнес саласында көптеген елдермен келісім жасалып жатқанымен, соның нақты нәтижесі қарапайым халыққа көріне бермейтін сияқты. Осы ізгі ниетті жүзеге асырудың негізгі кілті неде деп ойлайсыз?**

– Оныңыз рас. Кез келген келісім, әсіресе экономика, бизнес саласындағы жұмыстарды құр ғана қағазға қол қоюмен жүзеге асыру мүмкін емес. Мұның бәрі қаржымен, яғни ақшамен тікелей байланысты. Ал, ақша мәселесі тікелей банк арқылы шешілетін шаруа. Сондықтан да, мен осы сапарымда бір топ білікті банкирлерді өзіммен қоса ала келдім. Олар аз уақыт ішінде Қазақстан банкирлерімен бірлесе біраз жұмыс жүргізді. Нәтижесін келешек көрсетеді. Біздің делегация құрамында бизнесмендер де аз емес. Олар да келе сала өз әріптестерімен тіл табысып, іске кірісіп кеткен. Үндістан мен Қазақстан арасында бірлескен кәсіпорындар санын көбейтсек, алыс-беріске кең жол ашылатыны сөзсіз. Бұған дейін де біздің бірлескен кәсіпорындарымыз сауда-саттық жұмыстарына өз үлестерін қосып келді. «Қанағат қарын тойдырады» десек те, қазіргі уақыт талабы үшін бұл әлі аз. Ендеше, Үндістан мен Қазақстан арасында бірлескен кәсіпорындар санын көбейтуіміз керек. Сапарымыздың бір мақсаты осы еді, ол да көңілден шыққан тәрізді.

– **Нарықтық қатынастар кезінде адамдардың санасын алдымен материалдық қажеттілікті қанағаттандыру сезімі үстемдік етеді екен. Осындай сын сағатта рухани қажеттілікті де ұмытпаған дұрыс-ау.**

– Оған сөз бар ма? Адамдардың бір-біріне қоржын арқалап келіп, қоржын арқалап қайтқан әрекетін шынайы достыққа бағаласақ, қателесеміз. «Сауда – сақал сипағанша» деген сөз бекер айтылмаған. Сол себепті біздер осы сапар барысында ең алдымен Қазақстан мен Үндістан елдерінің мәдени, рухани

байланыстарын жандандыруға баса назар аудардық. Аманшылық болса, осы жылдың тамыз айында біздің елден Қазақстанға үлкен бір делегация шоғыры келіп, кең ауқымда сауда көрмесін ұйымдастырмақшы. Аты «сауда» деп аталғанымен, сол көрме арқылы қазақ елі Үндістанның мәдени жетістіктерімен де толық танысады деген үміттемін. Арада екі айдай уақыт өткеннен кейін, яғни қараша айында Үндістанда дүниежүзілік үлкен жәрмеңке өтеді. Осы жәрмеңкеге қазақстандықтарды да арнайы шақырып отырмын. Бұл шақыруым Қазақстан үкіметі тарапынан жылы қабылданып, қолдау тапқан сияқты. Келіңіздер, көріңіздер. Ұмытпасам, «Бармаса, келмесе, ағайын жат» деген мәтел бар-ау деймін сіздің халықта. Ендеше, арамызда жиі-жиі ат сабылтып тұрғанға не жетсін!

**«Егемен Қазақстан» газеті,
10 маусым, 1994 жыл**

ИРАН ЕЛІ – ИМАН ЕЛІ

Иран Ислам Республикасының негізін қалаушы марқұм имам Хомейнидің («Алла оны алдынан жарылқасын» деген дұрыс екен) қайтыс болғанына жеті жыл толуына байланысты өткізілген асқа таяуда тәуелсіз Қазақстан Республикасынан 15 шақты адам арнайы сапармен барып, бата жасап қайтты.

Жалғыз Қазақстаннан ғана емес, бұл жиынға басқа да мұсылман елдерінен көптеген қонақтар шақырылыпты. Қазақ елі мұсылман әулетіне жататын болғандықтан ирандық ағайындар қуаныш-қайғыларын бізбен бірге бөлісіп отыруды кейінгі кезде дәстүрге айналдыра бастаған. Мұны біздер қош алудамыз.

Бұрынғы КСРО құрамында жүріп, тілін де, дінін де ұмыта жаздаған біздер үшін имандылық пен салауаттылық өмір салтымызға айналуы керек екенін Елбасымыздың өзі де ескеріп жүр емес пе? Саясат жөні бір басқа, алыс-жақын елдердің қай-қайсымен болсын тіл табыссақ, достыққа дәнекер тауып жатсақ, одан артық не бар. «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» дегенді де өз ата-бабаларымыз өсиет етіп кеткен жоқ па.

Өз алдымызға тәуелсіз ел болып, өзгелермен тереземіз тең дәрежеде сөйлесе алатын шақ туғанда оралымды сәттерді қалт жібермеуге тырысқанымыз дұрыс.

Делегация құрамында болған санаулы журналистерге ондағылар да, мұндағылар да «көрген-білгендерінді халыққа жеткізерсіңдер» деп үміт артқандықтан, ұсақ-түйекті тере бермей, көкейге қонған, санаға сіңген жәйттерді ғана қағазға түсіргенді жөн көрдік.

«Ол жақта әйелдер бетіне перде тұтып жүретін көрінеді. Автобусқа кіргенде әйелдер соңғы есіктен, еркектер алдыңғы есіктен кіреді екен. Рас па?!» деп таңдана сұрайтындар да бар. Шындығын айтсақ, Тегеран қаласына алғаш кіргенде біздің де назарымызға оқшау түскен көрініс осы болды.

Шығыс дәстүрі бойынша әйелдер мұнда басынан аяғынан дейін жамылғы бүркеніп жүретіні рас. Бірақ беттері ашық. Тіпті әуежайдан түсе салысымен Қазақстаннан барған бикештер мен бибілер да бастарына орамал тартуына тура келді. Себебі, мұсылмен заңы осыны талап етеді. Егер сіздің (ер адамның) алдыңызда қарындасыңыз немесе қызыңыз, келінііңіз, әпкеңіз шашын дудыратып, ернін қан жалаған иттей етіп бояп, көзінің асты мен үстін төбелестен таяқ жеген адамдай көкпеңбек қылып, көмір түсіріп келген адамдай қасы мен көзін кір-қожалақтап, етегін тыртитып, бөксесін бұлтитып, бура санын буыршық атқызып, кеудесін жартылай жалаңаштап тастап жүрсе, еріксіз өзіңіз де ыңғайсызданар едіңіз. Сосын адамдар тығыз орналасқан жерде әлгілердің бірінің байқамай бір жеріне тиіп кетсеңіз, ол «арс» ете қалып жатса... Осынау қарама-қайшылықтың қайсысын таңдауға болады? Жауабын өздеріңізге қалдырайық...

Енді мынаған қараңыз. Есесіне, мұндағы әйелдер біздегідей артынып-тартынып сөмке көтеріп, автобуста еркектермен бірге «консервіленіп» әуреге түспейді. Жолаушылар көлігінің артқы есігінен емін-еркін кіріп орындарына жайғасады. Екі орта бөлінген. Еркектер алдыңғы жақта өздерімен өздері. Ханымдар (әйелдерді осылай атайды) сырт көзге қарағанда шектеулі өмір кешіп жатқан сияқты көрінгенімен, оларға деген құрмет аз емес екенін екiнiң бiрi байқай бермеуi мүмкiн. Мәселен, ханымдар көшедегі ағылған көліктің ортасынан жолды кез-келген жерден кесіп өте береді. Жүргізушілердің бірі бұған қабақ шытпай, тоқтап тұрады. Егер ығы-шығы кезек күтіп, немесе ұшаққа отырар сәт туса, еркектер екі жаққа ығысып, орталарынан ханымдар үшін жол аша қояды. Әдемі жымыып, алғыстарын қабақтарынан таныта кербез басқан ханымдарға ілтипатпен қарамасқа лажың жоқ.

Шетелден келген қонақтар имам Хомейнидің басына барып, бата жасағанға дейін 2-3 күндей Тегеранның біраз көрнекті жерлерімен танысып үлгердік. Бас имамның өмір жолы туралы, оның философиялық көзқарастары мен Иран халқына сіңірген

еңбегі жөнінде бірнеше ғылыми конференциялар өтті. Елдің қазіргі экономикасы, мәдениеті, алдыңғы саяси бағыт-бағдары жайында осы елдің білікті ғалымдары лекциялар оқыды.

1979 жылдың қаңтар айындағы төңкерістен кейін Иран халқы өз еркімен ислам жолын таңдап алғаны тарихтан жақсы мәлім. Алланы пір тұтып, аятолла Хомейнидің соңынан ерген Иран елі болашақтарына нық сенімді. Өз жеріндегі қазба байлықтарды ұқыптылықпен пайдалана білген олар бүгін әлемдегі ұлы мемлекеттердің өзіне шекесінен қарайтындай. Ғылым, білім, мәдениет саласынан да ешкімнен кем емес. Негізгі пайда көзі – мұнай. Иран мұнайына алақан жайып отырған елдер көп. Олар – Канада, АҚШ, Франция, Германия, Италия, Голландия, Испания, Ұлыбритания, Түркия, Жапония, тағы басқа Азия, Африка елдері.

Батыстың да, Шығыстың да саясатына еліктемейтін Иран мемлекеті үшінші жолды таңдап алған. Ол – ислам жолы. Саяси бағыттары – жер бетіндегі мұсылман жұртымен достықта, бауырластықта, ынтымақтастықта өмір сүру болып табылады. «Дін жолы тығырыққа тірейді» деп түсінетін біздің кейбір ағайындар бұл елдің болашағына күдікпен қарауы мүмкін. Әрине, дінді тек догмалық тұрғыдан пайымдап, етегіне намаз оқумен ғана шектелсең, алысқа бара алмайтының белгілі. Иран елі ислам дінінің ізгі жақтарын мұрат тұтумен қатар қазіргі өркениетті елдердің ілім-білімін, ғылымы мен техникасын үйренуде талайларды жолда қалдыратынына көзіміз жеткендей болды.

Қазақстаннан келген қонақтарды Эльбурс шыңына алып шығып, Тегеран қаласының сыртқы тұрпатын теңіз деңгейінен 2 мың 750 метр биіктіктен тамашалатқанда бұған көзіміз жете түсті. Қарлы шыңға аяқ басқанға шейін қанатты әуе жолымен бірнеше асулардан асып өтесің. Біздің Көктөбедегі қанатты жол бұған астар бола алмайтынын сезесің де, ирандық бауырлардың жетістіктеріне қызыға да, қызғана қарайсың. Тегеранның батыс жағында жаңадан салынып жатқан ғимараттар өзіндік ерекшеліктерімен көз алдында қалып қояды.

Мұсылмандардың қасиетті күні деп саналатын жұма күні имам Хомейнидің зиратына халық тайлы-таяғы қалмай келді десек, артық айтқандығымыз емес. Имамның мүрдесі жатқан мавзолейдің ішіне жарты миллионнан астам адам сыйып кететін сияқты. Халықтың көптігі соншалық, бұл арадан ине шаншар жер табу мүмкін емес. Иран елінің дін басы Әли Хоменей мен Президент Хашеми Рафсанджани мырзалар мінбеге көтерілгенде, халық сең соққандай шайқалып жүре берді. Жүрегі нашар кейбіреулер мұндайа шыдай алмай жан тәсілім етуі де ғажап емес. Егер дәл осы арада мұсылмен пендесі о дүниеге аттанып кетсе, жаны жәннатта болады деген ұғым қалыптасқан. Содан болса керек, қаншама қысылып-қымтырылса да ешкім қабақ шытпайды. Өлдекімдерді зембілге салып, жедел жәрдем мәшинесіне қарай жүгіріп бара жатқандарды көргенде шынымен-ақ біреулер қайтыс болып кетті ме деп ойладық.

Сырттағылар мавзолейдің ішіне кіруге тырысса, іштегілер имамның зиратына қол ұшын бір тигізіп қалуды армандайды. Бүкіл даланы күңіреніте оқылған құран мақамы кейде сай-сүйегінді сырқыратып жіберетіндей. Сыртқа шыққанда байқадық, бұл жерге кем дегенде 3-4 миллиондай адам жиналған тәрізді. Тегеран қаласында орта есеппен 15 миллиондай халық тұратынын ескерсек, расында да солай болып шығады. Оның үстіне шетелдерден келген қонақтар тағы бар.

Түс ауа Тегеранға қайттық. Қала мүлдем бос қалғандай. Көшеде арагідік бірлі-жарым адамдар ғана көзге түседі. Дүкендер жабылған, кеңселер жұмыс істемейді. Ағылып жатқан көліктер де сиреген. Қала құлазып тұр. Өйткені, бұл күн – аятолла Хомейнидің дүниеден қайтқан күні.

Келесі күні әр елден келген делегация тобы Мешхед қаласына қарай бет түзеді. Мұндағы имам Ахмет Ризаның мавзолейін аралап көрген қонақтар Шығыс мәдениетін жаңа бір қырынан танып, таңдай қағысуда. Қазақстан делегациясының құрамында барған ақын Қайырбек Асанов балаша аңқылдап:

– Құдай-ау, талай өркениетті елдерде болып, небір тамашаларды көрсем деп мынадай ғажап бұл өмірде бар деп ойламаппын.

Шығыстың ғылымы мен ілімі, сәулет өнерінің қыр-сыры ерте ғасырдың өзінде қалай ғарыштап дамыған?!- деп еді.

Мазолейдің күмбезі, қабырғасындағы неше түрлі оюлар мен бояулар геометрия, химия ілімдерінің бізге белгісіз жұмбақ сырларын ішіне бұғып жатқандай. Ғимараттың мәр-мәр қабаттары Қожа Ахмет Иассауи мазолейіндегі ою-өрнектердің көшірмесі іспетті. Осыдан-ақ Иран мен Қазақстан арасындағы тарихи байланыстың тамыры тереңде жатқанын байқаймыз. Ал Мешхед қаласының оңтүстігінде орналасқан имам Мұхаммед Ғазалидің мавзолейі жобасы жағынан Түркістандағы мазолейімізден еш айырмасы жоқ екен. Бір таңқаларлығы сол, осы көне мұралардың бәрі сол күйіде сақталған.

Имам Ахмет Ризаның өзі тұрған үйдің үйіндісі ғана қалыпты. Сонау ғасырлардан бері келе жатқан үйдің сұлбасын мұқият қоршаған. Мұны көріп Түркістандағы Ахмет Иассауидің мавзолейі қалай «жаңартылып» жатқаны еріксіз еске түседі. Әдемі гүлзар жасаймыз деген желеумен ондағы хандардың сүйегі бульдозермен күреліп, лақтырылып тасталғандығы жөнінде кезінде өзіміз дабыл да көтерген едік. Бірақ, бәлендей нәтиже шыға қоймаған. Дәл осы арада ирандық бауырлардың көзіне тура қарай алмай, кінәлі адамдай күйге түстім. «Бізде де дәл осындай мазолей бар» деп мақтанғым-ақ келген. Бірақ, үндемедім.

Иран елі – мен үшін иман елі болып жүрегімде қалып қойды.

«Егемен Қазақстан» газеті,
19 маусым, 1996 жыл

ТҮРКІМЕНСТАН САПАРЫ ТАБЫСТЫ ӨТТІ

8-9 сәуір күндері Түрікменстанның астанасы Ашхабад қаласында Орта Азияның бес мемлекеті - Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан елдерінің басшылары бас қосып, саяси-экономикалық және мәдени байланыстарды бұдан былай да нығайта беру жөніндегі келісімдермен қоса Арал теңізі тағдырын шешу жөніндегі мәселелерді талқылады.

Қазақстан Президентін Түрікменстан Президенті Сапармұрат Ниязов мырза әуежайдан қарсы алысымен-ақ олар сол жерде екі сағатқа созылған жеке келіссөздер жүргізді. Онда не жайында әңгіме қозғалғаны туралы журналистерге там-тұмдап қана ақпараттар берілген еді. Мәселенің мәнісі келесі күні толық белгілі болды.

Түрікмендер мен қазақтардың тарихи тамырластығы тереңде жатыр. Алайда, кеңес дәуірінен кейін әр ел өз егемендігін алған соң, Түрікменстан мемлекеті бейтарап бағыт ұстанып, оқшаулау өмір сүргені рас. Бұл оқшаулық Қазақстанмен экономикалық, мәдени байланыстардың солғындап қалуына әсер етпей қоймады. Міне, қос Президент әуежайдағы кездесуде осынау келелі мәселелерді талқылады.

Келесі күні, яғни 9 сәуірде Аралды құтқару жөніндегі Мемлекетаралық Кеңес мүшелерінің кездесуінен соң Қазақстан-Түрікменстан екі жақты қарым-қатынастарын реттеу барысындағы құжаттарға да қол қойылды. Оның ең бастысы – екі елдің бүгінгі шекарасын тағы бір айқындап, бекіту жұмыстары болып табылады. Әрине, бұл істе дау туғызатын да ештеңе жоқ. Тек бұған дейін екі елдер арасын бөліп тұрған аралықтарды тағы бір заңдастырып қойған артық болмайды. Осы мәселе жөніндегі Меморандумға қол қойылды.

Сондай-ақ, екі елдің арасындағы экономикалық, мәдени байланыстарды бұдан да нығайта түсу үшін үкіметаралық комиссия құру жөніндегі Меморандумға да қол қойылды.

Осы арада тағы бір маңызды құжатты атап өтейік ол – Түрікменстан мен Қазақстан басшылары қабылдаған бірлескен Мәлімдеме болып табылады. Бейтарап Түрікменстан кез-келген елмен мұндай құжатқа қол қоя бермейтінін ескерсек, бұл құжат екі ел қарым-қатынастарында бет-бұрысты кезең басталғанын айғақтайды.

Бұның алдында Арал мәселесі жөніндегі құжаттарға қол қойылғаны белгілі. Соңынан Президенттер журналистердің сұрақтарына жауап беруге дайын екендіктерін білдірді. Қазақстан мен Түрікменстан Президенттерінің әуе жайдағы екі сағаттық кездесуінде тағы нендей жәйттер әңгімеге арқау болғанын сұрадық. Бұған алдымен жауап қайтарған Сапармұрат Ниязов былай деді:

– Қазақстан мен Түрікменстанның арасында бұрынғы тарихта да, бүгін де шешімі қиын жағдайлар болған емес, меніңше болмайды да. Ал кеше біздер Нұрсұлтан Әбішұлы екеуіміз ХХІ ғасырға барар жолдағы ізгілікті істер төңірегінде әңгіме қозғадық. Екі елдің арасында тұрақты Консультативтік Кеңес құру жөнінде келістік. Бұл біз үшін болашақта саяси мәселелерді кез-келген уақытта бірлесіп шешуге жол ашады. Халықаралық жағдайларға байланысты көзқарастарымызды да осы Кеңес арқылы үйлестіріп отыратын боламыз. Сондай-ақ Орта Азия мемлекеттерімен халық шаруашылығы саласында әлі игерілмей жатқан мүмкіндіктерді ұтымды пайдалану жағын талқыладық.

Каспий теңізіндегі көмір-сутегі байлықтарын игеру, отын-энергетика саласындағы өзекті мәселелерді шешу, аймақта көп қырлы құбыр желісінің жан-жақты құрылымын қалыптастыра отырып әлемдік рынокқа бірге шығуды ойластырдық. Соңында екі мемлекет арасында Бірлескен экономикалық комиссия құру жөнінде шешім қабылдадық. Мұның бәрі ХХІ ғасырда Түрікменстан мен Қазақстан және Орта Азиядағы басқа елдермен бірлесе отырып жүзеге асыратын істер болмақ. Ал біздің елдердің мәдени байланыстары бағзы заманнан бастау алатыны белгілі. Бұл саладағы қарым- қатынастарымыз үйреншікті әдетке айналуға тиісті деп ойлаймыз.

Бұдан кейін осы сұрақтарға Қазақстан Президенті жауап берді.

– Негізгі ойларды менің құрметті әріптесім айтып өткендіктен бұл жайында қысқаша ғана тоқталып өтуге тырысайын, – деді ол кісі. – Тәуелсіздік алғалы бері біздің мемлекеттеріміздің арасында жоғарыдағыдай құжаттарға бірінші рет қол қойылды. Бұл өте дұрыс болды. Себебі, бірігіп шешетін істер жеткілікті. Каспий, мұнай, газ, Арал мәселелері біздер үшін ортақ проблема екенін дәлелдеп жатудың қажеті жоқ деп ойлаймын. Кеше екі елдің арасында Бірлескен экономикалық комиссия құрылғаны жаңа айтылды. Бұл енді екі елдің тауар айналымының жақсара түсуіне септігін тигізетіні сөзсіз. Ал Каспийді ортақ пайдаланудағы келісімдер Орта Азия мемлекеттерінің бүгінде қол жеткізген үлкен табыстары деп білуіміз керек. Бұл құжаттар жеке жарияланады, әр істің бүге-шігесі сонда көрсетілген. Ал Арал жөніндегі әңгімеге келер болсақ, жаңа Өзбекстан Президенті Ислам Каримов мырза айтып өткендей, бізге ешкім басқа жақтан су әкеліп бермейді. Орта Азия елдерінен бастау алып, Аралға келіп құятын әрбір өзеннің суын үнемдеп пайдалану арқылы ғана Арал бассейнін қалпына келтіруге болады. Міне осы жөнінде біздер келісімдерге қол қойдық. Енді соны жүзеге асыру ғана қалды. Мәдени байланыстар турасында айтар болсақ, жаңа Түрікменстан Президенті Сапармұрат Ниязов айтып өткендей, Орта Азия мемлекеттерінің бауырластығының тамыры тарих қойнауларының тереңінде жатыр. Соны жаңа қырынан жандандыра түсу біздің қасиетті борышымыз. Бұған дейін біз Қырғызстан, Өзбекстан мемлекеттерімен мәңгілік достық жөніндегі келісімдерге қол қойғанымыз белгілі. Бүгін міне, Түрікменстан мемлекетімен бірнеше мәлімдемелер мен келісімдерге қол қоюымыздың өзі ХХІ ғасырға дос құшақтарымызды айқастырып баруға мүмкіндік ашып отыр.

Бұдан кейін журналистер сұрақтарына кезекпе-кезек жауап берген Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан Президенттері негізі-

нен Арал теңізінің ахуалын жақсарту, Ауғанстандағы соғысты бейбіт жолмен реттеу, тағы басқа мәселелерге тоқталды.

Мәжіліс аяқталып, келісімдерге қол қойылып біткеннен кейін Түрікменстан Президенті Сапармұрат Ниязов қонақтарды сол маңайдағы қолдан суландырылған жерлерді көруге шақырды.

Сол күні түстен кейін мемлекет басшылары Түрікменстанға сапарларын аяқтап, өз елдеріне қайтып кетті.

«Егемен Қазақстан» газеті,
13 сәуір, 1999 жыл

ҚАУІПСІЗДІК ҚАМАЛЫ

11 қазан күні Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісімге (ҰҚК) мүше елдердің басшылары Бішкекте бас қосты.

Бұл ұжым 1992 жылдың 15 мамырында Ташкентте құрылған болатын. Оның құрамында ол кезде Армения, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан бар болатын. Кейіннен бұған Әзірбайжан, Белоруссия, Грузия мемлекеттері қосылды. 1995 жылдың 1 қарашасында осы Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісім Бірккен Ұлттар Ұйымында ресми түрде тіркелді. ҰҚК белгілі бір уақытқа дейін ғана өмір сүреді. Кесімді мерзім біткеннен кейін оған мүше елдер қайта тіркеуден өтеді. Қазір ҰҚК-нің құрамында 6 мемлекет бар. Олар – Армения, Белоруссия, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстан мемлекеттері, Әзірбайжан, Грузия, Өзбекстан мемлекеттері өз қалаулары бойынша Келісімге қол қойғылары келмеді. Соған қарамастан ҰҚК жылдан-жылға қанат жайып, оның экономикалық, құқықтық, негіздері нығайып келеді. Әр кездесу сайын бірнеше құжаттарға қол қойылып жүр. Міне, мына кездесуде де аса маңызды істер қолға алынды.

Бұған дейін Қазақстанда ресми сапармен жүрген Ресей Президенті Владимир Путиннің ұшағы 11 қазан күні түске таман Бішкек әуежайына келіп қонғанда жиналғандар алғашында аңырысып қалды. Себебі, протокол бойынша алдымен Астанадан Қазақстан Президенті келуге тиіс еді. Алайда, траптан қатарласып қос Президент түсіп келе жатқанда жиналған халық дүркірете қол соғып жіберді. Өйткені, олар осы сәтте Ресей мен Қазақстан арасындағы мәңгілік достықтың символын тамашалап тұрған болатын.

ҰҚК отырысы басталмас бұрын 6 елдің Президенттері оңаша басқосу өткізді. Онда алдымен Ауғанстандағы бүгінгі жағдай жан жақты талқыланды. Бұдан кейін ҰҚК-нің кеңейтілген

отырысы басталды. Бұл жерде бүгінгі таңда ең маңызды деген құжаттарға қол қойылуға тиіс. Талқылау ұзаққа созылды.

Міне, Президенттер жүздері жарқырап журналистердің алдына шықты. Бәрі бір ауыздан бір келісімге келгені жүздерінен байқалып тұрғандай.

Бірінші болып сөз алған Қырғызстан Президенті Асқар Ақаев бүгінгі отырыста ең маңызды құжаттарға қол қойылғанын қуана хабарлады. Оның біріншісі Ұжымдық қауіпсіздіктің аймақтық күштерін құру болып табылады. Жалпы, Ұжымдық қауіпсіздік аймағының өзі үш бөліктен тұрады. Олар – Батыс Еуропа бөлігі, Кавказ төңірегі және Орта Азия елдері. Әсіресе, Орта Азияда жағдай қазіргі кезде ушығыңқырап тұрғандықтан осы елдерде ортақ әскери құрама күштерін құру ісі ҰҚК-нің Бас Штабына тапсырылыпты. Мерзім – бір ай.

Бұл мәселені отырыста алдымен Қазақстан Президенті көтеріпті. Көп ұзамай-ақ ұсыныс басқалар тарапынан да қолдау тапқан. Осы ортақ әскери құраманы енді кім басқарады деген сауалдар туындады. Ол жағы алдағы уақытта белгілі болатын көрінеді.

Белоруссияның Конституциясы бойынша бұл елдің бірде-бір әскері басқа елдің ішкі ісіне араласпайды деп жазылған. Осыған байланысты сұрақтар Александр Лукашенкоға қарай бағытталды. Оның айтуына қарағанда, шынында да Беларусь әскерлері бұл құрамаға кірмейді. Белоруссия әріптестеріне тек әскери техника жағынан ғана көмектесіп отырады. Екінші қабылданған маңызды құжаттың бірі ҰҚК-ге мүше елдері басшыларының біріккен Мәлімдемесі. Мұнда негізінен Ауғанстандағы жағдай кеңінен сөз болады.

БҰҰ-дағы мыңжылдық саммитте Қазақстан Президенті ҰҚК-ге мүше елдер атынан сөйлеп, Ауғанстан мәселесін БҰҰ-ның араласуы арқылы ғана реттеуге болатыны жөнінде саяси мәлімдеме жасағаны, оны Қауіпсіздік кеңесінің күн тәртібіне қоюды сұрағаны белгілі.

Мына қабылданған құжатта ҰҚК-ге мүше елдер осы мәселеге қайта оралып, Ауғанстан жөнінде өз көзқарастарын нақтылай түсіпті. Онда Ауғанстан жағынан төнетін қауіп осы

елдердің бәрін бірдей алаңдататындығы, сондықтан оны ең алдымен саяси жолмен шешу керектігі баса көрсетілген. Сондай-ақ, осы отырыста ҰҚК-нің аймақтық күштерін құрудың бес жылдық жоспары туралы құжатқа да қол қойылған. Сонымен қатар, осы әскери құраманың мәртебесі туралы құжат та нақтылана түскен. Мұнда әскери құраманың құқықтық, әлеуметтік, саяси жақтарымен қатар оны қандай жағдайда, қалай және қашан қолдануы керектігі де нақты көрініс тапқан. Мәселен, Штаб бастықтары аталған мерзім ішінде өздері басаратын аймаққағы әскери құрамалардың ішкі құрылымдарын нығайтып, бірігіп қимылдау кезіндегі жоспарларын бекітіп берулері керек. Өйткені, қауіпсіздік аймақтарының өзі бірнеше ұсақ аймақтардан тұрады. Сол ұсақ аймақтарда іс-қимыл жасайтын әскерлер өз мақсаттары мен алға қойған тапсырмаларын бес саусақтай білуге тиісті. Қазақстан Республикасының сыртқы істер министрі Е.Ыдырысовтың айтуына қарағанда, жаңадан жасақталатын ортақ әскери құрама бөтен елдерге қауіп төндірмейді. Тек сырттан келген содырлар мен экстремистерге дер кезінде тойтарыс беру үшін дүниеге келген құрылым.

Осы жиынға Өзбекстан мемлекетінің басшысы неге шақырылмады деген сұрақ қойылды. Өзбекстан ҰҚК құрамынан өз еркімен шығуына байланысты мұнда шақырылмағаны айтылды. Соған карамастан ҰҚК мүшелері бұл елге қашанда көмектесуге даяр екендіктерін жасырмады.

Ресей Президенті В.Путинге «Сіздің елдің әскери күштері басқа елдің ішкі жағдайына алдағы уақыттарда араласуы мүмкін бе?» деген сұрақ қойылды. Оған ол: – Ресейде қазір басқа түгілі өзінің ішкі проблемалары өзіне жеткілікті. Сондықтан, бұл жөнінде қауіптенбей-ақ қоюға болады,– деп жауап қайтарды. Ал, Қазақстан Президенті бұл басқосуда бұрынғыға қарағанда нақты шешімдерге көбірек қол жеткенін ризашылықпен жеткізді. Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісімге мүше елдердің келесі басқосуы 2001 жылы Ереванда өтетін болып келісілді.

«Егемен Қазақстан» газеті,
13 қазан, 2000 жыл

АМЕРИКА АҢЫСЫН АҢДЫП ОТЫР

Таяуда Америка Конгресінің демократия және адам құқы жөніндегі кіші комитетінде Орталық Азиядағы демократия және сөз бостандығы мәселелері бойынша тыңдау болып өткені туралы бұған дейін газетімізде жазылған болатын.

Алғашқы әсерлер мен алыпқашпа әңгімелердің екпіні басылды-ау деген сәтте біз сол мәселеге қайта оралу мақсатымен АҚШ Конгресіндегі мәслихатқа Қазақстан Республикасының өкілі ретінде қатысып қайтқан Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының бірінші вице-президенті, Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, профессор Өмірзақ Айтбайұлына жолығып, әңгімеге тартқан едік.

– Өмірзақ аға, АҚШ Конгресіндегі тыңдауға қалай бардыңыз және осы жиынға қатысудағы мақсатыңыз не болды?

– АҚШ Конгресі дүние жүзінің әр түкпірінде болып жатқан саяси, экономикалық, тағы басқа жағдайларға байланысты өздерінде зерттеулер жүргізіп, тыңдау өткізіп тұруды дағдыға айналдырған. Биыл Азиядағы демократия және сөз бостандығы жөнінде тыңдау өткізеді деген хабарды маған біздегі «Азаматтық партияның басшысы Азат Перуашев айтты. Қазақстандағы тіл мәселесі жөнінде АҚШ Конгресінде өз пікіріңізді білдіріп қайтпайсыз ба?» деп ұсыныс жасады. Ал, олардың өзін Д. Хопкинстің Орталық Азия және Кавказ университетінің өкілдері шықырыпты. Ойлана келе мен де АҚШ Конгресіндегі тыңдауға барудың қамына кірістім. Алдымен АҚШ Конгресінің халықаралық істер жөніндегі комитет төрағасы Генри Хайд мырзаға хат жазып, ондағы тыңдауда қазақ халқы мен тілінің тағдыры жөніндегі менің сөзім басқалардың баяндауын толықтыра түсер еді деген өтініш айттым. Құп көрген жауап келді. Америкалықтарды шын мәнінде адам құқығы қатты ойландыратыны рас болса, 70 жылдан астам уақыттан бері өз елінде жүріп ана тілінен айырылып қала жаздаған қазақ халқының

тағдыры жөніндегі шындықты әңгімелеп, пікір бөлісsem деп ойладым. Сөйтіп, ел емеспіз бе, оннан-мұннан қаржы қамдас-тырып дегендей, қайсыбір ағайынның арқасында сапардың сәті түсті.

– Сонымен бұл сапардағы мақсат орындалды ма? Алған әсерлеріңізді, түйген ойларыңызды ортаға салып көріңізші...

– Мен тәуелсіздік деген ұғымды осы сапарда басқа бір қырынан түсініп қайтқан сыңайлымын. Америкадай алып елмен бәсекелесе жұмыс істеу оңай шаруа емес екеніне көзім жетті. Бұл жерде мен Америкадағы Қазақстан елшілігі жігіттерінің өте күрделі де қиын жұмыспен күндіз-түні айналысып, ел мәртебесін биіктетер келелі істер тындырып жатқанын айта кетуді өзіме парыз санаймын. «Елдестірмек елшіден» деген сөздің мәнін терең түсінетін жігіттер ме дедім. Өте қажетті кездесулерді ұйымдастыруда бізге қолғабысы мол болды. Сондай елдің конгрессмендерімен иық теңестіріп, ел атынан сөйлеуге ие болғаныңның өзі де бір мерей екен. Алып елдің өкілдері қашанда менмендеу келеді ғой. Алғашқыда олар Қазақстан деген елге мұрынын шүйіре қарап, «сендер кімсіңдер» дегендей кеуде танытқылары да келді.

Ресми тыңдау басталуға бір-екі күн қалғанда біздер конгрессмендердің әрқайсысымен жеке-жеке сұхбаттастық. Бұлардағы бір конгрессменнің өзі кішігірім Конгресс десе де болғандай. Олардың әрқайсысының қарамағында жиырмаға жуық адам қызмет етеді. Өздерінің газеттері, тағы басқа құрылымдары жетерлік. Мен олардың алдында және Орталық Азия институты ұйымдастырған дөңгелек үстелде баяндама жасадым. Сұрақтар болды. Тек Қазақстандағы келеңсіз құбылыстар жайында ғана білгісі келіп отырды. Басқа ештеңе қызықтырмайтындай. Осы тектес кездесулердің бірінде, мәселен «USA today» газетінде болғанда: «Мақсаттарыңыз тек Қазақстанды қаралау ғана ма, ондай материалдармен сіздерді жабдықтап отыратын кімдер және оны қайдан аласыздар?» деуіме тура

келді. Біз кемшілігімізді жасырмай, барымызды асырмай айта алатын адамдар екенімізді құлаққағыс еттік. Сонан кейін ғана олардың беттері бері қарай бастады.

– Біздің ол жақтағы кейбір қандастарымыз бұған дейін де АҚШ Конгресінде Қазақстан туралы жалған ақпарат таратып үлгерді емес пе. Соның салқыны шығар?

– Иә, ол да бар. Сол жақтағы кейбір қандастарымыз Қазақстанға қарсы жұмыс істеу әдістерін кәдімгідей жолға қойып алған сыңайлы. Кейбіреуімен жүздесіп, сөйлестім де. Көбісі жүдеп-жадаған. Материалдық жағдайлары жақсы сияқты, бірақ кісі елінде күйзеліп жүргендері көздерінен көрініп тұрды. Соған қарамастан, олар американдықтарға өте қажет. Біздерді өстіп бір-бірімізбен ара-дара қылып қойып, мемлекетімізді әлсіретіп, байлығымызды теспей сорып отыра бергілері келетіні байқалады. Еліміздегі ұлтаралық жағдай, қазақтардың салт-дәстүрі мен тілінің даму деңгейі, тағы басқа мәселелердің бәрін егжей-тегжейлі білгілері келетіндері де бар. Алайда, соларды жөндеуге қолғабыс тигізер жанашырлық емес, қайта ушықтыра түскілері келетіндей. Сөйтіп, әлем алдында Қазақстанды тұрпайы ел ретінде танытып, оны оқшаулап тастау негізгі мақсаттары сияқты. Бұл менің конгресмендермен жеке-жеке сөйлесу барысында түйген өз ойларым. Ал, конгресмендер өз мемлекетінде заң шығару ісімен айналысатындығы, ішкі-сыртқы саясатқа ықпал ететін бірден бір қозғаушы күш екені белгілі. Сол себептен де АҚШ Конгресіндегі Орталық Азия мен Қазақстанға байланысты тыңдауға әдейі қатысып, өз еліміз туралы бар шындықты айтуға тырыстық.

– Сіз конгресмендермен болған әңгімеде Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының өкілі ретінде нақты қандай мәселелерді тілге тиек еттіңіз? Олар сіздің сөздеріңізді қалай қабылды?

– Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы – еліміздің тәуелсіздік алмай тұрған кезден бұрын пайда болған нағыз бұқаралық қоғамдық ұйым. Кеңес кезінде-ақ бұл қоғам мемлекеттік тіл мәселесін көтеріп, алғашқы «Тіл туралы» Заңның қабылдануына көп әсер етті. Қазіргі кезде бүкіл облыстар мен аудандарда осы

қоғамның жергілікті бағдарламалары жұмыс істейді. Ал біздегі «Тіл туралы» Заң ТМД-дағы басқа елдермен салыстырғанда ең либералды заң екенін ешкім жоққа шығара алмайды. Тек қазақ тілінің ғана емес, Қазақстандағы барлық халықтардың тілдерінің дамуына мұнда жол ашылған. Сондықтан да, «Тіл туралы» Заң бізде халықтар достығының символына айналып отыр дей келіп, мен конгресмендердің қайсыбірін Қазақстанда өтетін Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының құрылтайына шақырдым. Олар «мүмкіндікке қарай баруға тырысамыз» деді. Бұларды шақыруын шақырып тұрып өзім ойға қалдым. Егер бұлар келе қалса, қаржы мәселелесін қалай шешпекпін. «Бөрі арығын білдірмес, сыртқа жүнін қампайтардың» керін жасадым. Мемлекет бізге көк тиын да бермейді. Ендігі уайымым осы болып тұр. Бәлкім, ел басқарып отырған азаматтар мен баяғыша байлықтың құлы болып үлгерген бизнесмендер бір мезгіл ұлттық намыс жайында ойланар. Менің де ендігі бар үмітім соларда. Оны уақыт көрсетер. Әйтеуір, қарап жатқанымыз жоқ.

– Демократия десе бірден Америкаға қарап жалтақтап тұрамыз. «Әр елдің салты басқа...» дегендей, біздегі демократия үрдістері ондағы демократияның көшірмесі болуы міндет пе? Осы жөнінде не дер едіңіз?

– Америка екі ғасырдан астам уақыттан бері демократиялық жолмен дамып келе жатқан мемлекет. Ал біз болсақ, тәуелсіз мемлекетімізді құрғанымызға енді ғана 10 жыл толайын деп отыр. Оның үстіне біздермен американдықтардың арасындағы менталитет жер мен көктей. Біздің ұлттық психологиямыз, салт-дәстүріміз, экономикалық даму деңгейіміз, толып жатқан әлеуметтік мәселелеріміз, бұған дейін жүріп өткен тарихи жолдарымыз мүлдем басқаша. Ендеше, бірден американдық жолға түсе қою біз үшін қиынның қиыны және мұны өз басым қажет деп санамаймын. Ең бастысы, шын ниетімізбен демократиялық бағытты ұстанып келеміз. Бұл жолда үйренгенімізбен үйренеріміз көп. Соған да шүкіршілік етіндер дегенді конгресмендерге бар ниетімізбен ұғындыруға тырыстық.

– Олар соны ұға алды деп ойлайсыз ба?

– Меніңше, ұқты-ау деп ойлаймын. Біздің құрамда болған азаматтардың сөйлеген сөздері олардың бұған дейінгі біз туралы пікірлерін көп өзгертті. Мәселен, Конгрестің жаңа басшысы Флорида Илеана Рос-Летинем ханымның Қазақстан туралы пікірі өте нашар екен. Шамасы, біздің топ жүргізген сұхбаттардан соң оның да пиғылында өзгерістер болғанын байқадық. Ал, осы Конгреске ширек ғасырдай төрағалық етіп келген Гильман мырзаның мына бір сөзі есте қалып қойды. Ол кісі Қазақстандағы еврей ұлтының атынан барған бас раввин Ешая Коген мырзамен сөйлескенде, оның көзіне талмай қарап отырғанын, бұл кісі ешқандай өтірік айтпағанын өзі мойындады. Дәл осы Ешая сияқты ислам дінін зерттеуші Олег Рубец те – қазіргі аты Әли қажы – Қазақстандағы дін еркіндігі мен халықтар достығы жайында бар шындықты жайып салды. Азат Перуашев деген азаматтың да Отанға деген ыстық махаббаты мен саяси сауатына сүйсініп отырдым. Тыңдаудың алдында әр конгресменмен жеке-жеке кездесу кезінде олардың біз туралы теріс пікірлерін бері бұру оңайға түскен жоқ. Ал ресми тыңдауда біздің топтың атынан Олег Квятковский, оппозиция жағынан Бигелді Ғабдуллин сөйледі. Басқамызға сөз берілген жоқ. Соңында Қазақстандағы демократиялық үрдістерге баға беріліп, бұл елмен демократиялық жолмен дамып келе жатқан ел ретінде қарым-қатынас орнатуға бола ма деген сыңайдағы сауал қойылды. 10 конгресменнің 6-ы бізді жақтап сөйледі, 4-уі қарсы болды. Сөйтіп, бұл сапардан біздің мерейіміз өсіп, атамекенге шүкіраналық сезіммен оралдық.

– Сіздермен ол жаққа бірге барған оппозиция өкілдері мұнда келген соң екі конгресмен ғана Қазақстанды жақтап дауыс берді деп жар салды ғой.

– Қысынсыз әңгіме. 18 шілде күні Конгресс тыңдауын Квятковский түгелдей бейнетаспаға түсіріп алды. Таяуда соның біразы телеарналардан көрсетілді. Алдағы уақытта бұл толығымен көрермендерге ұсынылмақ. Шындық шымылдығы сонда ғана толық ашылатын болады.

– Әңгімеңізге рахмет.

«Егемен Қазақстан» газеті,
10 тамыз, 2001 жыл

РЕСЕЙ МЕН ҚАЗАҚСТАН ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ БІРЛЕСІП КҮРЕСЕДІ

18 қыркүйек күні Қазақстан Президенті Алматыда Ресей Федерациясы Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы Владимир Рушайло бастаған ресми адамдарды қабылдады. Кездесу кезінде Америкадағы қайғылы оқиғаға байланысты халықаралық терроризмге қарсы бірлесіп күресу жөнінде жан-жақты әңгіме болды.

Жабық есік жағдайында өткен басқосудан кейін В.Рушайло журналистердің алдына шығып, кездесу барысында қаралған мәселелер жөнінде баяндап берді.

– Өздеріңіз білесіздер, АҚШ-тағы алапат оқиғадан кейін Ресей Президенті Владимир Путин мен Қазақстан Президенті бір-бірімен телефон арқылы жиі-жиі хабарласып, екі ел арасындағы ішкі-сыртқы жағдайлармен қоса халықаралық терроризмге қарсы күрес жөнінде өзара пікір алмасып отырды. Бүгінгі біздің Қазақстанға келуіміздің өзін осы екі ел басшыларының өзара пікір алмасуларының заңды жалғасы деп түсінген жөн. Міне, түске дейінгі отырыстың өзінде-ақ Қазақстан Президентімен біраз мәселелердің басын ашып үлгердік. Өздеріңізге мәлім, бұған дейін Шанхай ынтымақтастық ұйымы шеңберінде халықаралық терроризмге қарсы күрес орталығы дүниеге келген болатын. Енді оның филиалын Бішкекте ашу жөнінде әңгіме қозғадық. Сондай-ақ, екі елдің әскерилеріндегі байланысшы мамандарды алмасып пайдалану әрекеттері де қаралды. Осының нәтижесінде әскери құрылымдарымыздың арасында шұғыл байланыс мәселесі жолға қойылмақшы. Енді құпия ақпарлар алмасу ісі жаңа сипатта өрбиді. Таяу арада Ұжымдық қауіпсіздік жөніндегі келісімге мүше елдердің Қауіпсіздік кеңесі хатшыларының кезектен тыс мәжілісін өткізу туралы ойларымызды да ортаға салдық, – деді В.Рушайло.

Жалпы, Қазақстан мен Ресей Президенттерінің көзқарастары көп жағдайда бір-бірімен үйлесім тауып жататынына осы

жолы тағы көзіміз жете түскендей. Өйткені, екі ел арасындағы ынтымақтастық тамыры тереңде жатыр. Тек Ресей мен Қазақстан ғана емес, бүкіл ТМД елдері халықаралық терроризмге қарсы күресте бір саптан табылатынын уақыт өзі көрсетуде. Бұған дейінгі қауіпсіздік саласы бойынша келісімдердің өзі осының айғағы.

В.Рушайло Қазақстан Президентіне, қорғаныс, қауіпсіздік саласындағы қазақстандық әріптестеріне бұл кездесуде терең түсіністік танытқандары үшін алғысын білдірді.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
19 қыркүйек, 2001 жыл**

ИРАН МЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ АРТА БЕРЕДІ

Кеше Иран Ислам Республикасының Президенті Мохаммад Хатами Қазақстанға ресми сапармен келді. Мұның алдында Каспий теңізінің мәртебесіне қатысты Ашхабадта бес елдің басшылары бас қосқаны белгілі. Сол жиыннан шыға салысымен Иран Президенті Елбасымен уағдаластыққа сәйкес, Алматыға қарай бет бұрды.

Қазақстан Президенті құрметті қонағын өз резиденциясының алдында салтанатты рәсіммен қарсы алды. Бұл күні кешкісін екі ел Президенті оңаша сұхбаттасты. Одан кейін келіссөз кеңейтілген құрамда өтті. Соңы нәтижелі болды. Журналистер алдына шыққан Президенттер дәл сол жерде ресми құжаттарға қол қойды. Қазақстан-Иран сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссиясы алтыншы отырысының хаттамасына Қазақстан жағынан Премьер-министрдің орынбасары, ал Иран жағынан сол елдің жол және көлік министрі Ахмад Хорам қол қойды.

Бұдан кейін Қазақстан Республикасының Президенті мен жоғарғы мәртебелі Иран Ислам Республикасының Президенті Саид Мохаммад Хатами Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасының арасындағы Достық қарым-қатынастар туралы декларацияға қол қойды. Қазақстан Президенті бүгінгі келіссөздің мәні мен мақсатына қысқаша тоқталып өтті.

– Өздеріңіз білесіздер, Иран мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынас бұрыннан жақсы жолға қойылған. Кеше біздер Каспий теңізі төңірегіндегі мәселелер жөніндегі келіссөздерді Ашхабадта өткіздік. Бүгінде Қазақстан мен Иран арасындағы сауда айналымының көлемі 220 миллион долларға жетіп отыр. Қазақстанның бидайы мен шикізаттарын, металдарын Иранға сатамыз. Иран арқылы теміржолмен Парсы шығанағына

шығуға жол ашылды. Осы жұмыстардың бәрін саралайтын еларалық комиссия жұмысы өз нәтижесін беруде. Таяуда Иран мен Қазақстан арасында жолаушылар пойызы алғаш рет қатынағанын білесіздер. Енді осы жол арқылы жүк тасымалдау ісін қолға аламыз.

Өз кезегінде сөз алған Мохаммад Хатами Қазақстан халқына тыныштық тілейтінін, кейінгі кезде дүние жүзін дүр сілкіндірген терроризмге қарсы күресте бірлесіп қимылдауға әзір екенін білдірді. Дегенмен, Иран Президенті Батыс елдерінің терроризмге күрес дегенді желеу етіп, Орта Азия аумағына өз әскерлерін әкеліп жатқанына алаңдаушылық білдіретінін жасырмады. Иран Президентінің сапары екі күнге созылады деп күтілуде. Бұдан төрт жыл бұрын алғаш рет Қазақстанға келген М.Хатами бүгінгі алған әсері бұрынғыдан әлдеқайда күштірек екенін айтты.

«Егемен Қазақстан» газеті,
25 сәуір, 2002 жыл

НАТО МЕН ҚАЗАҚСТАН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖОЛЫНДА

10 шілде күні Қазақстан Республикасының Президенті Алматыдағы резиденциясында Қазақстанға ресми сапармен келген НАТО-ның Бас хатшысы Джордж Робертсонды қабылдады.

НАТО-ның Бас хатшылығына тағайындалғаннан бері Дж.Робертсон Орталық Азия аймағына осымен екінші рет ат басын тіреп отыр. Оның өзіндік себептері де жеткілікті.

Кезінде жер шарындағы екі лагерьдің текетірес саясаты кезінде дүниеге келген осынау әскери ұйымның қазіргі бағыт-бағдары көп өзгерістерге ұшыраған.

«Бейбітшілік жолындағы әріптестік», «Ғылым – бейбітшілік үшін» деп аталатын бағдарламалар негізінде Қазақстан мен НАТО арасындағы байланыс жыл сайын жаңа қырынан жаңғыра түсуде.

Кейінгі жылдары Орталық Азия аймағындағы қауіпсіздік мәселесі әлем жұртшылығының назарын өзіне аудара бастады. Ал халықаралық қауіпсіздік тұрғысынан қарағанда, бұл аймақтағы ахуал алаңдаушылық тудыратыны да рас. Қазақстан осы елдердің ішінде табиғи байлығы мен шекара көлемі жағынан да, экономикалық дамуы мен ішкі саясатындағы тұрлаулылығы тұрғысынан да маңызы жоғары мемлекеттердің бірі болып саналады.

Қазақстан Президенті мен Бас хатшы Джордж Робертсон Қазақстан мен Орталық Азия аймағындағы қауіпсіздікті сақтаудың, төтенше жағдайларда НАТО сияқты халықаралық ұйымдардың көмегін қалай ұтымды пайдаланудың шараларын қарастырды. Әсіресе, халықаралық лаңкестік пен заңсыз есірткі айналымы жолдарына тосқауыл қою мәселелері жан-жақты талқыланды.

Төтенше жағдайлар мен табиғат апаттары кезінде әлем елдері бір-біріне дер кезінде қолұшын берулері өте қажет екенін

өмірдің өзі талай рет дәлелдеді. Солтүстік Атлантика альянсы кейінгі жылдары бұл істе де бастамашылық танытуда. Қазақстан мемлекеті мұндай игі шаралардан ешқашан тыс қалып көрген емес.

Кездесу барысында Дж.Робертсон осы жағына кеңірек тоқталып, Қазақстан Президентіне өз атынан және өзі басқарып отырған ұйымға мүше елдердің барлығының атынан ризашылық сезімін жеткізді.

Кездесуде әлемдік лаңкестіктің алдын алу, оларға қарсы күрестің жаңа әдіс-тәсілдері жайында тың пікірлер ортаға салынды.

XXI ғасырдың жегі құрты болып табылатын заңсыз есірткі айналымы ісіне қарсы күресте жаңа техникалар мен құрал-жабдықтарды ұтымды әрі ортақтаса пайдалану қажеттігі де баса көрсетілді.

Қырғи-қабақ соғыс келмеске кетті. Батыс пен Шығыстың арасындағы темір шымылдыңтың сыпырылғанына да біраз уақыт өтті. Ендеше сол кезде шығарылған қару-жарақтар да өзімен бірге кетуге тиісті. Оның орнына бүгінде тек бейбітшілік пен ынтымақтастықты қорғауға арналған әлем елдерінің бәріне ортақ құрал-жабдықтардың қайта жасалғаны дұрыс.

Дж.Робертсон мен Қазақстан Президентінің бұл жөніндегі ұстанымдары бір-бірімен ұқсас болып отырды.

НАТО басшысы Ауғанстандағы қазіргі жағдайға тоқтала келіп, онда таяу арада бейбітшілік толық орнайтынына, өмір өз арнасына қайта түсетініне сендірді. Бұл шараларды жүзеге асыруда Қазақстан мемлекеті НАТО-ға көп көмек тигізгенін де Дж.Робертсон аса бір ризашылық сезіммен жеткізді.

Ирактағы жағдайды тұрақтандыру күштеріне мүше елдердің бірі ретінде Қазақстан бұл аймаққа да өзінің оң ықпалын тигізуден аянған емес. Мәртебелі мейман бұл жөніндегі жылы лебіздерін де жасырмады.

Бұдан кейін журналистерге сұхбат берген Дж.Робертсон бұдан үш жыл бұрын Қазақстанға алғаш келген кезден бастап Қазақстан Президентімен телефон арқылы жиі-жиі сөйлесіп

тұрғанын айтты. Кез келген мәселеде Қазақстан басшысының пікірін білу өзі үшін өте маңызды екенін білдірді.

Былыр күзде Прагада өткен саммитте де Нұрсұлтан Назарбаевпен жан-жақты пікір алмасқанын, алдағы уақытта да Қазақстанмен және Орталық Азия елдерімен ынтымақтастықты арттыра беретінін мәлімдеді.

– Бұл жолғы Қазақстанға келудегі басты мақсаттарымның бірі – Қазақстан Президентіне, Қазақстан Үкіметі мен Парламентіне алғысымды білдіру еді. Ол міндетті орындадым, – деді Дж.Робертсон.

НАТО-ның Бас хатшысы Дж.Робертсон бұл күні сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Қ.Тоқаевпен, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы Б.Өтемұратовпен, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі М.Алтынбаевпен, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Н.Дүтбаевпен, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің төрағасы З.Нұрқаділовпен кездесіп, жан-жақты пікір алмасты.

Түстен кейін Дж.Робертсон Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы ғалымдарының алдында лекция оқыды.

Сол күні құрметті қонақ Ташкентке ұшып кетті.

«Егемен Қазақстан» газеті,
11 шілде, 2003 жыл

ШЕКАРАШЫЛАРЫМЫЗҒА АҚШ КӨМЕКТЕСТІ

Кейінгі кезде Қытай мен Қазақстан мемлекеттері шекарасынан әрі-бері өтіп жатқан жүк пойыздары мен автокөліктерде радиациялық қауіп төндіретін тауарлар жиі кездесіп қалып жүр. Соның салдарынан кеден бекеттері мен шекара аймақтарында қолайсыздықтар туа бастады. Қазақстаннан Қытайға қарай өткен темір сынықтарының біразы өзімізге қайтарылды. Қытайдан бері келе жатқан біраз заттар шекара бекеттерінде тұрып қалатынды шығарды. Ал олардағы радиацияның таралу деңгейін анықтайтын құралдардың көбісі ескірген және қазіргі талап деңгейіне сай келмейді. Бұл тығырықтан шығудың жолдары талай рет сөз болғанымен нақты шешімі табылмаған. Қазақстанда «Радиометр-дозиметр» деп аталатын жаңа қондырғы баяғыда ойлап табылғанымен, бағасы өте қымбат. Оны шекарашылардың сатып алуына қол қысқалық ететіні түсінікті.

Бұдан он жыл бұрын Әл Фараби атындағы ҚазҰУ-нің физика факультетінің оқымыстылары ойлап тапқан жаңа құралды қазір Алматыдағы «Соло-ЛТД» деп аталатын фирма жасап шығарады.

Өзімізде жасалғанымен өзіміз пайдасын көре алмай жүрген осынау озық қондырғыны бізге енді американдықтар сатып алып беріп отыр. Бұл жаңа техниканы сонау кеңестік дәуірден бері келе жатқан «Дозиметрмен» салыстыруға да келмейді. Жаңа құрал жалпылама бір аумақтың радиациялық ахуалын ғана зерттеп қоймай, нақты бір заттың қаншалықты заһар шашып тұрғанын дәл анықтайды.

Міне, енді осы құрал 7 наурыздан бастап Қазақстан шекарасының көптеген бекеттеріне жіберіледі.

Таяуда Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекара қызметінде өткен жиында АҚШ-тың Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Ларри Нэппер мырза он бір

«Радиометр-дозиметрді» өзіміздің фирмадан 200 мың долларға сатып алып, шекарашыларға сыйға тартты.

Бұған дейін АҚШ мемлекеттік департаменті тарапынан Қазақстанға 3 миллион доллар көлемінде шекараға қажетті озық техникалық құралдар өзімізден сатып алынып, өзімізге берілген екен. Болашақта өз қолымыз өз ауымызға жететін күн де алыс емес сияқты.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
08 тамыз, 2003 жыл**

«ҚАЗБАТ» ИРАКҚА АТТАНДЫ

Биылғы жылдың 30 мамырында Қазақстан Республикасы Парламентінің қаулысымен Қазақстан Республикасы Ирактағы жағдайды тұрақтандыру күштеріне қосылатын болып шешілген. Енді осы халықаралық міндетті жүзеге асыру мақсатында кеше Алматы әуежайынан Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің «Қазбат» бітімгершілік батальоны Иракқа аттанды.

Батальонның құрамы, біріншіден, арнайы орта және жоғары білімі бар еріктілерден тұрады.

Екіншіден, «Қазбаттың» инженерлік-саперлік бөлімшелері тек қана ізгілікті шараларды жүзеге асырады.

Үшіншіден, бұған дейін де талай рет сырт жақтарда бітімгершілік міндеттерін атқарып қайтқан жігіттердің тәжірибесі жетерлік, әрі шет тілдерін жақсы меңгерген. Сондай-ақ, олар алдын-ала дәрігерлік тексерулерден өтті. Жаңа жердегі ахуалдарға тез бейімделу үшін оларға егу жұмыстары жүргізілді.

Әскерилердің мәртебесі мен олардың отбасы мүшелерінің әлеуметтік жағдайларын реттейтін заңнаманың кейбір баптарына өзгертулер енгізілді. Онда халықаралық бітімгершілік міндеттерін атқаратын әскерилерді әлеуметтік жағынан қорғау мәселелері ерекше қарастырылған.

Қазақстан Президентінің Жарлығымен мемлекет бюджетінен жалақы алатын республика азаматтарын бірыңғай еңбек төлемдерімен қамтамасыз ету жөніндегі заңнамаға да өзгерістер енгізіліп, онда шетелдерде бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жолында қызмет ететін әскерилердің айлық жалақалары көбейтілетіндігі көрсетілген.

Қазақстан Республикасының әскерилері алыс шетелдерге бітімгершілік сапармен алғаш рет шығып отыр. Бұл – еліміздің халықаралық деңгейдегі беделінің өсе түсуіне үлес қосатыны сөзсіз.

«Егемен Қазақстан» газеті,
20 тамыз, 2003 жыл

ТЕРРОРҒА ҚАРСЫ ТҰҢҒЫШ ҚАДАМ

Биылғы жаттығулардың ішіндегі ең ірісі «Өзара қимыл-2003» десек, жаңылыспаймыз. Көршілес екі елдің территориясында өткізілген бұл жаттығулар «Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесінде терроризмге қарсы бірлескен операциялар өткізу» деп аталды. Алдымен Шанхай ынтымақтастық ұйымына қысқаша анықтама бере кетсек:

ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің арасында өзара сенім, достық пен тату көршілікті нығайту, аймақтағы бейбітшілікті, қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету қарастырылған. Осы мүдде жолында көп салалы ынтымақтастықты дамыту, терроризмге, сепаратизм мен экстремизмге бірлесіп қарсы тұру мақсатында 2001 жылғы 15 маусымда құрылған.

Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан Республикалары мен Ресей Федерациясы және Қытай Халық Республикасы ШЫҰ-ға мүше болып табылады.

Екі кезеңнен тұратын жаттығулардың ашылу салтанатына арнайы келген Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі, армия генералы Мұхтар Алтынбаев беделді халықаралық ұйымдардың бірі – ШЫҰ-ның дамуына мемлекет басшысы аса мән беріп отырғандығын баса айтты.

Қазақ жерінде тұсауы кесілген тұңғыш жаттығудың негізгі кезеңі әуе кеңістігін бұзған ұшақты қонуға мәжбүр етуге, десантшылар бөлімшесін түсіруге және террористердің бұзып өткен тобының жолын бөгеуге, оларды бейтараптандыруды пысықтауға арналды. Бұл қимылдарда Қазақстан жағы жауынгерлік әзірлігінің жоғарылығын тағы бір дәлелдеді. «Арыстан» арнайы тобы, десантшылар, медициналық жәрдем, өрт сөндіру, авиация өкілдері сауатты қимылымен таңғалдырды.

Жаттығудың екінші күні Қазақстан мен Қырғызстан Қарулы Күштерінің барлаушылар тобы мен Ресей мотоатқыштар

ротасымен бірлесе қимыл жасады. Қытай әскерилері өз елінде өтетін екінші кезеңде өз өнерлерін көрсетеді.

Қытай Халық Республикасы Ланьджоу әскери округінің қолбасшысы генерал-лейтенант Ли Сяньюань мен Ресей Федерациясы Приволжье-Орал әскери округінің қолбасшысы генерал-полковник Александр Баранов мырзалар Қазақстан жерінде өткен бұл әскери жаттығуға жоғары баға берген пікірлерін білдірді. Әсіресе, ұйымдастыру ісіндегі жетістіктерді баса көрсетті.

Жаттығудың басы-қасында жүрген Қорғаныс министрінің орынбасары генерал-майор Николай Поспелов, жаттығу жетекшісі генерал-майор Дамир Халықов, Шығыс әскери округінің қолбасшысы генерал-майор Нұрлан Жоламановқа жиналғандардың бәрі алғыстарын жаудырды.

Шынында да, ен далаға санаулы күндердің ішінде дала қалашығын орнату оңай шаруа емес. Мұнда жауынгерге қажетті жағдайлардың бәрі жасалынған. Журналистер үшін арнайы 12 қанатты киіз үй тігіліп, ішіне компьютерлер қойылған. Спутниктік байланыс жүйелері мүлтіксіз жұмыс істеді. Бұдан ел мерейі өсті. Біздің әскер үшін әскери жаттығулар мереке екендігін көрдік.

Жаттығулардың екінші кезеңі Қытайдағы Іле-Қазақ автономиялы облысының орталығы – Құлжа қаласының маңайында өтті. Бұл қаланы қытайлар Инин деп атайды екен. Халқының саны үш жарым миллиондай.

Әскери ойындардың басы Қытай Коммунистік партиясы әскери кеңесі төрағасының орынбасары ҚХР Қорғаныс министрі генерал-полковник Цао Танчуань мен Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары генерал-майор Николай Поспеловтың жүздесуінен басталды.

– ШЫҰ-ға мүше елдердің алғашқы әскери жаттығуларының бірінші кезеңі Қазақстан жерінде өте жоғары деңгейде өткеніне өз атымнан және Қытай халқының атынан ризашылығымды білдіремін, – деді Цао Танчуань. – Халықаралық лаңкестік пен экстремизмге қарсы күресте бұдан да жоғары әскери дайындықтарға жете беруімізге тілектеспін...

Өз кезегінде генерал-майор Н.Поспелов ҚХР Қорғаныс министрінің жылы лебізі үшін алғыс сезімін білдірді. Аймақта тыныштық пен бейбітшілікті сақтау жолында Қазақстан Президенті ұстанып отырған бағытты жүзеге асыруда Қазақстан әскерилері ештеңеден тайынбайтындығын баса айтты.

«Халықаралық лаңкестікке қарсы ынтымақтастықты нығайту – аймақта қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтау кепілі» деп аталатын Қытай жеріндегі жаттығулар 12 тамызда шарықтау шегіне жетті.

Алдымен Құлжа қаласының маңындағы елді мекенді «басып алған» «лаңкестерді» ауыздықтау әрекеттері жүзеге асты. Одан соң тау қойнауына жасырынған дұшпандарға қарсы шабуыл басталды. Бұл ұрыста да жаттығуға қатысқан әскерлердің өзара іс-қимылдары үйлесім тапты. Осы жерде бір нәрсенің басын аша кетсек дейміз. Ұрыс жаттығуларына тек қытай мен қырғыз жауынгерлері қатысты. Себебі, Қытай жеріне ТМД әскерилерінің, сондай-ақ, Қытай әскерилерінің бұл елдерге қарумен кіруі жөніндегі жағдайлар құқықтық негізде реттелмеген екен. Тек Қытай мен Қырғыз әскерилері арасында ғана ерекше келісім бар. Болашақта бұл мәселе құқықтық тұрғыдан реттелетініне ШЫҰ-ға мүше елдердің әскерилері сенімді.

Шанхай ынтымақтастық ұйымы жыл өткен сайын өз өміршеңдігін дәлелдей түсуде. Оның жарқын дәлелі осы жаттығулар десек, жаңылыспаймыз.

«Қазақстан сарбазы» газеті,
28 тамыз, 2003 жыл

ШЕКАРАДА ТЫНЫШТЫҚ ОРНАСА ИГІ

5 қараша күні Алматыда ТМД елдеріндегі шекара мәселесіне қатысты үлкен екі алқалы жиын болып өтті. Оның біріншісі – ТМД елдері шекара әскери қолбасшылары кеңесінің 49-шы отырысы. Екіншісі – ЕурАзЭҚ-қа мүше елдері шекара қызметі қолбасшыларының 9-шы басқосуы.

Шекара әскери қолбасшыларының кеңесі түске дейін өз жұмысын аяқтады. Мұнда негізінен 2003 жылы тараптар жағынан жасалынған жұмыстардың қорытындысы, келесі жылы қолға алынатын істердің бағыт-бағдары айқындалды.

ШӨҚК үйлестірушісі қызметінің төрағасы В.Грицан жиынға Өзбекстан өкілі өздеріндегі бір қауырт шаруаға байланысты келе алмағанын хабардар етті.

ТМД-ның шекара қызметі қолбасшылары осы елдер шекарасындағы бүгінгі ахуалға, әсіресе, заңсыз есірткі тасымалы мен заңсыз миграцияға қатысты ойларын ортаға сала отырып, Ауғанстанмен шектесетін мемлекеттер шекарасындағы түйткілдердің бетін аша сөйледі. Олардың айтуына қарғанда, кейінгі уақытта Ресей мен Қытай мемлекеттерінің шекарасында заңсыз миграция әрекеттері қатты белең алып кеткен көрінеді.

Бұл – халықаралық қылмыскерлер тобының еркінсінуіне жол ашады деген сөз. Олардың заңсыз есірткі бизнесінен түсіретін бір жылдық табыстары 7 миллиард долларға жетіп қалған көрінеді. Сол себепті, ШӨҚК-нің алдында өте жауапты міндеттер тұр.

Егер ТМД шекарашылары алдағы уақытта өз жұмыстарын қатаң тәртіпте қайта жандандырмаса, ортақ қатер бәрін бірдей ойсыратып кетуі мүмкін екендігі баса айтылды. Айтылып қана қойған жоқ, осы және басқа мәселелер жөнінде нақты шешімдер қабылданып, бірнеше құжаттарға қол қойылды.

Ал, ЕурАзЭҚ-қа мүше елдер – Беларусь, Қазақстан, Қырғыстан, Ресей және Тәжікстан елдерінің шекара қызметі

басшылары, егер осы елдердің шекарасында күрделі жағдайлар туындай қалса, оны бірлесе отырып шешудің нақты тәсілдерін қарастырды.

Әсіресе, азаматтардың, оның ішінде азаматтығы жоқ адамдардың мәселесін шешу ісінде біртекті есеп-қисап жүргізу туралы келісімдерге қол жеткізілді. Құжаттардың алдағы уақытта нақты жұмыс істеуі үшін алдымен ТМД мемлекеттерінде бұдан он жыл бұрын қабылданған, бүгінде ескірген заңдарға өзгерту енгізу қажеттігі айтылды. Сондықтан, ТМД елдері шекара қызметінің қолбасшылары өздерінің парламентіне осы құжаттар негізінде ұсыныстар даярлауына тура келеді.

Дегенмен, келесі жылы ШӘҚҚ бұл бағытта белсене жұмыс жүргізетіні белгілі болып отыр.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
7 қараша, 2003 жыл**

БАУЫРЛАСТАР БІТІСПЕС ЖАУҒА АЙНАЛДЫ

Біздің дәуірімізге дейінгі сонау 6-4 ғасырдан бастап тарихта Колхид патшалығы ретінде белгілі болып келген грузиндер мен абхаздар бүгінде бітіспес жауға айналады, бір-бірінің қанын судай шашады деп кім ойлаған.

1917-1921 жылдар арасында бұл екі ел сол күйінде қатарласа қол ұстасып келіп, КСРО-ның құрамына кірген. Абхазия Грузияның құрамындағы автономиялы республика деп аталған.

Егер қазіргі ТМД елдеріндегі саяси жағдай тұрғысынан қарасаң, Абхазияның өз алдына тәуелсіз республика болуға тырысуы заңды құбылыс тәрізді. Бірақ, бағзы заманнан бері бір терінің пұшпағын илеп, бір жердің топырағында өсіп-өнген екі халықтың жер дауы мәселесіне тек көне тарих қана куә, сол ғана төреші. Бұл тартыс бейбіт жолмен шешілуге тиіс еді. Өкінішке орай, бір жылдан аса созылған екі ел арасындағы соғыс өрті өткен аптада шарықтау шегіне жетті. Абхазия әскері Сухумиді басып алды. «Өлсем де бұл қаладан кетпеймін» деп сол маңайдағы Сталиннің бұрынғы саяжайында отырған Шеварднадзе қыркүйектің 28-сі күні түнде қаладан кетуге мәжбүр болды. Қазір ол Тбилисиде. Грузиндер жай кеткен жоқ, қаланың басты байланыс желілері мен үкімет үйін, теледидар орталығын қиратып кеткен. Сол күні абхаздықтардың қолына түскен Грузия Министрлер Кеңесінің төрағасы Шиули Шартава қаза тапты. Бұдан кейін Абхазияның әскерлері Очамчир қаласына басып кірді. Қазір бұл елдегі босқындар саны күннен-күнге өсе түсуде. Әзірге 2 мың 700 адам ғана Сухумиден әкетілді. Олардың 300-ден астамы жаралы, ал 300-дей адам сол жердің топырағын жастанып, мәңгілікке көз жұмды.

Очамчир қаласы алынғаннан кейін З.Гамсахурдиа енді бар күшті Абхазияға қарсы жұмылдыруға бет бұрды. Сөйтіп, бір мемлекетте екі ел басшысы, екі әскери қолбасшы пайда болған.

Алайда Шеварднадзе кейінгі кезде «Мен қолымнан келгеннің бәрін жасадым, егер халық Гамсахурдианы қолдаса, билікті беруге дайынмын» дегендей шарасыздық танытып отырған жайы бар. Сондай-ақ, оның Ресейге өкпесі де қара қазандай. «Егер Ресей бізге берген уәдесінде тұрғанда, Сухуми жау қолында қалмас еді» дейді ол. Саясаткерлердің болжамына қарағанда, абхаздықтар Ингури өзеніне жеткеннен кейін грузиндермен келіссөздерге баратындай. Бірақ бұған Тбилиси көне қояр ма екен? Ресейдің сыртқы істер министрі А. Козырев «Интерфакс-ке» берген жауабында: «Абхазия басқыншылық бағытынан айнymаса, БҰҰ тарапынан оған қойылған санкция өз күшінде қалады» деп мәлімдеді.

Тәуелсіздік алудың жөні осы екен деп, бір ұлт бір ұлттың жағасына жармаса берсе, соңы жақсылыққа әкелмейтіні осыдан-ақ көруге болады. Әзірге абхаз-грузин жанжалының немен аяқталарын ешкім болжай алмай отыр.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
17 қараша, 2003 жыл**

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТРАНЗИТТІҢ ЖАҒАНДЫҚ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Кеше Алматыда екі күнге созылған халықаралық конференция өз жұмысын аяқтады. Бұған дейін хабарлағанымыздай, БҰҰ-ның ұйтықы болуымен өткен алқалы жиынға 83 елдің сауда, көлік, коммуникация салаларының министрлерімен қоса 23 аймақаралық ұйымдар мен комиссиялардың ресми өкілдері қатысты.

Теңізге шығатын жолы жоқ дамушы елдер делегацияларының бәрі дерлік сөз алып, өз ойларын ортаға салды. Олардың сөздеріне қарағанда, дамушы елдердің өзекті мәселелері қашанда ортақ екен.

Экономикасы кенжелеп қалған мемлекеттердегі қиындықтардың себеп-салдарын санамалай берсек, жетіп артылады. Ғасырлар бойы қордаланып қалған түйінді мәселелерді бірден шешіп тастау мүмкін емес. Алматы халықаралық конференциясы осыған жауап іздеді және оған тұңғыш рет нақты жауап берілді де. Бұған дәлел – конференцияға қатысушылардың бәрі бірауыздан мақұлдаған Алматы іс-қимыл бағдарламасы мен Алматы декларациясы.

Осы тарихи құжат қабылданбас бұрын жарыссөзге шыққан әр елдің өкілдері өздерімен көршілес елдер арасындағы жарасымдық пен кейбір өшпенділік жәйттерді де жасырмады. Мәселен, сонау Кеңес өкіметі кезінен бері қырғи-қабақ жағдайды бастарынан кешіп келе жатқан Армения мен Әзірбайжан елдерінің өкілдері Алматы конференциясының мінберінен тағы да бір-біріне деген реніштерін ашық мәлімдеді. Иә, бұл елдердің жағдайы түсінікті. Саяси дағдарыстың кесірінен екі елдің сауда, экономикалық байланыстары үзілгелі қашан.

Әзірбайжан мемлекетін қоштай сөйлеген Түркияның ресми өкілі де осы сәтте өз пікірін айтып үлгерді. Бұған қарап Алматы іс-қимыл бағдарламасының қаншалықты маңызды екенін бағамдау қиын емес.

Жиын жүріп жатқанда басқа бөлмеде БҰҰ-ның сауда бөлімі департаментінің өкілі Герри Крюк пен экономика жөніндегі өкіл Мартияс Мейер мырзалар журналистермен жүздесіп, Алматы іс-қимылы бағдарламасының мән-жайын тереңдей түсіндіріп бақты. Олар қабылданатын құжат жаһандық тұжырымдамалардың бірі болып тарихқа енетінін мәлімдеді. БҰҰ-ның алдағы сессиясында осы құжат арнайы қаралып, оған ерекше мәртебе берілетінін де жеткізді.

Халықаралық тауар айналымын өз деңгейінде қамтамасыз ету жолдарының тетіктері әралуан екенін айтылды. Мәртебелі меймандар Орталық Азия өңіріндегі кейбір келеңсіз құбылыстарды да жақсы білетіндіктерін аңғартты. Бір ғана кедендік алымдардың төңірегіндегі құйтыртқылардың кесірінен бұл елдерде өндірілетін сапалы бұйымдар сыртқа шыққанда бастапқы бағалары шарықтай өсіп кететін көрінеді. Соның салдарынан біздер, яғни Орта Азия өңірінің елдері, өзімізге келетін пайданың 50 пайызынан қарап отырып айырылып қалады екенбіз.

Сондай-ақ, сырттан жеткізілетін тауарлар да бұл өңірге бастапқы бағаларынан шарықтай өсіп келеді. Оған жол шығыны, кедендегі кедергілер ғана емес, толып жатқан заңсыздықтар қатты әсер етеді. Әсіресе, тасымалдау саласындағы шығындар шаш-етектен.

Дамыған мемлекеттер мен нәрлендіруші мемлекеттердің өздері де осы келеңсіз құбылыстардан аз зардап шекпейді. Өйткені, олар өз тауарларын тезірек көздеген жерлеріне жеткізіп, өткізіп, ақша айналымын іске қосулары керек. Оның үстіне экономикасы төмен елдерде олардың жоғары сапалы өнімдері ауадай қажет екені тағы белгілі. Бірақ, басқа елдің адамдары өздеріне жеткенше жол бойы бағасы қымбаттап кеткен тауарларды қайтіп тұтынсын. Міне, сондықтан да теңізге шығатын жолы жоқ дамушы елдерге олар кейде еріксізден қол ұшын созуға мәжбүр болатыны да өмірдің өзі тудырған шындық.

Сондықтан, Алматы іс-қимыл бағдарламасында осының бәрін қамтуға тура келген. Мұнда теміржол, автокөлік

тасымалдары, теңіз, ішкі су жолдары тасымалдары, құбыр, әуе жолдары арқылы тасымалдар, коммуникация желілерін өрістету тәсілдері мен оны жан-жақты пайдалану амалдары саралана көрсетілген. Мұнымен қоса теңізге шығатын жолы жоқ дамушы елдерге халықаралық көмек көрсету амалдары да нақты көрініс тапқан.

Мұндағы басты мақсат – ең алдымен ашық теңіз жағалауларынан шалғайда жатқан елдер үшін теңізге шығуға жол ашу және одан әрі су жолдарын еркін пайдалануларына мүмкіндік туғызу;

осы елдер өндірген тауарлар дүниежүзілік рынокта еркін бәсекеге түсу үшін оларға жұмсалатын шығындарды азайтып, сапасын көтеру;

дамушы елдердің сыртқа шығарған тауарларының бағасын төмендетудің амалдарын қарастыру;

жолда келе жатқан тауарлардың түкке тұрмайтын себептерге бола әр жерлерде кідіріп қалмай, көздеген нүктеге дер кезінде жеткізілуін қамтамасыз ету;

әр елдің өздеріне тән тасымал қызметтерінің сапасын көтеріп, санын көбейту;

тауарлардың бүлінуі мен жоғалуы салдарынан келетін шығындар көлемін азайту;

ең ақырында, осы тауарларды алып келе жатқан адамдардың өмірін күтпеген кездейсоқтықтар мен қауіп-қатерлерден қорғап, тауар алып өтуге рұқсат берген елдің де жол бойындағы тіршілігіне зиян келтірмеуді ойластыру болып табылады.

Үзіліс кезінде журналистерге сұхбат берген конференцияның жетекшісі, БҰҰ Бас хатшысының орынбасары А.Чоудхури мен конференцияға төрағалық етуші, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Қ.Тоқаев Алматы іс-қимыл бағдарламасын жүзеге асыру алдағы уақытта әр елдің өзіне байланысты екенін ескертті. Осынау жаһандық маңызы бар жаңа құжат уақыт өткен сайын жетілдіріле беретіні сөзсіз. Ең бастысы, бағдарлама – дамушы елдердің саяси бағыттарының әрқилылығына қарамастан, бәрінің бірдей көңілінен шықты. Егер, әр елдің

арасындағы сауда қатынасында нақты бір іс-әрекетке қатысты қандай да бір түсініспеушіліктер немесе кедергілер туындай қалса, екі жақ немесе одан көп жақтар алдымен осы құжатқа жүгінулері тиіс. Оқиға барысында әр елдің мүддесін ескере отырып, тығырықтан шығып кету оңай. Тіпті осы бағдарлама негізінде әрбір ел өздерінің ішкі, сыртқы тасымалдарын жүзеге асыруда өздерінің ережелері мен заңнамаларын да дүниеге әкелулері мүмкін. Уақыт өте келе Алматы іс-қимыл бағдарламасы заңдық күші бар жаһандық құжатқа айналмасына кім кепіл.

Конференция соңында сөз сөйлеген Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Даниал Ахметов бүгінгі қабылданған Алматы іс-қимыл бағдарламасы мен Алматы декларациясы теңізге шығатын жолы жоқ дамушы елдердің арасында бір жүйеге негізделген транзиттік құрылым жасау бағытындағы түбегейлі тұжырым екенін тағы да құлаққағыс етті. Бұл – конференцияға қатысушы әр ел үкіметі өкілдерінің қажырлы еңбегінің нәтижесі екенін баса айтты. Осы басқосуды Алматыда өткізуге ұйытқы болған БҰҰ басшылығына, Қазақстан мемлекетінің атына жылы лебіздер білдірген қонақтардың бәріне Қазақстан Үкіметі атынан және өз атынан алғыс сезімін білдірді.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
30 тамыз, 2003 жыл**

ШАНХАЙ ҰЙЫМЫ ШЫҒАР БИІКТЕР АЛДА

15 маусымда Шанхай қаласында Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) Мемлекет басшылары кеңесінің алтыншы мәжілісі өтеді. Бұл ұйымның құрылғанына биыл бес жыл толып отыр. Ендеше мерейтойлы басқосудың басқалардан ерекшелігі де аз болмаса керек. Ал, негізінен бұл жиында ШЫҰ-ның бес жыл ішінде атқарған жұмысының қорытындалары егжей-тегжейлі қаралып, халықаралық және өңірдегі жағдай жан-жақты сараланатын болады. Ұйымды одан әрі дамытудың бағыттары айқындалады, ынтымақтастық шараларының нақты жоспарлары түзіледі. Осы игі істердің бөрінде түптеп келгенде, өңірді бейбітшілік, үйлесім мен өркендеу өлкесіне айналдыру мақсаты тұр. Бұл жолы бірқатар маңызды құжаттарға қол қойылып, жария етілмек. Мерейтойлы басқосуға ШЫҰ-мен ынтымақтастық қарым-қатынас орнатқан бақылаушы мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың жетекшілері де шақырылып отыр.

Өткен бес жыл ішінде ШЫҰ бақылаушы ретінде Монғолияны, Үндістанды, Пәкістан мен Иранды қабылдап, БҰҰ, АСЕАН, ТМД, Еуропалық экономикалық қоғамдастық секілді халықаралық және өңірлік ұйымдармен байланыс орнатты. ШЫҰ-ның тұрақты мүшелері болып табылатын Қытай, Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан мен Өзбекстан алғаш рет күш біріктіріп, ШЫҰ-ны құрған кезде бүкіл дүниежүзінде бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуді, халықаралық қатынастарды демократияландыруды алдарына басты міндет етіп қойды. Қазір де осы ұстанымнан айнымай келеді. ШЫҰ дүниеге келген кезден бастап оған мүше мемлекеттер басшыларының «Терроризммен, сепаратизммен және экстремизммен күрес туралы Шанхай конвенциясына» қол қоюлары тегіннен-тегін болмаса керек.

ШЫҰ шеңберінде соңғы жылдары үш әскери жаттығу өткізілді. Ақпараттар алмасу мен құқықтық көмек көрсетудегі

ынтымақтастық та өз жемісін беріп келеді. ШЫҰ-ның арқасында оған мүше басқа мемлекеттермен қатар Қытай-Қазақстан арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастар бұрынғыдан да қарқын ала түсті. Жоғары деңгейдегі сапарлар жиіледі. Экономика мен сауда, көлік, энергетика, қауіпсіздік, тағы басқа салалардағы ықпалдастықтар жаңа сипатқа ие болды. Екіжақты тауар айналымы былтыр айтарлықтай ұлғайып, 6,8 миллиард АҚШ долларын құрады. Атасу-Алашаңқай мұнай құбырының құрылысы табысты аяқталды. Қытай мен Қазақстан БҰҰ, ШЫҰ, АӨСШК шеңберлерінде тығыз байланыс орнатқан. Аталған шаралар екі елдің мүдделеріне қызмет етіп қана қоймай, өңірлік тұрақтылықты сақтау ісі мен ортақ дамуды ынталандыруға үлес қоса бермек.

**«Президент және Халық» газеті,
9 маусым, 2006 жыл**

ТЫҒЫРЫҚТАН ШЫҒАР ЖОЛ ҚАЙДА?

25 шілдеге дейін Украинаның Жоғарғы радасы жаңа үкіметті жасақтап бітуге тиісті еді. Жаңа Премьер-министрдің орын тағына Виктор Янукович отырады деп күтілген. Бірақ, аймақтық партия мен коммунистер, социалистер қолдап отырған Виктор Януковичтің кандидатурасын президент Виктор Ющенко Жоғарғы раданың бекітуіне ұсынбады.

Мұндай жағдайда заң бойынша Президент парламентті таратуға тиісті. Себебі, Жоғарғы рада депутаттарының көпшілігі Янукович жағында. Ал, бұдан екі жыл бұрын Ющенко мен Янукович президенттік сайлауда бақ сынасқаны белгілі. Оның соңы «түрлі-түсті» төңкеріске соқтыра жаздап барып Ющенконың жеңісімен аяқталған. Енді сол ежелгі қарсыласпен бірге тізе қағыстырып, бір бағытта жұмыс жүргізу Ющенко үшін оңай емес. Тіпті мүмкін емес десе де болғандай.

Президент В.Ющенко Жоғарғы раданы таратып жіберейін десе, бұдан екі жыл бұрынғы жағдай одан да алапат сипатта қайталанып кетуі мүмкін сияқты.

Сол бір қым-қуыт жағдайда өзімен бірге болып, бірақ кейіннен Премьер-министрлік қызметті атқару барысында тіл табыса алмай, ат құйрығын кесісіп кеткен Юлия Тимошенко қазір екі оттың ортасына май құя түсуде.

Ол Жоғарғы раданы таратуды жақтайды. Оған керегі де сол. Өткен сайлау кезіндегідей халықты көшеге алып шығып, қазіргі Президентті орнынан кетіріп, өзі Президент болу – оның басты арманы.

Ющенко, сасқаны ма кім білісін, Януковичпен келіссөз жүргізіп те байқады. Өз орнына «Аймақтық партияның» өкілі Николай Назаровты ұсын дегеніне Янукович көнбеді. «Біздің Украинаның» өкілі Анатолий Кинахты атап еді, оған да көнбеді. Қазіргі премьер-министр Юрий Ехануровты атаған, оған да Янукович көнбеді. Қайдан көнсін, Жоғарғы раданың ал-

дында «Біздің премьер – Янукович» деп ереуілшілердің еліріп тұрғанына міне үш аптадан асып барады. Ющенконың ығына жығылса, ереуілшілер Януковичтің өзін сатқын ретінде далаға лақтырып тастауы әбден мүмкін.

В.Ющенко 15 күндей ойлануға мүмкіндігі бар екенін айтып, әзірге уақытты созуда. Иә, ондай мүмкіндігі бар екені рас. Януковичтің кандидатурасын парламентшілер Президенттің алдына 17 шілдеде ұсынған. Ол мерзім біткенге дейін В.Ющенко бір шешімге келетін шығар. Әйтеуір, соңы жақсылықпен аяқталғанына не жетсін!

**«Президент және Халық» газеті,
18 шілде, 2006 жыл**

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА КӨКЖИЕКТЕРІ

Баспасөзде алдын-ала хабарланғанындай, Қазақстан Президентінің Америка Құрама Штаттарына ресми сапары басталды. Таяуда АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Кондолиза Райс Қазақстан АҚШ-тың халықаралық аренадағы сенімді серіктесі деген пікір айтты. Соңғы 13 жылда АҚШ Қазақстан экономикасына 11,5 млрд долларға жуық инвестиция құйған. Елбасының бұл сапары екі елдің қарым-қатынасын жаңа деңгейге көтермек.

Бұл күндері әлемдік ақпарат көздері Қазақстан Президентінің Америка Құрама Штаттарындағы сапарын жан-жақты жазып жатыр. Ақиқатында, бұл сапар тек Қазақстан үшін ғана емес, Орталық Азия үшін де маңызды болатын секілді. Себебі, аймақтағы Қазақстанның көшбасшылық рөлі айқын байқалып келеді.

Қыркүйектің 27-де Н.Назарбаев АҚШ-қа сапарын Атлант мұхитының жағалауындағы Буштар отбасының ата қонысы – Кеннебанкпорттан (Мэн штаты) бастады. Елбасы Нью-Гэмпшир штатының Каннебанкпорт қаласының маңындағы «Уокерс Пейнт» резиденциясында бұрынғы президент (үлкен) Джордж Бушпен кездесіп, Қазақ-американ қарым-қатынасына байланысты мәселелер төңірегінде пікір алмасты деп хабарлады ҚазАқпарат. Үлкен Джордж Бушпен Қазақстан Президенті АҚШ-қа 1992 жылы мамырдың 18-і мен 20-сы аралығында жасаған алғашқы сапары кезінде кездескен болатын. Осы сапар аясында АҚШ пен Қазақстан арасындағы ұзақ мерзімді стратегиялық серіктестіктің бастауы болған. Шеврон компаниясымен «Теңіз-Шевройл» бірлескен кәсіпорын құру туралы келісімге қол қойылғаны мәлім. Содан беріде Қазақстан мен АҚШ арасындағы екіжақты саяси экономикалық байланыстар жоғары деңгейдегі кезлесулер мен ынтымақтастық құжаттар негізінде нығайып, стратегиялық әріптестікке ұласты. Бүгінгі таңда Қазақстан экономикасына тартылған тікелей инвестициялардың басым бөлігі де американдық компаниялардың үлесіне тиіп отыр.

Қазақстан Президенті Мэн штатынан Вашингтонға келіп, АҚШ үкіметі мен конгресі мүшелерімен, сондай-ақ кәсіпкерлер шеңберінде келіссөз өткізді. Кеше қыркүйектің 28-інде Қазақстан Президенті АҚШ астанасындағы Қазақ елшілігі жанынан бой көтерген Қазақстанның тәуелсіздігіне арналған ескерткіштің ашылу салтанатына қатысты. Сондай-ақ, бұл күні Вашингтонда «Ядролық қауіпті жою жөніндегі бастама» қорының басшысы, медиа-магнат, миллиардер Тед Тернердің қонағы болды.

Қазақстан Президенті АҚШ-қа ресми сапарының құрметіне қыркүйектің 27-сі күні Капитолий ғимаратының үстінде конгресмендер Роберт Векслер және Джозеф Питтстің өтінішімен АҚШ-тың туы көтерілді. Бұл туралы конгресмен Том Лантос айтты. Конгресс мүшелері АҚШ пен Қазақстан достықтық және серіктестікті әрі қарай нығайта беруі тиістігін атап көрсетті. «Біз осы серіктестікті дамытудағы және Қазақстанның лаңкестікке қарсы соғысқа көрсеткен баға жетпес көмегі үшін Сізге ризамыз. Американың халқы қысқа мерзімде қуатты, өркендеп өсіп келе жатқан толерантты мемлекет құрған Қазақстан халқының күш-жігеріне сүйінеді» – деген конгресмендер бұған қазір көптеген елдердің қызғана қарайтындығын да жеткізді.

29 қыркүйекте Қазақстан Президенті Ақ үйде АҚШ Президенті Джордж Бушпен кездеседі. Олар келіссөздер барысында демократияны дамыту, лаңкестікпен күрес, энергетика диверсификациясы, өзара бостандық пен қауіпсіздікті нығайту сынды кең көлемді мәселелерді қарастырмақ. Қыркүйектің 26-ында мемлекет басшысының осы сапарына байланысты ҚР сыртқы істер министрі Қ.Тоқаев АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Кондолиза Райспен келіссөздер жүргізді. Келіссөздер барысында Қазақстан Президентінің АҚШ-қа сапары мазмұнына баса назар аударылды. Мемлекеттік хатшы Қазақстан Президентінің басшылығымен Қазақстан мемлекеті нығайту ісінде зор табыстарға қол жеткізгендігін, саяси және әлеуметтік-экономикалық

жаңғыруда ілгері басқанын атап өтті. К.Райс Иракта бейбітшілікті қалпына келтіру процесіне және Ауғанстанды интеграциялық процестерге тарту қажеттігін айта отырып, тұрақтандыру ісіне Қазақстанның қосып отырған үлесіне ризашылықпен мән берді. Сөз кезегінде Қ.Тоқаев Ауғанстанды қалпына келтіруге көмектесуді толық жақтайтындығын растады.

**«Президент және Халық» газеті,
29 қыркүйек, 2006 жыл**

БЕЛСЕНДІ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖОЛЫМЕН

Елбасымыз Қазақстан Президентінің соңғы аптадағы жұмыс кестесі тығыз болғаны байқалады. Сапарлар географиясы Беларусь Республикасын, Египет Араб Республикасын, Иорданияны, Бельгия Корольдігін қамтып жатыр. Көпвекторлы саясат ұстанатын Қазақстанның осы елдердің әрқайсысымен ортақ мүдделері бар. Бельгияға сапар барысында Брюссельдегі ЕуроОдақ және НАТО басшылығымен кездесу Қазақстанның өсе түскен беделін айқын аңғартты.

4 желтоқсанда Қазақстан Президенті жұмыс сапарымен Бельгия Корольдігіне, Еуропалық Одақ пен Солтүстік Атлантикалық альянстың бас пәтеріне келді. Сапар барысында Қазақстан Президенті Бельгия королі II Альбертпен, осы елдің үкімет басшысы Ги Верхофстадтпен, сондай-ақ, Люксембург үкімет басшысы Жан-Клод Юнкермен кездесті.

Сонымен бірге, Қазақстан Президенті Еуропалық Одақ кеңесінің бас хатшысы және Еуропалық Одақтың жалпы сыртқы саясат және қауіпсіздік саласындағы саясат жөніндегі жоғарғы өкілі Хавьер Соланамен, Еуропалық комиссияның президенті Жозе Мануэль Дурау Баррозумен, Еуропалық комиссияның сыртқы байланыс және Еуропалық көршілік саясат жөніндегі комиссары Бенита Ферреро-Вальднермен, Еуропарламент төрағасы Хосе Боррель Фонтельеспен кездесті.

Қазақстан Президентінің Брюссельге сапары кезінде Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы энергетика саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге, сондай-ақ, атомды бейбіт мақсатта пайдалану жөніндегі келісімге қол қойылды. Әлемдік қордың 20 пайызынан асатын уран кеніне ие Қазақстан тек уранды өндірумен ғана шектелмей, сонымен бірге оны байытып, АЭС-ына арналған ядролық отын түрінде қосалқы құны жоғары өнім шығаруға да ниет білдіруде.

Қазақстан Президенті Брюссельде өткен Қазақстан Тәуелсіздігінің 15 жылдығына арналған салтанатты қабылдауға қатысты.

Салтанатты шараға құрметті қонақ ретінде Хорватия Республикасының Президенті Стjepан Месич, сондай-ақ

Бельгияның, Еуропа құрылымдарының көрнекті саяси және қоғам қайраткерлері, Бельгия Корольдігінде, Еуропалық Одақта, НАТО-да тіркелген дипломатиялық корпустардың өкілдері, Еуропарламенттің депутаттары, Еуропалық Одақтың іскер топтары және БАҚ өкілдері қатысты.

Мемлекет басшысы Брюссельге жұмыс сапарының аясында Солтүстік Атлантикалық шарт ұйымының штаб-пәтерінде болып, НАТО-ның Бас хатшысы Яап де Хооп Схеффермен кездесті. Кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында Қазақстан мен НАТО арасындағы әскери-техникалық және саяси әріптестік, аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті дамыту, халықаралық қаруды таратпау және қарусыздандыру режимін нығайту мәселелері талқыланды. Келіссөздер аяқталғаннан кейін Қазақстан Президенті мен Ұйымның Бас хатшысы НАТО штаб-пәтерінде Семей ядролық полигонының жабылуының 15-жылдығына арналған көрменің ашылу рәсіміне қатысты.

— Біз осы келіссөздер мен сапарды, тұтастай алғанда, Еуроодақпен арадағы екіжақты қарым-қатынастарды дамытудағы маңызды кезең ретінде қарастырамыз. Ортақ құндылықтар, сауда-экономикалық ынтымақтастықтың жоғары серпіні, сондай-ақ, энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимылдар біздің әріптестігіміздің негізі болып табылады. Алайда, біз стратегиялық әріптестікті тек энергетика саласында ғана дамытуды көздеп отырған жоқпыз. Біз ЕО-ның Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясын жүзеге асыруға және экономиканы әртараптандыруға қатысуы мәселелерін талқыладық. Сондай-ақ, біздер 2007 жылы қабылдануы жоспарланып отырған ЕО-ның Орталық Азия жөніндегі жаңа стратегиясын және Қазақстанның бұл құжатты әзірлеуге қосқан үлесін талқыладық. Біз келіссөздер жемісті болды деп есептейміз және оның нәтижелері өзара тиімді екі жақты ынтымақтастықты одан әрі дамытуға игілікті ықпал етеді деген үміттеміз, — деді Қазақстан Президенті журналистерге арналған брифингте.

«Президент және Халық» газеті,
08 желтоқсан, 2006 жыл

*Тәжікстан Республикасының Қазақстан Республикасындағы
Төтенше және Өкілетті елшісі Бахром ХОЛНАЗАРОВ:*

«ТӘЖІКСТАН МЕН ҚАЗАҚСТАН БАҒЫНДЫРАР БИІКТЕР ӘЛІ АЛДА»

Тәжікстан мен Қазақстан елдерінің жаңа мемлекеттік жағдайда дипломатиялық қарым-қатынас орнатқандарына биылғы 7 қаңтарда 15 жыл толды. Бұл жылдар аралығында ежелден қалыптасқан достық қарым-қатынастарымыз бен ынтымақтастығымыз бұрынғыдан да жарасым тауып, күн өткен сайын жаңа сипатқа ие бола түсті, өзара сенімнен бастау алған игі шараларды жан-жақты дамытуға айқара жол ашылды.

Бүгінде біз Қазақстан мен Тәжікстан арасында құқықтық негізде құрылған әлеуметтік-экономикалық және саяси келісімдердің жүзеге аспай қалған бір де біреуі жоқ екендігін ашық айта аламыз. Мұның заңдық негізі бұдан 15 жыл бұрын қол қойылған мемлекетаралық, үкіметаралық және ведомствоаралық қатынастарды анықтайтын 75 құқықтық-нормативтік құжаттарда жатыр. Екі мемлекеттен тең құқықты халықаралық субъектілер ретінде қол қойған бұл құжаттар саяси, сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, гуманитарлық, тағы басқа салалардың бәрін оңтайлы үйлестіруге мүмкіндік берді. Кейінгі жылдары екі елдің арасындағы сауда-экономикалық қатынастар қарқынды дамып, халықаралық, аймақаралық маңызға ие бола бастауына байланысты бұрынғы келісімдердің құқықтық базасын одан әрі жетілдіре түсу қажеттігі туындап отыр. Сол себепті белгілі құрылымдар осы бағыттағы жұмыстарды қолға алуда. Онда қазақ-тәжік халықтарының бір-бірімен жаңа заманға сай қарым-қатынастары, басқа да қажеттіліктері мен сұраныстары жан-жақты қарастырылатын болады.

Екі ел ынтымақтастығының нығая түсуіне мемлекет басшыларының бір-бірімен жиі кездесулері мен өзіміз мүшелері болып табылатын халықаралық, аймақаралық ұйымдар аясындағы жүздесулердің маңызы ерекше екендігін атап көрсеткім келеді.

Қазақстанмен ресми түрде дипломатиялық қатынас орнанына бірнеше күн өте салысымен, 1993 жылы Тәжік мемлекетінің Президенті Эмомали Рахмонов Алматыға жұмыс сапарымен барып қайтты. Осы кездесуде екі мемлекет басшылары Э. Рахмонов пен Н.Назарбаев Тәжік Республикасы мен Қазақстан Республикалары арасындағы қарым-қатынасты жаңа кезеңге сай дамыту жөніндегі келісімдердің құқықтық базасын анықтайтын алғашқы құжаттарға қол қойды..

Ал 1995 жылы Тәжікстан Президентінің Қазақстан Республикасына жасаған екінші ресми сапарында екі елдің арасындағы сауда-экономикалық қатынастарды одан әрі тереңдете түсу жөніндегі үкіметаралық келісімдер дүниеге келді. Қарым-қатынастардағы жаңа серпін Қазақстан Республикасының Президентінің 2000 жылы Тәжікстанға жасаған алғашқы ресми сапарынан бастау алғанын ашық айтқанымыз жөн..

Душанбеде өткен бұл кездесуде сегіз құжатқа қол қойылды. Соның нәтижесінде екі ел арасындағы экономикалық, саяси, ғылыми-техникалық байланыстар күшейіп, кеден, тағы басқа салалардағы жұмыстардың алға басуына жол ашылды. Екі ел басшылары қол қойған Декларациядан кейін Тәжікстан мен Қазақстан арасындағы бұған дейін де қалыптасқан саяси қарым-қатынастар көкжиегі одан сайын кеңейе түсті.

Тәжікстан Президенті Э.Рахмоновтың 2006 жылдың мамырында Қазақстанға жасаған ресми сапары екі ел саясатындағы бетбұрысты сәтті болды десек, артық айтқандығымыз емес. Бұл кездесу барысында инвестиция, білім, халықаралық көлік қатынастары, жастар саясаты, экономикалық қылмыстар жөнінде ақпараттар алмасу сияқты бірнеше келісімдерге қол қойылды. Екі ел басшылары бүгінгі күн талаптарына сай жан-жақты ынтымақтастықты дамыта бару жөнінде ресми мәлімдеме жасады.

2007 жылдың қыркүйегіндегі Қазақстан Президентінің Тәжікстанға ресми сапары екі ел қарым-қатынастарын мүлдем жаңа сатыға көтерді. Бұл жолы мәдениет пен өнер, әуе жолдары, ауыл шаруашылық кешендері, инвестиция және сауда мәселелеріне баса көңіл бөлінді. Кездесуде қол қойылған алты құжатта сонымен қатар су қуаттары, құрылыс көлік және коммуникация, тау-кен жұмыстары мен ауыл шаруашылық салалары да кеңінен камтылды. Әсіресе, екі ел арасындағы келісімдерді жүзеге асыру мақсатында құрылған үкіметаралық комиссияның орны бөлек. Мұнда бұған дейін қол қойылған құжаттардағы көзделген мақсаттардың орындалуы тексеріліп, сараланып отырылды. Солардың ішінде саяси мәселелердің маңызы зор.

Аймақтағы тыныштық пен интеграция, жалпы Орталық Азия елдеріндегі ынтымақтастықты күшейте беру қажеттігі ешқашан күн тәртібінен түскен емес. Бұл тұрғыда Қазақстанның біздің елдегі бітімгершілік қызметін халық та, билік өкілдері де қоштап, қуаттайды. Себебі, Қазақстан басшысының біздегі қайшылықты жағдайларды бейбіт жолмен шешуге қосқан үлесі өте орасан. 1995 жылдың 22 мамыры мен 1 маусымы аралығында өткен тәжікаралық келіссөздердің бәріне Қазақстанның ресми өкілдері қатысып отырды. Істің нәтижелі аяқталуына бұл көп пайдасын тигізді.

Тәуелсіздіктің алғашқы қиындықтарына тап болған сәтте Қазақстан бізге тек саяси тұрғыдан ғана емес, гуманитарлық, экономикалық, әскери техника түрінде де нақты көмектер берді. Оған тәжік-ауған шекерасындағы тыныштықты сақтау жолында ерлікпен қаза тапқан Ұжымдық бітімгершілік күштері сарбаздарына қойылған ескерткіштер куә.

Қазақстан мен Тәжікстан халықаралық, әлемдік және аймақаралық маңызды мәселелерді бірлесе шешіп, бір бағытта әрекет ету мақсатында әртүрлі деңгейде басқосулар мен жиындар, пікір алмасулар өткізіп келеді және олардың бәрі өз нәтижесін беруде.

Аймақта алаңдаушылық туғызып отырған жағдайлар аз емес. Осыған орай Қазақстан мен Тәжікстан қауіпсіздік

саласындағы ынтымақтастықты, әсіресе терроризм мен есірткі тасымалы, ұйымдасқан қылмыс пен экстремизмге қарсы күрес амалдарын күн сайын күшейтуде.

Бұл екі ел БҰҰ, ЕҚЫҰ, ЕурАзЭК, УККУ, ШЫҰ, АӨЫСШК сияқты халықаралық, аймақтық ұйымдар шеңберінде де біршама нәтижеге қол жеткізді.

Экономика саласындағы байланыстарымыз да қарқынды дамуда. Сауда-экономика саласындағы көрсеткіштер кейінгі бес жылда төрт есеге өсіп, 2007 жылы ол 200 миллион долларды құрады. Бұл біздің сауда саласындағы басты серіктесіміз Қазақстан екендігін тағы да дәлелдейді. Экспорт пен импорт та қанатын кеңге жаюда. Бізге Қазақстаннан ет, химия өнеркәсібі заттары мен ағаш, минералды заттар әкелінсе, біз Қазақстанға мата, әр түрлі әшекейлі бұйымдар, тамақ өнімдері, тағы басқа қажеттіліктерді жөнелтудеміз. Мәселен, 2007 жылдың 25-28 тамызы күндері Астанада Тәжікстан ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрменкесі ашылды. Оның салтанатты ашылуына екі ел үкімет басшыларының қатысуы бұл шараның қаншалықты маңызды екендігін аңғартса керек. Осы күндері, Астана қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен өткен екі елдің іскер адамдары мен бизнесмендер форумында көптеген келісімдер мен шарттарға қол қойылды. Бұл біздердің экспорт пен импортқа шығаратын тауарларымыздың түрлерін бұрынғыдан да еселей түсті.

Екі елдің инвестиция мен банкі саласындағы байланыстары тұрақтанды десе де болғандай. Қазақстан инвесторлары Тәжікстан жеріндегі инвестициялық жобаларға өз қаржыларын құюға қашан да даяр екендіктерін білдіруде. Қазіргі кезде оның көлемі 100 миллион долларды құрап отыр. Қазақстан инвесторларымен тау-кен өндірісі және энергетика саласын дамыту жөніндегі келісімдер нақтыланды. Тұрғын үй құрылысы жөніндегі жобалар жетілдірілу үстінде. Қазақстанның «ТұранӘлем-Банк», «Қазкоммерц банкері» Тәжікстанда өз өкілдіктерін ашып үлгерді. Осы арқылы олар біздің экономикамызға қаржыларын молынан құюға мүмкіндік алатыны сөзсіз. Қазақстан

Президентінің Тәжікстанға кейінгі жасаған сапары кезінде екі елдің сауда қатынастары мен инвестиция саласын одан әрі кеңейту мақсатында арнайы Меморандумға қол қойылды және жарғылық капиталы 100 миллион доллардан тұратын Инвестициялық қор құру жөнінде келісім жасалынды.

Гуманитарлық саладағы байланыстарымыз да аз емес. Мәдениет, ғылым мен техника саласындағы жетістіктеріміздің орны бөлек.

2007 жылдың соңғы он күндігінде Тәжікстан Республикасының Қазақстан Республикасындағы күндері табыспен өтті. Астана мен Алматы қалаларының тұрғындарын біздің өнер саңлақтарымыз ән мен жырға бөледі, ал қылқалам шеберлеріміздің туындылары мен көркем сурет галереяларын тамашалауға келген көрермендер легі бір сәт те толастамады. Осы дәстүрдің жалғасы ретінде биыл Қазақстан күндері Тәжікстанда өтеді деп күтілуде.

Қазіргі кезде Қазақстанның арнайы жоғары оқу орындарында Тәжікстанның 180 азаматы білім алып жатыр. Олар ертең менеджмент, экономика, энергетика, байланыс, архитектура, информатика, ақпараттық жүйе, туризм, бизнес, тау-кен, мұнай-газ саласының білікті мамандары болып елге оралады. Сондай-ақ, Қазақстанда тұратын тәжік ұлтының өкілдері жыл сайын Тәжікстандағы жоғары оқу орындарын да білім алуға арнайы жолдамамен жіберіліп тұрады. Бұған дейін жасалған келісім негіздерінде екі елдің әртүрлі әскери оқу орындарында тәжік-қазақ сарбаздары дайындалып шығуда.

Осының бәрі бұдан 15 жыл бұрын Тәжікстан мен Қазақстан арасындағы дипломатиялық қатынастардың ресми түрде жолға қойылған кезінен бастау алып, жүзеге асып жатқан игі шаралар екендігін баса айтқым келеді.

Туысқан екі елдің бірлесе бағындырар биіктері әлі алда екендігі көңілімізге қуаныш ұялатады.

Жазып алған С.Жұмабекұлы

«Президент және Халық» газеті,
29 ақпан, 2008 жыл

СЕРБИЯ КОСОВОҒА КІЖІНУЛІ

Бұған дейін Сербияның құрамында болып келген Косово автономиялық аймағы 2008 жылдың 17 ақпанында жеке мемлекет ретінде өз тәуелсіздігін жариялады. Косово парламенті мұны бір ауыздан бекітті. Бірақ, Сербия оны заңсыз деп тауып, үзілді-кесілді қарсы шықты. Нәтижесінде, қанды қақтығыстар орын алды. Сербия мен Косово шекарасында косоволық сербтер алдымен бас көтерді. Тәртіп сақшылары араласты. Жағдай ушығып жүре берді. Бірнеше автокөліктер мен шекара бекеттері отқа оранды.

Косовоның негізгі тұрғындары – албан мұсылмандары. Ал сербтер негізінен православие дініндегі ұлт.

Осы арада сәл шегініс жасап, бұл елдердің о бастағы шымшытырық тарихынан оқырманды қысқаша хабардар ете кеткеніміз жөн сияқты.

1991 жылы Югославия Федеративті Социалистік Республикасы тарағаннан кейін оның құрамындағы республикалар өз тәуелсіздігін жариялады. Осы кезде Сербия мен Черногория бірігіп, жаңа Югославия Одақтас Республикасын құрғаны белгілі.

1992 жылы бұл Одақ өз Конституциясын қабылдады. Алайда бұрынғы Югославияның орнына келген мемлекетті БҰҰ, әсіресе АҚШ мойындаудан бас тартты.

Дегенмен, 2000 жылы олардың БҰҰ-дағы мүшелік құқы қайта қалпына келтірілді.

2002 жылы Сербия мен Черногория жаңа келісім бойынша – «Югославия» деген атаудан бас тартты.

2003 жылдың 4 ақпанында бұлар қайтадан Сербия және Черногория деген Одақ құрды. Тағы да жаңадан Конституция қабылдады. Ол бойынша екі елдің бір-бірінен кез келген уақытта бөлініп кету құқығы сақталды.

Әр түрлі ұлт өкілдерінен тұратын бұл мемлекеттегі халық саны 10 миллионнан асады. Сербиялықтар мен черногория-

лықтардан басқа хорваттар, албандар, босниялықтар тұрады. Олардың 80 пайызы православие, 16 пайызы мұсылман дінін ұстанады. Астанасы – Белград. Ресми тілі – серб тілі. Әкімшілік бөлініс жағынан екі федеративтік мемлекет болғанымен Воеводина, Косово, Метехия деп аталатын автономиялық аймақтары және бар.

Косовоның халқы 2 миллиондай адам. Оның 95 пайызы албандар. Әкімшілік орталығы – Приштина қаласы.

Жалпы, Косово Сербияның құрамына 1912-13 жылдар аралығында, яғни Балқан соғысынан кейін қосылғанын естеріңізге сала кеткеніміз жөн.

Косово жерін сербтер өздерінің атамекені санайды. Албандарды кейін, неміс басқыншылары Косоводан сербтер мен черногориялықтарды ығыстырғаннан кейін келіп қоныстанған келімсектер ретінде қабылдайды. Мұның қаншалықты шындыққа саятынын анықтау тарихшылардың міндеті болғандықтан, нақты пікір айту қиын.

Алайда, осынау тарих салқыны сербтердің көңіл түпкірінде ұзақ сақталып келгені анық. Оны 1990 жылдың 28 қыркүйегінде қабылданған жаңа Конституцияда бұрынғы Федеративтік Республика өздерін енді біртұтас Серб Республикасы деп атағанынан-ақ байқауға болады. Бұл Конституция бойынша Косовоның әкімшілік, заң шығарушылық органдары жойылды. Оған тек аймақтық мәдени автономия деген мәртебе берілді. Косоводағы албандар бұған келіспейтіндіктерін білдірді. Ерегес өрши түсті. Мұның соңы 1992 жылы – «Косово Республикасының» дүниеге келуіне әкеліп соқты. Албандар сол жылдың мамыр айында Ибрагим Руговты өздерінің Президенті етіп сайлады.

1996 жылы – «Косовоны азат ету армиясы» деп аталатын Косово Қарулы Күштерін жасақталды. Осы сәттен бастап Сербия мен Косово арасында кәдімгі текетірес басталды. АҚШ сол кезде-ақ Косовоны қолдайтынын ашық білдірген.

Ресей мәселені бейбіт жолмен шешу концепциясын ұсынды. Содан бері созылып келе жатқан тартыстың соңы биылғы 17 ақпанда Косовоның өз тәуелсіздігін жариялаумен аяқталды.

Қазіргі кезде Косовоның тәуелсіздігін АҚШ, Ауғанстан, Франция, Германия, Италия, Балтық жағалауы елдері, Польша, Словения, Австрия, Бельгия, Люксембург, Хорватия, Түркия, Дания, Албания, Финляндия, Австралия мемлекеттері мойындайтындарын мәлімдеді.

Еуропалық Одақтың сыртқы саясат жөніндегі жоғарғы өкілі де бұл шешімді қуаттады.

Косовоның тәуелсіздігі туралы Декларацияның күшін жою жөнінде келіп түскен әр түрлі өтініштерді БҰҰ қайтарып тастады.

Ал Сербия, Ресей, Қытай, Испания, Кипр, Словакия, Румыния, Жаңа Зеландия мемлекеттері Косовоның тәуелсіздігін мойындаудан бас тартты. Индия, Греция, Чехия, Индонезия сияқты мемлекеттер әлі де ойланыңқырайтын тәрізді.

Сербияның іргесі сөгіліп, Косовоның өз тәуелсіздігін жариялауы бұл елдің ішкі тыныштығын шайқалтумен қатар әлем елдерін де алаңдата бастады. Өйткені, Косовоның тәуелсіздігін мойындаған мемлекеттермен Сербия дипломатиялық қатыныстарын үзді, елшілерін дереу қайтарып алды.

Ресей мен Қытай Сербияның бұрынғы біртұтастығын мойындайдарын білдірді.

ТМД елдерінің ішінен Тәжікстан ғана бұл тұрғыдағы өз ұстанымын жасырған жоқ. Тәжікстан парламентінің халықаралық істер жөніндегі комитетінің төрағасы Асомидин Саидов — ««Косовоның тәуелсіздік жариялауы халықаралық өлшемдерге сай емес және бұл оқиға Еуропа құрлығы үшін қауіпті» деген баға берді.

Марат Мүліков атындағы Бүкілтатарлар қоғамының орталығы Косовоның премьер-министрі Хашим Тачиді және Косово тұрғындарын тәуелсіздіктерімен құттықтап та үлгерді.

Палестинаның жоғарғы өкілі Ясер Абд Рабо Израил өкілімен бір келіссөз кезінде Косовоның мына батыл қадамы Палестинаға үлгі болатынын айтып салды.

Оңтүстік Осетия мен Абхазия да Косовоға іштей риза екендіктері көрініп тұр.

Таулы Қарабах Республикасының сыртқы істер министрі Георгий Петросян екі алақанын ысқылап, осынау әлемдік оқиғаға құлағын түруде.

Ал, Сербия мемлекетінің басшысы Воислав Коштуница Косовоны бәрібір табанының астына қайта басатындығын айтып, кіжініп отыр.

Әзірге бұл елдегі дүрбелең басылар емес. Бәріне уақыт төреші.

**«Президент және Халық» газеті,
07 наурыз, 2008 жыл**

ЛИ ПЭНДІ СТУДЕНТ КЕЗІНЕН БІЛЕМІН

Қытай Халық Республикасы мемлекеттік кеңесінің премьері Ли Пэн кеше ресми сапармен Қазақстанға келді. Осы сапар қарсаңында біз, 1950 жылдардың басында Мәскеу энергетика институтында Қытайдың болашақ мемлекет басшысымен қатарлас оқыған, онымен бір жатақханада тұрып, бір ыдыстан ас ішкен Ахметов Тимур Ғалиұлымен хабарласып, студенттік шақтың Ли Пэнге қатысты сәттерін еске түсіруін өтінген едік. Бүгінде 62 жасқа келген Тимур Ғалиұлы Алматы гидрология жобалау институтының меңгерушісі, техника ғылымының докторы, профессор.

– Мен 1948 жылы Мәскеу энергетика институтына түстім, – деп бастады ол кісі алғашқы сөзін. Ол кезде бұл білім ошағында Қытайдан келген студенттер көптеп саналатын. Біздің курста оқитын қытай студенттерімен бір бөлмеде жаттым. Шетелден келген студенттерге орыс тілін меңгеруі қиынға түсетіні белгілі. Мен өз шамам келгенше оларға көмек көрсетіп жүрдім. Бір таңқаларлығы сол – олардың бәрі сабаққа ынталы, әрі алғыр еді. Орыс тілін де жылдам меңгеріп алды. Қытай студенттерімен достасып кеттім. Сол кездері бізден екі курс жоғары оқитын Ли Пун деген жігіт біздің бөлмеге жиі келіп тұратын. Ол өзі Кеңес Одағындағы Қытай студенттері ассоциациясының төрағасы болатын. Жерлестерінің жағдайын сұрап, оларға ақыл-кеңестерін айтатын. Орыс тілінде таза сөйлейтін. Ол кезде Қытай студенттері бәрі бірдей киінетін. Басқа жерлестеріне қарағанда еңселі де сымбатты, әрі шешен, әрі ақылды осынау жігітке бәріміз қызыға қарайтынбыз. Отандастарына шын ниетімен көмек көрсеткенім үшін Ли Пун менімен де жылы қарым-қатынаста болды.

– Сіз ол кісіні осымен екінші рет Ли Пун деп атадыңыз. **Қытай үкімет басшысының аты-жөні Ли Пэн емес пе?**

– Иә, Ли Пэн... Бірақ студент кезінде ол кісінің аты-жөні Ли Пун деп жазылатын. Осыдан бес-алты жыл бұрын Ли Пэн Мәскеуге бір ресми сапармен барғанда өзі оқыған Мәскеу энер-

гентика институтына арнайы соққанын, институт ректоры оның кілең бестік бағаға толы зачеткасын архивтен алып, өзіне құрметпен тапсырғаның газеттен оқығанымда, бұл адамның сол кездегі Ли Пун екеніне шек келтірмедім және суретінен бірден таныдым.

– Бұл кісі тағы қандай ерекшеліктерімен сіздің есіңізде қалды?

– Ол кісінің студент кезінен бәріміздің есімізде қалған бір ерекшелігі – шешендігі мен білімдарлығы, қарапайымдылығы мен кішіпейілдігі. Жылда қазан айының 1-і күні, яғни ҚХР революциясының жеңген күніне байланысты ол студенттердің алдында лекция оқитын. Оған бүкіл институт студенттері қатысатын. Біз біле бермейтін небір қызықты жайттарды айтатын. Сол сәтте біз оны өзіміз сияқты қарапайым студент емес, ғұлама ұстаздарымыздың біріндей сезініп отыратынбыз. Ал жәй уақытта ол өте кішіпейіл көрінетін. Бір дастарқаннан тамақ ішіп, қара нанды бөліп жеп жүре беретінбіз. Міне, мен білетін студент Ли Пун, бүгінде Қытай Халық Республикасы мемлекеттік кеңесінің премьері, дәл қазіргі сәтте Қазақстанның қадірлі қонағы Ли Пэн осындай адам еді.

Тимур Ғалиұлының айтуына қарағанда, Мәскеу энергетика институтында Ли Пэнмен бір топта оқыған, бір партада отырған студенттер Алматыда аз емес сияқты. Ендеше «Достарыңыздың еліне қош келдіңіз, құрметті Ли Пэн мырза!» демекпіз.

«Егемен Қазақстан» газеті,
26 сәуір, 1994 жыл

«ҚАЗАҚТАРДЫ КЕЙДЕ ӨЗІМЕ ҰҚСАТАМЫН»

Бұл – Американың Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Уильям Кортнидің жүрекжарды сөзі

– Кортни мырза, сіз Қазақстанда елші болып қызмет атқарған аз уақыт ішінде осынау байтақ елді түгелдей танып-білу мүмкін емес, әрине. Дегенмен, алғашқы әсерлеріңізді ортаға сала отырсаңыз.

– Мен Қазақстанға келерден бұрын біраз мемлекеттерде қызмет істедім. Швейцарияда АҚШ-тың елшісі болдым. Бразилияда, Мәскеуде әртүрлі дипломатиялық қызметтер атқардым. Шындығын айтсам, КСРО тарағанға дейін біз Қазақстанды Кеңестер елі деп қана білдік. Енді міне, бұл ел тәуелсіздік алып, еркін де ерікті мемлекет ретінде дамып барады. Қазақ елінің алдынан ақ жол ашыла бергей, қадамына гүл біте бергей демекпін.

– Ғасырлар бойы еркіндікті, азаттықты аңсап келген қазақ елі бейбіт жолмен келген бұл тәуелсіздікті бақыт санайды. Әйтседе, экономикалық даму деңгейіміз тұрғысынан келсек, алда шешімін күткен мәселелер жетерлік. «Сырт көз – сыншыл» демекші, дамыған елдің елшісі көзімен қарағанда Қазақстанның қазіргі хал-ахуалы тәуелсіздік талаптарына сай келе ме?

– Қазақстан Президенті бір сөзінде тәуелсіздік деген ұғым төңірегінде өз ойларын тұжырымдай келе: – «Кез келген мемлекет бір-бірінен мүлдем тәуелсіз жағдайда өмір сүруі мүмкін емес» дегені есімде. Өте дұрыс айтылған пікір. Ең бір дамыған мемлекеттер қатарынан орын алатын Американың өзі ешкімнен тәуелсіз өмір сүріп жатыр десек, шындыққа жанаспас еді. Мен бұл жерде экономикалық жағын айтып отырмын. Біреуге беріп, біреуден алмай, тіршілік кешу мүмкін емес. Қазақстанда бұл жағдай әзірге қиындау болып тұрғанын білемін. Мұның

бәрі уақытша нәрсе. Ең бастысы – бұл елде бірлік пен ынтымаққа негізделген саяси жағдай қалыптасып келеді. Біз үшін де керегі сол. Онсыз екі ел арасында байыпты дипломатиялық қарым-қатынас орнату да қиын. Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы біздің Сенатта өте бір демократияшыл заң ретінде бағаланды. Қай мемлекетте болсын, тәуелсіздіктің бір кепілі осы Ата Заң болып есептеледі.

– Әрине, Қазақстан Республикасы өз алдына тәуелсіздік алып, шынайы демократиялық мемлекет құруға кіріскеніне небәрі екі-ақ жылдай уақыт болды. Ал, Америка демократиялық жолды ұстанып келе жатқанына екі ғасырдан астам уақыт өтті. Сіздердегі тәжірибемен салыстырғанда біздегі демократиялық бағыт қазір қандай дәрежеде деп ойлайсыз?

– Қазақстанның нағыз демократиялық мемлекет болатынына мен өз басым сенемін. Сыртта да, іште де бүкпесіз саясат жүргізіп отырған мұндай елде күштеу әдістері өмірге келуі мүмкін емес. Ал, қатаң тәртіптің жөні бөлек. Шынайы демократияға қол жеткізу үшін заң өз дәрежесінде жұмыс істеуі керек. Бұл жөнінде Қазақстан парламентінің жетістіктері аз емес.

– Заң қабылдау жағынан кенде емеспіз. Соның орындалу жағы бізде олқы түсіп жатады. Оның себебі неде деп ойлайсыз?

– Бізде қабылданған заңды мүлтіксіз жүзеге асыратын атқарушы органдар болып табылады. Сіздерде де солай. Бірақ, ең дұрыс заңдардың өзін табан астында орындай қою екінің бірінің қолынан келе бермейді. Ол үшін әр нәрсенің алғышарттары алдын-ала жасалады. Түптеп келгенде, бәрі экономиканың дамуына келіп тіреледі. Ал бар-жоғы екі жыл бұрын ғана өз алдына тәуелсіздік алған мемлекетті екі ғасырдан астам демократиялық жолмен өркендеп келе жатқан Америкамен салыстыру әлі ерте сияқты. Біздің мемлекет Қазақстанның гүлдене беруі үшін қолынан келгенше көмектескісі келеді. Мұны ел басшыларының арасында жүріп жатқан келіссөздерден де байқаймыз.

Кейінгі жылдары Қазақстанның батыс өңірінде, тіпті Алматының өзінде де Америка мен Қазақстан мемлекеттерінің бірлескен кәсіпорындары ашылуда. Бұл игі дәстүр болашақта да жалғаса беретіні сөзсіз.

– **Қазақстан өркениеті елдермен иық тірестіру үшін әлі қанша уақыт қажет және ол үшін істі неден бастаған жөн?**

– Жалпылама айтсақ, ең алдымен экономиканы өркендетуден бастаған дұрыс. Бұл жерде америкалық әдістің бәрі бірдей Қазақстанға үлгі бола алмауы мүмкін. КСРО тарағанша сіздердің елдеріңіз социалистік жолмен дамыды. Бұрынғы құрылымды бірден өзгерту оңайға соқпайды. Оған көп уақыт қажет. Ең алдымен өндірісті жаңа технологиямен қамтамасыз етпейінше ілгері жылжу қиын. Ал ол ғылымның дамуымен тікелей байланысты. Бірақ, дәл қазіргі кезде Қазақстанда ғалымдардың әлеуметтік жағдайы нашарлап бара жатқандай. Америкада ең алдымен ғалымдардың жағдайына қатты көңіл бөлінеді. Ғылыммен айналысатын адамдар бізде мемлекеттің негізгі тұтқасы деп есептеледі.

– **Қазақстанда қазір мемлекет иелігінен алу, жекешелендіру науқаны қызу қарқын алуда. Нарықтық қатынасты жүзеге асырудың бірден-бір жолы осы екені даусыз. Бірақ, бұл бізде қалай жүзеге асуда деген сауал төңірегінде әртүрлі пікірлер бар. Сіздерде бұл мәселе қалай жүзеге асырылып еді?**

– Бізде жекешелендіру деген мәселе төңірегінде ешқашан проблема болған емес. Өйткені, шаруашылығымыз да, өндірісіміз де, мемлекеттік саясатымыз да о баста осы құрылымға негізделген ғой.

– **Дегенмен де, жекешелендіру мәселесі мемлекеттің нұсқауы бойынша жүзеге асуы керек пе, әлде тек халықтың өз бастамасымен ғана өмірге келетін құбылыс па?**

– Америкада халықтың бәрі о баста-ақ жекеменшік иесі болып келген. Жаңа айттым ғой, біздегі мемлекеттік құрылым да осыған негізделген деп. Қолында қаржысы бар іскер

адамдардың кез келгені, ол қара нәсілді ме, ақ нәсілді ме бәрі бір, жекеменшік иесі бола алады. Оған ешқандай тосқауыл жоқ. Мемлекет бұл жерде тек үйлестіруші қызмет атқарады, заңның қатаң түрде жүзеге асырылуын қадағалайды. Ал өндіріске жаңа технологияны енгізуде тек білімді ғалымдарға арқа сүйейміз. Мемлекет ол жолда ештеңесін аямайды.

– Демократияның басты кепілі – Конституция дедіңіз жаңа ғана. Ал, қазан айының басында болған Ресейдегі жағдайға саясаткер ретінде өзіңіз қандай баға берер едіңіз?

– Ресей – демократиялық бағытты ұстанған мемлекет. Ендеше, көпшілік дауыспен сайланған мемлекет басшысы Президент сол мемлекет үшін жауап береді. Қысылтаяң жағдайда өзінше шешім қабылдауға оның толық құқығы бар.

– Парламент те көпшілік дауыспен сайланған халықтық орган емес пе? Ал оны күштеп тарата берсе... Бұл әдіс өзі басқаларға да үлгі болып бара жатқандай ма, қалай? Мәселен, 21 қазанда Сербияның Президенті өз парламентін таратты. Оның да себеп-салдары тура Ресейдегідей көрінді.

– Сербиядағы жағдайды анық білмеймін. Ал, Ресейдегі парламент бұрынғы КСРО кезінде сайланған. Ондағы депутаттардың көпшілігі бұрынғы Коммунистік партияның өкілдері. Сондықтан, Ельциннің бұл әрекеті дұрыс сияқты.

– Сонда, демократияның кепілі болып табылатын Конституцияны аяққа таптау дұрыс па? Ресей Президенті сол Конституцияны ұстап тұрып ант берді емес пе?

– Ресей Конституциясы да бұрынғы КСРО кезінде қабылданған ғой...

– Демократиялық мемлекетте Конституция жоғары тұру керек пе, әлде көпшілік дауыспен сайланған Президент жоғары тұруы керек пе?

– Демократия дегеніміз бұл жерде көпшілік тарапынан қолдау тапқан, көпшіліктің пікірімен санаса отырып жұмыс жүргізетін мемлекеттік құрылым. Егер мен Американың Ресейдегі елшісі болсам, бұл жайында бұдан да толымды пікір айттар ма едім...

– Кортни мырза, сіз Бразилияда ядролық қарулар жөніндегі сарапшы қызметін атқарған екенсіз. Таяуда мына іргемізде тұрған Қытай мемлекеті, сынаққа шектеу қойылғанына қарамастан, өз жерінде ядролық жарылыс жасады. Бұл жөнінде сіздің пікіріңіз қандай?

– Бразилияда ядролық қарулар жөніндегі сарапшы қызметін атқарғаным рас. Бірақ, менің негізгі мамандығым экономист. Ал енді Қытайдағы ядролық қаруды сынау жөніне келсек, егер мен сол елдегі Американың елшісі болсам, бұл жөнінде де ашық пікірлер білдірер ме едім...

– Қазақстан – көпұлтты республика. Сол көп ұлттың ішінен жергілікті халық – қазақтардың мәдениеті, тілі, діні, жалпы осы халықтың қазіргі рухани даму деңгейі қандай дәрежеде деп ойлайсыз?

– КСРО кезінде қазақ халқының тілі де, діні де, мәдениеті де қатты қыспаққа ұшырағаны белгілі. Енді тәуелсіздік алғаннан бері осы олқылықтың орнын толтыруға күш салып жатқан жайлары бар. Келешекте бұл бұдан да өркен жайып, дами түсуі тек қазақ халқының өзіне байланысты деп ойлаймын.

– Сіздің мекемеде іс-қағаздары, ресми жұмыстар қай тілде жүргізіледі?

– Әзірге, екі тілде – ағылшын және орыс тілдерінде. Өйткені, республикадағы жағдай солай екен.

– Сіз бен біз әзірге орыс тілінде түсінісіп отырмыз. Мемлекеттік тіліміз қазақ тілі болғандықтан, мен сізбен қазақша сөйлесетін шығармын деп ойлап келгенмін...

– Мен қазір қазақ тілін үйрену үстіндемін. Ал орыс тілін бұған дейін Мәскеуде қызмет еткен жылдары меңгергенмін.

– Сіз Қазақстанға елші болып келерден бұрын Еуропа елдерінде біраз жылдар қызмет жасағаныңызды мана айтыңыз. Ол елдердегі мемлекеттік тілдердің көбісі ағылшын тілі болғандықтан сізге онда жұмыс істеу оңайлау болған шығар. Мұнда енді орыс тілін жетілдіре отырып, қазақ тілін де үйренуге тура келеді. Қиындық туғызбай ма?

– Жоқ, қиындық туғызбайды. Қазақ тілін үйренуге бар ықыласымды салып жүрмін. Өйткені, қазақтар мен американдықтардың мінезінде бір ұқсастық бар сияқты.

– **Ол қандай ұқсастық ?**

– Қазақтар да американдықтар сияқты ат жалында ойнайтын, атбегілік өнерді (ковбой) қатты қадірлейтін халық екен. Сәйгүлікпен серіктес болған халық еркіндікті сүйетін, жылқымінезді, тәкаппарлау болып келеді. Бұл жағынан мен қазақтарды өзіме ұқсатамын.

Осы сөздерден кейін елші мырза орнынан тұрып, жымия қолын ұсынды. Байқасам, үстел үстіндегі сағат тілі келісілген уақыттан бірнеше секөнт асып барады екен. Дәлдікті сүйетін американдық азаматқа енді сұрақ қоюды ретсіз деп білген мен, рахметімді айтып, шығар есікке беттедім.

«Егемен Қазақстан» газеті,
18 қараша, 1993 жыл



2.1. ҚҰБЫЛМАЛЫ ҚОҒАМ

ӘЙЕЛДІ ТАЛАҚ, БАЛАНЫ ЖЕТІМ ЕТКЕН ЧЕРНОБЫЛЬ!

Болат Раздықов 1958 жылы Қарағанды қаласында дүниеге келген. 1980 жылы Мәскеу Таукен институтын үздік бітірген. Одан кейін Екібастұз кенішінде, Қазақстан ЛКСМ Орталық комитетінде әр түрлі қызметтер атқарған. 1987 жылдың қаңтар айында әскери комиссариаттың шақыруымен Чернобыль апатының зардабын жоюға аттанған.

– Чернобыльге өз еркіммен бардым десен, сену қиын. Әлде біз қателесеміз бе?

– Мен ол кезде Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінде нұсқаушы қызметін атқаратынмын. Әскери комиссариатта бөлім бастығы болып істейтін майор В.Галкин жақсы танысым еді. Егер бұл сапарға барғым келмесе, бір амалын қарастыруға дайын екенін білдірді. Чернобыль апатының болғанына сегізтоғыз айға жуық уақыт өткен. Ресми хабарларға қарағанда ол жақта енді қауіпті ештеңе жоқ сияқты көрінетін. Белгілі әртістер Чернобыльге барып концерттер қойып қайтқанын да теледидардан тамашалағанбыз. «Отан үшін отқа түс – күймейсің» деген атақты батыр Бауыржан Момышұлының қанатты сөзі есіме түсті. Ұлы Отан соғысына ол кісі де аға лейтенант шенімен кірген ғой. Менің де әскери шенім – аға лейтенант. Оның үстіне полк командирінің саяси жұмыстары жөніндегі орынбасары қызметін атқаруға тиіс екенмін. Бір ай мерзімнен кейін қайтып ораласыңдар деген соң, елмен бірге аттанып кеттім. 1987 жылдың 17 қаңтар күні Алматыдан Киевке қырық бес офицер ұшып келдік. Вокзал басында жай адамдардан гөрі әскерилер көп. Пойызбен Беларусьияның Гомель қаласына жеттік. Одан кейін

автокөлікпен Хойнинский ауданына бет түзедік. Жолда бірнеше елді-мекендерді басып өттік. Мұнда қыбыр еткен тіршілік тынысы білінбейді. Тіпті қар үстіне адам түгілі құстың да ізі түспеген. Новосельский деген елді мекендегі Қазақстаннан жасқалған химия полкіне келіп, қызметіме кірісіп кеттім. Апатты жерлерде кезекпен жұмыс жасап жатқан взвод, роталардың қасында болу – міндетім. Жауынгерлерді рухтандырып, бір кісідей жұмылдыруға тырысамын...

– Болат, Чернобыльге Қазақстаннан барған жігіттердің бәрі еріктілер ме еді, әлде оларды бұйрықпен немесе алдап апарды ма? Кезінде әртүрлі әңгімелер шықты ғой.

– Әскери комиссариатта оларға қысқа мерзімге жаттығуға барасыңдар деген. КСРО-ның түпкір-түпкірінен келген жауынгерлердің көпшілігіне солай депті. Олардың біразы Чернобыльге келе жатқанын білмеген де.

– Алдамай-ақ шындықты айтса қайтер еді?

– Шындықты айтса, әркім әртүрлі себептер тауып бармай қалуы мүмкін. Ал әскери жағдай ырғалып-жырғалуды көтермейді.

– Запастағыларды жинамай-ақ, сапта тұрған дайын әскерді неге пайдаланбаған?

– Әскерде қызмет етіп жүрген жастарды радиацияның ажалды тырнағына салуға қимаған ғой. Олар ең болмағанда үйленіп, артына ұрпақ та қалдырып үлгермеген жігіттер емес пе?

Екіншіден, бірыңғай жастағы адамдардың бәрі бір мезгілде сырқаттанып жатса, Чернобыль құпиясы сол сәтте-ақ ашылып қалуы мүмкін еді. КСРО саясаты тек құпиядан тұратын. Сондықтан, ақыл тоқтатқан ересектерді пайдаланды.

– Сонда сендер Чернобыльде қандай жұмыстармен айналыстыңдар?

– Біз әскери химия саласының жауынгерлері болғандықтан негізгі міндетіміз атом-электр станциясындағы апат кезінде уланған жерлерді залалсыздандыру болатын. Сонымен қатар иесіз қалған үйлердегі дүние-мүліктерді, қырылып қалған жанжануарлардың денесін көму, радиация сіңген жер бетіндегі қар

көктемде еріп, ірі өзендерге құйылып кетпеуіне жол бермеу, қатты залалданған жер қыртысын күреп қырып, арнайы салынған шұңқырларға жасыру, тағы басқалар...

– Алғаш Чернобыльге аяқ басқан сәтте радиация әсерін қалай сездіндер?

– Көзімізден жас ағып, түшкіріп, тымаумен ауырғандай күй кештік. Екі-үш күннен кейін адам ағзасы радиацияға да бейімделетін көрінеді. Бір байқағаным, бәріміздің бетіміз сарғайып, еріндеріміз кеберсіп жүретін.

– Қауіпті радиация бар-жоғын анықтайтын құрал-жабдықтарың қалталарыңда болған шығар?

– «Дозиметр» деп аталатын сол кездегі кеңістік құрал өте жоғары радиация деңгейін анықтауда дәрменсіз болып шықты. Күнде кешкісін жұмыстан кейін жауынгерлердің қан құрамы дәрігерлік тексеруден өтетін. «Бәрі жақсы» деп арқаға қағып қоя беретін. Шындықты айтпайтын. Оның үстіне радиация зардабы он-он бес жылдан кейін ғана білінетінін енді ғана сезіп жүрміз.

•1986 жылдың 26 сәуір күні Чернобыль атом-электр стансасындағы жарылыс кезінде ауаға 140 тоннадан астам ядролық улы зат ұшып шықты. •Ол әп-сәтте Украина, Белорусь, Ресей елдерінің 150 млн. шаршы метр жеріне жайылып үлгерді.

• КСРО бойынша Чернобыль апатын жоюға 560 мың адам қатысса, оның 30 мыңнан астамы – қазақстандықтар.

• Радиация деңгейі 1000 рентген сағаттан асып түсті.

• Қазақстандық чернобыльшілер Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне теңестірілгенімен, оларға тиесілі жеңілдіктер 1999 жылы алынып тасталынды.

– Өзің оны қай кезде нақты сезіне бастадың?

– Чернобыльден алты айдан кейін қайттық. Келе салысымен-ақ бір дел-сал күйден арыла алмай қойдым. 1989 жылы Чернобыль зардаптарын жоюға қатысқандарды Мәскеуге жинап, бәрімізді дәрігерлік тексеруден өткізді. Маған Алматыдағы гематологиялық орталықта, яғни қан ауруларын емдейтін ауруханада емделуге жолдама берді. 1990 жылы №7 ауруханадағы

қан аурулары бөліміне барып қаралдым. Тексеру барысында менен 15 аурудың түрі табылды. Келесі жылы III топтағы мүгедек деген анықтама берді. 1992 жылы II топтағы мүгедексің деді. Таң қаламын. Еш жерім ауырмайды, бірақ сен мүгедексің дейді. Жүйкеге салмақ түсіретін жұмыспен айналысуға болмайды дейді. Идеология саласында қызмет еткен соң жүйкеге салмақ түспей тұра ма. Келе-келе жарты күндік жұмысқа шығуыма кеңес берді. Сөйтіп, Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетіндегі қызметімнің мәнісі кетті. Бұл кезде Ресейде Чернобыльге қатысқандар одағы құрыла бастаған. Маған ой келді, неге Қазақстанда сондай одақ құрмасқа. Енді осы істі қолға алдым. Ақыры Мәскеуге барып жүріп, басқа одақтас республикалардағы чернобыльдіктерді іздеп тауып, КСРО бойынша Чернобыль одағын құрдық. Чернобыль зардаптарын жоюшыларды Отан соғысы ардагердерімен теңестіруге күш салдық. Дегенімізге жеттік. Бұл жөнінде арнайы КСРО заңы да қабылданды.

Бірақ, 1991 жылы КСРО тарағаннан кейін бұл заңның күші Қазақстанда жойылды. Енді Қазақстанда «Чернобыль жаңғырығы» деп аталатын қоғамдық қозғалыстың жарғысын жасауды қолға алдым. Бүгінде республикалық чернобыльшілер одағы осы жарғы негізінде жұмыс жасап жатыр. Осы одақтың орталығы Астанаға ауысқанға шейін оны өзім басқардым. Қазір Алматы қалалық Чернобыль одағының президентімін.

– **Астанаға бармадың ба?**

– Жоқ... Ендігі арманым – сәби кезінен өзім тәрбилеп өсіріп келе жатқан жалғыз ұлым Ғалиды адам қатарына қосу. Мүгедек ретінде 15 мың теңгедей зейнетақы аламын. Әрине, ол екеуімізге жетпейді. Пәтер ақысына қарызымыз шашетектен. Бір амалын қарастырармыз. Ұлым қазір он тоғызда. Биыл Алматыдағы қолөнер лицейін бітіріп, жұмысқа ілініп кетсе, бастан өткен қиыншылықтар бір күнгідей де болмас деп ойлаймын.

– **Ғалидың мамасы қайда?**

– Менің мүгедек екенім анықталғаннан соң басқа біреуге тұрмысқа шығып кеткен.

– Ғалиды өз еркімен саған берді ме?

– Ондай адамгершілік болса, мен ол әйелге тек алғысымды айтар едім. Сот арқылы ажырастық. Ол маған баламды бермек түгілі, өзімді баспанасыз қалдырудың да айла-шарғысын жасап бақты. Бірақ дегеніне жете алмады. Баламды да, үш бөлмелі үйімді де өзіме қалдырдым. Кейінгі күйеуі екеуі қаңғып жүргенін көрген соң, оған бір бөлмелі пәтердің ақшасын бердім. Өйткені заң бойынша ол мына үйдің бір бөлмесін алуға қақысы бар еді. Ал Ғалидың кішкене кезінде оны менен жасырып алып кетіп, әр жерде бойтасалап та көрді. Онысынан ештеңе шықпайтынына көзі жеткен соң ұлымды өзі әкеліп берді.

– Ғали неше жастан бастап өзіңнің қолыңда?

– Жеті жасынан бастап... Алғашында мамасын іздеп күні-түні жылайтын. Мен жұмыста жүргенде мамасы күндіз келіп тамағын беріп, киімін жуып кетеді екен. Келе-келе онысын да сиретті. Алматыда тұра алмағаннан кейін күйеуімен Бішкекке көшіп кетіпті. Ол жақтан да Ғалиға жиі-жиі телефон соғатын. Уақыт өте келе оны да доғарды. Ғали да оны іздемеуге үйренді.

– Шешесіз бала тәрбиелемек түгілі, кейбір еркектер өз басын әрең алып жүреді. Қазір екеуің де тамақ істеуге, кір жууға, тағы басқа тірлікке әбден төселіп қалған шығарсындар?

– Басқа түссе бәріне көнесің. Ең қиыны, Ғали қысқы суықта кешкісін мені күтіп, терезеден басын қылтитып жолға қарап отырғанын көргенде жаным шығып кете жаздайтын. Талай рет сөйтіп отырып ауырып та қалды. Бұл жағын енді көп сұрамаңызшы...

Ең бастысы, Ғалиім ақылды, білімді, тәрбиелі, талантты азамат боп өсті. Музыкамен әуестенеді, гитараның құлағында ойнайды. Қолөнер жарыстарына қатысып, қала бойынша, республика бойынша бірнеше рет жүлдегер атанды.

Болат жалғыз ұлы Ғалидың дипломдары мен сыйлықтарын маған мақтана көрсетті. Сәлден кейін үйге Ғалидың өзі де келді.

Үшеуіміз отырып шәй іштік. Шешесіз өскен балаға ұқсамайды. Үсті-басы мұнтаздай таза, ұзын бойлы, жігіттің сұлтаны болып өсіпті. Альбомдарын әкеліп, суреттерін көрсетті. Тек бір нәрсе ғана көңілге кірбің сала берді. Болат тым жүдеп кетіпті. Ауыр әрі жиі жөтеледі. Ыстығы мұның алдында 40 градусқа дейін көтерілген екен. Өзінің айтуына қарағанда бұл бірнеше жылдан бергі үйреншікті әдетке айналған. Дәрігерлер себебін анықтай алмайды. Бүгін ыстығы 37,5-ке түсіпті. Ертең қалай болары белгісіз. Асыл азаматқа амандық тілеп қоштастым.

«Асар Заманы» газеті,
3 мамыр, 2004 жыл

ТАЙТАЛАСПЕН ҚАБЫЛДАНҒАН ЗАҢ

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сессиясында «Үйлерге, пәтерлерге, бағбандық (саяжай) үйлерге және өзге де мекенжайларға да өз бетімен басып кіргені, сондай-ақ жерді өз бетімен басып алғаны үшін жауапкершілікті күшейту туралы» Заң жобасы депутаттар тарапынан алғашқыда қолдау таппағандықтан қайта қаралып, біраз өзгерістер енгізілген соң 23 қарашада толық қабылданды.

Бұндай заң қазіргі кезде өте қажет екеніне ешкімнің дауы жоқ. Ендеше жоба неге бірден қабылданбады? Әлде біреудің үйін, біреудің жерін басып алушылықты қолдаушылар көбейіп кетті ме? Әлбетте олай емес. Жұртшылыққа түсінікті болу үшін бұл заңның жобасын жасауға әсер еткен жағдайларға тоқтала кетейік.

Үстіміздегі жылдың 7 маусымында астанамыздағы «жетім бұрышта» қаңғып жүрген жігіттер «Баспанасыздар комитетін» құрып «Орбита» мөлтек ауданының тау жақ беткейдегі бос жатқан алаңқайға, басқаша айтқанда кейбіреулердің ит серуендететін жеріне «иелік етіп» киіз үй тіккені, оны қалалық атқару комитеті сол «басып алушыларға» заңдастырып бергені белгілі. Сөйтіп, кейіннен осы «Баспанасыздар комитеті» негізінде «Шаңырақ» деген бейресми қоғам дүниеге келгені мәлім.

Алғашқы кезде қазақ жастарының тауқыметті тірлігін түсініп, мейірбандық танытқан өкімет орындары сол кезде сәл босандыққа жол бергендеріне енді қатты өкінетін сыңайлы. Өйткені, «Шаңырақтан» кейін «Алтын бесік» деген тағы бір бейресми қоғам пайда болды.

Олар «Горный Гигант» совхозының қала іргесіндегі талай жылдан бері бос жатқан жерін иеленді. Сосын қалалық атқару комитетіне келіп ол жерден ұлттық-мәдени орталық және бірнеше тұрғын үйлер салмақшы ойлары бар екенін айтты. Өз

жобаларын ұсынды. Бірақ, бұл жолы қалалық атқару комитеті тарапынан рұқсат берілмеді. Өз ойларын қалайда жүзеге асыруға бел байлаған қоғам мүшелері Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сессиясы өтіп жатқан Үкімет үйінің алдына келіп аштық жариялауға мәжбүр болды. Ақыры оларға да қаланың күнбатыс жағындағы «Дружба» совхозынан жер бөлініп берілді.

Әйтсе де, мұнымен іс бітпеді. Өз жерінде босқындыққа ұшырап, қаңғып жүрген қазақ жастары үшін астанада әлі де баспана боларлық қуыстар табылып жатты. Ал бұл – құқық қорғау органдары мен қалалық атқару комитетіндегілерге ұнаған жоқ. Бүйте берсе баспанасыздар мен босқындар иесіз жатқан жерлер мен иесіз тұрған үйлерге баса көктеп кіріп алуларын тоқтатпай-тындай көрінді.

Айтқандай-ақ, осы жылдың 14-ші қазанында бір топ баспанасыздар М. Торез көшесіндегі № 152-Ж үйге қоныстанып алды. 48 пәтерлік бұл үй адам тұруға жарамсыз деп табылып, санақтан да шығарылып тасталған еді. Өйткені, тозығы жеткен ескі үй жер сілкінісі кезінде қирап қалуы әбден мүмкін болатын. Сондықтан да, оның ішіндегі тұрғындарды шығарып, жасанды жолмен сынақ жүргізіп көргісі келген қалалық атқару комитетінің жоспары іске аспады. Таяуда болған жер сілкінісі кезінде ол үй кейінгі кезде жаңадан салынған ғимараттардан да берік болып шықты. Басып алушылар осы үйде ың-шыңсыз қыстап шығар ма еді, кім білсін, таяуда тағы бір төтенше оқиға болмағанда.

Алматыда жаңадан құрылған отбасын және ұрпақты қорғайтын «Бірлік» қоғамының мүшелеріне «Ақсай»-3А мөлтек ауданындағы 84 пәтерлі үш үйдің бір жылдан бері қаңырап бос тұрғандығы туралы хабар жетеді.

Ол хабарды жіберген сол үйлердің коменданты И. Нұрмағамбетованың өзі еді. Осы арада «ешкім қоныстанбаған тұрғын үйге қандай комендант қажет болған?» деген заңды сұрақ туатыны сөзсіз. Мәселенің мәнісі былай.

Республика Жеңіл өнеркәсіп министрлігіне қарасты № 61, 62, 64-ші бұл үйлер «Жетісу» аяқ киім фабрикасын салысуға

көмекке келетін итальяндықтар үшін «жатақхана» ретінде сақталып келген. «Жетісу» аяқ киім фабрикасы бас директоры орынбасарының әйелі И. Нұрмағамбетова отбасымен (әрине күйеуімен қоса) осындағы бір пәтерді иемденіп, әрі коменданттық қызметті атқарып тұрып жатқан. Бұлармен қоса тағы бір пәтерге сол фабриканың бас директоры Нұғыманованың немере жақыны да қоныстанып алады. Екі-үш жылдан кейін шетелдіктер кеткен соң осы пәтерлерде мүлдем қалып қою да ойларында бар еді, бірақ ол жоспарлары жүзеге аспауға айналды. Өйткені, алыстан келетін «қонақтар» көп кешікті, тіпті келмейді деген сыбыстар шыға бастады. Егер олар келмесе, бұл үйлер басқа біреулерге бөлінуге тиісті. Ондай жағдайда комендант та, директордың немересі де қазіргі тұрып жатқан пәтерлерін босатуға тура келеді.

Сондықтан, олар жаңадан құрылған «Бірлік» қоғамын пайдаланып, өздері де солардың арқасында бір-бір пәтер алып қалудың жолын ойластырғаны анық. Осы ойларын орындау мақсатында комендант «Бірлік» қоғамының мүшелерімен астыртын «келіссөз» жүргізіп жібереді де, қолдарына үйлердің кілтін таратып беріп, қазанның 30-ында кешкі сағат 19.30-да олардың бұл үйлерге басып кіруіне жағдай жасайды. Ал оның соңы неге әкеп соққанын қараңыздар.

Алматы қаласының прокуроры А. И. Азаровтың санкциясы бойынша қарашаның 3-і күні түскі сағат 14-те рұхсатсыз кірген үйлерін өздері-ақ босатып беруге дайын отырған баспанасыздарды ОМОН-ның «сарбаздары» таңғы сағат 6-да таяқтың астына алып қуып шықты. Жазықсыз сәбилер мен жетпістен асқан ақ шашты аналар да жапа шекті. Өздері белгіленген уақытқа дейін келісімін бере отырып, милиция қызметкерлері мұндай опасыздыққа, озбырлыққа неге барды? Себебі, дәл сол күні сағат 10-да Алматы қалалық Советінің сессиясында осы мәселелер арнайы қаралмақшы еді. Ал қалалық ішкі істер басқармасының бастығы С. Исабаев бұл уақытқа дейін заңсыз басып алынған үйлерді босаттырғандығы жөнінде сессияда баяндауға

тиісті-тұғын. Оның үстіне «еркінсіп кеткен» бейресмилерге сабақ боларлықтай бір әрекет жасауды да дұрыс деп тапса керек. Сөйтіп, сол күні 84 семья далада қалды.

Енді құқық тәртібін қорғау органдары Жоғарғы Советтің сессиясында басып алушылықты қылмыстық жауапқа тарту туралы заңды бекітіп алып, бұрынғыдан да батыл қимылдауға, аяусыз жазалау шараларын жүргізуге бел буғандай. Бұл істерінің дұрыстығына депутаттардың көздерін жеткізе түсу үшін заң талқыланатын күні, яғни, 16-шы қарашада М. Торез көшесіндегі №152-Ж. үйдегі уақытша тұрып жатқан баспанасыздарды да таяқтың астына алып, көшеге лақтырып тастады.

«Біз кезекте тұрған адамдардың үйіне емес, ешкімге қажетсіз болып бос тұрған үйді жөндеп кірдік қой. Баспанасыз қайда барамыз? Өзіміз жұмыс істейтін мекеме орындары үй кезегіне қоймайды. Өйткені, пропискамыз жоқ. Соның салдарынан арзан жұмысшы күшіне айналдық» дейді М. Мұратәлиев деген жігіт жыламсырап.

«Милиция қызметкерлерінің көрсеткен қатыгездігін тілмен айтып жеткізу мүмкін емес. Аяғы ауыр бір жас келіншекті тепкілеп жүріп баласын түсіре жаздады. Қазір ауруханада жатыр» деген О. Дәулетовтың сөзіне сенерінді де, сенбесінді де білмейсің.

Осынау әлеуметтік теңсіздіктің салдарынан туындап жатқан келеңсіз құбылыстардың себеп-салдарын толық зерттемей тұрып заң қабылдауға қарсы шыққан кейбір депутаттардың өткір пікірлері сессияға қатысып отырған басқа депутаттарға да қатты ой салды.

– Қазақтар бүгінде өз жерінде өздері босқынға ұшырауда. Сонау Аралдан, Семейден, Өскеменнен үдере көшіп, олар мұнда неге келгенін түсінесіңдер ме? Бастарына күн түскенде қарапайым халық еріксіз өзінің астанасына қарай шұбырса, ол – табиғи құбылыс. Ал мұндағы біздер оларға қарсы қатал заң қабылдап, түрмеге тықсақ, азаматтығымызға, адамгершілігімізге сын емес пе! – деген еді депутат А. А. Княгинин қатты қапаланып.

Бұл пікірді Ө. Жолдасбеков, С. Зиманов, М. Әуезов, тағы басқа бірнеше депутаттар қолдап сөйледі. Ал депутат М. Раев «Ақсай»-ЗА мөлтек ауданындағы жаңадан салынған үш үйді бір жыл бойы босқа ұстаған кездегі шығынды Жеңіл өнеркәсіп министрлігінен заң арқылы өндіріп алу қажеттігін талап етті.

Біз бұл заң жобасының туындауына себеп болған жайттардың кейбір қырларын ғана сөз еттік. Қала жұртшылығын алаңдатып отырған мұндай әрекеттерге қарсы заң қабылдауын ешкім айыптамайды. Бірақ оның негізгі себептерін анықтап алып барып әділ заңды дүниеге әкелгенде ғана ол көпшілік көңіліне жол табары белгілі.

Заң қабылданғаннан кейін депутат Жабайхан Әбділдин бұл жөнінде былай деді:

– Бос жатқан жерлерді өздігімен игеруге талпынған, ұзақ уақыт бос тұрған үйлерге өздігімен қоныстанған адамдарды жазалау дұрыс емес. Керісінше, барды кезінде ұқсата алмаған қалалық атқару комитетіндегілерді, мекеме басшыларын жауапқа тарту керек. Мен сол үшін де бұл заңның қабылдануына қарсы болдым. Бұрынғы жобада «Басып алушыларды» жеті жылға дейінгі бас бостандығынан айыру керек дегенді үш жылға, бес мың сом айып төлету дегенді үш мың сомға түсірткіздік. Сол сияқты тағы да басқа баптарға өзгерістер енгізілді.

Иә, о баста ашу үстінде қаталдау кетсе де заң шығарушылар қайта сабасына түсе бастағандай. Алайда, далада қалған 132 семьяның тағдырына кім жауап береді? Қыстың көзі қырауда жас балаларымен олар қайда барып күн көреді? Осы жағы депутаттарды ойландыра ма екен?

«Халық кеңесі» газеті,
29 қараша, 1990 жыл

БӘРІ ДЕ КЕШЕГІДЕЙ КӨЗ АЛДЫМДА

Бұл күндері қазақ елі өз тәуелсіздігінің 15 жылдығын атап өтуде. Тәуелсіздік мерекесі әйгілі Желтоқсан көтерілісінің 20 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр. Ақиқатында кеңес империясының күйреуі де дәл осы желтоқсан оқиғасынан басталған. Төменде бүгінгі таңда ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты, сол жылдарда Қазақстан ЛЖКО Орталық комитетінің бірінші хатшысы болған, ұзақ жылдар комсомол қызметінде жастармен етене жұмыс істеген Серік Әбдірахмановтың әңгімесін оқырман назарына ұсынып отырмыз.

Ұлт саясатындағы қиғаштықтар

– 1982 жылы Кеңес елін билеген КОКП Орталық Комитетінің Бас хатшысы Л.И.Брежнев қайтыс болды. Әрқайсысы бір жылдың о жақ, бұ жағында ел басқарған К.Черненко да, А.Андропов та дүниеден тез-ақ озды. Іле-шала билікке М.Горбачев келді. Осы басшылардың тұсында Мәскеуде Қазақстанға қатысты шовинистік пиғылдар өрістей жөнелді. Дінмұхамед Қонаев пен Леонид Брежневтің арасындағы жеке бас сыйластығы мен адами қарым-қатынастарының әсері қазақ еліне де жайлы тиген еді. Қазақ елі кәдімгідей көтеріліп қалған. Қазақ жастары өсіп, оқып, қызметке араласа бастаған еді.

Мен сексенінші жылдардың басында Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқардым. 1984 жылы КОКП Орталық Комитетінің Қазақстан секторын басқаратын Николай Мищенко дегеннің алдына кадр жөнінде есеп беруге шақырылдым.

Менің дайындап әкелген қысқаша ақпарларымды тыңдағаннан кейін бірден дүрсе қоя берді. «Сендер неге бірден ұлттық мектептерді көбейтіп жібердіңдер? Революцияға дейін Қазақстанда 23 адам ғана өз тілінде сөйлеген. Тілдік қорларын 300 сөзден аспайды» деп ұлттық намысыма тие сөйледі. Мен басында сабыр сақтап, Абайдың тілі жөнінде, Пушкиннің тілі

жөнінде айттым. Оның бәрін қарапайым жұрт меңгере алмауы мүмкін екенін де ескерттім. Тарихқа, тіпті, фольклорға дейін біраз «шолу» жасадық. Бірақ оның миына ештеңе кіріп шыққан емес. «Кадр саясатында бұрмалаушылықтарға жол беріп отырсың» деп зілденуін қоймады. «Аудандық, қалалық комсомол ұйымдарында неге орыс басшылары аз?» деп тепсінді. Оңтүстік облыстарымызды тілге тиек етіп, ол жақта орыс басшылары жоқтың қасы екенін бетіме басқысы келді. Қаным басыма тепті. Мен де айтарымды айтып, есігін тарс жауып шығып кеттім.

Келгеннен кейін осының бәрін жазбаша түрде сол кездегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа баяндадым. Ол кісі де мұны естігеннен кейін қатты ренжіді. Менің хатымды Мәскеуге жіберді. Мищенко лениндік ұлт саясатын бұрмалағаны үшін партиялық жазаға тартылатынына сенімді жүргем. Бірақ менің жазған хатым айналып келіп, сол Мищенконың қолына тиіпті. Ешқандай нәтиже шықпады. Қазақстанға қатысты қыспақтар көбейе түсті.

Съезден соңғы қудалау

– 1986 жылдың көктемінде Алматыда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің кезекті XVI съезі өтті. Онда Орталық Комитеттің сол кездегі идеология жөніндегі хатшысы Закаш Камалиденов баяндама жасап, әйгілі «процентомания» мәселесін көтерді. Қазақтардың билік басында көбейіп кеткендігі, атақ-даңқты, орден-медалдарды тек қазақтар алатындығы, алдағы уақытта мұндайға жол берілмеу тәрізді біржақты айыптаулар айтылды. Мұның бәрі сонау Мәскеуден бері түскен нұсқау екенін іштей сездік. Қазақ жерінде қайтадан нәубет салқыны сезіліп тұрды. Бұдан кейін жергілікті қазақ басшыларын себепсізден-себепсіз қызметтен алу науқаны басталды. Қабілет-қарымдарына қарамай-ақ ұлты орыс болса болды, қолынан жетектеп билік басына әкелініп жатты. Бұл кадр саясатындағы ең бір сорақы көріністер еді. Тықыр республика басшылығына да таянды.

16 минөтте шешілген тағдыр

– 1986 жылдың 16 желтоқсан күні М.Горбачевтің тапсырмасымен СОКП-ның жауапты қызметкері Разумовский деген Мәскеуден келді де, шұғыл түрде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің кезектен тыс пленумын шақырды. 16 минөттің ішінде СОКП-ның шешімін оқып, Д.А.Қонаевтың орнына Г.Колбин тағайындалғанын мәлімдеді. Қазақстанды отыз жылдан астам басқарған Димекеңнің еңбегі жөнінде бір ауыз жылы лебіз білдірмеді. Үн-түнсіз жиналыстан шықтық.

Мен сол күні кешке Мәскеуге ұшып кеттім. 17 желтоқсанда БЛКЖО Орталық Комитетінің бюро мәжілісі болмақшы. Бюро мүшесімен. Ертеңінде таңертең Мәскеудегі қонақ үйдің бөлмесінен шыға бергенде телефон шыр ете қалды. Алматыдан Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің екінші хатшысы Виктор Никитин екен. Кешегі пленум шешіміне қарсылық білдірген жастар Алматыдағы жаңа алаңға жиналып жатқанын хабарлады. 200-300-дей адам дейді. «Мүмкіндігінше істі ушықтырмай таратып жіберіңдер!» дедім. Бюро мәжілісінің арасында өзім Никитинге қайта телефон соқтым. Ол болса жастар үсті-үстіне көбейіп бара жатқанын айтты. Алматыға қайтуға бекіндім. Сол кездегі БЛКЖО ОК Бірінші хатшысы Мироненкоға жағдайды түсіндіргеннен кейін кешкі рейске билет алып, Алматыға қарай ұштым.

Таңертең ерте Алматы әуежайына келіп түстім. Үйге жеткенше біраз нәрсеге қанығып үлгердім. Көшелерде қолдарына таяқ ұстаған жастар өрекіп жүр. Мен оларды бұзақылар ретінде қабылдадым. Әзірге ақпарат құралдары арқылы маған жеткен хабарлар осындай. Үйге келгенімде келіншегімнің қатты үрейленгенін байқадым. Біздің үйіміз Алматы қалалық ішкі істер басқармасының жанында орналасқан. «Түні бойы шыңғырған адам даусын естідік» дейді. Милициялар машиналарының шамдарын сөндіріп қойып, әлдекімдерді әкеліп тоғытып жатқанын көріпті. Абалаған иттер таң атқанша ұйқы бермепті.

Жұмысқа келгенімде П.Никитин мен оқу іс жөніндегі хатшы Б.Әйтімова кеше жастардың арасында болғанын,

жағдайдың қатты ұшығып тұрғанын баяндады. Жастардың талабы біреу ғана – республика басшысы етіп қазақ азаматын немесе Қазақстаннан шыққан басқа ұлт өкілдерінің біреуін қайта тағайындату. Басқа ештеңені тыңдағылары келмеді.

Сол күні Политехникалық институт студенттерімен кездестік. Оларға біраз «ақыл» айтқан болып жатырмыз. Бірақ қабылданбаған сыңайлы. Сосын ҚазГУ-ге бардық. Осы жерде олар менің көзқарасымды жартылай өзгертті. «Бұзақыларды қолдамаймыз. Бірақ лениндік ұлт саясаты неге бұрмаланады?» дей отырып, олар ғылыми тұрғыда, нақты дәлелдермен бүгінгі жағдайға баға бере сөйледі.

Мұны естігеннен кейін Колбинге бардым. Түскі сағат бірлердің шамасында үлкен кеңес өтіп жатыр екен. Көрген-білгенімді баяндадым. «Жастармен сөйлес!» деді. Алаңдағы жастардың арасына келдім. Мені олар бірден қоршап алды да, жоғары көтеріп әкетті. «Түсіріңдер, қатар тұрып сөйлесейік» деймін. Қолымда құқық қорғау органдарының өкілдері берген дауыс күшейткіш бар. Жастардың көбісі парасатты екен, сөзімді ұйып тыңдады. Бірақ қолдауға жоқ. Араларында бет-ауыздарын шүберекпен бүркеп алған арандатушылар да жүр. «Орыстар кетсін!», «Балабақшадағы сәбилерді орыстар бауыздап тастапты!» деген сияқты үрейлі хабарлар таратады да, сәлден кейін жоқ болады. Бұлай тұра беруден ештеңе шықпайтынына көзім жетті. Сөзімді көпшілік тыңдамауға айналды. Бірі келіп, бірі кетіп жатыр.

Колбин қашқақтады

– «Колбин алдымызға шықсын. Сол кісімен сөйлескеннен кейін ғана тарқаймыз!» деген соң, Колбинді шақыруға келістім. Ол үшін араларынан 5-6 өкіл шығару екенін ескерттім. Делегация дайын болған соң-ақ, ғимаратқа бет алдық. Жолда мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің жігіттері тоқтатып, арғы жақта Мәскеудің жасақтары тұрғанын, олар бәрібір бұл жігіттерді жібермейтінін айтты. «Делегацияны» сол жерде қалдырдым да,

олардың атынан өзім Колбинді шақыруға кеттім. Мәжіліс әлі жүріп жатыр екен. Оң жағынан келіп, Колбинның құлағына сыбырлап, мән-жайды түсіндірдім. Ол кісі ойланыңқырап, маңайындағыларға қарады. Сол кезде З.Камалиденов:

– Бұзақылармен сөйлесудің керегі жоқ. Сізге ол жаққа баруға болмайды,— деп сөзді бөлді. Бұдан кейін Колбин өзінің ең сенімді бір-екі адамын және оларға Камалиденовты қосып, мен ертіп келген жігіттермен сөйлесуге тапсырма берді. Қазіргі трибуна тұрған жердің астындағы бір бөлмеге жиналды. Әңгіме басында жап-жақсы басталып еді, Камалиденов жастраға зекіп сөйлеп, соңын ұшықтырып жіберді. Келіссөз сәтсіз аяқталды.

Қазір ойлаймын, егер Колбин қашқақтамай, жастардың алдына шыққанда бәлкім қайғылы оқиғаларға жол берілмес пе еді?

Мен сол жерде наразы қыз-жігіттердің ортасында қала бердім. Шамам келгенше оларды райларынан қайтаруға тырыстым.

Күрекшемен күйретті

– Сол күні, яғни желтоқсанның он сегізінде, кешкі сағат алты-жетілер шамасында мұздай қаруланған әскерлер алаң шерушілеріне қарай аңдап басып келе жатты. Топтың ортасында тұрған жастар оларға қарай тас жаудырды. Әскерлер болса топтың шетінде бейқам тұрған қыздар мен жігіттерге қарай лап қойды да, сапер күрекшелерімен күйрете бастады. Жандәрмен жүгіріп барып, бір-екеуін жағадан алдым. Өзімнің кім екенімді айтып, мына бассыздықтарын тоқтатуын талап еттім. Олар тоқтады. Сол кезде бір жақтан Алматы қалалық атқару комитеті төрағасының орынбасары Жібек Әмірханова жүгіріп келіп, автобус тізбектерінің арғы жағында балаларды әскерлер баудай түсіріп жатқанын айтты. Бірқатар жігіттер жараланып үлгеріпті. Біз келгенде әскелер түк болмағандай тұра қалады. Бірғаным Әйтимова да безек қағып, олай-бұлай жүгіруде. Қазақ милиционерлері тұрған жерден шепті ашқызып, біраз қыз бен жігітті қоршаудан шығарып үлгердік. Қас қарайып, алаң қараңғылық құшағына еніп бара жатты. Адамдардың қалың нөпірінің

легімен бірге шетке шығып қалыппын. Бұдан әрі тұра берудің мәні жоқ екенін түсінгеннен кейін бір шара қабылдау үшін дереу кеңсеге қарай асықтым.

«Қырық адам қырылды»

—Түннің бір ауғына дейін телефон құлағынан түспедім. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің екінші хатшысы Мирошкинмен хабарласып, алаңда өз көзіммен көргендерімнің бәрін жеткіздім. Ол «алаңдағы бұзықтарға сол керек!» дегендей әңгімені шорт кесті. Петр Никитин мен Бірғаным Әйтимова да менің кабинетіме келіп, өз көзімен көргендерін үрейлене айтып жатты.

Ертеңіне бұл мәселені өзара тағы талқыладық. «Алаңда қырық адам қырылды» деген ақпарат жетті. Бұдан кейін өзіміз қоғамдық тергеу жүргізуге бел байладық. Кейбір офицерлердің аты-жөндері белгілі болды. 20-желтоқсан күні көрген-білген, естігендерімізді қағазға түсіріп, жоғары жаққа хат жолдадық. «Алаңда құрбан болған қырық адамның кім екенін анықтап беріңіз!» деп. Соңынан өзімді тергеуге алды. Қаншама тырысқаныммен ол қырық адамды анықтай алмадым. Ақыры қызметтен кетіп тындым.

Өзімізден де бар-ау!

— Мен жұмыстан кетердің алдында комсомол қатарынан шығарылған 300-ден астам жасты ақтап үлгердік. Сонда қарап отырсам, өз қандастарымыз бірінің үстінен бірі арыз жазатын болып шықты. Айтатындары «мен – интернационалистіпін, анау – ұлтшыл». Ол кезде біреуді біреу жамандамаудың өзі ерлік еді. Д.Қонаев ақсақал жасы келіп, зейнетке кететіні желтоқсанға дейін-ақ белгілі болған. Оның орнына таласқан қазіргі ағаларымыздың аты-жөндерін атамай-ақ қояйын. Олар да әрқайсысы өздерін – интернационалист, қарсыласын – ұлтшыл етіп көрсетуге тырысты. Осындай әдіспен қаншама талантсыздар мен қабілетсіздер билік басына келді. Колбин өзінің маңайына

екіжүзділер мен сатқындарды жинап алып, оларды бір-біріне қарсы ұтымды пайдалана білді. Бүгінгі жастр ең алдымен осындай дағдыдан ада болып өссе екен. Желтоқсан көтерілісі ең алдымен бізге осыны үйретеді.

Желтоқсан көтерілісі – әлемдік өзгерістердің басы

– Қалай болғанда да Желтоқсан көтерілісі қазақ жастарының өсе түскен сана сезімін, өз елі мен өз жерінің тағдырына қатты алаңдайтынын, саналарымыздың сонау түкпірінде тәуелсіздік рухының қалғығандығын көрсетті. Бұл сілкініс Кеңес қоғамында үлкен дүмпулер туғызды. Бірқатар республикаларда Орталыққа қарсы наразылықтар өрбіді. Идеологиялық мәселелер шешілмей, экономикалық дағдарыстар тоқтамайтыны айқындалды. Ең үлкен проблемалар – ұлттық мәселеден туындап жатты. Мәскеу болса, мұндай заңдылықтармен санаса алмады. 1986 жылы Алматыда, Желтоқсан көтерілісінен басталған сілкініс ақыры бес жылдан соң, 1991 жылы Алматыда Кеңес одағының жаназасы шығарылуымен аяқталды. Кеңес империясының орнында Тәуелсіз мемлекеттер достастығы пайда болды. Тәуелсіз Қазақстан әлемдік қарым-қатынастардың тең құқылы субъектісіне айналды.

**«Президент және Халық» газеті,
10 желтоқсан, 2006 жыл**

«ЖЕЛТОҚСАННЫҢ» БЕЛГІСІЗ ШЫНДЫҚТАРЫ

1986 жылдың желтоқсан айындағы көтерілісті де кезекті науқанға айналдырып бара жатқан сыңайлымыз. Себебі осы қаралы күндер қарсаңында белгілі бір адамдардың, яғни желтоқсан оқиғасында жапа шеккендер мен жазықсыз құрбандардың аттары аталады да, солар жайлы ғана естеліктер айтылады. Ал бұл көтеріліске мындаған адам қатысқаны рас. Ендеше сол қарапайым халықтың әрқайсысының бастан кешкендері мен көргендерін неге жарыққа шығармасқа? Осы оймен бұған дейін өз ауыздарынан талай жағдайларды естіген таныстарыма телефон шалдым. Көбісі ат-тоңдарын ала қашты. Өйткені, «таяқ жеген» деген аттан намыстанатын тәрізді. Өйтсе де кейбіреулері бастан кешкендерімен бөлісуге келісті. Телефон арқылы таспаға жазылып алынған осы әңгімелердің ықшамдалған нұсқасын оқырман назарына ұсынғанды жөн көрдік.

3.Шәмшидинова: Ленинградтықтар күдіктенді

— Мен ол кезде Ленинградта едім. Жолдасым сонда аспирантурада оқитын. Өзім бір ауруханада дәрігер болып уақытша қызмет еттім. Алматыдағы оқиға жайында теледидардан, радиодан естідік. Баспасөз беттерінде де жаман хабарлар жарияланды. Бұдан кейін қызметтестерімнің маған деген көзқарастары бірден өзгерді. «Қазақстандағы бұзақылар мен нашақорлар біздің ағайындарымызды жәбірлеп жатыр екен ғой» дейді. «Мүмкін емес. Сіздердің ағайындарыңыз Қазақстанда жақсы тұрады» деймін. Таңертеңгі лездеменің бірінде лауазымды бастықтардың бірі маған қарата тағы да Алматыдағы бұзақылық жайында сөз қозғады. Шыдай алмай орнымнан тұрдым да, қазақ халқынан ондай қатыгездік шықпайтынын барынша дәлелдеуге тырыстым. Содан кейін ғана әріптестерім сабасына түскендей болды.

А.Амандықов: Өлтірді-ау деймін!

— Қанды қырғын басталардың алдында мен де жастардың арасында жүргем. Арнайы жасақшылар ұйысқан топты шетінен

шертіп, ыдыратуға кірісті. Солармен бірге мен де милиция машинасының ішіне тоғытылдым. Түн іші. Әкелді де топырлатып камераға қамады. Арамызда ұзын бойлы, жауырыны қақпақтай бір әдемі жігіт бар еді. Ол дауыс көтеріп, адвокат шақыруды өтінді. Сол кезде бір милиционер камераға кірді де, оны іштен ұрды. Жігіт те қарулы екен, өзін ұрған милиционерді бір ұрғанда ол қабырғаға барып шарқ етті де, есеңгіреп отырып қалды. Басқа сақшылар келіп әлгі жігітті жеке алып кетті. Бұдан кейін оның үні де өшті, өзі де қайтып көрінбеді.

А.Болатханов: Тірі дәліз – қыл көпір

– Алаңдағы көтерілісшілермен бірге мен де милиция автобусының ішіне қалай кіргенімді байқамай қалдым. Жүріп келеміз. Біраздан кейін автобус кең аулаға келіп тоқтады. Милиционерлер автобус есігінен бастап аула түкпіріндегі бір есікке дейінгі аралықта «живой коридор» жасап тұра қалысты. Осы екі аралықта тозақтың қыл көпірінен өткендей күй кештік. Қатар тұрған тәртіп сақшылары өтіп бара жатқан біздерді бір-бір теуіп қалады. Кәдімгі доп қақпақылдағандай. Түпкірдегі есікке тезірек жетуге тырысып, жан ұшырасың. Керзі етіктердің тұмсығы тиген жерің удай ашиды. Темір торлы түрменің есігіне келгенде жұмаққа түскендей болдым. Екі үш күн тергеп-тексерді. Ақыры қоя берді. Бұл жайында ешкімге айтпау жөнінде қолхат жаздырып алды. Он шақты күндей үйде жатып емделдім. Сосын басқа жұмысқа ауысып кеттім.

Н.Бахреева: Үні шықпай қалды

– Ол кезде біздер алаңның жанындағы үйлердің бірінді тұратынбыз. Желтоқсанның қаһарлы күндеріндегі мына бір көрініс әлі көз алдымда. Жап-жас қазақ жігіті жасақшыларға бой бермей қарсыласып келеді. Анадай жерде тұрған жүк машинасының жанына жақындай бергенде жасақшылардың бірі беліне қыстырған күрекшесін суырып алып, қақ маңдайдан сілтеді. Әлгі байғыстың жан дауысы шықты. Кенет сылқ ете

түскен оны әлгілер қол-аяғынан ұстап, машинаның қорабына лақтырып тастады. Сол-ақ екен жігіттің үні шықпай қалды.

Н.Кәрімов: Малақайым болмағанда

— Алаңнан бәрімізді қас қарая қуа бастады. Көп қабатты үйлерге қарай шегіндік. Байқасам, қоршауға түсіп қалыппыз. Жасақшылар өткір күректерін олай-бұлай сілтеп жақындап келеді. Бір кезде басыма резінке шоқпар тиді. Бас киімімнің қалыңдығы арқасында аман қалдым. Көз алдым қарауытты. Тәлтіректей тұра қаштым. Алдымнан баспалдақ көрінді. Жоғары қарай жүгіріп келем. Кенет алдымдағы қара есік сарт естіп ашылды. Ішке қойып кеттім. Есік дереу жабылды да мені біреулер түпкірдегі бөлмеге апарды. Қанша жатқанымды білмеймін, бір кезде көзімді аштым. Орыс жігіті бетіме қарап төніп тұр. «Теперь иди домой» деді. Атып тұрып есікке ұмтылдым. Таң бозарып келеді екен. Алаң жақтан үрейлі дауыстар естіледі. Қалтарысты жерлермен үйге қайттым.

«Шашыңнан сүйрер едім!»

— Мен өзім желтоқсан көтеріліс көзіммен көргенім жоқ. Ол кезде кезекті еңбек демалысында жүргем. 17 желтоқсан күні қызметіне кеткен жұбайым кешке үрейлі хабарды ала келді. Студенттер алаңға жиналып жатқан көрінеді. Суық тиіп қалған төрт жасар ұлымды үйде бағып отырған мені ол енді ешқайда шығармауға тырысты. Ертеңінде дүкенге бардым. Күнде емен-жарқын амандасатын орыс көршілерім маған анадайдан үрейлене қарайды. Бұрынғы кейіппен ашық-жарқын сәлемдестім. Сол-ақ екен олар мені қоршап алып: «Қымбаттым-ау, орыстардан қандай жамандық көрдіңдер?! Міне, сен арамызда жалғыз тұрсың, бірақ саған тиіспейміз ғой» дейді олар маған сұраулы жүзбен. Мен үндемедім.

Арада біраз күндер өткенде бір досымыздың үйінде бас қостық. Ол сол кезде «КГБ» деп аталатын үрейлі мекемеде қызмет ететін. Желтоқсан оқиғасы жайында сұраймыз. Ештеңе айтпайды.

Тіпті болмаған соң Асылбек екеумізге қарап қойып: – Желтоқсан оқиғасының соңы жақсылықпен бітпейтінін сездім. Аландағы жастарды таратсақ деген әрекетімізден ештеңе шықпады. Мәскеуден келген басшылар билікті өз қолдарына алды. Енді өзімнің достарымның қайсы осы аланда жүруі мүмкін деп ойлады. Алдымен екеуің есіме түстіңдер. Мінездерің белгілі ғой. Аласұрып сендерді іздеуге кірістім. Кездестіре қалсам шаштарыңнан сүйреп шығаруға дайынмын. Анадй жерде мұрты едірейіп, қырын қарап тұрған біреу көзіме оттай басылды. «Әй, Серік!» деп иығынан тартып қалсам, сен емес екенсің. Көңілім орнына түсті.

– Егер кездестіре қалсаң мына Асылбекті шашынан сүйреп шығаратынына күмәнім жоқ. Ал мені шығара алмас едің.

– Неге?!

– Сенің уысыңа ілінетін шаш менде жоқ екенін қалай ұмытқансың? – дедім. Аңқау да адал досым еріксіз күліп жіберді. Басқалары да мәз

**«Қазақстан-Заман» газеті,
15 желтоқсан, 2004 жыл**

**ҰЛТТЫҢ РУХАНИ БАЙЛЫҒЫНА
ҮКІМЕТ ЕРЕКШЕ НАЗАР АУДАРУЫ КЕРЕК!
Парламент палаталарының, Үкімет басшысының
қатысуымен өткен бірлескен отырысында
Мәжіліс депутаты Мұхтар Шаханов мырза осылай деді**

Ақпанның 15-і күні Парламент палаталарының бірлескен отырысында «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған Бағдарламасы» қабылданды. Халық қалаулылары алдында сөз алған Үкімет басшысы алдағы үш жылда атқарылатын міндеттерді саралап өтті. Тұрақты макроэкономикалық шарттарды қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ ел экономикасының қарқынды дамуы жолындағы басымдықтар Үкімет басшысы сөзіне арқау болды.

Ғылымды дамыту Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына кіру стратегиясын табысты іске асырудың ажырамас шарты болып табылатындығын алға тартқан Премьер негізгі міндет – ғылыми-техникалық қызметті шоғырландыруға және инновациялық сипаттағы серпінді даму жобаларын іске асыруға тірелетіндігін атап өтті. Қазіргі кезде әзірленіп жатқан Ғылымды дамытудың 2007-2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы осы саланың дамуын айқындайтын негізгі бағдарламалық құжат болады деді.

Алдағы жылдарда Үкімет сонымен қатар қазақ тілін және Қазақстан халықтарының тілдерін дамытуға басымдық бермек. «Қазақ тілін және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту» жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру Үкіметтің алдағы үш жылдық жұмысының маңызды басымдығы болып қалады. «Мемлекеттік тіл саясатының басты бағыттарының бірі – барлық азаматтардың белгілі бір көлемде мемлекеттік тілді игеруі үшін жағдай жасау болып табылады. Өңірлік деңгейде, облыстарда мемлекеттік тілді жеделдетіп оқыту орталықтарын құру үшін ресурстар бөлінуі тиіс» деді Премьер-министр. Сондай-ақ, 2007 жылы қазақ диаспорасын қолдаудың 2008-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын әзірлеуді және

кейінгі жылдарда кезең-кезеңмен іске асыруды қамтамасыз ету қажеттігін атап көрсетті. Тілді дамыту бағдарламасын талқылау барысында, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты М.Шаханов алдағы үш жыл бойына жүргізілетін мемлекеттік тілді дамыту саясатын тағы бір нақтылап алу мақсатымен Премьер-министрге үш сауал қойды.

«Қадірлі Даниал Кенжетайұлы!»,— деді Мұхтар Шаханов мырза. — Біріншіден, депутаттарға талқылауға ұсынылған 76 беттік 2006-2008 жылдарға арналған үкіметтік Бағдарламаның жарты абзацы ғана мемлекеттік тіл мен Қазақстан халықтарының тілін дамыту саясатына арналыпты. Онда да нақты қадамнан гөрі шығарып салма сөздер жазылған. Жуырда баспасөзде еліміздің бір топ сыйлы ақсақалдарымыз — Қасым Қайсенов, Әзілхан Нұршайықов, Мұзафар Әлімбаев және басқа қоғам қайраткерлері, Парламент депутаттары, газет-журнал басшылары, тіл жанашырлары қол қойған Президентке, Үкіметке, Парламентке жолданған хат жарияланды. Ондағы қойылған талап-тілектердің бір де біреуі бағдарламадан көрініс таппапты. Тіпті, кезінде Үкіметтің өзі ұсынып, Президент бекіткен 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама да негізінен сөз жүзінде қалуда. Сол Бағдарламаны атқару ісі 2006-2008 жылдары жалғаса ма, жоқ әлде көпірме уәделердің бірі ретінде ұмытыла ма, ол жөнінде жаңа бағдарламада ештеңе айтылмаған.

Ал екіншіден, бұдан бұрын Тіл комитетін Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің қарамағынан алып жеке агенттік ретінде бөлек отауға шығару мәселесін бірнеше рет көтердік. Егер тілді дамытқымыз келсе, осындай шараға баруымыз керек-ақ! Өткенде бір әңгіме үстінде өзіңіз де уәде берген сияқты едіңіз. Осы мәселе шешіле ме, жоқ, әлде бұрынғы күйінде қала ма?». Үкімет басшысына үшінші сұрағын қойған депутат мырза әдеттегідей тіл тағдырын тағы да ащы қозғап, ащына сөйледі. Осы кезге дейін бірде бір министрдің, депутаттардың балабақшаларды мемлекет есебінен қаржыландыру туралы ұсынысын қызу қолдап, оған бір миллиард теңге, тілді дамытуға 500 миллион теңге бөлдіргендігін алға тартып, Шаханов

мырза: «...азаматтығыңызға ризамыз. Бірақ, тіл мәселесіне бүгінгі күн талабы деңгейінен қарасақ, мұның өзі де мысықтың тамағына бөлінген қаржыдай мардымсыз дүние екені аян. Бұл теңгеге жол саласының қызметкерлері үш-төрт шақырым ғана асфальт жол төсей алады екен. Ал тіл – жүрекке салынатын жол емес пе?! Өткендегі бөлінген теңге облыстық тіл басқармаларына жетпей де қалыпты. Мамандар тіл төңірегіндегі қордаланған проблемаларды жай ғана орнынан қозғау үшін тек биылдың өзінде қосымша 700 миллион теңге қажет екенін дәлелдеп отыр. Осы қаржыны тауып бере аласыз ба?» деді мінберден.

Бүгінде еліміздің экономикалық жетістіктері бірқатар материалдық мүмкіндіктерге қол жеткізгенімен, рух егемендігінің ауылы алыста жатқандығын алға тартқан Шаханов мырза ұлттың рухани байлығына Үкімет ерекше назар аударуы тиіс деді.

Ал Үкімет басшысы өз кезегінде «Үзілісте қадірменді Мұха, өзіңізге айтқанмын, мына үлкен хатқа менің бірсыпыра жұмыс істеуім керек... Неге десеңіз, мынаның ішінде бірсыпыра қаржы талап ететін мәселелер бар. Сол себептен мен министр Келімбетовке арнайы тапсырма бердім.

2006 жылға республикалық бюджеттен тіл мәселесін дамытуға 500 млн теңге қаржы бөлінді ғой. Қаржы бөлу алдағы уақыттарда жалғаса ма? Қысқа сөзбен айтқанда, болады. Жалғасады. Еліміздің, тіліміздің үлкен болашағы бар... Сол себептен, бұл мәселе қалай болса да шешіледі!», деп қазақ тілі үшін шыбын жаны шырқырап жүрген М.Шаханов мырзаны сабырға шақырғандай болды.

Алайда, бұл мәселенің қаншалықты жылдам, сапалы шешілетіндігін Үкімет тарапынан алдағы уақытта қолға алынатын жұмыстар нәтижесінен көре жатармыз. Осы тұста қалай дегенмен де Үкіметтің өзі қолға алған 2001-2010 жылдарға арналған тіл туралы бағдарламасы әлі де өгіз аяңмен келе жатқандығын айта кеткен жөн болар. Ал, оның алдағы үш жылда жалғасын табама, әлде тағы да уәделер тасасында қалып қоя ма, осы жағы қалың оқырманға жұмбақ күйі қалды.

«Президент және Халық» газеті,
17 ақпан, 2006 жыл

ЕЛІМІЗДЕ ҚАЗІР 100 МЫҢ СҰР БОЙДАҚ, 250 МЫҢ «КӘРІ ҚЫЗ» БАР!

Қазір Қазақстандағы қазақтардың саны – 8 миллион 720 мың. Енді бес жылдан кейін 9 миллион 900 мыңға жетеміз деген болжамдар айтылуда. Ал 20 миллионға қашан жетеміз? Қазақтарды былай қойғанда, жалпы Қазақстандықтардың саны 20 миллионға қашан жетеді? Жаһандану шарықтау шегіне тақап, ХХІ ғасыр есік қаққанда қазақтардың саны қанша болады? Міне осы және тағы басқа сұрақтарға жауап алу мақсатында белгілі демограф-ғалым, академик Мақаш Тәтімовты әңгімеге тартқан едік.

– Сіз таяуда өзіңіз көптен бері жүргізіп келе жатқан жұмыстарыңыздың жана деректерін баспасөз беттерінде жариялай бастадыңыз. Оған дейін басқа әріптестеріңіз де халықтың өсімі жайында әр түрлі болжамдар айтып жүрген. Кейінгі кезде демографтардың пікірлері де бір-бірімен үйлеспей бара жатқандай. Бұл жайында не айтар едіңіз?

– Адамның тууы мен өлуі, кімнің қаншалықты өмір сүруі бір Құдайдың қолындағы іс қой. Біздердікі тек қазіргі жағдайды зерттеп жасалынған ғылыми болжамдар ғана. Демограф – көріпкел емес. Ендеше, бұл жөнінде кесіп айту күпірлік болады, Алла бұйыртса деп сөйлейік. Мәселен, кеңестік төңкерістің алдында қазақтардың саны 5 миллионнан асатын. Егер заман сол қалпында тыныш тұра бергенде біз бүгінде 20 миллионнан асып түсер едік. Өкінішке орай, қарулы төңкеріс басталды. Одан кейін аранын ашып ашаршылық келді. 1937 жылдың қуғын-сүргіні санымызды ғана емес санамыздың да тоз-тозын шығарды. Екі есеге азайып қалдық. Ұлы Отан соғысында тағы да қаншама қандастарымыздан айырылды. Әйтеуір, «мың өліп, мың тіріліп» бүгінгі күнге жеттік. Бұғанда шүкір дейік. Болашақ жайында «тіл көзім тасқа» деп барып сөйлеген дұрыс шығар. Кімде болса өз халқының өскенін қалайды. Әсіресе, демографтар. Сондықтан, әріптестерімнің жақсы болжамдары Құдайдың құлағына шалына берсін деп тілеймін.

– Сіздің болжамыңыз бойынша 20 миллионға енді бір 45 жылдан кейін ғана жететін сияқтымыз. Бұл болжамды қандай негіздерге сүйеніп жасадыңыз?

– Қазіргі қазақтардың өсу қарқынын негізге алдым. Салыстырмалы түрде қарастырғанда экономикамыз жылдан-жылға көтеріліп, халықтың әлеуметтік жағдайы бірте-бірте жақсара түсуде. Қиындықтар да, кемшіліктер де жетерлік. Соған қарамастан қазақтар өз елімізде 58 пайыз деңгейіне көтерілдік. Осы өсу қарқынымыз тұрақты сақталса, менің болжамым бойынша 20 миллионның деңгейі осы ғасырдың ортасына таман қылаң беріп қалатын сияқты.

– Сол кезде еліміздегі басқа халықтардың өсу деңгейі қай мөлшерде көрінбек?

(Мәкең бізге төмендегі тізімді ұсынды. Біз оны сол қалпында оқырман назарына ұсынғанды жөн көрдік).

2005-2010 жылдарда Қазақстан халқы ұлтық құрамының өзгеру мүмкіндігі (2010 жылғы болжамдар тізімі)

2005-2010 жылдарда Қазақстан халқы ұлтық құрамының өзгеру мүмкіндігі (2010 жылғы болжамдар тізімі)			
№	Ұлттар	2005 жылдың басындағы көрсеткіш	2010 жылға арналған сандық болжам
1.	Қазақтар	8 млн 720 мың	9 млн 900 мың (62%)
2.	Орыстар	4 млн 025 мың	3 млн 750 мың (23%)
3	Өзбектер	423 мың	470 мың (3%)
4.	Украиндар	458 мың	400 мың (2,5%)
5.	Ұйғырлар	227 мың	250 мың (1,6%)
6.	Татарлар	230 мың	220 мың (1,3%)
7.	Немістер	225 мың	200 мың (1,2%)

8.	Кәрістер	101 мың	105 мың (0,7%)
9.	Әзірбайжан	86 мың	95 мың (0,6%)
10.	Түріктер	84 мың	90 мың (0,5%)
11.	Белорустар	94 мың	85 мың (0,4%)
12.	Дұңғандар	44 мың	50 мың (0,3%)
13.	Күрдтер	42 мың	45 мың (0,3%)
14.	Поляктар	41 мың	40 мың (0,2%)
15.	Чешендер	34 мың	35 мың (0,2%)
16.	Тәжіктер	31 мың	35 мың (0,2%)
17.	Басқалары	207 мың	215 мың (1,4%)
Барлық халық		15 млн 605 мың	15 млн 980 мың (100,0%)
1. Түркі тілділер		9 млн 817 мың (65%)	11 млн 707 мың (69%)
2.Славян тілділер		4 млн 620 мың (30%)	4 млн 278 мың (27%)
3. Қалғандары		628 мың (5%)	625 мың (4%)

– Жергілікті халықтың саны елдегі басқа ұлт өкілдерінің санынан 75 пайызға асқан кезде ғана оның тілі, діні, мәдениеті мүлтіксіз дамиды. Сонда ғана ол мемлекетті бір текті ұлттық мемлекет деп айтуға болады деп ойлаймын.

– **Ал енді еліміздегі орыс тілді халықтардың қазіргі өсу қарқыны қалай?**

– «Орыс тілді» деп сипақтатпай-ақ оларды орыстар деп өз атымен атайық. Бұл халықтың өсу деңгейі біздің елде төмен-

деп барады. Еліміздегі еврейлер, украиндар, орыстар, немістер, т.б. европалық диаспоралар көп балалы отбасынан аз балалы отбасына айналып, демографиялық дағдарысты бастан кешуде. Олардың көбісі бір баламен ғана шектелетін болып жүр. Екі балалы отбасы некен-саяқ. Бүгінде Қазақстандағы орыс әйелдерінің туу көрсеткіші мың адамға 1,4 баладан келеді. Бұл – қажетті туу көрсеткішінен бір бірлікке төмен деген сөз.

– Онын үстіне байырғы отандарына көшіп жатқандары бар.

– Ия, бірақ бұрынғы кеткендердің қайтып келіп жатқандары да бар. Қазақстан халқының жалпы саны 70 миллионнан асқанда ғана біз нағыз экономикалық тәуелсіз ел болатынымыз белгілі. Ішкі тауар айналымы болмайынша қарқынды даму да жоқ екенін өмірдің өзі дәлелдеп береді. Бұл енді экономика тақырыбы. Біз демография мәселесінен ауытқымайық.

– Қазақстанда тұратын өзге ұлтардың деңгейі қалай?

– Біздегі дұңғандар, ұйғырлар, күрдтер, түріктер, өзбектер демографиялық кезеңнің орта тұсында жүр десек қателеспейміз. Әр отбасында 4-5 баладан өсіп келеді.

– Мұндай қарқынмен өсе берсе, олар алдағы уақытта қазақтардың өзін артқа тастайтын шығар?

– Ұлтына, дініне, тіліне қарамай қай халық өкілдерінің де біздің елімізде өсіп-өркендеуіне тілектес болуымыз керек. Олай етпесек, мына ұланғайыр өлкемізді өркендете алмаймыз. Ал артта қалып қоймас үшін әр қазақ өзіне өзі «қамшыны» аямай басуына тура келеді. Мен қандастарымызды қашаннан бері осыған шақырудамын, шақыра да берем.

– Бәрі әлеуметтік жағдайға байланысты ғой?

– Ия, әр отбасының құрығанда екі бөлмелі пәтері болса, 3-4 баласы болса, оралман ағайындарымыз көшіп келіп шаруасын қамдап, экономикамызға қарқынды үлес қосып жатса, Қазақстанды бүгінгіден де жаңаша келбетінде көрген болар едік. Мен өткен жылы парламентте осы мәселелер жөнінде арнайы сөз сөйлеп, бірнеше ұсыныстар айттым. Қазір жастарға ипотекалық

несие беріп жатыр. Отбасына алғашқы сәби келген сәттен бастап осы несиенің 25 пайызы алынып тасталсын дедім. Екі баладан кейін 50 пайызы, үшінші баладан кейін 75 пайызы алынып тасталса, қазақ әйелдері қара домалақтарды көбейтер еді дедім. Бүгінде қазақтардың өсу деңгейі ептеп жоғарылап келеді. Осы сәтте мемлекет жас жұбайларға сәл қол ұшын берсе деймін. Олай етпесек, бұл қарқын да уақыт өте келе бәсеңдеп, халқымыздың өсуі қайтадан жоспарлы даму жолына түсетіні анық.

Шетелден бері қарай оралмандардың ұлы көші жылжыды. Жастарымыз даладан қалаға қарай ағылуда. Бұл үрдісті қолдауымыз керек. Жаһандану кезінде біз дала қазағынан қала қазағына айналмасақ, өркениет көшіне ілесе алмаймыз. Соңында тілден де, діннен де, басқа да құндылықтардан айырылып қалуымыз әбден мүмкін.

2015 жылға дейін Қазақстандықтардың санын 20 миллионға жеткізсек деген Елбасының арманын түсінемін. Мұнда шетелдегі қандастарымызды түгелдей көшіріп әкелу мәселесі қоса қарастырылып отыр. Кейбір дерек көздеріне сүйенсек Еуропаның біраз алдыңғы қатарлы елдерінде тұрған қазақтар болмаса, Қытай, Монғолия, Өзбекстан, Түркіменстан, тіпті мына көрші Қырғыстанда тұрып жатқан қандастарымыздың әлеуметтік жағдайлары мәз еместігін байқаймыз. Оралмандар проблемасы да, еліміздегі жастар мен жас отбасылар проблемасы да кезек күттірмейтін мәселе екенін билік басындағылар естерінен шығармағандарын қалар едім.

– Манайымыздағы қоршілерімізге де назар аудара жүргеніміз дұрыс сияқты. Олардағы халық санының өсу қарқыны қазір қандай деңгейде екен?

– Ресейде халықтың өсу деңгейі қазір төмендеп барады. Бәрі экономикаға байланысты екенін жоғарыда айттық. Бұрынғы, КСРО құрамындағы елдердегі халықтың өсу қарқыны да Қазақстанмен салыстырғанда онша емес. Түркіменстан, Өзбекстан, Тәжікстандағы халықтың өсуіне ежелгі ұлттық дәстүрлері көбірек септігін тигізуде. Олар әлеуметтік-экономикалық

жағдайларға қарамастан ұрпақ өсіруге қатты көңіл бөледі. Ал Қытайда халықтың өсу деңгейіне шектеу қойылады. Белгілі бір межеден аспауға тырысады. Себебі жер аз, халық көп. Бізде керісінше жер көп, халық аз. Ендеше сол көп жерді адамдармен толтыру ХХІ ғасырдағы өзекті мәселелердің бірі болып қала береді. Қазір елімізде 25 жастан асқан «кәрі қыздар» саны 250 мыңнан, сұр бойдақтар саны 100 мыңнан асып жығылады. Егер, осы қыздар 30-ға дейін тұрмыс құрмаса, жігіттер 40-қа дейін үйленбесе болашақта көп балалы отбасы жасай алмайды. Ары барғанда екі перзентпен шектеледі. Бұл – ұлтымыздың демографиялық жағдайына қатты салқынын тигізетін болады. Сондықтан, жасы тұрмысқа жетіп, бақытты өмір сүрудің ең бірінші жолы – лайықты жар табудан басталатынын жастарға үнемі ескертіп отыру артық етпейді. Қалаған дүние өз кезегімен орнына келеді. «Бас екеу болмай, мал төртеу болмайтынын» ата-бабамыз баяғыда-ақ айтқан. Олай болса, жастарымыз уақытша қиындықтан қорқып жүріп, ғұмырларын босқа өткізіп алмағандары жөн. «Шегірткеден қорыққан егін екпейді». Қиындықтарды шегіртке деп қара, бірақ одан қорықпа!

Үйлену – Отан алдындағы, ұлт алдындағы, ата-ана алдындағы асыл борышым деп білетін кез келді. Елдің болашағы жастардың қолында. Осыны сезінгенде ғана текті ұлт болатынымызды ұмытпайық!

**«Қазақстан-Заман» газеті,
18 ақпан, 2005 жыл**

ҚОҒАМ. БИЛІК. ЖЕМҚОРЛЫҚ

Таяуда «Зерде» қоғамдық қорының «Темірқазық» пікірсайыс клубының кезекті отырысында осы тақырыптар бүгінгі күннің талабы тұрғысында талқыланды. Алдымен екі баяндама тыңдалды. Ол баяндамалардың мәтіндері қазақ тілді басылымдардың біразында жарияланып та үлгерді. Бірақ пікірсайыс кезінде де, баспасөз беттерінде де аталмыш тақырыптар толық ашылмағандай. Себебі екі баяндама да таза ғылыми тілде, теориялық сипатта, жалпылама жазылғандығында еді. Соның салдарынан бәлендей пікірталас та өрбімеді. Жарыссөзге шыққандардың көбісі баяндамашыларға көңілдері толмағанын білдірді. Пікірсайысқа түсушілердің ойлары шашырыңқы шықты. Бұған қарап «Темірқазық» өзін-өзі сарқа бастады дегеннен аулақпыз. Клубтың жарқын болашағы әлі алда. Осыған дейін дінге, зиялыққа қатысты тақырыптар көпшілікті елең еткізген. Әріптестеріміз олар жөнінде жарыса жазған. Бұл жолы неге олай болмады? Міне, осы, тағы басқа сауалдарға жауап қайтару мақсатында жоғарыда аталған екі баяндаманы талдай отырып, өз пікірімізді ортаға салғанды жөн көрдік.

Демократия

Бірінші баяндамашы М.Өмірбеков әр кезеңдерде қоғамдағы иерархиялық басқару жүйесі әр түрлі көрінгенімен, ол тек жеке адамның қолында болатындығын айта келе, Қазақстанды мысалға алды. Қазіргі президенттік басқару жүйесі ұтымды екендігін дәлелдеуге тырысты. Бірақ, осы билік пен қоғамның, яғни халықтың арасындағы байланыс жоқ екенін жасырмады. Қазіргі қоғамдағы билік жүйесі феодалдық және кеңестік жүйенің қоспасы – мутант кейіптегі жүйе деді.

Өздерінің шешілмей жатқан мәселелерін халық Президент арқылы шешеміз деп үміттенеді. Төменгі және орта буындағы шенеуніктерден қайыр жоқ. Олар тек өз құлқындарын ғана ойлайды. Сондықтан, әлемдік қалыпқа сай билік жүйесін жасау керек. Ең алдымен саясатқа емес, экономикаға көңіл бөлінуге

тиісті. Атқарушы билікті билікті мамандармен қамтамасыз ету қажет. Мамандарды туыскандық, руластық белгілер бойынша емес, таза адами қасиеттері негізінде таңдап алған дұрыс. Халықтың мұң-мұқтажын жақтайтын ұсақ-түйек партиялар екі партияға бірігіп, президенттік орынға өз үміткерлерін ұсынғандары жөн.

Демократияны желеу етіп, жер бетінде өз билігін жүргізуді жүзеге асырып жатқан АҚШ Қазақстандағы оппозиция мен ақпарат құралдарын жасырын қаржыландырып, өзінің қолшоқпарына айналдыруда. Бұл күштер біздің қоғамға да, билік жүйесіне де кері әсерін тигізуде. Оның ойынша, осы келеңсіздіктердің алдын алу үшін, шенеуніктер қоғаммен тығыз байланыста болуы керек. Олар халықтың әлеуметтік жағдайын зерттеп, зерделеуге тиісті.

Партиялар

Екінші баяндамашы М.Иманбаев «Билік пен қоғамның арақатынасы қазіргі Қазақстан қоғамындағы өзгерістер талабына сай ма?» деген тақырып төңірегінде ой қозғаған еді. Ол: «...қоғамдағы әр түрлі бағыттағы саяси күштер сайлау барысында өздерінің бағдарламалары мен позициялары арқылы билікке қол жеткізеді. Тек осы жолмен жасақталған билік органы басқа билік тармақтарымен үйлесімді іс атқарады (парламенттік басқару) және оны бақылай алады» дегенді алға тартты. Нәтижесінде еліміздегі саяси партиялар мен азаматтардың саяси белсенділігі артып, тұрғындар мен билік органдарының бір-біріне деген сенімі арта түседі екен. Оның ойынша еліміздегі қазіргі президенттік басқару әдісі шеңберінде де парламент депутаттарының жартысын партиялық жолмен сайлау арқылы билік органдарының маңызын, мәртебесін көтере түсуге әбден болады.

Ұлт қауіпсіздігі

Баяндамашы сөз соңында сыбайлас жемқорлық мәселесіне тоқталды. Бұл дерт халықтың билікке деген сенімін жоғалту-

ға көп әсерін тигізеді. Келе-келе сыбайлас жемқорлық мемлекеттік құрылымдармен өзара әрекеттесудің тиімді тәсіліндей көрінуі мүмкін. Сөйтіп, ол ұлттың қауіпсіздігіне қатер төндіреді. Сондықтан, мемлекет осы мәселелерге жіті назар аударуы қажет екендігін айтты. Оған сөз бар ма!

Қосымша баяндама жасаған Т.Ғабитов те осы тақырыптардың әрқайсысына тереңірек тоқталып, ғылыми байламдар жасауға тырысты. Дегенмен, ол кісінің пікірі де таза ғылыми сипатта өрбіді.

Түйіндеп айтсақ

Бұл жолғы талқылаудан күткеніміз мынау болатын: Биліктің бізде үш тармағы бар. Олар – Атқарушы, Заң шығарушы және Сот билігі деп аталады. Осы үшеуінің ұшар басында Президент тұр. Енді осы үш тармақты құрылымды бір сәт Египет пирамидасына ұқсатып көрейік. Егер оның бір қабырғасы қалғандарынан сәл осалдау болса, ол баяғыда құлап қалар еді. Әйтсе де біздегі осы «пирамиданың» үш бұрышы да мүжіліп бара жатқандай.

Атқарушы биліктің негізгі буындары – әкімдер. Бұл қызметке де өз қарым-қабілеті арқылы ешкім жете алмайды. Не ақшаң көп болуы керек, не жоғары жақтағы «қолдаушың» мықты болуы керек. Басқа лауазымды қызметтерге де осы әдіспен ғана қол жеткізе аласың.

Парламентке кімдердің қандай жолмен баратыны да ешкімге құпия болмай қалды.

Сот билігіндегі әділ үкім тек қаныпезер қылмыскерлерге ғана қолданылады. Себебі, қарапайым көзге-ақ көрініп тұрған, көпшілікке білгілі болып қалған оқиғаны «бұлталаққа» салу қиын. Қалғандарын судья өзі біледі. Бұл да құпия емес.

Елбасының Жарлықтары да, Жолдауы да дұрыс. Бірақ қолдауы жоқ. Неге? Себебі, мемлекеттік құрылымның ішкі тетіктері дұрыс жұмыс істемейді. Кезінде 15 республиканы тыпыр еткізбей уысында ұстаған Кеңес үкіметінде жоғарыдан түскен бұйрықтың орындалуын қадағалайтын тәуелсіз де құзырлы

қызметтер бар еді. Солардың бірі – Халықтық бақылау комитеті деп аталатын. Ондай қызмет бізде қазір жоқ. Компартия деген де атқарушы билікке тәуелсіз, әрі қаһарлы қосымша билік құрылымы еді. Ол да жоқ.

Мемлекеттік баспасөздер төртінші биліктің өзі болатын. Онда жарық көрген сыни мақалалардан міндетті түрде қорытынды шығарылатын. Редакцияға жолданған әрбір арыз мұқият тексеруден өтетін. Бұл да қосымша биліктің бір сипаты еді. Осыларды қалпына келтірсе бәрі ойдағыдай болуы мүмкін бе? Жоқ. Өйткені, бұлар социалистік қоғамға тән құрылымдар. Біз капитализмге қарай түбегейлі бет бұрдық. Ендеше жаңа құрылым қайда?

Қазақстанға ұлты басқа үш миллиардер үстемдігін жүргізіп отыр дегенді жиі естиміз. Жекешелендіру кезіндегі көзсіздіктің салдары осындай сорақылыққа алып келді. Кез келген салада ақша дегенін істей бастады. Сондықтан, қолында сәл билігі барлар қалайда қарпып қалуға тырысады. Олардың айлығын миллионға жеткізсеңіз де тоймайды. Өйткені, алдарындағы миллиардерлерден қалып қойғылары келмейді. Жер де, көл де, бәрі-бәрі сатылған, сатыла береді. Имандылық пен ынсаптан пайда жоқ. Сонда, мына біздер кімдерге қызмет етеміз? Әрине байларға.

Әйтеуір бәріміз бүгінгі күніміз үшін тырбанданудамыз. Қарқынды экономиканың қызығын халық әлі көрген жоқ. Көрші елдермен салыстырғанда жағдайымыз көш ілгері. Соны көңілге медеу тұтамыз. Мардымсыз мемлекет қамқорлығына мәз болғансымыз. Міне Қоғам, Билік, Жемқорлық дегенде осы және тағы басқалар жөнінде «Темірқазықтан» толымды ойлар күткенбіз. Бірақ, бұл жолы ол үмітіміз ақталмады.

«Қазақстан-Заман» газеті,
27 мамыр, 2005 жыл

ШЫНДЫҚ АТТЫ ТҰЛПАРЫМ ШАРШАҒАНША **(Иран Ислам Республикасындағы Қазақстанның Төтенше** **және өкілетті елшісі Мырзатай Жолдасбековпен сұхбат)**

– Мырзеке, Қазақстан жұртшылығына сіздің есіміңіз ғалым ретінде де, қоғам қайраткері ретінде де көптен белгілі. Қазақстан Үкімет басшысының орынбасары болып жүрген кезіңізде сізді ғылыми жұмыспен айналысуға кетіпті деп естідік. Енді, міне, арада көп уақыт өтпей қайтадан мемлекеттік іске кіріскелі жатқан көрінесіз.

– Ғылым менің өмірлік мұратым екенін білген соң айтатын шығар жұрт. Қай қызметте жүргенде де ғылымнан қол үзген емеспін. Адам қызметпен бірге тумады. «Қызмет – қолдың кірі» дейтін де сөз бар ел ішінде. Жиырма сегіз жыл жоғары оқу орындарында, оның он жеті жылы Қазақ Мемлекеттік (қазіргі ұлттық) университетінде оқытушы, декан, он бір жыл Талдықорған педагогика институтында ректор болыппын. Соңғы бес жарым жылда Оқу министрі, Білім министрінің бірінші орынбасары, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Идеология бөлімі меңгерушісінің бірінші орынбасары, сол бөлімнің меңгерушісі, Президенттік Кеңестің мүшесі, Мемлекеттік Кеңесші, Премьер-министрдің орынбасары, Президенттік Кеңесші қызметін атқарыппын. Енді, міне, елші болып тағайындалып отырмыз.

Мен қара басымның қамын ойлап, ешқашан лауазым қуып, мансап іздеген емеспін. Нәсіп қылды, керек шығармыз дедік, істедік. Мемлекетіміздің аса бір жауапты, ауыр кезеңінде рухани салаға басшылық ету оңайға түскен жоқ. Ылғи жанып тұрған оттың ішінде жүрген сияқты болушы едім. Митингілер дәуірін кештік басымыздан. Қазақтың өз еркімен аштық жариялаған сұмдығын да көрдік көзімізбен. Халықтың жоғын іздеп, керегін тауып, көкейіндегісін істеген тәрізді едік, не бітірдік, не тындырдық – оның төрелігі көпшілікте.

– Иран Республикасына елшілік қызметке бару мәселесі қалай шешіледі? Бұған өз ықыласыңызбен келістіңіз бе?

– Осы жылдың 16 мамыр күні Президент өзі мені шақырып, Иран Ислам Республикасының экономикалық жағынан қуатты мемлекет екенін, бізді сыртқа шығаратын бірден-бір төте жолымыз болатынын, сол елге мені елші етіп жібергісі келетінін айтты. «Дәл қазіргі шақта Қазақстан үшін қажет болсам, барайын» деп, келістім.

– Елшінің міндеті, оның жауапкершілігі өте зор екенін іштей сезінгенімізбен, бұл қызметтің қыр-сырын көп біле бермейтініміз рас. Тәуелсіздік алғаннан бері ғана өз алдымызға сыртқы саясатымызды жүзеге асыра бастадық. Жалпы, біздің ұлттық тарихымызда елшілік қызмет төңірегінде жинақталған тәжірибе бар ма? Бар болса оның белгілерін неден көруге болады деп ойлайсыз?

– Тәуелсіздік бізге қан төгіссіз, бейбіт жолмен келгенін қуана айтып жүрміз. Ғасырлар бойы бостандықты аңсап келген қазақ халқы үшін бұл құдайдың тікелей жіберген сыйы тәрізді.

Кемал Ататүрік осыдан алпыс жыл бұрын: «Совет Одағы бір кездері ыдырайды, оның орнына дербес мемлекеттер орнайды, Шығыстан жарқырап күн туады» деген екен. Қалай болжаған десеңші! Енді соның қадіріне жетсек болғаны. Баз бір ағайындарымыз кейде: «Шекараны түгел жабу керек, үйту керек те бүйту керек» деп жатады. Сонда олар шексіз-шетсіз шекарамызды немен, кіммен жабамыз деп ойламай ма?! Қандас, бауырлас қырғыз бен өзбекке қарсы темір сауыт әскер қойып, қайтып күн көреміз? Лайым, арамызды тау бөлсе де жау бөлмесін. Бүгінде әрқайсысы өз алдына дербес мемлекеттер болғанымен, ежелден бірге келе жатқан қандас, бауырлас елміз. Екі араға тас қамал салмай-ақ тіршілік еткенге не жетсін! Іргелес екі ұлы мемлекетпен мәңгі көрші болуды бізге тағдыр жазған. Тыныш жатқан жайынның құйрығын баспаған дұрыс. Үш жүз жыл бойы кірген дерт аз емес. Ауру батпандап кіріп, мысқылдап шығады, жел болып кіріп, тер болып шығады. «Сабыр түбі –

сары алтын, сарғайған жетер мұратқа» дегендей, сабырлық керек. Енді сағынып жеткен осы тәуелсіздікті баянды етуді әрбір қазақ білуі тиіс. «Мен тәуелсізбін!» деп кеуде қаққаныңмен, оны ешкім мойындамаса, біреуге алақан жайып, жан-жағыңа жалтақтап күн кешсең, оның несі тәуелсіздік? Өз ішімізде тыныштықты сақтап, сыртқы елдермен бейбіт жағдайда өмір сүре білсек қана іргелі ел боламыз. Ол үшін береке-бітім, ынтымақ керек. «Елдестірмек – елшіден» дегендей, елшінің міндеті міне, осындай жауапкершіліктен шығады.

Ал ұлттық тарихымызда елшіліктен қалған қандай жоралғы бар десек, әлі жинақталмаған, сөйтіп, әлі әжетке жаратылмаған бай тәжірибе бар. Әрісін былай қойғанда, бертіндегі Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сияқты баба даналарымыздан қалған мәмлегерліктің ғажайып үлгісі де жеткілікті. Біз ендігі жерде сол асылдарымызды қажетімізге жарата білуіміз керек. Ол кезде келісім тек көрші елдердің арасында ғана жүргізілсе, қазіргі Қазақстан дипломатиясы қанатын жер үстіне кең жайып отыр. Тарихқа тәуелсіз саясаттың жаңа елшілері келді.

– Иран Ислам Республикасы – іргелес ұлы елдердің бірі. Бұл елмен саяси, рухани бірлікте болу оңай шаруа емес. Батыс елдердің көбісі бұл мемлекетке тек мұсылман дінін уағыздаушылар ретінде үрейлене қарайтындары да рас. Былтыр Президентімізбен бірге өзіңіз де сол жақта болып қайттыңыз. Иран Президенті Али Ақбар Хашеми Рафсанджани мырзаның біздің елге ресми сапарының аяқталғаны да кеше ғана. Иран Президенті Қазақстан халқына жылы әсер қалдырғандай. Сіз қалай ойлайсыз?

– Иә, Иранда былтыр болғанмын. Иран – тұнып тұрған көне мәдениеттің, сұлу жырдың мекені, ғажайып ақындардың отаны. Ескерткіштердің Патшаға да, Шахқа да қойылмай, ақындарға ғана орнатылғаны сондықтан. Иран – терең саясаттың, рухани байлықтың елі. Оның үстіне өзі бізбен іргелес жатса, ерте кездерде тарихи мәдени байланысымыз болса, неге біз бүгін бұл елмен экономикалық, саяси, рухани қатынас орнатпауымыз ке-

рек. Иран – біздің сыртқа шығатын қақпамыз, сондықтан да, оның стратегиялық мәні өте зор. Иран Ислам Республикасының Президенті, жоғары мәртебелі Али Акбар Хашеми Рафсанджани мырза жөнінде пікір айтуым дәл қазір әдептілікке жата қоймас. Менің әзірге білетінім – жүзі жылы, өте білімді, еліне сыйлы басшы, ұстамды, терең саясаткер.

– Ислам дінінің, тіпті кез келген діннің де өнегелі жақтары мен көлеңкелі тұстары бар екені шындық. Осы дін Иранда идеология қызметін атқарады. Соның салдарынан ислам дінінің көлеңкелі тұстары біздің елге де тарап кете ме деп қауіптенушілер арамызда жоқ емес. Бұл жөнінде не айтар едіңіз?

– Дін – адам баласымен бірге жасасып, бірге дамып келе жатқан ілім. Философияның, ойлау-толғаудың, ұғым-нанымның, мәдениет тарихының байтақ бір кеніші. Көп елдерде дінге көзқарас өзгерген емес. Шоқан Уалиханов: «Қазақ халқы табиғатында діндар халық емес» дегенді айтады. Содан ба, әлде білім аз ба, әйтеуір айнымалы ауа райындай біз ғана қырық құбылып келеміз. Күні кеше ғана мешіттерді қиратып, молдаларды қуған елдің еркегі енді бүгін қайтадан басына орамал тарта бастады.

Дін – апиын дегенді де кезінде біз аз естігеніміз жоқ. Түбінде, елдің бірдеңеге сенуі керек. Не, құдайға, не құдаға сенбесе, не әкімге, не жақынға сенбесе, бір күштен именіп, бір құдіретке иланбаса, елдің басын біріктіріп ұстау да қиын. Біздің бір ақылды бабамыз: «Қарғыстың ең жаманы – білме, білгеннің тілін алма: онан соң тексіз, дінсіз деген сөз жаман», деп отырады екен. Осындай қарғыстан сақтасын. Әрине, Конституциясында мемлекеттен діннің ара жігі ашық көрсетілген және көп ұлттан құралған елде дінге абай болған жөн. Бірақ дінге көзқарас бір жақты болмауы тиіс. Дінге көзқарас, заты мұсылмандыққа қарсылық болып шықпауы керек. Қазақстанда осындай саясат етек алып, қалыптасып бара жатқан жоқ па деп қорқамын. Өйткені, ел басқарған, атқа мінген азаматтардың қайсы бірі тек исламға ғана

қарсы кiжiне сөйлейтiндi шығарып жүр. Олар бүгiнде исламнан басқа дiндердiң ашық насихатқа көшкенiн ескергiлерi келмейдi, әр түрлi жолдармен осында қаптап жүрген миссионерлердi көрсе де көрмегендей болады. Өкiнiшке орай, қазақ жастары кришнаиттердiң, баптистердiң, христиандардың дiнiне кiре бастады. Бұл бәрiмiздi қатты ойландыратын шындық. Өткен жылы Қазақстанның бiраз жерiнде, соның iшiнде Алматының Орталық стадионында Иисус Христосқа арналған бiрнеше жиындар өткiзiлдi. Қатысушылардың 30 проценттейi қазақ жастары болып шықты. Кейбiр Америка баптистерiнiң: «Қазақта тiл де жоқ, дiн де жоқ, сондықтан, олар бiздiң дiнiмiздi қабылдауы керек» деген сандырағын құлағымызбен естiдiк. Бұл – түптеп келгенде iнжiлдi қазақшалап, шетелдерден шығарып, жаппай тарата бастаған, сөйтiп бiздiң жастарымыздың санасына ықпал ететiн үлкен насихаттың нәтижесi едi. Өз iшiмiзде осындай сұмдықтар болып жатқанда, Иран Ислам Республикасы Президентiнiң бiздiң елiмiзге ресми сапарының алдында, сапар жүрiп жатқан кезде баз бiреулердiң жамырап: «Исламның күйесi бiзге жұқпай ма, оның фундаментализмi, фанатизмi келiп қалған жоқ па?» деп даурыға сұрақ қойғандарын әдепсiздiк деп ойладым. Неге екенiн қайдам, әйтеуiр қит етсе қазақ жаман, қит етсе қазақ кiнәлi болып шығады. Көпшiлiктiң есiнде шығар, 1986 жылғы зобалаңнан соң бүкiл қазақ халқын ұлтшыл атандырып, СОКП Орталық Комитетi Республикамыздың жоғары оқу орындарын тексеруге кiрiстi. Мен ол кезде Талдықорған педагогика институтының ректоры едiм. Iшкенiмiз – iрiң, жегенiмiз – желiм болды. Жанымызды алғаннан басқаның бәрiн iстедi. Комиссия тек қазақ студенттерiнiң арасында жасырын жазбаша сұрақтар (анкетирование) жүргiздi. Соның iшiнде: «Сен өзiңдi мұсылманмын деп есептейсiң бе?» деген сауал болды. Оншақты студент осыған «мұсылманмын» деп жауап берiптi. Сол-ақ екен: «Ылғи дiншiлердi оқытып жатырсыңдар!» деген дау мен жаланың астында қалдық.

Қазақ затында дiнге салқын қанды, сабырлы, ұстамды халық. Сену, сенбеу әркiмнiң өз ықтияры. Егер дiн шын мәнiн-

де кісілікті, ізгілікті, инабаттылықты, имандылықты дәріптесе, одан жұрт неге безуі керек. Бірақ шектен шықпаған жөн. Ілгеріде Ататүрік, дін тым етек ала бастаған кезде, діннен басқаны білмеген, таңның атысы, күннің батысы жайнамазға құлай берген 50 молданы «Бүйте берсеңдер елді бүлдіресіңдер, түрік халқын кім асырайды?» деп кемеге салып, теңіздің ортасына апарып шашып жіберген екен. Ненің де жөнімен, жолымен болғанына не жетсін.

– Мырзеке, біздің Президентіміз Иран сияқты ұлы мемлекетке Қазақстан елшісін тағайындауда қателеспеген тәрізді. Сіз мана өзіңіз айтқан соңғы бес жыл ішінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің идеология бөлімін басқардыңыз. Соңғы қызметіңіз – Республика Премьер-министрінің орынбасары. Осы орындарда отырған кезде көңіліңізде кеткен «әттеген-ай» мен жүрек түбінде сақталып қалған шуақты сәттер аз болмаған шығар?

– Айтқаның келсін. Елшілердің қай-қайсысы да халықтың, ел басының сенімін ақтауға тырысатыны анық. «Әттеген-ай» дегеннен гөрі «бәрекелдісі» басымдау болды-ау деп қуанамын. Тәуелсіздіктің, егемендіктің жолы қиын да ұзақ жол ғой. Біз сол ұлы сапарға шықтық. Тарихымыздың жаңа көшінің басында, аса бір жауапты, қиын кезеңде ел тағдырына араласқаныма, кейбір өзекті, көкейкесті мәселелердің шешілуіне тікелей қатысқаныма шүкіршілік етемін. Жоғарыда айтқанымдай, аз уақытта аз нәрсе істелген жоқ. Айтуға ғана жеңіл, әйтпесе, көктен іздегеніміз жерден табылып жатты: басы бәйгеге тігілген даналардың, халқы үшін қанын шашып, жанын қиған батылдардың рухы мен есімі қайта оралды. Әдет-ғұрып, салт-дәстүр, мәдениет, тарих қайта жаңғыруда. Ұлттың санасы оянды. Тіл туралы заң қабылданды, Тәуелсіздігіміз жайында Декларация қабылданды. Жер мен су, атамекеніміздің тарихи есімдері қалпына келіп, кеменгер билер мен қаһарман хандар қайта тірілді. Тұңғыш Президент сайланды. Өлгенің тіріліп, өшкеннің жанып, халықтың рухы көтерілді. «Өлінің аруағы разы болмай, тірі байымайды»

дегендей, бабалар құрметіне ас беріле бастады. Тұлпарлардың тұсауы шешіліп, бағы ашылды. Күні кеше ғана қазақ мектебі түгіл қазақ класын ашуды аңсаған елдің балалары мемлекеттік тілде оқи бастады. Әлем қазағы бас қосып, ұлы құрылтай өтті. Бұл жиынымыз республика жұртшылығының тұңғыш Форумына ұласты. Ел бүлінген жоқ, қаймағы – бұзылған жоқ, өрт шыққан жоқ. Тәубе, шүкір делік, ағайын.

– Сіз осынау үлкен қызметте жүргенде біреулерге қол ұшын беріп, олардың ризашылығына бөленген кездеріңіз болды ма? Соңыңыздан ізбасарлар ілестіре алдыңыз ба? Қазіргі мемлекет саясатымен айналысып жүрген азаматтардың ішінен кімдерді қатты қадірлейсіз? Талантты жастардан кімді пір тұтасыз?

– «Жақсы – көргенін, жаман – бергенін айтады» дейтін ата сөзі бар. Мен көсем ағаларға да, көшелі қатарласқа да, талантты іні-қарындасқа да бай адаммын. Құдайдың маған берген бақыты да, байлығы да осы. Солардың ішінде қол ұшын бермегендерім де, алақанға салып аялағандарым да аз болған жоқ. Бірін атап, бірін атамай ренжітім келмейді. Желеп-жебеген әруақтардан, жалпақ елімнен айналдым. Олар риза болса, мен ризамын. Талантты жастарға жасаған жақсылығым алдымнан шығады деп сенемін.

– Өзіңіз Президенттің маңайында Мемлекеттік кеңесші қызметін атқарып жүрген кезде ол кісіге қандай нақты көмегіңіз тиді? Қысылғанда ақыл қосып, немесе «Мынауыңыз дұрыс емес сияқты» дегендей сын-ескертпелер айтқан кездеріңіз болды ма? Әлде...

– Көмегің тимеді деп ел де, Президент те айтпас деп ойлайтынмын. Қолымнан, тілімнен келгенді аянған емеспін. «Пәлен еттім, түген еттім» деп жатуым ыңғайсыз болар. Жұмыс болған соң әр түрлі жағдайлар кездесе береді емес пе, бірдей олай, бірде бұлай болып та жүрді. Халқымыздың рухани саласын, тіліміздің тағдырын, Президентті таққа отырғызу салтанатын (инагурация), дүние жүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайын

өткізуді маған тапсыруы, сенгендігі еді. Бес жыл бойы қызметтес болып, жақын жүрген кісінің білетіні де аз болмас. Елдің өзі сайлап алған Президентін өзіне не деп мақтайын. Кемшіліксіз адам болмайды ғой, маған Нұрекеңнің үлкен саясаты ұнайды. Тәуелсіз мемлекетті қалыптастырып, оның саясатын жасау оңай ма? Президенттің бұл тәжірибесін биографтары келешекте егжей-тегжейлі жазады деп сенемін. Көзім көргендерді, өзім білгендерді мен де қағазға түсіріп жүрмін. Өзірге асығыс жоқ.

– Мырзеке, вице-премьер қызметінен кеткеніңізге өкінбейсіз бе? Сізді бүгінде көбіне не ойландырады, не толғандырады?

– Өкінбеймін. Халқымның кәдесіне, елімнің қажетіне жарайтындай еңбек еттім бе, етпедім бе – төрелігін жұрт айтар. Ал менің аянып жасқанған, жалпақтап тартынған кезім жоқ. Ойым мен сенімімді, арманым мен мұратымды алға тартар кеудемдегі шындық атты тұлпарым шаршап-шалдыққанша ісім мен сөзімді қазақ деген елге, Қазақстан деген республикаға арнап келгенім, әлі де арнарым айдай ақиқат. Әрине, бұрынғыға қарағанда қолдың біраз босағаны рас. Бала-шағаның қасында, ағайын-туғанның арасында болуға уақыт та табыла бастады. Докторлық диссертациямды қорғап алдым. «Жүз жыл жырлаған жүрек» деген кітабым жарыққа шықты. Жамбыл туралы киносценарийдің бірінші сериясын аяқтап қалдым. Тақ та, бақ та бір кісінің басында тұра бермейді. Құлманбеттен жеңіліп келе жатқан Майкөт, Сапақ датқа сәлем берген екен. Сонда датқа:

– Шырағым Майкөт, бақыт – қолға қонған құс, байлық – қолға ұстаған мұз, құс ұшады, мұз ериді, дүниенің қызығы – сіз бен біз, – деген екен. Сол айтқандай, ел аман болсын.

Біз енді елдің тыныштығы мен амандығын, ынтымақ-берекесін алыста жүріп тілейміз. Қазіргі заманда ойландыратын да, толғандыратын да мәселе аз емес. Ең бастысы, халықтың басы бүтін болса екен дейсің. Әйтеуір, неге екені белгісіз, кейде төтеннен бір оқиға жолықпаса, қазақтың басы іштей тұстастықта бола бермейтін тәрізді болады да тұрады. Белгілі желтоқсан

оқиғасы елді бір топтастырып еді. Қазір сол баяғы қалыпқа түсе бастағандай. Алдымызда парламенттің кезекті сайлауы да жақын. Осы сайлау ел ішін топ-топқа, жік-жікке бөліп кетпегей деп тілеймін.

Хандарға, батырларға, бабаларға ұланғайыр ас-той берілді. Сөйтіп, аруақ алдында міндет өтелгендей. Ендігі жерде сол қол-басшылардың, халық батырларының ас-тойы ауыл батырларының жиынына айналмаса екен деп тілеймін.

– Ирандағы елшілігіміздің мекен-жайы анықталып, қызметкерлерді түгендеп алдыңыз ба?

– Мен қарашаның 8-інде сол жаққа барып, қызметке ресми түрде кіріскелі отырмын. Мекен-жай мәселесі бара анықталады. Бір айдан асып қалды, қазір онда төрт жігіт жұмыс істеп жатыр. Менімен және төрт жігіт бірге жүрмекші. Елшілікте әзірше басаяғы он жеті адам қызмет етеді. Олардың бәрі де анықталады.

– Бала-шағаларыңызды ала кететін шығарсыз?

– Жетінші класта оқитын немерем Ақбота мен үшінші класта оқитын өзімнің кіші қызым Айымды бірге ала кетеміз. Әзірге ол жақта қазақ мектебі жоқ. Мұндағы оқу бағдарламасы негізінде жолдасым ол балаларды өзі үйде оқытады. Жазда осында келіп емтихан тапсырып, келесі класқа көшеді. Сонымен қоса, ол жақтан парсы, ағылшын тілдерін үйрететін мұғалімдер жалдамақпыз.

– Әңгімеңіз үшін рақмет. Жаңа қызметте жұмысыңыз жемісті болғай.

«Егемен Қазақстан» газеті,
6 қараша, 1993 жыл

ДІН – ДОСТЫҚТЫҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ

Кеше Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына Алматы және Астана епархиясының митрополиті Мефодий арнайы келіп, Қазақстан діни басқармасы төрағасы, Бас мүфти Әбсаттар қажы Дербісәліге сәлем берді.

Соңғы үш жыл ішінде елімізде Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының беделі бұрынғыға қарағанда едәуір өсті. Оған Бас мүфти Әбсаттар қажының қосқан үлесі зор екенін де айта кетуіміз керек. Ол кісі қазір Еуразия Ислам шурасы төрағасының бірінші орынбасары. Өткен жылы Египет Араб Республикасының бірінші дәрежелі «Ғылым және өнер» орденімен марапатталған болатын.

Бұл тек діни басқарма үшін ғана емес, еліміз үшін де үлкен аброй екені анық. Ресей, Татарстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан дінбасыларының да Қазақстанның дін жетекшісіне келіп ақылдасып, пікірлесіп тұруы дәстүрге айналған. Мұның өзі Бас мүфтидің басқа елдердің дін жетекшілері арасындағы биік беделін танытса керек.

Қазір Қазақстан халқының басым бөлігін мұсылмандар құрайды. Одан кейінгі орында – христиан дінін ұстанушылар. Көп ұлысты елімізде көлемі жағынан ірі осы екі діннен басқа да діни ұйымдар өз жұмыстарын жүргізіп келе жатқаны белгілі. Талай заманнан бері өмірдің ыстық-суығын бірге кешкен Қазақстандағы мұсылман мен христиандардың достық шежіресі жайында Әбсаттар қажы бірнеше мысалдар келтіре сөйледі.

– Бүгінгі таңда Қазақстан экономика жағынан ТМД елдері арасында алдыңғы қатарлардың біріне шықты. Мұның бәрі еліміздегі діндер аралық, ұлтаралық жарасымдықтың жемісі.

Алдыңғы күндері Астана қаласында Қазақстанның мәртебесін тағы бір асқақтата көрсететін жиын өткелі отыр. Ол – әлем діндері мен дәстүрлі ұлттық діндер өкілдерінің басын қосатын

съезд. Бұған Азия, Африка, Таяу және Орта Шығыс, Америка, Канада, Еуропа елдерінен жиырма шақты делегация қатыспақшы, – дей келіп, Ә.Дербісәлі бүгінде ислам дінінің атын жамылып жер шарының әр түкпіріндегі лаңкестердің шынайы бет-бейнелерін аша сөйледі. Ізгілік пен мейірімді, махаббатты, адалдықты мұрат тұтатын қасиетті ислам дініне олардың еш қатысы жоқ екенін қадай айтты. «Өркениеттер қақтығысы», «Батыс пен Шығыстық текетіресі» дегенді желеулетіп жүрген Батыс идеологтарының арандатушылық әрекеттерін сынға алды.

Митрополит Мефодий Әбсаттар қажының бұл пікірлерін толық қолдай отырып, осы екі діннің арасында бұл уақытқа дейін ешқандай бір көңілге кірбін түсірердей жағдайды өз басы естімегенін, алдағы уақытта да Қазақстан мұсылмандары мен христиандарының бауырластығы арта беретініне сенімді екенін жеткізді.

– Мен жаңа жұмысқа кірісер алдына Қазақстан Президентінің қабылдауында болғам. Сонда «Қазақстандағы мұсылман діні мен христиан діні басшыларын мен өзімнің қос қанатым деп білемін» деген сөзі көңілімнен еш кетер емес. Ендеше сіз бен біз тек Қазақстанның тәуелсіздігі жолында талмай еңбек етіп, алдағы күндерге бірге қадам баса берейік, – деп, Бас мұфтимен құшақ айқастырған митрополит Мефодийдің бұл сөзінен риясыздықтың белгісі байқалып тұрды. Соңында екі дін басы бір-бірімен естелік сыйлықтар алмасты.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
20 қыркүйек, 2003 жыл**

БІР ҒАНА ЖАРАТУШЫ БАР, ОЛ – АЛЛА ТАҒАЛА

19 сәуірде, Пайғамбарымыздың туған күні – Мәуліт мерекесі қарсаңында Қазақстан Республикасының Президенті Алматыдағы резиденциясында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының өкілдерімен кездесті.

– Дін мен мемлекет заң бойынша бөлек тұрғанымен бәріміз Қазақстанның тәуелсіздігіне, ішкі тыныштығына, дүние жүзіндегі танымалдық дәрежесіне жұмыс істейміз. Себебі, осы елдің азаматтарымыз. Сіздер халықтың алдына шығып, уағыз айтқан кездеріңізде ең алдымен елдің бірлігі мен тірлігін ауызға аласыздар. Мен сіздермен ақылдаса отырып, осы төңіректегі ойларыңызды естігім келді, – деді Елбасы.

Бұдан кейін Бас муфти Әбсаттар қажы Дербісәлі сөз алып, Діни басқарманың ішкі құралымында жүргізілген өзгерістер жайында, 2001 жылы Алматыда ашылған «Нұр-Мұбарак» Египет Ислам университетінде жоғары діни білім алып жатқан қазақ жастары жайында, Түркия мен Пәкістанның Ислам университеттері жанындағы екі айлық дайындықтан өтіп келіп, Қазақстанның түкпір-түкпірінде еңбек етіп жүрген діни қызметкерлердің жетістіктері мен кейбір олқы түсіп жатқан тұстары жайында әңгімелеп берді.

Бас муфтидің айтуына қарағанда, 2000 жылғы сынақ бойынша елімізде 1402 жәми және зәбия мешіттері болса, олардың саны қазір 1700-ге жуықтаған. Дей тұрғанымен, әлі де тіркелмеген жеке меншік мешіттер аз емес көрінеді. Құран Кәрімнің толықтырылып, өңделген екінші басылымы қаржы тапшылығының салдарынан бар-жоғы 7 мың данамен таралыпты. Бұл – Қазақстан мұсылмандарының санына шаққанда теңізге құйған тамшыдай ғана екені рас.

Оңтүстік Қазақстан облысының бас имамы А.Керімбеков қоғамдық ұйым мен діни ұйымдардың аражігі нақты

ажыратылса, «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңда діни шаралар мен рәсімдерді жүргізетін орындар айқындалса, діни конфессиялар мен секталарға шетелдерден келетін заңсыз қаржыларға тыйым салынса деген ойларын жеткізді.

Солтүстік Қазақстан облысының бас имамы Ж.Исмаилов өзінің ұлты тәжік екенін, Жезқазған қаласының құрметті азаматы, Ассамблея мүшесі екендігін, бес баласы түгелдей қазақша оқитындығын мақтанышпен айтты.

Атырау облысының бас имамы Қ.Ахметов бұл өңірдегі «такфир», «салафит» деп аталатын діни ұйымдар мен зікіршілер тобы ислам дініне, әсіресе жастарға кері әсер тигізіп жатқанына алаңдаушылық білдірді. Елбасынан көмек сұрады.

Қостанай облысының бас имамы Е.Балахметов бұл аймақта Кеңес дәуірінде бірде-бір мешіт болмағанын, қазір жағдай мүлдем өзгергенін тілге тиек ете келе Ораза, Құрбан айттары Қазақстанда демалыс күндері ретінде белгіленсе деген ұсынысын білдірді.

Осы тәріздес көптеген сұрақтар мен тілектерге Елбасы мынадай жауап қайтарды: «Шетелдерден келетін заңсыз қаржы, Қазақстанда жұмыс істемейтін шетелдіктер жөнінде, мемлекеттік емес ұйымдар жөнінде арнайы заң жобасы әзірленуде. ҚМДБ-ның рұқсатын алмаған, тіркелмеген мешіттерге әкімшілік тарапынан тыйым салынады, оларға жер берілмейді. «Зікірші», тағы басқа заңсыз ұйымдармен құқық қорғау органдары түбегейлі айналысулары керек. Мұны мен әкімдерге де қатаң тапсырамын. «Нұр-Мұбарак» Ислам университетінің шәкірттері үшін қосымша жатақхана және кітапхана ғимараты салынады. Құран Кәрімнің тиражы көбейтіледі. Ораза, Құрбан айтты демалыс күн ретінде белгілеу – уақыттың еншісіндегі мәселе. Біртіндеп шешеміз».

Бұдан кейін Президент дін басылардың өздеріне сұрақ қоя отырып, олардың алдындағы міндеттерді айқындады:

– Сіздер өздеріңізді қасиетті дінімізді түрлі пәле-жаладан қорғаудың алдыңғы сапында жүрміз деп ойлайсыздар ма?

Меніңше-жоқ. «Имам» сөзі араб тілінен аударғанда «алдыңғы-қатарда тұратын адам» деген мағына білдіреді. Ал, сіздерге осыған қосымша тіреу болып тұрған мемлекеттеріңіз бар. Олай болса, арам пиғылды діндарсымақтардың ортасына барып ашық сөйлесуден ешқашан тайынбаңыздар. Олардың қатарына өтіп кеткен қандастарымызды парасат жолымен өз жағымызға шығару – сіздердің қасиетті борыштарыңыз. Дін – ұстараның жүзіндей өткір нәрсе.

«Менікі ғана дұрыс» деп кеуде соғу жарға жығатынын есте ұстаңыздар. Әлемде бір ғана қауым бар. Ол – адамзат қауымдастығы. Бір ғана жаратушы бар. Ол – Алла Тағала. Бір ғана тіл бар. Ол – жүрек тілі, – деген Елбасының сөзі жиналғандарға қатты әсер етті.

Бұдан кейін Президент дінтанушылар даярлау ісіндегі, діни үгіт-насихат мәселесіндегі, қажылыққа бару жөніндегі пікірлерін ортаға салды. Жиналғандар Елбасының бұл ойларын бір ауыздан мақұлдады.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
22 сәуір, 2005 жыл**

55 ЖЫЛ ӨЗ ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕМЕГЕН қандасымыз туған жерге келгенде

«Отырар» қонақ үйінің шағын бөлмесі. Алдымда 80 жасқа келген қария отыр. Ұлты-қазақ. Аты-жөні – Тілеген Иманбайұлы. Лақап аты – Атабек. Америка азаматы. Нью-Йорк қаласының тұрғыны. Бет әлпетіне, киім киісіне қарағанда қария деуге аузың бармайтындай. Ана тілінде еркін сөйлейді. Тек, біздің тілімізге арагідік орысшаның орынсыз қыстырыла қалғаны сияқты, бұл кісінің сөзіне де анда-санда ағылшынның жекелеген атаулары қосанжарласқысы келіп тұрады екен.

1914 жылы қазіргі Атырау, бұрынғы Үйшік қаласында дүниеге келген. Әке-шешесі 1917 жылы «қызылдардың» қолынан қаза тауыпты. Үш жасынан бастап әкесінің туған апайы Бақталы шешейдің қолында өскен. Есейе келе Атыраудағы ФЗУ-ға оқуға кірген. Бұдан соң қаладағы Тау-мұнай техникумын бітірген. Одан кейін Орал қаласындағы педагогикалық институтқа түсіп, химия-биология пәндерінің мұғалімі деген мамандық алған. Сол мамандығы бойынша бірер жыл Алматы облысы Кеген ауданында шәкірттерге дәріс оқыған.

1939 жылы Финляндия-Кеңес соғысына қатысыпты. Одан аман-есен оралған соң, 1941 жылы Германияға қарсы майданға аттанады. Қанды қырғындардың бірінде қоршауда қалып, тұтқынға түскен. Бұдан кейінгісі айтпаса да түсінікті.

Тілеген Иманбайұлы маған өз қолымен қазақша жазған өмірбаянын көрсетті. Қай жылы қайда болғаны, не істегені жайында ғана қысқаша ақпар түрінде жазылған қолжазбаның көлемі 15 парақтан тұрады. Немістерде тұтқында болған жылдары жайында көп қазбалап сұрамадым. Себебі, ол туралы бұл кісі жеке кітап жазып жатқан көрінеді. Ал, әңгіме арнасы Америкадағы қазіргі тұрмыс жағдайы, туған жер тақырыбына қарай ойысқанда, Тілеген-Атабек ақсақал бір сәт шешіле сөйледі.

– Туған жердің ауасын жұтып, жақын-жұрағаттармен жүз-десудің сәті былтыр ғана түсті, – деп бастады ол кісі.

– Өткен жылы қызым Есенбике екеуіміз Қазақстанға келіп, Атыраудағы туған үйдің есігін ашып қайтқанбыз. Жайықтың жағасындағы бір кезде біз тұрған жер кепе күні бүгінге дейін сақталыпты. Мен кеткенде қандай болса, әлі сол қалпындағыдай әсер етті. Тіпті, Атырау қаласы да түк өзгермегендей. Әрине, біршама жаңа үйлер салынған, бірен-саран өндіріс ошақтары бой көтерген. Баяғы шаңы бұрқыраған дала жолдары сол күйінде жатыр. Бір жақсысы, елдің пейілі бұзылмаған екен. Әйтеуір, қазақ халқы Кеңес үкіметінің қанды шеңгелінен құтылағанына қуандым. Меніңше, енді 5-10 жылдан кейін Қазақстан іргелі елдердің қатарына қосылары сөзсіз. Шетелден де аз көмек беріліп жатпаған тәрізді. Соны ұқсата білудің өзі үлкен жетістік қой. Өттең, бойымнан күш кетіп, қартайғанда, денсаулық нашарлағанда ғана туған елге қолым жетіп отыр. Ең өкініштісі – перзенттік борышымды толық өтей алмай бара жатқандығым деп есептеймін. Осы сапар барысында дәрі-дәрмек жағынан Қазақстанға көмек беру мәселесін шешіп алсам ба деген ойдамын. Қызым дәрігер ғой, Нью-Йорктағы медицина институтын бітірген. Ол қазір сондағы көрнекті дәрігерлердің бірі, әрі студенттерге дәріс оқиды. Басқа болмаса да, дәрі-дәрмек жағынан көмектесуге мүмкіндіміз бар ғой, бар. Мұндағылар дәріге өте зәру екенін өз көзіммен көрдім.

– Қызыңыздың жасы нешеде? Жұбайыңыздың ныспысы кім болды?

– Қызымның жасы отыз сегізде. Әлі тұрмыс құрған жоқ. Жұбайым – өзбек қызы. 1953 жылы Анкарада сол өзбек қызына үйленгем. Жасы биыл 65-ке шықты. Қызымыз үшеуіміз бірге тұрамыз. «Бейнет түбі – зейнет» деген, кемпіріміз екеуіміз де зейнеткерлерміз. Біздің өмірімізді ұзартып отырған сол жалғыз қызымыз. Шешесінің бауыры ауыратын. Оны ауыстыруға да қызымның көп көмегі тиді. Менің жүрегімнің қан тамырлары жұмыс істемей қалғанда, оң аяғымнан төрт тамырды кесіп

алып, жүрекке салғызды. Қазір жүрегім аяғымның тамырларымен жұмыс істеп тұр,— деп оң балағын жоғары түргенде денем тітіркенгендей болды. Осыншама бейнетті көрсе де жасымаған, қайыспаған қара нар адамның жүзіне таңырқай қарап қалыппын. Бір жағынан, шетелдік медицинаның жетістігіне тәнті болып отырғаным да рас еді.

Бұл кісінің қазақша еркін сөйлеп, әрі жазуды ұмытпағанына қарағанда, отбасында қазақша сөйлесетіндеріне күмәнданбағам. Сонда да сұрадым:

— Отбасында қай тілде сөйлейсіздер?

— Шындығын айтсам, қызым қазақша білмейді. Әйелім түрікше сөйлейді. Ортақ тіліміз — ағылшын. Өзім былтыр Қазақстанға келгенге дейін 55 жыл бойы ешкіммен қазақша тілдеспеппін. Туған жердің құдіреті деген осы шығар, әуежайдан түсе сала қалай қазақша сөйлеп кеткенімді өзім де аңғармай қалыппын. Соғыстан миым шайқалғаннан бері көп нәрсені, тіпті жақын-жуықтардың есімдерін есіме түсіре алмай жүргем. Енді байқасам. бәрі бұрынғыдай көкірегімде сайрап тұр. Қазақша жазуға да қолым еркін жүріп кетті,— деп қол сағатына қарады да, орнынан тұрды. Бұдан әрі мен ол кісіні мазаламадым.

Енді біраз уақытан кейін Тілеген ақсақал Атырауға қарай аттанады. Қария сергек, көңілді. Қонақ үйдің аядай бөлмесінде ыңылдап әрі-бері жүріп кеткенін өзі де байқамағандай. Иә, ол енді бірнеше сағаттан кейін кіндік қаны тамған жерге қарай құстай ұшады. Дәл қазіргі сәтте тар бөлмеге сия алмай тұр. Сосын біраз күннен кейін қайтадан алыстағы Америкаға кетеді.

«Егемен Қазақстан» газеті,
24 мамыр, 1994 жыл

2.2 ТІРШІЛІК ТҮТКІЛДЕРІ

«ЖАЛҚЫ ТЕРЕЗЕ» ЖАЛПЫҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ

ҚР Президенті биылғы халыққа Жолдауында сыбайлас жемқорлық пен ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес туралы айта келіп, заңды айналып өту үшін пара берушілерді түбірімен жоятын уақыт келгендігін баса айтты.

Ол үшін ең алдымен бір жерде ғана төлқұжат тіркеп, салық төлеушінің тіркеу нөмірі, жүргізуші куәлігі, тағы басқа құжаттар алатын «жалқы терезе» қағидаты бойынша тұрғындарға қызмет көрсететін орталықтар құру қажеттілігін көрсетті.

Тәжірибе ретінде биыл Астана мен Алматы қалаларында осы істі қолға алуды тапсырды. Таяуда Алматы қаласының әкімі Иманғали Тасмағамбетов пен Әділет министрі Зағипа Балиева Алматы қаласы Түрксіб ауданында ашылған «Тұрғындарға қызмет көрсету орталығының» тұсаукесеріне қатысты. Төменде ұсынылып отырған мақала осы орталықтың тіршілік тынысынан сыр шертеді.

Түскі сағат үш кезі. Бірінші Алматыдағы Рихард Зорге көшесіне орналасқан орталыққа барып кірдік. Әрбір терезенің алдында бір адамнан ғана тұр. Ортадағы алаңқайларға үстелдер қойылыпты. Кезегін күткендер сол жерде газет-журналдар оқып, жайбарақат отыр. Осы мекеменің кеуделеріне арнайы белгі таққан қызметкерлері келушілерге ақыл-кеңестер беруде.

– Халыққа қызмет көрсету орталықтың негізі мақсаты – ең алдымен құжаттандыру ісін оңайлату болып табылады. Одан кейін АХАТ жұмысын жеңілдету. Сондай-ақ, жылжымайтын мүлік, жер, салық, мәселелеріне байланысты құжаттандырулармен қоса, заңды тұлғаларды тіркеуден өткізу істері де осы арада жүзеге асырылады. Қысқасы, бұл орталықта аудандағы алты мекеменің өкілдері тұрақты түрде жұмыс істейді,– деді мекеме басақарушысы Айгүл Ахметова.

Биылғы жылдың 18 қазанында Әділет министрлігінің, Қаржы министрлігінің және Байланыс агенттігі төрағасының, Жер қойнауларын реттеу агенттігі төрағасының бірлескен бұйрығы арқылы «Бір терезе» қағидатына негізделген халыққа қызмет көрсету орталығының ережелері бекітіліпті. Орталықта қызмет істейтін адамдар жоғарыда аталған әр мекеменің өкілдері. Олар еңбекақыларын сол істеп жүрген жерлерінен алады. Орталық басқарушысын Әділет министрлігі тағайындайды.

– Астанадағы және Алматыдағы орталықтар ашылмас бұрын оның басқарушыларын Германияда арнайы дайындықтан өткізді. Ал мұндағы қызметкерлердің бәрі осы жердегі бір айлық оқу курсына жіберіледі. Соған қарамастан, оларға күн сайын ақыл-кеңестер беріп отыруға тура келіп тұр, – дейді А.Ахметова. Жоғарыда аталған төрт сала, яғни екі министрлік пен екі агенттік осы орталықтың құрылтайшылары іспеттес екен. Оларды «өкілетті орган» деп атайды. Орталыққа келіп түскен құжаттар мен өтініштер «өкілетті органға» күніне екі рет жіберіледі. Бір күн ішінде орындалуға жататын құжаттар күндізгі сағат 11-ге дейін қабылданады. Сағат 16.00-ге дейін ол құжаттар «өкілетті органнан» қайтып оралып, иесіне табыс етіледі.

Ал орталыққа күндізгі 11-ден кейін келіп түскен құжаттар келесі күні сағат 12-ге дейін дайын болады. Егер өтініш беруші уақытында құжаттарын алмаса, ол мұнда бір айға дейін сақталады. Құжат иесі одан кейін де кешіксе, бұл құжаттар «өкілетті органға» қайтарылады. Орталықта қабылданған құжаттарда әлдеқандай бір қателер кездессе, «өкілетті орган» оларды сол күні қайтадан орталыққа жіберуге тиісті. Орталықтағылар бұл құжаттардың қатесін жөндеу үшін бір күн ішінде иесіне қайтарады.

Ең бастысы, тұрғындар бұрынғыдай әр мекемеге сабылмай, кез келген құжаттарын осы орталықта қысқа мерзім ішінде жасатып алады. Сонымен қатар, осы ғимараттың ішінде банк филиалы, нотариус, суретке түсіру, көшірме жасау сияқты қосымша қызметтер де үздіксіз жұмыс жасап тұр. Жас балаларымен келгендер үшін балалар ойнайтын алаңқайлар да қарастырылған. Айгүл Матанқызы бізді келушілермен жүздестірді.

Арнайы киім киген кеңес беруші қызметкерлер әр жерде әркімдерге сыпайы түрде ғана қызмет көрсетуде. Жаңа ғана кірген бір қартаң орыс әйелінің өз шаруасын толық бітіріп шыққанға дейінгі әрекетін бастан-аяқ сырттай бақылап көруді ұйғардық.

Міне, ол кісі өтінішін жазып, оның дұрыстығын тексертіп алғаннан кейін банкінің алдына барып тиесілі ақшасын төледі. Одан кейін бір аппараттың жанына келіп, оның бір түймесін басып еді төменгі жағынан тілдей қағаз сумаң ете қалды. Кезекті нөмірі 371-ші екенін білгеннен кейін қария үстел басындағы жұмсақ орындыққа барып жайғасты. Электронды тақтада соңғы кезек 338-ді көрсетіп тұр. Өне-міне дегенше 371-ші сан да тақтада жарқ ете қалды. Бұл кезектің адамы 11-ші терезеге баруы керектігі де қоса көрсетілген. Маңдайында 371 саны жанып тұрған терезеге барып қария құжаттарын өткізді. Шаруасы жайланып келе жатқан ананы сөзге тарттық. Өзін «Мария Дмитриевна» деп таныстырған ол кісі мұндай мәдениеттілік пен тәртіпке қатты ризашылығын білдірді. Ал Н.Алимова есімді әйел өзінің соғыс ардагері болып табылатын әкесін үйіне тіркеуге тұрғызғанын, бар шаруасын 20 минутта ғана шешілгенін айтты. Любовь Удовиченко деген ханым шығып бара жатып өзінің таңданысын жасыра алмады. Бейбіт Болатбеков деген жігіт:

– Мен, Сүйінбай даңғылы 503-үйдің 11-ші пәтерінде тұрамын. Мұндағы шаруам тез аяқталды. 9-шы терезедегі апайға қатты риза болдым. Рахмет сіздерге. Бақытты болыңыздар!– деп жүрекжарды сөзін ақтарып салды. Айгүл бізге аз күн ішінде ізгі тілектерге толып қалған екі үлкен кітапшаны көрсетті. Оған бізде өз қолтаңбамызды қалдырдық.

– Алдағы жылы елімізде осындай 30 орталық дүниеге келмекші. Оған 1 миллиард 800 мың теңге бөлінді. Ал, Алматының әр ауданында осындай орталықтар ашылмақшы. Халықтығыз орналасқан кейбір аудандарда екіден ашылады,– деді Айгүл Матанқызы қоштасарда.

«Президент және Халық» газеті,

23 желтоқсан, 2005 жыл

ЖАНДЫ ЖЕГЕН «ЖАЛҚЫ ТЕРЕЗЕ»

Республика Президентінің әр жылғы халыққа Жолдауының ел өміріне әкелер жаңалығы аз емес. Бірақ, сол Жолдауда алға қойылған міндеттер көбіне жеріне жеткізіле орындалмайды. Жергілікті атқарушы органдар нақты нұсқауларға дер кезінде үн қосқанымен, бірнеше айдан соң басталған іс жарты жолда қалып жататыны бар. Төменде осы жөнінде жүргізілген журналистік зерттеу оқырман назарына ұсынылып отыр.

Елбасымыз 2005 жылғы Жолдауында сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы айта келіп, бұл дерттің алдыналу үшін бір жерде ғана төлқұжат тіркеп, салық төлеушінің есептік нөмірі, жүргізуші куәлігі және т.б. құжаттар ала алатын «жалқы терезе» қағидасы бойынша тұрғындарға қызмет көрсететін орталықтар құру қажеттігін айтқан болатын. Тәжірибе ретінде сол жылы Астана мен Алматыда осыны енгізу туралы тапсырма берген. Жолдау қарапайым халық тарапынан да, жергілікті басшылар тарапынан да қызу қолдау тапты. «Жалқы терезе» қағидасы бойынша тұрғындарға қызмет көрсету орталығының (ТҚО) екеуі – Астанадан, екеуі – Алматыдан іркес-тіркес ашылды. Батыстың озық тәжірибесін бұрынғы ТМД елдері арасынан Қазақтан бірінші болып жүзеге асырды. Ресей бастаған көрші елдердің өзі біздің бұл жетістігімізге күні бүгінге дейін қызыға көз тігіп отыр.

Бірте-бірте Қазақстанның басқа да ірі қалаларында «жалқы терезе» қағидасы бойынша жәмиғатқа қызмет көрсету орталықтары дүниеге келе бастады. Олардың саны бүгінде отыздың үстіне шықты. 700 мың халқы бар Астанада осындай төрт ТҚО ашылса, халқының саны одан да аз Қарағандыда-үш, Теміртауда-бір орталық ашылды.

Бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылу жолында бұл игі шара одан ары дами бермек. Аптаның басында үкімет мүшелерінің басқосуында сөйлеген сөзінде Премьер-министр

Қазақстанда ТҚО санын алдағы уақытта 70-ке жеткізу керектігін, оның әрқайсысы 50 мың адамға ғана есептелуі керектігін қадап айтты. Осы нормативті бойынша оңтүстік астанадағы жағдай қандай деге сұрақ туады.

1,5 миллионға жуық халқы бар Алматыдағы ахуалды жоғарыдағы көрсекіштермен салыстыра сараптайтын болсақ, ешбір өлшемге сыймайтыны бірден байқалады.

2005 жылдың қазан айында Әділет министрінің, Қаржы министрінің, Ақпарат және байланыс агенттігі төрағасының, Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттік төрағасының бірлескен бұйрықтары негізінде Алматының Түркісіб ауданы мен Алмалы ауданында ашылған алғашқы ТҚО-лардың бүгінгі жағдайы сын көтермейді. Қаладағы 6 ауданның әрқайсысында осындай бөлек-бөлек орталықтар құрудың орнына, мұндағылар Түркісіб ауданындағы ТҚО-ға Жетісу ауданының тұрғындарын қосып, Алмалы ауданындағы ТҚО-ға Бостандық, Әуезов, Медеу аудандарының тұрғындарын қосып, «жалқы терезе» қағидасын «бармақ басты, көз қыстыға» айналдырып жіберіпті.

Түркісіб ауданындағы ТҚО директоры Айгүл Ахметова бұл жөнінде былай дейді:

– Мен дәл осы қызметке байланысты шетелден арнайы білім алып қайтқан маманмын. Ол жақта мына сияқты тұрғындарға қызмет көрсету орталығы ең ары барғанда 100 мың адамға есептелген. Ал бізде 23 терезе бар. Екі ауданның 370 мың адамға жуық тұрғынына осы терезелер арқылы 50 түрлі құжаттандыру қызметі көрсетіледі. Соған қарамастан иін тірескен кезекті көре алмайсыз. Бір адам ең ұзақ дегенде 10 минуттан артық күтпейді. Бізді толғандыратын бір-ақ мәселе бар. Ол – ғимараттың тарлығы. Әкімшілік қолұшын беріп, Жетісу ауданын бөлек отау етіп шығарса, халыққа дүниежүзілік стандартқа сай қызмет көрсетер едік...

Шынында да, мұндағы қызметкерлердің жанкешті еңбегінің арқасында құжат алуға келген адам 10 минуттің ішінде өз жұмысын тындырып кететініне көзіміз бұрын да жаткен, қазір де жетіп отыр.

Алайда, Алмалы ауданындағы ТҚО-ға құжат алу үшін келген көпшілік бұған мүлдем кереғар жағдайға тап болуда. Осы жерден кейбір таныстарымызды жолықтырып, қызмет сапасы туралы жөн сұрап едік, зарлап қоя берді. Он минөт тұрмақ он сағаттың ішінде бұл жерден құжат алу мүмкін емес екен. Осы мекеменің директоры Ержан Ыбыраевтың айтуына қарағанда, мұның себептері төмендегідей:

Алмалы ауданында 180 мың адам тұрады. Оған Бостандық ауданын (185.500 адам), Әуезов (329.100), Медеу (145.100) аудандарының тұрғындарын да қосып жіберген. Қосылған үш ауданның тұрғындары жерге, жылжымайтын мүлікке қатысты құжаттарын осы Алмалы ауданының «жалқы терезесінен» алады. Сөйтіп, ұзын саны бір миллионға жуық адамның құжаттарын рәсімдеу ісі бар-жоғы 150 мың адамға есептелініп салынған Алмалы аудандық тұрғындарға қызмет көрсету орталығына жүктеліп кете барған.

Қазірде жарты миллионға жуық тұрғыны бар Әуезов ауданында үй сату мен сатып алу жұмыстары басқа аудандарға қарағанда жиі жүзеге асады. Олардың құжаттары осы ТҚО-да рәсімделеді. Алмалы мен Медеу аудандарында кеңселер мен әртүрлі мекемелер көп. Оларда жасалып жатқан келісім-шарттар мен ресми құжаттардың барлығы Алмалы ауданының ТҚО-сынан өтеді. Медеу ауданында жылжымайтын мүлікті жалға беру, жаңадан салынған ғимараттарды тіркеу шаралары бір толастамайды. Ал енді осылардың бәрін құжаттандыруды бір орталықтың мойнынына іле салу – жұмысты жеңілдетпек түгілі бұрынғы күнге зар етіп тұр.

Әр ауданның өзінде жаңа ТҚО ашылғанша оларды бұрынғы қалпында, яғни осы аудан тұрғындары бұрын қай жерде құжаттандырылса, сол жерде қалдыра тұруға болмаса еді деген заңды сұрақ туады. Әрине болар еді. Бірақ Елбасының Жолдауына дер кезінде «қолдау» көрсетуді науқанға айналдырудың соңы осындай берекесіздікке әкеліп соқтырды. Дәлірек айтқанда, қарапайым халықтың мойнына ауыртпалық болып түсті.

Алматы қалалық Әділет департаментінің бастығы Нұржан Егінбаевтың айтуына қарағанда, алдағы уақытта Бостандық ауданында жаңадан тағы бір ТҚО ашылмақшы. Оған қажетті мамандарды Алмалы ауданының ТҚО-сы дайындау үстінде. Әуезов ауданында ТҚО ашу үшін қалалық әкімшілік жер бөліпті. Ғимаратты Әділет министрлігі өзі салып алмақшы. Оған қажетті мамандар да Алмалы ауданының ТҚО-сынан алынады.

Мамандар даярлау бұлардың міндетіне кірмесе де «кірмелерден» құтылуға өздері асық болып отырған соң, осылай жасауға мәжбүр. Ғылым және білім министрлігі немесе жергілікті әкімшілік шешуге тиісті бұл мәселе де алдағы уақытта өзекті әңгіменің арқауына айналуы әбден мүмкін. Әзірге «байтал түгілі бас қайғы».

Аудандық әкімдерден көмек шамалы. Жерді қалалық әкімшілік бөледі. Алайда Алматыда бос ғимарат та, бос жер де жоқ. Кезінде бәрі сатылып кеткен.

Биылғы жылдың 24 қаңтарында ҚР Премьер-министрінің атына жазған хатына Алматы қаласы әкімінің бірінші орынбасары Кайрат Бүкенов мырза Түркісіб, Жетісу, Әуезов, Алмалы аудандарында жаңадан ТҚО ғимараттарын салу үшін жер бөлінгенін хабарлапты. Өне, шындап іздесе бәрі де табылады екен. Бұл енді жарқын болашақтың ісі. Әзірге бір құжат алу үшін Алматыдағы 4 ауданның тұрғындары бір-бірінің жағасын жыртысып, «жалқы терезенің» алдында жанталасып жүр.

Бұл жағдайдың астарына үңіле берсең, неше түрлі күдікті ойлар алдыңнан шығады.

Мәселен, «БТИ» деп аталатын мекеменің басшылығы өздері осы уақытқа дейін жеке айналысып келген пәтерге қатысты құжаттандыру ісінің ТҚО-ға, яғни әділет департаментінің құзырына өткенін ұнатпайтын көрінеді. Алматы қалалық әділет департаментінің бастығы Н.Егінбаевтың айтуына қарағанда, олар бұған дейін тұрғындардан пәтерді бағалау жөніндегі анықтама талап етіп, әр адамнан 800 теңге, сол пәтердің еш жерде кепілдікке қойылмағандығы, тағы басқа былық-шылыққа қа-

тысы жоқтығы жөнінде анықтама талап етіп, әр адамнан 200 теңгеден ақша алып отырған. Жиналған қаржының жартысын мемлекетке өткізгенімен, жартысын өздерінің жалақыларына қосымша ретінде пайдаланып келген. Ал шын мәнінде алғашқы анықтаманың түкке керегі жоқ екенін әділет департаменті анықтап отыр. Екінші анықтаманы әділет департаменті халыққа тегін беру жөнінде шешім қабылдапты.

Ендеше сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында дүниеге келген осынау «жалқы терезе» қағидасының өміршендігі өзінен өзі көзге ұрып тұр.

«Президент және Халық» газеті
2 наурыз, 2007 жыл

БІРДЕН БАСПАНАЛЫ БОЛҒЫҢ КЕЛСЕ

Қаладағы қазақтар үшін баспана мәселесі бұрын да ең қиын түйін еді, қазір ол одан да қиындай түсті. Ауылдан қалаға келушілер легі әлі толастаған жоқ. Шетелдерден ежелгі отанына қайтқан оралмандар да қалаға қарай бет алуда. Қазақ ұлт болып ұюы үшін қалаға қарай ұмтылғандары дұрыс екенін өмірдің өзі дәлелдей бастады. Келешек ұрпағымыз өндіріс пен ғылымды өз қолдарына алғанда ғана бүгінгі тіл, дін, жаңа заманға сай салт-дәстүр, демография деп жүрген зәруліктеріміз өз-өзінен шешілетіні дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Ал бұларға қол жеткізу үшін жастарымыз да, жасамыстарымыз да алдамен баспана мәселесін шешіп алулары керек.

Сондықтан да, Қазақстан Республикасының Президенті биылғы халыққа Жолдауында «Баспанаң болмайынша, түгін түтетіп, бала өсіру қиын. Ағымдағы жылы тұрғын үй құрылысы бағдарламасының шеңберінде бюджеттен бөлінген қаражаттың есебінен ғана халықтың әлеуметтік қорғалатын топтары үшін 1600 пәтер салу және ипотекалық бағдарлама бойынша халықтың қолы жететін арзан 11 мың 700 пәтер салу қажет» деп көрсетті.

Шындап келгенде мұның өзі теңізге құйған тамшыдай ғана емес пе? Бүгінде бір ғана Алматыда баспанаға мұқтаждар кезегінде 39 мың адам тұрған көрінеді. Еліміздегі ірі қалалар мен облыстарда әр шаршы метрі 350 АҚШ долларынан аспайтын тұрғын үй құрылыстары қарқын ала бастады. Біздің қандастарымыз осынау жеңілдікті пайдалануға келгенде тағы асығар емес. Кейбір «пысықтар» олардың алдын орап бара жатқанын байқаған соң да осы мақаланы жазуға тура келіп отыр. «Ипотекасы құрысын, өмірбақи қарызға батып қалады екенсің» деп бір-біріне ақыл айтып жүргендерге алдымен мынадай сауал қойғанымыз артық болмас деп ойлаймыз.

«Ипотека» деген не өзі?

«Ол қалтаңда бір тиының болмаса да өзің қалаған жайлы пәтерге бір күнде ие бола қалудың ұтымды жолы» десек, бәлкім елең ете қаларсыздар. Егер елең ете қалғандарыңыз рас болса, онда одан әрі тыңдаңыздар. Бұл айтылғандарға ипотекалық несиесі арқылы қол жеткізуге болады екен. «Ол не тағы?» дерсіздер. Ол – сатып алынатын тұрғын жайды кепілдікке қою арқылы банктен несие алу деген сөз. Несие алу үшін өзіңіз сатып алуға тиісті пәтер құнының 10-15 пайызын алдын-ала төлеуіңіз керек. Сонда сізге 10 пайыз өсіммен 20 жылға пәтер құнының ақшасы түгелдей беріледі. Есіңізге сақтаңыз, жоғарыда 10 пайыз өсімді банктің тілімен «сыйақы» дейді.

Осы сыйақы алдағы уақыттағы теңгенің құнсыздануына немесе доллар деңгейінің өсуіне қарай өсіп, кеміп отырады. Қарапайым халықтың көбісі болашақта доллардың құны өсіп кетсе, ұтылып қаламыз деп үрейленетіні де рас. Оған негіз жоқ екендігі түсінікті ғой. Егер еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, экономикамыздың бүгінгі өсу қарқыны одан әрі жалғаса берсе, банкінің де жағдайы жақсарады. Банкі сізге берген сыйақысын да жыл сайын азайта түсуі мүмкін. Қалаға жаңа көшіп келген қазақ үшін бұдан тиімді қандай жол бар? Мәселен, кеңес дәуірінде біздер ондаған жылдар бойы біреудің жаман лашығын жалдап тұрып, әрең дегенде үкіметтің үйіне қол жеткіздік. Жалға берген ақшамыз сол күйі кетті. Осы қаржыны бір күнде біреу қолымызға берсе, ойланбастан пәтер сатып алар едік қой. Ондай мүмкіндік бізде болмады. Қазір бар. Ал сіз ипотекалық несиенің өсіміне 20 жыл бойы төлеген 10 пайыз төлемақыңыз сатып алған үйіңіздің жалпы құнының үштен біріне ғана тең екенін ойласаңыз, пәтер жалдауға кеткен ақшаның жанында ол түкке тұрамайтындығына көз жеткізер едіңіз.

Кімдерге беріледі?

Мемлекеттік бағдарламаға сәйкес ипотекалық несие жүйесі арқылы бірінші кезекте тұрғын үймен мына азаматтар қамтамасыз етіледі:

- Балалары бар жас отбасылар;
- Мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландыратын мемлекеттік органдар мен мекеме қызметкерлері;
- Әлеуметтік саладағы мемлекеттік кәсіпорындардың қызметкерлері;
- Аудандық, қалалық әкімшіліктерде баспана кезегінде тұрғандар.
- Ипотекалық несие жүйесімен пәтер алушылар алдымен мынадай құжаттарды Тұрғын үй департаментіне өткізеді:
- Тұрғылықты тіркеуде тұрған жерін дәлелдейтін үй кітабының көшірмесі;
- Жылжымайтын мүлік орталығынан анықтама;
- Жұмыс орнынан анықтама.

Осы құжаттарды өтінішпен қоса Тұрғын үй департаментіне өткізгеннен кейін сіздің баспана мұқтаждыңыңыз сол жерде анықталады. Бәрі дұрыс болса, тізімге енгізілесіз. Бұл тізім «Қазақстан ипотекалық компаниясына» жіберіледі.

Ондағылар алушы азаматтың төлем қабілетін анықтау үшін екінші деңгейдегі 14 ынтымақтас банктерге ақпарат таратады. Несие алуға мүдделі адам өзінің алдын-ала төлем қабілетін анықтау үшін өзі таңдаған банктің біріне барады. Төлемақы төлеу қабілеттігі бекітілгеннен кейін ол жөнінде департаментке хабарланады.

Ал төлем қабілеттігіңізді қалай дәлелдейсіз? Ол үшін отбасы мүшелеріңіздің жылдық табысы туралы анықтамалар, туған туыстарыңыздың кепілдігі керек.

Қаражатыңыз жетпеді

Мұндайда табыс көздері қаржы мекемелерінде дәлелденген несие алушының туыстары да ипотекалық несие алуға кепілдік бере алады екен. Қарға тамырлы қазаққа керегі де осы емес пе!

Туысың, төркінің, нағашы-жиенің, құда-жекжатың, дос-жарандарың өздерінің жылжымайтын мүліктерін сіз үшін уақытша кепілдікке қояды да, бір-ақ сәтте сізді баспаналы етеді. Одан кейінгісін жата-жастана шеше бересіз. Ең бастысы, бала-шағаңызды алаңсыз өсіруге мүмкіндік туды.

Төлемақыны өтей алмасаңыз

Саспаңыз. Ипотекалық несиеге сатып алынған үйіңіз банкінің кепілдігінде тұрған жоқ па? Банк үйді сізден алады да, сіздің осы уақытқа дейін төлеген төлемақыңызды қайтарады. Бірақ 20 жыл ішінде сізден алынатын төлемақыдан түсетін пайданың белгілі бір мөлшерін айып ретінде ұстап қалады. Себебі, ол пайда сіздің кесіріңізден банкіге түспей қалғаны түсінікті шығар. Енді сіз банктен алған ақшаңызға үстеме қаржы қосып, арзан баспана сатып аласыз ба, басқа амалдарын қарастырасыз ба, ол өз еркіңізде.

Ұзын сөздің қысқасы

Біз бұл жерде ипотекалық несиеге қатысты жайлардың ең негізгілеріне тоқталдық. Кімде-кім ипотекалық несие арқылы үй сатып алу жолдарын нақты зерттегісі келсе, 2003 жылы толықтырылып қайта жарық көрген Азаматтық кодексті қарап шыққаны дұрыс. Ондағы тұрғын үйге қатысты баптардың біразында ипотекаға қатысты өзгертулер бар. Сондай-ақ, Қазақстан ипотекалық компаниясындағы мамандар мен несие беретін банк қызметкерлерімен кеңескен жөн. Олар сізге сатып алатын үйді және өзіңізді сақтандыру, үй сатып алудағы кейбір қамсыздандыру шараларымен нақты таныстырады. Көптеген құжаттар дайындау машақатына да тап боласыз. Келісім-шартқа отырар сәтте ҚИК заңгерлерінің көмегі ауадай қажет болады. ҚИК-тің интернеттегі сайтымен де танысыңыз (www.kmc.kz).

Қаперге алар деректер

Республиканың Статистика жөніндегі агенттігінің мәліметіне қарағанда, өткен 2004 жылы Қазақстандағы құрылыс

жұмыстары көлемі 490 миллиард теңге құраған. Мұнда 78 пайыздық көрсеткішке ие жеке құрылыс ұйымдарының үлес салмағы басым екендігін де айта кету қажет. Еліміздің 13 өңірінде құрылыс жұмыстары көлемі 2003 жылғы деңгейден асып түскен. Олардың қатарында Ақтөбе, Павлодар, Алматы, Қостанай облыстары мен Астана және Алматы қалалары бар. Жұмыс көлемі жағынан кейін қалушылық өткен жылдың қорытындысы бойынша, Батыс Қазақстан, Жамбыл және Ақмола облыстарында орын алған.

2004 жылдың қаңтар, желтоқсан айлары арасында жалпы алаңы 3723 мың шаршы метрді құрайтын 17156 ғимарат бой көтерген. Оның ішінде тұрғын жай мақсаттағысы – 13497 ғимарат. Оның көлемі 2701 мың шаршы метрді құрайды. Бұл – ипотекалық несиелеумен үй алушылар саны да жылдан жылға көбейіп келе жатқанын байқатады. Алдағы уақытта экономикалық жағдай қалай дамитынын тап басып ешкім айта алмас. Сондықтан, бүгінгі оңтайлы сәтті пайдаланып қалудың өзі ұлттық мәселе екенін ұмытпайық, ағайын!

**«Қазақстан-Заман» газеті,
20 мамыр, 2005 жыл**

ЖҰМЫССЫЗҒА ЖҰМЫС ТАУЫП БЕРЕР ЕМ

Қазақ ССР халық депутаты, Павлодар облысы, Ертіс ауданы, «Голубовск» совхозының директоры Қайыржан Шабенұлы Шабеновпен сұхбат

– Кәке, міне Қазақ ССР Жоғарғы Советі екінші сессиясының бірінші жартысы аяқталып, екінші жартысы басталып кетті. Осы аралықтың өзінде біраз жұмыс тындырылған сияқты.

– Шындығын айтайын, сессияның бірінші жартысында пікір қайшылығы үстемдік еткенімен күн тәртібіндегі негізгі мәселелердің біразы орындалмай қалды. Мысалы, «Қазақ ССР-ғы халық депутатының статусы туралы» және «Қазақ ССР халық депутатын кері шақырып алу туралы», нарықтық экономикаға көшу туралы және тағы басқа Заңдар қайтадан толықтырылуға жіберілді. Президенттік биліктің құрылымы жөніндегі заң жобасы да кейінге ысырылды. Мұның себебі неде деп ойлайсыз? Меніңше, осының бәрі депутаттардың білім дәрежесінің, көзқарастарының ала-құлалығынан ба деп ойлаймын. Кейде бір ұсақ-түйек мәселелерге байланысты үлкен дау тудырып, бұра тартып алтын уақытты босқа жіберіп аламыз.

– Пікір таластырудың жөні осы екен деп әркім әр ойдың басын бір шала бергеннен ұтылмасақ, ұтпаймыз демекшісіз ғой. Осы орайда «Демократиялық Қазақстан» ұйымы жөнінде не айтар едіңіз?

– Бұл ұйымының бір жақсысы – олар ұлтшылдық, жікшілдік сияқты теріс пиғылдан аулақ екенін айтуымыз керек. Кейбір көзқарастардағы қарама-қайшылықтарға қарамастан тұнық суға тас лақтырғандай залдағыларды елең еткізіп, көңіл түпкіріндегі көп ойларға қозғау салып отырды. Бірізділікке мойынсұнып кеткен біздер тосын пікірге әдетте таңырқай қараймыз. Онымыз дұрыс емес. Жоқ жерден дау-дамай туғызуға әуестенбей,

салмақты ойдың ұшығынан ұстауға, байыпты талқылауға бой алдыра алмай-ақ қойдық. Осындайлар кейде көңілге кірбін түсіреді.

– Әсіресе, меншік туралы Заңның төңірегінде дау-дамай көбірек болды ғой. Оның себебі неде деп ойлайсыз?

– Меншік туралы Заңды екі күн қарадық. Өйткені, жетпіс жылдан астам уақыт бойы бүкіл жер, су, қазба байлықтардың бәрі халықтікі, ал халықтың байлығы менің байлығым деген сыңаржақ ұғым санамызда сіңіп қалды емес пе?! Енді сол қатып қалған қағиданы бірден бұзу оңайға түскен жоқ. Алуан түрлі айтыс-тартыстың туындау себебі содан. Жалпы жер мәселесін шешпес бұрын меншік туралы Заңды қабылдағанмыз дұрыс болды. Бұл екі Заң бір-бірімен тығыз байланысты. Ең басты байлығымыз – жер. Сол жеріміз өзіміздің даусыз меншігіміз екенін біреуге дәлелдеп жатуды өз басым артық санар едім. Бірақ, депутаттардың шынымен-ақ өресі төмен бе, әлде әдейі істей ме, бұл жөнінде орынсыз талас тудырып, қаншама уақытты зая кетірді.

– Дұрыс-ақ, жер республиканың меншігі екендігіне енді ешкімнің дауы жоқ шығар. Дегенмен оған кім қалай иелік етеді, қалай пайдаланады деген мәселеге келгенде тағы да әртүрлі пікірлер туындайтыны сөзсіз. Мысалы, Қазақ ССР Министрлер Советі Төрағасының орынбасары Э.Х. Гукасов жергілікті Советтер ешқашанда меншік иесі бола алмайды деген пікірін сессияда ашық айтты. Бұған қалай қарайсыз?

– Рас, кейбіреулер жер совхоздың меншігі, колхоздың меншігі, өнеркәсіптің меншігі деп бөлуді қалады. Мен бұған келіспеймін. Себебі, жер Қазақ ССР-нің меншігі болған соң ол жергілікті тұрғындардың тікелей меншігі болып табылады. Ендеше, ауылдық жерде бүкіл жердің қожасы ауылдық Совет, ауданда аудандық Совет, облыста облыстық Совет болуға тиісті. Онсыз Советтерге билік бере алмаймыз. Ал, Советке билік беру дегеніміз халыққа билік беру деген сөз. Уақыт бізден осыны талап етіп отыр!

– Кәке, сіз совхоз директорысыз, шаруашылық басшысысыз. Жоғарыда айтқан ойларыңызды енді тікелей өз тәжірибелеріңізбен байланыстыра әңгімелеп көріңізші.

– Жақсы. Мысалы, мен басқаратын совхозда 30 мың гектар жер бар. Одан түсетін өнімнің бәрі мемлекеттік қорға құйылатынын білесіз. Жергілікті халық сол өнімдерді өндіргені үшін айлық ақы алады. Ал өздеріне түсетін пайданың мөлшері тым аз. Егер осы жердің бәріне Советтер қожалық етсе, жағдай мүлдем басқаша болар еді ғой.

– Онда сіз қазіргі директорлық қызметіңізді ауылдық Советтің төрағасына тапсыруыңызға тура келетін шығар?

– Жоқ, шаруашылық басшысы шаруашылықты жүргізе береді. Бірақ жер Советтің иелігінде болған соң шаруашылық ол жерді не арендаға алады немесе жергілікті Советпен шартқа отырады. Міне, сонда жерді кім көрінген қидалап, оған ведомстволық өктемдік жүргізе алмайды. Өйткені, бәрі есептеулі. Осының нәтижесінде жердің құнарлығы артады, елдің жағдайы жақсарады. «Жері байдың елі бай» деген сөз бұрындар бекерден-бекер айтылмаған.

– Қазіргі арендалық-мердігерлік әдіс ол кезде өмірдің негізі өзегіне айналады десенізші.

– Дәл солай. Мысалы, біздің «Голубовск» совхозында 13 мың гектар жерді бес жыл мерзімге арендаға бердік. Онда бес арендалық звено жұмыс істейді. Әр звенода 4-5 адам бар. Олар сонау ерте көктемде қар тоқтату жұмысынан бастап жерді жырту, егінді себу, ору, жинауға дейін түгелдей өздері атқарады. Еңбекақылары жылдың қорытындысы бойынша төленеді. Әрине, арасында ептеп несие ақша беріп отырамыз. Өздерінің тракторы, ауылшаруашылық машиналары бар. Оларды күтіп-баптап, жөндеу жұмыстары да өз мойындарында.

Нәтижесінде адамдардың еңбекке деген құлшынысы артады. Шындығын айтсам, совхозымыздың шаруашылығын қазіргі кезде алға бастырып тұрған солар.

– Егер жаңағы өзіңіз айтқан 30 мың гектар жерге Советтер толық иелік етіп, осы әдіспен жұмыс жүргізсе пайда шаш етекпен болады екен-ау.

– Сөз бар ма. Қазір Советтердің қолында жер жоқтың қасы. Жер болмаған соң қаржы қайдан болсын. Қаржысыз билік жүргіземін деу бос сөз. «Барлық билік Советтерге берілсін!» деген ұран сол ұран күйінде қалып келе жатқан себебі де осыдан.

– **Жерді жалға қанша уақытқа беру керек деп ойлайсыз?**

– Жерді ең аз дегенде 15-20 жылға беру керек. Сонда арендатор ол жерден болашақта мол өнім алу үшін құнарлылығын сақтауға тырысады. Ал егер қысқа мерзімге берсек, екі-үш жылдың ішінде мол пайда табу мақсатымен жердің бар нәрін сорып алуға тырысады да, ақыры құртып тынады. Сондықтан, жерді арендаға ұзақ мерзімге берген дұрыс. Бірақ жер ешкімге сатылмауға тиісті.

– **Кәке, совхозыңыздың аты «Голубовск» екен. Бұл о баста солай аталып па еді, жоқ әлде қазақша атауы бар ма еді?**

– Біздің жердің негізгі аты «Тоқта» деп аталады. Тың көтерушілер келіп дәл жанынан жаңа совхоздың іресін көтерген кезде өздерінше осылай «Голубовск» деп атаған екен. Келекеле Тоқта деген жер атауы ұмытыла бастады. Енді Советтер билікті қолына толық алған соң совхозымызды «Тоқта» деп атауды ұйғарып отырмыз. Бұл таяу арада шешіліп қалатын шығар деп ойлаймын.

– **Әлгінде Советтерге байланысты қаржы жөнінде айттыңыз. Бұл мәселе сессияда да қаралды. Қазақ ССР Министрлер Советінің Төрағасы Ұ. Қ. Қараманов қаржы жоғарыдан бөлінуге тиісті деген көзқарасты қолдады. Ал, «Экономикалық реформа, бюджет және қаржы мәселелері жөніндегі» тұрақты комиссияның төрағасы С. Т. Тәкежанов қаржы алдымен төменгі жақта жинақталып, сосын жоғарыға қарай бөлінуі қажет деді. Осы екі пікірдің қайсысы көкейіңізге қонады?**

– Мен соңғы пікірді қолдаймын. Себебі, қаржы бұрындар Одақтан республикаға, республикадан облысқа, облыстан ауданға, ауданнан совхозға қарай бөлінетін де, ең соңында біздің қолымызға өте аз мөлшері ғана тиетін. Онымен қай жыртығы-

мызды жамарымызды білмей басымыз қататын. Егер қаржы бөлу төменнен басталса, біз алдымен өзімізге қажетті нәрселерді жолға қойып алар едік. Жоғары жақ жергілікті жерлердегі сұраныс мөлшерін нақты білмейді, мұның соңы теңгермешілікке әкеліп соқтырады. Қаржы төменнен бөлінгеннің өзінде оны реттеп отырмаса тағы болмайды, әйтпесе жергілікті жердегілер бар қаржыны өздеріне алып қалып, жоғары жаққа ештеңе бермей қоюы мүмкін. Сондықтан, алдымен жергілікті халықтың әлеуметтік жағдайын зерттеп, оларға қанша мөлшерде қаржы бөлу керек екенін анықтау керек. Бұдан кейін аудан, облыстағы жағдайлар да белгілі бола бастайды. Сосын жоғарыдан төмен қарай қажетті қаржыны бөле берсін.

– Сөйтсе де **Ұ. Қ. Қараманов жолдастың пікірі өтіп кететін сияқты. Өйткені, ол кісі үкімет басшысы ғой.**

– Олай болмайтын шығар. Мұндай мәселелерді, негізінен, депутаттар шешеді ғой. Жоғарғы Советіміз бар, онымен бәрі есептеседі.

– **Нарықты экономика туралы пікіріңізді ортаға сала кетсеңіз?**

– Қазіргі тығырықтан шығудың бірден-бір жолы осы нарықты экономика деп білемін. Бірақ бұған қашан толық кешіп боламыз әзірге белгісіз. Бес-он жылға дейін созыла ма кім білсін.

Нарықты экономика кезінде жұмыссыздық пайда болады дейді. Осы менің ақылыма сыймайды. Бізде жұмысшы жетпей жатқанда жұмыссыздық қалайша тууға тиіс. Мысалы, кейінгі жылдары Павлодар облысына Қытайдан, Вьетнамнан жұмысшылар әкелінді. Яғни жұмысшы күші жетіспейді. Совхозда, ауданда да солай. Егер жұмыссыздық пайда болса мен өзімнің совхозымнан-ақ қаншама адамға жұмыс тауып берер едім. Бірақ, сол жұмыс бар жерге ешкім барғысы келмей бәрі қашып, бір жерге ұйлығып алатыны қызық.

– **Себебі, онда халықтың тұрмысына қолайлы жағдай жасалмаған. Сондықтан, бәрі жайлы орынға жайғасуға тырысады да.**

— Оныңыз рас. Алдымен елдің әлеуметтік жағдайын түзеп алмай, шаруашылықты жолға қою қиын. Сондықтан, жұмысшылар жетіспей жатқан жердегі әлеуметтік жағдайды жақсартып, халықты солай қарай апарудың жолын қарастыратын кез жетті. «Ел ерге қарайды». дегендей, қалың жұртшылықтың бізден күтері көп. Сол сенімнен шыға алмай жерге қарап қалмайық дегім келеді өзімнің әріптестеріме.

— **Әңгімеңізге рахмет. Ел алдында еңселеріңіз биіктей берсін!**

«Халық кеңесі» газеті,
22 қараша, 1990 жыл

ЗӘРУ МӘСЕЛЕЛЕР ҚОЛМА-ҚОЛ ШЕШІЛЕДІ

Алматы қаласындағы Түрксіб ауданы оңтүстік астананың темір жол және әуе қақпасы тәрізді. Өндіріс орындарының бірқатары да осында шоғырланған. Жұртшылық негізінен бір-екі қабатты үйлерде тұрады. Коммуникациялық проблемалардың жиі туып қалатыны да содан. Аудан әкімі Владимир Алексеевич Васильев азаматтарды қабылдаудан репортаж жүргізу үшін келген «Президент және Халық» газеті тілшілер тобына ауданның дамуына байланысты бірқатар ой-пікірлерімен бөлісті.

Сағат 2.00-де қабылдау басталып кетті. Арыз айтушы Ақан сері көшесінің 6/8-үй 12-ші пәтер тұрғыны Елена Белякина деген жастау әйел болып шықты. Ол әкім Владимир Алексеевич Васильевке өздері тұрып жатқан үйдің жылу, жөндеу жұмыстары, тағы басқа мәселесімен келіпті.

– Қыс түсе бастаса болды, бізді осы зәрулік қинайды да тұрады. Жыл да солай. Пәтерлеріміз суық. Балаларымыз жиі ауырады. Пәтер иелері кооперативінің бастығы бұл іспен айналысуды қойды. Сіздерге бірнеше рет арыз жазғанбыз. Орынбасарыңыз Талғат Көшенұлы Разақов та бұдан хабардар. Кімге барсақ та «Пәтер иелерінің кооперативі төрағасы шешуге тиісті» деп шығарып салады. Енді еріксіз өзіңізге жүгініп отырмыз. Мен сол үйдегі барлық тұрғындарының атынан келдім, – деген Елена Александровнаның сөзін әкім Владимир Алексеевич сабырлы күйде ұзақ тыңдады.

Е.Белякинаның айтуына қарағанда, бұлар тұратын үйдің жертелелеріндегі құбырлардың барлығы тозған, тесілген. Көп қабатты үйдің асты көлкілдеген суға толып тұр. Кіре беріс-тегі электр желілері түйіскен орындардағы сымдар да тозған. Кейбіреулері тіптен ашық жатыр. Егер қараңғыда біреудің қолы тиіп кетсе, тоққа түсуі әбден мүмкін. Е. Белякинаның айтуынша, осы мәселенің бәрін ПИК төрағасы тұрғындардың иығына артып салған көрінеді. Ал, пәтер иелерінің бұған шамасы

жетпейтіндігі айтпаса да түсінікті. Сондай-ақ, кіре беріс дәліздерге ешқашан жөндеу-сырлау жұмыстары жүргізілмепті. Тіптен, осы үйдегі 30-шы пәтерге жөндеу жұмыстары жүргізілуі салдарынан бүкіл үйге ыстық су келмей қалған. Біреу үшін бәрін арам қатыру деген осы шығар. Бұл дегеніңіз, енді нақты шектен шығушылық. Егер әкім араласпаса, бұл жағдайды ешкім де шеше алмайды дегенді Елена Александровна ашық айтты:

– ПИК төрағасы біздің арызымызды обалы не керек, мұғият тыңдайды. Сосын үйіп-төгіп уәдесін береді. Бірақ ешнәрсе өзгермейді. Енді не істеуіміз керек?

Бұл сұраққа әкім тарапынан қандай жауап болатындығын біз айтқызбай-ақ сезіп отырмыз. Өйткені, мұның алдында Жетісу, Әуезов, Бостандық, Алмалы аудандары әкімдерінің қабылдауында болғанымызда да дәл осы мәселемен ондаған азамат келгені есімізде. Әкімдер оларға ПИК төрағасының міндеті мен әкімшілік арасындағы ресми қатынастардың мән-жайын бүге-шүгесіне дейін түсіндірген. Бұл мәселе жайындағы сөзді көбейтпес үшін, біз оқырмандарға осы кездесуден түйген ойымызды қысқаша жеткізе кетелік.

ПИК дегеніміз, еліміздегі жаңа нарықтық қатынастарға байланысты туындаған жаңа құрылым екені рас. Пәтер иелерінің кооперативі болған соң олар жергілікті әкімшілікке бағынбайды. Пәтер иелері өздерінің есепті жиналысында өз араларынан ПИК төрағасын сайлайды. Ал ПИК төрағасы тұрғындармен келісе отырып, өзінің шағын аппаратын жасақтайды. Есепші, инженер, электрик, аула сыпырушы, қоқыс шығарушы, бәрі де ПИК жиналысында жасақталады. Бұдан кейін әр пәтер иесімен жарна жинау мәселесі келісіледі. Жарнадан жинаған қаржы арқылы олар өздерінің жоғарыда айтылған зәруліктерін шешуге тиісті. Егер оған жергілікті билік өкілдері араласатын болса, бұл заң бойынша сыбайлас жемқорлыққа апаратын бірден-бір жол деп есептелінеді. Яғни, билік оларға бұйрық-нұсқау беру арқылы тұрғындардың жеке қазынасына қол сұғуы мүмкін екендігі

құжаттарда ашық көрсетілген. Міне, сондықтан да, әкімшілік ПИК жұмысына тікелей араласа алмайды. Бірақ, Владимир Алексеевич бұл күні қабылдауға келген жалғыз адам – Е. Белякинаға ПИК-қа байланысты шаруалардың бәрін бүге-шүгесіне дейін түсіндіріп шықты. Әкімнің сөзін мұқият тыңдаған Елена Александровна бәрібір әкімнің бұл іске тікелей араласуын өтініп сұрады. Әкім келісімін берді. Келесі күнге Е. Белякина тұратын үйге қатысты ПИК төрағасын мұнда шақыруға нұсқау берді. Е. Белякина әкім қабылдауынан риза болып шықты.

Кездесу ары қарай әкім Владимир Васильевпен сұхбат түрінде жалғасты. Көкейімізде жүрген сауалдардың біразына жауап алдық.

– Түрксіб ауданында арыз айтушылар аз екен. Бұған қарағанда Сіздерде халықтың мұң-мұқтажы түгелдей шешілген деген пікір түйе бола ма?

– Олай деп айтуға әлі ерте,– деп, біздің әзіл аралас сұрағымызға Владимир Алексеевич жымия отырып жауап қайтарды. – Алматы қаласындағы басқа аудан әкімдерін халықты қабылдау тәртібі қалай екендігін білмеймін, ал біз өтініш айтып келген адамдардың кез келгенін сол уақытта қабылдай береміз. Бөлім бастықтарынан бастап, менің орынбасарларымның бәрінің есігі келушілерге айқара ашық. Өйткені, арыз-шағым айтушылар уақытты созғанды ұнатпайды. Бүгін-ертең кел деп шығарып салсаң, олар көңілдері қалып, өкпелеп кетеді. Әр шағымның, әр өтініштің артында көптеген адам тағдыры жатыр емес пе? Сондықтан, қолымыздан келгенінше әкімшілікке бас сұққан адамдардың меселін қайтармай, мәселесін дереу шешуге тырысамыз. Бүгін арнайы қабылдауға жалғыз адамның келу себебі де содан.

– Келушілерді көбінесе қандай мәселелер толғандырады?

– Әсіресе, тұрғын үй және ПИК-тер төрағалары мен төрайымдарының атына арыз-шағым айтушылар азаяр емес. Себебі, қарапайым халық әлі сол кеңестік дәуірдегі менталиттен арыла алмауда. Өздері тұрып жатқан үйдің жеке меншікке айналғанын, енді оған тек қана өздері иелік етіп, өздері жөндеуден өткі-

зу керектігін, тағы да басқа қажеттіліктерді өздері ғана бірігіп шешетіндіктерін, сол үшін кооперативке біріккендерін кейде ұмытып қалатын тәрізді. Бәрін баяғыдай атқарушы билік шешеді деп түсінеді. Сөйтеді де, бізге келіп арыз-шағым айтады. Әрқайсысына жаңағыдай түсіндіріп отыруға тура келеді.

– Сіз жаңа ПИК төрағасымен сөйлесіп, арыз айтушының мәселесін шешуге уәде бердіңіз. Бұл іске араласуға сіздерге рұқсат берілген бе?

– Жоқ. Заң бойынша біз олардың ісіне араласуға тиісті емеспіз. Дегенмен, осы ауданға қатысты аумақта тұрып жатқан адамдардың кез келген зәру мәселесін шешу міндетіміз ғой. Сондықтан, ертең үстінен шағым түскен ПИК төрағасымен сөйлесуге тура келеді. Бұйрық, нұсқау бермесек те, адам ретінде ол төрағаға енді өзіміз өтініш айтуымызға тура келеді.

– Бұл мәселе жөнінде Парламентте заң қабылданды деп еді. Ол жағы не болып жатыр?

– «Жергілікті өзін-өзі басқару туралы» Заңның жобасы жасалғалы да біраз уақыт болды. Парламентке ұсынылған, бірақ әзірге қаралар емес. Егер ол Заң таяу арада қабылданса, ПИК мәселесі де оңды шешімін табар еді деп ойлаймын. Бәлкім, бұрындары жергілікті биліктің ықпалында болған көп қабатты үйлердің зәруліктерін шешу ісі қайтадан әкімшіліктің құзырына берілетін шығар. Өйткені, көп қабатты үйлер мен бір қабатты жеке меншік үйлер арасындағы мұқтаждықтардың айырмашылығы жер мен көктей. Меніңше, бұл іске жаңаша әдіспен келу керек. Онсыз тығырықтан шыға алмайтын тәріздіміз. Халықтың арыз-шағымдары бәлкім сонда ғана азаюы мүмкін.

– Дегенмен, Сіздер ПИК төрағасымен бірігіп жұмыс жасайтын кездеріңіз болады ғой. Сол үшін де әкімдікте Коммуналдық шаруашылық және құрылыс деп аталатын бөлім бар емес пе?...

– Иә, біз қажетті жағдайларда ПИК төрағаларын шақырып алып, арнайы әңгімелер жүргіземіз. Әсіресе, қыс маусымы тақалған кезде, олармен қоса жылу жүйелері мен электр

жарығын беретін ұйым басшыларын да шақырамыз. Сөйтіп отырып, шешімін күткен мәселелердің басын ашамыз. Таяуда ғана сондай алқалы жиын өткіздік. Қазір аудандағы барлық үйлер жылумен, электр жарығымен қамтамасыз етілген. Ал жаңағыдай бірлі-жарым олқылықтар да кездесіп жатады. Алдағы уақытта олар да өз шешімін табатыны сөзсіз.

– Көпшілікке түсінікті болу үшін әкімділіктегі Коммуналдық шаруашылықтар және құрылыс бөлімінің қызметі жайында айта кетсеңіз...

– Әкімдіктегі бұл бөлім негізінен, осы аудандағы көшелердің, аулалардың, көпірлердің, су ағатын арықтардың тазалығын, көп қабатты үйлердегі лифтілердің дұрыс жұмыс істеуін қадағалайды. Мәселен, 2005 жылдың тамыз айынан бастап, Түрксіб ауданында «Тәртіп» деп аталатын қаладағы мекеменің №2 шаруашылық есептегі басқармасы жұмыс істеуге кірісті. Бұл мекеме әкімдікпен бірге аудандағы тазалыққа тікелей жауапты. Жаңа құрылымның арқасында аудандағы бүкіл қоқыс салатын жәшіктер жаңартылды. Еувростандартқа сай 309 қоқыс салатын жәшік қазір әр көшенің бойында тұр. Алдағы уақытта осындай жәшіктер тұратын алаңдарды көбейтуді жоспарлап отырмыз.

«Алматы аулалары» деп аталатын қалалық бағдарлама бойынша 300 үйдің ауласы жөндеуден өтіп, онда балаларға қажетті ойын алаңдары жасалынды. Келесі жылы 146 аула жаңартылмақшы. Жаяу адамдар өтетін 19 көпір жөндеуден өтті. Көп қабатты үйлердегі 15 үйдің лифтісі қалпына келтірілді.

– Сіздердің аудандарыңызда бір қабатты жеке меншік үйлер көп. Олардың орнына жаңа сәулетті баспаналар бой көтереді деп естідік. Жаңа үйлер қай маңда бой көтермекші?...

– Алдағы жылдары Сейфуллин көшесі бойындағы тапал үйлердің барлығы құлатылып, орнына осы заманға сай зәулім ғимараттар салынады. Оңтүстік астанаға келген жолаушылар вокзалдан түсе сала, Алматы үлкен деревня екен деп ойлап

қалатыны да рас,— дей келіп, әкім Владимир Васильев алда келе жатқан Президент сайлауына дайындық жөнінде әңгімеледі. Әкімнің айтуына қарағанда, ауданда 68 сайлау аумағы құрылған. 117 мың сайлаушы болса, соның басым көпшілігі сайлауға қатысатындығына сенімді. Бұған дейін Әуезов, Жетісу аудандарына басшылық жасаған тәжірибелі әкім Түркісіб ауданына қызметке келген бір жылға жуық уақыт аралығында атқарған жұмыстары ауқымды екендігін аңғардық. В. Васильев әсем қала Алматының төменгі жағын адам танымастай өзгертуге мүмкіндігі бар екенін жасырмады. Біз әкімге өзі ойлаған межеден асып түсуіне тілек білдірдік.

**«Президент және Халық» газеті,
25 қараша, 2005 жыл**

ОҢТҮСТІКТЕ ОҢДЫ ІСТЕР ЖЕТЕРЛІК

Оңтүстік Қазақстан – республикадағы халық ең тығыз қоныстанған өңір. Қазірдің өзінде мұндағы халық саны 2 миллионнан асты. Жыл сайын облыс тұрғындары 50 мың адамға өсуде. Бұл – облыс экономикасының көтеріліп, елдің әлеуметтік жағдайының жақсарып келе жатқанын аңғартады. Соңғы төрт жылда аймақтағы жалпы ішкі өнімнің өсімі 40 пайызға жетті. Жұмыс істеп тұрған шағын бизнес нысандарының саны 1,5 есеге артқан. Соңғы бес жылда орташа айлық жалақы көлемі 2,5 есеге көбейді. Айта берсе бұдан басқа да оңды істер аз емес. Газет тілшісі таяуда облыс әкімі Болат Әбжапарұлы Жылқышиевке жолығып, сұхбат алған еді. Төменде осы сұхбат назарларыңызға ұсынылып отыр.

– Болат Әбжапарұлы, сіз бұл облысты басқарғалы да төрт жылдың жүзі болыпты. Халық өзінің әкіміне риза екенін естіп жатырмыз. Мұның негізгі себебі неде деп ойлайсыз?

– Мұның ешқандай құпиясы жоқ. Ең бастысы, халықтан жасырын еш нәрсең болмау керек. Ойында не тұр, бүгін не істейсің, ертеңгі күннің жоспары қандай, бәрін халықтың біліп отырғаны жақсы. Сонда ешқандай артық-ауыс әңгіме өрбімейді, сенімсіздік, реніш дегенге орын тимейді. Мен өзім осы өңірде туып-өстім. Елдің салт-дәстүрін, мінез-құлқын жақсы білемін. Сондықтан, елмен бірге кез келген мәселені шешу маған түк те қиын емес.

– Шымкент қаласы сонау кеңестік кезеңнің өзінде ірі өндіріс ошағы ретінде мәлім еді. Қазір бұл жөнінде мақтана аласыздар ма?

– Қазіргі кезде облыстың барлық аймақтарында өндіріс көлемі өсіп келеді. Өткен жылы 20 өнеркәсіп іске қосылып, 2 мыңға жуық жаңа жұмыс орындары ашылды. Мәселен, Арыс қаласында «Нұроил» компаниясы пластикалық шөлмектер жасайтын, Сарыағаш ауданында «Мүсілім және К» ЖШС-і күйдірілген кірпіш

шығаратын, Шымкент қаласында «Қазақ-орыс тоқыма альянсы» ЖШС-і, Сайрам ауданында «Күмбез құрылысы», Ордабасы ауданында «Рауан» ЖШС-і түрлі өндіріс орындарын ашты. Жақында бұл аумақтарда бәсекеге қабілетті кәсіпорындар мен жаңа экономикалық нысандар дүниеге келмекші. Олар еліміз Дүниежүзілік сауда ұйымына кірер алдында отандық ауылшаруашылық өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыратыны сөзсіз. Қазірдің өзінде облысымызда халықаралық сапа стандартымен 32 кәсіпорын мен мекеме жұмыс істеп тұр.

– Дегенмен, біздің еліміз, оның ішінде Оңтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығына бейім өңірлердің бірі. Жергілікті халықтың көбісі ауылда тұрады. Сондықтан, осы салаға алдымен көңіл бөлу керек шығар?

– Дұрыс айтасыз, Оңтүстік Қазақстан – аграрлы облыс болып саналады. Мұндағы халықтың 60 пайыздан астамы ауылдық жерлерде еңбек етеді. Мемлекетіміздің ауылды көтеру, ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдеу саласындағы өсу қарқыны 20 пайызды құрады. Ағымдағы жылы ауылшаруашылық кешенін тұрақты дамыту бағдарламасын жүзеге асыру басталды. Бұл – азық-түлік бағдарламасының қисынды жалғасы болып табылады. Республиканың оңтүстігі келешекте көкөніспен, жеміс-жидек, бақша дақылдарымен және ауылшаруашылық өнімдері кластерінің көмегімен бүкіл республиканы қамтамыз ететін болады.

– Кластер демекші, сіздерде мақта кластері мықты дамып келеді деп естиміз. Осы жөнінде толығырақ айта кетсеңіз.

– Экономиканы жаңаша дамытуда кластерлік белсенділіктің алар орны ерекше. Облыс экономикасының өсу нүктесі – осы кластер десем, артық айтқандық болмас. Алғашқы кезде өзіміздегі кластерді дамыту үшін өнеркәсіптегі тоқыма, туризм, ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдеу жұмыстарын жаңаша әдіспен қолға алдық. Мақта кластерін құру – еркін экономикалық аймақ құрудың алғашқы баспалдағы екенін айта кеткен жөн.

Мақта нарығындағы қатаң бәсекелестік отандық компанияларды қазірдің өзінде жекелей немесе шетелдермен бірлесе мақта тоқу фабрикаларын салуға мәжбүрлеуде. «Қазақстан Даму Банкі» АҚ-ның, «Ютекс» ЖШС-нің, «Мақта талшығын өңдеу» және «Дайын мақта-мата тоқыма бұйымдарын шығару жөніндегі тігін тоқыма өндірісінің» жобалары, «Меланж» АҚ-ның жіп иіру өндірісін кеңейту және дайын тігін бұйымдарын шығару жобалары біздің облысымызда кластерді құруға жол ашты.

– Жаңа өндіріс орындарының ашылуына байланысты жас мамандар жұмысқа келеді. Ал олардың ең бірінші мұқтажы тұрғын үй болатыны даусыз. Облыста тұрғын үй салу жұмыстары қай деңгейде дамуда?

– Облыстағы тұрғын үй құрылысының өсім қарқыны өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 70,3 пайызға артты. Бұл салаға салынған инвестиция көлемі 39 пайызға өсе түсті. Тұрғын үй нарығын дамыту атқарушы билік орындары жүзеге асырып жатқан маңызды міндеттердің бірі. Оны дамыту бағдарламасының бірінші кезеңі аяқталды. Нәтиже жаман емес. Жыл басынан бері жалпы көлемі 229 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Үй салу ісі 1,3 есеге артты. Осы орайда инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және орналастыруға республикалық бюджет қаржысы есебінен 2025,0 миллион теңге мақсатты трансферттер бөлінді. Оның ішінде 1580,0 миллион теңге, яғни 80 пайызы құрылысқа бөлінгенін баса айта кеткеніміз дұрыс.

– Қарапайым халық аса көп жағдайды талап етпейді де. Бас аман, ел тыныш болса бәрі болады дейтін шүкіршіл жұртпыз ғой. Жалақысын уақытында алып, бала-шағасын жақсы тәрбиелесе, оған бүгінгі заманға сай білім берсе, қазақ үшін одан артық бақыт жоқ сияқты. Осы аз ғана бақыт жолында ел ағалары не бітіріп жатыр деп сұрағымыз келеді.

– Өте орынды сұрақ. Отансүйгіш, бәсекеге қабілетті, жоғары білікті жас маман дайындау – бұл ұлттық идеологияның негізгі құрамдас бөлігі десем, ешкім менімен дауласса қоймас

деп ойлаймын. Сондықтан, ең алдымен білім беру саласына қатты көңіл бөлудеміз. Әсіресе келешек экономикасына қажетті мамандарды қалыптастыру шараларын бүгін қолға алма-сақ, ертең кеш қалуымыз мүмкін. Кластерлік бағытты есепке ала отырып, өңдеу өнеркәсібі үшін техникалық мамандарды дайындау және қайта дайындау мақсатында бізде Аймақаралық кәсіби орталық құру жұмыстары басталып та кетті. Қазіргі кезде Шымкент қаласының аумағынан осы кәсіби орталықтың құрылысы үшін жер бөлінді. Ал халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында облыста бірнеше бағдарламалар жүзеге асырылуда. Бағдарламалардың негізгі мақсаты – кедейлік пен жұмыссыздықты төмендету, әлжуаз топтарды қорғау, адамдардың өмір сүру деңгейін күн сайын көтере түсу болып табылады. Айта кетейін, облыс бойынша кедейлік деңгейі күн өткен сайын төмендеп келеді. 2006 жылдың 1 сәуірінде әлеуметтік жағынан аз қамтамасыз етілген азаматтардың саны 2005 жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 33 пайызға кеміп, ол барлық жиыны 46,9 мың адамды құрады. Бұл – облыс халқының 2,1 пайызы деген сөз.

– Қазақстанды дүние жүзіндегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына апару жолында Оңтүстік Қазақстан облысының да қосар үлесі қомақты деп ауыз толтыра айтуға болады ғой?

– Әрине, Президенттің биылғы наурыздағы халыққа Жолдауы – облыстың экономикалық дамуындағы негізгі басымдықтар болып табылады. Жолдауда қойылған міндеттерді іс-жүзіне асыру үшін облыстық әкімдіктің қаулысымен арнайы іс-шаралар жоспары бекітілді. Қазіргі таңда Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша 29 аймақтық бағдарламалар жүзеге асырылуда. Бұдан екі жыл бұрын облыс экономикасын диверсификациялау мен шикізаттық емес салаларды дамыту үшін біз Индустриалды-инновациялық стратегия қабылдағанбыз. Бүгінгі таңда бұл іс бойынша қол жеткізген табыстар аз емес. Атап айтқанда, Қазақстан Даму Банкі, Инвестициялық, Инновациялық

қорларының қатысуымен жаңа жобалар жүзеге аса бастады. Осының арқасында өнеркәсіп өнімдерін өндіру ісі 4,7 пайызға, ауылшаруашылық өнімдерін өндіру ісі 2,2 пайызға арта түсті. 2006 жылдың 1 сәуірінде облыс халқының саны 2 миллион 245 мың адамды құрады. Ал, еңбекке қабілетті адамдардың саны 1 миллион 40 мың адамға дейін жетті. Орташа айлық жалақы 28,8 пайызға артып, 25 мың теңге болды.

– **Әңгімеңізге рахмет.**

«Президент және Халық» газеті,
9 маусым, 2006 жыл

ШЕШІЛМЕЙТІН ТҮЙІН ЖОҚ

Қазақстан Президентінің «Жегілікті атқарушы органның халық алдында есеп беру кездесулерін өткізу туралы» қаулысына сәйкес биылғы жылдың 19 қаңтарынан бастап жер-жерде әкімдердің тұрғындар алдындағы есебі тыңдалуда. Осындай кездесулерді Алматы қаласының аудан әкімдері өз аумақтарында өткізе бастады. Кездесу қарсаңында Әуезов ауданының әкімі Ә.С.Несіпбаев осы ауданда тұратын баспасөз өкілдерімен арнайы сұхбаттасты. Өзге әкімдерге үлгі боларлықтай бұл жаңа үрдіс екі жақтың да көңілінен шықты, журналистер көпшіліктің көкейінде жүрген талай түйткілді жайттарды әкімге кеңінен баяндап берді. Әкім әр сұраққа толықтай жауап қайтарумен қатар, кейбір мәселелерді қолма-қол шешіп тастап отырды. Келесі күндері әкім «Түркістан», «Құрылысшы» ықшам аудандарының тұрғындарымен кездесті. Төменде әкім аузынан жазылып алынған мына деректер оқырман назарына ұсынылып отыр.

— Бүгінгі таңда еліміздің әлемдік қауымдастық алдында беделі көтеріліп, өркениет көшінде аяғын нық басуда, — деп бастады әкім алғашқы сөзін. — Тәуелсіздігімізге бар-жоғы 16 жыл толса да, осы уақыт ішінде еліміз көптеген жетістіктерге жетіп, әлемге жаңа қырынан танылып үлгерді. Тіпті, батыстағы алпауыт елдердің өзі «дамудың қазақстандық жолына» назар аударуда. 2010 жылы Еуропадағы Қауіпсіздік пен Ұнтымақтас-тық Ұйымына төрағалық ету — жас еліміз үшін үлкен дәреже.

Ауданымыздағы өзекті мәселелердің көбісі шешіліп келе жатқанына өздеріңіз куәсіздер. Мәселен, 2007 жылы қол жеткен жетістіктер көз алдарыңызда. Өткен жыл еліміз үшін табысты жылдардың бірі болып, тарих бетінде қалды. Олай деуге толық негіз бар. Республикалық бюджеттің кіріс көлемі 2,6 млрд теңгені құраса, оның ішінде әлеуметтік қамсыздандыру мен медициналық және білім беру нысандарын салуға 457,1 млрд теңге қаржы бөлінген.

Сонымен қатар, 2008 жылдың 1-қаңтаранан бастап жалақының ең төменгі мөлшері — 10 515 теңгеге, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері — 4 210 теңгеге, зейнетақының ең

төменгі мөлшері – 7 900 теңгеге көтерілді. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салықтар мен басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш 1168 теңге болып көтерілді. Базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы 10 515 теңге болып белгіленді. Төлемақылар былтырғы жылға қарағанда біршама өскендігін байқаймыз.

Ал қалалық бюджеттің жалпы көлемі 200 миллиард теңгеден асты. Оның 40 пайыздан астамы әлеуметтік салаға жұмсалады.

Былыр Әуезов ауданының бюджеті 2,1 млрд теңгені құраса, биыл оның көлемі 3,2 млрд теңгеге болып бекітілді. 2007 жылы әлеуметтік жағынан аз қамтылған азаматтарға көмек көрсету мен мектепке дейінгі мекемелердің жұмысын жақсартуға 735 миллионнан астам қаржы бөлінсе, биылғы көрсеткіш 1,2 миллиард теңгеге өсіп отыр.

Аудан бойынша салық түсімдері жылдан-жылға арта түсуде. 2006 жылы аудан бойынша жиналған салық көрсеткіші 19,7 миллиард теңге болса, 2007 жылы бұл көрсеткіш 30,9 миллиард теңгеге жетті 2008 жылы ол 42 миллиард теңгеге жетпек.

Біздің аудан 35 ықшам аудан мен 25 елді мекеннен тұрады. Ал ауданда 10 070 баланы ғана қамтитын 36 балабақша, 45 676 оқушы оқитын 40 орта мектеп жұмыс істейді. Сонымен қатар, жеке меншік негіздегі 12 мектеп пен 2 балабақша бар. Алайда, бүгінгі таңда мектеп те, балабақша да жеткіліксіз. Дегенмен, осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстар аз емес екендігін айта кету керек.

2007 жылы «Шаңырақ-1» ықшам ауданында №169 мектептің құрылысы толықтай бітіп, қолданысқа берілді. Биылғы жылы «Мамыр» ықшам ауданында орналасқан тағы бір орта мектеп жақында ғана іске қосылды. Бұл да үлкен жетістіктердің бірі. 2008 жылы тағы 2 (1200 орындық Әйгерім, Қалқаман ықш.ауд.) мектеп құрылысы басталмақ. Сонымен қатар, биыл №104 орта мектебін кеңейту мақсатында 400 орынға арналған

қосымша құрылыс жұмыстары жүргізіледі. Ауданымызда балабақша әлі де жеткіліксіз. Осы саладағы мәселелер баршамыз үшін өте өзекті. Ауданда мектеп жасына дейінгі балалар саны – 25710. 2007 жылы балабақша салуға ауданның мүмкіндігі болмады. Бірақ бұрынырақта жалға берілген 10 балабақшаның төртеуі босатылды. Биылғы жылы 4 балабақшаның құрылысын бастау жоспарлануда. Жалпы 2010 жылға дейін 9 балабақша салыну жоспарланып отыр.

2007 жылдың ішінде аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына жұмыс іздеп келген адамдардың саны 1455 адам болды. Жыл басынан бері 1245 жұмыссыз адам ақылы қоғамдық жұмысқа катысты.

Алайда ауданымызда емдеу орталықтарының жетіспеушілігі бізді алаңдатады. Тұрғындар санының өсуіне байланысты қосымша емдеу орталықтарын салу қажеттілігі туындауда. Осыған орай бірқатар медициналық нысандарын салу көзделіп отыр. Қазіргі таңда «Шаңырақ» ықшам ауданында 500 адамға арналған емхана орны белгіленді. Жыл соңына дейін оның құрылысы басталады деп күтілуде. Сонымен қатар, ауданда қалалық құрт ауруына қарсы диспансері салынатын болады. Тиісті каражат республикалық бюджеттен бөлінген.

Жалпы, аудандық денсаулық сақтау саласына 2007 жылы 1,7 млрд теңге бөлінген. Олардың барлығы игерілді. Бір өкініштісі, 2007 жылдың басынан бері ЖКТБ ауруына шалдыққан адамдар саны қатты өсті. Мәселен, 2006 жылы бұл көрсеткіш 263 болса, 2007 жылы 293 адам осы дертке шалдыққан. Жыл басынан бері ауданда ВИЧ инфекциясын жұқтырған 76 адам тіркелген. Дерттің алдын алу бойынша бірқатар шаралар жүзеге асып жатыр.

Бір көңіл толатын жайт – 2007 жылы аудандағы сәбилердің дүниеге келу санының өсуі. Былтыр 9 215 бала дүниеге келген. Ал, емхана, аурухана мәліметтері бойынша бұл сан 12 282 нәрестені құрайды. Мұның алдындағы жылы бұл көрсеткіш 10 545 болған.

2007 жылы «Жетісу-3» ықшам ауданында жалпы аумағы 3700 шаршы метрді құрайтын «Магнум» сауда орталығы

ашылды. Сонымен қатар, «Керемет» супермаркеттер жүйесі кеңейтілді.

Жыл басынан бері 8 азық-түлік дүкені, 5 техникалық жөндеу орталықтары (ТЖО) мен көлік жуу орталығы өз жұмысын бастады.

Қазіргі уақытта 203 қоғамдық тамақтану объектісі қызмет етуде. Сонымен қатар, ауданда заңсыз сауда жүргізу мәселелері де орын алуда. Мұндай жағдайлар базарлар маңы мен көпшілік орындарында жиі кездеседі. Бұған қарсы күрес ешқашан толас-тамақ емес.

Аудандағы шағын кәсіп иелерімен бірлесіп көріктендіру, ағаш отырғызу жұмыстары қолға алынуда «Шенеунік және кәсіпкер» акциясы барысында аудандық прокуратура, Әуезов аудандық «Бастау» кәсіпкерлер ассоциациясымен бірлесіп дөңгелек үстел өткізілді. Онда бәсекеге қабілетті тауар өндіру мен кәсіпкерлікті дамытудың өзекті мәселелері талқыланды.

Алдағы уақытта ауданда қоғамдық тамақтану кәсіпорындары, азық-түлік дүкендері, қоғамдық монша, кинотеатрлар, спорттық ойын-сауық кешендері, паркингтер үшін қосымша жер қажеттігі туындап отыр.

Әрине, жетістіктерімізбен қатар, кемшіліктеріміздің де орын алып отырғандығы ащы да болса шындық. Алайда, барлығымыз біріге қимылдасақ, алынбайтын қамал, шешілмейтін түйін жоқ екенін де есте ұстайық!

**«Президент және Халық» газеті,
25 қаңтар, 2008 жыл**

ЖАРЫҚТЫ ЖАНЫМЕН ҒАНА СЕЗІNETІН ЖАНДАР бір-бірінің жағасына неге жармасты?

Мұны мен өз көзіммен көрдім. Қазақстандағы зағиптар қоғамы (ҚЗҚ) туралы естігенім болмаса, ол мекемеге бас сұғудың сәті түспепті. Биылғы жылдың 9 қаңтарында және 31 қаңтарында «Егемен Қазақстан» газетінде олар туралы екі мақала жарық көрді. Оның біріншісі «Айласын асыра алмады» деп аталады. Авторы – Алматы қалалық прокурорының аға көмекшісі И. Қарымсақұлы. Мақалада ҚЗҚ басқармасының төралқа мүшесі, баспахана директоры Ш. Кәрібаев деген азаматтың ГФР-дан аса қымбат бағаға алынған, зағиптар үшін әдебиеттер басып шығаруға өте икемді офсеттік басылым мәшинкесін ҚЗҚ орталық басқармасының рұқсатынсыз, заңсыз жолмен Қызылорда қаласындағы «Нұр-Сәулет» серіктестігіне жалға беріп жібергендігі айтылған. Екінші мақала «Зағиптарға зер салайық!» деп аталады. Онда 1937 жылдан бері Қазақстанда жұмыс жасап келе жатқан ҚЗҚ-да 20 мыңнан астам зағиптар бар екендігі, алайда, бүгінгі қиындықтарға байланысты олардың 2,4 мыңы ғана жұмыспен қамтылып отырғандығы, Республика бойынша ҚЗҚ-ға қарасты барлық жиыны 30 кәсіпорын болса, оның бүгінде 50 проценті ғана жұмыс істеп тұрғандығы, соған қарамастан ҚЗҚ төрағасы, экономика ғылымының докторы, академик Байболат Абайұлы Әубәкіров ҚЗҚ жүйесіне кіретін орталық басқарманы, 14 облыстық басқарманы, 30 кәсіпорынды, баспахананы, «Еңбек таңы» журналын, реабилитациялық орталықты және демалыс үйін сақтап қалуға күш салуда екендігі жазылған. Олай болса, зағип жандардың бір-бірінің жағасынан алатындай не болып қалды деген сауал туады. Дәлірек айтсақ, олар құзыры кез келген министрмен пара пар ҚЗҚ төрағасы Байболат Әубәкіровты қызмет бөлмесінен күштеп қуып шығып отыр. Бұл әрекет кәдімгі қарапайым жұмысшылардың қолымен

жасалынды десек, кейбіреулер сенбеуі де мүмкін. Байболат Абайұлының редакцияға жазған арызына назар салыңыздар. Онда былай делінген:

«Қазақ зағиптер қоғамында қиын жағдай қалыптасып отыр. Алматы қаласындағы төрт кәсіпорын басшылары (ҚЗҚ орталық басқармасының қарамағындағы 30 кәсіпорынның төртеуі С.Ж.) Коржавин, Зубов, Майбасаров, Кәрібаевтың ұйымдастырумен заңды бұзушылық белең алуда. Соның бірі 1) Жұмыс орнынан күш көрсетіп қуып шығуы. 2) Президиум алқасына жұмыс істетпеуі. 3) Қаңтардың 28-29 күндері (1998ж.) пленум жұмысын жүргізуге мүмкіндік бермеуі. 4) Кәсіпорын жұмысшыларын айдап салып, басқарма мүшелеріне қол жұмсап, ұрып-жығуы. 5) Заңсыз түрде қоғам билігін қолға алып, қоғам ұйымдарына өздерінің үстемдігін жүргізуге тырысуы. 6) Мені жұмыс орныма жібермеді, жұмыс істеуіме бөгет жасады.

Мен 1996 жылдың мамыр айында Қазақстан зағиптар қоғамының XV-құрылтайында орталық қоғамның төрағасы болып қайта сайланғам. 1997 жылдың қыркүйек айында шақырылған III-пленумда осы төрт кәсіпорын басшыларының мені заңсыз орнымнан алу әрекетіне ҚЗҚ-ның орталық басқарма мүшелері тойтарыс беріп, маған сенім артқан. Бірақ, бұл топ қоғам мүліктерін талан-таражға салу мақсатында менің сыртымнан әртүрлі жала жауып, кейбір кәсіпорын жұмысшыларына арақ, ақша, тамақ бергізіп, оларды маған қарсы айдап салуда».

Шындыққа көз жеткізу үшін арыз иесінің өзімен бірге сол жерге барып, қарсыластарымен жүзбе-жүз отырып сөйлескенді дұрыс көрдім.

Ғ. Мұратбаев көшесінде орналасқан еңселі ғимаратының екінші қабатына көтеріліп, сол жақ қанатқа қарай бұрылғанымызда біздің қасымызда келе жатқан ҚЗҚ төрағасы Б. Әубәкіровты көре сала екі жұмысшы жүгіріп келіп, жолымызды бөгеді.

– Төраға мұнда кіруге рұқсат жоқ. Бұйрық солай,– деді. Төрағаны әлі ешкім ресми түрде орнынан босатпағанын, ол кісі міне, қасымызда тұрғанын, олай болса, бұл жерде билікті

жүргізуге қарапайым жұмысшылардың қандай қақысы бар екенін сұрадық. «Басшыларға жолығыңыздар» деп оң жақ қанаттағы дәлізді нұсқаған соң ҚЗҚ төрағасының бірінші орынбасары Абай Нұрымұлы Сансызбаевтың есігін аштық. Ол кісінің алдында екі-үш адам отыр екен. Менімен бірге кірген өздерінің бастықтары Б. Әубәкіровты көргенде олар «тағы келдің бе?» дегендей алаңдасып қалды. Ат шаптырым кеңсенің төрінде отырған А. Сансызбаевқа өзімді ресми таныстырып, «Егемен Қазақстан» газетінің куәлігін көрсеттім. Аты-жөнімді, куәліктің нөмірін арнайы кітапшасына тіркеп қойды. Келген шаруамды айттым. Кездесіп, жүзбе-жүз сөйлесем деген азаматтардың бәрі осы отырғандардың өзі болып шықты.

«Айласын асыра алмады» атты мақаланың кейіпкері Шәден Кәрібаев бірден реніш білдіре сөйледі. Оның айтуына қарағанда, ҚЗҚ-ның төрағасы

Б. Әубәкіров қара басының ғана қамын күйттеп жүрген адам. Ол қоғамның бүкіл дүние мүлкін талан-таражға салуда. Мәселен, ҚЗҚ-ға қарасты «Спутник» демалыс үйін арзан бағамен әлдекімдерге жиырма жылға жалға берсе, Бессарабия көшесіндегі қонақ үйін Ә. Нұрпейісоваға арзан бағаға сатып жіберіпті. Өзіне және өзінің жақын-жуықтарына қоғам үлесінен заңсыз түрде пәтерлер бөлген. ҚЗҚ қаржысының есебінен таныстарын оқуға жіберген. Қоғам кәсіпорындары өндірген тауарларды өткізу үшін өзінің туған ұлын делдалдық қызметке пайдаланған. Соның арқасында 576 мың теңгені жеке басына сіңірген. 1995 жылдың тамыз айында зағиптер үшін 20 мың дана арнайы сағат сатылып алынған. Қытай Республикасының «Хайнан» фирмасы шығараған бұл сағаттың әрқайсысы 15 доллар тұрады. Ал осы бұйымның біздегі базар бағасы 200-220 теңгені құрайды екен. Яғни, Б. Әубәкіров сағаттарды қымбатқа сатып алғансып, одан түскен қаржыны тағы да өз бас пайдасына жаратқан.

Ш. Кәрібаев осы деректерді баяндай бастаған кезде біз отырған бөлмеге сау етіп бір топ адам кіріп келді. Олар баспахана директоры Ш. Кәрібаевтың әр сөзін қошеметтеп, қолпаштай бастады.

ҚЗҚ төрағасының бірінші орынбасары А. Сансызбаев мырза креслода әлі үнсіз отыр. ҚЗҚ төрағасы Б. Әубәкіровке сұқ саусақтарын шошайта айғайлап қойып, кеңседе топырлап жүрген жұмысшыларға «тоқтаңдар!» деуге шамасы жетпейтіндей.

Өзін Шенцов Анатолий Андреевич деп таныстырған азамат:

– Бұлардың айтып тұрғандарының бәрі өтірік. Осылардың өз көздерінше шындықты мен айтайын,– деп жанымдағы орындыққа отыра бергені сол еді, еңгезердей екі жұмысшы оны қолтықтап алып, сыртқа қарай сүйрей жөнелді.

– Міне, көрдіңіз бе,– дейді ол аяғының ұшы әр жерге бірітіп кетіп бара жатып, – Мұндайлардан қандай шындық күтесіз.

Естуімше А.А. Шенцов ғылым кандидаты, доцент көрінеді. Сондай адам әне қарапайым жұмысшылардың қолтығында дедек қақты. Мен редакция тапсырмасымен арнайы арыз тексеруге келгенімді, жұмыс жүргізуге бөгет жасамауларын өтіндім.

Сөз тыңдап жатқан ешкім жоқ. Есік жақтан арақтың исі мұңк ете қалды. Шенцовты шығарып жібергеннен кейін бұлар енді Б. Әубәкіровтың жағасына жармасты.

– Бұл адамның мына мекемеге бас сұғуына қақысы жоқ. Біз оны орнынан алып, қуып жібергенбіз. Шықсын бөлмеден! – дей келіп, манағы қарулы қолдар ол кісіні де есікке қарай сүйрей жөнелді. Осыдан кейін ғана үстел басындағы бастықтар жұмысшыларға «қайта беріндер» дегендей белгі берді. Бөлмеде төрт-бес адам ғана қалдық. Кейін білдім, олар – ҚЗҚ-ға қарасты кәсіпорындардың директорлары Ю. Ф. Коржавин, А.А. Зубов және мүгедектер секторы ассоциациясының президенті Ю. К. Шин деген мырзалар екен.

– Қызмет кеңсесінде, мекеме басшыларының алдында қарапайым жұмысшылар тарапынан жасалынған мұндай әдепсіздікті бұрын көрмеген сияқтымын,– деп төрдегі төрағаның бірінші орынбасары, яғни «уақытша өкіметтің» бастығы А. Сансызбаевқа қарадым.

– Не істейсің, жұмысшылардың талабы осы,– деп ол кісі төмен қарады. Зағип жандармен бұрындар жүзбе-жүз кездеспегенімді ескертіп:

– Сіздер мені қаншалықты анық көріп отырсыздар! – деп сұрадым. ҚЗҚ төрағасының бірінші орынбасары Абай Сансызбаев зағиптар қатарына жатпайтын, кәдімгі сау адам екен. Ю. К. Шин мен Байболат Әубәкіров жарық көру қабілетінен мүлдем айырылған адамдар.

От неден тұтанды?

Шулы кеңседен бір қапшық құжаттарды қолтықтап шықтым. Айтуларына қарағанда Б. Әубәкіровтің кінәсін дәлелдейтін деректердің бәрі осында. Кейін бұларды мұқият қарағанымда, көбісі ҚЗҚ төрағасы Б. Әубәкіровті орнынан кетіру барысындағы жиналған «қызық оқиғалар» күнделігіндей әсер етті. Жиналыс хаттамалары, құқық қорғау органдарынан бастап, Президенттің атына дейін жазылған шағымдар, әртүрлі комиссиялардың тексеру қорытындылары, тағы басқалар. Алайда, олардың арасында салмақты, ресми құжаттар да кездесті. Мәселен, Алматы қалалық ішкі істер басқармасының экономикалық қылмыстармен күрес саласы бастығының орынбасары Б. А. Майкеевтің жоғарғы жаққа жазған мәлімдемесі (30.06.95ж.). Онда Б. Әубәкіровке қызмет бабында жіберген кемшіліктері үшін 50 мың теңге айып салынғандығы айтылады.

Бірақ кейіннен бұл іске Б. Әубәкіровтің қатысы жоқ екендігі анықталып, айып төлеуден босатылыпты. 1997 жылдың 24 қарашасында Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Н. Коржова ҚЗҚ-ға қарасты №3 мекеме ұйымынан түскен арызды Алматы аудандық прокуратурасына жолдай отырып, Б. Әубәкіровке байланысты қылмыстық іс қозғау қажеттігін ескертіпті.

Сол жылдың 30 қарашасында Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша департаменті бастығының орынбасары Нұрбеков тағы бір арыз иесіне жауап бере отырып: «Мұнда ішкі істер органдары ғана тексеріп, ашуға тиісті қылмыстың белгілері бар» деп, арызды Алматы қалалық ІІБ-ге бағыттаған.

Ал былтырғы жылдың 22 желтоқсанында Алматы қалалық ішкі істер басқармасының тергеу бөлімі Б. Әубәкіровтің үстінен қылмысты іс қозғаған. Міне, осының бәрі ҚЗҚ төрағасын күштеп орнынан кетіруге, жұмысшылардың арасында іріткі салуға тікелей әсер еткені даусыз.

Тағы да тереңдейік

Б. Әубәкіров өзінің қарсыластары тарапынан тағылған жоғарыдағы кінәлардың бірін де мойындамайды. Ол кісі дәлел ретінде төмендегідей құжаттарды алдымызға тартты.

1. 1997 жылдың 19 қыркүйек күні Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау комитеті жүргізген тексеру қорытындысы: «Мұнда ҚЗҚ орталық басқармасы өзіне бюджеттен бөлінген қаржыны өз орнымен жұмсап жатқаны, керісінше арыз беруші Ш. Кәрібаевтің өзі заң бұзып, шетелден әкелінген қымбат бағалы баспахана мәшинесін ҚЗҚ орталық басқармасының рұқсатынсыз, заң бұза отырып, оны Қызылордадағы «Нұр-Сәулет» фирмасына жалға беріп жібергендігі дәлелденген».

2. 1997 жылдың 9 желтоқсан күні Алматы қалалық ішкі істер басқармасының тапсыруымен «Таным-Аудит» фирмасы ҚЗҚ-ға қарасты қонақ үйді (Ә. Нүрпейісоваға сатылған С.Ж.) жөндеуге жұмсалған қаржы көздеріне бухгалтерлік тексеру жүргізген. Бұл құжатта да заң бұзушылық анықталмапты.

3. 1997 жылдың 12 желтоқсанында осы «Таным-Аудит» фирмасы зағиптар үшін сатып алынған 20 мың дана сағатқа төленген қаржы жөнінде де бухгалтерлік тексеру жүргізіп, одан ешқандай заң бұзушылықты таба алмапты.

4. 1998 жылдың 22 қаңтарында Сот-сараптау мекемесінің қызметкері құқық қорғау органдарының сұрауы бойынша Б. Әубәкіровтың ұрлық-қарлығы бар-жоғын түбегейлі анықтап беруді қолға алыпты. Олар бұған дейін ҚЗҚ төрағасының үстінен жазылған арыздарды, аудиторлық-бухгалтерлік тексерулерді, қаржы-бақылау комитетінің қорытындылары мен осы іске қатысты деген құжаттардың бәрін қамти отырып,

түбегейлі тексеру жүргізген. Б. Әубәкіровтің жұмысында заң бұзушылыққа ешқандай жол бермегені бұл жолы да толықтай анықталыпты. Мәселен, жеке кәсіпкерлікпен айналысатын Б.Б. Әубәкіров (төраға Б. Әубәкіровтің баласы) ҚЗҚ мекемелері жасап шығарған тығындар мен қақпақтарды Зыряновскідегі сыра зауытына өткізуде делдалдық қызмет көрсетіп, мекемеге 322,75 мың теңге таза пайда әкеліпті. Әрине, делдалдық қызметі үшін 575 мың теңге оған төленген. Арыз жазғандар осы ақшаны неге төрағаның баласы алды дейді. Міне, төрағаның жағасынан алуға себепкер болған жағдайлар осылар.

«Уақытша өкімет»

Бұл көрсетілген құжаттар Б. Әубәкіровтың ғана емес, оның қарсыластарының да қолында бар. Ендеше, неге олар Б. Әубәкіровтың қылмыс жасамағанына сенбейді. Республикадағы 20 мыңнан астам зағиптар соның кесірінен қазір қақ жарылып, бір-біріне қарсы тұр.

ҚЗҚ төрағасы Б. Әубәкіров қызмет бөлмесінен қуылғанымен, республикадағы кәсіпорындарға үйде отырып, телефон арқылы нұсқаулар беруде. Ал, мына жақта оның орынбасары А. Сансызбаев бастаған топ өздерінше басшылық жасауда. Олар жер-жердегі ҚЗҚ кәсіпорындарына Б. Әубәкіровтің «қылмыстарын» жария етіп, оның бұйрықтарын орындамау жөнінде қатынас қағаздар жөнелтуде. Ал, Әубәкіров екінші жақтан дәл осындай құжаттарды қарамағындағыларға таратуда. Сонда, бұл тартыстың соңы немен тынады деген ой келеді.

ҚЗҚ-ның жарғысы бойынша оның төрағасы мен орынбасарлары съезден кейін бірінші пленумда сайланады екен. Олай болса, кезектен тыс пленум шақырып неге бұл мәселеге нүкте қоймасқа. Олар солай етпекші болған көрінеді. Биылғы жылдың 28 қаңтарында ҚЗҚ орталық басқарма мүшелері жасаған мына актіге назар салыңыздар:

«Біз төменде қол қоюшылар, осы актіні жасаған себебіміз, 1998 жылғы 28 қаңтарда Қазақстан зағиптар қоғамы орталық басқармасының IV-пленумын шақырып, ҚЗҚ орталық басқар-

масы басшылығының мәселесін қарамақшы едік. Бірақ, жабық пленум жүріп жатқан кезде Ю.Ф. Коржавин, А.А. Зубов, Ш.Ш. Кәрібаев, Ю.К. Шин, О.К. Майбасаров бастаған бір топ адам баса көктеп кіріп келіп, шырқымызды бұзды, қалыпты жағдайда пленум жұмысын жүргізуге бөгет жасады. Ақырында пленум жұмысын тоқтауға мәжбүр болдық».

Егер шынымен-ақ бұзақылыққа жол берілсе, оларды тәртіпке шақыратын орган бар емес пе, соған неге хабарламайды деген сауал туындайтыны сөзсіз. Пленум мүшелері Алмалы аудандық ішкі істер басқармасына жоғарыдағы жағдайды мәлімдеп, егер бұл келеңсіздіктің алдын алмаса, келесі күні тәртіпсіздік тағы қайталануы мүмкін екендігін жазбаша түрде ескерткен. Айтқандай-ақ, солай болып шығыпты да. 29 қаңтар күні жоғарыда аттары аталған «ынталы» топтың соңынан ерген жұмысшылар аудандық ішкі істер бөлімінің тәртіп сақшыларына да бағынбай, пленумға тағы да баса-көктеп кіріп келіп, тәртіп бұзыпты.

Ал, құқық қорғау органдары зағип жандарға қалай қарсы тұрарларын білмей, еріксіз сытылып кеткен сыңайлы. Бұған дейін де тәртіпсіздікке бойларын үйреткен «көтерісшілер» тіпті еркінсі түскен. 1998 жылдың 9 қаңтарында бірнеше адам қол қойып, толтырылған мына бір акт соның дәлеліндей: «Біз, төменде қол қоюшылар мынаны растаймыз. Директорлар Коржавин, Зубов, Саметов тағы басқалар ҚЗҚ төрағасы Б. Әубәкіровты қызмет кеңсесінен күштеп қуып шықты. Ал оның орнына О.Қ. Майбасаров отырып алды».

Рәкетті кім жіберді?

Диктофонға жазылып алынған ұзақ әңгіменің негізгі оқиғасы қағазда қысқаша баяндалғандықтан оны сол күйінде назарларыңызға ұсынғанды жөн көрдік. «Егемен Қазақстан» газетінің тілшісіне ҚЗҚ-ға қарасты Талғар аудандық оқу-өндірістік кәсіпорнының директоры Пірімжанов Талғаттан түсініктеме:

«1998 жылдың 28 қаңтар күні ҚЗҚ-ның Алматыда өтетін пленумына мүше ретінде қатысу үшін таңғы сағат 8-де үйден шыға берісте белгісіз үш адам қызмет көлігіме баса-көктеп

кіріп келіп, белгісіз жаққа қарай жүруімізге мәжбүр етті. Кейін белгілі болғанындай, (Пірімжановтың көру қабілеті өте төмен С.Ж.) жүргізуші Сергей Хакибе екеуімізді Алматыда өтетін ҚЗҚ-қа пленумына қатыстырмай, белгісіз жерде (Алматы маңында) сағат түскі 3-ке дейін қарумен қорқытып ұстап тұрып, көліктен шығармай, қарсылық білдірген жағдайда атып өлтіруге баратындықтарын айтты. Талғарға қайтып кетуге мәжбүр болдым. Бастан өткен жағдайды Талғар аудандық ішкі істер басқармасының бастығы Тезекбаевқа жазбаша түрде мәлімдедім. Әзірге еш нәтиже болмай тұр. Ақпанның 11-інде ҚЗҚ-дағы жағдайдың шиеленісуіне байланысты өзім басқарып отырған мекеме ұжымы мені Әубәкіровтың сойылын соғасың деген желеумен қызмет бөлмеме кіргізбей, жұмыс көлігін бермей отыр». (13.02.98).

Зағип жасап береді, «зейнетін» сау көреді

Облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетінің 1998 жылғы 14 ақпандағы санында жарық көрген мақаланың тақырыбы осылай аталады. Авторы – Анар Аспан. Мұнда Ұлттық Қауіпсіздік комитеті Оңтүстік Қазақстан облыстық департаментінің ұйымдасқан қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес басқармасының қызметкерлері Қазақстан зағиптар қоғамының Шымкенттегі оқу-өндірістік кәсіпорнының цех бастығын қолға түсіргені айтылады. Ол адам зағиптар жасап шығарған, 74 мың дана электр релесін жасырын жолмен сатпақшы болғанда ұсталыпты. Тексере келгенде бұл адамның сыбайластары жасырып қойған 57 мың дана электр релесі табылған. Ал, бұл бұйымдардың бағасы 380 мың доллар тұратынын ескерсек, зағиптардың қаншама еңбегі еш кете жаздағанын бағамдау қиын емес.

ҰҚК-нің қызметкерлері жоғарыда аты аталған О.К. Майбасаровтың үстінен қылмысты іс қозғалғаны да анықталып отыр. Ол 1985-1995 жылдар аралығында Шымкенттегі ҚЗҚ оқу-өндірістік кәсіпорнының бірінші басшысы болып тұрған кезде 60 миллионнан астам теңгенің тауарларын талан-таражға түсірген деген мәлімет бар. Әзірге тергеу жүріп жатыр. Сондықтан, ол істің егжей-тегжейіне тереңдегіміз келмейді.

Тек, осы О.К.Майбасаров, Б. Әубәкіровтің орнына күштеп отырып алуға тырысқанын (жоғарыда айттық. С.Ж.) ескерте кетейік.

«Айқастын» сырын анықтасак

Б. Әубәкіровтың айтуына қарағанда, бұл шиеленістің сыры жекешелендіру мәселесінен туындап жатқан көрінеді. Қарсыластар жағы ҚЗҚ-ны акционерлік қоғамға айналдырғылары келеді. Ондай жағдайда ҚЗҚ-ның бүтінгі мекемелері көрінген қалталының жекеменшігіне көшеді.

Зағиптар еңбек ететін кәсіпорындарға мемлекет тарапынан көрсетілетін жеңілдіктер жасалынбайды, бірнеше құрылтайшылар пайда болады. Мына, экономикалық дағдарыста зағиптардың акциялары құр қағазға айналып қалуы да мүмкін. Сөйтіп, олар акцияларын сата бастайды. Оны сатып алған жекеменшік иелері пайданы мол табу үшін зағиптарды емес, жұмысқа сау адамдарды алатыны сөзсіз.

Ал Б. Әубәкіровтың ҚЗҚ-ның қазіргі құрылымын сақтап, оның дүние-мүлкін талан-таражға түсірмеудің бір жолы – Жауапкершілігі шектеулі серіктестік құру деп есептейді. ЖШС-да заң бойынша бір-ақ құрылтайшы болады. Ол – ҚЗҚ-орталық басқармасының алқасы болуға тиіс. Сонымен қоса, зағиптарға тиесілі жеңілдіктер де толық сақталынады. Әр серіктестіктің өз басшылары болады. Құрылтайшы біреу болған соң дүние-мүлік әркімнің жекеменшігіне берілмейді. Алайда, ҚЗҚ-ға қарасты кәсіпорын директорларына бұл ұнамайды. «Сондықтан да, олар алдымен мені орнымнан кетіріп, алпыс жылдан бері қаймағы бұзылмай келе жатқан өндірістің құрал-жабдықтарын бөлісіп алу ойларында бар. Бұған мен жол бермеймін» дейді Б. Әубәкіров. Міне, айқастың сыры осы. Қазір Б.Әубәкіровтың үстінен де қылмыстық іс қозғалып тексеру жүріп жатыр. Егер, ол суық қолды адам екендігі анықталса, ҚЗҚ-ның басшылығына жолауға қақысы жоқ, әрине.

Ал, егер керісінше болса, онда шындықты бүкіл ұжым мүшелеріне жария еткен дұрыс. Сонда ғана зағиптарды зарлатпаудың жолы табылатындай.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
24 наурыз, 1998 жыл**

ҚҰС ТҰМАУЫ ІРГЕНДЕ ЕНТЕЛЕП ТҰР

Алматыдағы Республикалық санитарлық-эпидемиология стансасының бас дәрігері Кеңес Оспановпен осы тақырыпта жалғасқан әңгіmemіздің соңы мұндағы аса қауіпті аурулардың қыр-сырын зерттейтін, екіншісі бірі бас сұғуға хақысы жоқ арнайы зертханалар жұмысымен танысуға ұласты. Ал зертхана меңгерушісі Сұлушаш Мизанбаева соңғы екі жылда Америкаға екі рет барып, осы сала бойынша білімін жетілдіріп қайтыпты. Кейінгі кезде ел аузында жүрген әр түрлі пікірлерге тиянақты жауап алумен қатар, біз бұл жерден ХХІ ғасырдағы жаңа бір дерттің кейбір құпиялары туралы да біліп қайттық.

РСЭС – еліміздегі жұқпалы ауруларды зерттейтін бірден-бір мекеме. Денсаулық сақтау министрлігіне қарайтын бұл мекеменің облыстар мен аудандарда, қалаларда екі жүз елуден астам салалық қызметтері жұмыс істейді. Сонымен қатар, Орта Азиядағы Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан сияқты елдерде орын алған қауіпті жұқпалы аурулар да осында сараптан өтеді. Себебі, мұнағы зертханалар әлемдік озық зерттеу құралдарымен жабдықталған.

Кеңес Сәрсенғалиұлының айтуына қарағанда, озық жаңа қондырғыларды меңгерудің өзі оңай емес. Сол себепті мамандарды шетелдерде оқытып, білімдерін көтеру ісі қолға алынған. Сұлушаш Мизанбаевамен қатар Кәкімжан Қыраубаев, Гүлнар Омашева, тағы басқа дәрігерлер АҚШ, Мексика, Мысыр, Қытай, Малайзия және тағы басқа елдердегі қысқа мерзімдік білім жетілдіру курстарынан өтіп келген.

Сонымен қатар, көрші Ресей мемлекетіндегі бұрын өзгелер үшін жабық болып саналған зертханалар да қазақстандық әріптестеріне есіктерін айқара ашып отыр. Осының бәрі ел экономикасының көтерілуіне, ішкі-сыртқы саясатымыздың тұрақты дамуымен тікелей байланысты екендігі айтпаса да түсінікті.

Қазіргі таңда РСЭС жанында бүгінгі заман технологиясын меңгеру жөніндегі екі жылдық дайындық бөлімі жұмыс істейді. Шетелдерден оқып қайтқан мамандар өзіміздегі дәрігерлермен қоса Орта Азия елдерінің СЭС саласындағы мамандарына да сабақ береді. Әрине, келісім-шарт бойынша. Сонымен қатар, шетелдерден арнайы шақырылған мамандар да мұнда дәріс оқиды. Олай болса, РСЭС алдағы уақытта Қазақстандағы халықаралық мәртебеге ие мекемелердің бірі болары сөзсіз.

– Шетелдік мамандардың бізге келіп дәріс оқуының бар тиімділігі – Орта Азиядағы аса қатерлі жұқпалы ауруларды алысқа бармай-ақ осы жерде сараптан өткізіп, біріге шешім қабылдауға мүмкіндік туғызды. Сондықтан да, болар біздің РСЭС Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының арнайы сертификатына ие. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі Ерболат Досаевтың бұйрығымен аса қауіпті ауруларды сараптау зертханасының жұмысы бұрынғыдан да күшейтілді, еліміздің әр түкпіріндегі ахуалды сәт сайын назарда ұстап отыру мақсатында ақпарат орталығы құрылды. Ол жердегі жаңа компьютерлерге жаңа бағдарламалар қойылып, жаңа сыныптар ашылды. Енді шалғай жердегі мамандарымыз осында келіп, әлемде болып жатқан соны өзгерістермен жете таныса алады,-дейді Кеңес Сәрсенғалиұлы.

Ол кісінің айтуына қарағанда, дүние жүзінде жаңадан отыз түрлі аса қауіпті жұқпалы ауру пайда болыпты. Солардың қатарына ертеректе жоғалып кетіп, жаңа сипатта қайта пайда болған құс тұмауы бүкіл әлемді алаңдатууда. Біздің негізгі білгіміз келгені осы еді. Ойымызды түсінген бас дәрігер құс тұмауы жайында қысқаша айтып берді. Одан түйгеніміз: құс тұмауы бұған дейін тек құстардың арасында таралатын. Бірақ дүние жүзі ғалымдарын қазірде алаңдатып отырғаны – ол енді адамдарға да жұғатындығы. Вьетнамдағы, Түркиядағы, Қытайдағы жағдайлар осының айғағы. Ал бізге көрші Әзірбайжанда он бір адам құс тұмауын жұқтырса, оның бесеуі көз жұмды. Бұл адамадар құс тұмауынан өлген құстардың жүнін жұлып, оны сатып пайда көремін деп жүріп, жазылмас дертке шалдыққан.

Маңғыстау өңіріндегі Ақтау қаласының маңында өлген 69 аққудың біреуінен құс тұмауының қоздырғышы табылған. Төтенше жағдайлар, Ауыл шаруашылығы, Денсаулық сақтау министрліктері тарапынан шұғыл шаралар қолға алынып, өлген құстардың денелері түгелдей өртелген.

Бас дәрігер К.Омаровтың айтуына қарағанда, Қазақстанда құс тұмауының алдын алу шаралары түгелдей жасалынған. Тиісті дәрі-дәрмектер мен осы заманғы ең озық құрал-жабдықтар, қондырғылар сатып алынған. Олармен жұмыс жасайтын мамандар сақадай сай. РСЭС-те қазір 400-ге жуық аса қатерлі жұқпалы ауруларды дер кезінде анықтайтын мүмкіншіліктер бар. Маңғыстау облысының әкімі Қ.Көшербаев Каспий теңізі арқылы қалаға келетін шетелдік азаматтар мен олардың жүктерін, тауарлар легін тексеру үшін 10,5 миллион теңге бөліпті. Ол қаржыға Америкадан тағы да ең озық қондырғылар сатылып алынбақшы. Қондырғылардың негізгі қасиеті – бес-алты метр қашықтықта келе жатқан адамның дене қызуын дәл анықтап береді екен. Сәл дене қызуы бар адам дереу дәрігерлік бақылауға алынатыны белгілі. Заттар мен тауарлар да осындай арнаулы тексерулерден өтеді. Ең бастысы, адамдардың қай жақтан құс тұмауының ошағы бар екенін анықтап отыруға мүмкіндік жасалынған.

Мәселен, Ресейдің жиырма облысында қазір құс тұмауы тіркеліп отыр. Бірақ, әзірге құс тұмауы адамнан адамға жұққан емес. Алайда дүниежүзінің ғалымдары бұл аурудың қоздырғыштары уақыт өткен сайын өзгеше сияптқа (мутацияға) еніп келе жатқанынан қауіптеніп отыр. Егер, ол дерт адамнан адамға жұғатын болса, қарсы тұрар шара әзірге жоқ сияқты. «Сақтансаң сақтаймын» деген сөз осындайда еске түседі. Дегенмен, ауруды батыстағылар әдейі таратыпты деген сыпсың сөз де ел арасын аралап жүргенін несіне жасырамыз. Бұл жөніндегі сұрағымызға К.Оспанов былай деп жауап қайтарды:

«ІІ дүниежүзілік соғыс кезінде Жапонияда, Қытайда, Германияда адамзатқа қауіпті аурулардың қоздырғыштары жасырын жолдар арқылы таратылғаны рас. 2001 жылғы

11 қыргүйектегі лаңкестік әрекеттер кезінде Америкаға пошта арқылы түйнеме (сибирская язва) ауруларының қоздырғыштары таратылып, одан бірнеше адам қайтыс болғаны белгілі. Әлдекімдер «қалжындап» Қазақстанға да ондай пакеттерді жіберген. Бәрі жалған болып шыққан. Дегенмен, мына нәрсені көпшілікке ескерткім келеді. Дүние жүзіндегі алдыңғы қатарлы елдердің арасында қатерлі ауруларды әдейі таратпау жөнінде ресми түрде келісім жасалған. Оған Қазақстан да қол қойған. Ендеше бактериялық соғыс жүргізуге жол жоқ деп ойлаймын. Дегенмен, бәріне дайын болуымыз керек».

Бұдан кейін аса қауіпті аурулар зертханасының меңгерушісі Сұлушаш Мизанбаевамен зертханаларды түгелдей аралап шықты. Біз келетін болған соң, зертханадағы жұмыстарды тоқтатып, бөлмелер мен қондырғыларды дәрілеп (дезинфекциялап), даярлап қойыпты. Республиканың, тіпті Орталық Азияның түкпір-түкпірінен алынған аурулар қорытындылары осы жерден сараптан өтеді, күдікті дерттің бар-жоғы осы жерде анықталады.

– Қазақстан көлемінде аса қауіпті екінші топтағы қоздырғыштарды анықтайтын он алты зертхана бар. Екінші топтағылар дегеніміз – өкпенің өзгеше қабынуы, құс тұмауы, сарп, түйнеме, тағы басқалар. 2002 жылы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен осы ауруларды анықтайтын бөлімге ерекше мәртебе берілді. Сөйтіп, біздің бөлімде облыстардан, аудан, қалалардан келіп түскен анықтамалар тағы бір тексеруден өткеннен кейін ғана нақты анықтама қойылады. Сол себепті, тек осы бөлімге құрал-жабдықтар алу үшін үкімет тарапынан 45 миллион теңге бөлінген, – дей отырып, Сұлушаш Ұзаққызы шетелдерден сатып алынған қымбат қондырғылардың әрқайсысымен таныстырып шықты.

Оның ішінде 13 миллион теңгеге сатып алынған, тек құс тұмауын анықтауға арналған қондырғы жайында толығырақ әңгімеді. Түсінгеніміз – бұл қазіргі кезде дүниежүзі бойынша ең алдыңғы қатардағы озық техника. Әзірге теңдесі жоқ. Алдағы уақытта барлық облыс орталықтарындағы СЭС-терге осындай

қондырғылар орнатылмақшы. Құс тұмауынан басқа да қауіпті ауруларды үш күннің ішінде толық анықтап беретін бұл техника шынымен-ақ көңілге сенім ұялтады екен.

Бұдан шығатын қорытынды – Қазақстанда әзірге құс тұмауынан келетін қауіп бар, бірақ оған қарсы күрес шаралары да жолға қойылған. Жаз кездерінде өзен, көлдерге қорықпай-ақ шомыла беруге болады. Себебі, құс тұмауының қоздырғыштары суға тарамайды. Ол тек құстың ішкі ағзасында өмір сүретін қауіпті дерт.

«Президент және Халық» газеті,
7 сәуір, 2006 жыл

БАСТЫ МІНДЕТ – НАУҚАСТЫ ТЕГІН ЕМДЕУ

Алматының күн батыс беткейінде орналасқан №7 клиникалық аурухананы білмейтіндер кемде-кем. Қаладан шыға берісте, Ұлы Жібек жолының бойында тұрған осынау емдеу орталығындағы қарбалас тірлік күндіз-түні бір толастамайды. 1,5 миллионға жуық халқы бар Алматы қаласын былай қойғанда, жол үстінде жарақат алып, осында емделіп жатқан басқа өңірдің адамдары қаншама?! Аурухананың кіре берісінде «Біз де бәрі тегін емделеді» деген жазуға көзің түскенде, ештеп таңданатының да рас. Осының бәрі қаншалықты шындыққа саяды деген оймен таяуда аурухананың бас дәрігері Иван Иванович Ли мырзаға арнайы жолығып, әңгімеге тартқан едік.

– Құрметті Иван Иванович, алдымен өзіңіз басқарып отырған осынау үлкен мекеме жөнінде қысқаша тоқтала кетсеңіз.

– Бұл – Қазақстандағы ең ірі ауруханалардың бірі, – деп бастады алғашқы сөзін Иван Иванович. – Мұнда 1300-ден астам медицина маманы қызмет етеді. Қырықтан астам бөлім мен бөлімше үздіксіз жұмыс істейді. Науқастар жатып емделетін 875 төсек-орын мемлекет тарапынан қаржыландырылады. Ал 90 орын ақылы. Біздің ауруханада нейрохирургиялық және невротравматологиялық көмек көрсету ісі ерекше жолға қойылған. Яғни, жүйке жасушаларының негізгі құрамдарын зерттей отырып емдеу шараларын медицинада осылай атайды. Жүйке жасушаларының негізгі құрамы – ми мен жұлын екенін білетін шығарсыздар. Міне, осы мүшелер дертке шалдыққанда дәрігерлік көмек беру әрі емдеу әрекеттері тек біздің ауруханада жүзеге асады. Аурухана кезінде әдейі жол жиегіне салынған сияқты. Адамдар көбінесе жол үстінде апатқа жиі ұшырайды. Батыстан шығысқа, шығыстан батысқа қарай ағылып жатқан автокөліктер легі күн сайын көбейе түсуде. Сонау Қордай асуының маңайында жол апатына ұшырағандарды қалайда осы ауруханаға

жеткізуге тырысады. Себебі, ауыр жарақатқа операция жасап, зақымданған жасушаларды қалпына келтіретін бірден-бір орын – осы №7 клиникалық аурухана.

– Бірнеше жерден қатты жарақат алғандарға жедел дәрігерлік көмек көрсету оңай шаруа емес. Осы жағына нақтырақ тоқталсаңыз.

– Дәл осы мәселеге байланысты өзім де әңгіме бастағалы отыр едім. Бізде күрделі жарақат бөлімі деген арнайы бөлім құрылған. Мысалы, біреудің басы да, ішкі құрылысы да, қол-аяғы да, тағы басқа мүшелері қатты зақымданып, ауруханаға түсті дейік. Оған нейрохирургтің де, терапевтің де, хирургтің де, урологтың да көмегі бір мезетте қажет болады. Мұндайда олардың әрқайсысын әр жерден іздеп жүргенде уақыт өтіп кетуі мүмкін. Ал адам өмірі қыл үстінде тұр. Қалайда құтқару керек. Сондықтан, ең қажетті деген әр саланың білікті мамандарынан құралған арнайы бөлім бізде қашанда сақадай сай. Осы бөлім дәрігерлерінің арқасында талай адам ажал тырнағынан аман қалды. Соған қарамастан біз тағы да шұғыл хирургиялық бөлімін ашуға дайындалудамыз.

– Оған қаржыны мемлекет бөлетін шығар, әлде өздеріңіз қарастырасыздар ма?

– Мемлекетіміздің экономикасы көтерілген кезден бастап медицина саласында да жағымды жаңалықтар көрініс бере бастады. Жоғарыда мен 875 төсек-орын бюджет қарамағында екенін айттым. Жататын орын мен қоса тамақтану, емделу, бәрі-бәрі мұнда тегін жүзеге асады. Қандай ауыр науқас болса да бүкіл дәрі-дәрмекпен тегін қамтамасыз етіледі. Ауру адамның қалтасынан бір тиын да шығартпаймыз, бір түйір де дәрі сатып алуға жол бермейміз.

– Операциялар да тегін жасалына ма?

– Сіз осы ауруханаға кіріп келе жатқанда төмендегі «Тегін дәрігерлік қызмет көрсету – негізгі міндетіміз» деген жазуларды байқаған шығарсыз. Әдейі көрнекті жерлерге іліп қойдық. Сырқаттанып келгендер білсін. Дәрігерлер де пенде, қолақы

дәмететіндер кездеуі мүмкін ғой. Ондайлар білініп қалса, бірден жазаға тартылады немесе жұмыстан шығарылады.

– Ақы төлеп жататын 90-ға жуық емдеу орындары бар дедіңіз ғой?

– Иә, бар. Жеке бөлме, теледидар, тоңазытқыш, тағы басқа жанға жайлы тұрмыстық қажеттіліктерді ұнататын қалтасы қалың адамдар болса, ақшасын төлесін де, сол жерде емін-еркін жатып емделе берсін. Бірақ, дәрігерлік қызмет онда да тегін екенін айта кетейін. Мен сізге біздегі кейбір бөлімдер жөнінде қысқаша ақпар бере кеткенім дұрыс шығар. Қалалық эндокринология орталығы, қалалық гематология орталығы дегендерді естіген шығарсыз. Бірақ осы орталықтардың бәрі біздің аурухананың ішінде орналасқанын екенің бірі біле бермейді. Эндокринология дегеніміз – ішкі секреция бездерінің қызметі туралы ілім. Адам ағзасының дұрыс жұмыс істеуі үшін бездер дұрыс жұмыс істеуі керек. Онсыз тірліктің мәні жоқ. Кейінгі кезде бұл дертке байланысты науқастар көбейіп барады. Эндокринологиялық орталықта балалар мен қоса үлкендер бөлімі де бар. Ал қан ауруларын емдейтін гематология орталығындағы зертханалар мен жаңа құрал-жабдықтар, ондағы лейкоз, анемия сияқты дерттерден емделіп жатқан адамдар туралы айта берсек, әңгімеміз ұзаққа созылады. Сондықтан, бір ғана нәрсеге тоқталайын. Тек осы гематологияға қатысты дертті емдеу үшін ғана мемлекет бізге 50 миллион теңге бөліп отыр. Мұндағы құрал-жабдықтардың өзі өте қымбат. Өте қымбат дәрілер де осы дертті емдеу үшін сатылып алынуда. Таяуда бүкіл буындарын қан кеулеп кеткен 16 жасар Смағұлов Еркін деген бала осы бөлімнен құлан-таза емделіп шықты. Тек Еркінді емдеу үшін ғана 5 миллион теңге жұмсадық. Көрдіңіз бе, бір адамның сырқаты үшін мемлекет қаншама қаржы бөлген. Алматы қалалық денсаулық департаменті мен қала әкіміне бұл қамқорлығы үшін тек алғыс айтуымыз керек. Соңғы кезде сатылып алынған қан тоқтату құралының құны 4,5 миллион теңге тұрады. Жан сақтау бөліміндегі жедел көмектерді қоспағанның өзінде бұл құрал-жабдықтар-

дың қызметін кез келген науқас тегін пайдаланады. Мақтанғандай болармын, шындығын айтқанда қалада әзірге ешбір аурухана дәл біздегідей халыққа тегін қызмет көрсетіп жатқан жоқ. Таяуда Америкадан, Германиядан ең жаңа аспаптар мен микроскоптар, қан аурулары мен иммунитет тапшылығы себебін анықтайтын, оны емдейтін озық үлгідегі медициналық құрал-жабдықтар сатып алмақпыз. Жақында ғана 5 операция жасау үстелін орнаттық. Әртүрлі электрлік пышақ, жасанды жолмен демалдыру құралдары, тағы басқа толып жатқан аппараттарды тізбелемей-ақ қояйын. Алматы қаласы әкімдігі мен денсаулық сақтау департаментінің бұл қамқорлығын біз тек адал еңбекпен ғана ақтай аламыз деп ойлаймын. Айтпақшы, бізде қалалық гемодиализ орталығы да жұмыс істейді. Ол жөнінде естіп пе едіңіз?

– Естуім бар. Бұл менінше. «Жасанды бүйрек» деп аталатын аппарат арқылы емдеу әдісі болса керек.

– Дұрыс айтасыз. Медицина тілінде мұны «гемодиализ» дейді. «Жасанды бүйрек» аппаратының бір емі – 16 мың теңге тұрады. Қазір 110 адам тұрақты түрде осы аппаратпен емделу үстінде. Аптасына 2-3 рет ем қабылдайды. Бәрі тегін. Сегіз жылдан бері гемодиализдің көмегімен өмір сүріп жатқан бірнеше науқас бар. Қазір олармен тілдессеңіз, бәрін өздері айтып берер. Алдағы уақытта тағы да жаңа «Жасанды бүйректер» сатып аламыз. Тозығы жеткен компьютерлік томографты толығымен қайта жаңарттық. Мен әзірге дезинфекциялық, стерилизация, қан дайындау, тағы басқа қызметтеріміз жайында айтпай-ақ қояйын. Тек, жылына 2 тонна қанды өзіміз дайындайтынымызды ескерте кеткім келеді. Осыншама көлемдегі қанды қалалық қан құю орталығынан тағы да алуымызға тура келеді, – деп әңгімесін аяқтаған Иван Иванович өзінің емдеу жөніндегі орынбасары Сәуле Өнербаеваны шақырып, біздерді бөлімдермен таныстыруға тапсырма берді.

Бөлімдерді аралау кезінде Сәуле Әділжанқызы осы клиниканың базасында ҚР Дәрігерлерінің білімін-жетілдіру

институтының С.Асфендияров атындағы Ұлттық медицина университеті мен республикалық және қалалық медицина колледждерінің кафедраларында жұмыс істейтінін айтты. Мұндағы кафедра меңгерушілері – профессор С.К.Ақшолақов, В.В.Кручков, Р.Б.Базарбеков, М.Е.Зельцер, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген дәрігер М.К. Көжеков сияқты білікті мамандар ғылыми жұмыстар жүргізумен қатар ауруханадағы емдеу ісіне де белсене араласады екен. Аурухананы аралау барысында негізгі бөлімдерде жүріп жатқан жұмыстарды өз көзімізбен көріп, медицина қызметкерлерінің жанкешті жұмыстарына тәнті болдық.

**«Президент және Халық» газеті,
9 маусым, 2006 жыл**

«ВАЛЕНТИН КҮНІ» АРБАП ЖҮР.

Біздің қазакең әр нәрсеге сенгіш, әсіресе еліктегіш халық қой. Оның жақсы жағы да бар, жаман жағы да бар. Жақсы жағы – ізгілікті, жаңалықты тез қабылдаса, нашар жағы – дұрыс-бұрыстығына қарап жатпай көргенсіз дәстүрсымақтарды қабылдай салатындығы. Ойланып жатпай еліктеушілік, білімсіздік ой тайыздылығынан туындайды. Өзіндік ішкі «мені» жоқ, ұлттық, имандылық, адами құндылықтардан ада, өзін-өзі таба алмай жүрген жастар көргенсіздіктің алғашқы құрбандары болып жатады. Сондықтан, ондайлар өздерін өзгелерден артықтау, «модныйлау» етіп көрсетуге тырысады, сөйтіп жасандылыққа ұрынады. Көпшілік не істесе сырттай соны қайталай береді. Соңында сол көпшіліктің ықпалында адасқанын да парықтамайды. «Көп айтса көнді, жұрт айтса болды – әдеті надан адамның» деген Абайдың сөзі осындайда еріксіз еске түседі.

Тәуелсіздік алған алғашқы жылдарымызда ел арасында Сары әулие, Ақ әулие, Қоңыр әулие деген тәрізді алаяқтар қаптап кетіп еді. Жоқтан өзгеге сенгіш біздің қазакең әлгілердің алдында аузын ашып, көзін жұмды. Сол әулилер қазір қайда? Жоқ. Өзімен кетсін! Бірақ кейінгі жылдары тағы бір әулие шықты. Оның аты – «Валентин әулие». Мұның екпіні тіпті қатты. Оң-солын танып үлгермеген жастар, шетелдіктер ойлап тапқан әулиені өздерінше пір тұтып жүр. Шын мәнінде ойдан шығарылған, тек католиктерге ғана қатысты осынау образдың біздің қазаққа үш қайнаса сорпасы қосылмайды.

Өкінішке орай, «махаббат» деп аталатын киелі сезімге еш қатысы жоқ Валентинге табынушылық елімізде жылдан-жылға көбейіп келеді.

Әсіресе, мектеп оқушылары мен студент жастар өз араларында 14 ақпанды «махаббат күні» ретінде тойлап, адамдық болмысымызға, ұлттық дәстүрімізге көлеңке түсіретін болып алды.

Ілкіде, өз басым «Валентин Әулие» жайында баспасөз беттерінде жылына бір рет жарық көретін жағымсыз пікірлерге көз жүгірткенім болмаса, жастардың уақытша еліктеушілігі шығар деп соншалық мән бермейтінмін. Бірте-бірте бұл мәселе мүлдем теріс сипат алып бара жатқаны байқалады. Әсіресе, өткен жылы ел көзінше ұзақ сүйісуден сайыс өткендігі жайында ақпарат қатты ойландырды. Бүгін сүйістен жарыс өтсе, ертең одан зорғысынан да жарыс өтпесіне кім кепіл?

Не нәрсеге тиым салынса, адам соған қарай ұмтыла түсетіні табиғи құбылыс. Осы уақытқа дейін бізде махаббат мерекесі деген болған емес. Ол жайында тіпті ойлаған да жоқпыз. «Валентин күні» келген соң ғана іс соңы насырға шабатынын сезіп, оған қарсы «Қозы-Көрпеш-Баян сұлу» күнін мереке ретінде асығыс ұсына салдық. Бұл әрекетіміз «сасқан үйрек артымен сүңгидінің» кебін келтіріп тұрғандай. Жастарды баурап әкетіндей іс-шаралар қарастырылмады. Мереке сол баяғы тарихи көріністерді қайталаудан әрі аспады. Бүгінгі жастардың ішкі сұраныстарын өтей алмай жатқанын несіне жасырамыз. Ал, сонау III ғасырдағы католик тарихынаң кішкентай уақиғасы жастарымыздың жүрегі мен санасын улап барады. Алғашқыда батыстан әдейі енгізілген бұл дәстүр жымысқы жолмен келіп, ақырындап төрге озды. Оны өзіміз байқамай да қалдық.

Ал, Валентин деген Көне Римдегі бір католик шіркеуінде қызмет еткен, әскери жарғысын бұзып, тыйым салғанына қарамастан пара алып, жауынгерлердің некесін қиғаны үшін түрмеге қамалған алаяқ біреу. Жазадан құтылудың жолын іздеген ол түрме бастығының зағип қызын емдемек болады. Ондағы ойы – жарымжан қыздың жүрегін жаулау арқылы жазадан құтылу екен. Алайда ол әрекетінен ештеңе шықпайды. Егер түрме бастығының қызы оған шын ғашық болып қалғаны рас болса, Валентин өлім жазасынан құтылар еді ғой. Әскери тәртіпті бұзған жігіттің айла-шарғыларына қарамастан, қыздың әкесі оның басын шабуға бұйрық береді.

Міне, осы оқиғаның төңірегінде туындаған түрлі аңыздар сумаң қағып жер шарының түкпір-түкпірін күні бүгінге дейін

кезіп жүр. Ең қауіптісі сол – ол кімді арбаса, соны жалмап тынатындығы. Валентин өлер алдында ғашық қызына хат жазыпты-мыс. Сондай-ақ, «бұл күні Римде көктемнің бұтақтары бүршік жарып оянады, жүректерде махаббат оянады» деген сөздер жастарға қатты ұнайды. «Валентин күнінде» ғашықтар біріне-бірі роза гүлін сыйлау дәстүрі осыдан шыққан. Гректің Афродита атты махаббат құдайы өз ғашығына жалаң аяқ жүгіріп бара жатып, тікенек гүл – розаны байқамай басып кеткенде аяғынан қан саулап, ақ гүлдерді қызыл гүлдерге айналдырыпты-мыс.

Католик дінінің ділмарлары бұл оқиғаны да әлгі Валентиннің төңірегіне жанастырады. Ондағы мақсаттары біреу ғана – христиан дінінің бір тармағы болып табылатын протестант дінінің өкілдерін католик дініне ұйыту. Махаббатты желеу еткен олар бұл мақсаттарына жетіп келеді. Осы мерекенің ең қауіптісі – ғашықтар сол күні өздерін емен-еркін ұстап, ойларына келгенін істеуге құқылы екендігі. Тілі мен дінінен айырылып, тарихы мен мәдениетінен мешеу қалған кейбір қазақ жастары Қозы мен Баянның, Еңлік пен Кебектің сезімдері мен жүрек лүпілдерін, асыл армандарын қайдан түсінсін. Ондайлар үшін әлгі Валентиндер махаббат періштесіндей көрінеді. Батыстың іріпшіріген әдет-ғұрпынан тұратын арзан махаббат желігі олар үшін нағыз өркениеттің белгісі болып есептеледі.

Осы мақаланы жазу барысында біраз мектеп оқушыларымен, студенттермен әңгімелестім.

Қазақ мектебінде оқитын қыздар мен балалар «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу» күні өткізген дұрыс дейді. Филология, тарих, журналистика факультеттерінің студенттері де осындай пікірде. Бірақ олар бұл мерекені махаббат жайында ақыл айтатын, жиналыс өткізетін күнге айналдырмай, бүгінгі күнге лайық әдет-ғұрыптармен өрнектелгенін қалайды. «Валентин күнін» құр жамандаудан ештеңе өнбейтінін, ол тек қарсылықты күшейтетінін де ескертті. Махаббат туралы қандай жақсы сөздер білетіндіктерін сұрағанымызда: «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл, көзбен көр де іштен біл», «Махаббатсыз дүние бос, хайуанға

оны қосыңдар», «Ғашықпын, шын ғашықпын сол адамға, мен не болсам болайын, сол аман ба?», «Махаббат-мәңгі ертегі, сезімнің сырын шертеді» деп біраз өлең жолдарын жарыса айтты. Бұл – махаббат деген киелі сезімге кір шалдырмай өсіп келе жатқан мәдениетті қыздарымыз бен текті ұлдарымыздың көп екенін байқатады. Ендеше, сол жалынды жастардың алаулы сезімдерін сөндірімеуге тырысқанымыз жөн. Жаһанданудың тағы бір жымысқы әрекетіне тойтарыс берудің басты амалы да осы болса керек.

**«Қазақстан-Заман» газеті,
11 ақпан, 2005 жыл**

ТОЙЫМЫЗ ДҮРКІРЕП ӨТТІ, ОДАН ҚАНДАЙ ТАҒЫЛЫМ ТҮЙДІК?

Бұл күн, яғни 16 желтоқсан – қазақстандықтар үшін, әсіресе ғасырлар бойы тәуелсіздік пен бостандықты арман еткен қазақ халқы үшін тарихта алтын әріппен жазылатын ең бір қасиетті күн болып қалатыны сөзсіз.

Аңсай күткен бостандық таңы қазақ жерінде қалай атқаны, осынау шұғылалы шуақпен бірге өзіміздің Елтаңбамыз бен Елтуымыз, Әнұранымыз бірге дүниеге келгенін мақтана да шаттана жырға қостық, әнге қостық, төрткүл дүниеге паш еттік.

Бұл күні тұғыш рет «Останкино» теледидары қазақ тілінде, тағы басқа туысқан халықтар тілдерінде біздің елдегі жарасымды достықты, тыныштықты, ауызбірлікті қызғана да қызыға жер-жерге таратып жатты. Дос сүйінді, дұшпан күйінді десек те мәртебеміз бір көтеріліп қалды.

Осы ұлы мереке алдында республика Премьер-министрі С. Терещенко жолдас Президенттің ақ ордасында журналистер қауымымен арнайы кездесіп, баспасөз конференциясын өткізген болатын. Сонда бір әріптесіміз: «Бұрынғы тоқырау кезінде де осындай салтанатты тойлар жиі өтуші еді. Мынау той бізге не береді?» деген қиястау сұрақ қойып қалғаны есімде.

Сонда үкімет басшысы Қазақстан тарихындағы бұл күннің мән-маңызын кеңінен түсіндіре келіп, қазіргі әлеуметтік-экономикалық салалардағы қиыншылықтарға тоқталып өткен. Бірлік болмай, тірлік болмайтынын, саяси тұрғыда тәуелсізбіз деп қаншалықты ауыз толтырып айқайлағанымызбен күндердің күнінде ол желбуаз ұрандардың бірі ғана болып қалуы мүмкін екенін ескерте келіп, жиын-тойға, мерекелік басқосуларда түсіністік пен ынтымақтық тамырын тереңдете білудің өзі бүгінгі таңда ауадай қажет екенін ескерткен.

Тәуелсіздің тойына өз дәрежесінде атсалысқан республика жұртшылығының сол күнгі шат-шадыман жүздерін

көрген кез келген адам «Я сэт, ұзағынан сүйіндіргей!» деп іштей тебіреністі күй кешпеуі мүмкін емес еді. Сол күнгі республика, «Останкино» теледидары арқылы берілген Президентіміз баяндамасының әр сөзіне назар аударсаңыз, тәй-тәй басқан тәуелсіздігіміздің үні тал бесіктегі жаңа туған сәбидің үніндей нәзік алғашқы тұсаукесер қадамымыз екенін бағамдау қиын емес.

Байқап қарасақ, қоғамымыз бұрынғыша әлеуметтік-экономикалық дамудың құрсаулы қыспағынан шыға алмай жатқан көрінеді. Ауыздыққа бас бермей тұрған мынау инфляция деген сұмдық бұлай кете берсе, күндердің күнінде түбімізге жетіп тынатынын да түсінгендейміз. Осыған байланысты бағаның шарықтап өсуі қатты белең алған. Қылмыстың неше түрі күннен-күнге құбылып тұр. Бұдан құтқаратын негізгі күш – ел сақшылары мен құқық қорғау органдарының қызметкерлері екенін ел ағасы көпшілік алдында ашық мәлімдегендей болды. Қоғамдық орындарда, көшелерде тәртіп орнату үшін біздерді батыл іс-қимылдар мен қатаң шаралар қолдануға дейін шақырды. Себебі, қарапайым еңбеккерлердің табан ақы, маңдай терімен тапқан игіліктері алпауыттар мен алаяқтардың еншісіне тиіп, ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетіп бара жатқаны шындық. Бүгінде қарапайым халық ел сақшыларының өзіне сенімсіздікпен қарайтынды шығарды. Өйтпегенде қайтсін, алыпсатарлар алшандап, саудагерлер сайрандап жүретін бір мамыражай заман туғанын бүгінде еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін жақсы біледі.

Осыдан бес-алты ай бұрын Алматы қалалық әкімшілігі арнайы қаулы қабылдап, адамдардың өздері өндірімеген бұйымдарды қолдан сатуға тыйым салу жөнінде қаулы шығарған. Амал нешік, ол қаулы да аяқ асты болып қалып қойды. Қазір алыпсатарлар мен саудагерлердің жанына тақаған милиционерлердің өзін олар бір қорап темекіге немесе бір шөлмек араққа «сатып» алып, миығынан күле қарайтынын көріп те, біліп те жүрміз, «Ауруды өлім әшкерелейді» дегендей, дәл бұлай бола

берсе терең жарға оңбай жығылатынымыз ақиқат. Ол одан кейін тәуелсіздік, бостандық тойын тойламақ түгіл «байтал түгілі бас қайғының» күнін кешіп, бұрынғы өмірімізге де зар болып қалуымыз мүмкін.

Сондықтан, өткен аптада дүрілдеп өткен тәуелсіздік тойымен ел сақшыларын өз тарапымыздан тағы бір құттықтай отырып, тәуелсіздіктің бір тірегі өздеріңізсіздер, көкбайрақтарыңды берік ұстаңыздар, азаматтар, дегіміз келеді.

**«Халық кеңесі» газеті,
25 желтоқсан, 1992 жыл**

ӨТІРІК СӨЗ – ӨРТПЕН ТЕҢ

Өткен аптаның басында, яғни 21 шілде күні таңғы сағат 4.30-да «Қазақстан» телерадиокорпорациясының ғимаратындағы күзетшілер ішкі жақтан шыққан түтін иісін сезген. Сәлден кейін мұндағы кезекші инженер өрт сөндірушілерге хабар береді. Өрт сөндірушілер 5-тен төрт минут өткенде өздеріне хабар келіп түскенін, 5-тен 15 минут өткенде өрт шыққан жерге келгенін айтады.

Сол күні электронды ақпарат құралдарының көбісі «Қазақстан» ұлттық телеарнасының 400 шаршы метр көлемінде алып жатқан 1-студиясы түгі қалмай жанып кеткенін, одан келген шығын жарты миллион доллардан асып жығылатынын жан-жаққа таратып жатты. Ертеңінде жарық көрген басылымдар да бұлардан қалыспауға тырысты. Олардың сөзіне сенсек, «Қазақстан» ұлттық телеарнасының 1-студиясынан іліп алар ештеңе қалмағандай.

Осы оқиғаның анық-қанығына жету мақсатымен біз таяуда «Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясы ЖАҚ басқарма төрағасының орынбасары, бас продюсер С.Тәуекелге жолығып, мәселенің мән-жайын өз аузынан естідік.

– Жексенбіден дүйсенбіге қараған күні таңға жуық басталған өрт сағат тоғызға таман қызметкерлер жұмысқа келе бастағанда толық сөндірілді. Тележурналистер мен баспасөз өкілдері сол сәтте-ақ қаптап кеткен. Мен оларға жағдайды қысқаша баяндап бергем. Бірақ кейбір сөздерімді дұрыс түсінбеген бе, әлде әдейі елді елендеткісі келген бе, түймедейді түйедей етіп, өрттен қалған шоқты одан сайын үрлеуге тырысқанада-рын түсінбедім. Шын мәнінде өртенген 1-студияның көлемі 400 емес, 297 шаршы метрді құрайды. Демалыс күні студия жұмыс істемейтіндіктен, ондағы қымбат бағалы аппаратураның мен телекамералардың бәрі жапсардағы арнайы бөлмеге

қойылған. Олардың бірін де өрт шалмаған. Басқару пулттері орналасқан бөлменің терезесі бірнеше қабатты әйнектерден тұрады. Соның алғашқы қабаты сынған. Бірақ арғы жаққа жалын да, түтін де өтпеген.

Сонымен, 1-студияда өртенген бұйымдар – жарық түсіру қондырғылары, электр желілері, декорациялар, бірен-саран ескі орындықтар мен үстелдер. Иә, студияның іші түгелдей отқа оранғаны рас. Қазір, онда күл-қоқыстан басқа ештеңе қалмаған. Соған қарап бүкіл студияның бұйымдары өртеніп кетті деп бей-балам салу дұрыс емес еді. Күндіз осындай алып-қашты хабарды көргеннен кейін дереу эфирге шықтық. Өзіңіз қазір аралап көріңіз, 1-студия орналасқан бөлмеден басқа жердің бәрі аман. Жұмыс бұрынғыдай өз ретімен жүргізілуде. Өрттен келген шығын көлемі – 16 миллион 272 мың теңге екені анықталды, – деп Сіләмбек Тілеуғалиұлы. Бұдан кейін ол кісі бағдарламалар директоры Марат Сандыбаевқа оқиға болған жерді аралап көрсетуді тапсырды.

Біз «Қазақстан» ұлттық телеарнасының бүкіл кеңселерін аралап шықтық. «Өртеніп кетті» деген төрт телекамера бұрынғыдай жұмыс істеп тұр. Басқару пульті орналасқан бөлмедегі аппараттар сол күйінде. Өртенген студияға қарағанда көлемдері шағындау үш қосалқы студия бәрі сақадай-сай. Салынғанына 50 жылға жуық уақыт өткен ғимаратқа бертіндері түбегейлі жөндеу жұмыстары жүргізілгені де көзе ұрады. Тек екінші қабаттың төбелерін ептеп түтін шалған. Өртенген 1-студияны мұның алдында ғана күрделі жөндеуден өткізгелі отырғанда мынадай жағдайға тап болыпты. Шетелден алынған жаңа электр қондырғыларын орнатуды келесі күнге қалдырғандарына бүгін өздері қуануда. Ал кейбір әріптестеріміз оны «түбегейлі жөндеуден өткен, жаңа қондырғылар қойылған еді» деп, шығын көлемін шығандата көрсетіпті.

Өрт сөндірушілер электр желілерінен өрт кеткенін анықтапты.

«Бар мен жоқ», «Ақжүніс», «Жеті саз», «Шынның жүзі», «Ән мен әнші» сияқты хабарлар ұйымдастырылатын орын

өртеніп кеткенімен, мұндағы қызметкерлер сол баяғы қалпында өз міндеттерімен айналысуда.

Айтпақшы, студиядағы сирек қор таспалары сақталған бөлме де түгелдей өртеніп кеткен деген сөз шығып еді ғой. Сол себепті, бұл бөлмені де ашқызып көрдік. Бәрі орнында. Жалын тұрмақ түтін иісі де тимеген. Ендеше, «архив құрыды» деп байбалам салар ештеңе жоқ деуге негіз бар.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
29 шілде, 2003 жыл**

АЖАЛ ДА, АЗАП ТА – АРАҚТАН

Біз бұл жерде арақ ішуге қарсы үгіт айтып, сіздерге мораль оқудан аулақпыз. Егер ондайдан бір нәтиже шықса, ендігі шығар еді ғой. «Қайта құруды» араққа қарсы күрестен бастаған кезіміздегідей «салауаттылық – өмір салты» екенін де, «ішімдіксіз той-думан» өткізудің пайдасы зор екенін де ежіктегіміз келмейді. Бұл әңгіменің араққа салынып, ішіп кеткендер мен мүлде ішпейтіндерге тіпті қатысы болмауы да мүмкін. Өйткені, салынып ішіп кеткендерді ерікті, еріксіз түрде емдеу керек. Ал мүлдем ішпейтіндер арақ жөнінде ешкімнен ақыл сұрамайды.

Сонымен, сіздер мен біздер бұл екі категорияға да әзірге жатпаймыз деп есептейік. Ашығын айтсақ, қажет жерінде «ішетін» адамдармыз. Әлімсақтан белгілі төрт қағиданы да (кіммен, қашан, қалай, не үшін ішу керектігі жөнінде) әжептәуір меңгергендейміз.

Бірақ, кейде күтпеген жерден «албасты басып», ыңғайсыз жағдайға түсетін, әлдекімдерден кешірім сұрауға мәжбүр болатын, тіпті жұмыста сөгіс естіп, жазаға тартылып қалатын да кездеріміз бар. Осының бәрі арақты дұрыс іше білмеудің кесірінен екенін де жақсы түсінеміз. Түсіне тұрып бұрынғы қателіктерімізді тағы қайталаймыз. Кейбір дарақылар масайған немесе мас болып жасаған өрескел қылықтарына елдің бәрі кешіріммен қарауға тиісті деп ойлайтындай. Денсаулығы құрыса, оған да кінәлі өзі емес, арақ деп есептейді. Бұл, әрине, тумысынан тексіздерге тән қасиет.

Ал енді қанша ішсе де табиғи болмысынан бір танбайтын, өзі «қызып» қана қоймай, маңайындағыларды да көңілдендіре алатын, үлкеннің де, кішінің де алдында абыройын түсірмей, әркімдермен әдемі әзіл жарастыра білетін «жайсаңдарды» көріп жүрміз. Сондай адамдармен қосарлана ішіп отырған кейбіреулер орта жолда-ақ тілін шайнап, өзін мүлдем жоғалтып алады.

Неге? Оның бір сырын мен таяуда арақты «дұрыс іше білетін» бір танысымнан сұрағанымда, ол былай деген еді:

– Бұл құрғырға өзі, сенім жоқ. Аяқ астынан омақастыруы оп-оңай. Сондықтан, арақ ішер алдында мас болу үшін емес, сәл бір көңіл көтеру үшін ғана ішкелі тұрмын деп өзінді дайындап ал. Сосын, арақтың маңайында дәм-татымдарға (закускаларға) көңіл аудар. Егер, ол жерде құр нан мен қара судан басқа ештеңе жоқ болса, тартынып іш. Сосын, ол арадан жылдам кетуге тырыс. Басқаларды да соған үгітте. Өйткені, мұндай ішудің соңы міндетті түрде бірдеңеге соқтырады. Жігіттер көңілденіп алғаннан кейін, бірінің алдында бірі қарыз болып қалмауы үшін кезек те кезек дүкенге жүгіретіні белгілі. Сөйтіп, аш қарынды «өрт жайлай» бастайды да, соңында не болғанын білмей қаласың...

Менің бұл танысымның сөзіне көңіл бөлсеңіздер, кезінде ол өзі де арақтан көп «таяқ жеген» адам сияқты. Ендеше, оның қарапайым тәжірибесі анау-мынау ақыл-кеңестен әлдеқайда тиімді болуы мүмкін. Онда назар аударып көрейік.

Сонымен, оның айтуынша, егер сіз отырысы ұзаққа созылатын салтанатты дастархан басында болсаңыз, алдымен соңғы тамақтанған уақытыңызды есіңізге алуыңыз керек екен. Иә, сіз орта қарын жағдайындасыз дейік.

Мұндайда тұздалған қияр, немесе қызанақтан ашырқана бір-екі тістеп, салқын еттің екі-үш түйірін ауызға тастап жібергеннен кейін-ақ арақтың 50-70 грамын тартқан жөн. Арада 10 минуттей өткен соң манағы тағамдардан дәм тата отырып, тағы бір 50 грамды ішіңіз. Міне, осыдан кейін ыссылау тамақтан қарбытып-қарбытып жіберіңіз.

Енді ішу жиілігін 15-20 минутке ұзарта түсу қажет. Ара-арасында міндетті түрде бір-екі кесе сорпадан сораптап алыңыз. Үзіліс кезінде таза ауаға шығып келіп, жақсылап билесе, басқа шаба бастаған арақтың қызыуы тез тарқап кететін көрінеді.

Орта қарыннан сәл жоғары тамақтандыңыз. Ішіңізде жарты бөтелкеден артық арақ «ойнақ салып» жүр. Сіз көңілдісіз, әзірге сөзіңіз де, өзіңіз де дұрыссыз. Келесі отырыстың басынан

соңына дейін осы қалыпты сақтауға тырысыңыз. Әрбір «тост» сайын ел сөзіне еріп, далақтап іше берудің керегі жоқ. «Зорлаушылар» көбейіп бара жатса 50 грамның жартысынан ғана дәм татып, той иесіне деген көңіліңізді білдірсеңіз жетеді. Көңіл-шектенбеңіз. Ал қонағын қалай да араққа сылқита жығып, мас қылуды өзіне мәртебе санайтын әулекілер мазаңызды тым алып бара жатса, кәдімгідей тиып тастаңыз. Дәл сол үшін сізді біреу кінәласа кінәлай берсін.

— Міне, ұзақ отырыс та аяқталып, қайтатын кез келді. Осы тойдан кәдімгідей «қызып» шыққыңыз келсе, енді бір жүз грамнан екі рет қайталап жіберіңіз де «сау болыңызды» айтып, есікке беттеңіз, — деген еді ол сөз соңында.

Жалпы арақ ішудің мұндай әдістерін айта берсе, көп-ақ. Бұл — қарапайым тәжірибенің бірі ғана. Ал оның ең тиімдісін, зиянсызын өзіңізден артық ешкім ойлап таба алмайды.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
19 желтоқсан, 1997 жыл**

ТЕМЕКІ ТАСТАУДЫҢ ОҢАЙ ӘДІСІ

Жиырма бес жыл бойы темекі тартып келіп, оны мүлде қойып кеткен біртанысым өзінің тәжірибесімен былай бөліскен еді:

– Алғашқыда он жыл темекі тартқаннан кейін оны тастадым. Бірақ үш жылдан кейін қайта бастадым. Одан кейін он үш жыл тарттым. Тағы да тастадым. Шыдамым бір-ақ жылға жетті. Үшінші рет тағы тастадым. Оған да міне он жылға жуықтап қалды. Енді темекіні ауызыма алмақ түгілі қолыма да ұстамаймын. Тіпті бұрындары темекі тартқанымға өзім де сенбейтін сияқтымын.

Оның әңгімесінен кейін түсінгенім мынау:

Бір тәулікте екі қорап «Қазақстан» немесе «Астра» темекісін тартыпты. Әр қорапты сатып алған сайын «осы соңғы қорап болсын» деп өзіне-өзі уәде береді екен. Бірақ уәдесінде тұра алмапты. Темекі қою бірте-бірте арманға айналыпты. Өйткені, одан көрген зияны шаш етекпен. Жырақта, іс-сапарда жүргенде темекісі таусылып қалып, жынданып кете жаздаған сәттерін еске алудың өзі бүгінде қорқынышты. Талай рет жейдесі мен шалбарына темекі шоғы түсіп бүлінгені өз алдына, аузынан шығатын күлімсі иіс пен кеудедегі май қақырықтан жүрегі айнитын. Сәл жүгірсе еңтігіп қалатынды шығарды. Дәл осылай кете берсе 40-тан аспай жатып қартайтынына көзі жетті. Осыны түсінген ол спортты қайта қолға алыпты. Таңертеңгілік ептеп жүгіруді әдетке айналдырады. Ал жүгіріп келген соң, кеудені жөтел қысады. Қатып қалған қақырықтар ойылған қидай іріп түсе бастайды. Бұл дегеніңіз жылдар бойы қолқатамырларын кеулеп алған никотин шөгіндісі сендей сөгілді деген сөз. Енді темекі тартсаң өкпең удай ашиды. Алғаш рет темекі тартқан кездердей. Бірақ, әдет бойынша жарты сағат сайын темекіні іздей бересің. Мұндайда өзіңе шектеу қойып, қиналмау керек.

Менің танысым енді бір тал темекіні қайшымен үшке бөліп, мүштікке салып тартуға кірісіпті. Сөйтіп, қиналыстан құтылып, бұрынғы әдет бойынша темекі тартуды жалғастыра береді. Тек көлемі үш есеге азайған. Келе-келе бір аптада бір қорапты тауысады. Одан екі аптада бір қорапты тауысатын болыпты. Күн сайын темекі тарту жиілігі де азая бастайды (әр тартқан сайын бір тал темекінің үштен бірі ғана мүштік арқылы тартылатынын жоғарыда айттық). Бір айдан кейін темекі дегенді ұмытып та кетіпті. Есесіне спортты күні бүгінге серік етіп келеді.

Қазір жасы елуге келіп қалса да өзін әлдеқайда сергек сезінетін көрінеді.

**«Қазақстан-Заман» газеті,
19 қараша, 2004 жыл**

III БӨЛІМ

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІЗДЕНІС



3.1. ШЫҚҚАН УАҚЫТЫН АНЫҚТАУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН МАҚАЛАЛАР

«ОМОН» ҚОРҒАУШЫҢ БА, ҚОРЛАУШЫҢ БА?

Қоғамымыздағы күрделі жағдайларға байланысты үкіметтің басқару-атқару аппараттарымен қоса право тәртібін қорғау органдарының құрылымдық жүйесінде де біраз өзгерістер жүріп жатыр. Соның айғағы ретінде кейінгі жылдары киім үлгілері өзгешелеу, білектерін сыбана түрінген, белдеріне резеңке келтек қыстырған милиция қызметкерлерінің тағы бір түрі қала көшелерінде пайда болды. Ол, әрине, «заманың қалай болса, бөркінді солай ки» деген еріккеннің ермегінен туған жайт емес. Жаппай тәртіпсіздік белең алып, жазықсыз адамдардың тағдырына қауіп төнгенде арашаға келетін айырықша мақсаттағы милиция отряды (ОМОН) дегендер, міне, осылар. Әйтседе, осынау жас жігіттерге деген көпшіліктің көзқарастары кейінгі кезде онша жақсы емес. Олар туралы алыпқашты сөздер мен келеңсіз пікірлер жиі естіліп қалады. Тіпті, бұларды шаш ал десе, бас алатын жан алғыштай сезінетіндер де бар арамызда. Егер шынымен солай болса «мұндай арашашыдан аулақ!» деп бас тартудан басқа амал жоқ шығар.

«Жел болмаса, шөптің басы қимылдамайтыны» рас болса, осында бір гәп бар-ау деген күдікті оймен қаланың бұрылыс-бұралаңы көп кішірек көшелердің түкпіріне орналасқан ОМОН-ның мекен-жайына келдік. Отряд бастығының орынбасары Темірханов Дәулет Өмірханұлы бізбен ашық әңгімеге даяр екенін білдірді.

Төменде осы кісімен жүргізген сұхбатымызды оқырман назарына сол күйінде ұсынғанды жөн көрдік.

– Дәуке, мекен-жайларыңыз жұпыны болғанымен аулаларыңыз кең екен. Оның үстіне көптің көзінен таса, оңаша жерде орналасыпсыздар. Абыр-сабыр күй кешіп жатқандарыңызға қарағанда тағы бір «төтенше сапарға» аттанбақшысыздар-ау деймін.

– Оның бетін ары қылсын. Сіз біздің жаттығу сабағымыздың үстінен дөп түстіңіз. Күнделікті жұмысымыз таңғы сағат сегіз жарымнан басталады. Содан 11-ге дейін тек спортпен шұғылданамыз. Мергендік сайысы, тағы басқа әртүрлі айла-тәсілдерді жете меңгеру оңай емес. Жігіттердің шеберлігін арттырып, праволық білімдерін жетілдіре түсу басты міндеттердің бірі.

– **Бос уақыттарыңызда бұдан басқа немен айналысасыздар?**

– Бос уақыт деген бізде жоқтың қасы. Қазір міне, түскі үзіліс тақап қалды. Үзілістен кейін сағат 14-те қайтадан сапқа тұрамыз. Бұл – былайша айтқанда, кешкі кезекшілікке дайындық деген сөз. Содан сағат 17-ден түнгі 12-ге дейін біздің жігіттер көшеде жүреді, жұртшылықтың тыныштығын күзетеді. Қысқасы, әр минөтіміз есептеулі. Күнделікті сабақ кестесі бойынша жұмыс істейміз.

– **Менің байқауымша, мұнда өңкей сайдың тасындай жас жігіттер іріктелініпті. Олардың бала-шағалары бар ма?**

– Біз бұл қызметте әскер қатарынан қайтқан жас жігіттерді таңдап қабылдаймыз. Алдымен екі-үш жұмадай сынақтан өтеді. Егер осы жұмысты шын көңілімен қалап, одан әрі осында қалғысы келсе мінездемесіне, спорттық дайындығына, денсаулығына, дене бітіміне қарап үш жыл мерзімге жұмысқа аламыз.

Жігіттердің ойына бойы да сай келуі керек. Бой жүз жетпіс бес сантиметрден жоғары болмаса бізге жарамайды. Ақиқаты осы, оны несіне жасырамыз. Ал семья жағдайларына келетін болсақ, көбісі бойдақ. Оларға жатақхана берілген. Үйлі-баранды азаматтар да баршылық.

– **Қызметкерлеріңізді пәтермен қамтамасыз ету жағы қалай? Кезекте тұрғандар көп пе?**

– Ол жағынан бізде еш артықшылық жоқ. Бұл отряд республикамызда 1988 жылдың екінші желтоқсанында құрылды.

Тікелей ССРО Ішкі істер министрлігіне қарағанымызбен, аймақтық тұрағымыз жағынан Алматы қалалық Ішкі істер басқармасына бағынамыз. Солардың бұйрығын орындаймыз. Яғни, тұрмыстық-әлеуметтік жағынан да сол мекемеге тәуелдіміз. Былайша айтқанда, қаладағы басқа милиция қызметкерлерінен айырмашылығымыз шамалы.

– Дегенмен, сіздерді айырықша мақсаттағы милиция отряды деп атайды. Осы атаудың өзі біраз нәрсені аңғартып тұрған жоқ па? Сондықтан, өздеріңіздің негізгі міндеттеріңіз бен мақсаттарыңызға толығырақ тоқтала кетсеңіз.

– Ә, түсіндім. «Айырмашылығымыз шамалы» деген сөзді мен артықшылық, жеңілдік деген мағынада қолданып тұрмын.

ОМОН-ның дүниеге келуінің себебі қазіргі уақыт талабынан туындаған әрекет. Демократия, жариялылық саясатын бетке ұстап басқа шауып, төске өрлеп бара жатқан бұзақыларды бетімен жіберсек, нендей күйге ұшырайтынымызды бір сәт көз алдымызға елестетіп көріңізші...

– Әрине, бұзақыларды жөнге салған дұрыс. Бірақ міндетті түрде келтектің күшімен тәртіп орнату қажет пе? Мұндай әдіспен түптің-түбінде халықты өздеріңізге қарсы қойып алуларыңыз мүмкін ғой.

– Кешіріңіз, біз өзімізді халықтың қорғаушысымыз деп есептейміз. Бұзақылар мен қарапайым халықтың мүддесі деген ұғымның арасы жер мен көктей.

– Әйтседе, бұзақылар аспаннан түскен құбыжық емес, өз арамызда жүрген отандастарымыз. Егер сіздер «тәртіпке түсіріп» жатқан бұзақылардың ішінен етжақын туысыңызды, немесе қимас досыңызды, тіпті туған балаңызды кездестіре қалсаңыз қайтер едіңіз?

– Егер олар саналы түрде сол жолды қалап алған болса өкінішті-ақ. Халық мүддесінен өз мүддесін жоғары қойып, тыныштықты бұзған, оның соңын қантөгіске әкеп соқтыруға себепші болған адамды қандай жақыныңыз болса да кешіре алмайсыз. Ал, туған балаңыз тәртіпсіздік жасаса, ең алдымен өзіңіз кінәлі шығарсыз.

– Алайда, қоғамға қарсылық білдіргендердің бәрін бұзақылардың қатарына жатқызуға бола ма?

– Әрине, жоқ...

– Ендеше, неге адамдар жинала қалған жерлердің бәріне ОМОН-ның жігіттері таяқтарын шошандатып жетіп келеді? Мысалы, былтыр күзде Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сессиясы өтіп жатқан үйдің алдына біраз жастар жиналып, қабылданбақшы заңдарға байланысты өздерінің көзқарастарын ашық білдірді. Депутаттар да олардың арасына барып, ашық әңгімелер жүргізді. Нәтижесі жаман болған жоқ. Бірақ, сол арада үкімет үйін «сыртқы жаудан» күзеткендей болып ОМОН-ның жасақшылары сап түзеп тұрды. Бұл ізгі ниетпен келген жастардың көңіліне кірбін түсірді. Сонда сіздер кімнің тыныштығын сақтадыңыздар?

– Көпшіліктің арасында әртүрлі адамдар кездеседі. Жаңағы жастарды әдейі арандатып, орға жығуды көздеген арам пиғылдылар сол арада болмады дейсіз бе? Болды, әрине. Ара-тұра біздерге қарсы былапыт сөздер айтты, жиналған көпшілікке бізді қарсы қойғысы келді. Әйтседе, сабырлылық таныттық. Бір жақсысы, көпшіліктің өзі оларды басып тастап отырды. Қысқасы, ол жолы біздер үкімет орындары мен жастардың арасында түсінбестік туып кетпеуін қадағаладық. Алдағы уақытта да осы бағытты ұстаймыз.

– Осыдан кейін оншақты күн өткен соң Алматыда баспанасыз жүрген қазақ жастары «Ақсай»-За мөлтек ауданындағы бір жылдан бері бос тұрған екі үйге рұқсатсыз қоныстанып алды. Сіздер оларды таяқтың күшімен қуып шықтыңыздар...

– Иә, ол оқиғаның басы-қасында өзім де болғам. Бірақ таяқтың күшімен емес...

– Шындығын айтайын, мен де сол оқиғаның басы-қасында болған едім.

– Солай ма? Онда өзіңіз де бәрін біледі екенсіз ғой. Біз оларды заңсыз кірген үйлерінен шығарып, автобустармен бастапқы

тұрақтарына апарып тастадық... Мүмкіндігінше қақтығыс тудырмауға тырыстық. Әрине, олар өз еріктерімен бірден шыға қоймады. Кейбіреулер қарсылық білдірді. Ондайларды еріксіз итеріп шығаруға мәжбүр болдық. Бірақ сіз айтқандай таяқтың күшімен емес...

– Кейінгі кезде киім үлгілері бір-бірінен өзгешелеу милиция қызметкерлері көшелерден жиі байқалады. Әйтседе, әрқайсысының міндеттері әрқилы сияқты. Осы жағына тоқтала кетсеңіз.

– Біздің отряд үш ротадан тұрады. Барлық жиыны үш жүз адам. Негізгі міндетіміз – халық көп жиналған жерлерде тәртіпсіздікке жол бермеу. Демонстрациялар мен шерулердің соңы шиеленіске ұласып кетпеуін қадағалау, қолдан келгенше оларды бейбіт жолмен тарату.

Ал енді киім үлгілері бізге ұқсас «Арнайы отряд» деген бар. Олар-қайыруға мүмкіндік бермей бара жатқан төбелес, қарулы қақтығыстарды басуға арналған.

– Сіз мана бір сөзіңізде «біз тек халық жағындамыз» деген едіңіз. Егер 1986 жылғы желтоқсан оқиғасындай, әрине, оның бетін әрі қылсын, қайғылы оқиғаға тап болсаңыздар қайтер едіңіздер? Мына жақтан жаңа ғана өзіңіз айтқан арнайы отряд келіп қалды дейік...

– Бәрібір халық жағындамыз. Мысалы, былтыр қаладағы баспанасыздар жер басып алған кезде күндіз-түні солардың өздерін күзетуге тура келді. Бірақ олар сонда да бізді ұнатпады. Жазалаушыдай күдіктене қарады. Ондайда, әрине, көңілге кірбің түсері анық. Мұндайда мерзімді баспасөз де біздің мүлт кеткен жерлерімізді көзден таса қылмайды. Сөйтіп, олар біздерді халыққа қарсы қойып алатынын өздері де байқамайтын сыңайлы.

– Таяуда орталық басылымдардың бірінен Балтық жағалауындағы республикалар Ерекше міндетті милиция отряды мен Арнайы отрядтың өкілдері қақтығысып қалғаны жайында оқыған едім. Оның себебі неде деп ойлайсыз? Біздегі жағдай қалай?

– Балтық жағалауындағы республикаларда қазір саяси жағдай тұрақсыздау болып тұр ғой. Соған байланысты қоғамдық тәртіп сақшылары мен Қарулы Күштердің арасында әртүрлі ағымға бой ұрушылық байқалады. Олардың өзара түсініспеушілігі осыдан деп ойлаймын. Ал біздің республикада саяси ахуал бірқалыпты. Олай болса, біздердің арамызда алауыздық тууы мүмкін емес. Айырықша мақсаттағы отряд та, Арнайы отряд та қоғамымыздағы келеңсіз жағдайларға қарсы күреседі. Яғни, халықтың тыныштығын сақтау басты міндет. Ендеше олармен де бір бағытта, бір жолда келе жатырмыз деп білемін.

– Республикамыздың облыс орталықтарында да осындай милиция отрядының құрамдас бөлімшелері бар шығар?

– Әзірге Алматыдағы осы үш рота ғана. Келешекте көбеюі мүмкін.

– Алдағы уақытта елімізде саяси ахуал орныққан соң бұл отрядтың керегі болмай қалуы да мүмкін ғой.

– Жоқ, мұндай отрядты баяғыда құру керек еді. Өркениетті мемлекеттерде мұндай жасақтар бұрыннан бар. Біздер енді ғана қолға ала бастадық. Таяуда Қытай Халық Республикасындағы Айырықша мақсаттағы халық жасақшыларының өкілдері Алматыға келіп, бізбен тәжірибе алмасты. ОМОН-ның жігіттерінің спорттық дайындығын көргенде олар таң қалғандарын жасыра алмады. Мұны мен мақтанышпен айтқым келеді. Себебі, бұл мемлекетте «Ушу», «Каратэ» сияқты спорт түрлері ежелден жақсы дамығаны белгілі. Ендеше шетелдік әріптестеріміз де бізден үйренерлік бірденелер тауып жатса, ол үлкен жетістік емес пе? Сондықтан, бұл милиция отрядын ССРО Ішкі істер министрлігіндегі алғашқы өзгерістердің бастамасы ғана деп білген жөн.

– Сіздер Кавказ бен Балтық жағалауындағы республикаларға барып, ондағы шиеленістерді реттеуге қатысқан кездеріңіз болды ма?

– Біз өз республикамыздан шетке шығып көрген емеспіз. Былтыр Ұзынағаштағы шешендер мен қазақтардың арасындағы

жанжалды басуға тура келді. Таяуда әл-Фараби көшесінің жоғары жағындағы таудың етегінде рэкетирлердің екі үлкен тобы арнайы кездесіп, сұрапыл төбелес ұйымдастырды. Егер біздің жігіттер дер кезінде жетпегенде соңы немен бітерін кім білсін. Жастықтың желігімен есіріп жүрген жүгермектер анау-мынауға тоқтамайды. Сонда не істеуіміз керек? Қару қолдану оңай іс. Бірақ өзіңіз айтқандай бұзақылар аспаннан түскен құбыжық емес, өз отандастарымыз. «Өзіңнен зор шықса, екі көзіңнен сор шығады» демекші, біздің жігіттер арашаға түскенде еріксіз бытырай қашты. Енді өзіңіз ойлап көріңіз, бұғалыққа бас бермес мұндай бұзақыларға от қару жұмсаған дұрыс па, жоқ әлде қан төкпей-ақ басқа жолмен таратқан дұрыс па?

Ескерте кетейін, біз жігіттерімізді ең алдымен ізгілікке тәрбиелейміз. Егер күнделікті сабақ кестемізге көз жүгіртсеңіз, алдымен үгіт-насихатқа баса көңіл бөлінгенін байқар едіңіз. Осының өзінен-ақ ОМОН тек біреулерді ұрып-соғу үшін жасақталған отряд емес екенін байқауға болады.

Дәулет Өмірханұлымен өткен бұл сұхбаттан кейін қиындығы көп милиция жұмысының тағы бір қырын танығандай болдық.

Расында да қазіргі алмағайып ахуалды пайдаланып, қара ниеттілер адамдар өміріне қауіп төндірсе, қаланың әр бұрышында басқа тапсырмалармен жүрген қоғамдық тәртіп сақшылары оларға бірден тойтарыс бере қоюлары қиын-ау. Сондықтан, бір жерге жинақталып, сақадай сай тұрған Айырықша мақсаттағы милиция отрядының (ОМОН) болғаны да құба-құп сияқты. Өйткені, олар біздің қорғаушыларымыз ғой. Осының өзі де көңілге көп демеу емес пе?

«Халық кеңесі» газеті,
1990 жыл

АСТЫҚТАН ТАПШЫЛЫҚ КӨРМЕЙМІЗ

Республика Президентінің «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына Жолдауында ең бірінші міндеттердің бірі – еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету екендігі атап көрсетілді. Сондай-ақ, ауыл мен селолардағы өмір сапасын жақсарту ісі мемлекеттің басты саясаты екендігі де баса айтылды. Осы саладағы өзекті мәселелерді тереңірек талдау мақсатында ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Ахметжен Есімов мырзаға бірнеше сауалдар қойған едік.

– Құрметті Ахметжан Смағұлұлы, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің мәліметтеріне қарағанда, еліміздің ауыл шаруашылығы саласында өнім өндіру көлемі былтырғымен салыстырғанда 8,1 пайызға өскендігі байқалады. Әңгімемізді осы төңіректен өрбітсек...

– Иә, бұл бағытта біраз нәтижелерге қол жеткіздік. Егер биылғы көрсеткішті осыдан бес жылғы көрсеткішпен салыстырсақ, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 2 есеге өскендігін байқар едік. Осы салаға тартылған инвестиция көлемі де 3 есеге ұлғайды. Нақты мысалдар келтірейін: 2007 жылы ауыл шаруашылығындағы жалпы өнім көлемі 1069,6 млрд. теңгені құрады. Бұл 2006 жылға қарағанда 8,4%-ға артық. деген сөз. 2006 жылы азық-түлікке жұмсалған шығын көлемі жылдың аяғында төмендеу көрінген. 2007 жылдан бастап ол арта түсті. Оның себебі – табыс деңгейінің артуы мен өткен жылдың екінші жарты жылдығында бағаның өсуіне де байланысты еді. Соған қарамастан дәнді-дақылдарды жинау анағұрлым өсті. Жаңа техникалар мен технологияларды ұтымды пайдалана білдік. Соңғы үш жылда егінді міндетті сақтандырудың енгізілуі оңды нәтижелер бере бастады. Құрғақшылық орын ала қалған жағдайда фермерлердің кепілді табыс алуына мүмкіндік туды.

– Елбасының халыққа Жолдауларында белгіленген міндеттер мен басымдықтарды заңнамалық тұрғыдан қамта-

масыз ету қажеттігі баса көрсетілгені белгілі. Бұл бағытта қандай нақты істер жүзеге асты?

– Осы кезге дейін ауыл шаруашылығы саласына қатысты жиырмаға жуық заң қабылданды. Олардың ішінде «Астық туралы», «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы», «Өсімдік карантині туралы», «Қазақстан Республикасындағы ауылдық тұтыну кооперациясы туралы» және басқа заңдар еліміздің агроөнеркәсіптік саласын дамытуға құқықтық негіз қалады. Сонымен қатар, ол сала бойынша жағдайдың тұрақтануына, белгіленген басымдықтарды жүзеге асыруға деген құлшынысты, сала болашағына деген сенімді күшейтті.

– Астық өндірісінің өсуі оны сату көлемдерінің ұлғаюына және табыстың жоғарылауына себеп болды. Соның арқасында азық-түліктің өзімізге қажеттісін қамтамасыз ете отырып, оның белгілі бөлігін экспортқа шығаруға мүмкіндік туды. Бұл жөнінде нақты қандай деректер келтіруге болады?

– 2007 жылы экспортқа 6,8 млн. тонна астық жөнелтілді. Сонымен қатар, 1,5 млн. тонна шамасында ұн экспортталды. Мұны астыққа айналдырсақ 2,1 млн. тонна болып шығады. 2007 жылы 45 мемлекетке астық шығардық. Қазіргі кезде республикада 14669,1 мың тонна астық бар. Бұл 2007 жылдың сәйкес уақытымен салыстырғанда 2243,2 мың тоннаға немесе 18,1% артық деген сөз.

Нарықтық экономика жағдайында әлемдік баға конъюнктурасы ішкі жағдайға да тікелей әсерін тигізеді. Астыққа әлемдік сұраныстың ұлғаюы, оның ауыспалы қорының азаюы дәнді дақылдар бағасының күрт өсуіне әкеліп соқты.

2007 жылдың екінші жарты жылдығында республикада экспортқа сатылған бір тонна бидайдың бағасы 51% өсті. Жалпы алғанда 2007 жылы экспортқа 6,1 млн. тоннаға жуық бидай сатылды. Оның бір тоннасы орта есеппен 184 АҚШ долларын құрады. Кейінгі он жылдағы ең жоғарғы көрсеткіш осы. Аймақтарда астықтың тапшылығын болдырмау және ұн мен нан-тоқаш өнімдерінің бағасын тұрақтандыру мақсатында егін

жинаудың қызған кезінде тұрақты бағамен астық сатып алу арқылы астықтың облыстық тұрақтандыру қорларын құру жөнінде шаралар қабылданды.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2007 жылғы 2 қазандағы №594а бұйрығымен «Тұрақтандыру қорларын құру және пайдалану ережесі» бекітілді. Тұрақтандыру қорлары жергілікті бюджет есебінен және келісім бойынша шаруашылық субъектілері қаражатының, «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» ҰК акционерлік қоғамының қаражаты есебінен құрылады.

– Елбасы Жолдауында мал шаруашылығына да аса мән беріліп, оның экспорттық әлеуетіне назар аударылды. Әсіресе, мал тұқымын асылдандыру ісі қолға алынуы қажеттігі баса айтылды. Бұл тұрғыда қандай нәтижелер бар?

– Малдың тұқымдық құрамын жақсарту және үлестік салмағын жоғарылату мақсатында 2007 жылы Қазақстан Республикасына Канададан 1700 бас құнажын мен таналар әкелінді. Оның ішінде 1504 бас жоғары өнімді «голштин» тұқымы бар. Қазақстан Үкіметінің қаржы лизингі бойынша әкелінетін асыл тұқымды малға қосымша құн салығын төлеуден босату туралы қаулысына толықтырулар енгізілді. Бұл шара әкелінген малдың бағасын төмендетуге септігін тигізді.

Бізде мал өрісі жетерлік. Сондықтан, мал тұқымын асылдандыру ісі өз елімізде де кеңінен қолға алына бастады. Малдың генетикалық әлеуетін арттыру, селекциялық жұмысты жақсарту, оның ішінде малдың әлемдік, және отандық гендік қорының озық жетістіктерін пайдалана отырып, мал шаруашылығын өнеркәсіптік негізге көшіру қажеттігі туындап отыр. Қазіргі кезде мұздатылған және салқындатылған ет өнімдері әлемдік сұранысқа ие. Сондықтан, біз халықаралық талаптарға сәйкес озық үлгідегі жемдік базасы дамыған мал семірту алаңдарын салуды қолға алмақшымыз.

– Жолдауда ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу саласының бәсекеге қабілеттілігін артыру қажеттігі де көрсетілді. Бұл жөнінде не айтар едіңіз?

– Жыл сайын ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу көлемі ұлғаюда. 2003 жылмен салыстырғанда 2007 жылы өндірілген ауыл шаруашылығы шикізатының жалпы көлемінен қайта өңделген өнімінің үлесі ұлғайды 2007 жылдың 11 айында қайта өңдеу кәсіпорындарының өнімдеріне жүргізілген талдау 2006 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда өнімнің көптеген түрлері бойынша өндіріс көлемінің ұлғайғанын көрсетті. Сонымен қатар, қайта өңдеу кәсіпорындарын алдыңғы қатардағы техникалық және технологиялық тұрғыдан қайта жарақтандыру мәселесі күн тәртібінде тұр. Мемлекет осы үдерісті ынталандыру мақсатында салаға өңдеу жабдықтарын жеңілдетілген бағамен лизингке беру, екінші деңгейдегі банктерден алған несиелелерінің пайыздық мөлшерін төмендету, сонымен қатар өндіріске сапаның халықаралық стандарттарын енгізуге кеткен шығындарды субсидиялауды қолға алды. Ауыл шаруашылығы саласындағы сегіз басым бағыт бойынша жұмыс істейтін қайта өңдеу кәсіпорындарына қосымша құн салығын 70 пайызға төмендету көзделуде. Мұндай оң шаралардың бәрі қайта өңдеу кәсіпорындарының дамуына, олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ететіні даусыз.

– Елбасы соңғы Жолдауында азық-түлік қауіпсіздігі туралы айта келіп, өсімдік майы, жемістер, қант өнімдерін өндіру ісіне қатты көңіл бөлу қажеттігін ескертті. Осынау тағам түрлері көпшілік сұранысын әлі де қанағаттандыра алмай отырғаны шындық. Сіз қалай ойлайсыз?

– 2007 жылдан бастап жеміс-жидек дақылдарын және жүзімді отырғызу, өсіру жұмыстарының 40 пайызы республикалық бюджеттен субсидияланатын болды. Бұған бюджеттен 800,0 млн. теңге бөлінді. Пилоттық жоба ретінде аталған бюджет қаражаттары Алматы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарына бағытталды. Көрсетілген қаражаттардың есебінен 2007 жылы 509,6 га жеміс дақылдары және 696 га жүзім отырғызылды. Облыстар бойынша қаржыны бөлу – облыстардың берген ұсыныстарына сәйкес жүргізілді.

2007 жылғы 6 желтоқсандағы «2008 жылға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының заңымен 2008 жылы осы бағдарлама бойынша мемлекеттік қолдаудың көлемі 1,2 миллиард теңгеге дейін көбейтілді.

Қант қызылшасы шаруашылығын және қант өнеркәсібін қайта құру, дамыту мақсатында біз ынталандыру шараларын қабылдадық. Мысалы, 2008 жылы республикалық бюджеттің есебінен қант қызылшасын өндіруге субсидия көлемін бір гектарға 2 мың теңгеден 11 мың теңгеге дейін көбейту жоспарлануда.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта қант қызылшасы шаруашылығын және қант өнеркәсібін қайта құру, дамыту, қант қызылшасының егістік алқаптарын, түсімділігін және сапасын көтеру жөніндегі шараларды көздейтін «2008-2010 жылдарға арналған қант қызылшасы және ақ қант өндірісі» салалық бағдарламаның жобасын әзірлеп жатырмыз.

Ауыл шаруашылығы дақылдарынан жоғары түсім алудың, Қазақстан топырағының құнарлылығын сақтау және арттырудың негізгі шарттарының бірі – агротехнология тәртібін сақтау болып табылады. Сонымен қатар, минералды тыңайтқыштарды ұтымды пайдаланып, топырақ құнарлылығын арттыруымыз қажет.

– Ішкі нарықтағы инфляцияға қарсы күресу мақсатында Қазақстан шетелдерге шығарылатын астыққа шектеу қойғаны белгілі. Ол шектеу биылғы 1 наурыздың бастап күшіне еруге тиісті еді. Бірақ таяуда сіз шетелдерге астықты қайтадан шығара бастайтынымыз жайында мәлімдедіңіз. Мұның себебі не?

– Иә, еліміздің өз ішінде астыққа деген зәрулік туып қалмас үшін шетелге астық шығаруға шектеу қойғанымыз рас. Енді ол шектеу алынды. Ақпанның соңғы күндері Ауыл шаруашылығы министрлігі және астық сатумен айналысатын астық компанияларының арасында Меморандум қабылданды. Ол бойынша астық сатумен айналысатын компаниялар ішкі нарыққа, яғни өзіміз пайдалану үшін 1 миллион тоннадан астам астық құятын болып келісті. Сөйтіп, экспортқа шығарылатын астық пен ұнды

тасымалдауды үйлестіріп отыратын жұмыс тобы құрылды. Себебі біз өз халқымызды арзан нанмен толық түрде қамтамасыз етуге тиіспіз. Былтыр 21,1 миллион тонна астық жиналды. Оның 16,5 миллион тоннасы – бидай. Мемлекеттің ішкі қажеттілігін қамтамасыз етуге жеткілікті. Одан бөлек 10 миллион тоннадай астық пен ұнды экспорттайтын мүмкіндігіміз бар. Ақпанның 20-на дейін 6,3 миллион тонна бидай экспортталған болатын. Қазір 3,7 миллион тоннасы қалды.

Әлемдік астық нарығындағы астық экспорттайтын мемлекеттердің қатарында отырып ұн мен астықтан өзіміз тапшылық көрмеуіміз керек. Сондықтан, астық экспорттайтын компаниялар ішкі қажеттілікті қамтамасыз ететін астық көлемінің белгілі бір мөлшерін жаңа астық жиналғанша сақтауға ортақ келісім жасады.

– Егер олар бұл келісімді уақытында орындамаса ше?

– Ондай жағдайда шетелдерге астық шығару дереу тоқтатылады.

– Қазақстан астыққа баж салығын енгізгені сол-ақ, АҚШ-тың Чикаго тауар биржасында сапалы бидай бағасы шарықтап шыға келді ғой?

– Себебі Қазақстан – АҚШ, Канада, Ресей, Аргентина және Еуропа Одағынан кейінгі астық экспорттаушы алтыншы ірі мемлекет. Канада мен Еуроодақтың астығы биыл қуаңшылық салдарынан өте аз түсім берді. Ресей астық экспорттауға толық тыйым салатын баж салығын енгізді. Ал АҚШ-тың экспорттық қоры тым аз. Сондықтан да, Қазақстан аса маңызды жалғыз астық экспорттаушы болып қалды. Әсіресе, бұл Қара теңіз жағалауы елдеріне қиын тиді. Астықты көп тұтынатын – Қытай, Үндістан, Жапония, Египет, Иран және Түркия елдері алаңдаушылық үстінде. Мұндайда оларға қол ұшын бере отырып, өз пайдामызды да ойламасақ болмайды ғой.

– Мемлекет басшысының тапсырмаларын жүзеге асыру мақсатында 2008 жылдың I жартыжылдығына арналған нақты міндеттер қабылдағандарыңызды білеміз. Соның

бәрін болмаса да негізгілерін оқырман назарына ұсынуға бола ма?

– Әрине, болады. Ауыл шаруашылығы министрлігі 2008 жылдың I жартыжылдығында мынадай іс-шаралар мен ұйымдастыру жұмыстарын жоспарлап отыр:

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ветеринария мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»;

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне балық шаруашылығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»;

«Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодекстеріне бөгеттердің қауіпсіздігі және жерді мелиорациялау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ;

«Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2009-2011 жылдарға арналған шаралар кешенін әзірлеу»;

«Қазақстан Республикасының азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жағынан «АӨК дамытуды мемлекеттік реттеу мәселелері жөніндегі заңнамаларға өзгерістер енгізу туралы».

Сонымен қатар, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігімен бірлесе отырып, 2008 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау кезінде агроөнеркәсіптік кешеннің басым салаларын республикалық бюджеттен қаржыландырудың қосымша мөлшерін қарастырсақ деген ойымыз бар.

– Әңгімеңізге рахмет.

**«Президент және Халық» газеті,
2008 жыл**

БҰРЫН ТОРПЕДА ШЫҒАРҒАН «БЕЛКАМИТ»...

Алматы қаласындағы Райымбек даңғылымен күншығысқа қарай келе жатып Мате Залка көшесінің қиылысынан өткен соң оң қанаттағы ғимараттардың арасынан бір елеусіздеу қақпа көрінеді. Әуезов ауданында орналасқан «Белкамит» АҚ бірлескен кәсіпорыны осы. Кеңестік кезеңде ядролық қастұмсықты торпедо шығарған бұл мекеме Одақтағы «Гидромаш» деп аталатын қорғаныс зауытының бір саласы болған. Тікелей Мәскеуге бағынған. КСРО құлағаннан кейін мұндағы жұмыс та тоқтаған. Ресейге енді жаппай қырып-жоятын торпеданың қажеті жоқ. Оның үстіне Қазақстан өзін ядролық қарусыз мемлекет екендігін әлемге паш етті. Қиын-қыстау күн туды. Білікті мамандар жан-жаққа бытырады. Бірақ, бір күні бұларға құтқарушы қолын созды. Зауыттың айы қайтадан оңынан туа бастады.

– Мен 1979 жылы Мәскеудегі авиация институтын бітіргеннен кейін еңбек жолымды осы зауыттан бастадым. 1972 жылы іргетасы қаланған мекемеге мамандар Мәскеуден, тағы басқа орталықтағы ірі қалалардан шақырылатын. Мен өзім ежелден қазақстандықпын. Бүкіл саналы ғұмырым осы зауытта өтуде, әрі оған өкінбеймін, – дейді зауыттың Бас директоры П.И. Беклемишев.

Павел Иннокентьевичпен жүре әңгімелесіп, зауыттың ішін аралап шықтық. Үстеріне арнайы киім, бастарына каска киген жұмысшылар жандарынан кімнің өтіп бара жатқанына да қарамайды. Әркім өз шаруасымен әбігер. Үлкен қондырғының жанында әлденені қызу талқылап тұрған жұмысшылардың біреуінен Бас директор темекі сұрады. Екінші біреуінің қолындағы темекі тұқылынан оны тұтатты. Қысқа жағдай сұрасқаннан кейін ары өттік. Бүкіл цехтың жұмысымен таныстық. Бас директор бәрін нақтылай түсіндірді. Жаңадан алынған техника мен технологиялар да назардан тыс қалмады. Бір сөзбен айтсақ, «Белкамит» қазір елімізде мұнай, газ өндіретін ірі компанияларға қажетті құрал-жабдықтар жасайды. Мәселен сығымдалған

газ сақталатын, мұнай құятын таудай-таудай бөшке-ыдыстар, бұрғылау жұмыстарына арналған құбырлар, сепараторлар, күрделі темір құрастырмалары, тағы басқа ірі өндірістерге қажетті зәруліктердің көпшілігі осындағы жұмысшылар мен инженерлердің қолынан шығады.

Қалыңдығы қос елідей жалпақ темір тақталарды күлгін сәулемен кесу әдісін тамашаладық. Соншама дәлдікпен туралған темір тақта кесінділері енді бір қондырғыда иіледі. Сыртын тот баспау үшін жылтыр темір ерітіндісіне суарылады. Жаңа технологиямен дәнекерлеуің өзі бір таңғажайып құбылыс.

Зауыттағы қондырғылардың өзіндік қызметі мен маңызы жайында біраз мағлұмат алдық. Барлық жиыны қырыққа жуық жаңа техника мен технологиялардың атауын естідік. Арнайы зертханада өндіріс бұйымының сапасы қалай тексерілетінін де байқадық. Тапсырыс бойынша жасалынатын заттар алдымен зауыттың өзінде жобаланады. Жалпы, бұл зауытты холдинг деуге әбден болатындай. Себебі оның құрамында рейтинг агенттосы, сертификаттау органы, бағдарламалармен қамтамасыз ету компаниясы, заң компаниясы сияқты құрылымдар бар.

Қазіргі кезде «Белкамитке» тапсырыс беруші бірнеше ірі компаниялар арнайы келісім-шартқа отырған. Олар: «Теңізшевройл», «Қарашығанақ Консорциумы», «Аджип КСО», «Тексакко Норс Бозашы», «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз», «Халлибуртон Интернешнл», «Қарақұдықмұнай» ЖАҚ, ҚР РММ Ұлттық орталығы, «Экотон +», Қазақстан мұнай және газ институты, «Қазақтүркмұнай» ЖАҚ, «Инкай» БК, «Бентек» БК, «ФМС Энерджи Сервисиз», тағы басқалар.

– Мен зауытқа директор болып тағайындалған тоқсаныншы жылдардың басы – ең бір ауыр кезең еді. Қазақстан өзін ядролық қарусыз мемлекет ретінде жариялағаннан кейін Қазақстан Президенті АҚШ басшылығымен «Нанн-Луагр» бағдарламасы, яғни «Қауіпсіздікті бірлесе бәсеңдету» бағдарламасы бойынша келіссөздер жүргізе бастағаны белгілі. Ол бойынша АҚШ ядролық қастұмсықтарды залалсыздандыра отырып, мүлдем жою-

ды және ядролық қару шығарумен айналысып келген өндіріс орындарының енді бейбіт өмірге арналған тауар өндіруіне қаржылай қолғабыс етуді өз мойнына алды. Біздің зауыттағы торпедо – ядролық қару болғандықтан осы бағдарламаға ілініп кеттік. Алайда американдықтар «Белкамитке» ақша беру үшін біз олармен бірлескен кәсіпорын құруымыз керек екен. Қаржыландыру ісі сол кәсіпорын арқылы жүреді. Оны тіркеуге бөгет жасаушылар көбейді. Сол кездегі Алматы қаласының әкімі Ш.Құлмаханов арқылы Президентке шығуыма тура келді. Қазақстан Президенті бірлескен кәсіпорынды дереу тіркеу жөнінде тиісті орындарға қатаң нұсқау бермегенде, жағдайымыз қалай болары белгісіз еді. Осы сәттен бастап ісіміз оңға басып жүре берді. «Шквал», «Орел» деп аталатын суасты ракета-торпедалардың орнына енді біз Батыс Еуропа үшін криогенді бөшке-ыдыстар шығара бастадық. Бірінші жылдың өзінде-ақ олар бізден осындай 300 ыдысты сатып алды. Сол жылы ASME деп аталатын халықаралық сертификатқа ие болдық, – деп бірнеше құжаттар мен суреттерді алдыма тартқан Бас директор ендігі әңгімесін көрнекті құралдар негізінде жалғастырды.

Бұл уақытқа дейін «Белкамит» 5 халықаралық ISO жоғары сапа сертификаты мен 3 мемлекеттік лицензия алыпты.

1997 жылы Елбасы зауытқа арнайы келіп, мұндағы жетістіктерді өз көзімен көрген. Осы кезден бастап мемлекет басшысы «Белкамиттің» қазіргі қадамдары мен болашақтағы бағдарламаларын назардан тыс қалдырған емес.

Егер «Белкамиттің» әр жыл сайынғы халықаралық көлемде қол жеткізген табыстары жайында мысалдар келтіре берсек, әңгіме тіпті ұзаққа созылары анық.

1997 жылдан бастап алғаш рет шетелдік компаниялардың тапсырыстарын орындау жөніндегі келісім-шартқа қол жеткізген бұл зауыт қазір Қытай, Ресей, Жапония сияқты алпуыт елдердегі әріптестерімен тең дәрежеде сөйлесетіндей жағдайға жетті. Сонымен қатар, еліміздегі газ, мұнай саласындағы өндірістердің бәрі «Белкамиттің» бұйымдарын кеңінен пайдалануда.

Бас директор П.И.Беклемишев мырзаның айтуына қарағанда, алдағы уақытта «Белкамит Групп» атты кешенді жобалау жұмыстары қолға алынбақшы. Соның арқасында үш рет тендерге қатысып, Қазақстандағы мұнай-газ нысандары мен таукен өндірістерін қажетті құралдармен толықтай қамтамасыз ету мүкіндігі туыпты.

«Белкамит» қазірдің өзінде «Теңізшевройл», «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.», Қытай Ұлттық Мұнай Корпорациясының, «Катко» БК, тағы басқа компаниялардың тапсырыстарын орындауға кірісіп кетті. Ал «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.» компаниясы үшін 352 бөшке-ыдыстар, 292 ауамен салқындатқыш аппарат, 118 сырты қапталған жылу құбырларын дайындап беруді міндеттенді. Келісім-шарт мерзімінің қысқалығына қарамастан тапсырыс дер кезінде орындалатынына өздері нық сенімді. Егер мұндай келісімдер уақытынан сәл кешіксе, шетелдік компаниялардың алдында бүкіл Қазақстан беделіне нұқсан келетінін бұлар жақсы түсінеді.

Астана қаласының маңындағы Малиновка селосында қуғын-сүргін құрбандарына арнайы ашылған «Қасірет қақпасы» атты ескерткіштің құрсаулары да «Белкамит» зауытының өнімдері. Сондай-ақ, Астана қаласындағы Есіл өзенінің үстіне қайта салынып жатқан екі үлкен көпір де «Белкамитте» құрастырылған темір құрсаулардан тұрады.

— Бұл сияқты деректер мен цифрларды айта берсек, жетіп артылады. Бірақ мәселе онда емес. Ең бастысы, осы жұмыстарды атқаратын жұмысшылар мен білікті мамандарға жағдай жасап, жаңа буын өкілдерін тәрбиелеу ісі негізгі мақсат,— дейді Бас директор.

— Тәуелсіз Қазақстанның болашақ мамандарын қазірден дайындауды қолға алмасақ, бәрі бекер. Зауыттағы іс қағаздар бүгінде қазақ-орыс тілдерінде қатар жүргізіледі. Ал шетелдік компания өкілдерімен іскерлік қатынастарды ағылшын тілінде жүргізу бізге онша қиындық тудырмайды. Конструкторларымыз бен инженерлеріміз неше түрлі күрделі жобалар нұсқасын

ағылшын, орыс, қазақ тілдерінде жасауға төселіп қалды. Көздеген биіктеріміз әлі алда.

Иә, бүгінде 500-ден астам адам еңбек ететін зауыт қаладағы 90 мың шаршы метр жерді алып жатыр. Оның 60 мың шаршы метріне өндіріс ғимаратары мен құрал-жабдықтар орналасқан. Өндіріс алаңының өзі екі бөліктен тұрады. Оның екіншісіне темір жол торабы келіп тұйықталады. Жүк арту, жүк түсіру жұмыстары осы арада жүзеге асырылады.

Қазір Ақтау қаласынан екінші өндіріс алаңын ашу қолға алынды. Мұнай, газ сақталатын алып ыдыстарды ол жаққа тасып апару оңай емес. Сондықтан, сол өңірден түскен тапсырыстарды «Белкамит» жұмысшылары сол жерде жасайтын болады. Сосын ол ыдыстар су жолдары арқылы қажетті жерлерге жеткізіледі. Мамандар алғашқы кезеңде Аламатыдан барып келіп істейді. Уақыт өте келе жергілікті тұрғындардан мамандар дайындалады. Сөйтіп, Ақтауда тағы бір өндіріс ошағы ел мақтанышына айналатыны анық..

Қазірдің өзінде «Белкамиттің» жанынан үш жобалау мекемесі құрылған. Оның біреуі Алматыда, екіншісі Ақтауда, үшіншісі Атырауда орналасқан. Бұлардың бәрі жаңа бағдарламалар бойынша жұмыс жасайды. Жалпы зауытқа 300 миллион теңгенің заманауи қондырғылары қойылған.

Негізгі мақсат – енді екі-үш жылдан кейін қазіргі аты әлемеге белгілі ірі компаниялардың қатарына қосылу болып табылады. Бұл бағытта «Белкамит» атқарушы биліктен қолдау күтетінін жасырмайды. Біздің ойымызша, мұндай игі бастамаға әркім-ақ қол соғуға тиісті. Ал, «Президент және Халық» газеті алдағы уақытта «Белкамиттегі» өзгерістер мен жаңалықтарды жіті назарда ұстайтын болады.

**«Президент және Халық» газеті,
2008 жыл**

БАСПАСӨЗ – ҚАНШАҒА?

Келесі жылдың газет-журналдарына жазылу бағасы күрт көтерілгені жайында әңгіме қозғалғалы бері оның себеп-салдарын білгісі келген оқырман хаттары редакциямызға көптеп түсуде. Осыған байланысты тілшіміз Қазақ ССР байланыс министрінің орынбасары Қазыкен Базылұлы Базыловқа жолығып, бірнеше сұрақтар қойған еді.

– Қазыкен Базылұлы, дәстүрлі баспасөзге жазылу науқаны жақындап келеді. 1991 жылға біздің газетке және басқа республикалық басылымдарға жазылу қашан басталмақ?

– Келер жылдың мерзімді баспасөзіне жазылу биыл қыркүйектің 1-нен басталып, қазанның 31-де аяқталуы тиіс. Қазірден бастап-ақ, республикалық байланыс мекемелерінде осы науқанға дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Баспасөз өнімдерін тарататын мекемелер мен байланыс бөлімдері баспасөзге жазылуға керекті документтер мен жарнамаларды дайындау үстінде. Абонемент толтыру ережелері қазақ және орыс тілдерінде басылып шықты. Биылғы науқанды қысқа мерзімде бітіру үшін баспасөз өнімдерін тарататын орындардың жұмыс істеу тәртібі өзгертілмек. Сонымен қоса, оқырмандардың уақытын тиімді пайдалану жағы қарастырылып отыр. Газет, журналдарға жазылу өткен жылдардағыдай, орталықтан алыс жатқан елді-мекендерді түгел қамту мақсатымен кез келген байланыс бөлімшелерінде жүргізіледі. Науқан кезінде мекемелердегі, өндіріс орындарындағы, оқу орындарындағы қоғамдық баспасөз таратушыларға көп үміт артамыз. Өйткені, олар біздің көп жылдан бергі белсенді үгітшілеріміз, негізгі тірегіміз.

– Баспасөз туралы заңның шығуына орай, байланыс мекемелері мен баспахана арасындағы өзара қарым-қатынаста өзгеріс болатыны байқалып еді-ау...

– Жақында қабылданған «ССРО-дағы баспасөз және тағы да басқа да жалпылама ақпарат құралдары туралы» заңға

байланысты жаппай ақпарат тарату тәртібі түбірімен өзгертіледі. Бұрын баспасөз таратудағы ұйымдық мәселелер, оның ішінде тираж саясаты, жазылу мерзімі, ақпарат жинау, оны өңдеу, одан кейін тиісті жерге жөнелту, жеткізіп беру жұмыстарының бәрі де одақтық байланыс министрлерінің нұсқауымен жасалатын. Жаңа қабылданған заң, мынадай түзетулер енгізді:

Жалпылама ақпарат түрлерін тарату баспалардың өздері арқылы немесе байланыс мекемелері, басқа да ұйымдармен шарт жасасу негізінде жүзеге асырылады. Қазіргі кезде біздің байланыс мекемелеріміз бірнеше басылымдармен, оның ішінде өздеріңіздің «Халық кеңесі», «Советы Казахстана» газеттерімен шарт жасасу арқылы жұмыс істейді.

Сәуірдің 24-де он екінші сайланған Қазақ ССР Жоғарғы Советінің бірінші сессиясы ашылған күннен бастап жарық көрген бұл газеттердің тиражы қазір 60 мыңға жетті. Соның ішінде «Халық кеңесі» газеті әзірге 31 мың 734 данамен тарап отыр.

– Соңғы кездері газет, журналдардың бағасы көтерілетіні жайында және байланыс мекемелері тарататын шығынды оқырмандардың есебінен өтеу мәселесі туралы көптеген қарама-қайшы пікірлер біздің республика оқырмандарын да абыржытуда. Бұрындары «Баспасөз – баршаға!» деп жар салушы едік, енді оқырмандарымыз «Баспасөз – қаншаға!» деп өзімізге сауал қоя бастады. Бұл жөнінде не айтар едіңіз?

– Газет, журналдары тарату, жөнелту, жіберудің қалыптағы жағдайы бойынша 1990 жылғы республика байланыс мекемелері оқырмандарға 26,0 миллион дана немесе 141,6 миллион сомға баспасөз таратты. Оның 4,2 миллион данасы біздің республикалық басылымдар.

Бірақ, осындай маңызды істер атқара отырып, біздің мекемелеріміз ақысыз жеткізіп беру, жөнелту және жіберу тарифтерінің төмендігінен (біз қазіргі уақытта сонау 1939 жылы бекітілген тарифпен жұмыс істеп келеміз) үлкен шығынға ұшырап отыр. Осыған орай сала мекемелері жыл сайын 62,1 миллион сомға зиян шегеді. Оның 9,6 миллион сомы жөнелту, 24,5

миллион сомы жіберу, 28,0 миллион сомы жеткізу жұмыстарының үлесіне тиеді.

Әрине, келешекте нарықты экономика жағдайында республика байланыс мекемелерінің мұншалықты зиянмен жұмыс істеуі мүмкін емес. Ал сіз сұрап отырған газет, журналдардың бағасын көтеру біздің министрліктің жұмысына жатпайды, бірақ баспа орындарында бұл мәселе өз шешімін күтуде. Оқырмандардың есіне сала кеткіміз келетін бір жағдай, газет, журналдардың бағасының өсуі тек байланыс мекемелерінің шығынын өтеу ғана болып табылмайды, басқа да жағдайлардың, мәселен, баспахана жұмысындағы соны өзгерістер, қағаздың көтерме бағасының қымбаттауы, тағы да басқалар әсер етпек.

Жазылу науқаны жақындаған сайын бұл сұрақтар оқырмандардан гөрі біздің, байланыс мекемелерінің қызметкерлерін көп мазалайды.

Қазірден бастап-ақ біз баспалармен 1991 жылғы баспасөзге жазылу, оны жөнелту, жеткізу мәселелерінің тиімді жолдарын қарастырудамыз. Бірақ, көптеген баспалар, баспасөз және мемлекеттік кәсіпорын туралы қабылданған заңда көрсетілген кейбір шешімдерден бас тартуда.

Тағы бір айта кететін жағдай, біздің салада еңбек ететіндердің көбісі әйел адамдар болуына байланысты. Сондықтан, осы мүмкіндікті пайдалана отырып олардың да талап-тілектерін жеткізгім келеді. Жексенбіде шығатын газеттерді дүйсенбіге ауыстырып, жексенбіні ортақ демалыс күні етсе...

– Баспасөздің сауда жолдары арқылы таралуы сатушыға да тікелей байланысты. Кейде киоскі сатушыларының көбісі «өтпейді» деген желеумен қазақ газеттерін алғылары келмейтіндері рас. Ендеше, ұлт тілінде шығатын газет, журналдарға сол ұлт өкілдері көбірек шоғырланған аймақтарда сатқызуды неге ұйымдастырмасқа?

– Бұл жөнінде бізге хабар келіп түсіп жатса, қанекей? «Дәл мынадай жерде осындай болды» дегенді әзірге естігеніміз жоқ. Ол үшін өздеріңіз белгілі бір уақытта тексеру жүргізіп, бізге

көмек көрсетсеңіздер жақсы болар еді. Сонда біз нақты шешім қабылдап, шара қолдануға дайынбыз. Бұдан былай қоғамдық ұйымдармен, түрлі кооперативтермен шартқа отырып, газеттеріңіздің жылдам тарауына өздеріңіз де тікелей ат салысуларыңызға тура келеді. Өйткені, уақыт бізден осыны талап етеді. Олай етпейінше тираж мәселесін шешу қиын.

– Ал орталық және басқа да одақтас республикалық басылымдарға жазылу қалай жүрмек?

– Орталық және одақтас республикалардың газет, журналдарына жазылу жоғарыда айтылған мерзімде жүргізілмекші. Байланыс мекемелері мен орталық газет, журналдар арасында тиісті жұмыстар істеліп жатыр. Ал оларға жазылу жағдайында өзгерістер болса, оқырмандарды дер кезінде хабардар етеміз. Біздің баспагерлеріміз бен редакторларымыз өз газет, журналдарына жазылу бағасы жөнінде әлі тиянақты ештеңе айта алмай отыр. Осыған байланысты республикалық газеттер мен журналдар каталогын шығару жұмысы тежелуде. Ырғалып-жырғалуды көтермейтін қазіргі кезеңде бұл жұмыстар жылдам қолға алынса екен деген тілектеміз.

– Әңгімеңізге рақмет!

«Халық кеңесі» газеті,
1990 жыл

ӘКІМНІҢ КӨТЕРГЕН ЖҮГІ АУЫР немесе азаматтарды толғандырып отырған әр мәселе дұрыс шешімін күтеді

Ірге тасы 1936 жылы қаланған Жетісу ауданы – Алматы қаласының іргелі аудандарының бірі. Мұнда қазіргі кезде бірнеше ұлт пен ұлыстан құралған 157,3 мың халық тұрады. Әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүзеге асыруға бағытталған шаралардың қорытындысы ауданның нақты ахуалынан көрініс берсе, аудандағы шағын және орта бизнеспен айналысатын кәсіпорындар қатары күн санап өсіп келеді. Соның нәтижесінде халықты жұмыспен қамту, өнім көлемін арттыру мәселесі жүйелі түрде жолға қойылуда.

Белгіленілген тәртіп бойынша әр айдың бірінші, үшінші дүйсенбісі Жетісу ауданы әкімінің қабылдау күні. Өздерін толғандырған мәселеге орай күні бұрын жазылған тұрғындарды аудан әкімі Әмір Құлмаханов мырза қабылдайды. Журналистер тобы әкімнің азаматтарды кезекті қабылдауына куә болды.

Алғашқы болып кірген **Зинаида Ивановна Өтеғалиева** «Фашизмнің бұрынғы кәмелетке толмаған тұтқындары Алматы қалалық ұйымы» қоғамдық бірлестігінің бюро мүшесі екен. Бұл азамат осы ауданда тұрып жатқан фашизмнің кәмелетке толмаған тұтқындарына материалдық көмек сұрай келіпті.

Әкім өтінішпен танысып өткеннен кейін, мәселені шешуге уәдесін берді. Әрі әкімдік тарапынан 25 қазанда өткізілетін мерекелік шараға шақырды. Алғысын жаудыра орнынан тұрған З. Өтеғалиеваның ізін ала қабылдау бөлмесіне Жетісу аудандық Ауған соғысы ардагерлері одағының төрағасы Александр Зуев кірді. Ол әкім алдында ауған ардагерлерінің әлеуметтік мәселелерін шешуге қол ұшын беру үшін арнайы мекен-жайдың қажет екендігін алға тартты.

Александр Зуев: – Әкім мырза, біздің одақ бүгінде тек ауған соғысына қатысқандардың әлеуметтік мәселелерін шешіп, оларға қолдау көрсетумен ғана емес, өсіп келе жатқан жас ұрпақты спортқа, басқа да салауатты өмір салтын ұстану бағы-

тындағы шараларға тарту мәселесімен де айналысып келеді. Бізді бір қиналтып жүргені кеңсе мәселесі. Осыған қол ұшын берсеңіз деп, Сізге келіп отырмын.

Әмір Құлмаханұлы азаматтың өтінішін тындай отырып, оның жазбаша нұсқасына қол қойып, мәселе шешіледі деп нақты жауап қайтарды.

Александр Зуев жұмыс бөлмесінің жағдайы бірден шешіледі деп ойламаса керек-ті, кішкене әбіржи, әкімге ризашылығын білдірді.

Қазіргі кезде қалада қауырт жүргізіліп жатқан жол жөндеу, қаланы көркейту мәселелері кейбір аудан тұрындарына қолайсыз жағдай тудырып отырған жайы бар. Соның дәлеліндей, Алматының Жансүгіров-Рысқұлов-Сейфуллин көшелер аумағында басталған жол құрылысы жұмыстары алаңдатып отыр.

Тұрғындардың атынан сөз алған **Светлана Парсалиди:** – Әкім мырза, біздің жер учаскелерімізді сатып алғалы отырған компания ҚР «Тұрғын үй қатынастар» туралы заңына (1-бөлімі 2-тарау 15-бабының 1,2,3 тармақтары бойынша) қайшы келуде. 1 қыркүйекте Алматы әкімінің қаулысы бойынша біздің жер учаскелерімізді алу жөнінде ескерту қағазы қолымызға тиді. Ал 3 қыркүйектен бастап Рысқұлов-Сейфуллин-Жансүгіров көшелері аумағы қоршалып, біздің үйлеріміз дәл құрылыс алаңында қалып қойды. Міне, сол күнен бастап біздерге күндіз-түні маза жоқ. Дырылдаған құрылыс жұмыстарынан құлақ тұнады. Өзіңіз білесіз, біздер табиғи апатты аумақта тұрып жатқандықтан, техниканың дауысынан үй қабырғалары дірілдейтін халге жеттік. Тіптен, аяқ асты ауырып калғандар үшін «Жедел жәрдем» көлігі де жете алмайтын болды. Экологиялық, санитарлық құқығымыз бұзылғаны былай тұрсын, жеріміз бен үйімізді баржоғы 8-10 мың АҚШ долларына бағалап отыр. «Алматы жер» біздің жағдайымызға алаңдап отырған жоқ. Осы мәселеге орай бұқаралық ақпарат құралдарын да хабардар еткен едік. Алайда, бағалайтын компания өкілдері де, қалалық әкімшілік пен «Алматы жер» мамандары да біздің жағдайымыздың тек сот

арқылы шешілетіндігін алға тартуда. Сонда бізді не үшін сотқа сүйрегелі отырғандарын түсінбейміз? Бар кінәміз үйіміз бен жеріміздің әділ бағасын сұрағанымыз ба? – деді

Әкім: – Сіз менің алдыма осымен екінші қайтара келіп отырсыз ғой, – деп телефон арқылы жауапты адаммен өзіне өтінішпен келіп отырған азаматтың мәселесі бойынша қолма-қол сөйлесті. Қабылдауындағы азаматқа істің анық-қанығымен қала әкімінің орынбасары Заяц мырзаның айналысып жүргендігін жеткізді. Осы мәселеге тікелей қатысы бар мамандармен жүзбе-жүз кездестіріп, мәселенің дұрыс шешімін табуына қол ұшын беру туралы уәдесін де берді.

Қолдарына өтініштерін, көңілдеріне үлкен сенімдерін арқалай келген бір топ тұрғын мәселесінің тез арада әрі әділ шешілетіндігіне сенімсіз екендіктерін қабылдау бөлмесінен шыққан кезде де білдіріп жатты.

Ал әкім бекерден бекер уәде бермейді. Өз сөзінде тұруға тырысатындығы кәміл. Әкімнің қабылдауына бұдан кейін кірген «Центр» жекеменшік пәтер иелері кооперативі төрайымы Сара Сағындықова өзінің жаңадан жұмыс бастап отырғандығын алға тарта отырып, әкімді бірнеше мәселемен хабардар етті.

Сара Сағындықова: – Менін карамағымда 4 үй бар. Олардың көбінде қарт адамдар тұрады. Қазір газ бағасы көтеріліп кеткендігін өзіңіз білесіз. Бұрын біздерді газбен «Газснаб» қамтамасыз ететін. Бағаның көтерілуіне байланысты газбен қамтамасыз етуді қолға алып отырғандар жеткізілетін газдың толықтай құнын сұрайды. Ал тұрғындар тиісті қаржыны жинастыра алмай отыр. Газды тегін тасымалдауға көмектессеңіз болмай ма? Тіптен табиғи газға өтсек қалай болады? Одан кейін бір үйдің төбесінен су ағып тұр, оған да қаржы жетіспейді. Мұнымен қоса аулаларымыз жартылай асфальттанбай, жарық жүргізілмей отыр.

Әкім: – Тұрғын үйлерді газбен қамтамасыз етуге біз ешқандай көмек бере алмаймыз. Тұрғындармен жұмыс жүргізіп, есептегіш аппараттарын орнатасыз ба, бұл мәселені өздеріңіз

шешулеріңіз керек. Шаяхмет Шаймерденұлы жағдайды Сіз қалай түсіндіресіз?

Аудандық коммуналдық-шаруашылық бөлімі бастығы **Шаяхмет Шаймерденұлы:** – Бұл аумақтағы тұрғын үйлерді бұрын «Газсанбтың» газбен қамтығаны белгілі. Қазіргі кезде баға көтерілуіне орай бұл жұмысты «Алматыстандартгаз» меншігіне алып отыр. Алайда, бұл компания газдың құнын алдын-ала жүз пайызға төлемейінше сұйық газ тасымалдамайды. Сондықтан, Сара Құспанғалиқызы өзі тұрғындардан ақша жиыстырып, болмаса оларды үнемі газсыз отырғызбаудың басқа да жолдарын қарастырғаны жөн. Ал, табиғи газға өту үшін бұл аумақта құбыр желілері жүргізілуі керек. Сара Құспанғалиқызы, қала жобасы бойынша табиғи газға көшіру мәселесі қолға алынуда. Бірақ Сіздің аумақтағы үйлерге газ құбыры желісі әлі жете қойған жоқ. Қала әкімі қаланы табиғи газдандыру мәселесіне орай 134 миллион теңге көлемінде ақша қарастырып отыр. Дегенмен, табиғи газға көшкен күнде де Сіздің қарамағыңыздағы үйлерге есептеуіш аппараттар қалайда қойылуы тиіс.

Әкім: – Аулаларды ретке келтіруге орай қала бюджетінен әр ауданға 200 миллион теңге қарастырылған. Бастапқыда әр кооперативтің меншік иесі «Менің аулам мынадай болуы тиіс» деген өз жобаларын жасап алған. Бұл жобалардың бәрін қамтысақ, тағы да 130 миллион теңге қажет болады екен. Ал бізге бөлінген қаржы мұндай жобалардың ауқымын көтермейді. Сондықтан, биылғы жоспар бойынша аулаларды асфальттау іске асырылады да, келер жылы жарықтандыру іске қосылады. Ал ауланың ішкі жағын жарықтандыру, шатырды жөндеу ол Сіз ұйымдастыруға тиісті жұмыс. Енді қосымша қаржы қарастырылып жатса, онда көмек бере жатармыз. Жауабымызға қанағаттанасыз ба, жағдайды түсіндіңіз ғой?

Сара Сағындықова: – Әрине, рахмет.

Бұдан кейін еңбек ардагері Бедер Алдышеваның өтінішімен келіні Күлихан Жұмаділова кірді. Өтініште Бедер Алдышева 1985 жылдан бері осы ауданда үйдің кезегінде тұрғандығын,

қазіргі кезде тұрып жатқан Сейфуллин көшесі, 247 үйдің өте апатты жағдайда екендігін жеткізіпті. Өзі соғыс жылдарына тылда еңбек еткен ардагер. Ұлы Бақтыбай Алдышев 1989 жылы Чернобыльде алты ай болып, келген соң мүгедек болып қалған. Қазіргі кезде бұл отбасында Бедер апаймен бірге үш немересі, ұлы және келіні тұрып жатыр. Әкімге жазған өтінішінде үй мәселесіне көмектесуді сұрайды.

Әкім, өтінішпен толықтай танысып шығып, бар мүмкіндікті қарастырамыз деп, бұл мәселені арнайы аудандық тұрғын үй департаментінің бас маманы М. Мухамеджановқа табыстады.

Қабылдау бөлмесіне кірген Айман Дулатованы да толған-дыратыны үй мәселесі екен.

Айман Дулатова: – 1958 жылы салынған үйде бес жан тұрамыз. Жолдасым сегіз мың жалақыға күзетші болып жұмыс істейді. Өзім жеті жарым мың теңге жалақыға отырмын. Қолымда қызым баласымен және ұлым тұрады. Ипотекаға үй алуға мүмкіндігіміз жоқ. Табысымыз көтермейді. Ал үйді күрделі жөндеуден өткізу үшін де біраз қаржы қажет. Үйіміз дымқыл тартып, тіптен құлауға да жақын тұр. Дариға Назарбаеваға да, И. Тасмағамбетовке де өтініш жолдадым. Ешқандай нәтиже жоқ. Мен бюджет қызметкері емеспін, сондықтан Алматы қалалық тұрғын үй департаментінде кезекке қоймады. Сізден бір көмек бола ма деп келіп отырмын.

Әкім: – Өзіңізге белгілі, қазіргі кезде мемлекет құрылыс жұмыстарымен айналыспайды. Бәрін жеке компаниялар атқарады да, олар өз салған үйлерін тиісті бағасына сатады. Ал әкімшіліктің меншігінде үлестіретін үй жоқ. Сондықтан да, бұл жағдайда тек Сіз өзіңіз шешім таба аласыз. Үйіңізді сатасыз ба, әлде басқа мүмкіндіктері бар ма... Біздің қолымызда Сізге бере салатындай үй жоқ.

Есіктен жасы сексенді алқымдаған әжейді жетелей келіні кірді. Келіні А. Айнабекованың айтуынша, әжей қатты ауру. Әжей қабылдау бөлмесіне кіре берістегі орындыққа келіп жайғасты. Халі өте ауыр, жүріп-тұруының өзі қатты қиындап

кеткен сыңайлы. Өздері тұрып жатқан Қарасуда жарық пен су мәселесі өткір тұрған көрінеді.

А. Айнабекова:— Мен Қарасуда тұрғаныма он жылдан астам уақыт болды. Енем болса ауру, осында бір көмек бола ма деп, енемнің жағдайының көтерместігіне қарамастан, сүйрелеп келіп отырмын.

Әкім: — Әрине, ондағы жағдай бізге таныс. Дегенмен аудандық коммуналдық шаруашылық бөлімі не жұмыс істеп жатыр?

Шаяхмет Шаймерденұлы: — Қазір бұл елді мекенде 26 үй жарықсыз, сусыз отыр. Себебі, жарықпен қамтамасыз етуге онда қойылған трансформатордың қуаты жетіспейді. Ал су үшін өздері арнайы құбыр сатып алулары керек. Сондай-ақ, мұндағы үйлердің басым көпшілігінде техникалық құжаты жоқ. Инвентарьлық нөмірі көрсетілмеген үйлер қалай коммуникацияға қосылады?

А. Айнабекова: Менің құжатым түгелімен жасалды ғой. Бөрене сатып алып та қойдық. Енді мен не істеймін?

Шаяхмет Шаймерденұлы: — Сізде құжат болғанымен, Сіздің айналаңыздағыларда нақты құжат жоқ. Абонентке тек құжат арқылы ғана қосылады. Су құбырларын сатып алыңыз. Сіздің мәселеніз бізге таныс. Қазіргі кезде бірді-екілі жақын маңдағы компаниялармен Сіздің жағдайыңызды ескере отырып, су, жарық мәселесіне орай жұмыстар жүргізудеміз. Қолымыздан келгенінше көмектесеміз. Тек су құбырларын сатып алып қойыңыз.

А. Айнабекова: Жақсы, рахмет.

Екі-үш сағатқа созылған қабылдауда міне осындай мәселелер бойынша тиісті жауаптар берілді. Тұрғындардың біріне үй, біріне материалдық көмек, енді бірінің үйіне күрделі жөндеу жұмыстары қажет. Су, жарық мәселесі тағы бар. Аудан тұрғындары өздерін мазалаған осындай проблемалармен апта сайын әкімнің қабылдауына келіп, тиісті жауаптарын алып отырады. Алайда мәселенің дұрыс және тиімді шешудің өзі нысаналы жұмыстың іске асуын талап етеді.

БІРЛІК БИІККЕ БАСТАЙДЫ

Бұдан бес жыл бұрын өмірімізге үлкен өзгеріс әкелген қайта құру, жаңаша ойлау саясаты қазіргі кезде тағы бір тың белеске көтерілгендей. Бұл әсіресе, рухани өмірімізде айқын аңғарылады. Жариялылық жай сөз емес, шын мәніндегі жаңғыру мен жаңарудың белгісі екенін сезінген халқымыз бұрынғы жасқаншақтықтан, бұйығылықтан арылып, өз көзқарастары мен пікірлерін ашық айту мүмкіндігіне ие болды. Айтып қана қоймай, өз мақсат-мұраттарын іске асырудың жолын іздестіруде. Нәтижесінде көптеген қоғамдар мен қозғалыстар, партиялар дүниеге келді. Осы орайда біздің тілшіміз бейресми ұйымдардың өкілдерімен кездесіп, «дөңгелек стол» басында сұхбат жүргізген еді.

Оған «Әділет» қоғамының басқарма мүшесі Армиял Тасымбеков, республикалық «Қазақ тілі» қоғамының шетелдердегі қазақтармен байланыс бөлімінің меңгерушісі Мұхтар Әбділдабеков, «Невада-Семей» қозғалысының үйлестіру Советінің мүшесі Дүйсенбек Нақыпов, «Азат» жастар қозғалысы орталық кеңесінің мүшесі Самат Жалғасов қатысты.

– Алғашқы әңгіменізді өздеріңіз мүшесі болып табылатын ұйымдардың дүниеге келген кезінен бастасақ. Сосын негізгі ұстанған бағыт-бағдарларыңыз бен мұраттарыңызға тоқтала кетсеңіздер.

Д. Нақыпов: – «Невада-Семей» қозғалысы былтырғы жылдың 28 қаңтарында қалай құрылғанын елдің бәрі біледі. Сондықтан, мен сөзімді екінші сұрағыңыздан бастайын. Біздің қоғам – адамдардың түр-түсіне, ұлты мен жынысына, нәсіліне қарамайтын, бүкіл адамзат тағдыры үшін күресетін нағыз халықтық қозғалыс.

Халық тарапынан кеңірек қолдау тапқан сайын әскери аппарат басшылары жан-жақтан қысым көрсетіп, елдің назарын басқа жаққа аударуға күш салуда. Кейде бізге «ұлтшыл», «жершіл» деген айдар таққылары келеді. Ал біздің мақсатымыз – республикамызды, бүкіл әлемді ядролық сынақ апатынан құтқару. Ал,

ресейлік полковник Петрушенко өзін ел үшін туған ер құсатып көрсеткісі келеді де, бізді халық қамын ойламайтын, Отан сүйгіш қасиеттен жұрдай адамдар дегенге саяды. Жоқ жерден жау іздеп жүріп, жеткен жеріміз белгілі ғой. Қаншама қаржыны әскери шығынға жұмсадық.

А. Тасымбеков: – «Адамға тән нәрсенің бәрі маған жат емес» дегендей, Дүйсенбек, сенің мына сөзің менің де көкейіме қонады. Бұған дейін басымыздан өткен қырғын-сүргін аздай-ақ, енді, міне, ядролық сынақтың қасіретіне ұшырадық. Өткеннің ащы шындығын айтпай, бүгіннің болашағын болжау қиын. Қазақстандағы 1919-21 жылдардағы қырғын мен 1929-33 жылдар арасындағы нәубет, 1930-40-50 жылдар арасындағы зобалан туралы бұрындар тіс жарып айта алдық па? Мұндай бір-біріне ұқсас «науқандар» халқымызға қара дауылдай тиді. Тарихшы Рой Медведевтің деректеріне қарғанда, сол жылдары 40 миллион адам жер жастаныпты.

– Армиял, «Әділет» қоғамының алға қойған мақсаттарының бірі осы сталиндік заманның қасіретке толы құпиясын ашу емес пе? Ендеше, әңгіме арнасын осы жаққа бұрсақ.

А.Тасымбеков: – Иә, 1989 жылдың мамыр айында біздің «Әділет» қоғамы дүниеге келді. Қоғамның төрағасы болып сол кездегі Қазақ ССР Еңбек және әлеуметтік мәселелер жөніндегі Мемлекеттік комитеттің төрағасы Санжар Жандосов сайланған еді. Қоғамның негізгі мұраты – 1930-33 жылдар арасындағы аштықтан құрбан болғандарға ескерткіш орнату, сталиндік зобаланнан бас сауғалап шетелге кеткен ағайындарды елге қайтару. 1937 жылғы жаппай қырғынға ұшыраған азаматтарды Ұлы Отан соғысына қатысқандар дәрежесінде бағалап, көзі тірілерге жеңілдік жасауды, құрбан болғандарға ескерткіш қоюды борышымыз деп білеміз. Олар туралы шығармалар жазып, кинофильмдер түсіруді жоспарлап отырмыз. Ол үшін алдымен Мемлекеттік қауіпсіздік комитеттің архивін аштыру керек. 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына байланысты сотталған жазықсыз жандарды толық ақтауды күн тәртібіне қойып отырмыз.

М. Әбділдабеков: – Таяуда Батыс Германияның Мюнхен қаласынан келген Өмірхан Алтын деген жігіт: «Әділет» деген ұйым әділет жоқ жерде құрылады»,– деп еді. Республикадан тыс жерлерге ауып кеткен үш миллион қазақтың тағдырын ойлаған «Атамекен» қоғамы, саяси дербестік жолында құрылған «Азат» қозғалысы мен ынтымақтаса іске кіріскеніміз жөн. Қайта құру кезеңіндегі көп өзгерістердің бірі – ұлттық сана-сезіміміздің оянуы. Өткен жылы қыркүйектің 21-і күні Тіл туралы Заңымызды қабылдадық...

М. Әбділдабеков: – Ол Заңның күшіне енгеніне де бір айдай мезгіл болды. Заңды іске асыру оңай емес. Нақты шаралардан гөрі салтанатымыз, мерекеміз көбейіп кеткендей. Дегенмен, тындырылған шаруа да аз емес. Ана тілімізде балалар бақшалары мен мектептер, жоғары оқу орындары жұмыс істей бастады. Іс-қағаздарды мемлекет тілінде жүргізуді қолға алдық. Кейбір елді мекендер мен көшелердің аттары қайта қалпына келтірілді. Жалпы Тіл мәселесі қозғалған жерде мәдениет, әдебиет, әдет-ғұрып проблемасы тұрады.

Олар халқымыздың әлеуметтік-экономикалық жағдайымен тығыз байланысты. Сондықтан, «Қазақ тілі» қоғамының басқалардан саяси мәні әлдеқайда жоғары деп білемін. Менің байқауымша біздегі әр қоғамның мақсат, мұраттарында, саяси бағдарларында ортақтық бар сияқты.

С. Жалғасов: – Мен бұл пікірмен онша келісім келмейді. Біздің күрес жолымыз сәл өзгешелеу. Мысалы 1989 жылдың қараша айында құрылған «Азамат» жастар қозғалысы комсомолдық сіреспе аппаратпен бәсекелес жағдайда жұмыс істеуде, Облыстардағы бастауыш ұйымдарды қоса есептегенде, қазірдің өзінде 600-ден астам мүшеміз бар. Жастар қозғалысының төрағасы ҚазГУ-дің заң факультетінің бесінші курс студенті Ибісін Рысмәмбетов – білімді де білікті жігіттердің бірі. Басты мақсат-мұраттарымыз төмендегідей:

Алдымен азаматтардың еріктілігін қолдай отырып, әділетті, дербес егеменді республика құру жолында барлық күш-жі-

герімізді жұмсауға бел будық. Сол арқылы қоғамның даму заңдылықтарына әсер етпекпіз. Халықтар достығының нығаюына қол жеткізсек деген мақсатпен жұмыс істейміз.

Біздің ойымызша ешқандай топ пен таптар қайта құруды жүзеге асыра алмайды. Еліміздің тұралап қалған экономикасы мен мәдениетін тығырықтан шығаруға ең бірінші жастар бел шеше кірісуі керек. Осы жолда жариялылық пен демократияны басты бағыт етіп ұстанамыз. Ал, комсомолдар қазір жастардың назарын өздеріне қалай аударарын білмей, қайдағы бір «видеосалон», «аттракцион» деген бір арзан ермекке бой алдырып барады. Біз бұған ашық күрес жариялаймыз. Ең алдымен, мектептерде комсомол органдарының құрылымы болмаса деп ойлаймыз. Біздің қоғам құрылғалы бері біраз істер тындырып үлгердік. Жоғары оқу орындары мен жұмысшы жастардың арасында болып ашық әңгімелер, өткір пікір-сайыстар өткізіп, лекциялар оқыдық. Өз жерінде баспана таба алмай «жетім бұрышта» қаңғып жүрген жастарға жер алып беріп, үй салуларына мүмкіндік әпердік. Бұл істі бүгін «Шаңырақ» қоғамы одан әрі жалғастыруда. «Азамат» қоғамы «Жастар парламентін» құруды қолдайды. Жастарға қатысты заң жобалар осы парламентте талқыланып, көпшілік дауыспен бекітілген соң ғана іс жүзіне асуға тиіс. Сонымен қоса, «Республика егемендігі», «Қазақ ССР Азаматы» туралы заң қабылдауды Қазақ ССР Жоғарғы Советінен талап етеміз,– деп сөзін аяқтады С.Жалғасов.

«Дөңгелек стол» басындағы бұл сұхбаттан түйген ойымыз – республикадағы құрылып жатқан қоғамдар мен қозғалыстар тарапынан көтеріліп отырған мәселелер көпшілік көкейіне қонатындай. Енді олар өзара бірлесіп, ортақ мүдде жолында бұдан да жоғары баспалдақтар биігінен көрінуіне тілектестік білдірейік.

ЕРЕУІЛ ЕЛЕҢ ЕТКІЗДІ

Алматыдағы Ленин проспектісінің бойында орналасқан «Қазақстан» ұлттық-бұйымдары дүкенінің сатушылары 12 наурызда екі сағатқа созылған ереуіл жасады. Бұл – әзірге шарасыздықтан туған ескерту әрекеттерінің бірі ғана. Егер ереуілшілердің талабына тиісті орындар назар аудармаса, ұсыныс-тілектерін орындамаса, бұл оқиғаның соңы ұзаққа созылып кетуі кәдік.

Дүкен орналасқан үйге жиырма жылдан бері бірде-бір рет жөндеу жүргізілмепті. Қыста суық, жазда ыстық дүкеннің ішінде жұмыс істеу мүмкін емес. Оның үстіне жоғары қабаттағы тұрғын үйлердің қалдық- қоқыстарының күлімсі иісі дүкен ішін әбден жайлап алған. Жаңадан келіп түскен бұйымдарды сақтайтын орын жоқтың қасы.

Ғимараттың әбден тозуы салдарынан төбесі тесіліп, қабырғаларының арасы арса-арса болып ашылып кетіпті. Бұдан кейін суық қолды ұрылар мемлекет мүлкіне қол сұқпағанда қайтеді. Ал ұрланған заттар сатушылардың еңбекақыларынан өндіріліп алынып отырған.

1979 жылдан бері осында үздіксіз жұмыс істеп келе жатқан аға товар жүргізуші Ұ. Қарабаева былай дейді: – 1990 жылы 27-қарашада Алматы қалалық атқару комитеті арнайы қаулы қабылдап, Калинин көшесі № 65-үйдегі Геология көрмесі орналасқан ғимаратты «Қазақстан» дүкеніне беруді ұйғарған. Бірақ, бұл қаулы әзірге қағаз жүзінде қалып отыр. Ал бізге тиесілі қойманың жартысынан көбісін Қазақ ССР Министрлер Советі өздерінің шаруашылығы үшін пайдаланып келді. Биыл сол қоймаларды өзіміз иеленеміз бе деп отырғанда оны «Азия-пресс» мекемесіне бере салды. Бізді жас баладай алдаусыратып, арқамыздан қағып, шетелден келген қонақтарға мақтаныш ретінде көрсеткенде ұялғаннан жерге кіріп кете жаздаймыз. Бұл – ұлттық дәстүрді қорлау деген сөз.

Бұл істі ереуілге жеткізбей-ақ шешуге тиісті Сауда министрлігіндегілер әзірге көздерін жұмып, құлақтарын тас бекітіп отырған түрлері бар.

«Халық кеңесі» газеті,
1990 жыл

ЕСІРТКІ – ӘЛЕМНІҢ ЖЕГІ ҚҰРТЫ

5 наурыз күні Алматыда «БҰҰ-ның есірткі құралдарының заңсыз айналымына қарсы күрес туралы Конвенциясы және БҰҰ-ның трансұлттық ұйымдасқан қылмыспен күрес туралы Конвенциясы шеңберіндегі халықаралық құқықтық ынтымақтастық жөніндегі Орталық Азия конференциясы» деп аталатын жиын басталды.

Кейінгі жылдары БҰҰ-ның есірткіге, ұйымдасқан қылмысқа, терроризмге қатысты іс-шаралары Орталық Азия елдерінде жиі өте бастады. Себебі, Ауғанстанда өндірілетін есірткі заттары бүгінде Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Қазақстан мемлекеттері арқылы батыс елдеріне жасырын түрде тасымалданып жатқаны белгілі. Сондықтан, замана қасіретіне қарсы бірлесіп күрескенде ғана белгілі бір нәтижеге жетуге болатынын өмірдің өзі дәлелдей түсуде.

БҰҰ-ның Есірткіге бақылау жүргізу және қылмыстың алдын алу жөніндегі басқармасының аймақтық өкілі Антелла Делледда Титчинер ханымның айтуына қарағанда, соғыс тоқта-сымен Ауғанстанда есірткі өндіру ісі аса бір құпиялықпен қайта жанданып, қарқын алды.

Конференцияда сөз алған Қазақстан Республикасының Әділет министрі Г.Ким, Президент Әкімшілігі Мемлекеттік-құқық бөлімі меңгерушісінің орынбасары М.Абулхатаевтың, Мәжіліс депутаты Ш.Омаровтың айтуларына қарағанда, заңсыз есірткі бизнесіне қарсы күресті жолға қою үшін алдымен мемлекет тарапынан қаржы бөлінуі тиіс. Ол үшін арнайы бағдарлама жасалынды. Ол бағдарлама бізде енді ғана қолға алынған сияқты.

Алматыдағы конференцияда Орталық Азия мемлекеттері өкілдерінің бәрі сараптама-баяндама жасады. Үш күнге созылатын халықаралық конференцияның нәтижелері бойынша арнайы Декларация қабылданбақшы. Сонда осы мәселелердің бәрі нақты көрініс табады деп күтілуде.

«Халық кеңесі» газеті,
1990 жыл

КЕЛІСІП ПІШКЕН ТОН КЕЛТЕ БОЛМАС

Американдықтар Қазақстан Конституциясы мызғымастай болса екен деп тілейді.

– Егер нәресте алғаш дүниеге келген сәтте алыстан қонақ келсе, ол бақытты болады деген нақыл бар, біздің халықта,– деп бастады сөзін Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Төрағасы С.Әбділдин жолдас.

Бұл сөздің астарын бірден түсінген Американың «Фегри және Бесон» фирмасының өкілі, заңгер профессор Джон Френч мырза мен осы фирманың өкілі Диана Хейлин ханымның жүздерінен қошемет белгісі білініп тұрды.

Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясының проблемалары бойынша қазақ-американ конференциясына ТМД-ға мүше көрші республикалардан келген қонақтардың да күткендері сол сияқты. Бұрынғы Одақ негізінде жасалған бұрынғы Конституциямыз бүгінгі күннің сұранысын өтей алмай отыр. Ал екі ғасырдан астам парламенттік жүйе бойынша дамып келе жатқан Америка сияқты өркениетті мемлекеттің тәжірибесінен аз болса да бірдеңе үйреніп қалуға әркім-ақ құштар екені белгілі. Осыны іштей сезген қонақтар да бар білгендерін ортаға салуға тырысты.

– Біз бұрын Қазақ Республикасын өзіміздегі көп штаттардың бірі сияқты есептеп келдік. Енді, міне, сіздер Тәуелсіз мемлекет болдыңыздар. Мұны қуана құптап, құттықтағымыз келеді,– деді Френч мырза. Сосын ол АҚШ Конституциясы мен Қазақстан Республикасы Конституциясының жаңа жобасын салыстыра баяндама жасады. Ол кісі, әсіресе, мемлекеттік құрылым мен басқару әдістеріне тереңірек тоқталды. АҚШ-тағы президенттік бірлік пен парламенттің арасындағы жұмыс жөнінде әңгіме қозғалғанда қызу пікір алмасу басталып кетті.

Мәселен бізде Жоғарғы Кеңестің Заңдарына қоса Президентіміз де ара -кідік өз жарлықтарын шығарып тұратыны белгілі.

АҚШ-та Президент тек сенат қабылдаған заңдардың мүлтіксіз орындалуына тікелей жауап береді екен. Сол негізде ғана ол заңның қосымша бұйрықтарын шығаруына мүмкіндігі бар. Өйткені, онда тек президенттік басқару жүйесі қалыптасқан. Сонымен қоса, Президент сенаттың алдында есеп беріп отырады. Яғни, бұл мемлекеттегі негізгі билік Президенттің және парламенттің қолында деген сөз.

Осы орайда біздің белгілі заңгер ғалымымыз С.Сартаев жолдас мынадай мазмұнда сұрақ қойды.

Бізде депутаттар бес жылда бір сайланады. Осы мерзім өткеннен кейін парламент құрамы толығымен өзгереді, бірақ заң сол күйіне қалады және мемлекеттің саяси құрылымы өзгермейді. АҚШ-та парламент екі жылға сайланады. Бұл мемлекеттің құрылымына әсер етуі мүмкін бе? Себебі, Америкада демократтар және республикалықтар деген екі саяси партия бар. Егер парламент құрылымы негізінен басқа партия өкілдерінен. Ал, Президент басқа партияның өкілінен сайланғанда жағдай қандай болмақ?

Джон Френч мырза бұл сұрақтың жауабын адам құқы туралы Заңдармен байланыстыра әңгімелеуге тырысты:

– Кез келген парламент мүшелері немесе Президент қандай партияның өкілі болса да, ол алдымен Американың азаматы. Олай болса, ол азаматтардың болашағы үшін жауап береді. Бұлардың қай-қайсысын да көпшілік дауыс беру арқылы сайлайды. Президент ант бергенде осы жағына баса назар аударылады, – деді ол.

– Сондықтан, бізде саяси партияның мүддесінен гөрі адам құқы бірінші орынға қойылған. Ал, парламентке келетін болсақ, бізде ол екі жылға сайланады. Бірақ, ол сіздердегідей сайлау мерзімі біткеннен кейін түбегейлі өзгерістерге ұшырамайды. 90 проценттен астамы бұрынғы күйінде қалады. Яғни, бізде

кәсіби парламенттік жүйе қалыптасқан. Осы жағына сіздердің де назарларыңызды аударғым келеді.

Бұл мәселе біздің заң мамандарын да немқұрайды қалдыра алған жоқ. Өйткені, көптен бері кәсіби парламент құру туралы сөз болып жүргені белгілі. Сондықтан, қонақтардың пікірі біздің пікірімізбен үндесетіндігін ашық айтуға тура келді. Алайда, азаматтық мәселесіне келгенде С.Зиманов, М.Раев, Ө.Кекілбаев сияқты қалауларымыз қонақтарымыздың ақыл-көнесін түгелдей қабылдай алмайтындықтарын білдірді. Себебі, Американың Конституциясында азаматтық деген сөздің орнына «жеке адам» (личность) деген сөз қолданылады екен. Ал, біздің қоғамдық және ұлттық құрылымыз оған сай келмейтіні өзінен-өзі түсінікті. Сондықтан да, олар: «Сіз бізге ұлттық мемлекет құру жөнінде көкейіңізде жүрген ойларыңызды ортаға салсаңыз» деген тілек білдірді. Бұл жөнінен Илиана Хейлин ханым Герман Федеративтік Республикасының Конституциясынан көп жайттарды үйренуге болатынын құлаққағыс ете отырып, нағыз ұлттық мемлекет құру үшін алдымен адам құқын шешіп алмай болмайды дегенді қадап айтты.

Америкадағы сот құрылымының мәселесі жөнінде сөз қозғалғанда республикамыздың Жоғары Соты Т.Аймұханбетов пен республикамыздың Бас прокуроры Қ.Тұяқбаев жолдастар да өздерінің іште жүрген пікірлерін ортаға салды. Американдық қонақтар өздерінің Конституциясында ату жазасы алынып тасталғандығын мақтанышпен айта отырып, бұл да бір гуманистік шаралардың бірі екенін ескертті. Ал, біздің заңгерлеріміз мұны адам құқымен тікелей байланысты қараған оншалықты дұрыс емес деп тапты. Себебі, елдің экономикалық дамуы мен әлеуметтік жағдайы, түптеп келгенде мәдени дамуымыздың салдарынан бұл қатаң шараның әлі де бізде қала беретіндігін ашық мойындады.

Сөз соңында Джон Френч пен Илиана Хейлино осы уақытқа дейін дәл мұндай кәделі кеңестерге қатысып көрмегенін, мұндай ашық-жарқын сұхбат тұңғыш рет осы Алматы қаласында өткенін үлкен жетістіктердің бірі деп бағалады.

– Сіздер біздерді ақылдасу үшін шақырдыңыздар, оларыңызға көп рахмет. Ал, біздің тарапымыздан айтылған ой-пікірлерді қаласаңыздар қабылдарсыздар, қаламасаңыздар өздеріңіз білесіздер. Біздікі тек ой бөлісу, сіздердің болашақ жаңа Конституцияларыңыздың мызғымастай берік болуына тілектестік тұрғысынан ғана жасалған ізгі қадамдар деп қабылдаңыздар,– деді.

Конференцияға Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Комитеттері мен комиссияларының төрағалары, Украина, Россия, Қырғызстан мемлекеттерінен келген қонақтар қатысты. Екі күнге созылған Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясының проблемалары жөніндегі қазақ-американ конференциясын Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы С.Әбділдин жүргізіп отырды. Сөз соңында ол мұхиттың арғы жағынан бізге шынайы достық, ақ ниетпен ой бөліскен қонақтарға алғысын білдірді.

«Халық кеңесі» газеті,
1991 жыл

РАДИАЦИЯ ҚАЛДЫҒЫ ОЙЫНШЫҚ ЕМЕС

Өткен аптада әлемді тағы да бір дүр сілкіндірген оқиға – Ресей әскери кемесінен Жапон теңізіне төгілген радиация қалдықтары төңірегінде болды. Оның алдындағы аптаның соңында Ресей Президенті Жапонияға алғаш рет ресми сапармен барып, екі елдің арасында тәп-тәуір қарым-қатынас орнатып қайтып келе жатқанда «үйде» қалған аңқаулар аяқ астынан ши шығара жаздады.

Бұрын да ың-шыңсыз-ақ жасалып жүрген «жұмысты» дәл сол күні қоя тұрса қайтер еді?! Шындығын айтсақ, Жапония басшылары да, Ресей басшылары да теңізге заңсыз түрде төгілген радиация қалдықтары үшін әлем алдында қатты ыңғайсыз күйге түсті.

Кеше ғана құрметтеп шығарып салған қонағының соңынан тас лақтырып жатуға ұялған Жапония басшылары алғашқыда: «Олар біздің келіссөзіміздің қорытындысын толық естімеген соң өстіген ғой» деп жуып-шая салғысы келіп еді, оның сәті түспеді. Сосын: «Е, бұл қоршаған ортаға онша қауіпті емес екен» деп құрметті қонақтар жағының кінәсін бір жолға көтере салуға да тырысқан. Бұл әдептілікті Ресей жағы дұрыс түсінбеді ме қайдам:

«Таяуда осы теңізге тағы да радиация қалдықтарын төгеміз, төкпегенде енді қайда апар дейсің?» деп салмасы бар ма?! Мұның соңы не болар екен деп, іштей тынып отырған басқа мемлекеттер «бүйткен бәтуаларың құрысын» дегендей, байбалам салып шыға келді.

Өйтпегенде қайтсін? Кеше ғана «Лобнор» ядролық сынақ алаңында жарылыс жасаған Қытай мемлекетін бәріміз көзге шұқыдық емес пе? Енді Ресейге келгенде үндемей қалу әділетсіздік болар еді. Көршіміз үшін қысылсақ та шындықтың бетіне тура қарағанымыз жөн.

Жер бетін ядролық заттардан арылту үшін сынақ алаңдарын жабу керек деп ашық айтамыз. Ал сонда радиация қалдықтарын

оңды-солды шаша бергеніміз қалай болады? Әлде жасырынып келіп, бір-біріміздің іргемізге зиянды қоқысты төге салып, түк білмегенсіп, теріс қарап отыра береміз бе? Ендеше, әлем елдерінің Ресейге жасаған бұл жолғы ескертпелері орынды деп санаймыз.

Қытайдың сыртқы істер министрі Цзян Мин мырзаның: «Бұл сияқты елдер радиация қалдықтарын төккен кезде қоршаған ортамен көрші елдердің де мүддесін ойлауға тиіс» деген сөзіне қалай қосылмайсың. Өйткені, қараша айында Лондонда осы жөнінде арнайы конференция өтпекші. Сонда, радиация қалдықтарын реттеу жөнінде әлем елдері өзара келісімге келмекші.

Көршіміз кеш те болса өз қатесін түсініп, тағы да радиация қалдықтарын төкпекші әрекетінен бас тартты. Жапония басшылары бұған да дән риза. Дегенмен, олар Ресейдің бұл әрекетіне қарсы мәлімдеме жасады. Сөйте отырып, олардың Жапон теңізіне екінші рет радиация қалдықтарын төкпейтініне сенім білдіріп, рахмет айтуда. Тіпті, сұйық радиация қалдықтарын қоюлату үшін Қиыр Шығыстан арнайы зауыт салып бермекші. Бұдан бұрын Жапония Ресейге қарызға 100 миллиард доллар қаржы бөлген екен. Соның 10 миллиардын қайтармай-ақ қойыңдар, бірақ оны зауыт салуға жұмсайық дейді. Мынадай бекзаттық пен мырзалыққа не дерсің?!

Ия, қалай десек те радиация қалдығы ойыншық емес.

«Егемен Қазақстан» газеті,
1993 жыл

ЕЛ БАСШЫЛАРЫ ЕЛЬЦИНГЕ ҮМІТ АРТТЫ

Өткен аптаның 21 қыркүйек күні Ресей Федерациясының Президенті Борис Ельцин Ресей парламентін тарату жөнінде жарлық шығарғаны белгілі. Бұл жағдай алғашқыда бүкіл ел басшыларын елең еткізіп, біразын ойлантып тастағаны ақиқат. Бірақ көпшілігі Ресей Президентінің қадамын қолдайтындықтарын ашық білдірді.

Кез келген мемлекет өз ішіндегі шиеленісті жағдайды бір-жақты етіп шешу үшін бұған өзінің маңайындағы көршілері қалай қарайды, жер бетінде тағы бір отты нүктенің шоғын үрлеп алмаймыз ба деген сыңайда сақтық танытуы заңды құбылыс. Ресей мемлекетінде биліктің берекесі кете бастағанын, халықтың тұрмысы мен экономиканың дамуы қатерлі құлдырау шегіне жеткенін дүние жүзі көріп те, біліп те отыр. Ендеше «сыбырлағанды құдай естімей ме?» дегендей, ештеңені жасырып, жабуламай-ақ Ресей Президенті өз жарлығына қол қоярдан бір сағат бұрын Мәскеудегі шетел елшілерін құлағдар етіпті. Бұған алғашқылардың бірі болып Американың Президенті Билл Клинтон үн қатты. Ол Б. Ельциннің бұл жарлығы Ресей Конституциясы тұрғысынан заңсыздау екенін, алайда тығырықтан шығу үшін бұдан басқа жол қалмағанын ашық мәлімдеді. Бірден-бір демократиялы мемлекет деп танылатын Американың бұл әрекетін саясатшылар күдіктене қабылдап, өз пікірлерін де білдіріп жатты. Бірақ, олар Ресей парламентшілері мен те-те-президент А. Руцкойдың кейінгі кезде демократияны желеу етіп, бұрынғы КСРО-ны қайта қалпына келтіру жолында әрекет ете бастағанын байқамаған сыңайлы.

Ал бұлардың ішкі ойларын бірден түсінген Американың Дмитрий Саймс, Швецияның Кристиан Герберт сияқты саясатшылары Ресей парламенті ұстап отырған біржақты саясаттың қазіргі кезде өте қауіпті екенін ескертті. Бұл қауіпті басқалардың

да көріп-біліп отырғаны сөзсіз. Батыстың бірнеше ірі мемлекеттері – Франция, Ұлыбритания, Германия, Испания, Норвегия, Швеция, Чехия, Недирланд, Австралия, шығыстан – Жапония, бұрынғы КСРО мемлекеттерінен – Қазақстан, Эстония, Түрікменстан, Молдова сияқты елдердің басшылары бірден өз бағыттарын айқындап, Ресей Президенті Ельцинді қолдайтындықтарын білдірді. Дегенмен, соңғы мемлекеттердің біразы бұл істің заңсыздау жерлерін байыппен шешу қажеттігін де еске салды. Бұған қарап дүние жүзі елдері түгелдей Б. Ельцинді қуаттап отыр деуге тағы болмайды. Мәселен, Қытай елінің басшылары «қай жеңгенің менікі» дегендей, немқұрайлық танытса, біраз мемлекеттердің қоғамдық қозғалыстары мен саяси партияларының өкілдері мұны бір кездегі большевиктік диктатурамен салыстырғылары келеді. Бұл кезде Италияда сапарда жүрген М. С. Горбачев дәл сол күні Ресейге қайтып оралыпты. Сірә бірдеңеден дәмеленсе керек...

Ендігі бір үміт – осы жылдың 11-12 желтоқсан күндері өтетін Ресей парламенттік сайлауында. Осы уақытқа дейін Ресей жұртшылығы шыдамдылық танытып, сайлау кезінде ұйымшылдық көрсетсе, өтпелі кезеңнің қиын сәттері де көзді ашып-жұмғанша өте шығуы мүмкін. Бұл аралықта Ресей мемлекетіндегі «Уақытша кезеңге арналған федералды өкімет органдары туралы ереже» басшылыққа алынады. Ал, келесі жылдың 12 маусымында Ресейде қайтадан президент сайлауы өтпекші. Иә, әлемді елең еткізген осынау оқиғаның соңы қалай аяқталарын уақыт көрсете жатар.

«Егемен Қазақстан» газеті,
1993 жыл

КӨМІР КҮЛІНЕН – ТЕМІР

Қарашаның 23-і мен 25-і аралығында Люксембургтің экономикалық министрі Роберт Геббельс мырза бастаған іскер топ Қазақстан басшыларымен және бизнесмендерімен жолығысып, екі елдің арасындағы экономикалық, мәдени, дипломатиялық байланыстарды өркендету ісіне үлес қосты.

Геббельс мырза Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары А. Жабағынмен, сыртқы істер министрі Т. Сүлейменовпен болған келіссөздер нәтижесін баяндай келе, Қазақстандағы қазіргі жағдайлар төңірегінде өз пікірлерін журналистер алдында ортаға салды. Министр мырза алдымен өз мемлекеті жайында қысқаша ақпар беріп өтті.

Қазақстанға алғаш рет ат басын тіреген қонақтардың қоржындары да бос емес екен. Осы жолы олар тәуелсіз Қазақстанға көмек ретінде 6 тонна дәрі-дәрімек ала келіпті. Үш күндік сапар барысында Талдықорғандағы аккумулятор зауытында болып, ондағы жұмыс барысымен танысыпты. Автокөліктерге арнайы аккумулятор шығаратын Люксембургтегі ірі компанияның басшысы Фенкес Гудер мырза бұл зауыттағы техниканың өте ескіргенін, қазіргі беріп жатқан өнімдерінің сапасы төмен әрі үш еседен артық шығын жұмсалатынын байқапты. Келісімшарт бойынша енді Талдықорған зауытына шетелдік әріптестері жоғары сапалы аккумулятор қораптары мен қақпақтарын үздіксіз жіберіп тұруға келіскен.

«Береген қолым – алаған» дегендей, олар бізден көмір күлін аттай қалап сұрапты. Олар мұны қайта қорытып, күлдің құрамынан небір асыл темірлерді бөліп алып, іске жаратады. Өне, ғылымға негізделген жаңа технологияның пайдасы қандай! Қолында құралың болмаса, қорандағы қойынды сойып жеудің өзі қиын. Соның салдарынан кезінде бір балтаға бір қойды айырбастап үйренген қазақ үшін көшеде жатқан күлді сату неге тұрады, тәйірі!

Бірақ, олардың ыңғайы келсе біздің көл-көсір байлықтарымыздан алғысы келетіні байқалып қалды. Біздің бір әріптесіміз: «Мыс қалдықтарын неге пайдаланбайсыздар? Оның құрамында бұдан да бағалы металдар бар?» дегенді естігенде, қонақтар жағы елеңдесіп қалды. «Мұны біз білмедік. Олай болса...» деп ойлана бастайды. «Әттең, кейде аңқаумыз-ау осы. Осындайда тым білгішсінбей-ақ, сабыр сақтасақ қайтер еді?» дегім келеді. Көмір күлінен темір алып отырған оларға басқа қалдықтарымызды өткізуге үлгереміз ғой. Бәрі өз кезегімен болғанға не жетсін?!

«Егемен Қазақстан» газеті,
1993 жыл

ПАЛЕСТИНАНЫҢ БАҒЫ АШЫЛСА ЖАРАДЫ

Таяу Шығыс елдерінің ішіндегі маңдайының бағы бір ашылмай келе жатқан ел – Палестина.

Сонау 1948 жылдан бері Израиль мемлекеті тарапынан езгіге ұшыраған палестиналықтардың тағдыры оған көршілес мемлекеттердің де берекесін кетіре бастаған. Әлемнің әр түкпірінен «баспана» іздеуге мәжбүр болған олардың біразы көрші Иорданияны, тағы басқа мемлекеттерді паналауға мәжбүр болды. Бірақ, қаншама қиыншылық басқа түссе де, осынау қайсар елдің ұрпақтары Ясир Арафат бастаған Палестинаны азат ету ұйымының (ООП) маңайынан табылып, азаттық жолында күресе білді. Енді, міне, сол азаттық таңы да атуға жақындап қалғандай.

Өткен аптаның дүйсенбі күні Вашингтонда Израиль мен Палестинаны азат ету ұйымының арасында келісімге қол қойылғаны белгілі. Онда 13 қыркүйекте заңдастырылған бұл құжат 13 қазаннан бастап күшіне енетіні айтылған. Биылғы жылдың 13 қазанынан 13 желтоқсанға дейін Израильдің әскери және азаматтық әкімшілік орындары өздерінің біраз міндеттері мен қызметін Палестинаның өкілеттілігіне беретін болып келісілді. Сондай-ақ, Иордан өзені мен Газа бөлігі де палестиналықтарға қайтарылатыны жөнінде шешім қабылданды. 13 желтоқсанда Газа бөлігі мен Иерихон ауданынан Израиль әскерлері әкетіле бастаған күннен-ақ Палестина автономиясын құрудың бес жылдық ресми жоспары жасалынады.

1994 жылы 13 сәуірде бұл өңір Израиль әскерлерінен толық тазартылғаннан кейін күн тәртібінде Палестинаның тағдырын түпкілікті шешу мәселесі тұрады. Ал 1998 жылы желтоқсанның 13-інде осы екі елдің арасында шешілмей келе жатқан кикілжіңді мәселелерге нүкте қойылады деген үміт бар. Енді осы арада бір мәселенің басын аша кеткеніміз дұрыс.

Талай жылдан бері тарқатылмай келе жатқан түйіннің аяқ астынан шешілу себебін кейбір саясатшылар әрқилы пайымдайтындығы байқалады. Иерусалимдегі Еврей университетінің профессоры Эхуд Ширинцах: «Арабтарға бұрынғы тартып алған жерімізді қайтарып беру – өз ішімізде қарулы қақтығыстардың көбеюіне себепкер болады» десе, Израильдағы «Оңшылдардың» белді өкілдерінің бірі «Бұл – Израильдің «сионизмнен» бас тартуы» дегенді айтады. Енді бір саясатшылар «Израильдің бұл «ізгі қадамдарының» арғы жағында құйтұрқы саясаты жатыр» дегенді меңзейді.

Палестинаны азат ету ұйымының өз ішінде де ауызбірлік болмай тұр. Осы ұйымның 18 мүшесінің алтауы Израильмен келісімге қол қою кезінде қарсы шықты. Олар «Біз Израильді мемлекет ретінде танимыз. Ал, олар бізді бар-жоғы Палестинаны азат ету ұйымы ретінде ғана мойындайды» деп ренжиді.

«Егемен Қазақстан» газеті,
1993 жыл

3.2. КІМДІ КІМ АЛДАДЫ?

ЗАҢ АЛДЫНДА БӘРІМІЗ ЖАУАПТЫМЫЗ

«Шындық іздеп шарқ ұрдық» деп редакцияға арыз жазғандардың сөздерінде күдік пен сенім қатар жатқандай. «Әділдік деген жоқ. Шындық іздеп шарқ ұрма. Бәрін сатып алуға болады!». Арыз-шағым иелері осындай пікірлерді нақты құжаттар арқылы дәлелдеп, алдына тастағанда не дерінді білмейтін кездер де болады екен.

Мұндайда мәселенің мәнісін түбегейлі зерттеп барып сын мақала жазасың. Кейде сол шағымданушының жазғандарын өз атынан жариялауға тура келеді. Оның нәтижесі кейде оңынан туып жатады. Кейде керісінше, кейбір судьялар газет бетінде аты-жөндері жағымсыз жағынан аталғанға кәдімгідей ренжіп, ер-тоқымы бауырына түскен аттай тулайтындарын қайтерсің. Сонда әркімнің шындық, әділдік туралы түсінігі әр түрлі болғаны ма? Заң алдында бәріміз жауапты емеспіз бе?

Судья – сол әділ заңның білгірі, әрі оны бұрмаламай жүзеге асырушы адам. Ендеше неге бір-біріне ұқсас оқиғаларға әр түрлі үкімдер мен шешімдер шығарылады? Сөзіміз жалаң болмас үшін енді нақты деректерге жүгінелік.

2000 теңге = 3+1 жыл

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық соты (судья – Томпақова Н.) биылғы жылдың 23 қаңтары күні Нұралинов Айдын мен Садықов Төлеубек деген жігіттерге тонаушылық әрекеттері үшін алғашқысына – 3 жыл (қатаң режимде), екіншісіне – 1 жыл (жалпы режимде) бас бостандығынан айыру жазасын тағайындапты.

А. Нұралинов мұның алдында ұрлық жасап 1 жылға сотталған. Бірақ, рақымшылық заңына жатқызылып, жазаны өтеуден

босатылған. Арада 1 жыл өтпей жатып жаңа қылмысқа ұрынып отыр. Оқиға былай болған.

Ол өткен жылдың 20 қыркүйек күні біраз арақ ішіп алған соң Аягөз қаласындағы бір мөлтек ауданда Қасымжанов Асқар деген досын кездестіреді. Кешкі сағат 8 шамасында Садықов Төлеубек, Токтағожин Төрегелді деген жігіттерге ұшырасады. Олар да «қызулау». Тағы да арақ ішкілері келеді. Ақша жоқ. Бұлардың көзі Қасымжанов Асқардың үстіндегі үстіндегі жаңа курткаға түседі. «Куртканы дүкенге кепілдікке өткізіп, арақ алып ішейік» дейді. Ол көнбейді. Біреуі оны шапалақпен тартып жібереді. Онсыз да әлжуаздау Асқар құлайды. Осы кезде олар куртканы шешіп алып кете бергенде полиция келіп қалып, Нұралинов Айдын мен жәбірленуші Қасымжанов Асқарды бөлімшеге апарады. Әдеттегідей тергеу жүреді. Іс сотқа өтеді. Соттың шығарған үкімі жоғарыдағыдай.

Осы іс жөнінде редакцияға арыз жазған А. Нұралиновтың қорғаушысының сөзіне құлақ түрсек, тергеуде де, сот талқылауында да көп заң бұзушылық орын алған тәрізді.

Солардың ең негізгісі – жәбірленуші, бүгінде марқұм болған Қасымжанов Асқар (кейін ол ауырып дүниеден қайтқан) өлер алдында «Нұралинов Айдын менің жан досым. Ол маған қол көтермек түгіл мен үшін отқа түсуге дайын адам. Мені ұрып, курткамды тартып алған ол емес, осыны заң орындарына жеткізіндер» деп ата-анасына аманат айтып кетіпті. Ата-анасы, әпкесі оның бұл аманатын орындап, 2002 жылдың 10 қарашасында жазбаша түрде Аягөз аудандық сотына, прокуратурасына қарсы арыз түсіреді. Нұралиновқа кінә тақпауларын өтінеді. Екінші дәлел – А.Нұралиновтың ауру адам екендігіне байланысты. Дәлірек айтқанда ол 1997, 2000, 2001 жылдары әр түрлі жағдайларға байланысты басынан жарақаттанып, миы шайқалған. Алғаш рет жарақаттанғанда ғана толық емделген, қалған жарақаттарын емдетпеген. Соның салдарынан кейде есте сақтау қабілетінен айырылып қалады.

«Осы екі мәселеге байланысты құжаттар сотқа өткізілгенімен, ол ескерілмеді» дейді А. Нұралиновтың қорғаушысы.

Қорғаушы бұдан басқа да қарсы дәлелдер келтіріп, қылмысқа нақты қатысы бар жігіттердің аты-жөндерін атайды. Біз бұл жерде олар туралы пікірімізді ірке тұрамыз. Себебі, соңғы сөзді сот айтуға тиіс. Өйткені іс қайта қаралғалы жатыр. Айтпағымыз – бірге арақ ішіп отырып, бірін-бірі шапалақпен тартып қалғаны үшін екі адамның топтасқан тонаушылар ретінде оп-оңай сотталуы. Сонда олар 2000 теңгелік куртканы жанында тұрған адамнан алу үшін алдын-ала келісіп, арнайы топ құрған боп шығады. Бір байқағанымыз, тергеуде де, сотта да Асқардың курткасын заттай айғақ ретінде ешкім іске тіркемеген, сараптаудан өткізбеген.

Әкесінің айтуына қарағанда, Асқар сол күні кешкісін куртканы өзі киіп үйге келген. Бұл жерде әлі де анықтауды қажет ететін деректерді тізбектей беруді жөн көрмедік. Мақсатымыз – әділ сотқа деген сенімдерін жоғалтқан адамдардың арыз-шағымдарын мысалға келтіре отырып, сот үкімдерін бір-бірімен салыстыру, сөйтіп, бүгінгі сот жүйесіндегі қарама-қайшылықты көпшілік назарына ұсыну ғана.

Алты адамның өліміне кінәлі

Осынау қайғылы оқиғаға оралғым жоқ еді. Бұл жөнінде былтырғы жылдың 8 қаңтарында «Бес оқушы өртеніп кетті» деген тақырыпта мақала жазғанбыз. Алматы облысы Ұйғыр ауданының орталығы Шонжыда өткен қысқы олимпиадаға барып, білім жарысына түскен 11 класс оқушылары – Гүлзира, Гауһар, Альбина, Кербез, Ардақ атты қыздар кешкісін ауылға қайтар көлік болмаған соң, бір «Москвичті» жалдап мініп келе жатқанда қарсыдағы «Бензовозға» соқтығысады. Нәтижесінде жүргізуші М. Амановпен бірге бәрі өртеніп кетеді. Ал «Бензовоздың» жүргізушісі Оразбеков Аманбай мас екен. Сондай-ақ, ол бензин құйылған цистернаның қақпағын да жаппаған. Соның салдарынан соқтығыс кезінде лықсыған бензин «Москвичтің» үстіне құйылады. Өрт шығады. Мас жүргізуші оқиға болған жерді тастай қашады. Шырылдап жанып жатқан алты адамға пысқырып та қарамайды.

Бұл айтып отырғанымыздың бәрі тергеуде де, сотта да толық дәлелденген. Сөйтіп, 2002 жылдың 19 сәуір күні Алматы облысы, Ұйғыр ауданының соты Оразбеков Аманбайды 15 жылға соттаған болатын. Бірақ Алматы облыстық сотының төралқасы бұл істі апелляциялық жолмен қайта қарап, А.Оразбековтың бас шарасын өзгерткен, оны дереу қамаудан босатқан. Себебі, ол Қазақстан Республикасының 10 жылдығына байланысты рақымшылдық заңына жатқызылған. Сонымен, алты адамның өліміне себепкер болған жүргізуші 15 жылға сотталғанымен қазір бостандықта.

Қызды кім зорлады?

2001 жылдың 11 ақпан, яғни жексенбі күні кешкі сағат 11 шамасында Алматыдағы қазақ аграрлық университетінің бір аудиториясында А. есімді (толық аты-жөнін әдейі атамай отырмыз – С.Ж) бір қызды үш жігіт зорлап кетеді. Олардың біреуі – осы оқу орнының күзетшісі – Рахымжанов С.М. деген жігіт күдікті ретінде қамауға алынады. Ал қалған екі жігіт күні бүгінге дейін белгісіз күйінде қалып отыр. Оларды Рахымжанов таппайды екен. Бірақ тергеу орындары да, сот та оларды іздемейді. Бұл істе куәлар, заттай айғақтар жоқ. Бірақ Рахымжанов сотталып кете барған. Сот дәрігерлік сарабының қорытындысы да солқылықтау.

Тергеу жүріп жатқанда зорланды деген қыз өзі екі күннен кейін Бостандық аудындық ішкі істер басқармасына мынадай өтініш жазыпты: «По поводу ранее написанного заявления хочу пояснить, что в настоящее время никаких претензии к Рахымжанову не имею, прошу его освободить». Осыған қарамастан, тергеуші істі сотқа өткізген. Бостандық аудандық соты 2001 жылдың 29 мамырында С.Рахымжановты 5 жылға бас бостандығынан айыруға үкім шығарған. Қазір ол жазасын өтеп жатыр. Жазықсызбын деп редакцияға ашына хат жазыпты.

Көкнәр еккен құтылды

Оңтүстік Қазақстан облысы, Қазығұрт ауданы, Шарапхана елді мекені, Махамбет аулының тұрғыны Сапарбеков Абдрахман редакцияға былай деп хат жазады:

«12.06.02 жылы аудандық прокуратура мен аудандық полиция қызметкерлері бірігіп өткізген тексеру кезінде біздің ауылдағы Каюпов И. деген адам қолға түсті. Ол өз үйінің ауласындағы 29 м.кв. жерді бетон дуалмен қоршап, ішіне апиынды көкнәр өсімдігін еккен. Өсіп тұрған есірткіні құқық қорғаушылар жұлып алып, біртіндеп санағанда 1379 дана болған. Олардың әрқайсысынан ең аз дегенде 1 грамнан апиын алынғанда 1379 грамм апиын шығады. Сабағымен қоса қаптағанда 5 қап (20 кг.) апиын болар еді. Бірақ осы адамды соттамағандарына қайран қаламыз...»

А.Сапарбековтың жазғанының бәрі шындық екені тергеушінің айыптау қорытындысында да, Қазығұрт аудандық сотының үкімінде де көрініп тұр. Тек сәл ғана шындыққа жанаспайтын бір жері бар. Ол – И.Каюповтың ҚР ҚК-ның 262-бабы 2-бөлімі «в» тармақшасы бойынша сотталғандығы. Бұл бап бойынша 3 жылдан 8 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. Соған сәйкес Каюпов 3 жылға кесілген. Бірақ, белгіленген жаза бойынша Каюповқа ҚР ҚК-ның 63-бабы қолданылып, жаза шартты деп саналған. Сөйтіп, ол 2 жылға сынақ мерзіміне шыққан. Сот залында оның бас шарасын өзгертіп, қамаудан босатқан.

Енді редакцияға хат жазған А. Сапарбековтің пікіріне тағы назар салайық. «Егемен Қазақстан» газетінде Қызылорда облысының прокуроры Төлегеновтің «Қазаннан қақпа кетсе...» атты мақаласы жарияланған. Онда Мадлер деген азамат 8877 грамм марихуанамен ұсталып, 7 жылға сотталғандығы жазылған. Ал «Түйе торға түсті» деген осы газеттегі тағы бір мақалада В.Хегай деген азамат 1417 грамм марихуанамен ұсталып, 9 жылға сотталғаны туралы жазылған.

Ал, И. Каюпов 5 қап (20 кг) апиынды көкнәрмен ұсталып отыр. Сонда қалай болғаны?

Шындық шыңырау түбінде ме?

Өткен жылы осы газетте «Жазықсыз жанды түрмеге жабу...» деп аталатын мақала жарияланған болатын. Онда жездесі мен балдызы арасында, яғни Кенжеғали мен Еркіннің арнасында жанжал шығып, біріншісі екіншісіне қорғаныс мақсатында балта сілтегендігі, нәтижесінде Еркін басынан жеңіл жарақат алғандығы жөнінде жазылған.

Дәрігерлік сот сараптамасы оның бас сүйегі шытынағандығы, миы шайқалғандығы жөнінде анықтама берген. Сөйтіп, Кенжеғали кісі өлтіруге оқталды деген айыппен 8 жылға сотталып кете барған. Бірақ, Еркіннің бас сүйегі дәл сол жанжал кезінде емес, бұдан бірнеше жыл бұрын жол апаты салдарынан шытынағандығы, миы шайқалғандығы жөнінде деректер Алматы қаласы Өуезов аудандық сотына тапсырылғанымен, ол назарға алынбаған.

Қарсы жақ осы іс бойынша әділдік іздеп шарқ ұрып жүргенін білеміз. Өзірге нәтижесі белгісіз.

Қытай азаматтығын қайта алмақшы

Таяуда «Егемен Қазақстанда» «Әділдік үшін арпалыс» деген мақаламыз жарық көрді. Оның кейіпкері Оразанбай Жұмабекұлы. Екі күннен кейін Алматы облысы, Іле аудандық сотының шешемі мен облыстық соттың қаулысын қуаттаған Жоғарғы соттың ұйғарымын әкеліп алдымызға тастады. Апелляциялық мақсатта жазылған біздің мақаламыздың жәбірленушіге көмегі тимегенін түсіндік.

Қ.Мәсімовтің алаяқтығын дәлелдей алмайтындығына көзі жеткен О.Жұмабекұлы қалай да 200 мың долларын қайтарып алу үшін Медеу аудандық сотына жеке талап-арыз түсіріпті. Медеу аудандық сотының судьясы нотариуспен куәландырылған қолхаттың негізінде Қ.Мәсімовтың Алматыдағы пәтерін Оразанбайға алып беру жөнінде шешім шығарыпты.

Бұл жөнінде ҚР Бас прокуратурасы былай деп хабарлайды: «2002 жылы тамыздың 28-і күні Алматы қаласының Медеу аудандық соты Қ.Мәсімовтен Оразанбай Жұмабекұлының

пайдасына 3 миллион 850 мың теңге өндіру туралы сот бұйрығын шығарып, ол қазіргі кезде орындалуда».

Бірақ Қ.Мәсімов бұл шешім күшіне кіргенге дейін, он күн ішінде сотқа қарсы арыз түсіреді. Онда ол қолхатты Оразанбайдан қорыққанынан жазғанын баяндайды. Соған байланысты Медеу аудандық соты өз бұйрығын кері қайтарып алады. Енді бұл іс қашан шешілері әлі белгісіз.

Оразанбай бұл жолы бізге өзімен бірге куәгерін де қоса еріте келіпті. Ол кісі Қ.Мәсімов деген адам Оразанбайға қолхатты өз еркімен қашан, қалай жазып бергенін және Оразанбайдың қолын сыртынан қойып, өзін алдап әр түрлі қағаздарға бұған да куәгер ретінде қол қойғызғанын айтты. Біз бұл сөздердің бәрін диктофонға жазып алдық.

Енді О.Жұмабекұлы бұл жөнінде халықаралық сотқа жүгінбекші. Бірақ, Қазақстан халықаралық сотқа мүше емес. Сондықтан, елім деп еңіреп келген Оразанбай қайтадан Қытай мемлекетінің азаматтығын қабылдауға мәжбүр. Сөйтіп, ендігі жерде ол Қазақстанда тапталған құқығын Қытай мемлекеті арқылы халықаралық сотта қорғауға мүмкіндік алыпты. Міне, біздегі әділ соттардың елге әперген абыройы осы.

Сөз соңы

4 сәуір күнгі халыққа жолдауында Қазақстан Президенті «Алқабилер институтын кезең-кезеңмен енгізу жайын да ойластыру қажет» деп тегіннен-тегін айтпаған сияқты. Жоғарыда келтірілген мысалдарды осы тұрғыда оқырманға ой тастау үшін жазып отырмыз. Оларды бір-бірімен салыстырып байқарсыздар. Шын мәнінде бізде өзі әділ сот деген бар болса, олар қандай болуы керек? Шындықтың түбіне жету біздің қоғамда шынымен-ақ қиындап кеткені ме? Бұл сауалдарға бірден жауап беру оңай емес, әрине. Дегенмен, салымыз суға кетіп, әрекетсіз отырмауымыз керек. Шамамыз келгенше шындықты айтуға тырысайық. Уақыт өтеді, өмір өзгереді. Сондықтан, бір әділдіктің бар екеніне сенейік, ағайын!

Серік Жұмабекұлы,
«Егемен Қазақстан» газеті,
13 мамыр, 2003 жыл

*Жазылған жайдың жауабы***«ЗАҢ АЛДЫНДА БӘРІМІЗ ЖАУАПТЫМЫЗ»**

«Егемен Қазақстан» газетінің 2003 жылғы 13 мамыр күнгі санында жарияланған «Заң алдында бәріміз жауаптымыз» атты С.Жұмабекұлының мақаласында көрсетілген Алматы қаласының соттарында қаралған істердің заңдылығын зерттеп, сот билігінің әділдігі жөнінде айтылған пікірлердің нақтылығын анықтау мақсатында құрылған арнайы комиссия жоғарыда аталған мақаланы қаралған іс материалдарымен салыстыра отырып, жан-жақты талдау жасады.

Журналистің мақалада келтіргеніндей, «Мәселенің мәнісін түбегейлі зерттеп барып сын мақала жазасың» деуі шындыққа жанаспайды. Талдау барысында журналистің өзі сөз етіп отырған істермен таныспағандығы, бұл процестерге қатыспағандығы, тек қолына түскен кейбір материалдарға ғана сүйеніп жазғандығы анықталады. Сот материалдары тергеу, айыптау және қорғау барысында, басты сот талқылауларында жинақталған көптеген құжаттардан құралады.

Мәселен, «**Қызды кім зорлады**» атты тақырыпта берілген С.Рақымжановтың ісі туралы автор «Қылмысқа қатысқан екі адамды тергеу орындары да, сот та іздемейді. Куәлар, заттай айғақтар жоқ екендігіне қарамастан, Рахымжанов сотталып кете барған. Сот дәрігерлік сарабының қорытындысы да сол қылдақтау. Қыздың Бостандық ішкі істер басқармасына Рахымжановты «босатыңыздар, оған қояр кінам жоқ» дегеніне қарамастан, тергеуші істі сотқа өткізген» дейді.

Біріншіден, заң бойынша қылмыскерлерді іздестіру ішкі істер органының құзырында, соттардың іздестіру жұмысына еш қатысы жоқ.

Екіншіден, жәбірленуші қыз полиция шақырғаннан кейін Рақымжанов сол қылмыс болған жерде ұсталған. Қыз да

өзіне қиянат жасағанның бірі Рақымжанов екендігін оқиға болған күнгі тергеуде берген жауабында нақты көрсеткен. Оқиға болған күні кезекшілікте тұрған куә Е.Әлімбеков те тергеуде берген жауабында Рахымжановтың қызды зорлықпен басқа бөлмеге алып кеткендігін, араша түспекші болғанда Рахымжановтың «жұмысың болмасын, араласпа» деп өзін кеудесінен итеріп жібергендігін, осыдан кейін ауысым бастығына жағдайды хабарлау үшін оны іздеп кеткендігін, жолай азиялық нәсілді тағы екі жігітті кездестіргенін, олардың өзіне жұдырық жұсмақшы болғандығын айтқан. Күзетші қызға жәрдемдесу үшін жоғарыға қайта көтерілген, бірақ жабық болғандықтан, есікті аша алмаған, сәлден соң қыздың жылаған даусын естіп, ауысым бастығына хабарлау үшін қайта жүгіріп кеткен. Міне, осы жайлардың бәрі тергеу барысында хатталып, іс материалдарына тігілген. Әрі сезіктіден айғақты заттар табылғандығы жөнінде де хаттама толтырылған.

Сонымен қатар, істің 62-бетінде жәбірленушінің жоғарыда аталған кешірім жасау туралы арызы тіркелген. Алайда, жәбірленушінің жәбірлеушіге деген кешірімі, аяушылығы қылмысты істі қысқартуға негіз бола алмайды. Оны үкім шығарда судья жазаны жеңілдету үшін назарға алуы мүмкін.

Әрі іс бойынша жасалған 04-05/109 сот-медицина сараптамасының қорытындысы да С.Рахымжановтың қылмысқа барғанын бұлтартпай дәлелдейді. Ендеше сот-медицина сарабына күмән келтіруге негіз жоқ.

Ал түрмеден жазықсызбын деп редакцияға ашына жазған хаты заң бойынша оның жазықсыздығының дәлелі бола алмайды. Сонымен, іс бойынша жинақталған құжаттар С.Рахымжановтың қылмыс жасағанын толық дәлелдейді.

«Шындық түбінде шыңырау бар ма?» тақырыбында автор балдызына балта сілтеген Кенжеғали Қошым-Ноғай ісінің әділдігіне, сот-медициналық сараптаманың қорытындысына тағы да күмән келтіреді. Ал іс құжаттарына сүйенсек, Кенжеғали «аулаға шық, сонда сөйлесеміз» деп, балдызы Еркінді үйінен

шығарып жібереді де, өзі үйінен балта алып шығып, кетіп бара жатқан Еркіннің көк желкесінен балтамен ұрады. Еркінге балта сілтегенін Кенжеғали өзі де жасырмайды, бірақ қорғану мақсатында жасадым дейді. Еркіннің желкесінен тиген жарақат кетіп бара жатқан адамнан қорғанудың қажеті болмағанын көрсетеді.

№05-01-08 сот-медициналық сараптамасының қорытындысына қарағанда Еркіннің бас киімінде және басында шабылған жара бар. Ол сараптамаға берілген балтамен салынғандығын, сотталған Қошым-Ноғайдың жәбірленушінің басынан балтаның жүзімен ұрғанын, бұл соққының салдарынан балтаның жүзі тері тұмақтан өтіп, жәбірленушіге ауыр дәрежеде ашық бас сүйек жарақатын салғанын анықтайды. Рентгенограмма оның бас сүйегі жарылып, сынғанын, операция жасалып, сүйек сынықтарының алынғанын көрсеткен. Еркінге бас миының ауыр дәрежесіндегі жарақаты деген қорытынды диагноз қойылған. Еркінді көк желкесінен балтамен ұрғанын Кенжеғалидың өзі де мойындаған. Куәлар да көрсетулермен нақтылайды. Ендеше, автордың Еркін жеңіл жарақат алды, немесе, бас сүйегі бұрын жол апатынан шытынаған деуі ешбір қисынға келмейді.

Автор тіпті мақаланы бір жыл бір ай төрт күннен кейін жазып отырып, іс бойынша өзгеріс болған жоқ па екен деп, ең болмағанда Кенжеғалидың туыстарынан да хабар алмаған. Аталған іс Қошым-Ноғайдың қорғаушысы Б.Қошымның келтірілген шағымы бойынша 2003 жылы 13 қаңтарда Алматы қалалық сотының қадағалау алқасында қаралып, №2 Әуезов аудандық сотының 2002 жылғы 9 сәуірдегі үкімі, Алматы қалалық сотының қылмыстық істер жөніндегі алқасының қаулысы өзгертілген. Қошым-Ноғайдың әрекеті Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 24-бабының 3-бөлімі, 96-бабының 1-бөлімінен, яғни кісі өлтіруге оқталды деген айыптан 103-бабының 1-бөліміне аударылып, яғни қасақана ауыр дәрежедегі дене жарақатын салған деп дәрежеленген. Осы бап бойынша қарастырылған жазаның ең төменгі шегі 5 жылға бас бостандығынан айырылып, жазасын жалпы режимдегі колонияда өтеуге тағайындалған .

«Қытай азаматтығын қайта алмақшы» атты тақырыпшада айтылған О.Жұмабекұлы мен Қ.Мәсімов арасындағы азаматтық дауға байланысты сот бұйрығы 2002 жылдың 29 тамызында Оразанбай Жұмабекұлының арызы негізінде шығарылған. Қазақстан Республикасы Азаматтық істерді жүргізу кодексінің 147-бабының 1-бөліміне сәйкес, сот борышкер Қ.Мәсімовке сот бұйрығын жіберген. Ол өзінің заңда белгіленген құқығын пайдаланып, 10 күн ішінде сот бұйрығын бұзу туралы қарсылығын жолдаған.

Сот Қазақстан Республикасы Азаматтық істерді жүргізу кодексінің 148-бабына сәйкес борышкерден келіп түскен қарсылық негізінде сот бұйрығының күшін жойып, ол туралы ұйғарым шығарған және талап қоюшыға бұл мәселені талап ету өндірісі тәртібімен шешуге болатындығын түсіндірілген. Іс құжаттарына қарағанда, О.Жұмабекұлы ол құқығын пайдаланбаған. Соттың тарапынан заңдылық қатаң сақталған, талапкердің Қытайға қайта кету жөніндегі шешіміне ықпал ететіндей ешқандай заңсыздық жіберілмеген.

М. Әлімбеков,

Алматы қалалық сотының төрағасы.

* * *

«Егемен Қазақстан» газетінің 2003 жылғы 13 мамырдағы 113-нөмірінде жарияланған «Заң алдында бәріміз жауаптымыз» деген мақалада жергілікті соттар қараған істер бойынша сот үкімдеріне Жоғарғы Соттың назар аударуын көрсетіп, шыққан сот үкімдерінің заңдылығына күмән келтірілген. Осыған орай төмендегі мән-жайларды түсіндіреміз.

Процессуалдық заң тәртібі бойынша Жоғарғы Сот төменгі сатыдағы соттардың қабылдаған сот қаулыларының заңдылығын іске қатысушылардың шағымдары немесе өтініштері болғанда ғана тексереді. Жоғарғы Сот өз еркімен төменгі сатыдағы соттардың ісіне араласуға құқығы жоқ. Аталған сот істері бойынша Жоғарғы Сотқа шағым түспеген.

Ал сотталғанға рақымшылық заңын қолдану судьяның жеке көзқарасынан туындамайтын, мемлекеттік ізгілік тұрғысынан қаралатын заң актісі. Егер сотталушыға қолданылатын санкцияның бабы заңға сай келетін болса, онда сот оны қолдануға міндетті.

Жоғарғы Сотта қазіргі уақытта республикадағы сот өндірісін алқа билерді қатыстырып қарауды енгізу мәселесіне байланысты іс-шаралар қарастырылуда. Қылмыстық істер жөніндегі сот өндірісін алқа билерді қатыстырып жүргізудің тұжырымдамасы жасалынды, оны Президент қолдады. Процессуалды заңнамаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізудің жобасы дайындалды.

**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының
қылмыстық істер жөніндегі алқасының төрайымы**

Р.Юрченко.

«Егемен Қазақстан» газеті,

21 маусым, 2003 жыл

«ЕГЕМЕН ҚАЗАҚСТАН» ГАЗЕТІ ААҚ ПРЕЗИДЕНТІНЕ...,

мен, С.Жұмабекұлы төмендегі жағдайларды мәлімдеймін:

2003 жылдың 13 мамыр күні «Егемен Қазақстан» газетінде «Заң алдында бәріміз жауаптымыз» деп аталатын көлемді мақала жарық көрді. Онда Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз аудандық сотының, Алматы облысы, Ұйғыр аудандық сотының, Алматы қаласы Бостандық аудандық сотының, Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт аудандық сотының, Алматы қаласы Әуезов аудандық сотының, Алматы облысы Іле аудандық соты мен Алматы қаласы Медеу аудандық соттарының шығарған үкім, шешім, ұйғарым, қаулыларын бір-бірімен салыстыра отырып, бір-бірімен ұқсас оқиғаларға (қылмыстық істерге) әр сот әртүрлі үкімдер шығаратынын салыстыра баяндағанмын. Осының салдарынан көпшілік тарапынан сотқа деген сенімсіздік туындайтынын, ол сенімсіздік – әділдік, шындық деп аталатын қасиетті ұғымдарға көлеңке түсіретінін, түптеп келгенде мемлекеттік саясатқа, елімізде жүріп жатқан құқықтық реформаға деген сенімсіздікті молайтатынын баса көрсетуге тырысқанмын. Сөйтіп, биылғы жылдың 4 сәуірінде Қазақстан Президентінің халыққа Жолдауына сілтеме жасап, «Алқабилер институтын кезең-кезеңімен енгізу жайында да ойластыру қажет» деген пікіріне үн қосуға талпынғанмын. Осы мақалада сөз болған жеті оқиғаның (істердің) үшеуіне Алматы қалалық сотының төрағасы М.Әлімбеков қарсы пікір жазыпты. Мен бұл пікірлермен келіспейтіндігімді білдіргем. Соған қарамастан, яғни мақала авторы – менің қарсы пікірім сұралмастан М. Әлімбековтың өз судьяларын қалай да ақтап қалуға тырысқан екіұшты жауаптары биылғы жылдың 21 маусымы күні «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланды.

Қарсы жауап жарияланып кеткеннен кейін менімен сіздің орынбасарыңыз Р.Сәрсенбайұлы телефон арқылы хабарласып,

осы жайында түсініктеме беруімді ескертті. Соған байланысты төмендегі жайттарды баяндаймын:

1. Алматы қалалық соты журналист (С.Жұмабекұлы) қылмыстық істермен толық таныспаған дейді. Сот материалдары тергеу, айыптау және қорғау барысында жинақталған құжаттардан тұрады дейді. Бұған жауап мынадай:

Менің қолымда осы соттың өзі айтып отырған ең басты құжаттары – алғашқы сатыда іс қараған соттың үкімі, тергеу қорытындысы, адвокаттардың қорытынды пікірлері бар. Қосымша құжаттардың да қолымда жеткілікті екендігі төменде, әрбір іске қатысты әңгімеде көрініп отыратын болады.

2. **«Қызды кім зорлады?»** деген тақырыппен жазылған жарияланымға байланысты: ... «заң бойынша қылмыскерді ішкі істер органдары іздеуге тиісті» депті. Оны мен де жақсы білемін. Ендеше тергеу, іздестіру жұмыстары шала жүргізілді деген сөз. Сондықтан, күдікті екі адам табылғанша сот үкім шығаруға асықпай, істі қайта тергеуге жіберулері керек еді. Мен өз мақаламда осыны меңзегем.

3. Куәлардың, заттай айғақтардың бұл қылмыстық істе жоқ екендігі рас. Тергеуші А.Қырықбаевтың тергеу қорытындысынан да, Бостандық аудандық сотының үкімінен де мен ондайларды кездестіре алмадым. Керісінше, адвокат И.А.Мунның қалалық прокуратураға жазған мәлімдемесінде бұл жөнінде былай делінген:

«Однако, доводы следствия о наличии предварительногоговора распределений ролей между Рахимжановым С.М. и неустановленными следствием лицами являются голословными, поскольку последние являются знакомыми Рахатова Төлеубека, а не Рахимжанова С.М. и о наличии предварительногоговора, распределения ролей между Рахимжановым и неустановленными следствием лицами следствием также не доказано в связи их розыском».

Көріп отырғанымыздай, тергеуде анықталмаған екі адамды Т.Рахатов жақсы біледі. Бірақ одан ешкім ол жөнінде ештеңе сұрамайды.

Адвокат А.Мун бұл жөнінде тағы да былай дейді: «Органы предварительного следствия, выделяя материалы дела в

отношении неустановленных лиц обязаны были исключить из обвинения Рахимжанова С.М. ч.2 п. «а» ст.120 УК РК, поскольку в материалах дела отсутствует доказательства, подтверждающие в его действиях признаков преступления предусмотренные ч.2 п. «а» ст.120 УК РК по указанным выше мотивам.»

Яғни, бұл жерде алдын ала сөз байласып топтаса қылмыс жасау жөнінде әңгіме болып отыр. Тергеуде анықталмаған екі адамды Рахымжанов танымайтындығын, сондықтан оларды іздеп табу қиын екенін айта отырып, тергеуші бұл қылмысты топтасқан адамдар жасады деп тұжырымдайды.

Сөйтеді де белгісіз екеуді жасырып қойып, кінәні бір адамға аудара салады. Бұл әдіс әлімсақтан бері тергеу ісінде жиі қолданылады. Мен үшін таңғаларлық жайт емес. Осының бәрі қисынға келмейтінін біле тұра судья оған мән бермеген, істі қайта тергеуге жібермеген, күдікті екі адамды, іздестіруге ықпал жасамаған. Мен осы жайында жазып отырмын.

4. Сот дәрігерлік сарабына байланысты адвокат И.А.Мун былай деп көрсетеді: «Из заключения СМЭ № 04-05/109 от 27.02.01 г. также видно, что «в мазке с содержимым влагалища Уакбаевой А. (об.5) сперматозоиды не обнаружены»... Кроме того обнаружение антигена «В» не свойственного Рахимжанову С.М объясненной СМЭ Захаровой Т.В, «примесью влагалищного секрета Уакбаевой» не является доказательной базой о причастности Рахимжанова к изнасилованию Уакбаевой А.С., поскольку эти антигены «В» могли бы принадлежать не установленным следствием лицам. Об этом указывается в этом же заключении, где определено, что «выявленные антигены «В» и «А» кроме того, не исключают примеси спермы мужчины (мужчин) с группами крови «А» и «АВ» независимо от категории выделителей».

Осыдан кейін «сот дәрігерлік сарабы солқылдақтау» демесеке лажың бар ма? Мен тіпті бұл жерде жұмсақтау жазғаныма қазір өкінемін.

5. Зорланған Уақбаеваның «Рақымжановқа қояр кінәм жоқ, босатыңыздар» дегеніне байланысты:

Уақбаеваның жазған бұл өтінішіне адвокат И.А.Мун мынадай баға береді: «...однако следствиям по этому поводу не было допрошено Уакбаева А.С. и не выяснена причина подачи такого заявления...»

Шынында да не тергеу қорытындысында, не сот үкімінде Уақбаевадан бұл жөнінде бір ауыз сөз сұралмаған. Осыған қарамастан Алматы қалалық сотының төрағасы «айғақты заттар табылғандығы жөнінде де хаттама толтырылған, сот-медицина сараптамасының қорытындысында да С.Рахымжановтың қылмысқа барғаны бұлтартпай дәлелденген» деп газетке өтірік жауап беруін түсіне алмадым.

Ал қызға араша түспекші болған Әлімбековті Рақымжановтың кеудеден итеріп жіберуін, есіктің жабық тұруын, оның арғы жағынан қыздың жылаған дыбысының естілуін судьялар айғақты зат деп есептесе, онда бір кездегі «саған да бес жыл, саған да бес жылдың» кері қайта келмесіне кім кепіл.

«Шындық шыңырау түбінде ме?» («Шындық түбінде шыңырау бар ма?») деп сот жауабында қате жазылыпты) айтарым мынадай:

Өткен жылдың 24 шілдесінде «Егемен Қазақстанға» «Жазықсыз жанды түрмеге жабу» деген атпен көлемді мақала жарық көрген еді. Бірақ қалалық сот бұл жөнінде редакцияға жауап қайтармаған. Енді осы жөнінде қайта айтылған елу жолдық мақалаға шырылдай жауап қайтарады. Неге? Себебі дәл осындай формамен әр үкімді салыстыра мақала жазуымыз олардың шымбайына тиіп кеткені анық. Сондықтан, да олар редакцияға берген жауабында болған істі ұзақ-сонар қайта баяндап, бұдан түбегейлі хабары жоқ адамды шатыстырып жіберуге тырысқан.

Мен бұл мақалада Еркіннің бас сүйегі дәл сол жанжал кезінде емес, бұдан бірнеше жыл бұрын жол апаты салдарынан шытынағандығына сот назарын аударғым келген. Бұрынғы мақаладағы мақсат та солай еді. Енді тағы да осыған назар аударайық.

Сот айыпкер К.Қошым-Ноғай балдызы Еркінді сырт жағынан келіп шүйдесінен балтамен ұрған дейді. Солай-ақ болсын

дейік. Сөйте отырып, бір қызығы, қалалық сот тағы да өтірік айтады. Ол үшін тағы да өздерінің құжаттарына жүгінейік:

«... Рахымжанов (бұған дейін айтылған «Қызды кім зорлады?» атты мақаладағы кейіпкердің фамилиясы да Рахымжанов. С.Ж.) 1997 жылы алған жарақатын сарапшыға көрсетіп, қорытынды алған деген уәжі негізсіз, себебі шағым авторының тіркеген құжаттарына қарағанда ол кезде Рахымжановтың маңдай жағында бас сүйегінің ақауы болғандығы көрсетілген. Ал Қошым-Ноғай болса 15 желтоқсан 2001 жылы Рахымжановтың артынан келіп желке тұсынан балтамен ұрған» деп жазылыпты биылғы жылдың 13 қаңтарындағы Алматы қалалық сотының қадағалау алқасының қаулысында.

«Маңдай жағында» деген сөзді еске ұстай отырып енді мына дәрігерлік анықтамаға, яғни кейін табылып, сотқа ұсынған құжатқа назар салайық:

«Дело освидетельствования во ВТЭК. №140. 150301 дата 23.IX-99, 2000-2001. На левой височной области имеется костный дефект, после операции лечения субдур гематомы размерами (2,2х3 см)».

Висок – самай, самай сүйегі.

Жарақат шүйде сүйек пен самай сүйектің қиылысқан тұсында екендігі сот медициналық сарабында да айтылған. Өйткені, балта шүйде тұстан ұрылған. Сонда Еркіннің бас сүйегінде жарақат мына суреттегідей болып шығады. Мұнда бас сүйек оң жақтан көрсетіліп тұр. Енді оны сол жақтағыдай көзге елестетейік. Ал жоғарыда соттың өзі айтқан маңдай сүйек қай жақта жатыр? Бұған не деуге болады?

Бұл – қалалық соттағылардың осы қылмыстық іспен мүлдем таныспағандығын, шағымданушы ұсынған дәрігерлік құжатты ең жоқ дегенде қолға алып көрмегендіктерін айғақтайды. Сөйте тұра олар газетке жалған жауап беріп, жалтаруға тырысады. Дегенмен, олар біздің алғашқы мақаламызға байланысты істі қайта қарап, Қошым Ноғайдың жаза өтеу мерзімін бес жылға қысқартқанын, оны қатаң режимнен жалпы режимге ауыстыр-

ғанын ескерте кетейік. Осы туралы шешімде жаңағы қателікті де жіберіп отыр. Қошым Ноғайды толық ақтамауға өздерінше сылтау іздеймін деп, өтірік айтқандарын да аңдамай қалған сияқты. Жоғарыда бұл мақалаға алты қылмыстық іс арқау болғанын айттым.

Аягөз аудандық соты **«2000 теңге 3+1 жыл»** тақырыпшасымен берілген жарияланымға байланысты істі қайта қарап, үш жыл мерзімді қысқартып, айыпкерді жалпы режимге ауыстырғаны белгілі болып отыр.

«Алты адамның өліміне кінәлі» деген тақырыпшадағы жағдайға байланысты Жоғарғы соттың берген түсініктемесінде нақты ештеме айтылмаған. Ауыр жазаға, әсіресе кісі өліміне байланысты рақымшылық жасалынбауға тиіс еді.. Неге нақты баптарды көрсетпеген. Сот ісінде ешқандай күдік болмауға тиіс екендігін неге ескермейді.

«Көкнәр еккен құтылды» деген жарияланымға байланысты әлі жауап келген жоқ. Осы істердің бәрі үшін тек Алматы қалалық соты сырғытпа жауап беруге қандай қақысы бар еді деген сұрақ туады. Мұның бәрі алдағы уақытта анықталатын мәселелер деп білемін.

**Серік Жұмабекұлы,
15.07.03**

БҰЙРЫҚ №202

**«Егемен Қазақстан» газеті
РГ ААҚ бойынша**

Астана қаласы

2003 жылғы 13 қазан

1. Шолушы Серік Жұмабеков 2003 жылғы 13 қазаннан бастап тілші қызметіне ауыстырылсын, жеке еңбек шарты 2004 жылға 20 наурызға дейін жасалсын. Айлығы штаттық кесте бойынша.

2003 жылғы 24 қазанға дейінгі мерзімде қызметкер тарапынан еңбек шартында көрсетілген міндеттемелерін толық атқармағандығы, біржақты жазған, дайындаған мақалалары арқылы газет беделіне нұқсан келтіргені, ізденіс пен белсенділік танытпағаны, сондай-ақ қызметте қалдырылуына оған соңғы рет мүмкіндік беру жағы себеп болғаны атап көрсетілсін.

Негіз: комиссия анықтамасы, өндірістік мінездеме.

«Егемен Қазақстан» газеті РГ ААҚ президенті (қолы қойылған)

Жоғарыдағы топталып жазылған мақалалар нәтижесінде басшылықта отырған басшыға әсер ете алатын судьялар табылып, менің газет тапсырмасы бойынша жазған мақалаларыммен қоса, мен дайындаған басқа авторлардың мақалалары да «Егемен Қазақстан» газетінде себептен себепсіз басылмай, уақыты өтіп, ақпараттық сипаты жойылып, Бас редактордың суырма-сында жатып қалатынды шығарды.

Көп ұзамай өндірістік комиссия мүшелерінің шешімімен келісілмеген сол кездегі Бас редактордың бір жақты ойымен №202 Бұйрық шықты.

Бұл менен құтылудың амалдары екені түсінікті бола бастады. Ақыры өз еркіммен «Егемен Қазақстан» газетінен кетуге мәжбүр болдым. Төменде сол себепсіз шықпай қалған жазбаларды да хрестоматияға кіргізгенді жөн көрдім. Бұл да болашақ журналистер үшін үлкен «сабақ» екені анық. Оқысын, талдасын, кімнің кінәлі екендігіне көздерін жеткізсін.

3.3. БАСЫЛМАЙ ҚАЛҒАН ЖАЗБАЛАР

ДІНИМІЗ ТУРАЛЫ КІТАП ДҮНИЕ ЖҮЗІНЕ ТАРАДЫ

Таяуда ғана Астана қаласында өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының съезі аяқталғанымен, оның әсері, ғибраты жайында айтылар жылы лебіздер легі толастар емес.

29 қыркүйек күні Алматыдағы ұлттық баспасөз орталығында Қазақстан діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Әбсаттар қажы Дербісәлінің «Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы» атты кітабының тұсаукесер рәсімінде де дін атаулының ешқайсы адамзат арасын ажыратпайтын, қайта табыстыра түсетін қасиетті құрал екені баса айтылды.

Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарық көрген еңбектің маңызы туралы айта келіп, Әбсаттар қажы мұсылман діні жайында толғай әңгімеледі. Әсіресе, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының құрылуы кезеңдеріндегі тың мағлұматтар жиналғандарды елең еткізді.

Бұған дейін Қазақстан діни басқармасы 1990 жылы ғана құрылды деген деректер алға тартылатын. Сөйтсек, оның тарихы сонау 1906 жылдан бастау алатын көрінеді. Ол кезде қазіргідей мүфтият емес, қазият деп аталған екен.

Оның ең алғашқы қазиясы – 1884 жылы Өскеменде туып, Қазан медресесінде діни білім алған Адб әл-Ғаффар Шамсуддинов деген адам. Ол кісі жайында тек мемлекеттік мұрағатта ғана қысқа бір дерек сақталыпты. Сол қысқа деректің өзін бірнеше жылдан бері суыртпақтай зерттеудің арқасында көрнекті ғалым Әбсаттар қажы бүгінгі діни басқарманың бұған дейін көпшілікке беймәлім қырларын аша түскен.

Жалғыз Шамсуддинов қана емес, одан кейінгі қазилар – Сәдуақас қажы Ғылмани, Жақия қажы Бейсенбайұлы, тағы

басқалар туралы да тың деректерге кездесеміз. Жалпы, автор бұл кітабында Қазақстанға мұсылман діні келген қадым заманнан бүгінге дейінгі діни өмірімізді, жазу-сызуымызды, тарихи мұраларымызды, сол мұраларды бізге тастап кеткен ғұламаларымызды әлем зиялыларының алдында қарапайым кейіптерінде қайта тірілтуге тырысқаны байқалып тұр.

Үш бөлімнен тұратын кітаптың бірінші бөлімі, міне, осындай. Қалған екі бөлім әрқайсысы жеке кітап болып алдағы уақытта жарық көрмекші. Сыйлы қонақтарға сыяпат түрінде ғана дайындалған көркемсуретті кітап Астанаға келген Әлемдік және дәстүрлі діндер өкілдері арқылы жер жүзін шарлап бара жатқаны анық.

Серік Жұмабекұлы

ӘКІМ МЕН ПОЛИЦИЯ КҮШ БІРІКТІРУДЕ

29 наурыз күні Алматы облысының орталығы Талдықорған қаласында облыстық ішкі істер департаментіне қарасты учаскелік инспекторлардың жиыны болып өтті. Жиынға Қазақстан Республикасының ішкі істер министрі генерал-полковник Қайырбек Сүлейменов, облыс әкімі Шалбай Құлмаханов қатысты. Мақсат – ауыл әкімдері мен учаскелік инспекторлардың ауылдық жерлердегі қылмыстардың алдын-алуға бағытталған жұмыстарын жан-жақты талқылау екені түсінікті. Әр салада еңбек етіп жүрген ауыл азаматтарының тыныштығын қорғау учаскелік инспекторлардың негізгі міндеті. Сондықтан, бұл басқосуда олардың жұмысын жандандыруға байланысты өзекті мәселелер сөз болды.

Облыс әкімі Ш.Құлмаханов өз сөзінде учаскелік полиция тіректерін материалдық-техникалық жағынан жабдықтау, ерікті халық жасақшыларын құру туралы кеңінен әңгімеледі. Облыс бойынша 454 учаскелік инспектор еңбек етеді. Оның 344-і ауылдық жерлерде жұмыс істейді.

Ақсу ауданы «Егінсу» ауылдық округінің әкімі Баян Құрманғалиева өз ауылында адам санының аздығына байланысты (677 тұрғыны бар) жеке учаскелік инспектор жоқ екенін құлаққағыс етті. Мүмкіндік болса осы ауылға жеке учаскелік инспектор бөлінуін өтінді. Үй-жаймен, телефонмен, тағы басқа қажеттіліктің бәрімен қамтамасыз ететіндігіне уәде берді. Мәселе табан астында шешілді. Мұның өзі бүгінде ауылдағы тұрмыс жақсарып келе жатқандығын, енді тек тәртіпті күшейту қажеттігін аңғартса керек.

Панфилов аудандық ІІБ бастығының орынбасары, подполковник Асхат Мұхамедиев аудандағы учаскелік полицейлерден бастап, бүкіл аппарат қызметкерлерінің бәрі компьютермен жабдыкталған, енді ешқандай шешімін күткен мәселе жоқ

екенін мақтана жеткізді. Кезінде ҚазМУ-дің қолданбалы математика факультетін бітірген Асхат бүгін компьютердің небір қиын бағдарламаларын өзі жасай беретін көрінеді. Осындай сегіз қырлы бір сырлы азаматтар ішкі істер саласында көбірек болғанға не жетсін.

«Жерлес, рулас... деп...»

Басқосудың соңында қорытынды сөз сөйлеген ішкі істер министрі Қайырбек Сүлейменов былай деді:

– Мен шынымды айтсам, бүгін таңданыңқырап тұрмын. Ішкі істер қызметінің проблемалары жөнінде облыс әкімі ауқымды баяндама жасады. Бұған дейін көптеген облыстарда дәл осындай жиналыстар өткіздім. Кейбір облыс әкімдері баяндама жасамақ түгілі, жиналысымызға келмейді де. Уақыттары жоқ екен. Ал Шалбай Құлмаханұлы сіздердің кемшіліктеріңізді бетке айтып, облыстағы тәртіпті нығайтуды қатаң талап етіп отыр. Бұған ренжімеу керек, қайта қуану керек. Біздің агентуралық қызметтерімізге, криминалистік барлауға, тергеуге, қылмыстық із кесуге, тағы басқа ішкі шаруаларымызға ешбір әкім қол сұғып жатқан жоқ. Олар сіздерге толық жағдай жасады екен, енді жақсы нәтиже күтеді. Себебі, еліміздің оңтүстігінде орналасқан Алматы облысындағы қылмыстық ахуал басқаларға қарағанда өте күрделі. Есірткі тасымалы, заңсыз қоныс аудару, лаңкестік сияқты ғасыр дерті елімізге осы жақтан төніп тұрғаны белгілі. Оның үстіне бұл облыста қазіргі кезде 32 мың адам полицияның арнайы есебінде тұр. Бұлардың 13 мыңы – маскүнемдер, 5 мыңы – бұзақылар, 4 мыңы – бұрын сотталғандар. 750 мың адам Алматы полициясының қатаң қадағалауында жүр. Осылардың бәрі күндіз-түні учаскелік полицияның назарында болуға тиісті. Ал олардың кейбіреуі қылмыскерлермен ауыз жаласып кететінін несіне жасырамыз,– дей келіп, министр мырза республикадағы кримоногендік ахуалға тоқталды.

«Сұңқар», «Арыстан» деп аталатын арнайы жасақтар бүгінде негізінен лаңкестікке қарсы күресетін күшке айналған.

Олардың төменгі құрылымдары жергілікті орындарда жұмыс істеуде. «Арлан» деп аталатын жаңа қызмет – ұйымдасқан қарулы қылмыскерлер тобын талқандауға арналған. Бұрынғы «ОМОН» қазір қайта жасақталған. Ол енді жаппай бей-берекет орын алғанда ғана алға шығады. Бұрнағы жылдармен салыстырғанда республика бойынша қылмыс деңгейі төмендеген. Бұл – елдің әлеуметтік-экономикалық деңгейінің көтерілуіне тікелей байланысты. Құдайға шүкір, бізде қарулы қақтығыс жоқ. Сақшыларымыз өз азаматтарымызға қарсы қару көтермейді. Осының өзі мемлекетіміздің ішкі-сыртқы саясатының аса бір салиқалылықпен жүргізілуінің арқасында десек артық айтқандық емес, – деді министр.

Соған қарамастан соңғы он жыл ішінде отыздан астам тәртіп сақшылары қылмыскерлердің қолынан қаза тапқан. 80-ге жуығы ауыр жарақаттанған. Бұдан екі апта бұрын ғана Қызылорда облысындағы бір учаскелік тректе полиция лейтенанты Келдібаевты қылмыскерлер қызмет орнында атып кетті. Ендеше босаңсуға әсте болмайды. «Рэкет» дегендердің ініне су құйғандай едік, енді олар қайта бас көтере бастапты. Бәрі ауылдан қалаға келген баскесерлер. Кейбір учаскелік инспекторлар «жерлес», «ағайындас», «рулас» деген ескіліктің сарқыншағын желеу етіп, оларға көмектесетін кездері де жасырын емес. Ішкі істер министрінің айтуына қарағанда, құқық қорғау салаларының өзара ауызбірлігі де нашарлап кеткен. Кейбір облыс прокурорлары полиция қызметкерлері өздеріне «честь» бермегендері үшін, мәшинелеріне арнайы нөмір бермегені үшін ғана оларға қарсы «жасырын соғысты» бастап та жіберіпті. Өз кезегінде ПБ-лер ҰҚК-ге қарсы «жасырын соғыс» жариялапты.

Таяуда өткен бір жиында Қазақстан Президенті құқық қорғаушыларға: «Өздерің тәртіп орната алмайды екенсіңдер, ең жоқ дегенде өздерің тәртіп бұзбасандаршы!» деген сөзін министр осы арада тағы да қайталады. «Міне, жеткен жеріміз, бұдан артық қандай сын естуге болады» дей келе, Қайырбек

Сүлейменов өз ісіне адал қызметкерлер де араларында аз емес екенін баса көрсетті. Әрқайсының аттарын атап, түстерін түстеп тұрып көпшіліктің алдында марапаттады, қолдарын қысты, қызметтеріне сәттілік тіледі.

Өз кезегінде облыс әкімі Шалбай Құлмаханұлы бірнеше полицейлерге ақшалай сыйлықтар табыстады.

Серік Жұмабекұлы

ХАЛЫҚ ПЕН ӘСКЕР БІРТҰТАС

Таяуда Самсы горнизонындағы ҚР ҚК Ракета және артиллерия әскерлеріне қарасты бригада ұжымы жоғары білікті әскери мамандар даярлайтын оқу орталығы болып қайта құрылып, Қарағанды облысының Приозерск қаласына қоныстанды.

Бұл жердегі ескі казармалар мен бақылап-тексеріп өткізу тіректері, жылу және су құбырлары күрделі жөндеулерден өтті. Приозерск қаласының әкімшілігі де өздеріне қоңсы қонып, жаңадан бой көтере бастаған оқу орталығының әскери қызметшілері үшін 93 пәтер бөлді. Казармалар мен кеңселерге жеке жылу қондырғыларын орнатты. Енді қаланың ортасынан осы әскери орталықтың символикалық ескерткіш-тақтасын орнатпақшы.

— Әскерилердің қаламызға келгені жақсы болды,— дейді Приозерск қаласы әкімінің орынбасары Нұрлан Бүкіров. — Қазірге дейін алпысқа жуық жергілікті тұрғындар келісім-шарт бойынша әскери салаға қызметке, жұмысқа орналасып үлгерді. Ал, біз өз кезегінде әскерилердің балалары үшін арнайы балабақша мен мектеп салу жұмысын қолға алдық. Алдағы уақытта да әскерилер үшін қолдан келер көмегімізді аямайыз...

Әскери реформаны ұтымды жүргізу үшін ең алдымен халық пен армияның біртұтастығы қажет екендігін Қазақстан Президенті, Жоғарғы Бас Қолбасшысы қашанда қадай айтуда. Мына игі істер сол қатаң тапсырманың нақты көріністерінің бірі екендігі айтпаса да түсінікті.

Серік Жұмабекұлы

ҚАЙЫСПАЙТЫН ҚАЙСЕНОВ 85-ТЕ

Таяуда Қазақстан Жазушылар одағының басқармасында Халық қаһарманы, партизан-жазушы Қасым Қайсеновтің 85 жылдық мерейтойы ресми түрде аталып өтті.

Жастық шақтарының балауса күндерінде бас қосқан өмірлік қосағы Асыл апамызбен бірге Қасым аға қарағайдай болып төрдің басында отырды. Ойы да, сөзі де сол баяғыдай орнықты әрі мығым.

Өзін біреулер батыр ретінде көзінше мадақтауға кіріссе, алғашқы сөзді Бауыржан Момышұлы мен Рахымжан Қошқарбаевтан бастайтын Қайсекең сол қарапайым да кішіпейіл қалпынан бір тайған емес.

Жау тылындағы жанкешті жорықтар жөнінде өзі 30-дан астам кітап жазды. Ал, Қасым Қайсенов жайында қалам тербемеген ақын, жазушы, журналситер кемде-кем шығар. Бірақ, бұл адам туралы айтылған қызықты әңгімелер жылдан-жылға көбісе түсуде.

Қасым Қайсеновпен жарты сағаттай ғана сөйлессең болды, жанына бір нұр құйылып, өз-өзіңнен қанаттанып шыға келгенінді байқамайсың. Өйткені, тектілік пен кесектік, батырлық пен парасаттылық сияқты асыл қасиеттер бұл кісінің бойында тұнып тұрады. Сосын еріксіз қолыңа қалам алғың келеді.

Алқалы жиында осынау аңыз адамның бастан кешкендері мен өткен өмір жолдары тағы да еске алынды.

1941 жылдың күзінде әскери-барлау мектебін бітіріп, лейтенант шенін алғаннан кейін жау тылына парашютпен түскен жас барлаушы-офицер орман ішінде өзі жалғыз сол маңай тұрғындарынан партизан отрядын құруға кіріскен. Кеңес армиясының алдыңғы шебінде бірінші болып, Днепр өзенін кесіп өткені, сөйтіп, соңындағы қаптаған қалың қолға жол ашып, Украин майданы тарихында ұлы бетбұрыс жасағаны жайында талай айтылған, жазылған болатын.

Полковник Қасым Қайсенов осынау қайталанбас ерлігі мен жазушылық қызметі, адами болмысы жайында бұл басқосуда тағы да жан-жақты әңгіме қозғалды. Ақсақалға зор денсаулық тілей отырып, арамызда әлі де ұзақ жүре беруіне тілектестік білдірілді.

Қайсекең кейінгі ұрпақтарға ақ батасын берді.

Серік Жұмабекұлы

ҚЫЛМЫСПЕН ҚАРУСЫЗ КҮРЕСУГЕ БОЛАДЫ

Алматы облыстық ішкі істер бас басқармасының қызметкерлері кейінгі кезде қылмыспен күресудің әртүрлі амалдарын қарастыруда. Солардың бірі – ауылдық жерлерде мәдени-спорттық шараларды жиі өткізу болып табылады.

Жұмыссыз сенделіп бос жүрген жастар әдетте маскүнемдікке салынады. Оның соңы ауыр қылмыстарға соқтырады. Ол жайында айтудай-ақ айтып келеміз. Сондықтан, ауыл жылына орай аудандық ішкі істер басқармалары өз күштерімен, реті келсе демеушілерді де тарта отырып, жер-жерлерде спорттық кешендер салуды қолға алыпты. Ауыл жастарымен бірге полиция қызметкерлері бірлесе спорт түрлерімен айналысады. Сөйтіп, білек күштерін қайда жұмсарларын білмей жүрген кейбір жігіттер қаласа аудан орталығынан-ақ үлкен спортқа бет бұруға мүмкіндік алады.

Таяуда Қарасай ауданының орталығы Қаскелең қаласында өткен спартакиадада осыған көзіміз жеткендей болды. Аудандық ПББ жанынан бой көтерген спорт кешенінің ашылу салтанатына облыс әкімдігінің басшыларымен қоса ІІМ ардагерлері, көрші Қырғызстанның Ыстықкөл аудандық ішкі істер басқармаларының қызметкерлері қатысты. Бұл мереке қылмыскерлермен күрес жолында мерт болған тәртіп сақшыларының рухына тағзым ету мақсатында ұйымдастырылған көрінеді.

Алматы облыстық ПББ бастығының орынбасары, полковник Тілеуғали Күзенбаевтың айтуына қарағанда, облыс бойынша биылғы жылдың өзінде басқа да аудандық полиция қызметкерлері дәл осындай спорт кешендерін пайдалануға бермекші. Сөйтіп, олар ауыл жылына орай ауылдың көркейуіне өздерінің үлестерін қосады.

Серік Жұмабекұлы

СОТ ЖҰМЫСЫНДАҒЫ ЖАРИЯЛЫЛЫҚ

26 мамыр күні Алматы қалалық сотының ғимаратында Жоғарғы Сот пен оның жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитеттің ұйымдастыруымен «Соттардағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – халықтың сот билігіне деген сенімінің кепілі» атты республикалық семинар-кеңес болып өтті.

Баяндамашылардың айтуына қарағанда, былтырғы жылдың өзінде ғана Жоғарғы сот төменгі сатыдағы соттардың заңсыз шығарған 123 үкімінің күшін жойыпты.

2002 жылы 120 судья қызметтерінен қуылса, оның 24-і теріс қылықтары үшін орындарынан алынған. Ал биылғы жылдың алғашқы айларының өзінде ғана 18 судья қызметтерімен қош айтысыпты.

Жиында сөз алған Жоғарғы Сот төрағасы Қ.Мәми, Президент әкімшілігі бастығының орынбасары И.Рогов, Жоғарғы Сот кеңесінің төрағасы М.Нәрікбаев, тағы басқа білікті заңгерлер сыбайлас жемқорлықпен күрестің әлемдік тәжірибелерінен мысалдар келтіріп, өз ойларын ортаға салды.

Серік Жұмабекұлы

ТАРИХ – ӨТКЕН МЕН БОЛАШАҚТЫҢ КЕПШІ

13 наурыз күні Алматыдағы Ғылым академиясында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Ұлттық Ғылым академиясы, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ұйымдастыруымен «Қазақстанның тарих ғылымындағы методологиялық және теориялық-концептуалдық өзгерістері мен оларды игеру мәселелері» атты ғылыми-практикалық конференция өз жұмысын бастады. Бұл шараны өткізудегі негізгі мақсат – соңғы он жыл ішінде Қазақстан тарих ғылымындағы іргелі өзгерістерді талдау, тарихи ойдың ертеңін бағдарлау болып табылады.

– Өтпелі кезеңнің әртүрлі ауыртпалықтарына қарамастан гуманитарлық ғылымдар, оның ішінде тарих саласы өзінің өміршеңдік сипатын сақтап қана қалған жоқ, қайта оны нығайта түсті, – деп бастады өзінің баяндамасын Тарих және этнология институтының директоры, профессор М.Қойгелдиев.

Осы уақыт аралығында қазақстандық ғалымдар өткен тарихымыз жөнінде жаңа қоғамдық пікір қалыптастырып үлгерді. Соның нәтижесінде бүгінгі таңда тарихқа жаңа көзқарас қалыптасып, оқу жұмыстарында және саяси билік жүйесінде кеңінен қолданыс табуда. Тарихи танымға деген сұраныстың арта түсуі сонымен қатар кейінгі кезде нақты деректер мен ғылыми талдауға негізделмеген қарадүрсін ғылыми еңбексымақтардың көбеюіне де жол ашты.

Қазақстанның тәуелсіздік алуы және оны нығайту қажеттілігі ең алдымен қоғамдық санадағы өзгерістер арқылы жүзеге асатыны белгілі. Соңғы он жылдың көлемінде тарихи танымымызда болып өткен сілкіністер кейде таудан құлаған топан суды еске салады. Ал топан судың ішінде не жоқ, бәрі бар. Кітап дүкендеріндегі сөрелер «альтернативтік тарих» деген оқулықтар мен оқу құралдарына толып кетті. Тарихты білуге

деген ұмтылыс құптарлық-ақ жайт. Бірақ, оның академиялық ғылымға тиер пайдасы мардымсыз екенін кейінгі кезде уақыттың өзі дәлелдеп берді. «Біз, кәсіби тарихшылар – әдебиетші қауыммен, тағы басқа қаламгерлермен кездесулер өткізіп, осы мәселелердегі ойларымызды ортаға салуды жөн көрдік. Сондықтан да, бүгін осы конференцияны ұйымдастыруымызға тура келді» дей келіп, М.Қойгелдиев тарих ғылымына ғана өткен өмір мен бүгінгі қалыптасқан жағдайды қорыту арқылы болашақты болжау мүмкіндігі берілгендігін баса айтты.

Бұдан кейін сөз алып сөйлегендер қазіргі тарих ғылымында қолданылып жүрген кейбір категорияларға түсініктер берді. Қазақстанның кеңестік және кеңестік дәуірден кейінгі әлеуметтік-экономикалық тарихын зерттеудегі методологиялық жаңашылдыққа, Қазақстан тарихи демографиясының өзекті мәселелерін жаңаша пайымдау, Қазақстан тарихындағы монғол дәуірін қайта зерттеу, Қазақстанның археологиясының әдістемелік мәселелерін тыңғылықты зерттеу жөнінде ой қозғады. Конференция екі күнге созылады деп күтілуде.

Серік Жұмабекұлы

«ҚАЗАҚСТАН-2030» БАҒДАРЛАМАСЫНА АЛТЫ ЖЫЛ

Осы тақырыппен Алматы қаласының ішкі саясат департаменті ұйымдастырған баспасөз мәслихаты бұл жолы қызықты пікірсайысы тұрғысында өтті. Бұдан алты жыл бұрын қабылданған мемлекеттік бағдарлама қандай нәтиже берді деген сауалдар төңірегінде Қазақстанның әр ғылым саласындағы белгілі ғалымдар өз ойларын ортаға салып, ашық пікірлерін білдірді.

«Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету» деген тақырыпта қысқаша баяндама жасаған философия ғылымының докторы М.Әженов, кезінде Қазақстан Президентінің тікелей ұйытқы болуымен қабылданған бұл тарихи құжат уақыт сынына төтеп беріп, елімізді алға дамыту жолындағы негізгі айқындамаға айналғанын баса көрсетті.

«Қауіпсіздік» деген ұғымды бұл жерде «қорғау» деген ұғыммен пара-пар қарастыру қажеттігі айтылды. Бағдарламадағы сегіз тармақтан тұратын қауіпсіздіктердің (экономикалық, экологиялық, саяси, әлеуметтік, ақпараттық, сыртқы, ішкі қауіпсіздік т.б.) әрқайсысы жеке-жеке талданды. Айналып келгенде осының бәрі адамды қорғаудағы мемлекеттің нақты іс-қимылдары екендігі түсінікті. Ендеше, біздің дамуымыздың ең мықты қозғаушы күші – бірлік пен татулық, халықтар достығы, ел тыныштығы екендігінде дау жоқ.

Ал тарих ғылымының докторы Н.Пузиковтың «Ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамдық топтасу» деген тақырыптағы өзіндік ойлары да тыңдаушыларды бей-жай қалдырмады. Оның айтуына қарағанда, мемлекет тарапынан бүгінгі таңда тек әлеуметтік қажеттіліктер үшін 120 миллиард теңге бөлініп отырған көрінеді. Соған қарамастан әлі де шешімін күткен мәселелер жеткілікті.

Әсіресе, құқықты реформаны жүзеге асыру ісі тұралап жатыр. Осы уақытқа дейін саяси партиялардың атынан 22 мың ұсыныс пен арыздар құқық қорғау органдарына жөнелтіліпті. Бірақ, ешқайсысына тұщымды жауаптар қайтарылмаған. Алыстағы ауылдардың жағдайы да мәз емес. Жалғыз басты аналар мен ерекше қамқорлықты қажет ететін балаларға көрсетілетін жәрдемақылардың көлемі орта есеппен мың теңгеден аспай отыр.

Мемлекеттік тілді дамыту ісі де өз деңгейінде емес. Тіл сындыру құралдары жетіспейді. Тіл үйретуші мамандардың еңбекақылары мардымсыз. Олай болса, тіл саясаты салиқалылықты қажет етеді деген М.Пузиковтың пікірі көпшіліктің көңілінен шыққандай болды.

Қазақстан Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру керек пе, жоқ па деген мәселеге келгенде философия ғылымының докторы Н. Сейдахметов пен экономика ғылымының докторы А.Аруповтардың арасында пікірталас өрби түсті.

Н.Сейдахметовтің айтуына қарағанда, Қазақстан әзірге тек шикізат өндіруші ел, сондықтан, мұндай жағдайда ДСҰ-ға кіруге асықпаған жөн. Бұлай етсек, ішкі рыноктағы бәсекеде оңбай ұтылатын сияқтымыз. А.Аруповтың пікірінше, қазір Қазақстанда отандық өнімдер сұранысқа ие болып келе жатыр. Олай болса, ДСҰ-ға батыл түрде енуіміз керек екен.

Педагогика ғылымының докторы, профессор М.Тынышпаева «Қазақстан 2030» бағдарламасында ұзақ уақытқа жоспарланған басымдықтардың бірі – денсаулық, білім және Қазақстан азаматтарының тұрмыстық ахуалы жайына кеңірек тоқталды.

Дүниеге келгеніне алты жыл толған «Қазақстан – 2030» бағдарламасы алдағы уақытта да елімізді әлемдік өркениетке апаратын бірден-бір даңғыл жол екендігіне осы отырыста ғылыми тұрғыда баға берілді.

Серік Жұмабекұлы

ТЕМЕКІГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС ҚАЙ ДЕҢГЕЙДЕ?

Темекінің зияны туралы айтылудай-ақ айтылып келеді. Дегенмен, оны шегу-шекпеу әркімнің өз ісі. Темекінің зияны темекі шеккен адамнан гөрі оның ауадағы түтінін жұтқан шекпейтіндер үшін өте көп екен. Темекіні ұдайы тартатын адамның ағзаларында бірте-бірте никотиннің уына қарсы тұратын күштер қалыптасатыны белгілі. Бірақ ол бәрібір түптің түбінде кез келген ағзаны жеңіп тынатыны сөзсіз. Сондықтан да, 2002 жылдың 13 шілдесінде «Темекі шегушіліктің алдын алу және оны шектеу туралы» Қазақстан Республикасының заңы күшіне енген. Оның кейбір баптары әлеуметтік-экономикалық жағдайларға байланысты қолданысқа ену кезеңі алдағы уақыттарға белгіленген болатын.

2003 жылдың 1 сәуірінен бастап сол бап та күшіне енді. «Жекелеген қоғамдық орындарда және қоғамдық көлікте темекі шегуге тыйым салу» деп аталатын 9-шы баптың орындалуын білу мақсатында біз Алматыдағы халық көп жүретін жерлерді аралап шықтық.

Студенттер саны жағынан республика бойынша бірінші орында тұратын ҚазҰУ-дың алдында бірен-саран студенттер темекі шегіп тұр. Оқу ғимараттарына кірдік. Студенттер үзіліске шықты. Темекі шегушілердің бәрі сыртқа қарай бет алды. Есік алдындағы қоқыс қораптарының жанына тұра қалып, қызжігіттер аралас көк түтінді будақтата жөнелді.

Филология факультеті деканының орынбасары Өмірхан Әбдіманұлын сөзге тарттық.

– Бізде оқу ғимараттарының ішінде темекі шегуге қатаң тыйым салынған. Сенбесеңіз бар жерді аралап көріңіз. «Темекі шегуге болмайды» деген жазулар әр бұрыштан көзіңізге түседі,– деді. Шынында да солай екен.

Жолда Ұлттық кітапханаға бас сұқтық. Бұл жердегі әжетхананың маңдайшасына да темекі шегуге тыйым салынғаны

жөнінде белгі қойылыпты. Кітапхана директоры Роза Бердіқалиевамен тілдескенімізде ол кісі:

– Темекіге қарсы заңнан бұрын бізде өрт қауіпсіздігі туралы ережелер қатаң сақталады. Сондықтан, бұл жерде темекі туралы әңгіме қозғаудың өзі артық, – деді.

Бұдан кейін «Қайнар» университетіне, Ұлттық аграрлық университетіне келіп басшыларға жолықтық. Оқу ғимараттарының ішінде темекі шегуге бұл жерлерде де қатаң тыйым салыныпты. Даладағы көгалды алаңқайларға темекі тұқылын тастамас үшін арнайы орындықтар мен қоқыс салғыш қораптар қойылыпты.

Орталық мұражай директорының орынбасары Бейбітқали Қақабаев ең төменгі қабаттағы арнайы жасақталған темекі шегетін орынды көрсетті.

Жүргенов атындағы ұлттық өнер академиясында да темекі шегушілер үшін ауладан арнайы орын бөлініпті.

М.Әуезов атындағы академиялық драма театрында арнайы темекі шегетін орын әжетханаға барар жолдағы оң жақ қабырғада орналасқан көрінеді. Ішіне үлкен-үлкен айналар мен жұмсақ орындықтар, күл салғыш қораптар қойылған.

Республика Сарайы мен вокзалдардағы темекі шегетін орындар – әжетханаға кіре берістегі бөлмелер екенін бұрыннан білеміз. Өлі сол күйінен өзгермепті. Бұл енді заңға қайшы құбылыстар.

Осы заңның 9-бабы 4 тармағында темекі шегу үшін арнайы жабдықталған орындар бөлінуге тиіс екендігі, олар санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуы керектігі қатаң ескертілген. Ендеше, мекеме басшылары мен жұмыс берушілер темекішілерді далаға қуып шығып, мәселені оңай шештік десе, қателескендері.

Заң талаптарын мүлтіксіз орындайтын кез жетті деп білеміз.

Серік Жұмабекұлы

СЕЛ ҚАУІП ТӨНДІРУДЕ

Биылғы жылдың жаңбыры былтырғыдан да көбейіп тұр. Сәуірден басталған жауын төртінші айға созылып барады. Соңы жақсылық болса екен деп елендеген күпті көңілдерді осы аптаның соңына таман төгілген қалың нөсер ойран-асыр етті.

Алматы қаласындағы Ақсай, Есентай, Үлкен Алматы, Кіші Алматы, Қарғалы өзендері бір-ақ түнде арналарынан асып, Жетісу, Әуезов аудандарындағы тұрғындарды түн ортасында ұйқыларынан оятты. Тасыған судың деңгейі 1,5-2 метр биіктікке дейін көтерілді.

Ал Алматы облысы бойынша Талғар ауданының тұрғындары Талғар өзенінің тасуынан зардап шекті. Талғар қаласымен қоса Алматы, Қызылқайрат, Белбұлақ, Бірлік, Талдыбұлақ, Аманкелді елді мекендеріне, Еңбекшіқазақ ауданының кейбір жерлеріне су жайылып кетті. Әйтеуір, адамдар сау. Әзірге ұзын саны 30 мыңға жуық адам материалдық шығын шеккені белгілі болып отыр.

Шағын көпірлердің кейбіреуі арынды судың екпініне шыдас бере алмады. Жырылып кеткен тас жолдар да аз емес. Бірақ, төтенше жағдайлар жөніндегі қызметтің шұғыл әрекеті арқасында бүлінген жерлердің көбісі тез арада қалпына келтіріліп үлгерді. Аулаларына, үйлеріне су кіріп кеткен тұрғындардың арасында жергілікті басшыларға, төтенше жағдайлар жөніндегі қызметке көңілдері толмай, өкпелерін білдіріп жатқандары да бар.

Апат айтып келмейді, тек оны болжап, алдын-ала сақтанып отырсаң ғана әуіріммен аман қалуың мүмкін. Ал іргеңде ағып жатқан өзен арнасын еріншектік пен салақтықтың салдарынан өзің бітеп тастасаң, оған кім кінәлі? Сенің төккен қоқысыңды төтенше жағдайлар жөніндегі қызметтің адамдары күнделікті тазалап беріп отыруы керек пе екен. Тұрғындар бір сәт өз әрекеттеріне өздері сыни тұрғыдан қарап, еріншек көршілеріне

ескертпе жасап жатса, қанекей. Өзен арналарының бірден ке-
мерінен асуына сол адамдардың өздерінің де көп кінәсі бар
екенін осындайда ескере кеткеніміз жөн сияқты.

Дегенмен, төтенше жағдайларға қарсы күрес қызметкерлері
де қырағылықты күшейтуге тиісті.

Осы орайда біз Қазақстан Республикасы Төтенше жағдай-
лар жөніндегі агенттікке қарасты «Қазселқорғау» мемлекеттік
мекемесі бастығының орынбасары Қыдырәлі Дүйсековпен ар-
найы хабарласып, мына жағдайларға байланысты нендей шара-
лар атқарылып жатқанын сұрағанбыз.

– Биылғы көктемнен бері көз аштырмай жауып келе жат-
қан мына жауынның соңы жақсылыққа әкелмейтінін біраздан
бері болжағанбыз. Қолдан келетіннің бәрін жасаудамыз. Өзірге
200-ге жуық қызметкеріміз күндіз-түні өз міндеттерін атқару-
да. 5 бүлдезір тракторы, 8 экскаватор, 34 самосвал, 4 автокран
үздіксіз жұмыс істеуде. Жергілікті әкімшіліктер де қолдарынан
келгенше халыққа көмектесуде. Алдағы күндері тағы қатты
жауын жауатыны белгілі болып отыр.

«Сақтансаң сақтаймын» деген сөз бар. Сақтық әрекеттері
жан-жақты қолға алынды. Әйтсе де үкімет тарапынан да көмек
қажет. Ол жағын Республикалық Төтенше жағдайлар жөніндегі
агентство бастығы З.Нұрқаділов те айтудай-ақ айтып келеді.
Алдағы уақытта бәрі дұрыс болады деп ойлаймыз. Аса қауіп-
теніп, үрейленудің әзірге жөні жоқ, – дейді Қ.Дүйсеков.

Серік Жұмабекұлы

ТӘУЕЛСІЗДІК ТӘУБЕШІЛІКТІ КӨТЕРМЕЙДІ

1911 жылдың 11 қаңтарынан 1915 жылдың қыркүйегіне дейін жарық көрген «Айқап» журналы сол кездегі ұлт басылымдары көшбасшыларының бірі болды. Алғашқыда айына бір рет, онан кейін екі реттен шыға бастаған «Айқаптың» таралымы аз уақыттың ішінде 2000 данаға жетті. Қазақтың тұңғыш қоғамдық-саяси және әдеби журналы негізінен Шоқан Уәлихановтың, Ыбырай Алтынсариннің, Абай Құнанбаевтың ағартушылық идеяларын жаңашыл публицистика сипатында қайта жаңғыртты. Ғұмыры қысқа болған осы басылымды қазақтың белгілі жазушысы Қоғабай Сәрсекеев 2012 жылы қайтадан қолға алды. Алайда қайраткердің дүниеден өтуіне байланысты 2014 жылы журнал жұмысы тоқтады. Енді міне, «Айқапты» әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті үшінші рет өмірге әкеліп отыр. Осы орайда, белгілі мәдениеттанушы-ғалым, мемлекет және қоғам қайтаркері Мұрат Әуезовты сөзге тартып, «Айқаптың» өткені мен қазіргісі және болашағы жайында ой бөліскен едік:

– Мұрат Мұхтарұлы, қазақ үшін «Айқап» өткен ғасырдың басында аспандағы жарық жұлдызбен барабар болды. Оның себебі неде деп ойлайсыз?

– 1867 жылы 11 шілдеде ақ патшаның «Жетісу және Сырдария облыстарын басқару жөнінде уақытша ереже» дегені шықты. 1868 жылы 21 қазанда «Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторларының қыр облыстарын басқару туралы уақытша ереже» тағы бекітілді. Барлық жер Ресейдің меншігі, тек хан тұқымдарына патша «сыйлаған» жер ғана жекеменшік болып танылады деді. 1895 жылдан 1906 жылға дейін «Щербина экспедициясы» патшаға қазақ даласының ең шұрайлы жерлерін мәлімдеп отырды. 1870-1890 жылдары ұйғырлар мен дүнгендер көшіп келді.

Осыған байланысты ұлт араздығы да күшейе түсті. Түтін, мал, егін, т.б. салықтар және тасымал саудасы бұрынғыдан да артты. 15 тиындық ұстара бір қойға, 6-7 сомдық самаурын 20-25 сомға дейін сатылды. «Айқап» осындай тонаушылық сая-

сатының барынша белең алған тұсында жарық көрді. Сондықтан да, бұл мәселелерді кеңінен жазды. Отырықшылық өмірге көшу, кент, қала салу, егіншілікпен айналысу жөнінде пайдалы ұсыныстар жасап, кеңестер берді. Журналдың 1911 жылғы екінші санында жарияланған «Қазақ халқының мұқтаждығы» деген бас мақалада отырықшылыққа бейімделіп, егіншілікпен айналысу қажеттігін насихаттады. «Айқап» қазақ байларының озбырлығын, еңбекшілердің үстем тапқа, самодержавиеге наразылығын, ашу-ызасын білдіретін материалдарды жариялады. «Айқаптың» 1911 жылғы 3-санында жарық көрген Бекмырза Бекжановтың «Қазақтың қазіргі халі» мақаласында артта қалуымызға басты себеп – феодалдық қоғам, ұлттық томаға-тұйықтық, көшіп-қонуден жүріп, көрші елдердің өнегесінен үлгі алмау екені дұрыс көрсетілді. Осы мақаламен аттас келесі бір материалда озық елдер қатарына қосылу үшін фабрика, заводтар салып, өнеркәсіпті өркендету, тас көмір, темір, шойын алатын, жер қазатын құралдар жасауға үйрену сияқты мәселелер көтеріледі. Орыс, ағылшын, француз елдерінің алға шығып, қуатты ел болып отырғаны да өнеркәсіптің өркендегенінен деп, дамудың қандай жолына түсу қажеттігіне көңіл аударылды. Мұның бәрі сол кезең үшін саяси-әлеуметтік мәні терең тақырыптар болатын. Соны журналдың жете түсініп, дұрыс жаза білуі шын мәніндегі үлкен табыс еді. «Айқаптың» қазақ үшін аспандағы жарық жұлдызға айналуының басты себебі осында деп білемін.

– «Айқап» журналы осылай аталуының себебі мен алдағы мақсаты туралы 1911 жылғы 11-санында былайша түсінік береді: «Айқап» деген сөз қазақтың төл сөзі, ол ғасырлар бойы мәдениеттен, білімнен кенже қалған бүкіл қазақ халқының өкініші ретінде алынды. «Ай, қап!» деп санымызды соқтық, енді ел қатарына қосылайық деген үнді білдіреді» дейді. Сіз қалай ойлайсыз?

– «Айқап» – бұл қазақтың «Әй, қап!» деген сөзінен алынғаны рас. Оған журнал Бас редакторының бірінші нөмірде жазғанына мақаласы дәлел. «Біздің қазақтың «Әй, қап!» демейтұғын

қай ісі бар? Газет шығармақшы болдық, қолымыздан келмеді. Пұлы барларымыз ынтымақтаса алмадық. Пұлы барларымыз ынтымақтассақ та, ақшасыз істің көзі табылмады. «Қап, пұлдың жоқтығы, қолдың қысқалығы-ай!» дедік. Жақсы жерлерімізді сақтап қалмақ болдық. Басымыз қосылмады. Қолайлы жерлер қолдан кетті. «Қап, ынтымақсыздығымыз-ай!» дестік. Болыс, би, ауылнай боламыз деп таластық, қырылыстық. Жеңілгеніміз жеңген жағымызға «Енді сайлауда көрерміз, қап, бәлем!» дестік. Қазақтың осындай бірнеше жерде «Қап!» деп қапы қалған істері көп. «Қап!» дегізген қапияда өткен істеріміз көп болған соң журналымыз өкінішімізге лайық «Айқап» болды» деп жазған екен.

– **«Айқап» журналының көтерген мәселелері алуан түрлі: XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстандағы жер жайы, ел тарихы, экономикасы, мәдениеті, саяси құқық, әйел теңдігі, оқу-ағарту ісі, шетел хабарлары, мұсылман өмірі, дін, әдет-ғұрып, ойын-сауық, тағы басқалар. Әсіресе жер, су, ел тарихын жазудың астарында тәуелсіздік тақырыбы мен мұңдалап тұратын сияқты, сіз қалай ойлайсыз?**

– Ахмет Байтұрсынов осы журналдағы «Қазақ өкпесі» деген мақаласында жердің иесі кім болуға керек деген мәселе көтере отырып, қазақтың қалың бұқарасына үлкен ой салатын пікір қозғайды. Қазақтың пайдаланып отырған жерін мұжық тартып алып жатыр дей келе, Ахмет Байтұрсынов халықтың ондай халге душар болуының себебін ел өз тәуелсіздігінен айырылып қалғандығынан деп түйеді. «Ханы надан, жұрты надан» болғандықтан «Өзге жұрттар ілгері басқанда қазақ кері басқан» дейді. «...Жұрты мықты мемлекеттің жанында өз алдына хан болып тұруға көп күш керек екен, ол күш алтыбақан алауыз қазақта болмаған» деп налиды. Содан барып «хандарымыз халқымен Россияға қосылған» деп күйінеді де: «Мықты мемлекет Россия енді мұжығына жерінді үлестіруге кірісті. Жерден айырылу – бәрінен айырылу. Жерден айырылып, тотиып қалмас үшін қазақ не істеуге керек? Гәп қазақ жерін қазына жеріне айналдыруда ғана ма екен? Сол қазыналық жерде отырып-ақ қазақ жерін жалға беріп, мұжықты

енгізіп алып жатқан жоқ па!» дейді. Ахаңның кеңесі мына қорытындыға саяды: жер – мемлекеттікі бола берсін. Ал қазақ, сен сол игілігіңді сақтаймын десең, еңбек ет, ғылым, білімді игер, әтпесе теңдікке қолың жетпек емес дегенді айтады.

– Журнал – жас буынды оқытып, тәрбиелеуге үндеумен қатар мәдени-ағарту ісіне де қатты көңіл бөлді. Бұл іске «Айқаптың» Бас редакторы Мұхамеджан Сералин өзі сияқты мұғалім, жазушыларды, публицистерді тартқаны белгілі. Қандай басылым болмасын, оның мықтылығы алдымен Бас редакторға байланысты. Осы тұрғыда М.Сералиннің ұйымдастырушылық қабілеті мен шығармашылық таланты жөнінде айтпай кету мүмкін емес сияқты...

– Мұхамеджан Сералин «Айқап» журналына авторлыққа қазақ совет поэзиясының алыбы – Сәкен Сейфуллинді, Бейімбет Майлинді, Сәбит. Дөнентаевты, Мағжан Жұмабаевты тарта білді. Қай кезде де басылым беделі оның авторларымен өлшенген. Мәселен, Б. Майлин журналдың 1913 жылғы 15-санындағы мақаласында қыз ұзату тойында, өлімге ас беріп, еске алуда елдің үлкен шығынға бататынын айтып, оның орнына халықты пайдалы іске, оқу-ағарту жұмысын дұрыс жолға қоюға, мектеп, медресе салуға қаражат шығаруға шақырады. Сондай-ақ, М. Сералин XX ғасырдағы қазақ ағартушыларының дәстүрін жалғастыра отырып, мектеп ашу, бала оқыту жөнінде нақтылы ұсыныстар жасайды. «Біздің ілгері келешек күнімізде, бұл дүниеде күн көріп, жұрт қатарлы тұруымыз да жалғыз-ақ нәрсеге тірелген. Ол – оқу. Мұнан былайғы заманда оқып, өнер білмесе, өнерлі халыққа жалшы болудан басқа бізге ешбір де орын қалмайды. Біз жұртшылық болып оқушы талапкерлерге жәрдем бермесек, оқығандарымыз көбейе алмайды» деп жазды ол. Сонымен қатар, ол отырықшы болуды мәдениет мәселелерімен байланыстыра үгіттеді. М. Сералин орыс халқының ғылымын, өнерін, тілін үйрену керек дей келіп, бұларды білу үшін мектеп ашу қажеттігін алға тартты. «Бұл 4-5 үйдің қолынан келетін іс емес, кедейлердің баласын алыс жерге жіберіп оқытуға қалі

келмейді. Сондықтан, бір жерге қала болып жиналудан басқа ем жоқ. Ал 50-60 үй бір жерде жиналып оитырса, оларға орталарынан молда (мұғалім) ұстап, бала оқыту оңай. Сонда, өкімет тарпынан орыс-қазақ школын аштыруды талап етуге болады» деп жазды. Білім беру мәселесін шешу үшін оқу құралдарын шығару, қазақ тілінің әліппесін жасау, жазу жұмысын бір ережеге бағындыру туралы бірсыпыра мақалалар жариялады.

– «Айқаптың» 1913 жылғы 4-ші және 5-ші сандарындағы «Бізге не істеу керек?» деген бас мақаласында Мұхамеджан Сералин өз бағдарламасын былай деп айқындайды: отырықшылыққа көшу, қала салу (бұл жерде кент түріндегі ауылдар туралы айтылып отыр), жерден жырақ кетпеу, мектептер мен медреселер ашу, білімді әрі мәдениетті болу, дін істерін өз қолымызға алу, өз муфтиімізді сайлау, Мемлекеттік Дума мінберінен халық мүдделерін қорғап, үкімет назарына жеткізе алатын депутаттарымыздың болуы керектігін ашық көрсетеді. Бұдан кейін М.Сералин бастаған «Айқап» журналы төңірегіне топтасқан зиялылар 1913 жылы ең өзекті қоғамдық мәселелерді талқылап, белгілі бір бағдарламалық тұжырымдарға келу үшін жалпықазақ съезін шақыру жөнінде бастама көтереді. Алайда Саяси партия құру үшін қажетті алғышарттар тек 1917 жылғы Ақпан революциясынан кейін ғана қалыптасты. Алғашқы жалпықазақ съезін өткізу үшін ұйымдастыру бюросы күн тәртібіне «Қазақ саяси партиясын жасау мәселесін» ұсынады. 1917 жылдың 21 қараша күні Алаш партиясы өз бағдарламасының жобасын жариялайды. Осы бағдарламаға алғашқы М.Сералин бағдарламасы серпін бергені бірден көзге түседі. Міне, назар аударайық: оқу ордаларының есігі кімге де болса ашық, ақысыз болуы; жұртқа жалпы оқу жайлы; бастауыш мектептер ана тілінде оқылады; қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашуға; оқу жолы өз алдына автономия түрінде болуы; үкімет оқу ісіне кіріспеуі; мұғалімдер-профессорлар өзара сайлаумен қойылуы; ел ішінде кітапханалар ашу. газет шығаруға, кітап бастыруға еркіншілік деп көрсетілген. Бұл жерде айтайын

дегенім, сонау 1913 жылы «Айқап» көтерген мәселелер қазақ үшін бүгін де темірқазық бағдарлама, рухани қажеттілік болып тұрғандай. Себебі 1960 жылдары дүниеге келген «Жас тұлпар» ұйымы да осы бағдарлама негізінде өз жұмысын жүргізген сияқты. «Жас тұлпардың» ұйымдастырушысы ретінде өзіңіз менің бұл пікіріме қалай қарайсыз?

– 1963 жылдың қараша айында Мәскеу қаласында «Жас тұлпар» ұйымының ресми құрылып, тарих сахнасына шығуы – өзіңіз айтып отырған осындай рухани қажеттіліктен туындады. Мәскеуде білім ала жүріп, қазақ жастары өз елінің қатардан қалып бара жатқанын көрді. Бұл, әсіресе, ана тілінің өркен жая алмауында, ата салт-дәстүрін дамыту мәселесінде анық байқалды. Сондықтан, олар осы олқылықтың орнын толтыруды өздерінің азаматтық парызы деп санады. Кеңестік биліктің қызыл коммунистері «Жас тұлпар» ұйымының соңына түсіп жүріп, оларды тарқатып тынғанымен, мыңдаған қазақ жастарының санасында маздап жанған ұлт-азаттық идеясын өшіре алмады. Жастұлпарлықтар қазақ ұлтының тамырына шабылған балтаға қарсы ұлт құндылықтарын, қазақ өнерін қарсы қоюға ұмтылыс жасады. Өмірдегі қасіретті өнердегі көркем дүние арқылы көпшілікке жеткізуге тырысты. Өмір диалектикасына жүгінсек, ғайыптан пайда болатын ештеңе жоқ: кешегі мен бүгінгі, бүгінгі мен ертеңгі – бәрі де бір-бірімен табиғи да, тарихи да тұрғыдан байланысты. Бұл қозғалыс жастұлпарлықтардың өмір жолы, жастардың Қазақстан Тәуелсіздігі үшін күресі ғана емес, бұл қазақ қауымының үлкен бір тарихи белесі еді. «Жастұлпар» – айқын мақсаты бар, биік асуларға ұмтылған ұйым болатын. Біздің санамыз ояна бастады: тарихымызды таниық десек, тарихымыз жабық. 30-шы жылдардағы ашаршылық, Семей полигонындағы ядролық сынақтар туралы бірде-бір тарихшы, зерттеуші жақ аша алмады. Міне, жастар осыларды сезді. Жиырмамыншы ғасырдағы репрессиялар, тағысын тағылар қазаққа зардабы ауыр соққы боп тиді. Ол кезде әкем – Мұхтар Әуезов, Мәскеуде сырқаттанып жатқан. Мен каникулға қайтарда қолына қалам алып, Семейге, елдегі азаматтарға хат жазып берді. «Балама елді көрсетіп,

аралатындар. Келген соң маған әңгімелеп берер» депті хатта. Осы сөздер маған әкемнің аманаты, өсиеті секілді көрінді.

– Ал үшінші рет дүниеге келіп отырған «Айқапқа» өзіңіз қандай аманат артар едіңіз.

– Сіздер, ҚазҰУ-лықтар, аруақтар аманатын арқалауға бекініпсіздер. Бұдан асқан ауыр жүк болмайды. Марқұм Қоғабай Сәрсекеев өз қаржысымен, ешкімнің нұсқауынсыз, жалғыз өзі ешкімнің көмегінсіз «Айқапты» екі жыл бойы шығарып келігеніне таң қаламын. Тірі кезінде адамның жақсылығын көрмейтін неткен көрсоқыр едік. Асыл ерім-ай, қайтейін! Адал көңіліңде шек болмапты ғой! Сіздерге не дейін, ҚазҰУ деген қара шаңырақ мемлекет ішіндегі мемлекет іспеттес, алыптар ұшқан алтын ұя. «Айқапты» жаңа қырынан жаңғырта беріңіздер! Алашқа ең алғаш дұрыс жол сілтеген «Айқаптың» арманы қазақ үшін мәңгілік арман екенін келешек ұрпаққа шығармашылықпен түсіндіре білсеңіздер – бір парызды өтегендеріңіз сол болмақ. Тәуелсіз ел екенбіз деп тәубешілікке, босандыққа бой алдырмаңыздар. Кейінгі жылдары халық қайта марғау тарта бастаған сияқты. Бұл мені қатты алаңдатады. Тәуелсіздік арқылы Алаштың біраз арманы орындалды. Оны жоғардағы «Айқап» пен Алаш бағдармаларын талдау арқылы көз жеткіздік-ау деймін. Орындалмай жатқандарын өздеріңіз де жақсы білесіздер. Бармақ бүгіп бәрін санамаламай-ақ қояйын. БАҚ құралдары күнделікті айтудай-ақ айтып, жазып, көрсетіп жатыр. «Айқап» енді соларды талдап, зерттеп, шымбайға батырып жазып, өз қолтаңбасын қалдыруға тиісті. Көптің бірі болу оңай. Оған тоқмейілсімесеңіздер ғана ұлы мақсатқа жете аласыздар. Сонда ғана ағалар аманаты орындалады. Алда әлі талай асулар мен қиындықтар күтіп тұр. Қай істе де сіздерге Алла жар болсын, Ата-баба рухы қолдасын!

–Лебізіңге рахмет! Сізге зор денсаулық тілейміз.

(«Айқап» журналы үшін алынған бұл интервьюдің жазылуы М.Әуезовке ұнамағандықтан жарияланбады)

Серік Жұмабекұлы

СӨЗ СОҢЫ

Өркениетке бет алған қоғамымызда адамның Ары да, Намысы да Заң арқылы қорғалуы тиіс. Көпшіліктің көзінен таса, көлеңкелі тұстарға жариялылық жарығын түсіретін қоғамдық пікір қозғаушысы – құқықтық журналистиканың осы орайда иеленер орны орасан екендігі дау туғыза қоймас.

Құқық тақырыбына жазатын журналист көтерер рухани жүктің ең ауыры – Ар жүгі. Өйткені мұның артында Ел тағдыры, Адам тағдыры тұрады.

Алғы сөзде айтқанымыздай, соңғы «Шығармашылық ізденіс» тарауына тоқтала кетейік.

Біріншіден, болашақ журналистерге өзіңнің баспа бетінде жарияланған еңбегінді ыждаһатпен жинап, қиып алғанда міндетті түрде газеттің аты мен шыққан күнін бірге сақтап ал дегім келеді. «Шыққан уақытын анықтауды қажет ететін мақалалар» деп тараудың аты айтып тұрғандай, түсіне білген адамға бұл да үлкен сабақ болса керек.

«Кімді кім алдады?» деген тарауша журналистің біреуді әділетсіздіктен қорғаймын деп жүріп өзінің әділетсіздікке ұрынған кезі суреттеледі.

«2000 теңге = 3+1 жыл», «Алты адамның өліміне кінәлі», «Қызды кім зорлады?», «Көкнәр еккен құтылды», «Шындық шыңырау түбінде ме?», «Қытай азаматтығын қайта алмақшы» деген қысқа ақпараттар алты қылмыстық іске қатысты екендігін баса айтуымыз керек.

Бұл ақпараттар «Егемен Қазақстан» газетінде жарық көрмес бұрын осы оқиғалар жөнінде редакцияға жазылған арыздар негізінде және тергеу қорытындысы, адвокат тұжырымы, прокурор наразылығы, соттың үкімдері негізінде апелляциялық, кассациялық тұрғыда талдамалы-зерттеу мақалалар жарық көрген.

Аталмыш мақалалар жарияланғанымен, соттар тарапынан ешқандай жауаптар келмеген. Көлемді мақалаларға көңіл

бөлмеуді әдетке айналдырған немесе оны оқуға ерінетіндердің назарын бері бұру үшін енді сол мақалалар жөнінде жоғарыдағы қысқа ақпарттарды жариялай отырып, өз мақалаларыма өзім шолу жанрында шолу жасадым. Міне, осы кезде Алматы қалалық сотындағылар өздеріне қатысты үш мақала жөнінде шырылдап, «Егемен Қазақстанның» сол кездегі басшылығына терістеу жауабын жазыпты. Оған түсініктемені мақала авторы ретінде мен беруге тиістімін. Сондықтан, бұл құжаттарды редакция басшылығы маған жіберді.

Бірақ соттың терістеу жауабына қарсы дәлелдерімді жазғаныма қарамастан, «Егемен Қазақстанның» басшылығы менің емес, соттың пікірін газетке жариялады. Заң бойынша терістеу хат редакцияға келіп түскеннен кейін бір ай мерзім ішінде оған жауап беріледі. Егер жауап берілмесе, арызданушы жақ сот арқылы терістеуге хақысы бар. Сондай-ақ, дауласушы екі жақтың пікірі қатар жариялануға тиісті еді.

Алайда олай болмады. Керісінше, бұған дейін де осындай «тәжірибелердің» болғанына қарамастан, тергеу-тексерусіз мен қызметімнен төмендетілдім.

Себебі, тағы сол күйінде қайталаймын, жоғарыдағы топталып жазылған мақалалар нәтижесінде басшылықта отырған басшыға эсер ете алатын судьялар табылып, менің газет тапсырмасы бойынша жазған мақалаларыммен қоса, мен дайындаған басқа авторлардың мақалалары да, «Егемен Қазақстан» газетінде себептен себепсіз басылмай, уақыты өтіп, ақпараттық сипаты жойылып, Бас редактордың суырмасында жатып қалатынды шығарды.

Ал, уақыты өткен мақала жаңалыған жоғалтады. Мұны мен бас редактордың өз тілшісін өзгеге жығып беру арқылы ел газеті «Егемен Қазақстанды» да жығып беруі деп түсіндім. Сол себепті, комиссия құрып, менің бөлімімнен бас редакторға ұсынылған, бірақ белгісіз себептермен шықпай қалған, мерзімі өтіп кеткен мақаларға баға беруді өтіндім. Комиссия құрылды, тексерілді. Комиссия мүшелері жазылған мақалалардың дер кезінде шықпай қалуына менің кінәм жоқ екендігін және бұл мақалаларға оң баға беретіндерін ашық айтты.

Көп ұзамай өндірістік комиссия мүшелерінің шешімімен келісілмеген, сол кездегі Бас редактордың бір жақты ойымен №202 Бұйрық шықты.

Бұл менен құтылудың амалдары екені түсінікті бола бастады. Ақыры өз еркіммен «Егемен Қазақстан» газетінен кетуге мәжбүр болдым. Төменде сол себепсіз шықпай қалған жазбаларды да хрестоматияға кіргізгенді жөн көрдім. Бұл да болашақ журналистер үшін үлкен «сабақ» болады деген ойдамын.

С.Жұмабекұлы

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
-----------------------	----------

I БӨЛІМ. САЯСАТ

1.1. Ұлттық идеология

Ел еңсесін биіктеткен Егемендік	6
Ел еңсесін көтерген Егемендік	8
Сезім эволюцияс	21
Лаңкестік – заман қасіреті	27
Ұлттық қауіпсіздік органдары:	34
Мемлекеттің рухы ұлттық идеологиямен өлшенеді	45
Ұлт мүддесі – ұлы ұғым	54
Ұлттық идеология мен тәуелсіздік – егіз ұғым	60
Қуғын-сүргін құрбандары қашан толық ақталады?	66
XXI ғасырда қазақ зиялысы қандай болмақ?	72
Қазақтану қарқынды жүргізілсін!	76
Тектілік пен тексіздік... ..	78
Қазақ тек қазақ болып қалады екен	84
Түсінбестіктің тамыры тереңде	92
Сөзімізге ісіміз сай болса деп	97
Ынта барда, мүмкіндік керек	101

1.2. Бәсеке бастауында

Сайлау алдындағы ашық әңгіме	106
Сайлау додасы басталды	108
Азаматтар өтініші ескерусіз қалмайды	111
«Әкімшіліктің жауапкершілігі күшейтілсе...»	112
Елеусізов өзін «центрист» санайды	114
Егер сайлау бүгін өтсе... ..	116
Бұл бәсекенің басқадан жөні бөлек	119
Билік саяси мүддені ұтымды пайдалана бастады	124
Үміткерлер үміті үзілмейді	131
Сайлаулар шеруі	135

1.3. Ғажайыптарсыз ғарыш

Байқоңырдың» басынан бақ таймасын	137
«Байқоңырды» алғаны – байлыққа қолды салғаны	143
Ағасының ізімен інісі ұшты ғарышқа	151
Ғарыштағы 332 тәулік	156

1.4 Дүбірлі дүние

Ресей іші реттеліп келеді	158
Бармаса, келмесе, ағайын жат	160

Иран елі – иман елі	163
Түркіменстан сапары табысты өтті	168
Қауіпсіздік қамалы	172
Америка аңысын аңдып отыр	175
Ресей мен Қазақстан терроризмге қарсы... ..	180
Иран мен Қазақстанның ынтымақтастығы... ..	182
НАТО мен Қазақстан ынтымақтастық	184
Шекарашыларымызға АҚШ көмектесті	187
Қазбат» Иракқа аттанды	189
Террорға қарсы тұңғыш қадам	190
Шекарада тыныштық орнаса игі еді	193
Бауырластар бітіспес жауға айналды	195
Халықаралық транзиттің жаһандық тұжырымдамасы	197
Шанхай ұйымы шығар биіктер алда	201
Тығырықтан шығар жол қайда?	203
Ынтымақтастықтың жаңа көкжиектері	205
Белсенді ынтымақтастық жолымен	208
Тәжікстан мен Қазақстан бағындырар биіктер	210
Сербия Косовоға кіжінулі	215
Ли Пэнді студент кезінен білемін	219
«Қазақтарды кейде өзіме ұқсатамын»	221

II БӨЛІМ. ӘЛЕУМЕТ

2.1 Құбылмалы қоғам

Әйелді талақ, баланы жетім еткен Чернобыль!	228
Тайталаспен қабылданған заң	234
Бәрі де кешегідей көз алдымда	239
Желтоқсанның» белгісіз шындықтары	246
«Ұлттың рухани байлығына ..!»	250
Елімізде қазір 100 мың сұр бойдақ, 250 мың «кәрі қыз» бар!	253
Қоғам. Билік. Жемқорлық	259
Шындық атты тұлпарым шаршағанша	263
Дін-достықтың алтын дінгегі	272
Бір ғана жаратушы бар, ол – Алла Тағала	274
55 жыл өз тілінде сөйлемеген	277

2.2. Тіршілік түткілері

«Жалқы терезе» жалпыға қызмет көрсетеді	280
Жанды жеген «жалқы терезе»	283
Бірден баспаналы болғың келсе	288
Жұмыссызға жұмыс тауып берер ем	293
Зәру мәселелер қолма-қол шешіледі	299
Оңтүстікте онды істер жетерлік	305
Шешілмейтін түйін жоқ	310
Жарықты жанымен ғана сезінетін жандар	314
Құс тұмауы іргеде ентелеп тұр	324

Басты міндет – науқасты тегін емдеу.....	329
«Валентин күні» арбап жүр	334
Тойымыз дүркіреп өтті, одан қандай тағылым түйдік?	338
Өтірік сөз – өртпен тең.....	341
Ажал да, азап та – арақтан	344
Темекі тастаудың оңай әдісі	347

III БӨЛІМ.:ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІЗДЕНІС

3.1. Шыққан уақытын анықтауды қажет ететін мақалалар

«Омон» қорғаушың ба, қорлаушың ба?.....	350
Астықтан тапшылық көрмейміз	357
Бұрын торпеда шығарған «Белкамит»... ..	364
Баспасөз – қаншаға?.....	369
Әкімнің көтерген жүгі ауыр.....	373
Бірлік биікке бастайды	379
Ереуіл елең еткізді	383
Есірткі – әлемнің жегі құрты	384
Келісіп пішкен тон келте болмас.....	385
Радиация қалдығы ойыншық емес	389
Ел басшылары Ельцинге үміт артты.....	391
Көмір күлінен – темір	393
Палестинаның бағы ашылса жарады	395

3.2. Кімді кім алдады?

Заң алдында бәріміз жауаптымыз	397
Жазылған жайдың жауабы.....	404
«Егемен Қазақстан» газеті ААҚ президентіне.....	409
Бұйрық №202.....	415

3.3. Басылмай қалғандар

Дініміз туралы кітап дүние жүзіне тарады.....	417
Әкім мен полиция күш біріктіруде	419
Халық пен әскер біртұтас.....	423
Қайыспайтын Қайсенов 85-те.....	424
Қылмыспен қарусыз күресуге болады	425
Сот жұмысындағы жариялылық.....	426
Тарих – өткен мен болашақтың кепілі.....	427
«Қазақстан-2030» бағдарламасына алты жыл.....	429
Темекіге қарсы күрес қай деңгейде?	431
Сел қауіп төндіруде	433
Тәуелсіздік тәубешілікті көтермейді.....	435

Сөз соңы.....	442
---------------	-----

Оқу басылымы

Серік Жұмабекұлы

ЖУРНАЛИСТІК ШЕБЕРЛІК
Саяси-әлеуметтік журналистика

Хрестоматия
4-том

Компьютерде беттеген және
мұқабасын көркемдеген *А.Т. Акылова*

ИБ №

Басуға 12.06.2025 жылы қол қойылды.

Пішімі 60x84/16. Көлемі 28 б.т.

Офсетті қағаз. Сандық басылым. Тапсырыс №

Таралымы 30 дана.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды



Серік Жұмабекұлы

1982 жылы М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. Бұдан кейін Қазақ ССР Республикалық кітап музейінде ғылыми қызметкер, «Жалын» баспасында редактор, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің органы «Халық Кеңесі» газетінде бөлім редакторы, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің органы «На страже-Сақшы» газетінде Бас редактордың бірінші орынбасары, «Егемен Қазақстан» газетінде бөлім редакторы, Халықаралық «Қазақстан-Заман» газетінде бөлім редакторы, «Президент және Халық» газетінде Бас редактордың бірінші орынбасары, «Қазақстан» РТРК АҚ-да жетекші маман және редактор-сценарист қызметтерін қоса атқарды. 2011 жылдың 1 қыркүйегінен бастап әл-Фараби атындағы ҚазҰУ журналистика факультетінде аға оқытушы.

Публицистикалық жанрда жазылған жеті жинақтың авторы. «Өр жылдар іздері», «Қыран қайта түледі», «Ұстаздың жан жылуы», тағы басқа кітаптарын кезінде оқырман жылы қабылдады.

Ол – ұзақ жылғы журналистік тәжірибесін теориямен ұштастырып, ғылыми айналысқа түсіру жолында еңбек еткен ұстаздардың бірі.

Қазақстан Республикасы Журналистер Одағының мүшесі.

